



Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны»
дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау
және қолдау орталығы» МКҚК
«Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицей»
ШЖҚ МКК



ГККП Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи
«Астана дарыны» акимата города Астана
Школа-лицей «№61 имени Каныша Сатбаева» КГУ на ПХВ

«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ»
республикалық ғылыми-танымдық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ
научно-образовательной конференции
«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ»

26 наурыз 2024 жыл

ISBN 978-601-09-6510-2

УДК 001

ББК 72

Ә52

Бас редактор:

Бейсенбаева Ж.М. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының директоры

Редакция алқасы:

Омарханов Е.А.- Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицей директоры, «Болашақ» халықаралық стипендиатының иегері, Республикалық «Үздік педагог-2019» байқауының жеңімпазы, оқу бағдарламалары мен оқулықтардың авторы, педагогика және психология магистрі, педагог-шебер;

Буралкиева Г.М. - «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы директорының ұйымдастыру-педагогикалық жұмысы жөніндегі орынбасары;

Садвақасова А.Д. – Педагогикалық шеберлік және ұйымаралық жобалар бөлімінің меңгерушісі;

Абдулла Ж.Б. – Педагогикалық шеберлік және ұйымаралық жобалар бөлімінің әдіскері.

«Әлем таныған Қаныш» республикалық ғылыми-танымдық конференция материалдары. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, Астана қаласы әкімдігінің «Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК, 2024 ж. – 378 б.

Жинаққа республиканың барлық өңірлері білім беру ұйымдарының педагогтері мен ЖОО орындары қызметкерлерінің мақалалары енгізілді. «Қазақстанның дамуындағы ұлы ғалымның рөлі», «Қаныш Сәтбаев мұрасы: тарих, әдебиет, білім, өнер саласы», «Қаныш және Алаш арыстары» секциялары бойынша қатысушылар өз мақалаларында ұлы ғалым Сәтбаевтың орасан зор рөлін атап өтеді.

Материалы республиканской научно-образовательной конференции «**Әлем таныған Қаныш**» - ГККП Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Астаны дарыны», «Школа-лицей №61 имени Каныша Сатбаева» КГУ на ПХВ, 2024 г. – 378 стр.

В сборник вошли статьи сотрудников образовательных организаций и вузов со всех регионов республики. В своих статьях участники секций «Роль великого учёного в развитии Казахстана», «Наследие Каныша Сатбаева: история, литература, образование, искусство», «Каныш и лидеры Алаша» подчеркивают огромную роль великого ученого Сатбаева.

©«*Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, 2024*

Алғы сөз

Қазақ геологиясы ғылыми мектебінің іргетасын қалаған, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор, ҚҒА ұйымдастырушыларының бірі, тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қазақтың бір туар ақыны Абай: «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, Өлмейтұғын артында із қалдырған», - демекші, өлмес, өшпес мұрасын ертеңгі ел игілігі үшін еңбектеніп, аянбай халқы үшін тер төккен ғұлама академик, қазақтың ғалымы Қаныш Сәтбаев мәңгі ел есінде.

Ой өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы, озық кадрларды таңдай білген және оларды жұмыс көзіне тарта білген адам ретінде ғалымның ұлылығын еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде айқын көреміз. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, оның ішінде жастарымыздың инновациялық, ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.

Бүгінде біз тәуелсіз мемлекет ретінде озық елдер қатарында тереземіз тең, іргеміз мықты болуының бір себебі де осы ғалым ағаларымыздың маңдай тері мен аянбай еткен еңбектерінің арқасында деп білеміз. Кешегі жиырмасыншы ғасыр индустрия қазақ даласына паш ете келгенде, еш кедергіге мойымай, өз білімінің арқасында, Ресей оқымыстыларынан білім нәрімен сусындап, оны ел игілігі жолында еткен еңбегі ұшан теңіз Қаныш ағамызбен мақтанамыз.

Биыл еліміз ғалымның 125 жылдық мерейтойы кеңінен атап өтті. Ғалымның құрметіне елордамыздың білім беру мекемелерінде түрлі ғылыми конференциялар, семинарлар, конкурстар өтті.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», - деген аталар сөзі тегін айтылмаса керек. Ағымдағы жылдың 26 наурыз күні «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы №61 мектеп-лицейі базасында бірлесе отырып, «Әлем таныған Қаныш» атты республикалық ғылыми-танымдық конференциясын өткізді. Конференция мақсаты – академик Қаныш Сәтбаевтың мұрасын насихаттау, жаңа буынның көшбасшылық, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамыту. Конференцияға Қазақстанның бірнеше облыстарынан және Астана қаласының білім беру саласының қызметкерлері мен сәтбаевтану мәселелерімен айналысып жүрген зиялы қауым өкілдері қатысты. Аталған ғылыми-практикалық конференцияға республикамыздың барлық аймағының білім беру мамандарының жұмыстары қабылданып, іріктелді. Соның ішінде 50-ге тарта жұмыс пленарлық және секциялық отырыстарда тыңдалды. Конференцияға қатысушылардың таңдаулы жұмыстары енген бұл жинақ өз оқырманын тауып, ел кәдесіне жарайды деп сенемін.

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының директоры Бейсенбаева Жанар Маулеткановна

МҰРАТЫ АСҚАҚ, МҰРАСЫ ТЕРЕҢ ДАНЫШПАН

*Аспандияр Әденұлы
сәтбаевтанушы-ғалым, жазушы*

Тәлім мен таным қайнары

Ол оқыған Семейдің Мұғалімдер семинариясы оның өмірге көзқарасын күрт өзгертті. Бұл жерде Алаш арыстарының Ұлы идеясы көтеріліп, Ұлтқа қызмет ету қағидасы қарқын ала бастаған кезең еді. Осы семинарияда оқып жатқан Жүсіпбек те, Қаныш та, Мұхтар мен Әлкей де Алаш танымын бойларына сіңіріп, Алаш рухымен сусындаған еді. Сөз жоқ сол кездегі білімге құштар әрбір қазақ бозбаласы «Қазақ» газетімен қанаттанып, Алаш идеясымен қаруланды. Бұл рух күшті рух еді. Алаш ұстанған мақсат-ұлы мақсат еді. Алаш жолы-ұлтты оятатын жарқын жол еді. Қаныш та басқа қазақ жастары сияқты Алашты пір тұтты. Соларға ілесіп, солардан үйренсе қателеспейтінін білді. Себебі, Алаш-тәлім мен танымның мөлдір қайнары еді. Қазақ газеті қазақтың әдеби тілі қандай болу керек. Қазақ оқығаны қалай сөйлеп, қалай жазу керек екенін тайға таңба басқандай айқындап берді. Тілі шұбар, бұралып, бұрмаланған әржақты Дала уәлаяты мен Түркістан уәлаятымен салыстырғанда Қазақ газетінің тілі дала қазағына етене жақын тіл болды. Өйткені ол қыр қазағының өз тілі еді. Ер Едігені 1928 жылы кітап етіп шығарған Қаныш оның тілінің қойыртпақ татар шатыс тіл екенін біліп, тазалап, өңдеп, Қазақ газетінің яғни қазақтың өз тілімен Мәскеуден шығарды. Осындай тәлім мен танымның қайнарынан нәр алған тұлға ұлылыққа бет бұрып, ұлы мұрат ұстанды. Алаштан алған тәлім айнымас серт болды. Сол серт жолында рух семсерін өмірінің соңына дейін ұстап кетті, аянбай сілтеп кетті.

«Біз астанамыз Алматыны қазақтандырмай, қазақтың үні шықпайды. Үніміз шықпағаннан кейін теңдік пен тәуелсіздікті қалай талап етпекпіз? Ол үшін азда болса қаладағы техникалық оқу орындарындағы қазақ жастарын көбейте беруіміз керек. Мына Пед институт, Мединститут, Зоовет пен ауыл шаруашылығын бітірген жастар жолдамамен ауылға кетіп қалып жатыр. Инженер мамандарды қаладағы зауыт, фабрикаларға басқа да өндіріс орындарына алып қалуға болады. Бұл сөздерді протоколға кіргізіп керегі жоқ. Осында отырған әрбірін ұлт мәдениетіне, ұлтың болашақта дамып, өркендеуіне жанашырлықпен қарасаңыздар бітпейтін шаруа жоқ».

Өзінің сенімді шәкірттері мен әріптестері алдында айтқан Қаныш Сәтбаевтың осы сөзі қылышынан қан тамған кеңестік жүйе кезінде Ұлттық идеологияны батыл көтеріп, қазақ интеллигенциясын қай жерге шоғырландыру керегін, қалай ұлт ретінде жойылып кетпей аман қалып, өркениетке қарай қадам басуға болатынын меңзеп тұрған жоқ па? Сонау Қарсақбайдағы зауытта директор боп қызмет істеп жүрген Өмірхан Байқоңыровты Қазақ Кен-металлургия институтына директор етіп тағайындатып, енді батыл түрде жалтақтамай техникалық жоғары оқу орнында жиырма пайыздан аспай жатқан қазақ жастарының санын арттыруға күш салу керек екеніндігіне батыл түрде нұсқау береді. Өзі баптап, баулып шығарған шәкірттеріне яғни өзі баулыған ұлт кадрларына жолдама беріп, қалталарына артық ақша салады. Барған жерлерінде қыдырып, көңіл көтеріп, сауық салып ішіп емес, білімі терең, оқуға құштар жас өркендердің қаржысы жоғына қаржы төлеп әкелу үшін. Енді сол алыстан кеп оқып жатқан студенттердің жағдайы қиындап, стипендия ала алмай қалғандарына оқуыңды тастама, академиялық демалыс алма –деп өз қалтасынан ақша төлеп, жарылқап жатқанын қайтерсің. Осы науқан кезінде тек технарлар ғана емес гуманитарлық мамандықты бітіріп жатқан көптеген жасты Алматыға аспирантураға алып қалып, біразын Мәскеу не басқа қалалардың аспирантураларына жіберіп, артынан қадағалап отырған да өзі болды.

Бұл жақында ғана елуінші жылдардың басындағы Сталиндік екінші репрессияның қуғынынан аман қалған Сәтбаевтың әрекеті.

Иә, аз уақытта Қазақ кен-металлургия институты Қазақ политехникалық институты болып қайта құрылды. Жаңа ғимарат салынып, жаңа мамандықтар мен факультеттер ашылып жатты. Ең бастысы, қазақ студенттерінің саны елу пайызға жақындады. Ұлттың жас кадрлары Алматыдан баспана алып, қаладағы қазақ саны азда болса көбейе бастады.

Бұл әңгімесындай патриоттық рух протоколға жазылмаса да Орталық комитетке жетті. Одан Мәскеу хабардар болды. Ө. Байқоңыровтың мәселесі пленумда екі рет қаралып, партиялық сөгіс алды. Ақжан Машанға үш әріптің мекемесіне барып, түсінік жазуына тура келді. Ебіней Бүкетов Алматыдан аластатылды. Шафиқ Шоқыұлына қатаң ескерту жасалды. Ең соңынан Шахмардан Есенов Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылған еді. Басқа да Сәтбаев өзі таңдап, өзі көтерген азаматтарға таяқтың ұшы тиіп жатты. Ал, басты соққы, жүктің ең ауыры Қаныш Сәтбаевтың басына төнді. Ұлы тұлға тағдырдың ауыр сынымен тағы да бетпе бет келді. Қаныштай тұлға әлдеқашан-ақ өз ұлтының болашағы мен теңдігі жолында басын бәйгеге тігіп қойған. Жасып, жалтақтаудың орнына жігерленіп, буырқана түсті.

Жезқазған–Сәтбаевтың төлтумасы

Қазақ билігі қызғаныштан іші күйіп, тас атып бақса, Мәскеуде отырған үлкен ғалымдар мен биліктегі санасы терең басшылар Қаныш Сәтбаевқа араша түсіп бақты. Неге түспесін, геологиядағы ұлы жаңалықтарымен әлемді таң қалдырған Сәтбаев қой. Оның адамдық болмысы мен энциклопедиялық білімінің тереңдігіне көздері жетіп мойындаса. Мұраты асқақ, ұлтына адал перзент қана осындай жетістікке жете алар еді. Ол қандай жетістіктер дейсіз ғой?!

Қазақ қоғамында ғана емес әлем ғылымы алдында Қ.Сәтбаевтың басты еңбегі – геология. Геологияны жеке институт етіп ашып, оны арнайы ғылым ретінде зерттеп, дамыту, оң нәтижелерін ел игілігіне айналдыру жоспарына қаймықпай ерге тән ерік-жігермен кіріскен ұлы тұлға өз дегеніне жетті. Ол Кеңес ғылымын ғана емес қазақ ғылымының кемел келешегін әлем алдында паш еткен болатын. М.Әуезовтың тілімен айтқанда зор ғалым, зор геологтың геологияда ашқан тың жаңалықтары, жер асты байлығын зерттеудегі өзіне тән нәтижелі әдіс-тәсілдері, қазба-байлықтарды танып білу мен текке бөлудегі көрегендігі, аз уақыт ішінде шикізатты асыл өнімге айналдыра алатын қарқынды қимылы мен ұйымдастырушылық қасиеті заманында Кеңес ғалымдары ғана емес әлем ғалымдарына таңдай қақтырғаны даусыз. Бұл сөзімізге дәлел, ел жоқ, су жоқ шөл даладан жезі жарқыраған Жезқазғанды туғызып, бұл жерде түк те қалған жоқ, кезінде ағылшындар тасып кетті деп қарсы шыққан геология академиктері мен профессорларының алдына мыңдаған тонна мыс кенін жайып салып, ауыздарын ашқызды. Бірі: «Сәтбаев мүмкін еместен мүмкіндік туғызды»-деді. Қалғандары бастарын ие тұрып, осыны мойындады. Осылай Сәтбаевтың төлтумасына айналған Жезқазған индустриялы алып қалаға айналды.

Бүгінгі таңда біз Сәтбаевтың арқасында салынған ондаған өндірісті қалаларды жаңылмай тұрып, атап бере аламыз. Ұлы ғалым ашқан кен орындарының пайдаға аспай жарамсыз болып қалғаны, қор тапшылығы немесе ел эканомикасын шығынға батырғаны жоқ екен. Бұл кісі жерден көтеріп алған бір тас, құт дарыған кен орнына, сол кен орны үлкен қалаға айналып, ел пайдасына миллион емес миллиардтаған сом пайда түсіріп жатты. Замандастарының оның ішінде геологияда жүрген әріптестерінің айтуы бойынша Қанаған қазба-байлық тапқан жерге қанша адам күші, қандай техникалар қажет. Ол қанша уақыт алады қанша ақша шығарамыз және қаншама пайда әкелетінін алдын ала есептеп, жоспарлап алады екен. Іс біткен кезде бәрі осы жоспарға сай болып, атқарылған іспен нәтиже бір бірінен алшақ кетпейді екен. Осыған қарап, біз Қаныш Сәтбаев тұңғыш геолог қана емес, тұңғыш менеджер деп те батыл айта аламыз. Екінші дүниежүзілік

соғыс басталып, марганец мәселесі көтерілген тұста тағы да бсқа геологтар марганецтің иесі де шықпайды деген Жезді өңірінен марганецтің мол қорын отыз тоғыз күнде тауып, сол отыз тоғызыншы күні марганец өңдейтін зауытты да бітті деп Мәскеуге мәлімдеме жасаған дара дарын иесі екінші рет ғылыми ортаны қайран қалдырып, бас идірді. Марганецтің басты қасиеті—болатпен қосып балқытқанда оқ тесіп өтпейтін, жарыла қоймайтын брон пайда болады. Осы жерде тағыда менеджерлік қабілеті айқын көрініп тұр. Аталарымыздың қандай қарқынмен, қаншалықты күш-жігермен еңбектенгенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Қараңғы шахтада малшының таяғы мен шыбыртқысын қайла мен балғаға айырбастаған жұмысшы қазақтың жасаған рекорды алдында жасанды Стахановтың өзі жіп есе алмай қалады. Сол сойқан соғыста бүкіл Кеңес Одағының әрбір он оғының тоғызы Қазақстаннан барса, әр он танктың жетеуі Қазақстаннан барса, бронды техника мен қорғанғыш сауыттар мен дулығалар түгел біздің елімізден жеткізілсе, оның артында Қ.Сәтбаев бастаған Қазақстан геологтары тұрған еді. Қазақстанның жеке Ұлттық Ғылым Академиясын ашу идеясын көтеруі оны іске асырып, ұлт мәдениетін бұрын сонды шықпаған биікке шығаруы Ұлы тұлғаның тағы бір қырын айқындап тұр. Осы жерде жоғары білімділері аз, ғылыми атағы жоқтың қасында тұрған аз ұлттың ғылымын аз уақытта өркениетті елдермен теңестірем деген батыл да тәуекелшіл мінез қайсарлықтың айғағы емес пе? Әрине қазақтың Қанышы еліне сенді, ел болашағы бола алатын өршіл жастарға сенді. Өзін о бастан қолдап, әрбір ісіне қамқоршы болып, демеп отырған ұлтжанды Үкімет басшысы Нұртас Ондасыновқа арқа сүйеді. Қазқстан Үкіметі академия үшін қажетті қаржыны да, құрылысқа керек материалды да аяған жоқ. Сырттан шақырылған ғалым-кадрлардың де жағдайы қажетінше қарастырылды. Сол ғалымдарға жас қазақтарды шәкірт ретінде бекітіп берді, Небәрі төрт-бес жылда ұлт кадрлары қанағаттанарлық деңгейге жетті. Елдің ғылымы өркендеді.

Қаныш—аңыз

Өзінің геологиядағы барлау, іздеу жұмыстарына туған халқының табиғат танымын да қару еткен ұлы тұлға жастар алдында сөйлеген сөзінде «Табиғаттың ұлы кітабынан үйреніңіздер. Ол анық, тегіс жазылған кітап емес оның бұлыңғыр беттері, өшіп қалған жерлері, қиқы-жиқы түсініксіз тұстары болады. Оны анықтау үшін бойыңда бар білім мен тәжірибенді сарқа пайдалан»-дейді. Жер бетінің алуан өсімдігі де, әр түсті топырағы да, жер қыртысының түзілу формасы да, тіпті жер-су атауларының өзі Қанышқа бұл жерде осындай кен көзі бар деп меңзеп тұрғанын байқаймыз. Бірде түрлі қараған мен тобылғы, селеудің арасына қайта-қайта еңкейіп, болжам жасап жүрген Қаныштан жол көрсетіп жолбасшы боп жүретін ақсақал, «Қанышжан, не іздеп жүрсің?»-десе Қаныш қалжындап, «Осы маңайда жиі көрініп тұратын қызыл түлкім бар еді, соңғы уақытта көрінбей кетті»-дейді. Көп ұзамай ел ішінде ойбай, Қаныштың киелі қызыл түлкісі бар екен, сол түлкі қай жерге барып бауырын төсесе, сол жерден мол қазба байлық шығады екен деген аңыз тарап кетеді.

Әйтсе де біз Қ.Сәтбаевты тек геология тұрғысынан қарап баға берсек қателесеміз. Қ.Сәтбаев – әдебиеттанушы, өнертанушы, тарихшы-археолог, математик, физик, металлург, химик. Айта берсек, барлық ғылым саласында ғалымның қолтаңбасы, атқарған істері тайға таңба басқандай айқындалып шыға келеді. Домбыра, гитара, мондалин, скрипкада шебер ойнаған қоңыр дауысты әнші А.Затаевичке қазақтың 25-әнін өзі орындап жаздырған. Анау-мынау әнші батылы барып орындай бермейтін кең тынысты асқақ әндер; Алтыбасар, Бүркітбай, Ырғақты, Гауһар тас, Хорлан, Жаяу Мұсаның әндері тағы басқа әндер. Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықовтың естелігінде Қанағанның керемет бишілігін де тілге тиек етеді. Затаевич те, Ерзакович те оның тынысы кең әншілік шеберлігін жоғары бағалайды. Ал ән атасы

Әміре, «Қаныш ғалым болмай, әнші болғанда, қазаққа танымал әсем де қоңыр дауысты зор әнші боп шығар еді»-деген.

Мұраты асқақ, дара туған данышпанның мұрасы да өзі тереңнен қазып, асылын тапқан байлықтай тым тереңде жатыр. Ол сан салалы ғылым жолындағы жарқын жаңалықтар мен табанды зерттеулер. Өнер мен әдебиеттегі рухани биіктік. Мәнді де мағыналы мақалалар мен парасатты баяндамалар. Қазақ даласының о шеті мен бұ шетіне геологиялық сапармен жүріп өткен табысты да тасқынды жолдар. Өзі Алаштың тәлім-тәрбиесімен қанаттанып, шәкірттерін де сол үлгімен қанаттандырған зор үлгі мен өнеге. Өзінің де шәкірттерінің де әрбір бастамасы мен ерен еңбектерінің елдің эканомикасына да, руханиятына да әкелген қыруар табыс пен ұлтжандылық таным. Бүгінде Қ.Сәтбаевтың өз еңбектері мен ол туралы жазылған естелік, эсселер он томнан асып тұр. Бұлар жиналып, зерттеліп, басылып шыққандары ғана. Көп сериялы фильмнің өзі осындай ұлы мұраның ширегін ғана жеткізе алар еді. Әлі осындай фильм түсіруге парасатымыз да, байлығымыз да жетпей жатқаны жұмбақ?

Кенес кезіндегі барлық жоғары атақ пен сыйлықтарды алған Ғұлама ғалым, тек өз халқының КП орталық комитетінің ұлтшыл деп жазған арызы кедергі болып, Мәскеу өзі ұсынып тұрған Социалистік Еңбек Ері деген атқты бергізбей қойған. Бірақ, оған біртуар тұлғаның бағасы түсіп кеткен жоқ. Асқақтап ғарышқа көтерілді. Ғарышта Сәтбаев планетасы тұр. Шарықтап, шыңға шықты. Жоңғар Алатауының биік мұздағы Сәтбаев атымен аталады. Қазақстандағы ең көп ескерткіш пен көше, мектеп атаулары Сәтбаевқа тән. Жыл өткен сайын рухы шарықтап, елі ұлықтап жатыр. Үлкен қалалардағы зәулім ескерткіштер алдында тұрып, ойға кетесің:

Нық тұрған ұлы бейне тас тұғырда,
Атағы биікке өрлеп, асты шыңға.
Даланың дара туған данышпаны,
Қазақтың ғылымында басты тұлға.

Қашанда, ұлылармен кемелді елім,
Даналармен даңққа кенелді елім.
Қанышы асқақтатып, қазақ атын,
Қазағы ұлықтауда кемеңгерін.

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

Кәрімхан Заңғар Тілеуғазыұлы

алаштанушы, әдебиет сыншысы, педагогикалық ғылымдар магистрі, PhD докторант, педагог-сарапшы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Qyr balasy қоғамдық қорының құрылтайшысы

Кіріспе

XX ғасыр қазақ қоғамына үлкен сілкіністер мен дүмпулер әкелді. Бүкіл әлемдік өзгерістер дүние картасының ендігі бағытын өзгертті, империялық мемлекеттер төңкерістерді бастан кешті. Олар отарлаған халықтардың тағдыры да алмағайып кезеңде тұрды. Соның бірі – патшалық Ресей империясының құрамында жүздеген жылдар еркіндігінен айырылған қазақ халқы да бар еді. «Мың өлім, мың тірілген» қазақтардың тарихы мен тағдыры да қыл үстінде тұрғаны анық жайтқа айналды. Осы ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен ауыр кезеңде ұлт тағдырын шешетін бетбұрыстардың болуы заңдылық сияқты.

Қашанда халық тағдырын шешетін ұлт ұлғалары еді. Қазақ дербестік алған 1455-1456 жылдардағы тосын оқиғалардағы хандықтың құрылуынан бастасақ, тарихтың өн бойында бетбұрыс жасаған ірі жағдайларды байқауға болады. Мәселен XVIII ғасырдағы Абылайдың алыс-жақын шетелмен байланысы, дипломатиялық мәмілегерлігі тарихи бетбұрыс есебіне кірсе, XIX ғасырдың жуан ортасында Қазақ ордасының соңғы тұяқ серпуіндей болған Кенесары ханның азаттық күресі, бірнеше империямен қарсы соғысы да бетбұрыс ұғымына толық жауап бере алады.

Ал XX ғасыр басындағы үлкен дүмпу, ірі сілкіну Алаш зиялылары тарапынан іске асты. Олар халықтың байырғы, ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы мен көзқарастарының жиынтығын бойына сіңіріп, талмау тұста жарқырап көрінеді. Қазақ ұлтында да сондай бұлқынысты кезеңнің оқиғалары басты қаһармандар Алаштың оқыған азаматтарының уақытына тұспа-тұс келді. Ұлттың жер бетінен тұтас жойылып кетпеуіне дем берген, азаттық қозғалысын бастап беріп, ел мен жерді қорғауда, елдіктің ұлы мұраттарын сақтауда, жас ұрпаққа білім мен мәдениетті жалғауда жанкештілік көрсеткен Алаш идеясы барлық асыл қасиеттер мен қабілеттердің құндысы да, қастерлісі саналатыны сондықтан.

Алаш қозғалысы мен идеясын халыққа түсіндіретін зерттеу еңбектер жазып, үлкен ғылыми жұмыстар жүргізгендер С. Қирабаев, Т. Кәкішов, Т. Қожақеев, Р. Нұрғали, Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев, Т. Жұртбай, Ө. Әбдиманұлы, Д. Қамзабекұлы, А. Ісімақова, Ж. Смағұл, Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбай, Е. Тілешев, Ұ. Еркінбай, А. Әбсадық, З. Кәрімхан, Ұ. Сәйдірахманұлы, А. Сайлауқызы, Қ. Әубәкірова, А. Мырзағали, Е. Рахметуллин, Е. Тоқтарбай сынды ғалым тарихшы, әдебиетшілер еңбектерінде Алаш зиялыларының сияси-қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасы жайлы мол ақпарат қамтылды.

Қаныш Сәтбаев өмірін Алаш кезеңімен байланыстыра қарастыру да өзекті мәселе. Себебі жас Қаныштың азамат болып қалыптасуына, оқып саналы да сауатты, зиялы болып шығуына қанат бітірген орта Семей шаһарындағы жылдар болатын.

1.1 Қаныш Сәтбаев өміріндегі Семей қаласының ролі

Баянауылда туып-өсіп, бағзы замандардан бері сол көрікті өлкеде мекен еткен Сәтбай әулетінде алғашқы жаңа заманның тынысымен оқып, білім алғанның бірі – Зейіннің баласы Әбікей болды. Әбікей Сәтбаев 1881 жылы дүниеге келген, ауыл молдасынан оқыған соң, Семейдегі мұғалімдер семинариясын тәмамдайды. Бұл оқу орнын 1908 жылы бітіргеннен кейін ауылына келіп, мұғалімдік қызметті бастайды. Ашық ақпарат көздерінде Омбы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген деп көрсетілген деректі алаштанушы ғұлама ғалым Қайым Мұхамедханов 1983 жылғы

«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Мұхтар – семинарист» мақаласында жокқа шығарады. Тарихи архивтік деректер негізінде автор: «Семей мұғалімдер семинариясына оқуға түскен қазақ азаматтары тегінде аз болмаған. Мысалы, 1904 жылы семинарияға оқуға түскен қазақ азаматтары: Барлыбаев Ахметолла, Зейінов Әбікей, Нұркинов Тәуекел, Хасенов Әбіш. Бұлардың ішінде Зейінов Әбікей – Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы» деп, Әбікей Сәтбаевтың Омбыдағы емес, Семейдегі семинарияны оқып тауысқанын дәлелдейді [1].

Әбікей Зейінұлы – саналы ғұмырын, бар білімі мен тәжірибесін қазақ баласының білім алуына, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне арналған тарихи тұлға. Ол ауылда сабақ бере жүріп, ағартушылықпен айналысты, сауатсыздықты жоюға байланысты әрекеттерді жүзеге асырды. Айталық, оның қаламынан туған «Мұғалім қандай болу керек», «Ағарту жұмысында не шара қолдануымыз керек», өзге де мақалаларында қазақ ұлтының көркеюі үшін қажетті алғышарты білім мен оқу ісі деп білді. Ол үшін жас ұрпақтың танымын арттырып, ой-өрісін кеңейту керектігін еске тұтты, білімді біліп түсініп қана қоймай, өмір жүзінде пайдалануды сөз мәдениеті мен жүріс-тұрыс әдебін сақтауды, әдеби сөз нормаларының тиімді қолдану тұлғалық дамуға тигізетін әсерін талдап жеткізді.

Мұғалім – жас ұрпақтың беткеуістары. Нағыз мұғалімнің өзінің ардақты есімін, ақыл-парасаты мен қадір-қасиетін сақтай білуі, еңбек пен кәсіпке деген құштарлығының артуы, кездескен келеңсіз істерді шеше білу мен төзімді болу сияқты қасиеттердің қажетті фактор екенін ескертті. Міне, осындай дарынды мұғалімнің үлгісі бола білген жанның бірі Әбікей Зейінұлының өзі де, ал шәкірті, немере інісі Қаныш Имантайұлы болады. Сөйтіп бір әулеттен Сәтбай қажының озық туған екі немересі аға-бауыр, ұстаз-шәкірт болып сабақтастық құрып, Семей қаласында Алаштың қызуы басылмаған қозғалысының бел ортасынан табылды.

Қанышқа білімді Семейден алуды ұсынған да ағасы Әбікей болатын. Ол туралы жазушы Медеу Сәрсекке «Қазақтың Қанышы» романында былай дейді: *«Жазғы демалысқа келгенде Қанышты қалада оқыту жайында Әбікей де айтатын болды. Бұл кезде ол Керекуге ұрымтал жерде, Ертіс бойындағы мектепте бала оқытатын»* немесе *«Оқу басталуға екі-үш күн қалғанда Әбікей ағасы немере інісін училищеге апарды. Меңгерушісі Овсянников шашы едірейген, ұзын бойлы кісі екен. Қаныштың Ақкелін мектебін екі жылда жедел бітіргендігі туралы куәлігін қолына алып:*

– Үздік бітіргенің бек қуантады, шәкірт Сәтбаев! – деп қарсы алдында монтиып тұрған жасөспірімге барлай қарайды.

– Ал, қане, қымбаттым, бір өлең оқып жібер.

Қаныш қызараңдап ағасына қарайды. Әбікей Зейінұлында үн жоқ, жайбарақат отыр» деген үзінділерден байқауға болады [2, 37].

Кейінірек өмірбаян деректерінің бірінде Қаныштың өзі: «...білім жолына жүйелі түскенім үшін туысым, ескі зиялы Әбікей Зейінұлы Сәтбаевқа қарыздармын» деуінің сыры осында жатыр. Зерделі жастың Семей шаһарына келуіне және Әбікей Сәтбаев қызметінің маңызы жайында академик Әлкей Марғұлан былай жазыпты: «Ағасы Әбікей Сәтбаев – Қаныштың аса жақсы көріп, қадірлеген адамының бірі. Қаныштың есеюіне, білім алып, маман болуына ол кісінің сіңірген еңбегі аз болмаған. Бүгінгі Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарынан шыққан оқымысты жастардың Әбікейден оқымағаны кемде-кем».

Тоғыз жолдың торабында тұрған, шығыс пен батысты жалғайтын күретамыз Семей қаласы – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде мемлекеттік аса маңызды жұмыстар атқарылған, азаттық жолында ұлт зиялылары бас қосып, ірі жиындап өткізіп, негізгі құжаттар мен халық мүддесі үшін тиімді шешімдер қабылдаған басты орда. Семей бұл

кезде өркендеген, гүлденген шаһар болатын. Қаныш бұл қалада 1914-1918 жылдары Семей мұғалімдер семинариясына оқуға келіп түсті.

Оқу орнында ол болашақ классик жазушылар Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезовтермен қатар оқыды. Белгілі журналист Б. Қайратұлына берген сұхбатында сәтбаевтанушы Медеу Сәрсекке: «Айтпақшы Сәтбаевты 1980 жылы «ЖЗЛ» сериясымен Мәскеуден орысша шығарғанымда оның Ж.Аймауытовпен бірге оқығанын жазып жібергем-тін. Мемуардың 21-ші бетінде тұр. Осыны ешкім аңғарған жоқ.

– «Мынау кім?» дегендер болған шығар?

– Болды. «Білмеймін, архивтен кездестірдім де, жаза салдым» деп жеңіл жалтарып қойып, отыра бердім.

– Жүсіпбек Аймауытов Қаныштан үлкен емес пе?

– Он жас үлкен. Бірақ екеуі 1911 жылы Керекудегі 2 сыныпты орыс-қазақ училищесінде бірге оқыған. Кейін 1914-1918 жылдары Семей мұғалімдер семинариясында да төрт жыл қатар білім алған. Әуезов атаң бар, үшеуі қолтықтасып, «Абай» журналын шығарып жүргені осы тұс» деп жауап береді [3, 8].

Семинарияда оқыған жылдарында үш дос (расында да жас айырмашылықтарына қарамастан үшеуі дос болған) Құдайға құлшылық ету пәнінен (басқа діндегілерге бұл міндетті емес), ұстаздық тағылым (педагогика), орыс және шіркеу-славян тілдері, есеп, алгебра, пішіндеме (геометрия), тарих, жағрафия, жаратылыстану, физика, сурет пен сызу, көркем жазу, ән сабағы, қосымша ғылымдарды тану (кұқық, заң негіздері, ресми қағаздарды жазу рәсімі және басқалар) сияқты түрлі ілім негіздерін оқып біледі. ҚР Мемлекеттік мұрағатынан табылған архивтік деректердің бірінде 1916 жылдың бірінші қаңтарында земство жәрдемін (стипендия) алған 20 шәкірттің қатарында Ғабдул-Ғаний (құжатта солай жазылған) Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытұлы және Мұхтар Әуезов есімдері аталған екен.

Семейде өтетін әрбір сауық кеші, әсіресе ерлі-зайыпты Құлжановтар өткізген ұлы ақын Абайды еске алу жиынында да, Семейдегі өлкетану мұражайы мен 1883 жылдың күзінде Н.В. Гоголь атындағы көпшілік кітапханасында да, тіпті қалаға келіп өнер көрсететін цирк балуандарымен де белдесуден тайсалмайтын жастар, аға-достар арасында Қаныштың жүргені туралы ондаған деректі кездестіреміз.

1.2 Алаш қайраткерлерінің жас Қанышқа әсері

1917 жылғы тосын оқиғалар жаңғырығы ту алыстағы Семейге де келіп жетті. Бұл біздің ұлт тарихындағы ең алмағайып, ең бір сындарлы уақыт болды. Елді дүр сілкіндірген ерекше жағдай қазақ оқығандарының да батыл шешім қабылдап, ұлтқа қызмет етудің өнегесін көрсететін сәт жеткенін сезді. Том институтында білім алып жатқан Әлімхан Ермеқұлы да осы кезде оқуын тастап, елге керекпін деп Семейге алып ұшып келген кезі болатын.

Алаш атты ұранның астына біріккен оқыған азаматтар қазақ халқының алғашқы құрылтайын 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткізіп, оған Семейден Әлімхан Ермеқұлы, Халел Ғаббасұлы, Жақып Ақбайұлы қатысқаны белгілі жайт. Құрылтайда талқыға түскен өзекті мәселелерді анықтап, қазақ халқының ұлт ретінде өмір сүруінің басты, маңызды шарттарын танып, мәселе етіп көтерген: патшалық Ресей құрамында халықтарға теңдік тиіп, автономиялық еркіндік алу, келімсектер тасқынын тоқтату, өз жеріне иелік ету, діннің саясаттан тыс болуы, әйел мен еркектің тең құқықта өмір сүруі, қазақ тілінде оқытатын мектептер ашу, баспасөзді реттеу, сот жұмысын ана тілінде жүргізу сияқты өткір проблемаларды алдыңғы кезекке шығарған [4, 48].

Алғашқы құрылтайға қатысушылар Алаш қозғалысының бағыт-бағдарын даралап, ұлттық партия құруға да пәтуаласқан. Іле-шала әр жерде Алаш партиясына жазылу жүрген. Бұған семинария мұғалімдерімен бірге Қазы Нұрмұхамедұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов сынды дарынды шәкірттерде атсалысып, үлестерін қосты.

Жасы он сегізге толған Қаныш бұл кезде қайда болды деген заңды сауал туады? Қала іші қызу тартысқа толы, елдік мәселелер дүркін-дүркін көтеріліп жатқан сындарлы кезеңде Қаныш аяқастынан сырқаттанып қалып, ауруханаға тап болады. Семинарияның жазғы емтиханына да сырқат шәкірт емханада жатып әзірленеді. Алайда ұстаздар кеңесі оның үш жыл бойы үздік оқығанын ескеріп, төртінші басқышқа сынақсыз көшіруге шешім қабылдайды. Науқасты қараған білікті дәрігер С.Н. Разумов Қаныштың дерті өкпе туберкулезінің ашық түрі екенін, тез арада қаладан кетпесе, өміріне қауіп екенін қатаң түрде ескертеді.

Дәл осы кезде ол өзіндей аурумен арпалысып, қаншама күндері ұйқысыз, күлкісіз өткізіп келе жатқан тағдырлы да шерлі ақын Сұлтанмахмұтты жолықтырады. Бұл жайында деректі прозаның майталманы М. Сәрсекке «Қазақтың Қанышы» атты романында:

«...Ұмытпасам, 1917 жылдың күзі. Семейдің кара суығы. Үскірік жел өңменіңнен өтеді. Күн еңкейіп қалған кез. Семинариядан елге әкетпек кітаптарымды алып, Әбікей ағайдікіне келе жатқанмын. Бір айналмадан бұрыла бергенімде, өңі сарғылт, денесі ашаң, орта бойлы кісі қарсы кездесті де:

– Сәлемет пе, інім? Сен осы Имекеңнің баласы емеспісің? – деп оқыс сұрады.

– Иә, Имекең баласымын.

– Мен Сұлтанмахмұтпын. Уақытың болса, бүгін кешке пәтеріме келіп кетші, – деп тұрағын айтты.

– Жарайды, Махмұт аға.

Өзіме таныс татар ағайынның үйі екен. Кештеңкіреп келдім. Оңаша бөлме, үстел үсті десте-десте қағаз, кітап. Сұлтекең ескі танысындай қарсы алды.

– Қаныш қарағым, менің оқуым көп емес. Әсіресе орысшаға шорқақпын. Мына кітаптың мен көрсеткен жерін оқып шығып, мәнін қазақша айтып көрші, – деді де, сырты қалың сары қағазбен тысталған көлемді кітаптың бетін ашып, маған ұсынды. Асты сызылған сөздері көп екен. Көз жүгіртіп көріп едім, өзім де ұғына қоймадым. Екі рет оқығанда сол беттің жалпы сарынына түсінгендей болдым. Айта бастадым. Сұлтекең жазып отыр. Екі сағаттай отырдық. Шам түтіні екеумізді жарыса жөтелтті. Біраз мұндасып алдық.

Екеуміздің оңаша сұхбатымыз бұдан кейін де екі кеш қайталанды. Сұлтекең соңғы кеште ас дайындатып қойыпты. Ол кісі ауыз үйге шығып кеткенде, құмарлық билеп, «Осы нендей кітап болды екен?» деп, тыстығын ашып қарасам: «Капитал. Критика политической экономии. Сочинение Карла Маркса, том первый. С.-Петербург...» – деген сөздерді оқыдым...» деп суреттейді [2, 70].

1.3 Ағайынды Сәтбаевтардың Алашордаға қызметі

Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов «Академиктің көз жасы» атты хикаятында Сәтбай әулетінің оқыған, белсенді азаматтарының басына қара бұлт үйіріліп, қуғын-сүргін азабын тартқанын көркем баяндайды. Онда: «Әрине, әке қазасы Қанышқа оңай тиген жоқ. Оның үстіне, қазір Сәтбай әулетінен үш бірдей азамат абақтыда жатыр. Әбікей, Әбдікәрім және Ғазиз ағасы. Жергілікті жерде қазір оларға ара түсу мүмкін емес. Әкесі дұрыс айтқан. «Қағынған елдің» көзіне сүйел боп, күндестігін қоздырудың еш қажеті жоқ. Бірақ қол қусырып қарап та отырмады» дейді де, Қаныш жазған сауатты хаттың себебінен ағаларын түрмеден босатып алатыны сипатталады [5, 18].

Қаныш Сәтбаевтың жеке архивінде сақталған ресми анықтамада Имантай би мен оның үлкен баласы Ғазиз Сәтбаевтан 1928 жылдың жазында 150 бас ұсақ мал, 50 жылқы және 12 ірі қара тәркіленгендігі жазылған.

Бұл әулеттің қазақ байларын кәмпескелеу науқанында ұшырағаны жайлы алғашқы дерек болса, кейінгі жылдары жарияланған мәліметтерге сүйенсек, «ағайынды үш Сәтбаев та қамауға алынған 1937 жылы нақақ қаралаумен жер жастанған: Әбікей

Зейінұлы сол қарсаңда 56 жаста, Ғазиз Имантайұлы – 43, ал Әбдікәрім (Кәрім) Жәмінұлы – небәрі 40 жасқа енді ғана ілінген; демек, үшеуінің нағыз дер шағы, туған елі мен жері үшін аянбай еңбек етер қайратты жасында жазалау жүйесі көк желкеден нақақтан қиып түскен».

Совет үкіметінің қудалауына ұшыраған ағайынды азаматтардың үлкені Әбікей Зейінұлы Алаш азаттық қозғалысының Семей өңіріндегі белсенді мүшесі болды. Алаш партиясы құрылатын алғашқы жиында (1917 жылғы шілдеде) бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне қазақ жеріндегі алты облыс пен Бөкей ордасынан, Орта Азиядағы қазақтар атынан сегіз адамға өкілдік алған. Семей облысының баратын арнайы өкіл болып мұғалімдер семинариясының оқытушысы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев белгіленген.

Ал «Қанышты есіркегеннен тірі қалдырған жоқ» деп есептейді ғалым тұлғасын қырық жыл бойы зерттеген жазушы М. Сәрсекке. Ол ғалымның шопыры болған адамдармен кездесіп, олардың естеліктерін жазып алады. Соның бірі Григорий Мироненко есімді азамат 1937 жылдардағы оқиғаны былайша баяндайды: «...Бір күні сағат кешкі 8-дің шамасында Қарсақпайдан шығып, Жезқазғанға келдік. Үстеріне қап-қара ұзын плащ киген екі адам келіп, Қанышқа «машинаның артына отырыңыз» деп бұйырды. Сөйтіп Қарсақпайға қайта алып келді. Қанекен «жігіттер, айтсаңдар, былай да жеткізіп салар едім ғой» деп еді, өңкіген қазақ: «байдың тұқымы, алаштың күшігі, бізді білмейді деп жүрсің-ау, әттең...» деп, кіжініп, бұрылып кетті,- деді. Қысқасы, совет өкіметіне Қаныштың қабілеті қажет болды.Әйтпесе, есіркегеннен тірі қалдырған жоқ» [3, 8].

1.4 Қаныш Сәтбаев өмірінің Том кезеңі және «Алгебра»

XX ғасыр басында «Сібір шамшырағы» атанған Том қаласында оқып, білім алған, еңбек еткен біршама қазақтар болды. Ақбайдың Жақыбы, Әміре Айтбақин, Асылбек Сейітов, С. Нұралыханов, Әлімхан Ермекұлы, Ережеп Итбайұлы, Аққағаз Досжанова, басқалары Том университеттері заң, математика, медицина факультеттерінің түлектері. Бұл қатарға тау-кен факультетіне студент болып Қаныш Имантайұлы келіп қосылады.

Өткен ғасыр басындағы қазақ ағартушылығы үш кезеңнен тұрады деп білді зерттеушілер. Алғашқы ағартшылық жылдарын 1890-1905 деп есептеп, қазақ азаматтарының ішкі Ресей, шетел қалаларында біліп алып, саяси-қоғамдық пікір қалыптастырып, елдің санасын оятуды алғашқы алғышарттары жасалса, 1905-1920 жылдарды нағыз ағартушылық кезеңі деп санады. Бұл Алаш ағартушылығы ұлт-азаттық қозғалыстың басталуымен сипатталып, оның өмірде шынайы жүзеге асқаны, ұлттық өзекті мәселелердің көтеріліп, біртіндеп шешілуі, әсіресе елдікті сақтау идентификациясы мен жерді қорғау миссиясы жолында қыруар еңбек атқарылғаны мойындалды. Бұл кезеңде қазақ даласының астындағы байлығы мен үсітіндегі шаруашылық жайы жиі талқыланып, зерттеулер жүргізіліп, ғылыми негіз қаланды, қоғамдық өмірде ұлттық баспасөз қалыптасып орнықты, жас ұрпаққа жаңа білім беру жүйесі, мектептер мен оқу бағдарламалары, оқулықтар жазылды, ең бастысы азаттық алу, теңдікке қол жеткізу үшін арпалысты және мұның соңы қазақ жерінің шекарасын айқындаумен тәмамдалды.

Ал Алашорда үкіметі таратылып, орнына билікке келген совет билігі қазақ зиялыларының жұмыс істеуін шектеді, кей жағдайда тыйым салды. Мұны ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой!» деп сипаттады. Бұл уақытта Алаштың инерциялық қозғалысы басталды. Бұл дегеніміз қаншама тыйым, шектеу салғанына қарамастан, кешегі қыруар атқарылған жұмыстың жалғасы өз ретін тауып отырды деген сөз.

Ұлт зиялылары жас қазақ баласына арнап жазған оқулықтарының маңызы әлі де өзектілігін жойған жоқ. Ахметтің «Әліппесі», Мағжанның «Педагогикасы», Жүсіпбектің

«Психологиясы», Міржақыптың «Есеп құралы» оқулықтарына Қаныштың «Алгебрасы» қосылып, ұлт қоржынын толтырды.

«Гүлнәр апайдан естігенімді айтайын, – дейді жазушы М. Сәрсек, – 1917 жылдың желтоқсан айында өткен жалпы қазақ съезінің шешімімен Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен Алашорданың оқу комиссиясы құрылып, мектеп оқулықтарын жазу қолға алынды. Ақанның тапсырмасы негізінде Қ.Сәтбаев орта мектепке арнап алгебра оқулығын жазады» [3, 8].

Бұл мәні зор деректен білгеніміз, «Алгебра» оқулығының жазылуына Міржақыптың ықпалы болған. «Алгебра» – сол кезеңдегі жұртқа мәлім А.П. Киселевтің оқулығы негізінде жазылған алғашқы қазақ оқулығы, 1919 жылы бастап, нүктесін 1924 жылы қойған екен. Республиканың Халық ағарту комиссариатымен келісу үшін Орынборға екі мәрте барып қайтқан.

«Қанекен жазған оқулығын шығару үшін Орынборға барып, қаладағы Міржақыптың үйіне түскен. Сағат таңғы алты екен. Үй иелерін оятуға ыңғайсызданып, астыңғы қабатта қалғып отырады. Жақанның жары Ғайнижамал Қанышты көріп «Ерке қайным, қайдан жүрсің» деп бас салмай ма. Гүлнәр апай айтады: «Ерке қызы мен тұрғанда, танымайтын біреуді «ерке қайным» дегені несі деп ренжіп қалдым», – дейді».

Математика жайлы оқулықтарды басқа мамандық иесі болғанына қарамастан, заманның сұранысына, зәрулігіне сай ақын-жазушылар, заңгерлер, геологтар жазуға тура келген. Әлімхан Ермеқұлының «Үлкен математика курсы», Мәннан Тұрғанбайұлының «Арифметика», Елдес Омарұлының «Алгебра» (бастауыш), Сұлтанбек Қожанұлының «Есеп тану құралы», Ғаббас Дәулетбекұлының «Екі басқыш сыныпқа арналған есеп құралы» кітаптары жарық көрген.

Зерттеушілердің жазуына қарағанда, алғаш төтеше (арабша), кейін латынша хатқа түскен осы еңбек баспахана зәрулігіне байланысты (математикалық шарттылықтарға қатысты харіптердің, таңбалардың болмауынан) баспа бетін көрмеген. Сол себепті де оқулық 1927 жылы Мәскеудегі Центриздатқа жіберіледі. «Центриздат» пен «Казиздат» баспаларының арасындағы түсініспеушіліктің салдарынан оқулық тағы да баспадан жарияланбай қалады. Осы оқулықтың үнемі кедергіге ұшырап, жарыққа шықпай қалуы жөнінде Халықаралық Қ. Сәтбаев қорының президенті Кәкімбек Салықов былай дейді: «Автор ретінде Қ.Сәтбаев бұған қатты алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше мәрте хат жолдағанымен, ешқандай нәтиже шыға қоймайды. Мұнан кейін 1929 жылы латын алфавитіне ауысуға байланысты Қ. Сәтбаев оқулықтағы формулаларды бастан-аяқ латын әріптерімен түзеп шығып, 03.03.1929 жылы латынша көшіруге тапсырады. Сөйтіп, қолжазба қайта латыншаға көшіріліп, қайтадан баспаға өткізіледі. Бірақ, 30-жылдардан бастап Қазақстанда біртіндеп кеңестер одағына бірыңғай, ортақ оқу бағдарламалары мен аударма оқулықтарға көшу басталып кетеді де, Қ. Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығын басып шығару ісі аяқсыз қалады» [6].

Тек арада 85 жыл өткеннен кейін қайраткер К. Салықовтың қолдауымен және академик М. Өтелбаевтың ұйымдастыруымен «Қаныш Сәтбаев. Алгебра. Том қаласы, 1924 жыл» аталатын ғылыми-мәдени мұра Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасынан аз таралыммен жарық көрді.

Қорытынды

Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылық мұрасына байыппен көз жүгіртер болсақ, оның өмірге келуінің бір жүктелген миссиясы болғанына көз жеткіземіз. Ол адам баласының дамуына, оның өмірін жеңілдететін ғылыми жаңалықтардың ашылуына байланысты қызметі орасан зор.

Бұл ғылыми жобада біз Қаныш Сәтбаевтың жастық шағына шолу жасап, оның өміріндегі Семей қаласының роліне тоқтадық. Себебі адамның оқыған білім алған оқу орны маңызды, ол азамат болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Бұл қалада Қаныш

оқып қана қоймай, қоғамдық, мәдени іс-шараларға қатысып, жаңа достар тауып, олармен ұлт жұмысына араласқанын байқадық.

Семей Алашорданың астанасы болғандықтан, Алаш қайраткерлері жиналып, үлкен келелі істерді талқылаған орта екенімен белгілі. Мұндағы Алаш қайраткерлерінің, әсіресе Әлихан Бөкейханның, Әлімхан Ермеқұлының, Сұлтанмахмұттың жас Қанышқа әсері күшті болды. Оның рухани әлемінің баюына, білім көкжиегінің кеңеюіне атсалысты. Дұрыс бағыт нұсқады, жол көрсетті. Бұл жол білім арқылы елдің санасын көтеру, мәдени тұрмысын жақсарту, ғылым жолы болатын. Ал бұл Алаш идеясына тән құндылықтар еді.

Қаныш және оның ағалары, ағайынды Сәтбаевтардың Алашордаға қызметінде болғандықтан қуғындалды, айдалды, түрмеге түсті, кейбірінде Қаныш хат жазып босатуға ұмтылса, кей жағдайда өз басын қорғауға мәжбүр болды. Бұл сталиндік жазалау саясатының асқынған кезеңіне тұспа-тұс келді. Сонда да Қ. Сәтбаев қазақ халқының бағына орай аман қалды.

Зерттеу жұмысымызда Қаныш Сәтбаев өмірінің Том кезеңі және оның студент жылдары жазған (аударған) «Алгебра» оқулығына қысқаша шолу жасадық. Өйткені бұл Алаш инерциялық қозғалысынан туындаған тарихи мәнді оқиға еді.

Жалпы алғанда біз Қаныш Сәтбаевтың тұлғасын Алаш кезеңіндегі тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып, дәуір шындығын және оған ықпал еткен тұлғалармен байланыстыра отырып зерттеу жүргіздік. Қорыта айтқанда, Қаныш Сәтбаев тұлғасы Алаш ардақтыларының ізін жалғап, қасиетті миссияны адал орындаған ұлттың ұлы перзенті болуымен бағаланады. Сонымен қатар, ең бір керек, ділгір уақытта қазақ баласына деген жанашырлықпен оқулық жазып, ғылыми жұмыстарды атқаруы, жастық шағында болайын деп тұрған бала екенін танытуын бүгінгі жас ұрпақтың білуі шартты дүние деп есептедік.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Жанаева Ш. Қазыналы әулеттің үш өкілі. // «Егемен Қазақстан», 1 ақпан, 2024.
2. Сәрсекке М. Шығармалары. Т.4. Қазақтың Қанышы. Деректі ғұмырнама-роман. – Астана: Фолиант, 2015. – 640 б.
3. Қайратұлы Б. Қаныш Сәтбаевты есіркегеннен тірі қалдырған жоқ. // «Егемен Қазақстан», 18 ақпан 2018 жыл
- 4 Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Құраст.: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 бет.
- 5 Жұмаділов Қ. Академиктің көз жасы. – Алматы: «Мерей», 2015. – 416 бет.
- 6 Өскен Ә. «Алгебра» оқулығын алғаш жазған - Қаныш Сәтбаев. // Абай кз, 23 Қазан, 2021

СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАРСАҚБАЙ

Қапарова Үрзия Қоянбаевна

*М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы
музейінің бөлім меңгерушісі*

Қазақтың ғұлама ғалымы, XX ғ. оқымыстыларының бірегейі, Ұлытау-Жезқазған аймағы үшін қадірлі тұлға Қ.И.Сәтбаевтың туғанына – 125 жыл.

Мен қазақтың – жаратылысым да, жаным да қазақы, ой-түсінігім бойынша да қазақтың. Алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін. Бұл жолда ай сәулелі армандарға беріліп асқақтаудан адамын. Сондай-ақ сөзсіз кездесер қиыншылықтардан да алабөтен безінгім келмейді. Жан тыныштығын да шат-шадыман тұрмыстан гөрі рухани күрес жолында өткізгенді жөн көремін: сол үшін тіршіліктің барлық жақсы күйінен бас тартып, қазақстан қиырында «кезбе» болып, өмір-бақи кен іздеуге әзірмін...» [16] Жезқазғанда 1926 жылы қызу жұмыс басталады. Сарыарқаның өз баласы, бет-жүзі келбетті, жас шырайда жарқыраған көркі бар, жиырма жеті жасқа келген жігіт еді. Жым-жырт жатқан Жезқазған сол жаңа жылдардың ішінде қайта туа бастады.

Қ.Сәтбаев 1926 жылдан 1941 жылға дейін 15 жыл бойында Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттейді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқарумен қатар, Қаныш Сәтбаев сол жылдардың өзінде де қазақ халқынан шыққан жас инженер геологтарды баулып, өсіре жүреді.

1926 жыл Қазақ Кеңес Республикасы тарихының жаңа парағы ашылған күрделі кезең. Ағылшын кәсіпкерлеріне 30 жылға жалға беріліп, іргетасы қаланған мыс заводы, Жезқазғанның мысы, Байқоңырдың көмір шахталары болып қайта құрылғанмен толыққанды өндіріс деп айтуға келмейтін жағдайда еді. ВЧК мен Халық шаруашылығының кеңесі ағылшындар ауыр азаппен жеткізген техникалары мен жабдықтарды Оралға тасымалдап, өндірісті сонда орналастыру жөнінде шешім де шығарған. 1925 жылы Еңбек және Қорғаныс кеңесі «Қарсақбай мемлекеттік мыс қорыту комбинатын салу жөнінде» оң шешім қабылдады. Болашақ заводтың барланған қоры ағылшындардан қалған есеп бойынша 67 мың тонна болған. Перкинс жобасымен жоспарлаған өндірісті 12 жыл шикізатпен қамтамасыз ететін, құнары 10-15 % кен көзі барланған. Сол кезеңде Қарсақбай мен Жезқазғанның бағына тағдыр Қ.Сәтбаевты сыйлады. 27 жасар жас геолог ағылшын инженерлерінің, Одақтық геолкомның мыс қоры жөніндегі болжамын бір-ақ жылда жоққа шығарды.

1927 жылы ол Жезқазғанның кен байлығы Америкадағы ірі мыс ошақтарынан да асып түсетінін батыл жариялады. Қ.Сәтбаев бұл жылдары Мәскеуден басқарылатын «Атбасцветмет» тресінің басқарма мүшесі және геологиялық бөлімін басқарды. «Қазақстан халық шаруашылығы» журналында «Қарсақбай ауданы және оның болашағы» мақаласы жарық көріп, қазақ геологының білімі мен болжағыштығы, аналитикалық зердесі ғылыми ортаны елең еткізді. Геологтың Ұлытау-Жезқазған аймағының пайдалы қазбалары жөніндегі ең алғашқы мақаласы өлкенің пайдалы қазбалары, болашақ индустриалдық дамуға негіз болатын тау-кен базасы жөнінде алғашқы толыққанды геологиялық еңбек еді.

«Жезқазған жалғыз Қазақстан емес, бүкіл Кеңес Одағының жеріндегі мыс кендерінің ең көлемдісі. Жезқазған кенінің жеке өзінің ауданы 100 шаршы шақырымдай бар. Кендердің қазірге дейін бұрғылаумен зерттелген көлемі небәрі 90 сотық. Осы 90 сотық жердегі бар кеннің мөлшері 86 метр шамасы, одан 1700000 пұт таза мыс алынбақ. Ал болжаулы шамасы – 2.500.000 пұт», - деп жазады геолог аталмыш мақаласында. Жезқазған-Ұлытау аймағына қызметке келген соң екі жылдан кейін Қ.Сәтбаев отбасымен Қарсақбайға көшіп келіп, 1929 ж. Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық

барлау бөлімін қолына алды. Бұл бөлім Қазақстандағы ең тұңғыш геологиялық барлау мекемесі болатын. Сәтбаевқа дейін Қазақстанды геологиялық жағынанан зерттеуді Бүкілодақтық геологиялық комитет атқарып келді. Күрделі зерттеулерге мүлдем қаржы бөлінбеді. Жезқазған-Қарсақбай аймағына келген небары 3 жылда Қазақстанның дербес геологиялық мекемесін ұйымдастыруға қол жеткізді.

1929 жылы Қазақстанның геологиялық тұңғыш тұрақты ұйымы - Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімі құрылды. Бұл бөлім Жезқазғанның және осыаймақтың геологиялық жағдайы мен минералдық байлығын жоспарлы түрде, комплексті зерттеу мәселесін алғашқы кездің өзінен-ақ мықтап қолға алды», - деп жазды Қ.И.Сәтбаев. [2. 91б.] Осы шағын ұйым Москва мен Ленинградтың геологтарымен, ғылыми мекемелерімен, өндіріс орындарымен тығыз ынтымақта жұмыс атқарды. Кейіннен бұл кеңсе Жезқазған комплексті геологиялық-барлау экспедициясы аталды.

Қарсақбайда құрылған алғашқы дербес барлау мекемесінің алдында геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастырудың орасан үлкен міндеттері тұрды. Ең бастысы бұрғылаушылар, геологтар, техник қызметкерлер секілді негізгі кадрларды даярлау және баспанамен қамтамасыз ету. Бұрғылау қондырғыларын үздіксіз сумен жабдықтаудың өзі үлкен күшпен атқарылды. Геологиялық бөлімнің бастығы ең бірінші кезекте аудан тұрғындарының есебінен барлау мамандарын даярлауды қолға алды. Жезқазған, Қарсақбай аймақтағы алғашқы индустрия орталығы болғандықтан шекаралас өңірлерден жұмысшылар легі толастамады. Уақытша жұмысқа келген жоғары, арнаулы орта білімді мамандар жергілікті тұрғындарды қыр қазағы үшін беймәлім кәсіпке үйретті. Саутсыздықты жою мектептері, ФЗУ курстарында бұрғылау шеберлері, коллекторлар, лаборанттар, жөндеушілер, қатардағы жұмысшылар даярлайтын бөлімдер ашылды. Сөйтіп, 1929 жылы - 10 станок, 1931 жылы -15, 1932 жылы - 20 станок жұмыс істеді. Комбинаттың отын көзі Байқоңыр мен Қияқтыда көмір қорын барлауға 7 бұрғылау станоктары пайдаланылды.[3. 33] 1933 жылы Жезқазғанның жер қойнауын барлаушылар қатарында 700 адам еңбек етті. 1937 ж. мыс қоры 3 млн тоннадан асты. Ұлы ғалым Қарсақбайдан аттанар тұста барланған мыс қорын 5 млн-ға жеткізді. Және бұл аймақты кешенді игеру, жер қыртысының терең қабаттарын тиянақты зерттеуді шәкірттеріне тапсырды.

Қ.И.Сәтбаев жетекшілік жасаған барлау мекемесінің аймақтың пайдалы қазбаларын жан-жақты зерттеуі нәтижесінде болашақ Үлкен Жезқазғанның құрылысына қажетті құрылыс материалдары – гипс, известь, доломит, балшық, қиыршық тас т.с.с. мол қоры табылды. Геологиялық барлау кеңсесінің жанынан минераграфиялық, петрографиялық, микрофото, аналитикалық химия, топырақ, құрылыс материалдарын, тағы басқаларды талдайтын зертханалар, шеберханалар бар, қуатты ғылыми-зерттеу секторы жұмыс істеп жатты. «Мен Жезқазғанда көп жылдық еңбек өтілі бар геологтар басқарған ұйымшыл және әлеуетті геологиялық барлаушылар ұжымын қалдырдым, - деп жазды Қ.Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтарда – Қазыналы аймақтың барланған мыс қоры сол кездің өзінде 5 млн. тоннадан асты. Жылдан-жылға қарқын қосқан геологиялық барлаушылардың жерасты байлығын зерттеуге кешенді қарауы керек болады». Жезқазған-Ұлытау аймағын барлаушылар ұжымы 1940 жылдары үлкен табысқа жетті. Жезқазған кенінде 1940 жылы табылған мыстың запасы бұған дейінгі барлық запастың 25,5 пайызына жетті. «Табысқа жетудің ең негізгі шарты - барлаушылар коллективінің ұйымшылдығы, еңбек тәртібінің беріктігі, жұмысшылардың бір орнында тұрақты істеуі болды. Бұрғы мастерлерінің 90 проценті жергілікті жердің өзінде даярланған. Жезқазғанда 5-10 жылдан бері істейтін қазақ кадрлары. Олар өз істерінің мамандары». Барлаушылар геологиялық барлау қызметінің техникасын жетілдіру, өнертапқыштық арқасында нәтижеге жетті. Олар жаңалықты тез арада өндіріске енгізіп отырды. 1930

жылдары қысқы барлауда киіз үйді пайдаланудың өзі еңбек өнімділігін 4-5 есеге арттырды.

1927 жылы шілденің орта шенінде «Атбасартүстіметалл» тресінің бас геологы Қ.Сәтбаев өзінің барлаушылық ғұмырындағы тұңғыш скважинаны ұңғыды. Бұл ағылшын кезеңінен кейінгі Жезқазған қыртысына түскен 236-шы ұңғыма еді. Жас геологтың жер қойнауын зерттеуде тұсауын кескен әйгілі скважина «Петро» шахтасының маңайынан тесілді. Пайдаланылған станок шетелдіктерден мұраға қалған «Крелиус» болатын. Ағылшындар Жезқазғанда 13 жылда аумағы 90 десятина жерге Орташа тереңдігі – 60 метр болатын 235 скважина бұрғылады. Американдық маманы Сидней Болл Жезқазғанда 150 метр тереңдікке дейін бұрғы бойлатуды армандаса, қазақ геологы Қ.Сәтбаев одан да терең қабаттарды батыл болжады. Жезқазғандағы Қ.Сәтбаев жетекшілік жасаған тынымсыз барлаудың нәтижесі таң қаларлық. 1939 жылдың өзінде Қ.Сәтбаев және оның әріптестері шетелдіктер болжаған қорды 457 есеге (!) өсірді.

«Жұмыс ауқымының көбейуіне байланысты комбинаттың геологиялық бөліміне жаңа тұрғын үйдің дербес үш бөлмесін берді. Ең үлкен бөлме «Камералка», – деп еске алады Т.А.Кошкина-Сәтбаева. Мұнда 8-9 маман иық тірестіріп отырып жұмыс істейді. Кабинет одан шағындау, бір стол Қаныш Имантаевичтің орны, екінші стол – геологтардікі. Шағын кеңседе 18-20 адам жұмыс істейміз. Біздің үй осы мекенжайдың екінші басында. Сағат бірде Қ.Имантаевичтің тұсындағы қабырғадан белгі беріледі. Түскі асқа шақырған хабар. Ол түскі үзіліске жалғыз келмейді. Кейде геологтар біздің үйде қонып қалады». Бұл киелі шаңырақ бүгінде академик Қ.И.Сәтбаевтың Музей-үйі. Және Қазақстандағы ең тұңғыш дербес барлау кеңсесінің қарашаңырағы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. М.Сәрсекке «Дара дарын» А, 2009ж.
2. «Қазақстан – менің Отаным». 1999 ж.91 бет
3. С.Қожамсейітов. Қарашаңырақ Қарсақбай. А.,2008 ж. 33 бет
4. Соц. Қазақстан.1941 жыл, 23 сәуір
5. Таисия Сәтбаева «Наш Қаныш»

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

*Омарханов Ернұр Аханұлы
Астана қаласы, Қаныш Сәтбаев атындағы
№ 61 мектеп-лицей директоры*

«Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы мен үміті жанып, алыстан бағдар сілтеп жымыңдайтын да тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай тұлға» - деп қоғам қайраткері Ілияс Омаров дәл, әділ бағасын беріп кетіпті. [1]

Академик Қаныш Сәтбаевтың рухани әлемі шексіз. Осы мақаламызда академик Сәтбаевтың рухани әлемінің қалыптасуына еңбегі сіңген ұстаздары жайында сөз қозғамақпыз.

Хакім Абай 25-қарасөзінде «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулхарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек» – дейді. Осы үлгіні мықты ұстанған қазақтың зиялы азаматтары балаларын бірінші мұсылманша оқытқан. Аға сұлтан Құнанбай да баласы Абайды медреседе оқытқанын білеміз. Қаныштың әкесі Имантай Қанышты ауыл молдасынан екі жыл оқытады. Көп жылдар Имантайдың тәрбиесінде болған Тармызи Әбсаламов: «Қанекеннің оқуға зеректігі сонда-ақ мәлім болған. Ол біз құсап ескі оқуды әлденеше қыс мыжыған жоқ, сөзді де ежіктемей бірден оқып кетті. Мұхтасар мен биданды тез меңгерді...» – дейді. [2]

Молдада оқумен қатар Қаныш әке алдындағы сабақтан өтетін. Имантай әділ би болған. Имантай затында сауыққұмар кісі болған, домбырада шебер ойнап, ойын-тойларда тыңдаушы қауым қолқаласа, ән де салған. Имантайдың баласы Қанышқа көбіне оқытанындары ұзақ жырлар: «Жүсіп-Зылиқа», «Ләйлі-Мәжнүн», «Гүлстан», «1001 хикмет», «Диуана пәни». Бірде парсы, кейде арабша жүретін оқулар талай күндерге созылып, айлап, жылдап жалғаса береді. Әке еңбегі зая кеткен жоқ. Баласын ауыл молдасынан және өзінің алдынан өткізіп, қисса-жырларды жаттатқызуы тегін емес еді. Рухани білім осы кезеңдерден бастау алады.

Қаныш Сәтбаев кейін Шорман ауылында орналасқан мектепке қатынай бастайды. Төрт жылдық бағдарламаны үш жылда аяқтайды.

«...Біз алдымыздағы шәкірттерге орыс тілі мен грамматикадан, жат оқу, арифметика, жағырафия, орыс тарихы және көркем жазу пәндерінен, яғни, осы заманғы бастауыш мектеп программасы көлемінде білім беруге тиістіміз. ...Қысқасы, біздің барлық ынта, тәрбиеміз – дала үшін тілмәш, хатшы, іс жүргізуші кадрлар әзірлеуге келіп тірелетін» –деп еске алады Қазақ ССР-ына еңбек сіңірген қарт ұстаз Н.Е.Алексеев. Ақкелін мектебінде Григорий Васильевич Терентьев Қаныштың ерекше зеректігін байқап, «Мына балаңыз тума дарын иесі, жаратылысы бөлек жан. Қалада оқытыңыз. Менің оған енді берерім шамалы. Білгенімді беріп болдым» – дейді. [2]

Қаныштың ауыл мектебінде оқу кезеңін ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Несіпбек Айтұлы «Қаныш» поэмасында:

Тәңірі талаптыны төске өрлетпек,
Мұратқа асқар шыңнан асқан жетпек.
Қанышты құшақ жайып қарсы алыпты,
Шорманның Сәдуақасы ашқан мектеп.
Жаратқан кеңдік қылса пендесіне,
Бұйырар тіршілікте мол несібе.
Таң қапты сабақ берген ұстаздары,

Шәкірттің шамдай жанған зердесіне – деп жырлайды.[4]

Қаныштың немере ағасы Әбікей Зейінұлы да ағасы Имантайға баланы қалада оқыту керектігін жиі айтатын. Жасы 66-ға келген ағасы Имантайға: «Қанкежанның ендігі тәрбиесін маған жүктеңіз, би аға. Оқуына өзім басшы боламын» - деп қолқа салып, Қаныш 1911 жылдан бастап Павлодардағы 2-сыныпты орыс-қазақ училищесіне аттанады.

Қаныш 1962 жылы Американың Принстон университетіне жолдаған анкетасындағы «Сіз білім алғаныңыз үшін кімге қарыздарсыз?» - деген сауалға ағасы туралы бірінші рет сөз қозғап: «Оқуға түскенім үшін ескі интеллигент Әбікей деген ағама қарыздармын», – деп жауап берген. XX ғасырдың алғашқы жылдары қазақ елінің рухани өркендеуіне, оқу-ағарту ісінің ғылыми дұрыс жолға қойылып, жемісті нәтижелерге жетуіне аянбай еңбек еткен көрнекті қайраткерлердің бірі – Әбікей Зейінұлы Сәтбаев. Осы Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың жол нұсқауымен Қаныш 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға барады. Әбікей сонда мұғалім кейіннен педтехникумның директоры болады. Қанышпен қатар Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовтарға да сабақ берген Әбікей өте білімді әрі қамқор азамат болатын. Алайда, Әбікей 1937 жылы «халық жауы» атанып, атылып кетеді. Оған себеп, Алаш азаматтарымен жаны да, қаны да бір болғандығы.

Бұл жерде айтпағымыз, училищеде негізгі сабақтармен бірге дін сабағы да жүргізіледі. Дін сабағын Павлодар шіркеуінің уағыздаушысы поп Василий жүргізеді. Осыдан ары да орысша білім алған Қаныш Сәтбаевтың өз тілі мен тарихына, мәдениеті мен әдебиетіне деген ерекше құрметі қайдан келді? Неден бастау алды? Әрине, жастайынан мұсылманша сауат ашып, әкесінің алдынан өтіп, қисса-дастандарды жаттап өскен Қаныш Сәтбаевқа орыс тіліндегі оқулары қиындық туғызбайды. Себебі Сәтбаев алған білімнің негізі ана тілінде, Абай айтқандай «құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқуында» жатыр – деп есептейміз. Аталған білім ордасын Қаныш Сәтбаев мерзімінен бір жыл бұрын бітіріп шығады. Бұл туралы Н.Алексеев: «..1911-1912 оқу жылының бірінші жартысында училищенің дайындық класында оқыған Қаныш Сәтбаев білімге құштар, ынталы шәкір екенін аңғартты. Барлық пәндер бойынша әрдайым үздік бағалар алудан танбады. ...Сөйтіп ол училищенің бірінші класын екі жыл оқудың орынына бір жылда бітіріп шықты» - дейді. [2]

Бүгінде Алаштың білім ордасына айналған 120 жылдық тарихы бар Семей педагогикалық колледжіне (ол кезде мұғалімдер семинариясы) Қаныш Сәтбаев оқуға келген кезде бұл білім беру ұясы шаңырақ көтергеніне 10 жылдан асқан, өзіндік дәстүрі, ұстаздық үлгі-өнегесі қалыптасқан салиқалы білім ошағы болатын. «Семинарияда ағайынды Белослюдовтар, Н. Коншин, ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар, Н. Ильинский, В. Морозов, Ә. Сәтбаев, Н.Сулима-Грузинский, В. Поповтар...» сабақ берген. [2]

Семей мұғалімдер семинариясында төрт жыл оқыған Қаныш зор рухани білім алады. Алаш зиялыларының шоғырланған жері. Ұлт зиялылары Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезовтермен бірге оқиды. Алашшыл ақын Сұлтанмахмұтпен де Семейде кездесіп, таныс болады.

Ақын Несіпбек Айтұлы «Қаныш» поэмасында:

Ағаның арқасында кең айналып,
Оқыды Керекуден Семей барып.
Семейде көп жақсымен араласып,
Күн сайын кемелденді көп ойланып.
Тарихын туған елдің танып ескі,
Жас Қаныш жақсыларды көріп өсті.
Жүсіпбек, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт,

Дүркіреп дүниеден бәрі көшті.
Қызғыштай шырылдаған қорғап елді,
Алаштың арыстарын сонда көрді.
Боқ шоқып шоқандаған сауысқандай,
Не қылсын қаптап жүрген саудагерді.
Қанышқа Құдай дарын берген рас,
Самғады сермеп ұшып кеңге құлаш.
Білімде, ғылымда да бұзып-жарып,
Ұл тумай көшті бастар ел жарымас.
Әлихан, Ахметгерден тәлім алып,
Тағдырын туған елдің таныды анық – деп жырлайды.

Қаныш Сәтбаев 1918 жылдың күзінде Земство басқармасының қаржысымен Алаш қалашағында ашылған, ауылдық қазақ мектептері үшін мұғалім болудан еңбек жолын бастайды. Курс бастығы – Троицк медресесін тәмамдаған Мәннан Тұрғанбаев, оқу ісінің меңгерушісі Павлодарда және Семейде өзімен сыныптас – Жүсіпбек Аймауытов. [3]

Дүйсенбай Есенжолов, мұғалімдер курсының шәкірті: «Қаныш Сәтбаев бізге жаратылыстану пәнінен сабақ берді. Қазақша оқулықтар ол кезде атымен жоқ, ал орыс тіліндегі кітаптарға біздің «тісіміз» батпайды. Сол себепті сабақ үстіндегі бар қаракетіміз – оқытушының ауызын бағу. Бүгінгідей есімде: үстінде шолақ былғары тоны бар, шашы бұйраланған қап-қара, ақ құба жүзді, кең маңдайлы, уыздай жап-жас Сәтбайұлы келіп, бәрімізге ізетпен амандасып, ірі тістерін ақсита бір жымыып алып сабаққа кіріскенде, кластағылар тым-тырыс тына қалатын. Өйткені Сәтбайұлының әңгімесі бізге ертегідей әсер ететін. Керемет қызық дүниелер әлеміне кіріп, жүдеу күйімізді, жарау құрсақ тілеуін де ұмытып кететінбіз...» — деп еске алады. [2]

1921 жылы жазда Қаныш Имантайұлы Баянауылға емделуге келген сол кездегі Сібір өңірінің ірі, мәдени орталығы Томск қаласының технология институтының профессоры (кейін академик болған) Михаил Антонович Усовпен танысады. Қанышқа М.А.Усов Қазақстанның геологиясы мен тау-кен байлықтары туралы көптеген қызықты әңгімелер айтады. Томск технология институтының математика факультетіне оқуға дайындала бастайды. Оқуға түсу үшін математика мен ағылшын тілінен емтихан тапсыруы керек болатын. Осы мақсатта Томск университетінің математика факультетін бітірген Семейде еңбек ететін Ғарифолла Нығметулиннен қыс бойы математика пәні бойынша қосымша сабақ алады.

Алашорда қайратгерлері Әлімхан Ермеков пен Әбікен Сәтбаевтың досы Михаил Антонович Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі.

Біз, Сәтбаевтың білім алу жолын қарастыра отырып, оның рухани әлеміне жол салған тұлғалармен байланысын көрсеткіміз келді. Ең алдымен, Сәтбаев сынды сегіз қырлы бір сырлы тұлға қандай істі қолға алса да, кең пайымдап, ауқымды шешім табатын сұңғыла ғұлама – дәстүрлі қазақы тәрбиенің жемісі.

Қаныш Сәтбаев әлемінің рухани үндестігі, рухани байлығы, міне, осы кезеңдерден бастау алары анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://egemen.kz/article/187543-satbaevtynh-rukhani-alemi>
2. Медеу Сәрсекке «Сәтбаев» 19-бет
3. М.Сәрсекке «Сәтбаев» «Жалын» баспасы 1988 ж.
4. Н. Айтұлы «Қаныш» поэмасы

ЕРЛІГІ ЕЛЕНБЕГЕН ҚАҺАРМАН

Бекеева Айгуль Есенгельдина

*Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицейінің
география пәні мұғалімі*

Жезқазған, Жездінің бұл қатпарынан еліме иен ырыс ақтарылған.

Осында жүр жастары, қарттары да Қанышынан үйреніп хат таныған.

Хат таныған. Басына бақ дарыған, – деп Мұқағали ақын жырлаған Жезді – қойнауы байлық, құт, мекен, – деп халқы мақтан тұтатын өңірге арнайы сапармен 2022 жылы наурыз айында 8 «А» сынып оқушысы Сейтжан Арманмен барып, ұлы ғалым, геология-минерология ғылымдарының докторы, Қазақ ғылым академиясының негізін салған тұңғыш Президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мол мұрасымен танысуға мүмкіндік болды.

Жезқазған – Ұлытау аймағы болашақ ғалым еңбек жолын бастап, 15 жыл еңбек еткен, академиктің өз сөзімен айтсақ: «Атты да жаяу жүріп аралаған, қатардағы геологты ғалым еткен өлке». Соның ішінде, Жезді ауылының тарихы ерекше.

Сол жылы бұл ауыл тарихында елеулі оқиға, Жезді марганец кенішінің ашылғанына 80 жыл толады екен, биылғы жылда 83 жылға аяқ басты. 1942 жылдың 12 маусымында Жезді өзені аңғарынан майданға аса қажет құрыш болат өндіруге қосатын марганец кенін шығаратын рудник іске қосылған күн. Жезді кенті Жезқазған қаласынан 70 шақырым батысқа қарай, қазақ ұлтының ұясы аталатын Ұлытау ауылынан да 70 шақырым шығысқа қарай (екеуінің дәл ортасында) орналасқан елді мекен. Мұнда 1990 жылдары 10 мыңдай халық тұрған. Марганец өндіретін шахта мен кен байыту фабрикасы жұмыс істеген үлкен аудан орталығы болған. 1997 жылы Жезқазған облысы және Жезді ауданы таратылып, мұнда өндіріс жұмысын тоқтатты. Жұмыссыз қалған халық жақын маңдағы қалаларға көшіп кеткен. Бүгінде бұл шағын ауыл, кезінде бірнеше көп қабатты үйлері бар микроауданы бар қала сияқты поселокта 2000 дай адам тұрады. Мұнда тау кен металлургия тарихына арналған ашық аспан астындағы музей бар. Музеймен танысып ұлы ғалымның өмірінде Жезді ауылының тарихындағы Қаныш Сәтбаевтың еңбегі жайлы деркестермен таныстық. Музеймен танысқан оқушы Арманға Қ.И. Сәтбаевтың сондай жылдамдықпен 38 күн ішінде марганец кенін ашып, соғысқа қажетті шикізаты жеткізгі қатты қызықтырды және ғалымның бұл еңбегі ешқайда көрсетілмегеніне таңданды. Сөйтіп, Арман екеуміз осы жұмысты қолға алып зерттеуді жөн көрдік.[1]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1926-1941 жылдары, Қарсақбай мыс қорыту комбинатының геологы болып еңбек ете жүріп болашақ үлкен завод Жезқазғанды салу үшін кен көздерін іздеп, барлау зерттеулер жасады. Мыс қорытуға қажетті кен көздерін зерттеп жүргенде Үлкен Жезді өзені бойында, Найзатас атты жерде темір кендерінің мол қоры барын анықтайды және Жезді өзені бойындағы браунит кендерінің желісіне тап болды. Браунит рудасының құрамында марганец минералы болады. Егер темірге марганец қосса онда өте берік құрыш болат қорытпасы алынады. Құрыш болат - бронированная сталь – өндірісте кең қолданылады. Әсіресе әскери техниканың сауытын құятын металл.[2]

1941 жылы Қаныш Сәтбаев геология институтына директор болып тағайындалған соң Қарсақбайдан Алматы қаласына қоныс аударды. Жезқазған, Қарсақбай кеншілері мен геологтары 1941 жылы 21 маусым-сенбі күні Жезді өзенінің бойында табиғат аясында Сәтбаевпен қоштасып, демалыс ұйымдастырды. Жексенбі 22 маусым күні Қарсақбайға оралғанда фашистік Германияның соғыс ашқаны жайлы естиді. Алматыға кетерде Қаныш Сәтбаев ең алғаш Қарсақбайға келген Жосалы темір жол станциясы арқылы машинамен аттанады. Ол кезде Жезқазған-Қарағанды темір жолы іске қосылған

еді, бірақ алғаш келген жолымен Қызылорда маңындағы Жосалы станциясына барды. 26 маусым күні сол жерге өзінің әріптесі, шәкірті Иосиф Николаевич Богданчиковты шақыртты. Ол кезде геолог Богданчиков Украинадағы Никополь қаласына іс сапарға кеткен. Никополь қаласы Кеңес Одағының ірі марганец өндіретін кеніштерінің бірі болды. Ұлы ғалымның көрегендігі десек болар, сол күндерде марганец кендерін өндіру бойынша тәжірибе жинауға геолог Богданчиковті жіберген.

Жосалыдағы кездесуде Қаныш Имантайұлы картаны көрсетіп, достары Құдайберген атап кеткен, өзі Иоске деп атаған, геолог Богданчиковке Нарсай бойын нұсқап, Жезді бойында бұған дейін 1928-36 жылдарда темір кендерін іздеп зерттеген жерлер барын және сол жерлерден марганец кені желісін көргенін айтты. Соғыс басталған алғашқы күндерде әскери өндіріске енді мыс емес марганец кені қажет болатынын ескеріп, марганецке барлау жасауды, қоры көп болатын жерлерді анықтауды тапсырды және тез арада, Иоске,- – деп ескертті.

1941 жылдың 19 шілдесінде геолог Саид Сейфуллинге жазған жедел хатында Жезді кенін барлауды жеделдетіп, барлық техниканың мықтысын, адамның тәжірибелісін сол Жездіні барлауға жіберіндер. Күннің жылы кезінде бұл жұмысты тыңғылықты атқару керек, ал қысқа қалсаңдар түк бітіре алмайсыңдар, – деп ескерткен. Себебі бұл өңірде қыс қазан айынан басталып, сәуірге дейін қыс ұзап кететіні белгілі. Кеңес өкіметінің Қорғаныс комитеті соғыс жағдайында құрылған ГКО (Государственный Комитет обороны) Мемлекеттік қорғаныс комитеті КСРО ның шығысында кен өндірісін ашу, жалпы өндірісті соғыс жағдайына көшіру жөніндегі қаулысы 29 тамызда шыққан. Қаныш атамыз одан бір ай бұрын алдын ала марганец өндірісін ашу қажеттігін және оны осы Жездіден ашу керектігін болжады.

Мәскеуде қорғаныс комитетінің марганец өндіруге қажетті кеніштер ашу жайлы мәселе талқыланғанда Қ.И. Сәтбаев Жезді кенін игеру үшін ондағы кен қоры жайлы мәліметтерін есептеп қойған. Әріптестеріне бірнеше жеделхат жолдап үнемі бақылауда ұстады. НарКомЧерМет Иван Федорович Тевосяның бас қолбасшы Сталинге құрыш болат өндіретін заводтарды марганец рудасымен қамтамасыз етудің бірден-бір мүмкіндігі ол Жезді кенішін ашу екенін Сәтбаевтың дәлелдері негізінде мәлімдеген.[3]

Жезді Жезқазған мыс руднигінен 45 км жерде, темір жол салып кен тасымалдау мүмкіндігі бар жер саналды. 1942 жылдың ақпан айында Жезді жеріне екі мәрте комиссия келіп марганец кені бар жерлерді көздерімен көрген. Қалың қардың астында аяқ астында жатқан кенді қолмен қазып алып, жер бетінде жатқан браунит рудасын көрген соң мұнда өндіріс ашуға шешім шығаруға келіседі. 1942 жылы 25 сәуірде НарКомЧерМет Тевосян қол қойған бұйрық шығады. Онда тез арада Жезді марганец кенішін ашуға тапсырма берілді. Жезді ауылының халқы, Қарсақбай мыс заводының жұмысшылары, Жезқазған шахталарының, Ұлытау ауылының халқы түгелдей кен өндіруге жұмылдырылды. Жезді руднигін ашуға Қазақстанның көптеген облыстарынан адамдар жұмысқа жіберілді. Ол «тудармия»- деп аталды. Әскерге жасы жетпеген немесе әскер қатарына алынбайтын адамдарды жұмысқа жіберіп соғыс кезіндегі әскери тәртіппен еңбек ететін бұйрық болды. Сонымен қатар Жезді ауылына сол кездегі КарЛаг тұтқындар лагерінің адамдары жұмысқа жіберілген.

Жездінің кенішіне Украина мен Ресейдің металлургия заводтарының мамандарын инженер-технолог сияқты арнайы жіберген мамандар аса маңызды мемлекеттік тапсырманы орындау үшін іске кірісті. Маусымның алғашқы күндерінде карьерде тұңғыш жарылыс аймақты дүр сілкіндірді. Жезді кенішінің құрылысына кіріскеннен кейін, 38 күн өткенде жезді марганец кені эшолондармен Магнитогорск заводына жеткізілді. Майдан үшін аса қажетті марганецтің 70,9 пайызын соғыс жағдайында Жезді кеніші берді. Сондықтан Жезді марганец кеніші рекордты қысқа мерзім 38 күн мен түнде ашылған кеніш деп тарихта қалды.[6]

Жезді ауылындағы музейде осы жайлы арнайы көрмемен таныстық. Музей орналасқан жер алғашқы марганец рудасын алған кен орындарына жақын орналасқан, «Қызылшың» - деп аталатын ортасынан өзен ағып жатқан екі қызыл қоңыр шыңның бойында бірнеше мыңдаған адам марганец кенін қолмен жинап носилкамен, тәшкемен (темір арба-тачка) тасып машиналарға салған. Қайла, Лом және қолмен бұрғылайтын перфоратордың күшімен алғашқы жұмысшылар марганецті өндірген.[5]

Одан кейін жер асты шахталары ашылған. Жезді ауылында бірнеше шахта, болған, кейін байыту фабрикасы жұмыс істеген. Жезді кентінде Қаныш Сәтбаев атындағы көше бар. Жезді руднигінде еңбек еткен адамдардың естеліктерінде Қаныш Сәтбаев жайлы көп деректер айтылған. Жезді Марганец кен басқармасы аталған үлкен өндіріс 1942 жылдан 1997 жылға дейін жұмыс істеген 1997 жылы бұл өндіріс толығымен тоқтап қалған. Музейде шахтада жұмыс істеген техникалар, марганец кенінің тағы басқа кен үлгілері бар. Қаныш Сәтбаев жинаған минералдар коллекциясын көрдік. Музей ауласында академик Сәтбаевтың кеудемүсіні (бюст авторы скульптор Хакімжан Наурызбаев) орнатылған, ауылда ең үлкен басты көше Қаныш Сәтбаев атымен аталады.[4]

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. И.Н.Богданчиковтың естелігі. 1971 ж.
2. К.И.Сатпаев. Собрание трудов. 5 том 1999 г.
3. М. Төрегелдин. Мәңгілік мұра. Карағанды, - 1998 ж.
4. «Қазақтың Қанышы» М. Сәрсекеев
5. «Соғыс бағын ашқан кеніш». Ә Әбдірашев
6. (Ұлы Отан соғысының тарихы. «Воениздат» М 1961 ж 2-том. 153-6)

АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗКСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Бухаева Дана Дәулетбекқызы
Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
биология пәні мұғалімі*

Академик Қ.И.Сәтбаевтың ҚазКСР Ғылым академиясының дамуына қосқан үлесі орасан зор. Ол Ғылым академиясының көшпелі сессияларын республиканың қайсыбір халық шаруашылығы жағынан маңызды аудандары мен облыстарында өткізуді кеңінен қолданды. Бұл сессиялардың мақсаты сол аймақтардың басты табиғи қорларын кешенді түрде талдау жасап, халық шаруашылығының пайдасына жарату болған еді. Қаныш Имантайұлынан бастау алған көшпелі сессиялардың материалдары осы аудандардың экономикалық дамуын одан әрі дұрыс жоспарлауға тұрақты негіз болды. Мысалы ҚазКСР Ғылым академиясының Алтайлық көшпелі сессиясының еңбектерін КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті Үлкен Алтайды дамытудың бас жоспарының негізіне алды.[1]

Қазақстан Ғылым академиясы одақтас республикалар академиялары арасында озаттар қатарына бірден кірді. Оның президенті кеңестік Шығыс республикалары ішінен тұңғыш КСРО Ғылым академиясының академигі, одақтың және шетелдің ғылыми ортасында белгілі әрі беделді еді. Бірақ оның басына үйірілген бұлттар қоюлана түсті. Елімізде «зиялы қауымның саяси қатесімен», «вейсманшы-морганшылармен», «буржуазиялық ұлтшылдармен» күрес кеңінен қанат жая бастаған кезеңмен тұспа-тұс келді. Осының салдарынан Қазақстанның Ғылым академиясы республиканың жоғары партия органдары тарапынан тұрақты түрде нысанаға алынды. Қазақстан ғылымның көшбасында тұрған Қ.И.Сәтбаев баспасөзде амалсыз тиісті түсінік беруге мәжбүр болды. Алайда, президенттің тағдыры шешіліп қойған еді. Қ.И.Сәтбаевқа академияны «буржуазия ұлтшылдарымен», «академия кадрларын жат элементтермен былғағаны» және т.б. жалған айыптар тағылды. Баспасөздегі ушықтау мен ғайбат сөздерде көбейді. Осының салдарынан 1951 жылы 23 қарашада ҚКП (б) ОК-ның жабық бюросында Қ.И.Сәтбаев Академия президенті қызметінен босатылды. Сонымен 1951 жылдың аяғында Қаныш Имантайұлының Қазақстанның ғылымын ұйымдастыру және республикалық Ғылым академиясын құру жөніндегі көп жылғы қажырлы еңбегінің бірінші кезеңі аяқталды.[2]

Ғылым академиясын одан ары дамыту үшін оған өзіне тағылған айыптаулардың нақақ екенін дәлелдеген көптеген, ұзақ, қажытатын түсіндіру жұмыстарын жүргізуіне тура келді. Қ.И.Сәтбаев өзіне тағылған айыптаулардың нақақ екенін дәлелдегеннен кейін ғана республикада ҚазКСР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтының директорлығы қызметін жалғастыра беруіне рұқсат етілді. Осылайша, тағдыр ақыры Қаныш Имантайұлына өзін Қазақстанның минералды-шикізат базасы мен геологияның маңызды мәселелерімен толығымен айналысуына мүмкіндік берді.[3]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1952 жыл мен 1955 жылдар аралығында республикадағы геологиялық қызметті орнықтыру және геологиялық ғылымды дамыту жоспарын іске асыру жолында өте жемісті қызмет атқарды. Тұңғыш геолог-қазақ, ол қоғамының өндіргіш күштерін дамытудағы геологтардың жауапкершіліктері мен ерекші ролін өте өткір тани білді. «Геологтар өз еңбектерінің ерекшеліктеріне байланысты болашақты құрушылардың ең алдыңғы қатарынан орын алады. Біз еліміздің жер қойнауының байлықтарын игеруді ашып, дайындаймыз, оның болашақ өндірістік дамуының нақты жүзеге асатын алғышарттарын жасаймыз» - деп жазды ол. Қ.И.Сәтбаев бүкіл геологиялық жұмыстарды көз алдында ұстай отырып, бұл күрделі механизмнің әр бөлшегіне дейін терең түсіне отырып жұмыс атқарды. Қазақстан геологиясын жан-

жақты зерттеу жұмыстарында кездесетін түрлі проблемаларды жою жолында өзінің барлық энергиясын жұмсады.[4]

1955 жылдың сәуірінде Қ.И.Сәтбаев Үкімет алдында Қазақстанда дербес Геология және жер қойнауын қорғау министрлігін құру қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстандық, Орталық Қазақстандық, Торғайлық, Батыс Қазақстандық және Алтайлық (Шығыс Қазақстандық) сияқты территориялық геологиялық басқармалар құру мақсаттылығын көрсетті.

Геология басқармалары өз жұмыстарын геофизикалық кешенді түрде зерттеу мен іздеу үшін республикалық геофизикалық басқарма болу тиімді және геологиялық материалдың мақұлдануы мен сақталуы үшін - Орталық геологиялық қор мен Мемлекеттік республикалық қор комиссиясын (МРЦК) құру қажет деп көрсетті.[5]

ҚазКСР Ғылым академиясы Геология ғылымдары институтының айнамас басшысы қызметін атқара жүріп, институт лабораториясын жаңа приборлармен жабдықтап отырды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды. Қ.И.Сәтбаев бүкіл геология ғылымының барлық тармақтарының ұйымдастырылуы және дамуымен үнемі айналысты. Қ.И.Сәтбаев дамуына атсалысқан геология ғылымының тармақтары: палеонтология, стратиграфия, геофизика, тектоника, литология, петрография, минералогия. Сондай-ақ Қазақстандағы геологиялық мәселелерінің жоғары ғылыми деңгейде жүзеге асырылуына үнемі қолдау көрсетті.[6]

Қ.И.Сәтбаев өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті. Сонымен қатар Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор. Қ.И.Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға 1958 жылы Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды.[7]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың сөзімен айтсақ, “Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды.” Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, каратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол – геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі.

Қазақстандағы ғылым саласына академик Сәтбаевтың қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ғылыми-теориялық және өндірістік-практикалық жұмыспен қатар айналысқан ғалым Қазақстан жер қойнауын зерттеуде бір қатар жаңалық ашып қана қоймай, ғылым саңлақтарын тәрбиелеген ұлы ұстаз ретінде белгілі. Ол Қазақстан Ғылым академиясын құрып, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина, Ресей, Тәжікстан сынды елдермен қоян-қолтық

қатынастар орнатты. Қаныш Имантайұлы ғылымға деген құштарлықтың, Отанға деген махаббаттың жарқын үлгісін көрсетті.[8]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Казахстанская правда. 1955.11 желтоқсан
2. Қ.И.Сәтбаев. Еңбектер жинағы. Алматы, 2000.7-т
3. КСРО ҒА-ның Хабарлары.1963. №12. 26-31 бб.
4. РҒА-ның Хабарлары. 1999. №3. 230-233 бб
5. Кеңестік Қазақстан ғылымы. 1920-1960. Алматы, 1960. 26-42 бб
6. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
7. Сәтбаев Қ.И.Таңдамалы мақалалар. – Алматы: ҚазССР ғылымы, 1989. – 84-85 бб.
8. Академик Қ.И. Сәтбаев: көрнекті ғалымды еске алуға арналған жинақ /Қазақ КСР А.С. – Алматы, 1965. – 76 б.

ӘЙГІЛІ СӘТБАЕВ ЖОБАСЫ

Қасымжанова Гулнур Байбековна

*Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Су іздеу мәселесі Орталық Қазақстан үшін елуінші жылдардан бастап кезек күттірмес ең басты проблемаға айналған. Су болса Арқаның жер асты қазынасын игеруге болады, жоқ болса - еңбегің еш, өлкенің келешегі қараң. Бұл өлкені суландыруға мамандар екі түрлі жоба ұсынған: алғашқысы - жер асты көздерін пайдалану, екіншісі - Ертісті бұрып, канал қазу.

Канал қазу қымбатқа түспек. Бірнеше жүз шақырым жер қазып, алып су құбырын салу туралы болып отырған жоқ. Сол аймақтардағы су сұраған өндіріс ошақтарының түгелдей Ертіс арнасынан бірнеше жүз метр биікте, қырат төскейде тұрғанында. Яғни еңістегі суды ылдиға емес, өрге қазу керек. Құрылыстың өте қымбатқа түсетіні өз алдына, күні-түні жұмыс істеуге тиіс насос станциялары үшін де аса қуатты энергия көзі қажет!

Сол үшін де мамандардың көпшілігі канал вариантын құп көрмеген, мұндай ірі де тұрақты шығынға үкімет келіспейді деп есептеген. Амал қанша, екінші жолды ыңғайлы көріп, Орталық Қазақстан территориясынан гидрогеологтар жер асты көздерін іздеуге көп жылды сарп еткен. Ақыр аяғы олардың еңбегі жанды.[1]

Ондаған жерден мол су көздері табылды. Екі ұсыныс та көптеген мәжіліс, ғылыми конференциялардың талқысына түседі. Қайсысы дұрыс, қайсысы тиімді? Ғалымдар таласы бірер жылға созылды. Каналдың бір емес, ондаған варианты жасалды. Жер астындағы су көздері туралы да сан алуан пікір бар, оның ішінде бірін-бірі теріске шығаратын кереғарлары дажетерлік. Осының бәрін талқылап, жан-жақты сарапқа салып, бір тұжырымға келетін мезгіл жетті.

Қаныш Имантайұлы бұл мәселені академияның 1958жылы Қарағандыда шақырылмақ көшпелі сессиясында қарауға ұсынады. Қуатты аймақтың өндіргіш күштерін ғылыми саралап, тағы бір мәрте талқылап, тиісті бағыт-бағдар беру қажетті. Соның ең бастысы - су мәселесі. 1957 жылы академияның президиумы республика энергетиктері Ш.Шокин, В.Китенко, С.Майзель, З.Берікқалиев, П.Калачев және бір топ мамандардың нақтылы ұсынысын талқылаудан соң, Ертіс-Қарағанды каналын жобалау үшін Мәскеудегі С.Я.Жук атындағы «Гидропроект» институтына тапсырма берген. Қарағанды сессиясында осы институттың бас инженерінің орынбасары И.С.Семенов

канал жобасы жайында баяндама жасайды. Қосымша баяндамашы академик Ш.Ш.Шокин.

Каналдың ұзындығы 514 шақырым. Ертіс суы көтерілетін ең жоғарғы нүкте 475 метр. Канал Ертістен батысқа қарай тік тартылып, Екібастұз көмір бассейнін жанамалай өтеді де, Шідерті өзеніне келіп құяды. Шідерті - Қарағанды облысының территориясынан басталып, солтүстік-шығысқа құлайтын өзен. Ал канал суын кері бағытқа ағызу қажет. Бұл міндетті әлденеше насос станциялары, су тоспалары орындайды. Төрт жүз оныншы шақырымда Ертіс суы ең жоғарғы тескейге көтеріледі. Одан әрі жасанды өзен өз ағынымен құлайды. Қарағандыға барған соң өте кең диаметрлі темірбетон трубалар бойымен ең соңғы кен ошағы - Жезқазғанға жеткізіледі.

Гидротехника өнері бұрын-сонды естіп-білмеген, бұл өңірде ешқашанда жүрмеген керемет алып құрылыс еді. Оның бірінші кезегін салу үшін құрылысшылар жетпіс миллион текше метр топырақ аударып, он бір миллион текше метр тас қашауға тиісті. Ал насос станцияларын, ондаған су қоймаларын салу үшін қаншама құрылыс жұмыстарын атқарып, елді мекендер тұрғызу шарт?! Миллиардтаған сом қаржы!

Алайда бұл жұмыс қаншама ауыр да қымбат болғанымен сусыз шара жоқ. Қарағанды сессиясы канал жобасын мақұлдаған шешім қабылдайды.

Сессия қаулысы канал құрылысын бастауға берілген бұйрық емес еді. Тек қана ғылыми ұсыныс. Оны жүзеге асыру үшін бір емес әлденеше жоспарлаушы, жобалаушы және құрылыс мекемелерінің талқы, тұжырымы керек. Одан әрі үкіметтің арнаулы қарары!

Осы мәселе үлкен өзекті мәселеге айналған. Мәскеудегі «Водоканалпроект» институты 1949 жылы жер астындағы су көздерін пайдалануға негізделген жоба ұсынған. Институт ұжымы Ертіс өзенін Арқаға бұру идеясына қарсы екендігін мәлімдейді. Оларға бір топ Алматылық гидрогеолог-ғалымдар қосылады. Бұлар мәселені жан-жақты қарап ашық талқылап, өз пікірлерін баспасөз бетінде жария етеді. «Казахстанская правда» газетінде (21 июнь, 1959) жарияланған «Жер асты сулары» атты мақаланың бұл мәселеге мемлекеттік сипат беру үшін әдейі жазылғанын аңғару қиын емес: «Қазақстанда бірнеше жер асты теңіздері бар. Олардың үстінен бұрғыланған әрбір скважина тәулігіне бес жүзден бес мың текше метрге дейін, ал кейбірі сегіз-он мың текше метр су бере алады. Бұлардың ең «кедейі» деп есептелетін «Қарағанды теңізі» секунднына 25 текше метр су бермек...» Тағы бір басылым «Жер асты теңіздері» деп аталған: «...Қазақстан территориясындағы жер асты суының молдығы соншалық, оның барлық қорын қосып есептесек, жиырма үш мың миллиард текше метрге жетеді. Бұл Арал теңізінен он сегіз есе артық көлем, яғни Балтық теңізінің су қорымен пара-пар. Соның ішінде жер қыртысының ауыртпалық күшінің әсерінен үстіге өзі шапшып шығатын су қоры екі мың миллиард текше метр шамасы. Бұл да Балқаш көлінен он бес есе, Куйбышев жасанды теңізінен отыз бес есе артық су...» деп жазған академик У. М. Ахмедсафин екінші мақаласында.[2]

Канал қазуға қарсы тұрған мамандар өз пікірлерінің дәлеліне түрлі айғақтар келтірген. АҚШ-тағы барлық қалалардың 80 проценті жер асты суын пайдаланады екен - өндіріс қажетіне, ішуге ғана емес, бүкіл егісінің жиырма жеті процентін суғаруға да; ал территориясы Қазақстаннан он есе кіші аядай Жаңа Зеландия аралы жер астынан күн сайын екі жүз жетпіс мың текше метр су шығарып отыр; оны аз десеңіз - техникалық күш-қуаты біздің шерігімізге келмес Индия елі де бұл істе көп жұртқа үлгі болғандай өнеге көрсетуде. Осындай озық үлгі, бай мүмкіндікті неге пайдаланбаймыз?

1959 жылдың 26 маусым күні академик Қ. И. Сәтбаевтың председательлік етуімен өткен Геологиялық ғылымдар институтының ғылыми советінің төтенше мәжілісі осы мәселені талқылауға арналады. Мәжіліске республикада жұмыс істейтін су, энергетика, гидрогеология коллективтерінің жетекші ғалымдары, білгір мамандары шақырылған.

Мәжілісте екі ұсынысты да жан-жақты, әрі экономикалық тұрғыдан зерттейтін сарапшы мамандар комиссиясы құрылған. Қазақ ССР Ғылым академиясының энергетика институтының директоры академик Ш.Ш.Шокин басқарған комиссия біраздан соң есептеу қорытындысын шығарды: жер астындағы суды көтеруден түзілетін жалпы қор және Теңіз-Қорғалжын, Карасор көлдері, жергілікті өзендер жиналып жылына 585 миллион текше метр су береді екен; яғни бұл - секундына небәрі он сегіз текше метр су келіп тұрады деген сөз. Бұл болса Қарағанды өндіріс торабы 1980 жылы пайдаланатын судың төрттен бір ғана бөлігі...

Сөйтіп «Водоканалпроект» институтының жобасы, оны жақтаушы - қазақстандық гидрогеология және гидрофизика институтының каналға қарсы пікірі әншейін сөзге айналды. Мамандар комиссиясының қорытынды пікірі де аса тұжырымды еді: «Жер астындағы су қоры Қарағанды өндіріс торабын толық қамтамасыз ете алмайды. Жетіжылдық жоспарды сәтті орындау үшін - канал құрылысын бастап, мол су көзін тезірек жеткізу шешуші роль атқармақ...»

1961 жылы Ертіс-Қарағанды каналының құрылысын бастау жөнінде ұсыныс қабылданды. Оны салу Ертіс арнасында Өскемен, Бұқтырма ГЭС-терін салған әйгілі «Иртышгэсстрой» құрылыс басқармасына жүктелді. Қысы-жазы тоқтаусыз жүрген бұл құрылыс алты жылға созылды. Сөйтіп 1967 жылдың 5 желтоқсан күні 16 сағат 20 минутта өзен жағасындағы бірінші насос станциясы канал арнасына Ертіс суын көтере бастады. Алты күннен соң, ақ Ертістің шалқар дария суы қыратты беткейде тұрған Екібастұзға келді. Онан соң Қарағанды төңірегіндегі өндіріс ошақтарына... Жеті жылдан кейін құрылыстың екінші кезегі басталды. Ертіс суын Жаңаарқа, Шет аудандарындағы өндірістер, Жезқазған, Атасу, Жәйрем, Қаражал жеріне жетті.[3]

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш Сәтбаев - Алматы. М. Сәрсекеев. Жалын, 1988 - 528 б.
2. Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» кітабының «Мүсәпір елдің тағдырын кім ойлайды?» тарауынан (Астана: Фолиант, 2016. – 320-327-бб)
3. Медеу Сәрсекеев, жазушы: Қаныш Сәтбаев кітабының қазақшасы он төрт жылдан кейін жарық көрді (egemen.kz)

ҚАШАННАН БИІК ҚОЙҒАН АСЫЛ ХАЛҚЫН

Ордабаева Гаухар Отарбаевна

*Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
биология пәні мұғалімі*

Мектептің негізгі діні - «ұстаз» десек, тамыры – «кітап». Тәуелсіздік алғаннан бері білім саласында сан түрлі реформа жүргізілді. Жыл сайын есебі жоқ оқулықтар басылды. Нәтижесі қандай? Білім сапасы қандай деңгейде? Ғұлама Әл-Фараби айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы». Біз нені ұттық? Неден ұтылдық? Ұстаз ретінде өткен мен бүгінге сараптап жүретін кәсіби әдетім бар. Бүгінгі айтарым, «тұлғатану» мәселесі.

Ғылым мен технология қанша қарыштап дамыса да, адам «адам» болып қалуы керек. Әр азаматтың бет түзер Қағбасындай, адастырмас темірқазығындай бойтүзер тұлғасы болса, ол азамат ешқашан ештеңеден кенде болмасы анық. Қазақ халқы дана да дара, данышпан перзенттерге бай болған. Арғы тарихты қозғамасақ та өткен ХХ ғасырқазақтың небір асылдарын, жасындай жарқыраған ұлы перзенттерін әкелген, тарихы да тым күрделі ғасыр. Абай мен Ыбырайы, бес арыс пен үш бәйтерек, «халық жауы» болып жазықсыз атылған сан мыңдаған асыл ерлер, біздің бүгінгі жарқын болашағымыз үшін опат болды.

Биыл 125 жылдығын атап өткелі отырған Қазақ Ғылым Академиясының негізін қалаған көрнекті ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сол тұлғалардың замандасы еді. Ғұлама ғалымның шын есімі – Ғабдулғани. Арабшадан аударғанда «шексіз байлық иесі, ешкімге мұқтажсыз Алланың құлы» деген мағынаны береді. «Ғани», «Ғаныш» еркелете келе «Қанышқа» айналған.

Пайғамбар жасындағы әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Баянауылдың баурайында ерекше ұйымдастырушылық және үлкенге деген ізеті мен тіл табыса білетін қасиетін бағалап бата берген екен. Мәшһүрдің батасы қабыл болып, «Қазақтың Қанышы» атанған алғашқы академик Сәтбаев елімізді әлемге танытты! [1]

Қаныш Имантайұлы саналы ғұмырын қазақтың қазба байлығын, минералды ресурстарын зерттеп, ел игілігіне айналдыруға жұмсады. Сәтбаев тапқан қазба байлықтар мен ол ашқан ғылыми жаңалықтар КСРО-ның ғана емес, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның экономикасына зор серпін берді.

Қаныш Сәтбаев – шындығында да ерекше жан еді. Бір бойында сан өнер тоғысқан, қандай іс атқарса да нәтижесін беретін және ол міндетті түрде халқына пайда әкелетін істер еді.

Өз саласынан бөлек тарих, математика, этнография, мәдениет, әдебиет, музыка, хореография салаларын бір кісідей меңгеріп, сәті түскен тұстарда өз үлесін қосып отырған. Бұл туралы жазушы Сәбит Мұқанов «Сапарда Қаныштың қасында бір ай жүрдім. Қоштасарда Қазақстанның жер астындағы бар байлығы осы кісінің басында сияқты көрініп кетті. Расында да солай еді. Қаныш асқан ғалым еді, бұған қоса жан дүниесі бай адам болатын. Кейбір ғалымдар өз саласын жете біліп, өзге дүниеден азғантай мағлұматпен жүре береді ғой. Ал, Қаныш олай емес еді. Ол жан-жақты ғалым болатын», дейді.

Шоқан Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған - Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. [2]

Сондай-ақ оның орындауындағы әуендерді тұңғыш рет тыңдаған белгілі музыкатанушы-фольклорит Александр Затаевич 25 қазақ әнін жазып алған. Музыка мен

әдебиет хақында академик Қаныш Имантайұлы былай дейді «Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ ауыз әдебиетінің байлығын да жұрт таныған. Өзінің ауыз әдебиетін, батырлар жырларын нешеме ғасыр бойына түгелсақтап келген қазақ халқының бұл жөнінде теңдесі жоқ деуге болады».

Қазақ халқының тұңғыш антропологы Оразақ Смағулов өзінің естелігінде Қаныш Сәтбаевпен кездесіп Қазақстанда сүйек қорын жасауымыз қажет және сүйек қорын жасақтайтын экспедиция жасақтау қажет екенін айтады. Сонда Қаныш Сәтбаев «Қарағым Оразақ әрбір жан иесінің биологиялық ата-анасы болатыны секілді, әр халықтың биологиялық ата-анасы бар, сен қазақтың биотегін дәлелде», Қаныш ағаның осы бір сөзі маған өмір бойы қуат берді деп еске алдады тұңғыш антрополог ғалым. Қаныш Сәтбаев осы экспедицияға 12 рубль, бір машина, төрт ғылыми қызметкер бөлдіртеді. Үлкен ғалым Қ.Сәтбаевтың шарапаты арқасында қазақтың сүйек қорын жасау жолына түседі.

Ал біздің өскелең ұрпақ ғаламшарға есімі берілген алғашқы және жалғыз қазақты біле ме екен? 1979 жылы ғалым-астроном Николай Черных шағын планета, Тельц шоқжұлдызында орналасқан астероидты ашты. Ол Марс пен Юпитердің орбиталары арасында айналады. Ашық ғаламшарды Принстон-Кембридждегі Халықаралық ғаламшар орталығы бекітті. Сондай-ақ Сәтбаев астероиды ретінде 2402 нөмірімен каталогке енгізді. [3]

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистерге қарсы атылған триллион оқ пен снарядтың 90 пайызы, яғни 10 оқтың 9-ы Қаныш тапқан қорғасыннан жасалған. Танкілердің броньдары - болатқа қосатын марганец Жезді кенін тауып, небәрі 38 күнде іске қосып, соғыста мыңдаған танкист-жауынгерлердің жанын сақтаған. Бұл ерлігі әлі күнге дейін лайықты бағасын ала алмай келе жатыр. «Халық Қаһарманы» кім десе, сөзсіз Сәтбаев деп айтуымыз керек!

Мақаламның басында «Тұлғатану» мәселесін сөзге тиек еттім. Жас ұрпақты кешегі буыннан алыстатпайтын, сол тұлғаларға еліктей отырып, өзінің жаңа көзқарасын қалыптастыратын жағдай жасаудың бірден-бір үлгісі тұлғатану. «Тұлғаны тану» – «ұлтты тану» деген тақырыпқа сияды. Ұлтты танысаң, кейін ұлтыңды әлемге танытасың деген сөз.

Бүгінгі жас ұстаздарға тек оқулықтың айналасында ғана дәріс беру дегенді қою керек. Таным көкжиегін кеңейтіп, өз саласына өте кең ауқымда қарап, сол саланың ұлы тұлғаларын ұрпақ санасына көбірек сіңіру керек. Мектептегі ұстаздың берген сапалы білімі оқушының болашақ мамандығын таңдап, сол мамандығын шексіз сүйеге жетелеуі тиіс. Академик Сәтбаевтың тілінше айтсақ, «Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет».[4]

Қаныш Сәтбаевқа еліктеп өскен ұл-қыз болса, сөз жоқ, ұлтын сүйген азамат болып өсері хақ. Қазақтың сайын даласында небір байлақтың жатқанын білсе де, қазба байлықтар картасына бәрін түсірмей, кейінгі ұраққа да қалсын деу үлкен даналық пен парасаттың көрінісі. Қазақ халқы Қанышты қанша ұлықтаса да артық болмайды. Мектеп оқулығына Қаныш туралы тың деректерді қосып, ақпаратпен толықтыру керек деп ойлаймын.

Сөз соңын ғалымның өз сөзімен қорытындылайын. «Қандай ортада жүрсең де, қандай лауазымға ие болсаң да, үш қасиеттен жаңылмағайсың: «еңбексүгіштен, сыпайыгершіліктен, адамгершіліктен».

Қаныш Сәтбаевтың бір үлкен ерекшелігі - ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Және сол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын

айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа мойымайтын үлкен ісшілдік те бар. Өз басының білімін өсіруде жан-жақты, кең өрісті ғалым болуда тынымы жоқ ізденуші Қаныш Қазақстан Ғылым академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш болған.[5]

Міне, осындай ірі ғылымдық басшылықта, әрі адамгершілік істерінде озық біткен асыл сипаттары бар Қаныш Кеңестік Қазақстан ұрпақтарының ішінде Кеңес дәуірінің ардақты тәрбиесін алып, мемлекет қайраткері дәрежесіне жетті, ең үлгілі, ең асыл азаматының бірі болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Оқу әдістемелік құрал-Павлодар,Кереку,2009 ж
2. Құрманбай Ш.Айқын-46 бет
3. Бакенов М."Қаныш Сәтбаев" Түркістан-2008-176
4. Қаныш Сәтбаев «Қазақтың Қанышы», «Тарих.Тағдыр.Тұлға» You Tube сайтында.
5. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен.-Астана,2018.-485-487бб.

ИНСТИТУТ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ НАУК ИМ К.И. САТПАЕВА

*Джумказиева Гульгаухар Шапагатовна
Централизованная библиотечная система города Астана,
старший библиотекарь*

Многолетняя, почти вековая история Института геологических наук им. К.И. Сатпаева, вершившаяся рядом поколений выдающихся геологов Казахстана, начиналась не на пустом месте

Усилия молодого Советского государства, направленные на восстановление пришедшей в упадок после гражданской войны горной промышленности, а также обнадеживающие открытия геологов в различных районах казахской степи привели к организации в 1924-1926 годах в Казахстане целого ряда горнопромышленных предприятий, производственных объединений и трестов. В 1924 году создаются тресты «Алтайполиметалл» и «Эмба-нефть», в 1925 году - трест «Атбасцветмет» и другие. В 1926 году при тресте «Атбасцветмет» впервые в республике организуется геологоразведочный отдел, а в 1931 году - такой же отдел в «Алтайполиметалле». И наконец, в 1931 году создается Казахский геологоразведочный трест.[1;2]

Если до 1932 года все научные геологические исследования проводились в основном силами центральных научных учреждений, так как в Казахстане собственных научных геологических сил, по сути дела, не было, то с момента организации Казахстанской базы Академии наук СССР (1932 г.) центр научных геологических исследований постепенно перемещается в Казахстан.

Первыми казахстанскими учеными-геологами в то время становятся пионеры геологического изучения Казахстана: Н.Г. Кассин, М.П. Русаков, К.И. Сатпаев, В.П. Нехорошев, Р.А. Борукаев и другие, которые на протяжении уже многих лет занимались геологическими исследованиями в Казахстане по линии центральных научных геологических учреждений страны и различных производственных геологических организаций.

В том же 1932 году было открыто первое высшее техническое учебное заведение - Семипалатинский геологоразведочный институт, в 1934 году реорганизованный в Казахский горно-металлургический институт (позже - Казахский политехнический), вскоре ставший кузницей высококвалифицированных специалистов и крупным научным центром.

Среди многих факторов, обусловивших бурное развитие геологической науки Казахстана, выделяются два: огромные и разнообразные минеральные богатства республики и большое внимание к ним со стороны ведущих центров страны Москвы и Ленинграда.[1;3]

Эти два центра, с самого начала индустриализации страны, направили в Казахстан большую армию геологов, среди которых было немало ученых, прославивших геологическую науку республики и бывшей страны Советов в целом: академики Д.С. Коржинский, Ю.А. Косыгин, Д.В. Наливкин, Н.С. Шатский, А.Л. Яншин, А.В. Пейве, Ф.В. Чухров. Часть из них связала свою судьбу с Казахстаном: академики АН КазССР Н.Г. Кассин, Р.А. Борукаев, И.И. Бок, М.П. Русаков, Е.Д. Шлыгин и др. Кроме непосредственного вклада в теорию и практику геологии им принадлежит исключительная роль в подготовке инженерных и научных кадров геологов Казахстана.

Созданную в 1936 г. в Казахстане базу филиала АН СССР возглавил крупнейший геолог, академик А.Д. Архангельский. Став председателем Казахской базы, он организовал и первые два года руководил большой комплексной «Центрально-Казахстанской экспедицией». Для этих исследований А.Д. Архангельский объединил большой коллектив научных работников - А.Л. Яншин, Б.А. Петрушевский, Н.С.

Шатский, Е.А. Кузнецов, В.С. Коптев-Дворников, Н.И. Наковник И.Ф. Григорьев, В.Н. Крестовников, Н.Г. Маркова, Д.Г. Сапожников, Н.А. Штрейс, А.А. Богданов, П.Н. Кропоткин и др. Экспедицией были не только добыты многие новые данные, но и выяснены основы структуры центральной части Казахстана и закономерности распределения на ее территории полезных ископаемых.

С 1938 по 1940 год геологический сектор КазФАН СССР возглавлял Борукаев Рамазан Асланбекович, будучи впоследствии бессменным заместителем директора Института (1940-1964 гг.), затем директором до последних дней своей жизни (1964-1967 гг.). Таким образом, за исторически короткое время в Казахстане была создана сильная самобытная школа геологов мирового уровня. У истоков ее стояли выдающиеся геологи прошлого столетия, патриархи казахстанской геологии и лучшие представители Российского геологического комитета Н.Г. Кассин и М.П. Русаков. Николай Григорьевич Кассин свои исследования в Казахстане начал еще в дореволюционный период (1914 г.) и не прерывал их до последних дней своей жизни (1949 г.) Михаил Петрович Русаков начал изучение Центрального Казахстана в начале 20-х годов прошлого века. Примечательно, что у М.П. Русакова в 1923 г. прошел свою первую в жизни полевую геологическую практику будущий инженер-геолог К.И. Сатпаев.

Второй эшелон геологов, внесших неоценимый вклад в формирование казахстанской геологии, составили И.И. Бок, Р.А. Борукаев, Г.Ц. Медоев, Е.Д. Шлыгин, Ж.А. Айталиев, приехавшие в Казахстан в начале 30-х годов, представлявшие ленинградскую и томскую геологические школы. Все они позже также стали ближайшими соратниками Каныша Имантаевича и всю свою научно-производственную и педагогическую деятельность посвятили нашей республике. Наравне с ними в этот период работали крупные геологи России - Н.П. Наливкин, В.П. Нехорошев, Н.Л. Бубличенко, А.Г. Водорезов, В.К. Котульский, И.С. Яговкин, А.Л. Яншин и др., вклад которых в изучение Казахстана трудно переоценить.[1]

Наиболее крупный «десант» целого созвездия одаренных и талантливых геологов из Ленинграда (в основном) и других городов России, составивших костяк Казахского геологического управления родоначальника геологической службы Казахстана, прибыл в Алма-Ату в предвоенные годы. Среди них были Г.А. Немов, В.М. Мягков, С.Г. Анкинович, Е.А. Анкинович, М.Д. Морозов, Б.А. Тюрин, Н.А. Севрюгин, А.С. Пирго, Н.В. Смирняков, А.Г. Гокоев и др. Это был неповторимый сплав профессионалов и грамотных геологов «от бога». Как подчеркивал в одной из библиографических книг известный геолог, историограф геологии Казахстана Г.Р. Бекжанов: «...не будет преувеличением отметить, что примера концентрации в одном месте такого созвездия талантов не знал ни один регион Советского Союза. Они составили интеллектуальный потенциал геологической службы Казахстана, возглавили научно-техническое и организационное руководство геолого-разведочными работами в республике и вместе с геологами старшего поколения долгое время определяли лицо казахстанской школы геологов».

Начавшееся в Казахстане освоение минеральных богатств, широкий размах и темпы индустриализации требовали ускорения геологического изучения, приближения научных сил к объектам исследований. Перед геологическим сектором, организованным в составе базы уже в 1935 г. состоявшего всего из 20 геологов, был поставлен ряд актуальных проблем, для осуществления которых организуются лаборатории: спектральная, химическая, инженерно-геологическая и шлиховая, а также чертежное бюро и геологические фонды. Все это позволило пленуму комиссии Президиума АН СССР (председатель С.Г. Струмилин) и ЦК КП(б) Казахстана по пропаганде (Т.У. Бузурбаев), проводившей проверку работы КазФАН СССР в начале 1940 г., внести предложение в Президиум АН СССР и директивные органы Казахской ССР об

организации первого в КазФАНе СССР Института геологических наук. На должность директора был рекомендован крупный специалист-геолог, талантливый организатор и ученый Каныш Имантаевич Сатпаев.

31 августа 1940 г. зам. председателя КазФАН СССР Г.У. Бузурбаев направляет письмо в Центральный комитет КП(б) следующего содержания:

«Осуществляя решение КП(б)К, Совнаркома КазССР и Президиума Академии наук СССР, Казахстанский филиал Академии наук реорганизует геологический сектор в самостоятельный научно-исследовательский Институт геологии при Казахстанском филиале Академии наук СССР. В связи с этим руководство КазФАН просит утвердить директором Института геологии товарища Сатпаева К.И., инженера-геолога. Одновременно руководство КазФАН просит включить товарища Сатпаева К.И. в состав Ученого совета и Президиума Казфилиала Академии наук СССР».[1;2]

Бюро ЦК КП(б)К приняло постановление: «Утвердить товарища Сатпаева К.И. директором научно-исследовательского института геологии при Казахском филиале Академии наук». На основании этого решения Г.У. Бузурбаев приказом от 07 октября 1940 г. Назначил К.И. Сатпаева директором Института геологических наук, одновременно и единогласно он был введен в состав нового Совета КазФАН СССР - ПРИКАЗ № 116 по Казахстанскому Филиалу Академии наук СССР. С той поры и до конца своей жизни К.И. Сатпаев оставался бессменным директором Института.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Любимое детище К.И. Сатпаева – флагман геологической науки Казахстана – Институт геологических наук». Алматы 2022.
2. Сатпаев К. И. Атбасарское медное дело и его перспективы // Народное хозяйство Казахстана. № 9/10. - Алма-Ата, 1928. – 212-232 с.
3. Результаты работ Казахского филиала Академии Наук СССР в 1941г.» /Отв. ред.: К. И. Сатпаев; Каз. фил. АН СССР. - Алма-Ата, 1942. - 60с.

УСПЕХИ КАЗАХСТАНСКОЙ ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

*Садыкова Айгерим Жанахметовна
Школа-лицей №8 Имени Каныша Сатпаева
учитель географии*

К наивысшим успехам казахстанской геологической науки следует отнести разработанную Н.Г. Кассиным стратиграфическую схему верхнего девона и нижнего карбона, основанную на хорошо составленных детальными разрезами и богатых сборами фауны брахиопод и цефалопод, которая выдержала проверку временем. До настоящего времени опорный биостратиграфический горизонт в низах турнейского яруса Центрального Казахстана, названный академиком Д.В. Наливкиным «кассинскими слоями», имеет значение регионального подъяруса и с успехом используется в геологической практике геолого-съёмочных и редакционных работ на листах геологических карт, обширных площадях Северного, Центрального и Южного Казахстана. При выполнении этих работ собран богатый палеонтологический материал, позволяющий существенно уточнить возраст и стратиграфическое положение ряда свит нижнего палеозоя, в частности, ордовика Северного Казахстана, а также провести их сопоставление с разрезами нижнего палеозоя других регионов республики. Составлен ряд опорных разрезов и уточнено возрастное положение интрузивных комплексов.[1]

Большим событием для геологов Казахстана было *Совещание по унификации стратиграфических схем допалеозоя и палеозоя Восточного Казахстана*, организованное Межведомственным стратиграфическим комитетом СССР. Оно было создано в г. Алма-Ате с 12 по 17 мая 1958 г. В совещании приняли участие геологи Академии наук СССР, Академии наук КазССР, Министерств геологии СССР и Казахской ССР.

Совещание имело большое значение для дальнейшего развития геологической науки и, прежде всего, для геологического картирования. На нем были рассмотрены и утверждены унифицированные схемы для всего Восточного Казахстана, особенно для горнопромышленных районов, разработанные и предложенные Институтом геологических наук АН КазССР. Успешное проведение совещания такого высокого ранга и, главное, результаты стратиграфических и палеонтологических исследований, проводившихся в то время в Казахстане, полностью являлись заслугой Р.А. Борукаева, Н.К. Ившина, Г.Л. Кушева, М.С. Быковой, И.Ф. Никитина, С.М. Бандалетова, Г.Ф. Ляпичева, М.И. Радченко и др.[1:3]

Несомненно, к наивысшим достижениям стратиграфических исследований следует относить утвержденную на совещании впервые разработанную схему дробного расчленения кембрия и ордовика на основе находок и изучения разнообразной и богатейшей, преимущественно трилобитовой, фауны (Н.К. Ившин, Г.Х. Ергалиев, М.К. Аполлонов).

Совещание полностью одобрило и приняло разработанные Институтом стратиграфические схемы допалеозоя и палеозоя для территории Восточного Казахстана, которые в дальнейшем являлись основой крупно и среднемасштабного геологического картирования. Основные труды Совещания опубликованы в печати. Наиболее важным разделом работ Института по проблемам региональной геологии было участие в составлении казахстанских томов «Геология СССР».

Параллельно со школой геологов-региональщиков в Институте сформировалась сильная группа палеонтологов - Н.К. Ившин, А.М. Симорин, флорист М.И. Радченко, споропыльцевики - Л.Н. Ржанникова, Л.Н. Чупина и другие, которую возглавляла М.С. Быкова. Со временем группа переросла в лабораторию, пополнившуюся в дальнейшем замечательными стратиграфами-палеонтологами И.Ф. Никитиным, Г.Х. Ергалиевым, Д.Т. Цаем, М.К. Аполлоновым, Ж. Султанбековой, С.П. Коневой и другими.

Большое значение для познания тектонического строения Казахстана имела последняя работа Н.Г. Кассина «Развитие геологических структур Казахстана» (1951 г.), изданная уже посмертно.

Успехи в изучении стратиграфии и тектоники положительно сказались на познаниях истории геологического развития Восточного Казахстана. Взгляды Н.Г. Кассина на единый план развития земной коры от верхнего протерозоя до конца палеозоя нашли свое подтверждение. В связи с этим появилась возможность составить сводные тектонические карты и карты тектонического районирования Восточного Казахстана, а также палеогеографические и палеотектонические карты от раннего докембрия (архей. протерозоя) и до позднего палеозоя. Палеогеографические карты вошли в общую сводную работу «Атлас палеогеографических карт СССР», который был издан под редакцией академика А.П. Виноградова.

Сознавая огромную роль магматизма в рудогенезе, К.И. Сатпаев одобрил организацию в Институте сектора петрологии (К.Н. Ержанов, В.К. Мониц, Т.Ч. Чолпанкулов, П.Н. Гогель, Т.А. Румянцева, В.Д. Гукова, А.Н. Нурлыбаев, Е.К. Зворыгина, Р.В. Путалова, позже В.С. Горяева, В.И. Старов, А.Т. Бекботаев, Л.С. Калининченко, А.Г. Панченко, К.А. Абдрахманов и др.), обеспечивавшего геологическую службу корреляционными схемами магматических комплексов Казахстана, которые основывались на детальном изучении и описании плутоно типов и стратипов вулканогенных комплексов всего Казахстана. До настоящего времени для Центрального Казахстана в качестве типовых плутонов соответствующих комплексов остались: Узунжальский, Кызылэспинский, Акжальский, Токрауский, Топарский, Калдырминский, Акшатауский, Кызылрайский, рекомендованные комендованные В.К. Моницем в соавторстве с Г.И. Бедровым и В.Ф. Беспаловым.[1:2]

Для познания закономерностей магматизма громадное значение имеет изучение эффузивных толщ. Значительный вклад в эту область геологической науки внес Н.Г. Сергиев. В 1948 г. он дал первую сводку по геологии, петрографии и петрохимии палеозойских эффузивных толщ Центрального Казахстана. Она послужила толчком для дальнейшего развития еще одного направления в разделе региональной геологии - палеовулканологии. Вслед за Н.Г. Сергиевым это направление развивалось Е.Е. Миллер, Ю.И. Лялиным, Л.Г. Никитиной, С.З. Звонцовым, В.К. Заравняевой и др. В помощь металлогеническим исследованиям при изучении интрузивных комплексов Казахстана (1946-1956 гг.) выявлялись многофазность рудоносных гранито-идных интрузий, механизм их образования, формы массивов, геохимическая и металлогеническая специализация.[1:3]

Самостоятельное значение по данной проблеме имеет разрабатывавшаяся Институтом геологических наук тема «Магматизм Казахстана». Этой темой были изучены гранитоиды и эффузивы Центрального Казахстана. Алтая, Калбы и получен ценный материал для составления карт металлогении и прогнозов.

В рамках этой темы были также произведены общий учет и предварительная оценка всех известных в Казахстане месторождений нефелиновых и лейцитовых пород в качестве объектов для поисков алюминиевых руд: намечены площади для первоочередных поисков и разведки нефелинового сырья в Баянаульском районе Павлодарской области и Есильском Акмолинской области.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Любимое детище К.И. Сатпаева – флагман геологической науки Казахстана – Институт геологических наук» Алматы 2022.
2. Сатпаев К. И. Атбасарское медное дело и его перспективы // Народное хозяйство Казахстана. № 9/10. - Алма-Ата, 1928. – 212-232 с.

3. Результаты работ Казахского филиала Академии Наук СССР в 1941г.» /Отв. ред.: К. И. Сатпаев; Каз. фил. АН СССР. - Алма-Ата, 1942. - 60с.

СОЗДАНИЕ АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

Юсупова Нургуль Бауртаевна

г. Астана, школа-гимназия № 49 имени Қошке Кемеңгерұлы

учитель русского языка и литературы

«Для правильного развития науки в Казахстане необходимо, чтобы в его штате в Академии наук работали люди, полностью преданные своему народу, своей Родине»

К.И. Сатпаев.

К началу XX века ученые Российской империи выборочно исследовали территорию Казахстана и пришли к выводу, что страна богата нефтью, золотом, ураном.

В 1927 г. академик А.Ферсман возглавил экспедицию Академии наук СССР по изучению минеральных ресурсов Республики. Руководство КазССР и СССР понимало: чтобы использовать ценные недра земли, нужно развивать науку.

В 1932 г. была создана казахстанская база Академии наук СССР. Основным направлением развития науки в Казахстане стало изучение земных недр и помощь промышленности в добыче полезных ископаемых. В структуру Академии наук СССР в Казахстане вошли ботанический и зоологический сектор, комиссия экспедиционных исследований, научная библиотека, химическая лаборатория и сейсмическая станция.

С 1935 по 1938 годы по Казахстану открыты богатейшие месторождения железных руд, магнезита, вольфрама и высокоогнеупорного сырья.

В 1938 г. казахстанская база союзной Академии преобразована в КазФАН-Казахский филиал Академии наук СССР. Его председателем стал ученый-геолог, академик А. Архангельский. В штате КазФАН насчитывалось около 100 научных сотрудников, 3 доктора и 14 кандидатов наук[1].

Стоит отметить неопределимый вклад КазФАН во время войны. Уже на 2-ой день войны Академия и ее филиалы перестраивают свою работу для нужд фронта и тыла. К.Сатпаев становится зампредела президиума КазФАН СССР. Казахский филиал организывает 32 экспедиционных отряда. Осенью 1941 года Институт языка составляет и издает русско-казахский словарь и учебник по русскому языку для призывников-казахов.

Благодаря исследовательским качествам К. Сатпаева как геолога, в 1942 году Казахстан произвел 60% молибдена, 1/8 добычи угля, 70% полиметаллов, 35% меди, свыше 80% выплавки свинца.

В этом же году К. Сатпаев по совокупности работ получает степень доктора минералогических наук. В 1943 г. он избирается членом-корреспондентом Академии наук КССР и утверждается в должности председателя президиума КазФАН. В эти годы К. Сатпаев проявляет организаторские способности в науке.

В августе 1944 г. выходит первый номер журнала «Вестник» КазФАН СССР. Научные кадры, эвакуированные в Казахстан, не только занимались исследованиями, но и преподавали в ВУЗах, обучали местных специалистов и готовили ученых. Масштабы научной работы требовали открытия новых учреждений.

07 декабря 1945 г. Совнарком СССР принимает постановление об организации Академии наук Казахской ССР. К тому времени в КазФАН СССР насчитывалось 16 НИИ, 8 секторов, 7 опытных станций, 3 ботанических сада, в которых работало 1400 сотрудников, в т.ч. 57 докторов, 184 кандидата наук[3;2].

Будущий академик К. Сатпаев вдохновлен идеей создания черной металлургии в Казахстане. Марганец Жезды, медь Жезгазгана и Караганды, уголь Киякты, железные руды Найзатаса и другие месторождения-неполный список открытий К. Сатпаева, как ученого-геолога.

1 июня 1946 г. Постановлением Совета министров КазССР определилось действительное количество академиков и членов-корреспондентов. В числе академиков были К.Сатпаев, М.Ауэзов, И. Горяев, Б. Бектуров, А. Жубанов, Н. Павлов. Также утверждены 16 членов-корреспондентов. Президентом Академии наук Казахской ССР становится К.И. Сатпаев. В том же году он избирается академиком Академии наук СССР.

Перед учеными стояло много задач-поднимать науку после войны, внедрять в производство новые технологии, развивать активные направления науки. Ведь потенциал Республики был большой. Стал вопрос о новом здании. Через 5 лет, в 1951 году происходит закладка первого камня в фундамент величественного храма науки в Алматы. Строится оно по проекту архитектора А.В. Щусева, автора мавзолея Ленина, здания КГБ на Лубянке и Казанского вокзала в Москве[стр.4.3]. К строительству Академии наук привлекали японских военнопленных, которые после 2-ой мировой войны были этапированы в Казахстан. Это здание стало уникальным в СССР. В 1957 году было сдано в эксплуатацию. Здание Академии наук является памятником истории и культуры и охраняется государством с 26 января 1982 г. постановлением Совета министров КазССР.

Заложенный К. Сатпаевым фундамент казахстанской науки значительно укрепился во 2-ой половине XX века. Перед страной стояли важные задачи по росту промышленного производства, развитию сельского хозяйства, улучшению благосостояния народа. Большая роль в этом отводилась фундаментальной науке, достижения которой необходимо было внедрять в практику и ставить на службу обществу [4].

В этот период научную активную деятельность ведут казахстанские ученые, как энергетик Ш.Ч. Чокин, историк А.Х. Маргулан, механик А. Ж. Машанов, химик Б.А. Беримжанов, филолог М.К. Каратаев и другие, заложившие фундамент большой науки Казахстана. Свои открытия совершают гидрогеограф У.М. Ахметсафин, химик Д.В. Сокольский, писатель Г.М. Мусрепов, металлург П.И. Полухин.

В начале 50-х гг. в истории Академии происходят драматические события. Сталинская машина репрессий добралась до науки. Начинаются проверки в Академии. Историков и филологов обвиняют в буржуазном национализме, а самого К. Сатпаева - в опеке националистов, связи с партией «Алаш Орда» и снимают с должности президента Академии наук. Гонениям подвергаются академик М. Ауэзов, А. Жубанов, арестован историк Е. Бекмаханов. К. Сатпаев был освобожден от должности. Благодаря поддержке Академии наук СССР К. Сатпаев сохраняет должность директора Института геологических наук, где сосредотачивается на составлении металлогенических прогнозных карт полезных ископаемых Республики. Прогнозные карты давали полную информацию, где искать, где бурить, что можно найти. Казахстанская металлогеническая прогнозная карта получила Ленинскую премию и по сей день активная в использовании.

Под руководством К. Сатпаева казахстанские ученые приняли участие в изучении и освоении крупных месторождений нефти и газа на территории Западного Казахстана. Благодаря ученым Казахстана удалось построить водоканал Иртыш–Караганда[4;2]. К концу 50-х годов XX века в структуре Академии наук КазССР действовало 50 научно-исследовательских учреждений.

Грандиозные проекты, открытия К.И. Сатпаева до сих пор влияют на экономическое состояние и развитие нашей страны и являются достоянием народа Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Казахстан тарихы «История Национальной академии наук», <https://e-history.kz/ru/news/show/3914>
2. История Казахстана, 11 класс, 11 класс История Казахстана 2 часть 13 тема – Атамұра (atamuraweb.kz)
3. Сайт «Информбюро» «Как открывали Академию наук Казахстана и что роднит её с мавзолеем Ленина», <https://informburo.kz/stati/kak-otkryvali-akademiyu-nauk-kazahstana-i-chno-rodnit-eyo-s-mavzoleem-lenina.html?ysclid=lsebibqabe385990036>
4. Роль Академии наук Казахской ССР в становлении и развитии научных кадров в Казахстане с 1946-1991гг. <https://multiurok.ru/index.php/files/rol-akadiemii-nauk-kazakhskoi-ssr-v-stanovlienii-i.html?ysclid=lsvck0er7f254138267>

ЖЕЗҚАЗҒАН ҮШІН КҮРЕС

Толеуова Ляззат Саятовна

*Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицейінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі*

1935 жылдың соңы болды, Жезқазған мыс,кен орынын барлауға қажет қаржы жайлы еш қаулы, еш шешім шықпады. Бұл мәселеге алаңдаған Қаныш Имантайұлы елге қайтпай, Мәскеуде қалып қойды. Бұл жақта қалып мәселені бір жақты етпесе, келесі жылға қалып қояры сөзсіз. Бұл кездері Серго жолдасқа (Григорий Константиновичке) кіру екінің бірінің қолынан келетін іс емес еді. Серго жолдас барлық Кеңес одағының сантүрлі өнеркәсібінің түп тамырын ұстап,тікелей басқарып жүрген бірегей басшы. Талап ете білетін,тәртіпті сүйетін азамат болғандықтан «Темір нарком» аталған мемлекет қайраткері, саяси бюро мүшесі. Денсаулық жағдайына байланысты жұмысқа түскі он екілер шамасында келіп, күндізгі уақытта нарком жұмыстарымен, өндірістік кеңселердің, саяси бюроның жұмыстарымен отыратын,ал кешке жеке кездесулерді қабылдайтын. Сонымен Серго жолдас тікелей Қазақстаннан келіп, жеке жолығуды сұраған геолог Қаныш Сәтбаевті жылдың соңғы күніне, кешкі сағат 8 ге қабылдайтын болып шешті.

Бұл кездесуге мұқият әзірленген Қаныш Имантайұлы қонақұйден әдеттегіден ерте шықты. Олай істесе де, бойында қобалжу бар.Сегіз жылдан бері ізденіп, сергелдеңге түсіп,бар жан тәнімен беріле істеп, дегенінен қайтпаған жұмысының нәтижесінің жемісті болғанын қалайды. Таң атқалы бері көңілі тыныш таппай, алабұртып,тіпті уақыт өтпей жатқандай көрінді.

Серго жолдаспен қауышатын уақыт та жетті. Наркомның үстіңгі қабаттағы қабылдау бөлмесіне Қаныш жүрексіне кірді. Кіре берісте орта жастағы дембелше киінген ер адам ізетпен қарсы алды. Қобалжыған Қаныш Наркомға айтатын арызын іштей қайталап келеді. Тәрде кеңсе столы,оның алды артында бірнеше телефон аппараттары тұр,терезе жақта тағы ұзын стол,жағалай орындықтары тұр. Қатулы қабағымен Серго жолдас геологтықарсы алады. Серго жолдас өзінің қарсы алдында тұрған бұйра пашты,қалың қабақ, жүзі келбетті келген қазақтандыққа столын айналып келіп,қолын ұсынды. Наркомның алдында Қаныш Сәтбаевтің «Түсті металдар елі» мақаласы тұр. Бұл мақалада ғалым-геолог Жезқазған жайында тебірене сыр шертеді. Мақаланың әр беті қызылданып, үлкен сұрақ белгілерімен бейнеленіп тұр, бұны көрген геолог сескеніп қалады. Қанша сабырлы болғысы келгенімен қобалжып тұрғандығын білдіріп қояды.

Григорий Константинович геолог Қаныш Сәтбаевпен жақынырақ таныса бастайды. Қайдан келген, қай жерде оқығандығы жайлы толық танысады. 1927 жылдан бері Ұлытау-Жезқазған ауданында барлау жұмысын істеп келе жатқандығын айтады. Демек сегіз жыл бойы Главцветметтің білгіштерімен шайқасып келем де, деп Орджоникидзе орнынан атып тұрып геологтың арызын қолына алады.[1;3]

Қаныш Сәтбаев өз ойын жалтақтамай бастауды жөн көреді. Мамандардың Жезқазғанның кен орнынан гөрі географиялық орынынан, яғни тым шет жақта тұрғандығынан қорқып отырғаны жайлы айтады. Күні ертең күтілген кен орыны шықпай қалса, жауапкершілік өз мойындарында қалатындығынан сескенеді. Ал кен орыны шыныменде шалғайда, шөлді жерде орналасқан. Серго жолдас геологқа бұл кен орынын игеру үшін ондаған жылдар мен миллиондаған қаржының керек екендігін түсіндіруде. Туған жерінің қыр сырын жақсы білетіндігін, осы кен орынын бір кісідей жатқа білетіндігін айтып геолог дәлелдерін көрсетуде. Жезқазған табиғаты ереше жаратылған кен орыны, бұндай орын жер қыртысында сирек кездесетіндігін, оны Американың әйгілі Жоғарғы Көл мыс орынымен салыстыратын болса Жезқазғанның құнары екі есе көп екендігін алға тартады. Жезқазған комбинатының қуаты Балқаштан екі есе асып түсетіндігін айтады. Дәл айту үшін барлау жұмыстарын үдету қажет екендігін, Жезқазғанды тездетіп игеру бүкіл Одақ үшін тиімді екенін айтады. Кен желілерінің қабат қабат болып дестелене орналасуы, бір шахтадан тілеген көлемде қалаған бағытты ала алатындығын, кен қабатына жетіп алып, бір шетінен құлата беруге болады, бұл қаншама үнем. Кейбір жерлерінің жерге жақын орналасқандығынан ашық карьер әдісін қолдануға болатындығын айтады. Бұл кен орыныда шөлді жерде орналасқандықтан ешқандай су бұрғылап, арнаулы техника қажет емес екендегін, жыныс құрамындағы кремний қосылыстарын қазу кезінде ешқандай да өрттің болмайтындығын айтады. Бұған қосымша мыспен бірге қазылатын қорғасын мен мырыш, күміс пен молибден, тағы сол сияқты бағалы металдардың үлкен көлемде, қосымша шығынсыз, бейнетсіз өзі ақ қолға түсетін тегін байлық екендігін айтады. Тек бір кемшілік қиыр шалғайда болғандықтан темір жолсыз қиын екендегін алға тартады.

Наркомның қату жүзі жадырап, көңілді шырайға ауысты. Сүйікті жұмысы жайлы әсерлі әңгімесін айтқан геологты нарком оң қолын жағына сүйеп, креслоға шалқая түсіп рахаттана тыңдайды. Ешқандай қозғалыссыз, сөзін бөлмей тыңдайды.[1]

Қаныш Сәтбаев маңызды факторды қозғайды, яғни бір тонна мыс алу үшін Қоңырат рудасынан Балқашта 110 тонна, Дегтяркада 74 тонна, Бозшакөлде 156 тонна, Алмалықта 130 тонна мыс қорыту керек. Ал Жезқазған кен орынынан небәрі 68 тонна керек. Осы жағдайды басқарма сарапшылары неге ескермейсіздер деп бір күйінді. Америкадағы Жоғарғы Көл, Африкадағы Терістік Родезия мыс кендері талай жылдардан бері қазылып, абырой атағы күллі жұртқа мәлім, сол сияқты біздің Жезқазғанды осы кен орындарымен салыстыру артық емес дейді. Не дейсің? сонда «геологтар да жарнамалаумен айналысады ма?» деп, Григорий Константинович мысқылдап үн қатады. Қаныш үндеген жоқ. Орджоникидзе шындықтың аты шындық екенін түсініп, Сәтбаевтің мәлімдемесін қолына алады.

Жарайды Қаныш Имантаевич, сендірдің мені туған жеріңнің мыс қазынасына, Жезқазған кен орынының тағдыры қаражатпен шешілсе, береміз, табамыз қанша болса да. Бүгін ең бірінші главканың бастықтарын көндірге тырысатындығын, Жезқазған үшін олардан қомақты қарды сұрайтындығын, Орталық Комитетке Үлкен Жезқазғанды жоспарлы түрде салу туралы хат жолданатындығына уәдесін берді де, жылы шыраймен геологты шығарып салады.[2]

1935 жылы Ордоникидзе Орталық Комитет Сталинге хат жолдайды. Хатында Жезқазған мыс кен орынын игеруді жеңілдету шараларын ұйымдастыруды сұрайды. Жезқазған кен орынының орташа мыс құнары барлық барлау категориялары бойынша

дүние жүзіндегі алып мыс кендерінің бірі, Одақтағы ең ірі кен осы екенін жазған. Жезқазған қоры тоғыз жүздей скважиналар мен мыңнан астам барлау жырларына негізделіп есептелген. Кен өндіру мен байыту технологиясы өндірістік сынаудан толық өтілген. Бұл құрылысты 1936 жылы бастап, биылдың өзіне үш миллион сом қаржы босату керек. Жезқазған кен орынының бір қиыншылық тудыратын жағы-сырт өмірмен темір жол байланысының жоқтығы. Сол себепті дайындық жұмысымен қатар, 1935 жылы Успен руднигі-Жезқазған темір жолын салуды бастаған тиімді екенін, бұл жол Қарағанды көмір бассейнін Жезқазғанмен байланыстырады. Темір жолсыз құрылыс бастап, орасан мол мыс көмбесін жедел игеру мүмкін емес екендігін жазады. Темір жолмен бірге есептегенде бұл құрылысқа жалпы соммасы бес жүз миллион сом керек екендігін жазған. Орталық комитетке жолданған наркомның Хатымен бірге Главцветметтің сол кездегі бастығы Шахмурадов пен Балхашстрой тресінің меңгерушісі Ивановтың мәлімдемелерінде Жезқазған қорының кенінің маңызы мен оны пайдалану тиімділіктері геолог Қаныш Сәтбаевтің ұсынған дәлелдерімен келтірілген.[4;1]

Екі жылдан бері қаржыдан қағып, Жезқазған құрылысын ғана емес, барлау жұмыстарын тежеп келген басқарма жетекшісі Қаныш Имантайұлының ұсынысын құптау туралы шешім шығарады. Қаныш Сәтбаевтың еңбегі ақталып, 1935 жылы Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысы басталатындығы, Қарағандыдан Жезқазғанға тартылатын теміржол құрылысын жеделдету туралы шешім шығады. Анығында осы жылдың көктемінде Қатынас жолдары Халық Комиссариатының мамандары Ұлытауға келіп, болат трасса өңірде ізденіс жоба жұмыстарын бастады.[3;1]

Жезқазған сияқты алып кен орынын екінші қайтара ашқан геологтың жанқиярлық ерлігі бүкіл елге мәлім. Айтқанынан қайтпай, тайсал мінезінің арқасында, өзінің ерен еңбек жолында Қаныш Сәтбаев бірталай жетістіктерге жетеді. Жезқазған кен орынын барлауға қаржы бөлініп, темір жол салынады. Қазақстаннан шыққан тұңғыш геологтың орасан зор еңбегі тарих бетінде қалып, келешек ұрпаққа жетуі біздің міндетіміз. Ер есімі ел есінде мәңгі қалуы керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Медеу Сәрсекке ЖЗЛ. Сәтпаев. Мәскеу. Молодая гвардия, 2003 жыл
2. «Қаныш энциклопедиясы», Алматы Қазақ энциклопедиясының редакциясы 2011 жыл
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым
4. Алматы қөшелері. Анықтамалық энциклопедия. ИП Волошин баспасы

ӨЗ САЛАСЫНЫҢ ОЗЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РӨЛІ

Торехан Динара Қанағатқызы

*Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
көркем еңбек пәні мұғалімі*

Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосқан көрнекті ғалым және ғылым қайраткері. Оның есімі ғылым әлеміндегі кемелдік пен кәсібиліктің символына айналды.

1899 жылы дүниеге келген Қаныш Сәтбаев бала кезінен ғылым-білімге құмар болған. Ол геолог-ғалым, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қаныш Имантайұлы өзінің еңбекқорлығының, дарындылығы мен қайталанбас қабілетінің арқасында ғылыми қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізді [1].

Қаныш Сәтбаев металлогения мектебінің негізін салушы, осы саладағы зерттеулерімен танымал. Қазақстан ғылымының дамуына зор ықпал еткен көптеген ғылыми еңбектердің және басылымдардың авторы. Оның күш-жігері мен еңбегінің арқасында көптеген жас ғалымдар ғылыми ізденістерін дамытып, еңбек жолында табысқа жетуге мүмкіндік алды.

Қазақстан ғылымындағы Қаныш Имантайұлының рөлі баға жетпес. Оның еңбегі мен ғылымға деген адалдығы еліміздің ғылыми әлеуетін дамытуға елеулі үлес қосып, көптеген ғалымдарды алдағы жетістіктерге шабыттандырды. Ол – Қазақстан ғылымының тарихында еңбектері мен жетістіктері мәңгілік қалатын өз ісінің шеберінің жарқын үлгісі.

Еліміздің ғылым саласындағы ең ұлы ісі –Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы әрі тұңғыш президенті ретіндегі қызметі. Атап айтар болсақ, 1946 жылғы 31 мамырда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1945 жылғы 26 қазандағы қаулысына сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі және Қазақстан КП (б) ОК «Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы» №439 қаулы қабылдады. Яғни, 1946 жылы 1 маусым күні Қазақ КСР Ғылым Академиясы құрылды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болып сайланды [2].

Қазақ жеріндегі Ұлттық Ғылым академиясын құру идеясы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан уақытта пайда болған еді. Көрнекті ғалым соғыстың қиыншылығына мойынсұнбай, мекемені құруға табанды түрде кіріскен еді.

Сол кезде ауқымды еңбек пен жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның болашақ ғылымының негізі, қайнар көзін құру мүмкіндігі, келешекке деген ғылымның кемел есігі ашылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, бұл академия Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы деген атаумен өз жұмысын жалғастырды.

Бұл академия еліміздің экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің дамуына зор мүмкіндіктер ашты. Ғылым орталығы қайта құрылған кезде оның құрамына минералдық ресурстар, физика-математика, биология, медицина және әлеуметтік ғылыми зерттеулер бөлімдері кірді. Сонымен қатар, Ғылым академиясының құрамына ғылыми-зерттеу институттары, секторлар, кітапханалар мен мұражайлар, зертханалар кірді. Бұл мекемеде тек білімді мамандар жұмыс істеді [3].

Т. А. Сәтбаеваның естелігінен:

«...Академияның мерекелік мәжілісі июньнің орта кезінде, Үлкен театрда өтті. Қаныш Имантайұлы маған да шақырту билет әкеп берді және өте жақсы орынға: үшінші ярустың бірінші қатары, президиумға ұрымтал тұрған бүйір балкон. Орныма отыра беріп көршіме қарасам –Михаил Калининевич Коровин, Том технология институтында өзімде

оқытқан профессор, арада өткен жиырма жыл ешқандай өзгертпеген. Изет білдіре амандасып шәкірті екенімді есіне салып едім, профессор бетіме үніле қарады да: «Сіз Тая, әлде Тася? Айыра алмай тұрмын», - деді. Сірә, уақыт көші мені көбірек есейткен, ал Тая деп отырғаны – жан құрбым болатын.

Партерге келе бастаған шетелдіктерді түстеп отырмыз. Көпшілігі алтас жамылғы (тори), түрлі түсті киімдер киген, бастарында төрт қырлы қалпақшалары бар. Михаил Калининевич танитындарын маған көрсетіп қояды. Бір мезетте шашы аппақ қудай кексе әйел ұзын бойлы, ашаң жүзді еркекті қолтықтап келіп, бірінші қатарға жайғасты. Сөйтсем бұл екеуі есімдері дүние жүзіне әйгілі Ирен мен Фредерик Жолио-Кюрилер екен.

Салтанатты мәжіліс басталған соң президиумде отырғандарды түстеуге көштік. Оның екінші қатарынан мен тағы бір ұстазым-Социалистік Еңбек Ері, академик Владимир Дмитриевич Кузнецовты таныдым. Ол кісі физикалық лабораторияда бізбен практика жүргізген-ді. Қасында өзінің шәкірті Қаныш Имантайұлы отыр. Коровин маған оны да көрсетіп: «Анау парасат жүзді қазақ ғалымын танысың ба? Ол да – менің шәкіртім, ұстазынан шәкірті озды деген осы, бұл кісі туралы әлі естисің!» деді бір түрлі мақтаныш сезіммен шаттана сөйлеп. Мен жымыдым да шақыру билетті көрсеттім. Онда менің фамилиям Сәтбаева деп жазылған-ды».

Сол уақытта елімізде тоқырауда болған, артта қалған біраз салалар жанданып, экономикаға түсім әкеліп, халыққа пайдалы болды.

Ал бүгінгі күні Ұлттық Ғылым академиясының жеткен жетістіктері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбегінің айқын дәлелі деп айта аламыз. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы (ҚР ҰҒА) еліміздегі ғылым мен білімнің дамуында шешуші рөл атқарады [4]:

1. Ғылыми зерттеулер: ҚР ҰҒА физика, химия, биология, инженерия, гуманитарлық ғылымдар және т.б. сияқты әртүрлі салаларда кең ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізеді. Оның ғалымдары мен зерттеушілері әлемдік ғылымға елеулі үлес қосып, көптеген ғылыми басылымдардың авторлары болып табылады.

2. Ғылыми-техникалық әзірлемелер: ҚР ҰҒА өнеркәсіп пен ел экономикасының дамуына ықпал ететін жаңа технологияларды, материалдар мен өнертабыстарды әзірлеуде. Оның ғылыми әзірлемелері көбінесе әртүрлі салаларда қолданылады.

3. Білім беру бағдарламалары: ҚР ҰҒА елдегі ғылыми білімді қолдауға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары мен жобаларын ұйымдастыруға белсенді қатысады. Сондай-ақ жастардың ғылымға деген қызығушылығын ояту мақсатында ғылыми конференциялар, симпозиумдар және басқа да шаралар өткізеді.

4. Халықаралық ынтымақтастық: ҚР ҰҒА дүние жүзіндегі халықаралық ғылыми ұйымдармен, ғалымдармен және ғылыми орталықтармен белсенді ынтымақтастықта. Бұл елдер арасындағы тәжірибе алмасуға, білім алмасуға және ғылыми қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

5. Жас ғалымдарды қолдау: ҚР ҰҒА жас ғалымдар мен студенттерге ғылыми зерттеулерге қатысуға, тағылымдамадан өтуге және тағылымдамадан өтуге мүмкіндік бере отырып, оларға қолдау көрсетеді. Бұл елдің ғылыми әлеуетін дамытуға және ғалымдардың жаңа буынын дайындауға ықпал етеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы еліміздегі ғылымды, білім беруді және инновацияны дамытуда, оның ғылыми прогресіне және Қазақстанның әлемдік ғылыми аренадағы орнын нығайтуға үлес қосуда маңызды рөл атқарады. Аталған мекемені құрып, болашаққа жол көрсетіп, бағыт-бағдарын анықтай білген аса білімді, қазақтың біртуар перзенті Қаныш Имантайұлының қазақ даласының дамуына сіңірген еңбегі өте жоғары деп нық сеніммен әрі мақтанышпен айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университетінің ресми сайты: <https://satbayev.university.ru/news/vydayushchayasya-rol-velikogo-uchenogo-v-razvitiikazakhstana>
2. Егемен Қазақстан газеті. 03.03.2023 ж. шығарылым <https://egemen.kz/article/339117-ghylym-akademiya-martebesimen-manhyzu>
- 3.Қарағанды Техникалық университеті музейінің ресми сайты: <https://museum.kstu.kz/kz/SatpaevKI.html>
- 4.Электронды ресурс: https://urfodu.ru/kz/ru/experts/kanysh_imantaevich_satpaev/

ҚАНЫШТЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚАЙТА ОРАЛУЫ

Шоқыбаева Айгүл Еркінбайқызы

*Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
биология пәні мұғалімі*

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған. Қаныш ғылымға қайта келген сонда халық үшін өлшеусіз еңбектер жасады.

1955 жылдың тамыз айында Қазақстан басшылығы ауысқаннан кейін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев толығымен ақталып, ҚазКСР Ғылым академиясын қайтадан басқарды, өмірінің соңына – 1964 жылдың 31 қаңтарына дейін оның үзіліссіз президенті болды.

Минералдық шикізат базасын кеңейту, минералды шикізаттарды кешенді пайдалану, республиканың геологиялық қызметін нығайту мәселелерін көз алдынан таса қылмай Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясын елдің шығысындағы ірі ғылыми орталыққа айналдыру үшін ғылымды дамыту проблемаларына ерекше көңіл бөлді.

Қаныштың көрнекті ұйымдастыру қабілетімен үйлескен қажыр-қайраты өз жемісін берді. 1960 жылдың өзінде «ҚазақКСР Ғылым академиясы кеңестік Қазақстанның 40 жылдығына» мақаласында ол: «1955 жылдан бері Академия кадрлары екі есе, Қазақ ССР Ғылым академиясы өмір сүрген барлық жылдарды қосқандығына қарағанда күрделі құрылысты қаржыландыру 5 есе ұлғайды. Бірқатар жаңа институттар ашылды, соның ішінде ядролық физика, математика және механика, сондай-ақ Қазақстанның көптеген қалаларында Гурьевте, Қарағандыда, Шымкентте тағы басқа институттар мен бөлімшелер ашылды, ҚазКСР Ғылым академиясының қуаты баспаханасы ұйымдастырылды, академияны ғылыми кадрлары нығайды», - деп атап өтті.[1]

1956-1961 жылдары салынып, пайдалануға берілген ғимараттар: Ғылым академиясының бас ғимараты, өлкелік патология, зоология институттарының ғимараты, Геологиялық ғылымдар институтының бір бөлігі, ядролық физика институтының бірқатар нысандары және тағы басқа. Мынадай маңызды бағыттар бойынша зерттеулер ұйымдастырылды: машинамен есептеу математикасы, ядролық спектрометрия, полимерлер химиясы, топырақ эрозиясы, микроэлементтер, радиациялық медицина және тағы басқа.

Қазақстанның ауыр өнеркәсібін дамыту мәселесі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қызметінің бұрынғысынша ең бір басты бағыты болып қала берді. Ол жаңа кен орындарының ашылуына жан-жақты ықпал етеді, руданың өндірістік айналымында құнды легирлеуші компоненттің қосылуын қамтамасыз етеді. Республиканың қара металлургиясының болашағын Қаныш өндірісте легирленген болат пен арнайы

корытпалар өндіруді өрістетуге байланыстырады. «Ванадий өндіруді күрт ұлғайту мен феррованадийді қайта өңдеу-халық шаруашылығының маңызды міндеті, - деп жазды Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Бұл жағдайларда керемет мүмкіндіктерге ие Қазақстан осы іске кешеуілдетпей кірісуі керек». [2]

Орталық Қазақстанның құрғақшылық ауа райын ескере отырып, өндірістік кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Ертіс-Қарағанды каналының құрылысын салу мәселесін шешу үшін орасан зор күш жігерін жұмсайды. «Тек канал ғана дамып келе жатқан Орталық Қазақстанның көп қырлы қуатты ауыр индустриясының суға деген барлық сұранысын толық қамтамасыз ете алады», - деді. [3]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты минералды шикізаттарды толық және кешенді пайдалану, сонымен қатар металлургиялық байыту мен қайта өңдеу кезінде негізгі және қоспа металдарды жоғалтуды қысқарту проблемалары үнемі мазалап отырды.

Қаныш әсіресе Қазақстан ғалымдары зерттеулерінің нәтижелерін өндіріске енгізуге ерекше көңіл бөлді. Өндіріске енгізу проблемасымен Қаныш өмірінің соңғы кезінде өте көп айналысты. Көптеген мақалаларында, баяндамалары мен Орталық комитет хатшылары мен Қазақстан үкіметіне жазған хаттарында Қазақстан ғалымдары үшін мақтаныш сезімін бастан кешсе, ал жоспарлау органдары мен аппарат қызметкерлерінің шабандылығына жаны ауырған Қаныш Имантайұлы ғалымдардың өте бағалы табыстарын санамалап көрсетеді. Металлургия саласында (кенді циклондық еріту), тау кен ісі (жерасты жұмыстарын кешінді механикаландыру), химияда (ерітілген фосфатты алу) және тағы басқа өндіріске енгізу арқылы халық шаруашылығында үлкен кірістер әкелетіндер деп көрсетті.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өмірге енгізу қарқыны әлі төмен жағдайда қалуда, -деп өзінің соңғы мақаласында Қаныш өкінішпен жазады. Осыған қарамастан жоспарлау ұйымдарының есептері көрсеткендей, Қазақстан Ғылым академиясының 12 ірі зерттеулерін өмірге енгізгеннің өзінде жыл сайын 224 млн сом кіріс береді, мұның өзі мемлекеттің академияны қаржыландыруға кеткен бір жылғы шығынынан көп есе артық» [4]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясының шығармашылық күші кемеліне толған кезде дүниеден өтті. Ол Қазақстан ғылымы келешекте бұдан да қуатты өркендеуіне сенетін.

Халқының жанында Қаныш Имантайұлы тек талантты геолог, қазақстандық ғылымның ұйымдастырушысы мен басшысы ретінде ғана емес, сондай-ақ көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қалды. Көп жылдар Қаныш КСРО Жоғарғы Кеңесінің және ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Кеңестер Одағы Төрағасының орынбасары, КОКП XX, XXI және XXII съездерінің делегаты болды.[6]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев көптеген мемлекеттік комитеттер мен комиссияның, қоғамдық ұйымдардың, ғылыми қоғамның мүшесі болды. Кеңес ғалымдарының Бүкілодақтық фашизмге қарсы комитетінің, КСРО Жоғарғы Кеңесі құрамындағы Парламенттік топтың, Азия мен Африка елдері бірлестігінің Кеңестік комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесі Ғылым мен өнертапқыштық саласынан Мемлекеттік сыйлық беру жөніндегі комитеттің, Кеңестер Одағы геологтарының Ұлттық бюро комитеті төрағасының орынбасары, Жоғарғы аттестациялық комиссияның мүшесі, сонымен қатар саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі Бүкілодақтық қоғаммен белсенді қызмет істеді. Қаныш Имантайұлы Қазақстанда болып жатқан барлық қоғамдық жұмыстардың белсенді мүшесі болды.

Қаныш Имантайұлының халқының игілігі үшін жасаған қызметі Үкімет тарапынан жоғары бағаланды. Сәтбаев Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты, төрт мәрте Ленин орденімен, Ұлы Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталды.[5]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еңбегінің Қазақстан халқы алдында бағалануы - 1999 жылғы сәуір айында оның 100 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО-ның бүкілдүниежүзілік ұйымдары атаулы күндерінің қатарында мереке болып салтанатпен атап өтілуі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қ.И.Сәтбаев. Еңбектер жинағы. Алматы, 2000. 7-т
2. КСРО ҒА-ның Хабарлары.1963. №12. 26-31 бб.
3. Кеңестік Қазақстан ғылымы. 1920-1960. Алматы, 1960. 26-42 бб
4. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
5. Сәтбаев Қ.И.Таңдамалы мақалалар. – Алматы: ҚазССР ғылымы, 1989. – 84-85 бб.
6. Академик Қ.И. Сәтбаев: көрнекті ғалымды еске алуға арналған жинақ /Қазақ КСР А.С. – Алматы, 1965. – 76 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨНЕР САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Абилкасимова Куляш Нурахметовна

*Астана қаласы Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Есімі елге белгілі ғалым, геолог, қазақтың біртуар ұлы, мақтанышы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғалымдықтан бөлек өнер саласына да қосқан үлесі зор. Қазақтың музыкасы мен театры саласын зерттеуші ғалымдар үшін Қ.И. Сәтбаевтың «Қазақ тілі» газетінің 1916 жылғы санында жарияланған «Томдағы ұлттар кеші», «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы санына шыққан «Қазақстанның ұлт театры туралы», 1944 жылы «Казахстанская правда» газетіне шыққан «Қазақстан туралы кинофильмдерді күтеміз» және т.б. осы тектес музыка, өнер саласына арнаған мақалаларының ғылым тұрғысынан құндылығы ерекше.

Қаныштың өнерге жақындығы бала жасынан байқалады. Оқушы кезінде түрлі сауық кештерінде өнер көрсетіп, көптің көңілінен шыққан. Бірнеше аспапта ойнай білген. Бұл туралы Қаныш ғұмырбаянын зерттеуші-ғалым Медеу Сәрсеке «Қаныш Сәтбаев» деп аталатын еңбегінде былай деп жазады: «Әбікей – гармоньда ойнаса, Әбдікәрім (Кәрім) – скрипканың дүлдүлі, Бөкеш – домбыраға жүйрік, ал Қаныш – мандолина мен гитарды бірдей тартады... Ағайындылардың сауық-сайраны, әдетте, түннің бір уағына дейін созылады: ән-әуенге қоса қаладан көрген-білген жаңалықтарын майын тамызып әңгіме шертеді; дауыстап өлең оқиды; ауыл өмірінің көлеңкелі жақтарын әжуалайтын сықақтарды ойнап, жиналған жұртты күлкіге қарық қылады...»[1, 76].

Қазақтың тұңғыш ұлт театрының шымылдығы 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында түрілді. Қазақ даласына алғаш рет театр өнері ресми түрде (сахналық) қадам басты. Арада бір жыл өткеннен кейін осы театрдың бір жылдығы кең көлемде аталып өтілді. Бұл туралы Қ.И. Сәтбаев «Еңбекші қазақ» газетіне «Қазақстанның ұлт театры туралы» деген көлемді мақала жазды. Бұл жердегі «Еңбекші қазақ» газеті деп отырғанымыз қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті. Қаныш байыппен талдау жасай отырып қазақ музыкасы туралы былай деп қорытынды шығарған: «Қазақ елінің неше алуан және өте бай халық әні бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімдерін бейнелейтін көп күйлер, музыкалар шығарған» деген. Осы тұста бір айта

кететін жәйт, бұл мақала қазақ музыкасы туралы теориялық ең алғашқы әрі өнімді де, көлемді түрде жазылған мақала. Сол себепті ешқашан құндылығын жоймайды.

Қаныш жастайынан ән де салып, би де билеген. Сонымен қатар еліміздің сан ғасырдан бері келе жатқан музыка өнерін де жинақтаған. Қаныш қазақ музыкасының жауһар туындыларын жинақтап барлығы 25 әнді А.В. Затаевичке орындап берген. Аса қағілез Затаевич барлығын қағазға түсіріп, «Қазақтың 500 әні мен күйі», «Қазақ халқының 1000 әні» атты іргелі еңбектерінде жарыққа шығарған. Осылайша қазақ музыкасының кейінгі ұрпаққа да жетуіне зор үлес қосқан. А.В.Затаевичтың бұл туралы былай деп жазып қалдырған: «1926 жылы менің Семей облысы және Қарқаралыға барған сапарымның нәтижесінде 280-ге жуық халық әні жиналды, олар Мәскеуде әйгілі әнші Әміре Қашаубаев пен әнқұмар да білгір Қаныш Сәтбаев және басқаларының айтуы бойынша жинаған бірнеше ондаған жазбаларынмен бірге қосылып, кітаптың Семей бөліміне енгізілді» [2, 21]. Кітапта Қаныш Сәтбаевтан жазып алған әндердің тұсына Қаныш туралы қысқаша ғана «Томск институтынан білім алған жас қазақ инжерері, Баянауыл әндерін орындап қана қоймай, орысша тәржімасын да қоса берді» деп қысқа әрі құнды ақпар берген. Қаныштың тек ән өнеріне ғана емес, биге де шебер болғаны туралы да дерек бар. Бұл туралы «Музыка тыңдағанды ұнатқан. Биді қадірлейтін. Қаныш Сәтбаев полька, мазурка, вальс билерін билеуге қызыққан», [3] –деп Әлкей Марғұлан тағы бір қырын аша түскен.

Қаныштың өнерге жақындығы туралы Қаныштан сегіз жас кіші Төкен Оразов «Қаныштың жастық шағы» деп аталатын естелік кітабында да жазған. Қаныштың мектеп табалдырығында оқып жүрген кезі туралы және Балабек деген әнші әрі күйші жігіттің өнеріне тәнті болып, ел алдында оған құрмет көрсеткенін жазады. Балабектің ән салып болғаннан кейін Қаныштың өнер көрсеткені туралы былай деп жазады: «Бұдан кейін домбыраны қолына алып Қаныш та ән салды. Ән құмар қала халқы әнге тоятпағандай, көңілдері шалқып, бірінен кейін бірі ән салып, кеш қараңғылығына шейін шырқай түсті» [4, 18].

Қаныш 1914-1918 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүрген уақытында да өнерден құр алақан болмады. Түрлі әдеби сауық кештер өткізіп, Қаныш барлығына ат салысып жүрген. Мысалы 1915 жылы 13 ақпанда Семей қалалық клубында өткен кеште Қаныш мандолина, балалайкада ойнап, жұртты сүйсіндірген. Бұнымен қоса Абайдың Крыловтан аударған «Бұлбұл мен есек» деген өлеңін де жатқа айтып берген. Нәзипа Құлжанова, Тұрар Қозыбағарова, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды арыстармен бірге өнер көрсетіп, көптің көңілінен шыққан.

Қаныштың музыка саласына қосқан зор үлесін Томск қаласында геология саласы бойынша білім алып жүрген кезінен де көрсек болады. Томск қаласы қазақша да Томбы деп аталған. Қаныш студент боп жүрген шағында университет жанынан Күншығыс елдерінің мәдениеті мен әдебиеті, өнерін зерттейтін ғылыми үйірме ашқан. Бұған Томбы қаласында оқитын студенттер қатынасып тұрған. Осы үйірмеде якут, бурят, хакас, тұңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы, мызқасы туралы зерттеулер жүргізіліп, Қаныштың өзі түркітілдес халықтардың студенттеріне қазақ әдебиеті, этнографиясы, музыкасы туралы бірнеше рет баяндама жасаған. Қаныштың бастамасы әрі ұйымдастыруымен үйірме атынан бірнеше рет сауық кештері өткізіліп, сахнада түркітілдес әр халықтың әндері мен күйлері орындалып, өнерлері көрсетілген. Қаныш та қазақ халқының әнін орындап, сырта да өнерімізді насихаттаған. Қаныш Сәтбаев осындай кештердің бірі туралы 1926 жылы «Қазақ тілі» газетінің 26 мамырдағы санында «Том қаласындағы ұлттар кеші» деген мақала жариялаған. Кеш 1926 жылдың 10 сәуір күні өткізілген. Бұл кез Қаныштың институттың соңғы курсына оқып жүрген шағы. Мақалада сауық кеште көрсетілген қазақтың салт-дәстүр, ән-күй, олардың ерекшеліктері туралы айтылған. Атап айтсақ, «Шашу», «Беташар», «Отқа май құю» секілді дәстүр мен

ырымдардың көрсетілгені және қазақ әндерінен «Екі жирен», «Бір күн көшіп дүние» (айтушы Ғалымтай Сәтпайұлы), «Қара торғай», «Еркем» (айтушы Омар Толбайұлы) әндері айтылғанын жазады.

Қаныш Имантайұлы ғалым, академик, мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес үлкен өнертанушы ғалым да бола білді. Геология саласында жүрсе де жан-жақтылығын көрсетіп, қазақ өнерінің дамуына зор үлес қосты. Белгілі қоғам қайраткері Илияс Омаровтың сөзімен айтар болсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне танымал болды».

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев. Роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2008. – 648 бет.
2. Қаныш Сәтбаев. «Аңыз адам» журналы № 13(19) шілде 2012 жыл.
3. Құмырзақұлы А. Қазақтың Қанышы жайлы 15 қызықты дерек. «Қазақстан тарихы» порталы, 31 Қаңтар 2017 жыл.
4. Оразов Т. Қаныштың жастық шағы. «Жазушы» баспасы, – Алматы, 1971. – 56 бет.

«ТОТ ШАЛДЫРМАС ТАЛАНТТЫ ҒАЛЫМ – ҚАНЫШ»

*Жандыбаева Гулнар Жолдыбаевна
Астана қаласы №49 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші*

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының зиялы ұлдарының қоғамдық қалыптастыру сырының ең басты мақсаты: ұлт тағдырын терең ойлап, мүдделес болудан туды. Әлихан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып, Халелдің тағдырлары санқилы бұрылыстар мен кереғар арналарға тап болса да, олар нағыз «елім деп еңіреп туған» айтарлық арыстар екені тарихтан аян. Қаныш Имантайұлы өз дәуіріндегі озық ойлы, әрекетшіл қимылы бар азаматтармен қайда жүрсе де үндес болған. Алдыңғы буын ағалардың өміріне, істеріне қанық болып, солардың тиянақты өкілі бола білді. Қ. Сәтбаев пен М. Әуезов бірге оқыса, Мағжанның өлеңдерін жатқа айтса, алғашқы құрастырған «Алгебра оқулығына» септігін тигізіп, жөндеген Ахмет Байтұрсынов екен.[1]

Тарихта Қаныш ағамыз – Қазан төңкерісі жеңгенде 18 жастағы жігіт ақ патшаның қысымын, бодандық тәртіпті де көрген тұлға. Қаныш 1921 жылғы аштықты көрді, ал 1931 жылғы елге келген зобалаң кезінде Ұлытау өлкесінде геолог болып жүріп Қарсақбай, Жезқазған маңайындағы елдерді аштықтан сақтап қалуға бар мүмкіндігін пайдаланған. Ол «Ер Едігенің», «Қарсақбай өңірінің күйі», Қарсақбай өңірінің болашағы» деген еңбектерін 1927 жылы оқуды бітіріп келгеніне бір жыл толмай жатып, елдің өмірін өз көзімен көріп жүріп, әлеуметтік зерттеу жүргізіп жүріп жазған екен. Ғалымның алдында елдің кешкен өмірі мен мүшкіл халі тұрды. Ел байлығын тез ашып, игеруге бел сыбана кірісіп, халықтың тығырықтан шығу жолдарын тереңнен ойласа керек.

Қаныш Сәтбаевтың алдында өзі дәріс алған ұстаздары да тұрды, олардың орыс ғылымын дүниежүзілік дәрежеге көтеруін көре тұра соларға ұқсап-бағуға тырысты, қазақ ғылымын сондай деңгейге көтеремін деп дамыл таппаған сияқты. Жаңашыл әрі әрекетшіл Қ. Сәтбаев өзін үнемі жорықтағы жолбарыстай сезініп, тыңнан жол салып, шыңға жетуге тырысқан адам деп айта аламыз.

Геология саласының ерекше ғұламасы Қаныш Имантайұлының математика, жаратылыстану, химия, т.б ғылымдарды меңгеруін өзі маманданған саласы деп қарасақ, жас шағындағы «Ер Едіге» дастанына, «Обаған» әңгімесіне жасаған талдауы әдебиеттің,

соның ішінде ауыз әдебиетін де жетік білетіндігі көрінеді. Студент кезінде Шоқан Уалихановтың еңбектерінен «Ер Едігені» кездестіріп, қазақ тіліне қайта аударғанда: «Мелиоранскийдің бастырған «Ер Едігесінің» аты қазақша болса да, заты ноғайшаға жуықтаңқыраған түрі бар. Мұның үстіне әңгіме ішінде келетін түрлі толғаулардың да аяқ алысы тасырқаған малдың тұяғынша, сандыраққа айналыңқырағаны көрінеді», - дейді. [2]

Бұдан байқағанымыз, Қаныш ағамыздың қабілеті осындай дәрежеге жетпесе, қолына алмас еді, күші мен білімі кәміл жететін болған соң, батыл кірісіп ақты анықтап отырғаны көрінеді. Көне дастанды қайта жөндеп, дұрыстып қазақшаға аударып 1927 жылы кітап етіп Мәскеуде бастыруы – ұлтының жыртысын жыртыған, қыран мінез намысқойлығы дер едік. Бұл жерде Қаныш Едігенің қадір-қасиетін ашып, елдің тарихына оқырманды үңілтеді. «Қазақ ерінің әуелгісі де, ақырғысы да – Едіге» - деп елінің батырын әлпештеген сырын ашады.[3]

Қаныштың едігешіл мінезі, жеке басына біткен даралық, даналық, қайраттылық өзара ұштасып жатқанын көреміз. Сан қырлы ғалым осындай қасиеттерімен заңғар биікке жол тартып, өз тағдырын халықтың тағдырымен ұластырған. Қазақтың Ғылым академиясының атасы, қоғам қайраткері, тамаша тарихшы, этнограф, әлеумет зерттеушісі де бола білді. Адамға тән өнердің бәрі Қаныш ағамыздың бойында болған екен. Домбыра тартып, ән салып, күйге елтіп, билеуден де кем болмаған екен. «Қаныштың бір ерекшелігі - ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе білді», - деп М.Әуезовтің айтуынан ғалымға біткен сансыз қырдың жарқылын көреміз. [4]

Затаевичке халық әндері мен халық сазгерлерінің жиырмадан астам әндерін жаздырып, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырғанын еліміз біледі. Қазақтың әні қашанда ауыздан-ауызға жетіп, орындалғаны бізге белгілі. Ал Қаныш ағамыз заман, уақыт кеңістігінде ұмытылып кетуі әбден мүмкін мұраны сақтап қалуды сол кезде ойласа керек. Сонымен бірге Қаныш ағамыздың бала жасынан домбыраны өзге тетелестерінен бұрын игергенін атақты жерлесі Әлкей Марғұлан да жазған дерек бар. Оның әсем сазға деген құштарлығы анасының ақ сүтімен дарыған табиғи қасиет. Әлкей Марғұлан: «Әншілікпен кетсе, қазақтың Шаляпині болары сөзсіз еді», - деген. Қаныш ағамыздың қазақтың әндерін Затаевичке нотаға түсіртуі - халықтың рухани байлығына деген жанашырлығы мен қамқорлығы деп түсінеміз.

Қай халық болса да өз ортасынан ғалым өсірген дәрежеге жеткенде, төбесі көкке сәл жетпей, қуаныштан жүрегі жарылардай күй кешеді. Қазақ елі өзінің елдігін қадірлейтін азаматын атай алады. Ақын Абай, Жамбыл, ел қамқоры - атақты батырларымыз, оқымысты, зерттеуші - Шоқан, білім-тәрбие иесі - Ыбырайды атап, әр саладағы жетістігімен танылып отыр. Кешегі көшпелі ауылдың баласы, қараңғы ата-ана қасында, мал соңында, бақташы ортасында туып өскен Қаныш Имантайұлы ғалым атанды. Сарыарқаның сахарасын көшпелі халық жайлаған түкпір жерде әлем білмеген байлық бар деп кім ойлаған? 2400 жыл бұрын грек тарихшысы Геродот: «Арал теңізінің алқабында сақ, массагет деген елдер бар. Қола мен жездің молдығы соларда», - десе; XIII ғасырда өткен бір кезбе: «Мұнда байлық жатыр», - депті. Сол жерді мекен еткен ата-абамамыз жер атын Жезқазған қойыпты. 1926 жылы Жезқазғанда қызу жұмыс басталыпты. Сарыарқаның өз баласы, жүзі келбетті, жарқыраған көркі бар, білім-сана нұры бар, 27 жасқа жеткен жас жігіт тобымен келіп жұмысқа кірісіпті. Солайша қойнауындағы кенімен шетелге танылыпты. Сол өлкеден көмірді, қалың қатпар қорғасын мен күмісті, зауытқа қор болатын қара темір мен марганецті, үй, дүкен салар тасты, топырақты ашты. Алтын мен молибден де бұғып қалған жоқ.

Зор білімділігі нәтижесінде бар ғылым саласының дамуына ықпал жасады. Қаныш Имантайұлының басшылығымен, ой-пікірімен биология ғылымының басты салалары

құрылды, зерттеу жұмыстарының бағыттары белгіленді. Топырақ зерттеу, ботаника, зоология, физиология институты ұйымдастырылды. Жетекшілігімен ғылыми кадрлар шыңдалып шықты. Кең байтақ республикамыздың топырақ-географиялық жағдайларын, өсімдік байлықтарын, жануарлар дүниесін зерттеудің инициаторы болды. Республикамыздың барлық облыстарының топырақ картасын жасап, көп томдық «Қазақ флорасы» басылымын шығарумен, оны суреттеп жазумен аяқтады.

Және де медицинаның ғылыми негіздерін дамытуға ықпал жасады. Оның жәрдемімен эксперименттік хирургия институты мен өлкелік патология институты қазіргі кезде жетекші роль атқарып жатыр.

Қаныш атамның басшылығымен ауылшаруашылығын өркендетуде ролі зор. Қаныштың басшылығымен малды әр тіннен будандастыру жөнінде жұмыс та басталған. Қазаққа осындай тағдыр жазып, тұңғыш кен инженер-геологі жарқ етіп келді. Түпкі негізіндегі мамандығы барлаушы, кен іздеуші болғандықтан, сол білімін жер қазынасын ашып, ел байлығына айналдырудан басқа арманы болған жоқ. Түсінген адамға ғалымның өресі аздан бастап молға жету, шоқыдан бастап, биік шыңға жету екенін көрдік. Мұхтар Әуезов әлемді қаламымен жаулап алса, Қаныш Сәтбаев атамның ғалымдылығымен жеңіп алды дейміз.

Қола дәуірінен өтіп, темір дәуіріне жетіп, атомды ерттеп мінгеніміз де осы осы жер байлығына байланысты. Кезіндегі атомдық күштің күш қорегі - уранға біздің ел өте бай. Атырау мен Маңғыстаудағы мұнай қорының көзін ашу жолында да Қаныш Имантайұлының еңбегі бар. Абай бабамыздың афоризмдерінде «Адам баласын заман өсіреді» дегендей, Қаныш Сәтбаев өз заманының озық өкілі. Қаныш «План, план - дей бермейік. Жер байлығын ысырапсыз, жан-жақты пайдаланайық», - деп ұран тастауы да, қолда барды талатпайық дегені екен. Біздің жер асты қазынасымен бай. Ол қазына қазақ елінің болашақ ұрпағы үшін азық екенін алдын ала айтып кеткенін түсінеміз.[5]

Қаныш Сәтбаев Имантайұлының ерен еңбегі елеусіз қалмады. Бұл кісіге Жоңғар Алатау жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі, «Академик Қ.И.Сәтбаев бейнесі» сиренінің сорты, кіші планеталардың бірі аталған. Ғұлама-ғалымның есімімен аталған қаншама білім-ғылым оқу орындары, көше, мектеп, қала атаулары бар.

Қорытындылай келе, «... Өзі геолог, бірақ-та басқа білім тарапынан хабары мол дарынды ғалым екен...» - деп айтқан атақты ғалымдардың сөзімен аяқтаймын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия Алматы, 2004 ж 6 том, 540-бет
2. № 10 (2588) «Қазақ әдебиеті» газеті 5 наурыз 1999 ж. 5-бет
3. № 10 (2588) «Қазақ әдебиеті» газеті 5 наурыз 1999 ж. 5-бет
4. «Қостанай таңы» газеті 1999ж.
5. Абай 37 қарасөзі

ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНДАҒЫ ҰЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ

*Мальгерьянова Жулдыз Карашовна
Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы
№ 1 жалпы білім беретін мектебі КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақтың қамын ойлап, өз өмірлерін еліне, халқына арнаған абзал жандар яғни аңыз адамдар бұл күнде тарихтың төрінен орын алғанын баршамыз білеміз. Тарих сахнасында қазақ халқының басынан талай дүрбелең жылдармен қиын-қыстау кезеңдер өтсе де рухтары шағылмай, алға қарай беттей түскен. Сәтбаев сынды ұлы тұлға және оның құндылықтар әлемі мен дүниетанымы туралы бір нәрсе жазу – ерен биік шыңның етегінде тұрып оның алыптығы туралы болжам айтқанмен бірдей іс.

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 19-20 ғасырлар тоғысында Омбы, Семей, Павлодар жолының тоғысы болған Павлодар болысының Айрық ауылында дүниеге келген. 1926 жылы институтты бітіріп, тау-кен инженері біліктілігін алған Қаныш Сәтбаев Атбасар түсті металдар тресіне геология бөлімінің бастығы, бір жылдан кейін (1927 ж.) қызметке жіберілді. Осы тресттің басқарма мүшесі болып сайланды. Атбасар тресі Қарсақпай ауылындағы мыс кені мен аяқталмаған мыс балқыту зауытын басқарды. Зауыттың құрылысы осыдан он жыл бұрын, ағылшындар Қарсақпай шығанағынан аумақты концессияға алып, мыс іздей бастағанда басталған. Олар балқыту цехын салып, жартылай құрал-жабдықтарды орнатты, бірақ мыс көп таба алмады. Ақпан революциясының басталуымен британдықтар зауытты тастап кетті, Кеңес үкіметі кейіннен оны аяқтауға шешім қабылдады. Қаныш Сәтбаев тресттің бас геологы ретінде сол жерді аралап, құрылыс жұмыстарының барысын білуге барды. Кен орнына тартылған мамандар мен зауыт басшылығы өңірдегі мыс өндіру саласының даму болашағына қатты күмәнмен қарады. Оның қоры алдағы 10-15 жылға жетеді, артық емес деп сенді. Алайда, Қаныш Имантайұлы аумақты аралап шыққан соң олармен келіспеді. Оның пайымдауынша, Жезқазған аймағында бұрын-соңды ашылмаған мыстың орасан зор қоры бар. Сәтбаев ауданда металдың бар-жоғын зерттей бастады. Геолком басшылығы мен Жезқазған аймағын жақсы білетін сарапшылар Қаныш Имантайұлының идеясы сәтсіздікке ұшырайды деп есептеді. Алайда 1933 жылдың басында Геолком Жезқазғандағы барлау жұмыстарын қаржыландыруды күрт қысқарту туралы шешім қабылдады. Кадрларды сақтап қалу және жұмысын жалғастыру үшін Қаныш Имантайұлы қосымша қаржы көздерін іздеуге мәжбүр болды. Ол «Золоторазведка» және «Лакокрассырьё» трестерімен өздеріне қажетті пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау туралы келісім жасады. Дегенмен, қолда бар қаражат ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге де, ұлғайтуға да жеткіліксіз болды. Сәтбаев досы М.А.Усовпен, профессор В.А.Ванюковтан көмек сұрады. Олардың көмегімен Қаныш Сәтбаев КСРО Ғылым академиясында сөз сөйлеп, Жезқазғанның мыс кенінің қорына қатысты тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдей алды. Академияның 1934 жылғы үшінші сессиясының қаулысында үшінші бесжылдықта Жезқазған қаласында мыс қорыту зауытын салу қажеттігі айтылды. Сессияда Сәтбаевтың Жезқазған – Қарағанды – Балқаш теміржол желісін салу туралы ұсынысы да қолдау тапты. Сонда Қаныш Имантайұлы Ауыр өнеркәсіп халық комиссары Г.К.Орджоникидзеге өз ұсыныстарын негіздеді. Осыдан кейін облыста ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстары басталды. Кейіннен белгілі болғандай, Жезқазған мыс кені сол кезде болжамды қоры бойынша әлемдегі ең ірі кен орны болып табылады. 1940 жылға қарай Жезқазған қаласында Досмурзин су қоймасы және Жезқазған, Қарағанды және Балқашты байланыстыратын темір жол салынды. [3, 51 б.]

1941 жылдың күзінде Сәтбаев КСРО ҒА Қазақ филиалы төрағасының орынбасары, ал бір жылдан кейін Президиум төрағасы болып тағайындалды. Соғыс жылдарында Сәтбаевтың басшылығымен республика геологтары шешкен маңызды мәселелердің қатарында майданды металмен, көмірмен, мұнаймен үздіксіз қамтамасыз ету болды. Бұл жерде Қазақстанның майданға көрсеткен көмегінің маңызы мен Сәтбаевтың рөлі, әрине, орасан зор болды. Түсінікті мақтанышпен ол бірнеше рет: «Фашист басқыншыларын талқандаған он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылған», - деді. Сәтбаев орнынан тұрып, майданға қажетті ферромарганец рудасының Жезді қаласында жеткілікті мөлшерде бар екенін жеткізген кезде, залда үнсіз отырған қайта жиналған мамандардың танданысын елестетіп көріңізші. Жезқазған станциясынан 45 шақырым. Осы уақытқа дейін белгісіз кен орнының кен үлгілерін қысқаша тексергеннен кейін тәулік бойы бір минут та тоқтамайтын кен өндіруге дайындық басталды. Құрылыс алаңдарында мыңдаған адам жұмыс істеді, әртүрлі техникалар шоғырланды. Шиеленіс күн сайын күшейе түсті. Мемлекеттік қорғаныс комитеті жауынгерлік қимылдардың майданынан шыққандай, Жезді құрылысшыларынан күн сайын есеп алып тұрды. Қабылданған қатаң шаралар мен Жезқазғандықтардың ерен еңбегінің нәтижесінде дайындық жұмыстары басталғаннан кейін 38 күннен кейін бағалы марганец рудасының алғашқы тонналары жөнелтіліп, үш айдың ішінде теміржол құрылысы да бір мезгілде жүргізілді. Шахта мен жұмысшылар ауылы салынып бітті.

Отанының бақытты келешегін кеңінен терең ойлайтын, кемел болжайтын көсем пікірлі Қаныш Сәтбаевтың: «Қазақстан – табиғи байлықтардың бай қоры», «Біздің табиғатымызды қорғау, жер қойнауын қорғау – қасиетті іс» дейтін елдіктің жарғысындай, бойтұмарындай ұстайтын киелі сөзі бар. [4, 650 б.] Сәтбаев орыс, қазақ, қытай, араб, ағылшын және басқа да тілдерде жарияланған 800-ден астам баспа жұмыстарының авторы. [2, 652 б.]

Бұл ретте Қ.И.Сәтбаевтың, ең алдымен, геология ғылымының ірі ғалымы болғанын және болып қала беретінін атап өту керек. Ол Қазақстанда металлогения мектебін құрып, оны басқарды. Ол жасаған формациялық металлогендік талдаудың кешенді тәсілі геология ғылымы мен практикасы үшін іргелі болды. Қазақстандағы барлық ғылымның басшысы, ең алдымен, қазақ геологтар мектебінің басшысы, металлогения ғылымын жасаушылардың бірі ретінде лайықты танылды. Ол артына ғалымдардың үлкен галактикасын қалдырып, Қазақстанда металлогендіктердің тұтас мектебін тәрбиеледі. Қ.И. Сәтбаев бізге үлкен ғылыми мұра қалдырды – мыңнан астам ғылыми еңбек, оның ішінде 600-ден астам жарық көрген еңбек. Оның есімімен өшпейтін үш ұлы нәрсе байланысты: біріншісі – түсті және сирек металдардың әлемдік деңгейдегі бірегей қоры бар Үлкен Жезқазған, екіншісі – негізін қалаушы өзі болған Қазақстан Ғылым академиясы, үшіншісі – Қазақстан Ғылым академиясы. қазір оның атымен аталған Геология ғылымдары институты. Домбыра, гитара, мандолин сынды аспаптардың құлағында ойнаған. Тіпті, Қанекеңнің орындауындағы әуендерден белгілі музыка танушы-фольклорист Александр Затаевич 25 қазақ әнін жазып алыпты. 1947 жылы Ұлыбританияға сапары кезіндегі оқиғасы ел аузында кең таралған. Делегация құрамындағы қазақ ғалымын алғаш көрген Англияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль тесірейе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?», - деп сұраса керек. Сонда Қаныш Имантайұлы: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік», - деп жауап берген екен. [2, 656 б.]

Ғалымның еңбектерін оқушыларға дәріптеу біздің міндетіміз. Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ғалым Қаныш Сәтбаевтың ат салысуымен қазақтың дархан даласында Менделеев кестесіндегі барлық элементтерді табылды. Елдің ертеңі, халықтың келер күні туып, заман өзгерсе де Қаныштай тұлғамыздың құнды дүниелері

мәңгі ел есінде қалары хақ. Бізге берілген бағасына сан жетпес бұл дүниелерді сақтап, мәңгі есімізде жаңғыртып отырайық, замандас!

Қорытынды ұсынысым:

1. Қаныш Сәтбаевтың мұралары насихатталса;
2. Қаныш Сәтбаевтың еңбектері зерттеліп, әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылса;
3. Мектептің оқу бағдарламасында Қаныш Сәтбаевтың еңбектері бойынша сағат саны көбейтілсе;
4. Мектеп оқушылары мен жастар үшін ғалымның еңбектеріне арналған танымдық сайыстар міндеттеліп жоспарланса;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразов Т. Қаныштың жастық шағы - Алматы: Жазушы, 1971. [1, 53 б.]
2. Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев: Роман-эссе.: Фолиант, 2008. – [2, 652 б.]
3. Сағындықова С.С. Абзал адам, ғұлама ғалым // Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. - 2009 - Ст. №2. - С.[3, 51 б.]
4. Сәрсекке Медеу Қаныш Сәтбаев: роман-эссе: Фолиант, 2008. – [4, 650 б.]

АЛГЕБРА ОҚУЛЫҒЫН ТӘРЖІМАЛАҒАН ҒАЛЫМ

Хиналхан Құлай

Астана қаласы Ы.Алтынсарин атындағы

VINOM мектеп-лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі жаһандану заманында Алаш арыстарының бірі болған Қаныш Имантайұлының жасаған еңбектерінен өскелең ұрпаққа үлгі -өнеге алып, ұлттық құндылықтарды бойына дарыту арқылы ғылымға бейімдеуге болатынына көз жеткіземіз.[1]

Мұғалім боп қызмет істеген кездегі оқулықтарға тапшылықты өз басынан кешіргендіктен, 1919-1924 жылдар аралығында тұңғыш Алгебра оқулығын құрастырған. Ана тілімізде өткен ғасырда тұңғыш жазылған осынау математика оқулығы 11 бөлімнен, оның ішінде 40 баптан тұрады, ұзын-ырғасы – 442 бет. 20-жылдардың басында А.Байтұрсынұлы жетекшілік ететін Халықағарту комиссариаты сол шақтың оқығандарына ғылымның әр саласынан оқулық жазу мен орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттерді аудару жөнінде тапсырыс берді. Нәтижесінде М.Дулатұлы, С.Қожанұлы, Ә.Ермекұлы, Қ.Сәтбайұлы- математика, алгебра, Т.Шонанұлы- география, тарих, М.Жұмабайұлы педагогика, Ж.Аймауытұлы- психология, Қ.Кемеңгерұлы- химия, тіл, тарих, Ә.Бөкейханұлы- астрономия, география, М.Әуезұлы- әдебиет, А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төреқұлұлы - тілсаласынан еңбектер жазды. [2]

Қолжазба комиссариаттың ғылыми әдеби кеңесі тарапынан мектеп оқулығы ретінде мақұлданып, баспаға жіберген. Алайда, «Казиздатта» Қ.Сәтбаев ұсынған алгебралық таңбаларды белгілейтін шрифтер мен матрицалардың болмауына байланысты «Алгебраны» басып шығару қиынға соғады. Сондықтан ол 1927 жылы Мәскеуге Центриздатқа жіберіледі. Бірақ Центриздат пен Казиздат асындағы түсініспеушіліктер салдарынан оның басылуы кешеуілдей береді.[3]

Автор ретінде Қ.Сәтбаев бұған қатты алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше мәрте хат жолдағанымен, ешқандай нәтиже шыға қоймайды. Мұнан кейін 1929 жылы латын алфавитіне ауысуға байланысты Қ.И.Сәтбаев оқулықтағы формулаларды бастан-аяқлатын әріптерімен түзеп шығып, 03.03.1929 жылы латынша көшірушіге тапсырады. Сөйтіп қолжазба қайта латыншаға көшіріліп, қайтадан баспаға өткізіледі.

Бірақ 30-жылдардан бастап Қазақстанда біртіндеп кеңестер одағына бірыңғай, ортақ оқу бағдарламалары мен аударма оқулықтарға көшу басталып кетеді де, Қ.И.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығын басып шығару ісі аяқсыз қалады. Енді оқымыстылар мен мамандар атаған оқулықтың негізгі ерекшелігі мен маңызына тоқталайық: [2]

Біріншіден, автор «Сөз басында» оны дайындау барысында орыс тіліндегі үздік оқулықтардан басқа Тодгенгер, Бертран және т.б. Батыс елдері профессорларының оқулықтарының пайдалы жақтарын таңдап алғанын қадап айтады.

Екіншіден, автор мұнда көптеген математика терминдеріне қазақша атаулар ұсынған. Онда қазіргі қолданылып жүрген көптеген **терминдер** де кездеседі. Оның өзі сол **терминдердің негізгі авторы** Қ.И. Сәтбаев екеніне күмән келтірмейді. Сондай-ақ, әдістемелік-математикалық ғылыми тілімізді байыта түсерлік, қазіргі күні мектеп оқулықтарында пайдалануға сұранып тұрған көптеген терминдер де бар.

Үшіншіден, кітаптың тілі аса жатық, дәл және түсінікті, ол, негізінен, қазақ баласының ұғымына лайықталып жазылған.

Төртіншіден, оқулық мазмұны жағынан қазақ өмірі, мәдениеті және тұрмысы мен сабақтас. Сонымен қатар, автор оқу материалын қазақ баласының шағын, жергілікті көлемді мүддесіне ғана байланысты тарылтпай, оның танымдық ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізетін материалдарды молынан пайдаланған, яғни, оқулықтың білімдік, тәрбиелік және Дамытушылық сипаты күшті.

Бесіншіден, автордың сөзімен йтқанда, «бұл кітап мектептегі шәкірттерге оқу-құралы болумен қатар, оқытушыларға да пәндік негіз болуына керек деген оймен...» жазылған, яғни, мұғалімдердің теориялық және әдістемелік дайындығын көтеруі де көп пайдасы зор.

Алтыншыдан, оқулық алгебраның бастауыш ұғымдарынан бастап, оның жүйелі курсының, яғни, мектеп бағдарламасындағы алгебралық материалдың түбегейлі дерлік мәселелерін қамтиды.

Термин сөздердің тарихы

1924 жылы 12-17 маусым күндері Орынборда Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінен термин сөздерінің тарихы бастау алады. Бұл съездің ең басты өту себебі – қазақ тіліндегі термин сөздердің жайы болды. Съезде терминологияны қалыптастырудың басты қағидаттарын белгілеу жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. «Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы» негізінде съез қаулы қабылдады. Съезд оны қабылдап, соңғы шешім былай болды:

Оқулық мазмұны жағынан қазақ көмірі, мәдениеті және тұрмысы мен сабақтас. Бізмұны Қ.Сәтбаевтың авторлық термин сөздерінен де көре аламыз. Ал енді **“Алгебра” оқулығындағы термин сөздерге** келер болсақ, басылымдағы атаулы терминдер халқымыздың төл сөздерімен сипатталған.

Мәселен: формула – өрнек, точка - **ноқат**, рациональная величина – өлшемдішама, иррациональная величина – өлшемсізшама, диаметр – **өре**, квадратное уравнение – шаршылықтендеу, биквадратное уравнение – қосшаршылықтендеу, сопряженные числа – түйіндессандар, прогрессия – **дәуірлеу**, пропорция – тең ара, числитель – **жарнақ**, невозможность – болымсыздық, коэффициент – сан өсіргіш, теорема – түйін, функция – берне, тождество – **бірдейлік**, равнозначность – мәнілестік, приближенный корень – жуықтастүбір, корень с недостатком – **олқытүбір**, корень с избытком – қалқытүбір, выражение – әлпет, комплексные числа – Осы термин сөздерден, біз Қаныш Сәтбаевтың орыс тілінен тікелей емес, қазақ балаларына арнайы аударып шығарғанын көре аламыз. Алайда қазіргі күнде, біз бұл терминдердің барлығын қолдана бермейміз.[3]

Қазіргі таңда қолданбайтын, бірақ Қ.Сәтбаев ұсынған амалдар:
Қоршаулардың түрлері:

- Жақшақоршау ()

- Тікқоршау []
- Буындықоршау { }

Қазір біз есеп шығару барысында тек **жақша қоршауды** қолданамыз.

Бір әлпетте осы үш түрлі қоршаулар түгелімен көрсетіліп тұрса, әуелі **жақшалықоршауды** ашып, яғни, ішіндегі көрсетілген амалдарды орындап алып, мұнан соң **тікқоршауды**, ең ақырында **буындықоршауды** ашу керек. Мысалы, бізге төмендегі әлпет берілсін:

$$\{[(2+10)-(10:2)]+(20-6):21$$

Алдыңғы ережені қолданғанда оны төмендегі тәртіппен шығару керек болады:

1) алдымен жақша қоршауды ашыпалу керек:

1) $2+10=12$

2) $10:2=5$

3) $20-6=14$

2) Тік қоршауды ашу керек: 4) $12-5=7$

3) Буынды қоршаудың ішіне кіретін қалған амалдарды орындау керек:

5) $7+14=21$

4) Буынды қоршауды ашу керек:

6) $21:21=1$

Егерде әлпет ішіндегі амалдардың тәртібі көрнекті болса, қоршаулардың қажеттігі жоқ.

Төрт цифрдан құралатын сандарды түбір астынан шығару

Мысал:

$$\sqrt{7512} = 86$$

$$166 \frac{64}{1112} \text{ (бірінші айырым)}$$

$$966 \frac{6x996}{116} \text{ (қосымша) [2]}$$

Қорытындылай келе, біз Қ.Сәтбаевты математика оқулығын тұңғыш аударған және терминдерге көп үлесін қосқан адам екенін білеміз. Сәтбаев кез-келген тақырыпты, анықтаманы, есеп пен амалдарды барынша түсінікті, жүйелі, қарапайым беруге тырысқан. XX ғасырдың басында Алаш зиялылары оқулық жазу мен аударма ісіне белсене атсалысқаны мәлім.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Медеу Сәрсекке «Қазақтың Қанышы»
2. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. / Бас. ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011 – 664 бет
3. Сәтбаев Қ.И. Алгебра. Оқу құралы: 1924 / Жалпы редакциясын басқарған: академик Өтелбаев М. 12-16 бет
4. Киселев А. П. Алгебра. Ч I – М Физматлит, 2006 , 150-бет

ҰЛЫТАУДАН ҰЛЫ ҒЫЛЫМҒА САМҒАУ

Абылаева Гулжанат Серикбаевна

*Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті “№ 6 тірек мектебі (РО)” КММ,
тарих пәнінің мұғалімі*

Бұрынғы көшпелі ел жайлаған далада, Сарыарқада кен байлықтың қоры жатқаны сізбен бізге белгісіз болған құпияны осыдан 2400 жыл бұрын грек тарихшысы Геродот «Арал теңізінің алқабында сақ, массагет деген ел бар. Қола мен жездің молы соларда. Өз жерлерінен қазып алады» деген. Сол үлкен ата-қонысты мекен еткен өзіміздің Жезқазған өңірін зертеп, зерделеп қазынаны ашқан ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Тарихта есімін бір ғана ұрпақ емес, бірнеше буын өз тұтып, аңыз-әфсанаға айналдырып, көтеріп кетіп отыратын жекелеген тұлғалар болады. Қаныш Сәтбаев есімі солардың қатарында. Қазақтың, Қазақстанның ғылымы десек көз алдымызға Қаныштың бейнесі, Қаныш десек ғылымымыздың жағдайы келетіні де содан.

Жезқазғанда 1926 жылы қызу жұмыс басталады. Сарыарқаның өз баласы, бет-жүзі келбетті, жарқыраған көркі бар, білім - сана нұры бар, жиырма жеті жасқа келген жігіт келді.

Бұл айтып отырған жас жігіт Баянауылдың баурайында елге сыйлы Имантай бидің шаңырағында 1899 жылы ескі жыл санауы бойынша наурыз айының 31 –жұлдызында дүниеге келген, ауылдың айтулы ақсақалы Құрмантай ақсақал атын азан шақырып Ғабдулғани атаған, кейінен анасының Ғанышым мәңгі менің қызығым деп, еркелеткен Қаныш еді.

Имантай бидің бала тәрбиесіне талабы қатаң болған. Бала Қаныш мұсылманша хат танып, үйде оқыған жыр-аңыздарын айтудан әке алдында сынақ тапсыратын. Оқыған жырлары: «Жүсіп- Зылиқа», «Ләйлі-Мәжнүн», «Гүлстан», «1001 хикмет». Кітаптарының тілі түркі-шағатайша, парсыша жазылған. Ақындардың есімдері: Руми, Сағди, Хафиз.

Бала Қаныш 6 жасынан бастап Ақкелін болысының орталығынан ашылған ауыл мектебінде және Баянауыл мектебінде оқиды (1905-1911). Оқу қазақ тілінде жүреді. Ауыл мектебінде арабша хат танып, парсы, түркі, шағатай әдебиетінің үлгілерімен танысады. [1]

Семейдің семинариясына (1914-1918) оқуға түсіп, онда төрт жыл оқиды. Оқу оқып жүріп, география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М. Достоевский туралы қойылған лекцияларды тыңдайды. Екінші жағынан, география қоғамымен бірігіп, қалалық театрда сауық кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы, 3 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова. Осы кеште Қаныш аз роль ойнамаған. Қобыланды батырды ойнап шығып, екінші бөлімде «Толай-көк», «Көзімнің қарасы», «Баян- аула», тағы басқалар. Осы кеш халықтың жүрегінде ұмытылмас әдемі сурет қалдырады. 1918 -1919 жылдары жас математик Ғарифулла Ниғматуллин Қанышты еркеше қолға алып, институтқа еркін түсуге дайындайды. 1920 жылы Баянауыл ревкомының құрамына кіріп, мәдениет оқу жұмыстарын басқарады, екінші жағынан сот қызметін атқарады. Томдағы институтта аса білімділігімен атакты профессорлардың көзіне түседі. Қанышты аса жақсы көрген М.А.Усов еді. Бұл кісімен қырға шығып, тәжірибе жұмыстарын өткізеді, геологиялық зерттеу жүргізеді. Жаз бойы дала кезіп, Алтай, Тарбағатай, Қарқаралы, Баянауыл, Шыңғыс тауларын аралайды. Технология институтын бітіріп, инженер-геолог атағын алған соң, Атбасар түсті металл серіктігіне келіп, көп уақыт Қарсақпай заводында отырып, геология зерттеу жұмысымен айналысады. Жезқазған, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын емін-еркін кезіп, кен шығатын қазына қақпаларын іздейді. Сол зерттеудің нәтижесінде «Ұлы Жезқазғанның» байлығын анықтайды. Сырға толы сайын

даланың кен байлығын зерттеген Қаныш Имантайұлы Қазақ елінің келешігі мен болашағына ғылым ордасын ашуды мақсат етеді. 1944 жылдың екінші тоқсанынан бастап, Ғылым академиясын құру қамына ерекше ынтамен әзірліктер жүргізеді. Сол үшін Қазақстан КП (б) ОК -і мен республика үкіметіне жаңадан 11 ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыру туралы ұсыныс түсіреді. Алайда ел басшылары Қаныш Имантайұлының бұл ойына алшақ кеткен қисынсыз жоспар деп сенімсіздікпен қарайды. Ал, Қаныш Имантайұлы мұрат еткен ісінен бас тартпай, билік басында отырғандарды өз ісіне табандылық пен іскер әрекеттер жасай отырып, КСРО ҒА-ның беделді академиктерін пайдаланды. Қаныш Имантайұлы үшін ғылым – бос мақсат емес. Ғылымның негізгі міндеті өндіріспен тығыз байланыс жасау арқылы өндіргіш күштерге айналу. Ғылым-шындығымен халыққа берер жемістілігімен қымбат. Ғылымға осындай сенімділікпен қараған ғалым еңбекті отын ұлыпыр мекені Ұлытаудан жақты деуге толық негіз бар. Отан үшін аса қымбатты еңбегі «Үлкен Жезқазған» және 1942 жылы «Жезқазған мыс кендері» атты ғылыми еңбегі үшін мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды. Бұл жайлы Мұхтар Әуезов былай депті: «Қызықты еңбегі өркештеніп, Қаныш атын жұртшылыққа мол даңқтандырды. Жік салмай, желісін үзбей, 15 жыл бойы оның зер салғаны бір мұрат еді. Бар еңбек қайратын, бар жиған білім құралын, бар өмірін бір ғана жөнге жұмсады. Жұмсады да жеңіп шықты, жетіп шықты. Нақты істе де, ғылымда да, қоғамдық жұмыстарда да Қаныш Имантайұлы жетіп шықты, қай жағынан алсақта жетік шықты, жауласқанды бой бермей бекіп шықты».

1946 жыл бірінші маусымы Қазақстан зиялыларының таңдаулы өкілдері ғалымдар мен әдебиет, көркемөнер қайраткерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары жетекші мамандары - Қарағанды мен Жезқазғанның, Ембі мен Кенді Алтайдың, Балқаштың жұмысшы делегациялары Алматы жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, Мәскеу мен Орта Азиядан республикаларынан келген ресми қонақтар Абай атындағы академиялық опера және балет театрының залына лық толған. Шында да бұл - қазақ елінің рухани өмірінде бұрын соңды болмаған ұлы оқиға! Тарихи кезең Қаныш Имантайұлының басшылығымен 1946 жылы Ғылым академиясының шаңырағы көтерілді. Қазақ ССР Ғылым академиясының өркендеуін сипаттайтын кейбір мысалдар келтірейік. Қазақ ССР ғылым Академиясының қарамағында 47 ғылыми мекеме, оның ішінде 17 ғылыми-зерттеу институты, институтпен теңдес 15 сектор, 10 жергілікті база, республикалық екі музей, республикалық ботаник бағы және аспиранттарды қосқанда 1400-ден аса ғылыми қызметкер зерттеу жұмысымен шұғылданған. Ғылым академиясының бюджеті 1949 жылы 52 миллион сомнан асқан. Ғылыми қызметкерлер 14 есе көбейген. Ғылым академиясында ғылым докторы атағын алған 15 қазақ ғалымы жұмыс істейді. 1948 жылы Қазақ ССР ғылым академиясының 148 экспедиция отряды жұмыс істеді. 1948 жылы Қазақ ССР ғылым академиясында 562 ғылыми тақырып талданды. Қазақ ССР ғылым академиясы Отанымыздың халық шаруашылығының, мәдениетінің және бүкіл мемлекеттік тұрмысының өркендеуімен бірге өсіп гүлденуіне, Қазақстанның индустриялық қуатының өсуіне, өндіріс жұмысының жедел қарқынды дамуына үлес қосты. [3].

Осы жылы Қаныш Имантайұлы ғылымдағы дара салмағы ерекше сараланып, шынайы ғұлама деп танылған, өнер дарыны туған халқын шексіз сүйетін айшықты кезеңі. Жұлдызы биктеп, барынша жарқырап шыққан шақ! КСРО депутаты болып сайланғаннан кейін, кезекті жиында мерейі үстем шығып, КСРО ғылым академиясына толық мүшелікке жетті. Бұл да осыған дейін бірде-бір Шығыс халықтарының перзенті көтерілмеген ғылым шыңы. Осындай тұлғаның, шын мәнәнде патриот, елім деп еңіреп туған абзал азаматтың Жезқазғанда 15 жыл өмір сүріп, зор жетістікке жеткені қандай бақыт. Біз Сәтбаевшыл түлектерміз, шәкірттерміз деп айтудың өзі қандай ғанибет. Үлкен Жезқазғанға Қаныш Имантайұлы салған сара жол құтты болды. Жезқазған-Ұлытау өңірі

үшін қаныш Сәтбаев ең ардақты ұлы тұлға. Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діндеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зерттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады.

Бұл туралы КСРО Ғылым академиясының академигі Д.И.Щербаков былай деп жазды: «Қ.И.Сәтбаев дұрыс жолды таңдау және белгіленген мақсаттан айнымау қабілеттеріне ие еді. Қазақстанның шексіз даласында дүниеге келген ол сол қатаң табиғаттың өмір сүру мен жеңіс үшін күрес дағдыларына үйрететін қасиеттерін бойына сіңіре білді. Ол өзінің туған өлкесіне сүйе білді, оны жасаған геологиялық үдерістердің қуатына тәнті болып, жер қойнауының шексіз байлығына сенді» [4].

Қаныш тек халық үшін жаралған кісі. Ол барлық өмірін, білімін халық бақыты үшін жұмсаған кісі. Ғылымды, мәдениетті, өнерді, халық тіршілігін көркейту үшін туып, ғылымның биіктегі жарқын сәулесі болу үшін туған кісі. Халық пен Қаныштың бірін-бірі жақсы көруі ол арулық қазынасының ұлы бейнесіндей, қанша айтсаңда таусылмайтын бір сұлу жыр, қызықты ертегі дерсің.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Академик Қ.И. Сәтбаев туралы естеліктер .Қаныш аға \ 214-220 бет\
2. Әлкей Марғұлан шығармалары.\ 351-351 бет\
3. Қ.И. Сәтбаев Избранные статьи \ 183-185 бет\
4. Қазақтың Қанышы \ 238-242 бет\

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҰЛЫТАУ ӨңІРІ

(“Атбасцветмет” тресінің геология бөлімі, Қарсақбай мыс зауыты, Жезқазған кен-металлургия комбинаты)

Рахимова Калиман

Астана қаласы Жұмабек Ташенев атындағы №10 мектеп-гимназиясының физика пәні мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик.

Еліміздің экономикасын дамытуда Қ.И.Сәтбаевтың жетекшілік етуімен оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Қ.Сәтбаевтың еліміздің тау-кен металлургия секторының инженерлік интеллектуалды және ғылыми элитасын қалыптастырудағы жүйелілігі – оның ұйымдастырушылық қабілеттері мен болжамының маңызды эталоны. Ол Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап – мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінде Политех атымен белгілі (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) алғашқы техникалық жоғары оқу орны Қазақ Тау-кен металлургия институтын құруға алғы шарт болды. [1]

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішіден бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары – үлкен Жезқазған кенорны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденді. 1935 жылдың 1 қаңтарында Жезқазғанның кен қорлары барлық категориялар бойынша 3220 мың тонна мысты құраса, олардың ішінде 1330 мың тонна А2+В категориясы бойынша, Кеніштерде А2+В категориялы мыстың орташа мөлшері 1,92 %-ға тең. Бұл көрсеткіштің өзі сондағы зерттелген қорлардың саны бойынша Жезқазғанды Одақта бірінші орынға шығарды. Жезқазғандық қуаттылығы өнімді кен қабаттарының 700 м бұрғылау жұмыстарының тек жоғарғы 150 м қабаты ғана сипатталған, тек бір ғана ұңғыма 300 м тереңдікке жүргізілді, 230 м тереңдікте өндірістік кеннің қабаты табылды. Қаныш Сәтбаев: «Үлкен Жезқазған жалғыз нысан болып табылмайды, Жезқазған ауданының аумағында жеткілікті ірі темір, темір-марганец кендері бар, олар үлкен көлемде кен өндіруге мүмкіндік береді».[1:2]

Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық және Шығыс Қазақстанда қазақ геологтарының ғылыми тобымен заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізген терең де жүйелі зерттеулері 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын аналитикалық жүйелеуге алып келді.

Осылай 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» (ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы 1955, 20 шығ., 3–35-бб.) атты іргелі ғылыми еңбегі шықты. «Мәселенің ғылыми әзірлемесіндегі кешенділік, зерттеулердің барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды сараптаудағы нақтылық, қорытудағы объективтілік пен шығармашылықтағы бірлестік - бұл Орталық Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың металлогениялық болжам картасын құруда басшылыққа алынған методологиялық принциптері», - деп жазды Қ.Сәтбаев. Өзінің ғылыми қызметімен – «барлығынан күмәндан және тек фактіге ғана жүгін» деген ұстанымымен, ғылыми және академиялық пікірталас пен талқылау жүргізе алу, ғылыми материалды жинақтау мен анализ жасай алу өнерімен академик Қ.Сәтбаев және оның ғылыми пікірлестері қазақстандық ғылымның қазіргі таңда да өзекті болып отырған тұрақты стандартын жасап кетті. [2]

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта металл кендерінің бай кенорындарын ашуға мүмкіндік берді.

Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған. Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде.

Атақты геолог-ғалым ақырғы деміне дейін жер қойнауындағы үнсіз тұнба боп жатқан сан алуан қазба байлықтарды әр жақты зерттеп-игеру, оларды халықтың игілігіне толық пайдалану, асыл қазыналардың ғаламат бай кен көздерін табу, әсіресе болашағы зор мұнай, алтын, түсті және сирек кездесетін металдардың кен орындарын ашу сияқты

күрделі проблемаларды шешу үшін еңбектенді. Қаныш Сәтбаевтың көп жылдар бойы жасаған геологиялық барлау және ғылыми зерттеу еңбегі нәтижесінде мыс рудасының орасан зор қорының біраз көлемді орынға жиналғаны анықталды. Сөйтіп географиялық картада дүниежүзілік ірі мыс кен орны деп – алып Жезқазған пайда болды. Осы Жезқазған - Ұлытау өңіріндегі қазба байлықтарды жан-жақты зерттеуге арналған еңбегі үшін Қ.Сәтбаевқа Мемлекеттік сыйлық берілді, ал Жезқазған кен көзін ашқаны үшін Ленин орденімен марапатталды. Еліміздегі түсті металлургия өндірісін дамытуға қосқан бұл ғаламат кен орнының үлесі орасан зор еді. Дәуірлік мәні бар Жезқазған руда құрамында мыстан басқа рений, осмий сияқты сирек кездесетін қымбат элементтер кездеседі. Осы мол байлықты ысырапқа салмай пайдалану қажет екендігін, ал ол үшін жаңа технологиялық әдістерді ойлап табу керектігін Қаныш үнемі айтумен болды, оның жолдарын да көрсетті. Өкінішке қарай, бұл проблема әлі де толық шешілмей отыр. Шеттен келген инвесторлар сүттің каймағын сыпырғандай аса бай рудаларды өндірумен шұғылдануда, сол себепті құрамы нашар руданың қоры көбейіп шикізаттың сапасы нашарлап кетті. Руда өндірудің қалыптасқан технологиясын бұзып, кері тәсілмен жұмыс істеу өнеркәсіптің келешек өмірінің қысқаруына әкеп соғатыны белгілі. Сондықтан инвесторлармен жасалған келісімдер мен оларға берілген лицензиялардың шарттары, жер қойнауын қорғау туралы заң іс жүзінде орындалуға тиіс. Міне осыған байланысты кен орындарын жан-жақты зерттеу-барлау, минералды шикізат қорын молайту және руда өндіру әдістерін үнемі жақсартып отыру қажет. Осы талаптардың орындалуын үкімет тарапынан тікелей тексеріп отыру өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сондай-ақ басқару жүйелерінің құрылымы мен жұмысын жақсартуға ерекше мән беру керек. [1:3]

Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады. Қ.Сәтбаев жасаған ғылыми қорытындылар – геолог-ғалымның дарындылығы мен кемеңгерлігінің көрінісі, ал геологиялық салада жасаған ғылыми тұжырымдары – қазіргі тілмен айтқанда, дәйексөз алудың жоғарғы көрсеткіші.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекеев М., Медеу Сәтбаев Монография – Алматы 1988ж.
2. Әлжанов Т.И., Қаныш Сәтбаев -қазақ елінің тұлғасы Алматы, 2002ж. –114-122б.
- 3.Салықов Қ., Қаныш Сәтбаев Алматы, 1999ж. 56-б

ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Имажанова Салтанат Утубаевна
Астана қаласы №21 орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ КСР Ғылым Академиясының ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, КСРО Қазақ Ғылым академиясының академигі, Кеңестер Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еліміздегі ғылым тарихында алатын орны зор. Советтік Қазақстанда дербес Ғылым Академиясы құрылғанға дейін КСРО Ғылым Академиясының қазақ бөлімшесі жұмыс істеген болатын. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сол кездерде геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым Академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары еді. Кейіннен өзі ұйымдастырған Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болып сайланды. Бұдан басқа ғалымның мәдениет саласы мен тарих ғылымына да қосқан үлесі зор.

Қазақ жеріндегі ұлттық Ғылым Академиясын құру идеясы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан уақытта пайда болған еді. Көрнекті ғалым соғыстың қиыншылығына мойынсұнбай, Қазақ КСР Ғылым Академиясын ұйымдастыру ісін табанды түрде қолға алды.

Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылуы республикамыздың ғылыми тұрғыда дәлелді шешімдерін тұжырымдауға, ел экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне үлкен мүмкіндіктер ашты. Ғылым орталығы жаңадан ашылған кезде оның құрамында минералдық ресурстар, физика-математикалық, биология және медицина ғылымдары, сондай-ақ, қоғамдық ғылыми-зерттеу бөлімдері жұмыс істеді. Аталмыш, бөлімдердің құрамында ғылыми зерттеу институттары мен секторлар жұмыс істеді.[1, 64б]

Ғылым Академиясының құрамына зерттеу институттары, секторлар, кітапханалар мен мұражайлар, лабораториялар, кабинеттер мен комиссиялар, сонымен бірге базалар мен филиалдар қарайды, сондай-ақ, бұл мекемелердегі тиісті салаларды жоғары білімді мамандар және қызметкерлермен қамтамасыз етеді.

Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылғаннан кейін дербес ғылым салаларында зерттеу институттарының ашылуы етек ала бастайды. Қоғамдық және жаратылыстану ғылым салаларында көптеген ғылыми зерттеу орталықтарының ашылуы, олардың дамуына үлкен септігін тигізді. Сондай-ақ, олардың ашқан жаңалықтары мен жеткен жетістіктері де еліміздің ғылыми кешенді даму белестерін айқындай түсті.

Алғаш құрылған кездегі Ғылым Академиясының құрамында 5 бөлім, 24 институт, 2 сектор болды. Академия құрылмай тұрып, Қазақ ССР ҒА қазақ филиалы болған кезде 1942 жылы Астрономия және физика, тарих, тіл және әдебиет, сондай-ақ, химия-металлургиялық атты 3 институт болған еді. 1950 жылы астрономия және физика ғылыми зерттеу орталығынан астрофизика институты бөлініп шығады. Яғни, ол Қазақ КСР ҒА болып өз еншісін алған кездегі алғашқы құрылған институт болып табылады. Оның негізгі зерттеу нысаны: аспан денелері, жұлдызаралық материя табиғаты, аспан денелерінің химиялық құрамын анықтау болып табылады.[2, 4б]

1952 жылы Экономика, 1956 жылы Микробиология және вирусология, 1958 жылы Философия және право, 1961 жылы Тіл білімі, 1965 жылы Гидрогеология және гидрофизика, 1969 жылы ашылған Органикалық катализ және электрохимия, 1970 жылы физика-математика ғылымдары бөлімі құрамында Жоғары энергия физикасы институттары және тағы басқа ғылыми зерттеу орталықтары құрылған болатын.

Институттардың ашылуы бір-бірімен етене байланысып, Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуына үлкен септігін тигізді. Себебі, ол кезеңде еліміздің ауыл

шаруашылығы тоқырауда болды. Ұлы Отан соғысы жылдары барлық өнімдер майданға арналды, ал соғыстан кейінгі ауылдың жағдайы мүшкіл еді. 1947-1948 жылдары ауылдық жерлерде жұмысшы қолының жетіспеуі немесе техникалық жетіспеушіліктер орын алды. Егістік аймақтарда тек қол еңбегі өнімі болғандықтан жұмыс өнбеді. Кейбір аймақтарда ғана кәрістерді көшіріп әкелгеніне байланысты күріш алқаптары болды. Егіс алқаптары тек 1952-1954 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде көбейіп, ауыл аймақтарындағы халық нанға сол кезден кейін ғана тоя бастады. Институттың ғылыми-зерттеу жұмыстары әрі қарай ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығын жақсарту негізінде өрбіді.[3, 366]

Ғылым Академиясының жаңа ғылыми-зерттеу орталықтарының ашылуы еліміздің ғылымы мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне ерекше әсер ете бастады. Десек те, республикамыздың мұндай жетістіктерімен қатар академияның жанындағы қоғамдық ғылым бөлімдерінің зерттеу жұмыстары сынға ұшырап, басына қара бұлт үйірілді. 1940 жылдардың соңы мен 1950 жылдардың басындағы қоғамдық саяси өмір Қазақ КСР ҒА-ның 200-ге жуық қызметкерлерін жұмыстан шығарып, айыптап үлгерді. Оның ішінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті қызметінде болған Қаныш Сәтбаевқа жүктелген міндет тарихи шындықты өткен кезеңнің басты оқиғалары ретінде дәлелді жазғандары үшін қудалауға ұшыраған қазақ зиялылардың екінші тобын жұмыстан қуу еді. Негізсіз айыптаудан бас тартқан Қаныш Сәтбаев та осы қудалаудың жолына түсіп кетеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ ғылымының жанашыры болды. Ол Ғылым Академиясының басшылығында болған кезінде ғылымға байланысты әр саланы мұқият қарап, оны орындалуын қадағалап отырды. Мысалы, 1950 жылы №134 хат бойынша Қазақстан КП(б) ОК хатшысы Ж.Шаяхметовке «Абай Құнанбаевты мәңгілік есте қалдыру» туралы Ұлы ақынның 1954 жылы өлгеніне 50 жыл толуына байланысты Абайдың кітаптары сұраныста екенін, қалған шығармаларын да шығару керектігін айтып, еске алу шараларын өткізуді күн тәртібіне кіргізу керектігін дәлелдеп, іске асырды. Бұл өз елінің тұлғаларын дәріштеп, олардың еңбегін елге таныстыру ісіндегі ғылымның атқарған қызметі еді.[4, 66]

1958 жылы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің бесінші сессиясының депутаты болып сайланды. 1959 жылы КОКП ХХІ съезінде делегат, 1961 жылы – КОКП ХХІІ съезінде делегат, КСРО ҒА Президиумның мүшесі болып сайланады. 1962 жылы Сәтбаев Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің алтыншы шақырылған сессиясында депутат және төраға орынбасары болып сайланады. 1963 жылы Қаныш Имантайұлы геология ғылымының дамуына қосқан үлеі үшін Ленин орденімен 4-ші рет марапатталды.

Қ.И.Сәтбаевтың құнды да бай дәлелдерінің арқасында ашылған Қазақ КСР ҒА-ның ғылыми мекемелерінде 1961 жылы Қазақ КСР ҒА 39 академигі, 34 корреспондент мүшесі, 87 ғылым докторы және 536 ғылым кандидаты жұмыс істеді. Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылғаннан бері, яғни 1946-1960 жылдары аралығында 82 ғылым докторы мен 800-ден астам ғылым кандидаты қорғап шықты. 1970 жылы Қазақ КСР ҒА ғылыми мекемелерінде 114 ғылым докторлары, 1060 ғылым кандидаттары қызмет атқарды. Бұл көрсеткіш 1946 жылмен салыстырғанда ғылым орталығында академиктер 4 есе, корреспонденттер 4 есе, ғылым докторлары 2 есе, ғылым кандидаттары 5,9 есеге өскендігін көрсетеді. Қазақ КСР ҒА құрылғаннан кейінгі көрсеткіш бойынша ғылыми зерттеу мекемелердегі қызметкерлердің көбісі қазақтар болды. [5, 246]

Заман талабына сай Қазақ КСР Ғылым Академиясының ашқан жаңалықтары мен табысы Қазақстандағы ғылымның дамуына орасан зор ықпал етті. Сонымен қатар негізгі қаржының жартысынан көбі ауыр өнеркәсіпті, оның ішінде қара және түсті металлургияны, химия мен отын өнеркәсіптерін, энергетиканы жедел дамытуға

бағытталды. Осындай тапсырмалармен тығыз байланыста болған ғылым академиясы Кеңес Одағының негізгі ғылыми зерттеу мекемелерімен байланысып, келісіп отырды. Осындай қарқынды жұмыстардың нәтижесінде Қазақ КСР Ғылым академиясының геологтері, металлургтері, энергетика саласының мамандары, кеншілері, химиктері, тарихшылары мен тілшілері, экономистері өздерінің ғылыми жұмыстарын халық шаруашылығының мамандарымен бірлесе отырып жүргізді. Нәтижесінде сол кездегі басты сыйлықтар Ленин және Сталин атындағы марапаттаулармен немесе еңбегі сіңген ғылым қайраткері деген атақтар алды. Бұл Ғылым академиясының табанды еңбегі мен жетістіктерінің көрсеткіші еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР БҒМ ҒҚ РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 2-қ., 1-т., 570-іс, 64-п.
2. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. Алматы, 1961.-б-б.
3. Есенов Ш., Академия наук Казахской ССР.-Алматы: Казахстан, 1970-47-б.
4. Медеу Сәрсекке. ЖЗЛ. Сәтбаев, Мәскеу, Молодая гвардия, 2003 жыл
5. «Қаныш» энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» редакциясы, 2011 жыл.

ЖЕЗҚАЗҒАН ЖӘНЕ СӘТБАЕВ

Орынбасаров Аслан Қуандықович

*Ақтөбе қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің
география-тарих пәні мұғалімі*

*«Қымбатты менің достарым, жезқазғандықтар!
Ежелгі жақын жолдастар!*

*Сіздермен бірге біз Жезқазған даласының байлығын дәлелдеу үшін, осы жерде
үлкен қала салу үшін көптеген қиындықтарды жеңдік. Қазір көріп отырсыздар, Үлкен
Жезқазған қандай жас, тартымды, өзі көлі бар. Жезқазғанды көздің қарашығындай
сақтауларыңызды Сіздерден сұраймын, достар! Біздің байлығымыз ұлан-ғайыр
болғанымен шексіз емес».*

Қаныш Сәтбаев.

Еліміздегі ең ірі өндірістік қалалардың бірі- Жезқазғанның іргесін қалап, оның қарыштап дамуы мен өркендеуіне бар күш-жігері мен білімін, үлкен ұйымдастырушылық және қайраткерлік қызметін аянбай жұмсаған бір адам болса, ол – қазақтың бір туар азаматы, ғұлама ғалым әрі тұңғыш академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев екендігін исі қазақ түгілі, барша ұлыстың, тіпті әлем жұртының әлдеқашан мойындап үлгергені еріксіз еске түседі. Ұлы академиктің есімін жезқазғандықтар Ұлытаудай асқақ, Ұлытаудай киелі және ұлық санайтыны сондықтан болар. Өзінің соңғы 1962 жылы жазылған "22 жыл өткеннен соң" мақаласында Қ. И. Сәтбаев былай деп жазды: "Менің ең тамаша жылдарым Жезқазғанмен байланысты. Бұл бір қызықты өлкеде жүргізілген зерттеулер, маған, карапайым инженерге, академик болуға көмектесті". Бұған қосарымыз, Үлкен Жезқазған үшін жұмсалған еңбек жылдары мен қажырлы күрестер өзара бір-біріне тиімді ықпал етті. "Жезқазғанда болған өзгерістер тіпті қиялдағыдай болды. Осылайша Жезқазған мен Сәтбаев бірін бірі толықтырды. Ұлан-ғайыр кеніш пен ұлы адам лайықты әріптестер еді. Академик өмірі мен жұмысының жезқазғандық кезеңі 1926 жылдан 1941 жылға дейін 15 жылға созылды.

Жезқазған туралы 1927 жылы алғаш жазылған , алайда 1928 жылы жарияланған "Қарсақпай аймағы және оның келешегі" атты еңбегінің өзінде-ақ мәселені кеңінен қоюымен, өлке тарихын терең білуімен, түпкілікті халық өміріне талдау жасауымен, Қазақстан түсті металлургиясының тұңғышы Қарсақпай комбинатының құрылысымен

байланысты жарқын өзгерістердің болашағын түсіне білуімен таң қалдырды. Тікелей терең геологиялық білімнің арқасында жас инженер-геолог Солтүстік Родезияның әлемдегі ең ірі кен орнына тектес кеніштің табиғатын аша алды, әр түрлі фактілерді жинақтап, тұтас картинаны көзге елестетті. 30-шы жылдары жазған бір еңбегінде Жезқазғандағы мыс қорын бағалай отырып, Қ. И. Сәтбаев былай деп жазды: "Мыс қоры жағынан Жезқазғанның мүмкіндігі шексіз, оны Орталық Африка мыс кеніштерімен, атап айтқанда, қазіргі кездегі әлемдегі ең ірі мыс кеніші болып табылатын Солтүстік Родезиямен теңестіруге болады", одан әрі "Жезқазғанды толық өнеркәсіптік игеру қажеттілігі Одақтың халық шаруашылығының кезек күттірмес ірі міндеті болып табылады", деп жазды.[1]

Қаныш Имантайұлы Кеңес Одағындағы ірі мыс кеніштерін (Жезқазған, Қоңырат, Алмалық, Дегтярка, Блява) тізе келіп, ондағы мыс қорын көрсетіп, кендегі металл құрамын жазды. Осы кеніштердің көрсеткіштерін салыстырып байқағанда тек екі кеніш - Жезқазған мен Алмалық қана алып мыс комбинатына қол жеткізе алады. Қ.И. Сәтбаев бірте-бірте Жезқазғанның талассыз артықшылығын дәлелдейді. Соңында, академик мынандай қорытындыға келеді: "Кендерінің игеру технологиясы игерілген, мыстың мөлшері көп, аса мол және сенімді қоры бар қуатты Жезқазған, атап айтқанда, үшінші бесжылдықтың басында кезекті мыс алыбының құрылысы үшін бірінші нысан ретінде алынуға тиіс. Үлкен Жезқазғанды салу жөніндегі дайындық жұмыстары 1936 жылдан кешіктірілмей басталуы керек. Сонда ғана Үлкен Жезқазғанды толық қуатында 1941 жылға қарсы жұмысқа қосуға болады. Одан әрі: "Түбегейлі дайындық жұмыстарының бірі темір жол құрылысының жүргізілуі. Оны орындамай Үлкен Жезқазған өндірістік құрылысының кеңінен қанат жаюын көзге елестету мүмкін емес."[2]

Темір жол Қарағанды жаққа қарай тартылуы керек, өйткені Балқаш, Жезқазған, Қарағанды кәсіпорындарын бір қуатты органикалық кешенге байланыстыру керек", - деп жазды.

Одан әрі Қ. И. Сәтбаев Жезқазған-Ұлытау ауданындағы темір- марганец кені туралы жазады, сол кездің өзінде "Жоғары сортты марганец кенінің бір бөлігі Магнитогорск зауытына барады", - деп пайғамбарлықпен айтқан еді. Қорытындысында ең маңызды аргумент: "Успен кеніші Жезқазған темір жолы Орталық Қазақстанның барлық территориясын кесіп өтіп, аса бай өндірістік күш арқылы Орталық Қазақстанның экономикасын дамытуға әкеледі." [3]

Қ.И. Сәтбаевтың сол 1936 жылы Қарсақпайдың "Мыс үшін" газетіндегі "Төрт жыл өткен соң" мақаласында өз ісін сүйген, ұлан-ғайыр байтақ өңірді ашқан жас геологтың достары - қарсақпайлықтарға айтқан болашақ туралы үзіндісі: "Бұл әлемде теңдесі жоқ, комбинат болады. Бірнеше цифр ғана оның ауқымдылығын байқатса керек. Үлкен Жезқазған жылына 200 000 т мыс береді, былайша айтқанда, ол өткен жылы бүкіл Европаның (КСРО-ны қоспағанда) барлық мыс қорыту зауыттары өндірген өнімінен 32,5 % көп. Бұл комбинаттың жылдық өнімі бүкіл Америкада 1935 жылы өндірілген өнімінің жартысынан артығын құрайды, ол осы озық капиталистік елдің ең үздік мыс қорыту зауытының қуатынан асып кетеді". [4]

Одан әрі болашақ комбинаттың құрылымдары кеніштің, байыту фабрикасының, металлургия зауытының өнімділігі егжей-тегжейлі баяндалады. Ол жасанды Кеңгір көлінің жағалауында қанат жаятын болашақ қаланың келбетін тамсана суреттейді. Қала үш жағынан көл қоршаған қыратқа орналасады. [5] Қалада 50-60 мың адам тұратын болады, олар жаңа типтік қалаға тән барлық коммуналды, мәдени мекемелері (мектеп, аурухана, клуб, дүкен, мәдениет және демалыс паркі). Коммуналды жабдық- таудың барлық түрімен (бу жылытуы, су құбыры, канализация, электрлендірумен) жабдықталады.

Қыраттың айналасындағы еңсіз терең аңғарлар суға толып, қала ішіндегі сұлу фиорд сияқты каналдар көріктендіру мен әдемілеуге жол ашады. Қалада кеншілер тұратын болады, оларды кенішке жедел жүретін электропоезд тасиды. Қаланың оң жағына вокзалы, жөндеу шеберханасы, депо т.б. орналасқан Үлкен Жезқазған станциясы (Нілді Жезқазған темір жолы) болады. Үлкен Жезқазған комбинаты мен қаладан кеніштерге екі жолды магистраль тартылады, онымен кен және жұмысшылар таситын электропоездар ағылып жатады" деп керемет ойын жүзеге асырады.[6]

1925 жылы 10 маусымда Еңбек және Қорғаныс кеңесі Карсақпай мыс кәсіпорындарын салуды аяқтау туралы қаулы қабылдады. Үш жылдан кейін Карсақпай мыс комбинаты Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азия мен шығыс КСРО-ның тусп металлургиясының тұңғышы - елімізге алғашқы Жезқазған мысын берді. Содан бері 33 жыл бойы Жезқазған мысы көлемін ұлғайтып, халық шаруашылығын көтеру ісіне қызмет етіп келеді. Үлкен Жезқазған үшін күресте кездескен анағұрлым қиындықтарға қарамастан бұл үлкен индустриалдық кешеннің жүзеге асырылуы батыл, бұлжымай алға басуда. Тарих Ұлы Отан соғысы кезінде еліміздің Қорғаныс өнеркәсібі өңіріндегі Жезқазғанның көрнекті рөлін айқындап берді. Оның жарқын көрінісі ретінде Жезқазғанда мәңгілік сақталатын КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің жауынгерлік Қызыл Туын айтуға болады.

Жезқазған қазірдің өзінде елімізде шығарылатын мыстың басым бөлігін береді. Ол болашақта одан да көп береді."Көшпелі сессияны жабу кезіндегі қорытынды сөзінде Қ. И.

Сәтбаев өзін үнемі толғандырып жүрген кен орындарындағы металдың көп жоғалуы мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

"Жезқазған аймағындағы мыс кенін одан әрі алу жөнінде айт- қанда біз қазіргі кезде Жезқазған кен орнындағы мыстың көп жоғалуы туралы үндемей қала алмаймыз...

Жезқазған қаласын Қаныш Сәтбаевтан бөліп қарауға болмайды. Кезінде бізге дейін де, біз де «Қаныш десек, Жезқазған дегеніміз, Жезқазған десек, Қаныш тұрады есте» деп Маяковский үлгісімен үн қатқанбыз. Бүгін ғұлама ғалымның 125 жылдығы қарсаңында, оның сүйікті қаласы Жезқазған өзінің 70 жылдық тойына дайындалуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик К.И.Сатпаев., Сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. – С.239.
2. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. – С.4.
3. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
4. Академик К.И.Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998. – С.143
5. К. Сатпаев – человек, который видел будущее [Электронный ресурс] // Режим доступа: www.gylymordasy.kz/2016/04/25/kanysh-satpaev-chelovek-kotoryj-videlbudushhee/.
6. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Феномен. – Астана, 2018. – 485-487 бб.

Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ – ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Тасаева Индира Болатбековна

*Астана қаласы М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының
биология пәні мұғалімі*

Біздің халқымыздың Ұлы Қазан революциясынан кейін тамаша тағдыры тудырған құбылыстардың бірі – еліміздің өндіргіш күштерін дамытып, өркендеуіне ықпал ететін кеңес ғылымының ғажап өкілдерінің өмірі мен қызметі. Коммунистік партия мен Кеңес өкіметі елімізде жаңа өмір орнатып, социализм құрылысы өрістей бастаған жағдайда кеңес ғалымдары тәрбиеленіп, қайнаған өмірге белсене араласты. Олар дарқын дарыны, өзгеден озық тірлік-тынысы арқылы өз бойына заманының тәжірибесімен жетістіктерінің ең құнды жақтарын жинақтады. Сондықтан да олардың өмірі де, ісі де, қызметі де қымбат қазына, маңызды мұра, сол мұраны бойына ілтипатпен сіңірген ұрпақ прогреске ұмтылу жолында жемісті нәтижелерге жетпек.

Аса көрнекті ғалым және қоғам қайраткері, СССР Ғылым академиясының және Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - кеңес заманы тудырған ғажап құбылыстардың бірі. Ол сирек талант, дарын екендігімен қоса жаңа дәуір жемісі, елімізде социализм орнату мақсат-мұраттары дүниеге әкелген кеңес ғылымының тамаша өкілі, интернационалист ғалым. Қаныш Сәтбаев туған елінің игілігіне мол қабілетін, зерделі зейінін, сергек санасы мен қайсар қайратын аямай ерен еңбек етті. Бойындағы қадір-қасиетін, қажырлы қайрат-жігерін Отан үшін жұмсап, ұлан-ғасыр ғылыми және мемлекеттік қызметінің бар жемісін халық игілігіне арнаған, шарапатын көпке тигізе білген үлкен ғалымның өмір жолы, ерлік еңбегі – ғибрат тағлым.[1]

Ғалымның парасатты қызметі халқының көз алдында өтті, оның әрбір әсерлі қадамы замандастарының есінде қалды. Сондықтан академик Қ.И.Сәтбаевтың ғажап өмірі, ғалымдық жолы тірі кезінде де өнеге еді. Енді оның дүние салған уақыты алыстаған сайын халқының ардақты адал перзентінің өмір жолының мәні мен ғибраттылығы, ұрпақ үшін қажеттілігі бұрынғыдан да ұлғая, биіктей түскен тәрізді.

Мен бұл жұмысты жазғандағы мақсатым, біріншіден, Сәтбаевтың өміріндегі жетістіктерін, бойындағы ерекше қасиеттерін жастарға жеткізу және өзіме де үлгі тұту. Екіншіден, аз да болса ізденіп жүрген оқушыларымыздың, студент замандастарымыздың қатарын көбейту. Сонымен қатар Қ.И.Сәтбаев сияқты сирек кездесетін ғалымдарымыздың өмірін талқылау мен үшін қызық дүние болып көрінді. Дегенмен, менің оқуымның бағыты экономика ғылымы болғандықтан, мұндай тақырыпта істелінетін жұмыстар өте аз, жоқтың қасы десек те болады. Міне, бұл жұмысқа бас ұрып отырғандағы мақсатымның бірден-бір себебі осы деп ойлаймын.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясы Павлодар уезі Ақкелін болысының 4-ауылында (қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы ауыл) дүниеге келді. Заңғар биік жар тастары, көгілдір көлдері, жап-жасыл қарағайы бар, одан әрі бозғылт жусан, тікенекті боялыш басқан, саршұнақ жортқан, аспанында қыран ұшқан Қ.И.Сәтбаевтың туған жері туралы халық:

«Баянауыл басынан бұлт кетпес,

Қиядағы түлкіге құсым жетпес», -

деп әлі күнге дейін ән шырқайды. Қаныш Сәтбаев бала кезінде алуан түсті тастары бар тау мен жазық даланы бірдей жақсы көрген. Ол өзінің теріден жасалған қапшығына әр алуан сұрғылт, қызғылт, сары тастарды жалықпай терген екен.

Қаныш мектеп есігін ашқаннан соң көп ұзамай-ақ қатарының алды болған. Хат танығаннан кейін-ақ кітаптан бас алмайтын, өте зерек бала болған. 1911 жылы Қаныш

Павлодардағы екі жылдық училищеге түседі. Мұнда да алдына жан салмаған Қаныш, ұлы Абай бір кезде білім алып, өлең жазған Семейге аттанды. Онда мұғалімдер семинариясына түседі. Оқудың қиындығына қарамастан, мойымай, көз майын таусып көп оқиды. Кітапханада Абайдың жерлесі жас Мұхтар Әуезовпен кездесіп, достасып кетеді. Қаныш Семейде қазақ ақыны Торайғыровпен де танысып, оның өтініші бойынша Карл Маркстың кітабын оқып, оны қазақ тіліне аударған көрінеді. Жас Сәтбаевтың әдеби қызметі, міне, осылай басталған екен.

1918 жылы Қаныш Сәтбаев Семейдегі екі жылдық педагогтік курске мұғалім болып орналасады. Ол қалт еткен бос уақытын кітап оқумен өткізеді. Оқыған кітаптарының басым көпшілігі тастар туралы болған көрінеді. 1919 жылы Қаныш Сәтбаев ауыл мұғалімі болып жұмыс істеген. Ол өзінің бұл жетістігімен ата-анасын риза қылумен қатар, бүкіл ауылының мақтанышы болған.

Қаныш Сәтбаев ұстаздық қызметін атқарып жүріп, өз білімін толықтыруды тоқтатпаған. Ол балаларды оқытып қана қоймай, өзі де қажымай-талмай көп оқыса керек. Бірақ, шамадан тыс еңбектену оның денсаулығын әлсіретіп, дәрігерлердің анықтаулары бойынша өкпе ауруына шалдығады. Дәрігерлердің таза ауада дем алып, қымыз ішу керек деп үзілді-кесілді талап қоюына байланысты Қаныш өз үйіне келіп, шипалы қымыз ішіп емделеді.

Осындай өзгерістерден кейін, 1920 жылы жас Сәтбаев учаскелік халық сотының төрағасы етіп тағайындалады. Ол халықтың өмірімен, оның үлкенді-кішілі тартыс-таласымен танысты, сот жұмысында бір жазықсызды жалалағанша, көп жазықтыны жазасыз жібермеген жөн деген принцип қатаң ұстанды. Сөйтіп ешкімнің ығына жығылмайтын әділетті сот болған Сәтбаев, сол кездегі өз ауылының сүйіктісі болса, қазіргі кезде еліне адал қызмет ететін жастарға өнеге, үлгі екенін атап өткеніміз жөн.

Қаныш Сәтбаев көп еңбек етудің салдарынан, қайтадан денсаулығын нашарлатып алады. Сол себептен қымыз ішіп емделуді қайта бастайды. Осы кезде тағдыр оны қымыз ішіп, емделуге келген орыс ғалымы, геолог, профессор Михаил Антонович Усовпен табыстырады. Бірі егде, бірі жас – ол екеуінің бар ықыласы геология ғылымы екені көп ұзамай белгілі болды.

Усов Сәтбаевқа Томскідегі Сібір технологиялық институтына түс деп ақыл береді. Сөйтіп, 1921 жылы Қаныш Сәтбаев тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөлімшесіне түседі.[4]

Усовтың басшылығымен жаны қалаған геология ғылымын бар зейінін салып зерттейді. Усовтың екі сағаттық лекциясы оған аздай көрінсе керек, ол курстас жолдастарына – лекция неге тез аяқталады осы тегі қоңырауды ерте соғады-ау деймін, - деген екен.

Өзінің студенттік шағын еске алып жазған жазбаларында былай деген: «Томскідегі студенттік кезімде терең де тың геологиялық идеялары бар, геология мен туған Сібірінің табиғатын жанындай қырағын, жан дүниенді баурап алатын адамгершілігі зор ғалым академик Усовпен тығыз қарым-қатынас жасадым, ұлы орыс халқының лайықты перзенті болған нағыз ізгі адам маған зор әсер етіп, шексіз алғыс сезімді туғызады».

Ол өз жұмысын Атбасар түсті металдар терісінің геологы болудан бастаған. Жезқазған және Атбасар түсті металдар терісінің геологы болудан бастаған. Жезқазған және Усовпен мыс кеніштеріндегі геологиялық барлау жұмыстарына қатысқан. Үлкен Жезқазған проблемасын ұсынып, осы ауданның ірі перспективалары туралы Ауыр өнеркәсіп халық комиссары С.Орджоникидзеге мәлімдеме жасаған, ал, ол бұған толық қолдау көрсетіп, Сәтбаевтың тікелей қатысуымен мыс өнеркәсібінің еліміздегі ең ірі орталығы бой түзеген. Үлкен Жезқазған проблемасын шешу тұсында Қаныш Сәтбаев юрск және миоцен жас мөлшеріндегі тас көмір кеніштерін зерттеу, бағалауға назар аударған, темір, марганец, алтын, полиметалдар, отқа төзімді заттар, құрылыс

материалдары жөніндегі мақалалар жарияланған, яғни геология ғылымының әр түрлі саласынан өзінің жан-жақты білімдерлігін танытқан.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың аса үздік ғылыми жетістіктері деп Қазақстанның болжам карталарының принциптерін белгілеуді және жасауды айтуға болады. Қаныш Имантайұлы өз ұстаздарының идеяларын шебер дамытты. Болжам карталары Орталық Қазақстанның минералдық шикізат базасын игеруде өте-мөте зор пайдасын тигізді. Болжам карталарда белгіленген алаңдарда жүздеген жаңа кеніштер ашылды. Қаныш Имантайұлы көптеген, әрі сан алуан пайдалы қазбаларды ашуға жетекшілік еткен.

Қазақстанның экономикалық даму перспективаларының болашағы оның жер қойнауындағы орасан зор табиғи байлықтарымен байланысты екендігі жасырын емес десек, өткен XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарының ортасында геологиялық тұрғыдан Қазақстан аумағы "ақтаңдақ" болып есептелді және Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесінің шын мәнінде барлығы дерлік бар екендігін дәлелдеу үшін Сәтбаевтың және оның мектебінде тәрбиеленген қазақстандық геолог-ғалымдар мен өндірісшілердің көп жылғы жанқиярлық еңбегі қажет болды. Бүгінде шетелдік инвесторлар өздерінің қаржыларын осы жер асты байлығымызға және біздің салыстырмалы түрде осы байлықтың дамыған өндіруші және өңдеуші өнеркәсібіне салуда. Осыдан жарты ғасыр бұрын-ақ Қаныш Имантайұлы: "Біздің табиғи байлықтарымызды ақылға қонымды пайдалану ғана халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени деңгейін, оның экономикалық және әлеуметтік дамуын айқындайды", - деп айтқан болатын. 1926 жылдан бастап Жезқазғанда ресейлік академиктер Усов пен Обручевтің шәкірті болған жас тау-кен инженері Қаныш Сәтбаевқа зерттеушілердің шағын отрядымен рудалардың барланған қорын төрт жүз елу есе арттыруға мүмкіндік туып, әлемдегі ірі мыс кенішінің атағын әйгіледі. Ал 1934 жылы күзде ең алдымен Мәскеуде Жезқазған проблемалары бойынша КСРО Ғылым академиясының сессиясын өткізуге (сол кезде Қазақстанда ғылым әлі өркендей қоймаған кез), содан кейін сессия қорытындыларына сүйене отырып, КСРО ауыр өнеркәсібінің халық комиссары Серго Орджоникидzenің қабылдауында болып, Жезқазған мыс қорыту комбинатының, Жезқазған кеншілер қаласының және оған баратын темір жолдың құрылысы туралы мемлекеттік шешім шығартуға қол жеткізеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ауылшаруашылығын өркендетудегі рөлі де баға жетексіз. Оның басшылығымен малды әр түрімен будандастыру жөнінде жұмыс басталды (қазіргі кезде малдың бірнеше тұқымы шығарылды). Қаныш Имантайұлының ықпалымен республикада генетикалық ой даму алды.[2]

Халықаралық планета орталығынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, жаңа планетаның орбиталық элементтерін есептеп шығарды. Сөйтіп, оны кіші планеталардың халықаралық каталогына енгізді. Сонымен енді, міне, Жерден жүздеген шақырым қашықтықта космос төрінде Қаныш Сәтбаев атындағы планета ұшып жүр.

Қаныш Сәтбаев туралы жазба деректерде ғалымның замандастары жазған ой-пікірлер көп-ақ. Омаровтың қолжазбасынан алынған материалда Қаныш Имантайұлы туралы былай делінген: «Қаныш ер тұлғалы адам ғана емес, сырт суретінің өзі оның асқар ойлы ғалымдығына, ақыл-парасат, адамгершілігіне сайма-сай еді. Сол заңғар, батыр тұлғасы істеген ісінде, қоғамдық жұмысында, адамдармен қарым-қатынасында да байқалып, Лев Толстой айтқандай: асыл ақыл-ой асқар адамға тән, дегенді паш етіп тұрушы еді».

Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған, дүниежүзінде белгілі ғалым болды.[4]

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекеев М. «Қ.И. Сәтбаев және алғашқы алгебра оқулығы»
2. «Тағзым» - Павлодар: ҒӨФ, «Эко», 2003 ж.
3. Қазақ совет энциклопедиясы 10-том, Алматы. 1977 ж.
4. Қ.И.Сәтбаев «Ғылыми еңбектері» Алматы 1970-1979 жж.

Қ.И.СӘТБАЕВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Ахтамбердинова Надира Асылкановна
Астана қаласы М.Мақатаев атындағы №74 мектеп –гимназия*

Ғалым Қаныш Имантайұлының өміріне зер салғанда осы бір маңызы зор жұмыстарға зер салмай кету мүмкін емес. Жаңа академияның жанынан ядролық физика, математика мен механика, гидрогеология мен гидрофизика, мұнай және табиғи тұздар, химия-металлургия, тау-кен, ихтеология мен балық шаруашылығы, экспериментті биология, экономика-философия және құқық, әдебиет және өнер, тіл білімі институттары ашылды. Ғылым ордасына М.Әуезов, А.Бектұров, И.Г.Галузо, М.И.Гораев, А.Жұбанов, Н.Г.Кассин, С.Кеңесбаев, Н.В.Павлов, М.Р.Русаков, Н.Сауранбаев, Г.А.Тихов, В.Г.Фесенков, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Қ.Мыңбаев секілді белгілі оқымыстылар шоғырлана бастады. Қазақстан Ғылым академиясы тез өсіп, жедел дамыды.

Ғылыми мекемелердің саны мен сапасы артып, ғылыми кадрлар жылдам қалыптасты. Қ.И.Сәтбаев дарынды жастарды қолдап, олардың өсуіне көп көңіл бөлді. Ғалымдардың жұмыстары аса келелі мәселелерге бағытталды. Ғылым академиясының президенті Маңғыстау түбегінің табиғи ресурстарын кешенді түрде зерттеу және көмір, мұнай, газ, қара металлургия рудаларының жаңа кен орындарын игеруге байланысты зерттеу жұмыстарын тікелей өзі басқарды, сондай-ақ Ертіс-Қарағанды каналының құрылысын жасауды ұсынып, оның әр кездегі мәселелеріне белсене қатысып отырды. Ол халық ағарту саласында және жоғары мектептің дамуына ерекше көңіл бөлді, жоғары техникалық оқу орындарын политехникаландыру бағдарламасын ұсынды.

Көп жылдар бойы Қазақ тау-кен институтының мемлекеттік емтихан комиссиясын басқарды. Қ.И.Сәтбаевтың студент кезінде орта мектептерге арнап қазақ тілінде жазған "Алгебра оқулығы" педагогика саласына қосқан зор үлесін көрсетеді. Әмбебап білім иесі академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми дүниетанымы кең еді және ол жаратылыстану ғылымдары шеңберімен ғана шектелмейтін. "Қаныштың бір үлкен ерекшелігі, – деген еді Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі". Тамаша сөз! Қаныш аға қазақтың тарихы, мәдениеті, музыкасы мен фольклорының терең білгірі саналады, оның Орталық Қазақстан аймағында жүргізген археологиялық зерттеулері, педагогика мен әдебиет саласындағы еңбектері жұртшылыққа кеңінен таныс. Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" романына алғаш талдау жасап, зор баға бергенін, А.В.Затаевичке 25 халық әнін тапсырғанын ескерсек, "Обаған" атты әңгімесін қайталап оқи түссек, "Қарсақбай ауданы жайлы табиғи-тарихи очерктеріне" қайыра көз салсақ, ғылым мен мәдениет жайындағы еңбектерін мұқият білсек, дананың зор тұлғасын тереңірек түсіне бермекпіз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бір сырлы, мың қырлы азамат-ғалым болғанын осы аталған және әлеуметтік, саяси, экономикалық, ғылыми салалардағы басқа да еңбектері айқындап беріп отыр. Кейбір мамандар Қ.И.Сәтбаевтың артына қалдырған үш мұрасы ретінде Жезқазғанды, Ғылым академиясын, Геологиялық институтты атайды, кейбірі бұл санды тоғызға жеткізеді. Негізінде академиктің ауқымы кең, жарқын қырларына сан жетпейді[1].

Алайда ғалымның өмір жолының шырқау шыңы – формациялық металлогениялық талдаулар мен қазба кен орындарының болжамын жасаудың жан-жақты тәсілін табу, әдісін көрсету болып табылады. Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы әлемдегі теңдессіз ғылыми еңбек ретінде тарихқа енді. Осы еңбектері арқылы ғалымның кеменгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі жер жүзіне мәшһүр болды. Қ.И.Сәтбаев аталған еңбектерінің нәтижесінде металлогениялық ғылымды дамытушылардың алдыңғы қатарынан орын алып, Қазақстандағы металлогения ғылымының атасы атанды. Металлогениялық болжам картасын жасаудың Қ.И.Сәтбаев көрсетіп берген принциптері мен әдістері бұрынғы одақтық геология өкілдері тарапынан қолдау тапты. Ол жасаған металлогениялық талдау әдістемесі, сондай-ақ кеннің пайда болуы және кен орындарын болжау теориясы жөніндегі қағидалары геология ғылымы мен тәжірибесіне, әсіресе, металлогения ғылымын өркендетуге ерекше септігін тигізді. 1958 жылы академик Қ.И.Сәтбаев бастаған бір топ қазақстандық ғалым-геологтарға Орталық Қазақстанның металлогениялық картасын жасаудағы, оның методологиялық негізін анықтаудағы дүниежүзілік геологиялық тәжірибеде бұрын-соңды болып көрмеген үздік еңбектері үшін Лениндік сыйлық берілді. Бұл марапат Қ.И.Сәтбаевтың қазақстандық геология саласында өз мектебі барын, сол мектептің бастаушысы екендігін бүкіл әлемге танытты. 1957 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін Қаныш Имантайұлы КСРО геологтары ұлттық комитеті бюросы төрағасының орынбасары, әлемдік металлогениялық карта бойынша кеңестік комиссияның мүшесі болды. Минералдық ресурстарды тиімді пайдалану, кеннен металлды ысырапсыз бөліп алуды кеңейту салалары бойынша кешенді зерттеулерді ұйымдастыру мәселелері де Қ.И.Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты [2].

Академик Қ.И.Сәтбаев Қазақстанның халықаралық байланыстарын қалыптастыру мен дамытуға, қазақ ғалымдарының Ресей, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан, Грузия, Қырғызстан және басқа да республика ғалымдарымен ынтымақтастығын нығайтып, тереңдете түсуге көп күш-жігер жұмсады. Оның осы салаға сіңірген еңбегі КСРО ҒА Төралқасының мүшесі, Тәжікстан ҒА-сының құрметті мүшесі болып сайлануынан танылады. Қ.И.Сәтбаев 1947 жылы парламентарийлердің сапында Англияда болып, Уйнстон Черчиллге қазақ халқы жөнінде үлкен әсер қалдырды. Қазақстан ғылымының басшысы 1958 жылы Қытай Халық Республикасы геологтарының бірінші конференциясына қатынасты. Бұл іссапарларының бәрі де тарихи уақиғаға айналды. Академик Қ.И.Сәтбаев лениндік және мемлекеттік сыйлықтарды тағайындау Комитетінің, Жоғары аттестациялық комиссияның, сондай-ақ көптеген ғылыми журналдар редколлегиясының мүшесі ретінде бұрынғы Кеңес Одағында ғылымды дамыту мен ұйымдастыру ісіне көп еңбек сіңірді. Академик М.В.Келдыш: "Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еліміздегі тамаша геологтардың санатында еді. Геология саласындағы аса көрнекті ғалымдардың бірі болып табылады. Ол геологиялық теорияның дамуына орасан зор үлес қосты" деп ерекше бағалады[3]. Әйгілі академик, КСРО ҒА-ның бұрынғы президенті, ұлы ғалымның тап осындай баға беруі – Қ.И.Сәтбаевтың әлемдік өреде ғылыми сара жол салғанының дәлелі.

Қазақ ұлттық техникалық университетіне, Астананы сумен қамтамасыз ететін Ертіс-Қарағанды каналына Қ.И.Сәтбаев аты берілген. Ұлы ғалымға арналған ескерткіштер Қарағанды, Павлодар, Атырау, Көкшетау, Жезқазған, Сәтбаев, Степногорск қалаларында тұрғызылған, республиканың елді мекендерінде көптеген мүсіндер салынған, ғалымның өмірі мен ғылыми қызметіне арналған мұражайлар бар. Оның есімімен ондаған мектептер, көшелер, Алматыдағы Геологиялық ғылымдар институты, Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты, кіші планета және "Сәтбаев" жаңа минералы, Іле Алатауының тау шыңы, гүлдер сорты аталды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1987 жылғы 14 тамыздағы "академик Қ.И.Сәтбаевты мәңгі есте

қалдыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" № 380 қаулысын орындау мақсатында Алматыда академик Қ.И.Сәтбаевтың мемориалдық мұражайы құрылды[4].

Жыл сайын 12 сәуір – ғалымның туған күнінде Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Сәтбаев және т.б. қалаларында ғылыми форумдар, көрмелер, Сәтбаев оқулары өткізіледі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аужанова Г. Қаныш Сәтбаев сан қырлы ғалым/ Г.Аужанова// Қазақ тілі мен әдебиеті.-2005.-№5.-Б.98-99
2. Қаныш аға: жеке тұлға өмір баяны/ құраст. Ш.Қ Сәтбаева, Ғ.О.Батырбеков, Ә.Қ.Жармағамбетов.-Алматы: Жазушы,1989.-400 б.
3. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2005.-728 б.
4. Рухани жаңғыру халықаралық конференциясының материалдары: тұлға мұрасы". - Астана, 2018.

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТАРИХҚА ҚАЛДЫРҒАН ІЗДЕРІ

Бекова Лиза Сегізбаевна

Астана қаласы, №79 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

"Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған адамды қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас".

Қ.Сатпаев

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті, атақты геолог Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қаныш Сәтбаев көрнекті геолог-ғалым, геология минералогия ғылымдарының докторы, ҚазКСР ҒА ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті, КСРО ҒА академигі. Азан шақырып қойған есімі – Ғабдул-Ғани Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 31 наурызда қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы №4- ауылда дүниеге келген.

Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.Бүгінде оның еліміздің дамуына үлкен серпін бергені туралы ойлана бермейміз. Алайда өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстан сауатты және ағартушылық қоғам болғанымен, кез келген кәсіби инженер кадрларды Ресей немесе Өзбекстан даярлап, ғылыммен Қазақстанға келген мәскеулік немесе ленинградтық ғалымдар ғана айналысты.

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары – үлкен Жезқазған кенорны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді.

Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық және Шығыс Қазақстанда қазақ геологтарының ғылыми тобымен заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізген терең де жүйелі зерттеулері 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын аналитикалық жүйелеуге алып келді. Осылай 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» (ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығ., 3–35-бб.) атты іргелі ғылыми еңбегі шықты. «Мәселенің ғылыми әзірлемесіндегі кешенділік, зерттеулердің барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды сараптаудағы нақтылық, қорытудағы объективтілік пен шығармашылықтағы бірлестік – міне, бұл Орталық Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың металлогениялық болжам картасын құруда басшылыққа алынған методологиялық принциптер», – деп жазды Қ.Сәтбаев.

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихтақалдырған еңбектері мол. Ш.Уалиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді.

Сарыарқаның металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген.

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта металл кендерінің бай кенорындарын ашуға мүмкіндік берді. Шашыраңқы фактологиялық аймақтық мәліметтерді Орталық Қазақстанның біртұтас кешенді геологиялық картасына жүйелеу Қ.Сәтбаевқа кеңістікте орналасу заңдылығы туралы іргелі және әмбебап ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Таңқаларлығы сол – бұл ғылыми тұжырымдар, сандық математикалық есептеулер мен мәліметтер компьютерлік ынталандыру дәуіріне дейін жасалғаны және қазіргі кезде олардың ғылыми дәлелденгені. Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары Қ.Сәтбаев жасаған ғылыми қорытындылар – геолог-ғалымның дарындылығы мен кемеңгерлігінің көрінісі, ал геологиялық салада жасаған ғылыми тұжырымдары – қазіргі тілмен айтқанда, дәйексөз алудың жоғарғы көрсеткіші. Қ.Сәтбаевтың постулаты – «Скарнды және гидротермалды металлогениялық формацияның әртүрлі қабаттық дизъюнктивті бұзылулары қалыптасатын жыныстар түрлерінің физикалық қасиеттері бойынша әртектілік арасында айырықтың айқын көрінген құрылымдық беттері бар жыныстардың қабаттар кешеніне осындай айрықша кеңістіктің ыңғайластырылғандығы ғана жақсы болып табылмайды, сондай-ақ Орталық Қазақстан жағдайында ғана емес, бүкіл әлемнің эндогендік металлогениялық формациялардың кеңістікте орналасуының әмбебап заңдылықтары болып табылады».

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Отандасымыздың туғанына 125 жыл толуына орай оның еліміздің дамуына, ұлттың

инновациялық санасының – Рухани жаңғырудың – қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап кеткен жөн!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 485-487
2. Сатпаев К.И. Материалы к библиографии ученых Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2002. – С. 45-46.
3. СарсекеевМ.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 559-561бб.
4. Қаныш Сатпаев: «Мой народ выше меня» // Казахстанская правда. 24.01.2014
5. Советская геология, 1957 ж.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Боксенова Айнура Габитовна

Астана қаласы, №79 мектеп-лицейінің мұғалімі

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті, атақты геолог Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – ғалым-геолог, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған. Қаныш Сәтбаевтың таңдаған мамандығы геолог болса да осы оқу қызметте жүру оны өнер мен әдебиеттен ешқашан алыстатқан емес.

Әдебиет пен өнер жалпы халықтың ортақ қазынасы. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңменен жер қойнына кірер денең,»-деп Ұлы Абай Құнанбаев айтқандай, әдебиет пен өнер сәбилік кезеңнен бастап еңкейген кәрілік кезеңге дейін бірге қызмет етеді. Сондықтан әдебиет пен өнер тақырыбында, оның зерттеуіне үлес қосқан әдебиеттанушылар кезеңдері болды. Оның қазақ әдебиеті мен өнеріне қосқан үлесі зор.

Қаныш Сәтбаев туралы не білеміз? Кезінде ҚазКСР ҒА академигі Қ.Жұмалиев Қаныш Имантайұлы туралы бейнелі түрде былай деген еді: «Ол бала күнінен тау бөктерін тамашалап, шатқалдардағы тау ағындарына құлақ түріп, жазғытұрымғы қымыз іспетті шөптер мен гүлдердің иісі сіңген ауамен тыныстап өсті. Қазақстанның қатал да нәзік, тәкаппар да мейірімді табиғаты бауырына алып, қанатын қатайтты». [1,239 бет]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ауыз әдебиетінің жетік маманы екені, оның шешендік қабілеті, әншілігі, өз ұлтының салт-дәстүрінің білгірі және оны қастерлей білетіндігі жөнінде орыс ғалымдары мен қазақтың өнер шеберлері мойындап қойған. Әміре Қашаубаевтың жазбалары соның дәлелі.

Қаныштың әдебиетке деген құштарлығының оянуына себепші болған Алаш көсемдерінің ықпалы, солардың тәлімі айрықша болғандығында жатыр.

Қаныштың Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде дәріс алған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ә.Сәтбаев, Нұрғали және Назипа Құлжановтар еді. Алаш арыстары білімге құштар жас Қаныштың дүниетанымының жаңаша қалыптасуына зор ықпал етті. Қаныш семинарда оқып жүргенде Шығыс Еуропа классиктерімен танысып, олардың туындыларын оқып, Қаныштың әдебиетке деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түсті. Осы семинарияда өткізілген түрлі әдеби кештерге белсене қатысты. Бала кезінен Ұлы Абайдың өлеңдерін нақышына келтіріп оқитын еді. [2,25бет]

Қаныш ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын жазып алып, талдау жасап, зерттеу жүргізген. Оның негізгі еңбектері зерттеу жұмыстарына арналған тау-кен геологиясы және минералдыресурстар кен орын алды. Қ.Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі өте зор.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған.

Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген.[5]

1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақпай, Атбасардың мүмкіндіктерін талдады, Спасск, Қарағанды көмір бассейні және Қаратау полиметалл кендерінің кен орындарын т.с.с маңызды ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды [2, 26 бет].

1946 жылы 1 маусымда Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды, оның тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі атағына ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы өндірістік орындармен творчестволық байланысты нығайту үшін академияның кезекті сессияларын Алтай, Орталық Қазақстан, Қостанай, т.б. республиканың өндірістік орталықтарында өткізді.

1951 жылы "ұлтшыл" деген жаламен Қ.И.Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылды. 1955 жылы Қ.И.Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді. Қазақстан Ғылым Академиясының жұмысын дамыта түсті. Көптеген салалы ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді. Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым Академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары – Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуды ұйымдастырды. Академик Қ.И. Сәтбаев – энциклопедиялық білімі бар ХХ ғасырдың ғұламасы. Ол өз заманының сан алуан салалар мен тарауларға бөлініп, жоғары дамыған ғылымының бәрінен хабардар болды. Әр ғылым саласының заңдары мен байлығын ашып, халық игілігіне пайдалануға қалтқысыз еңбек етті.

Қ.И.Сәтбаев – жаңашыл ғалым. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды. 1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген металлогениялық болжам карталары жасалынады. Қ.И. Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтар күні Сталинге "Жазықсыз кінәлі болғаным ба?" деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтбаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, жоғары мәселе бойынша объективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айыппен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді.

Қ.И. Сәтбаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып тағайындалды.

1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» атты іргелі ғылыми еңбегі шықты.[3,35 бет]

«Мәселенің ғылыми әзірлемесіндегі кешенділік, зерттеулердің барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды сараптаудағы нақтылық, қорытудағы объективтілік пен шығармашылықтағы бірлестік – міне, бұл Орталық Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың металлогениялық болжам картасын құруда басшылыққа алынған методологиялық принциптер», – деп жазды Қ.Сәтбаев.

Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары «Орталық Қазақстанда эндогендік кендену аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары» атты ғылыми мақаласында толығымен берілген. [4,109-бб]

Қазіргі Қазақстанның әдебиеттанушылары мен ғылыми қызметкерлерінің жас буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі.

Қорыта айтқанда кез-келген табыс астында үлкен еңбек, қажыр-қайрат, табандылық пен білім керек. «Еңбек-бәрін жеңбек» дегендей. Әрине еңбектенсең ғана мақсатыңа жетесің. Сол сияқты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбек дәрежелерімен мақтанамыз. Қаныш Сәтбаевтың артынан қалған мұрасы мол. Бүгінгі таңда Қаныштың еңбегі ел есінде мәңгі қалады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик К.И. Сәтбаев., сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965.
2. ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығарылым.
3. "Қаныш" энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясының" редакциясы, 2011 жыл.
4. Советская геология, 1957, №58,
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ

Ережепова Ұлбосын Сағымбекқызы

Астана қаласы, Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей мұғалімі

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 31 наурызда (кей деректе 12 сәуірде) қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы № 4- ауылда дүниеге келген, алуан түрлі тастары бар тауларды, дархан даланы жақсы көрген. Қазақ ғылымыны өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстанның геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаған. Геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан ғылым академиясының ұйымдастырушыларының бірі, әрі тұңғыш президенті. Қаныштың атасы Сәтбай ауылға сыйлы, көзі ашық адам болған екен. 1902 жылы қажылық кезінде қайтыс болып, Меккеде жерленген. Ал әкесі Имантай бірнеше тілде еркін сөйлеген, орыс географиялық қоғамының корреспондент мүшесі болған.

Академик Қаныш Имантайұлының ғұлама ғалымның шын есімі-Ғабдулғани. Арабшадан аударғанда «шексіз байлық иесі, ешкімге мұқтажсыз Алланың құлы» деген мағынаны береді. «Ғани», «Ғаныш» еркелете келе «Қанышқа» айналған.

Қаныш Сәтбаев өнердің сан-саласында озық болған, музыка тындағанды ұнатқан, биді қадірлейтін, археолог-ғалым Әлкей Марғұланның айтуынша Қаныш Сәтбаев полька, мазурка, вальс билерін билеуге қызыққан екен. Қаныш Имантайұлы алғашқы қазақ мектептеріне арналып ана тілінде жазылған «Алгебра» оқулығының авторы. Алғашқы ғылыми еңбегіне жататын оқулық қолжазбасының көлемі-1642 беттен тұрған.

1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғарғы Советінің делегациясы құрамында Англияға барған. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш ағаға тесірейе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?»-деп сұраса керек. Сонда Қанеке: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік», -деп жауап беріпті.

Академик Қаныш Сәтбаевтың ең ірі жобасы «Ертіс-Қарағанды» каналы. Сәтбаев 1958-1959 жылдары өзі кәміл сенген істі, Ертіс суын Сарыарқа жонына көтеру жобасын екінші мәрте қозғап, кешенді істің Кеңес үкіметінің жетіжылдық жоспарына енуіне мұрындық болған. Бірақ жобаның құрылысы 1961 жылы басталып, 1967 жылғы желтоқсан айында бірінші кезегі аяқталып, Ертіс суы Екібастұзды жанамалай, 475 метр өрдегі Қарағанды мен Теміртау қалаларына жетті. Содан беріде Орталық Қазақстан алқабы иен суға шаш-етектен кенелді. Осы жұмыстың басында жанқиярлық еңбегін сарп еткен қазақтың Қанышы болатын.

Қаныш Сәтбаев қазақ археологиясының бәйтерегі, ғалым Ә. Марғұланды қуғын-сүргін азабынан құтқарып, Алматыдағы КСРО Ғылым Академиясының филиалына жұмысқа алады. Сондай-ақ Сәтбаев оған археологиямен айналысуға кеңес береді.

Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Ұлы жазушы мен ұлық ғалым Семейдегі семинарияда бірге оқыған. Қаныш Имантайұлының көзін көрген Сіләмхан ақсақалдың айтуына қарағанда, екеуі бір жатақханада, бір пәтерде тұрған. Жастайынан бір-бірін тап басып таныған қос таланттың арасындағы адал достық, соңғы сәтке дейін жалғасын тапқан.

Ғұлама ғалым, академик Қаныш әкесі Имантайдың кіші жарынан туған. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызымен ширек ғасырға жуық тату-тәтті отасқанымен, орталарында бала болмапты. Нұрым бір қыз туған екен, оның өзі де жастай шетінеп кетіпті. Бір қызығы, Имантайдың бәйбішесі күйеуінің төсек жаңғыртуына қарсы болмай, кіші жарды өзі таңдап берген. Бәйбішенің таңдауы отыздан асқан Әлимаға түскен. Әлима-әйгілі Мұса Шорман әулетінің келіні болған, жасынан жесір қалған.

Қаныш Сәтбаев алуан түрлі тастары бар тауларды, дархан даланы жақсы көрген. Ол кішкентайынан тау-тастардан, қыраттардан әр түрлі түске боялған тастарды жинаған.

Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада тамаша ойнаған. Қазақ және украин әндерін орындауды ұнатқан. Қаныш Сәтбаевтың орындауындағы әуендерді тұңғыш рет тыңдаған белгілі музыка танушы-фольклорист Александр Затаевич Қаныштың орындауындағы 25 қазақ әнін жазып алған.

Мәскеудің тапсырмасы бойынша Қазақстанның жерасты қазба байлығының картасын жасаған кезде Қаныш Сәтбаев төрт-бес ірі кенішті картаға кіргізбейді. «Бұл қалай?» деген орыс ғалымдарына: «Ондағы рудалар өте тереңде. Қаржыны да, техниканы да көп қажет етеді. Сондықтан бұл жерді картаға кіргізуге әлі ерте», - дейді. Ал өзімен сырлас, сыртқа сыр шашпайтын достары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланға: «Әдейі жасырып алып қалдым. Кейінгі ұрпаққа да байлық керек шығар!» - деген.

Қаныш Сәтбаев жастайынан этнографияға қызыққан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Ер жеткен соң геология ғылымы саласына қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысады. Дегенмен өзінің топонимикаға деген қызығушылығын да жоғалтқан емес. Кейіннен мұның оған орасан зор пайдасы тиеді.

"Қаныштың үлкен бір ерекшелігі-ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі" - дейді М. Әуезов.

Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби туындысы – 1923 жылы "Қазақ тілі" газетіне шыққан "Обаған" әні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұңды даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады.

Қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін Қаныш Сәтбаев "Ән туралы толғаулар", "Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы", "Қазақстанның халық әндері" атты музыка-этнографиялық жинағында жазған ой тұжырымдарынан білуге болады.

Қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан Тарих, Тіл және Әдебиет институтын ашқызады.

Қаныш Сәтбаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады. Бірінші мәселе Партияға өтерде Сәтбаев әлеуметтік тегін жасырды. Екінші мәселе 1927 жылы "Алашорда" ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды. Үшінші мәселе 1927 жылы Едіге туралы буржуазиялық аңызды редакциялап, алғысөзін жазып, шығарманың басылып шығуын қолдады деп айыпталды.

Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада тамаша ойнаған. Қазақ және украин әндерін орындауды ұнатқан. Қаныш Сәтбаевтың орындауындағы әуендерді тұңғыш рет тыңдаған белгілі музыка танушы-фольклорист Александр Затаевич Қаныштың орындауындағы 25 қазақ әнін жазып алған.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Сарсекеев М. «Қазақтың қанышы. Феномен». - Астана, 2018. - 559-561бб.
2. Сатпаев К.И «Избранные статьи». Алма-Ата :Наука КазССР, 1989.
3. Ұлы адамдар өмірі: Қаныш Сәтбаев (el.kz)
4. Есбол Нұрахмет (e-history.kz)
5. Е.Қ.Бейсембетов, ҚР ҰҒА академигі, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры «Қазақстанның дамуында ұлы ғалымның рөлі» (satbayev.university)

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ МҰРАСЫ: ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Жұмабаева Фатима Қытшақбайқызы

Астана қаласы, №93 мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі

Әр халықтың тарихында қоғам өмірінің сан алуан саласында өшпес із қалдырған өзіндік жарқын тұлғалары бар. Қазақстан үшін мұндай нышан көрнекті ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаев болды. Оның мұрасы тарих, әдебиет, білім және өнер салаларына таралып, еліміздің мәдени байлығына өлшеусіз үлес қалдырды.

1899 жылы көшпенділер отбасында дүниеге келген Қаныш Сәтбаев халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі туралы ерекше түсінікке ие болып, кейін оны өз шығармаларында мақтаншыпен бейнеледі. Оның Қазақстан тарихына қосқан үлесін бағаламауға болмайды. Білімге деген сүйіспеншілікпен сусындаған оның санасы жастайынан ұстаздардың назарына ілікті. Стипендия алып, Плеханов атындағы Ресей халық шаруашылығы университетіне оқуға түсіп, ауылшаруашылық ғылымдарын оқыды. Сәтбаев – қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге орасан зор үлес қосқан қазақ ғылыми мектебінің негізін салушылардың бірі[1,14 бет].

Туған жерге оралған Сәтбаев Қазақстанның ғылыми ортасын дамытуға белсене араласты. Ол Қазақстан Ғылым академиясының қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқара отырып, оның негізін салушылардың бірі болды. Оның геология, археология және этнография саласындағы зерттеулері аймақтағы кейінгі көптеген барлаулар мен жаңалықтарға негіз болды.

Қазақстанның әдеби дамуына Қаныш Сәтбаевтың да ықпалы зор болды. Оның шығармалары, оның ішінде тарихи және ғылыми еңбектері, сондай-ақ халықтың мәдениеті мен дәстүрі туралы басылымдар Қазақстан әдеби мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол көптеген ғылыми мақалалардың, кітаптар мен монографиялардың авторы болды, олар әлі күнге дейін зерттеушілер мен студенттер үшін негізгі дереккөз болып табылады.

Білім саласында Қаныш Сәтбаев ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясын құрушылардың бірі болды және республикадағы ғылыми зерттеулердің дамуына белсенді түрде қолдау көрсетті. Оның білім саласына қосқан үлесі тек ғылымда ғана емес, сонымен қатар ел экономикасы мен мәдениетінің түрлі салаларына кадрлар даярлауда да көрініс тапты[2].

Қаныш Сәтбаев негізінен ғалым, қоғам қайраткері ретінде танылғанымен, оның ықпалы өнер саласында да сезіледі. Ол Қазақстанның мәдениеті мен ұлттық мұрасының ыстық ықпалына бөленді және оның қолдауы елдегі көптеген өнер қозғалыстарының дамуына ықпал етті.

Қаныш Сәтбаевтың мұрасы ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлерінің және ағартушыларының жаңа буынын өмір сүріп келеді және жалғастыруда. Оның шығармалары мен идеялары Қазақстанның тарихында, әдебиетінде, білімі мен өнерінде ұмытылмас із қалдырып, оны тек халық қаһарманы ғана емес, сонымен бірге еліміздің прогресінің және мәдени байлығының символына айналдырды [3].

Әр халықтың тарихы мен мәдениетіне сіңірген еңбегі ұмытылмайтын батырлары болады. Қазақстанда осындай көрнекті тұлғалардың бірі – ел тарихының түкпір-түкпірінде мұрасы берік орныққан ғалым, қоғам қайраткері, мәдениет тарихшысы Қаныш Сәтбаев.

Дегенмен, Қаныш Сәтбаевтың мұрасы тек ғылыми жетістіктермен ғана шектелмейді. Қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау ісіне де белсене атсалысты. Оның күш-жігерінің арқасында басқа заманда ұмытылып қалуы мүмкін көптеген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен халықтың тілі сақталды.

Сәтбаев – ғылыми прогрестің символы ғана емес, жас ғалымдарға үлгі-өнеге. Оның табандылығы, қажырлы еңбегі мен ғылымға деген адалдығы ғылыми-зерттеу, білім арқылы еліне игілікке ұмтылған талайларға үлгі болды.

Мәдениет және тарих саласында Сәтбаев бірқатар жаңалықтар ашты, оның ішінде 1935 жылы Жезқазған өңірінен Темірлан жазуы бар тас табылды. Сонымен қатар, 1919-1924 жылдар аралығында ол қазақ тілінде алгебра оқулығын жазып, бұл пән бойынша қазақ тіліндегі тұңғыш мектеп оқулығы болды. Сәтбаев көзі тірісінде 640-тан астам ғылыми еңбек жазып, артына елеулі ғылыми мұра қалдырды. [4].

Ғалым Қаныш Сәтбаевтың жалпы зерттеулері геология, тарих және мәдениет салаларын қамтиды. Сәтбаевтың геология саласындағы көрнекті жетістіктерінің бірі оның Жезқазған аймағын табанды түрде зерттеуі болды.

Кейбір мамандардың сенімсіздігіне қарамастан, Сәтбаев зерттеулерін жалғастырып, 1930 жылдары қоры жөнінен дүние жүзіндегі ең ірі кен орындарының бірі Ұлытау-Жезқазған мыс кен орнын ашты.

Ол сондай-ақ, 1940 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағын сауытты болат өндіруге қажетті шикізатпен қамтамасыз еткен Жездин марганец кен орнын ашу мен игеруді ұйымдастырды.

Сәтбаев өткен ғасырдың 50-жылдарында КСРО-дағы металлогенияны жан-жақты зерттеуге негіз болған «Шөгінділерді формациялық металлогендік талдау мен болжаудың кешенді әдісін» жасады.

Осы еңбегі үшін 1958 жылы Қаныш Сәтбаевқа Лениндік сыйлық берілді. Сталин қайтыс болғаннан кейін және Қазақстандағы билік ауысқаннан кейін Сәтбаев жаңа міндеттерді шеше отырып, республиканың ғылыми қоғамдастығын қайтадан басқарды. Ғалым Ертіс-Қарағанды каналын салуды белсенді түрде жақтап, оның тек егіншілікке ғана емес, қуаң даладағы өнеркәсіп орталықтарына да қажет екенін алға тартты. Сәтбаев КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Косыгинді осы қажеттілікке сендіре алды да, құрылыс басталды.

Замандастары Сәтбаевтың геологиялық сезіміне тәнті болды. Мәселен, Орта машина жасау министрі Славский Сәтбаевтың уран өндірілетін Шевченко қаласына темір жол салуға қалай көндіргенін еске алып, бұл өлке тек уранға ғана емес, басқа да пайдалы қазбаларға бай екенін алға тартты. Бұл болжам 1961 жылы мұнай ағыны ашылғанда расталды. Министр бұл үшін «Алтын батыр жұлдызды» алды.

Сәтбаев, оның пікірінше, оның еңбегі туған жерінде жеткілікті бағаланбағанына қынжылды. Ол депозиттерді болжау және олардың орнын дұрыс табу қабілетімен танылды. Жеке өмірінде ол бәрін тыңдауға және қажет болса көмектесуге дайын, мейірімді және жақын адам болды.

Сәтбаев 1964 жылы қайтыс болуымен Қазақстан тарихында ұмытылмас із қалдырды. Оның есімі көшелер мен ескерткіштерде мәңгілік сақталғанымен, ең бастысы, ол адамдардың жүрегі мен санасында жалғасатын мұра қалдырды. Оның еңбектері, идеялары мен өнегесі болашақ ұрпақ үшін баға жетпес сый, еліне, халқына адалдықпен, адал қызмет ететіндер нағыз батырлар екенін еске салады.

Қаныш Сәтбаев мұрасы – бір адамның ғана әңгімесі емес, ол – бүкіл халықтың тарихы, оның білімге, мәдениетке, өрлеуге деген құштарлығы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекке М. Феномен. Қаныш Сәтбаев туралы деректі роман. – 2018. ISBN 9786013029627.
2. Асқар Минлиахмедұлы Қонаев, А.Абдулин, Т.А.Сәтбаева, КСРО ҒА. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, 1899-1964 жж. Мичиган университеті.«Наука» баспасы, 1982 ж.
3. Қаныш Сәтбаев (1899 -1964). 2018. Сәтбаев Қаныш Имантайұлы. 2011. <https://www.azbyka.kz/satpaev-kanysh-imantaevich?ysclid=lsiipofbt711996001>

Қ.СӘТБАЕВТЫҢ ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Каиркенова Акмарал Секербаевна

Астана қаласы, М.Мақатаев атындағы №74 мектеп –гимназиясының ағылшын пәні мұғалімі

Қ.И.Сәтбаев ғылыми зерттеулері мен практикалық ұйымдастыру қызметін шеберлікпен ұштастырды. 1940 жылы Қазақстанның 20 жылдық тойына байланысты Жезқазған кен байлығын жүзеге асыру жолындағы үлкен еңбегі үшін сол кездегі ең жоғары құрмет – Ленин орденімен марапатталды. Сәтбаевтың есімі бүкіл Одаққа және шетелдерге танымал бола бастады, Қазақстанда аты аңызға айналып, ел құрметіне, зор атақ-даңққа бөленді. Алдыңғы қатарлы ғалым-геолог ретінде дақтық Ғылым академиясының Қазақстандағы бөлімшесі төралқасына мүше болып тағайындалды. Қазақстан үкіметінің аса маңызды, әсіресе индустриялық дамудың негізін қалау жөнінде жүктеген міндеттерін абыроймен ақтады. Қаныш Имантайұлы геологиялық-барлау жұмыстарымен ғана шектелмей, геология ғылымының барлық саласы бойынша жұмыс жүргізді. Жаңа технологияны пайдалана отырып, ғылым мен нақтылы істің бірлігін ұштастырып, сан салалы геологиялық қызмет жүйесінің негізін қалады. Жезқазған қазба кендерінің молдығын айқындау барысында, ондағы мыс кенінің гидротермалді генезисі жайында, кеннің пайда болу және орналасу заңдылықтары жөнінде аса маңызды ғылыми қорытындылар жасады[1].

Қ.И.Сәтбаев – кен инженер-геологы ретінде тау-кен жұмысын да жақсы білетін, әртүрлі кен қазбасы жүйелерін мұқият зерттеген, жер жүзіндегі мысты алқаптардағы кеніштердің геологиясымен бірге кен қазу технологиясын да терең талдаған оқымысты. 1941 жылы Қ.И.Сәтбаев Алматыдағы геологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалды. Сол жылы ол Одақтық Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы төрағасының орынбасары, 1942 жылдан бастап сол филиалдың — болашақ Қазақстан ҒА-ның басшысы болды. "Геологиялық астана" Жезқазғаннан Алматыға көшкендей әсер етті. Алматыда Қ.И.Сәтбаев көптен жүргізіп келген ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастырып, Жезқазған кен-металлургиялық шоғырын жетілдіру, қазба байлықтарын іздеу мен барлау жұмыстарын қамқорлыққа алды. 1942 жылы Қ.И.Сәтбаев Жезқазғанға арналған ғылыми еңбегі үшін геология-минералогия ғылымдарының докторы атағына ие болды. Сол жылы "Жезқазған ауданының кен орындары" атты ғылыми еңбегі үшін мемлекеттік сыйлық берілді. Соғыс кезіндегі ауыр жылдарда ғалым өзінің бар күш-жігерін Отанды фашизмнен қорғау ісіне арнады. Басқа да көптеген қауырт жұмыстардың ішінде өзі ашқан Жездідегі марганец қазба байлығын Отан қорғау игілігіне тез арада аттандыру тамаша ерлікпен пара-пар еді[2].

Қаныш Имантайұлы соғыс кезінде орталықтан жер аударылған ғалымдар мен өнер қызметкерлеріне үлкен қамқорлық жасап, майданға көмек көрсету, әртүрлі күрделі ғылыми мәселелерді шешуде оларды ортақ іске жұмылдырды. Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның кен байлығын Отан қорғау жолына жұмсауға арналған мемлекеттік комиссияның мүшесі болды. Соғыс жеңіспен аяқталған соң Қазақстан ғалымдары халық шаруашылығын одан әрі өркендету жолында көп жұмыс атқарды. 1943 жылы күзде Қ.И.Сәтбаев ғылымды дамытуға қосқан үлесі мен үлкен ғылыми жетістіктерінің нәтижесінде КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі болып сайланды. Бұл жылдары ол Қазақстан магнит-касының құрылысына, Балқаш, Қаратау, Соколов-Сарыбай, Лисаков және Атасу темір кен орындарына аса көп көңіл бөлді.

Осы кезде Қазақстан Ғылым академиясын құру үшін Қ.И.Сәтбаев басқарған КСРО ҒА-ның филиалы үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді. Мамандар іріктеліп, ғылымның негізгі салаларын өркендету өріс алды. Қазақстанның Ғылым ордасының өз алдына шаңырақ көтеруіне Одақтық Ғылым академиясы көп көмек көрсетті. Бүкіл ел

аңсаған арманына жетті. 1946 жылы маусым айында Қазақстан Ғылым академиясы құрылып, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оның алғашқы президенті болып бірауыздан сайланды. Осы жылы қазан айында ол КСРО Ғылым Академиясының толық мүшесі дәрежесіне жетті, шығыс республикалары ғалымдарының арасынан шыққан тұңғыш академик атанды. Бұл ғылым шыңына жеткендіктің белгісі еді.

Қ.И.Сәтбаев зор ұйымдастырушылық қабілетімен, өзінің адам сүйгіш мейірбан мінезімен мамандарды ғылым жолына тарта білді. Майталман өндіріс басшылары Б.В.Гурба, М.Қ.Бөпежанов, В.Г.Береза, А.М.Вартанан, Н.Қ.Жақсыбаев, Ғ.О.Омаров, Д.О.Ешпанов, И.Е.Ли өздерін Қаныш ағаның шәкірттері санап, ақыл-кеңесін алып жүрді. Мамандарға мол сенім артып, олармен тіл таба білуінің арқасында ғылымның барлық саласының тез жетілуіне себепкер болды. Ол тек қана геология ғылымымен шұғылданып қоймай, халық шаруашылығының индустриалды жолмен өркендеуіне ұйымдастырушы ретінде өте зор еңбек сіңірді. Ғылым мен нақты істі ұштастыра жүргізу оның өмір бойғы қайраткерлік кредосына айналды[3].

Қ.И.Сәтбаев қоғам жұмысына бар зейінімен араласты, республиканың әдеби, мәдени, экономикалық және әлеуметтік дамуына, Қазақстанда жаңа индустриалық қоғамның қалыптасуына бар ынта-жігерін арнады. Ол сайлаушылармен Қарағандыда, Жезқазғанда, Атырауда, Өскеменде жиі кездесіп тұрды, бұл кездесулер тамаша іскерлік сипатында өтетін. Академик сайлаушылардың өтініштерін қалтқысыз орындаумен есте қалды. Алайда Қ.И.Сәтбаевтың өмір жолы шымқай жетістіктер мен жеңістерден құралған жоқ. Өкінішті күндері, пәле-жаланың жара салған кезеңдері де болды. Мәселен, 1952-1955 жылдары идеологиялық сипаттағы негізсіз айыптаулардың салдарынан ол Қазақстан ҒА Президенті қызметінен шеттетілді. Бұл жылдарын Қ.И.Сәтбаев Қазақстан ҒА Геология институтының директоры ретінде ғылымға, атап айтқанда, геология ғылымының жаңа тармағы – металлогенияға арнады. Ақиқат жеңді, 1955 жылы ол Қазақстан ҒА-ның президенті болып қайта сайланып, бұл қызметті 14 жылдан аса уақыт атқарды. Ғылым Академиясының негізгі жұмысына сайма-сай келетін қажетті бөлімшелері мен институттары бар үлкен ғылыми мекеменің бой көтеруі академик Қ.И.Сәтбаевтың басқаруымен дұрыс шешімін тапты. Экономика мен мәдениеттің даму жолдарын, республиканың аса бай минералдық-шикізаттық табиғи ресурстарын тиімді пайдаланып, өркениеттің индустриалық мүмкіншілігін нысанаға алу тамаша нәтиже берді [4].

Қазақстанның Мемлекеттік негізі қаланып, экономикасы нығая бастады. Сол жетістіктің нәтижесінде бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның негізгі байлығы – кен байлығы болып отыр. Қ.И.Сәтбаевтың 1940 жылы: "Шығыста – Алтай алабы, оңтүстікте – Қаратау, орталық Қазақстанның кенді жотасы, батыста – Маңғыстау түбегі, міне, осының бәрі ең байлықтың сарқылмас көздері" деп үлкен пафоспен, зор шабытпен айтқан сөзінің өзінен қазақ даласы кен байлығының исі аңқып тұр. Қ.И.Сәтбаев ғылым мен өндірісті үнемі ұштастыру, байланыстырудың арқасында Өндіргіш күштерді біріккен түрде жан-жақты өркендету жолындағы жұмыстарын ғылыми жүйемен жүргізді [5].

Ол аймақтық өндіргіш күштердің өркендеу барысын еске ала отырып, Өскеменде, Атырауда, Қарағандыда, Жезқазғанда, Қостанайда Қазақстан Ғылым академиясының көшпелі сессиясын өткізді. Бұл сессиялар тарихи маңызы зор үлкен іске айналды. Мәселен, Жезқазғандағы 1961 жылғы ғылыми сессияны Қазақ шаруашылық кеңесі, Қарағанды шаруашылық кеңесі, Қазақстан Түсті металлургия министрлігі және Жезқазған кен-металлургия комбинаты бірлесіп өткізді. Мұнда Жезқазған өндіргіш күштерінің даму мәселесі жан-жақты талқыланып, таласы көп істердің тиянақты шешімі табылды. Сонымен қатар Атырауда өткізілген сессия Маңғыстау мұнайын ашуға игі әсерін тигізді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аужанова Г. Қаныш Сәтбаев сан қырлы ғалым/ Г.Аужанова// Қазақ тілі мен әдебиеті.-2005.-№5.-Бб.98-99
2. Қаныш аға: жеке тұлға өмір баяны/ құраст. Ш.Қ Сәтбаева, Ғ.О.Батырбеков, Ә.Қ.Жармағамбетов.-Алматы: Жазушы,1989.-400 б.
3. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2005.-728 б.
4. Қазақтар: көпшілікке арн. 9 томдық анықтамалық. 2 том: Тарихи тұлғала/ құраст.Р.Арын және т.б.-2 басылым, өнд., толықты.-Алматы: Білік,2003.-460 б.
5. Тарихи тұлғалар/ құраст.: Б.Тоғысбаев,А.Сужикова.-Алматы: Алматыкітап, 2006.-37 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Кобекова Асемгул Маралбековна

№79 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964) – қазақ халқының Шоқан, Ыбырай, Абайлар арқылы айтылған өткен кезеңдегі арман ойының кеңестік дәуірде жүзеге асуына ерлік ісімен үлес қосқан адам. Қаныш Сәтбаев өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Адам нағыз Отан сүйгіш патриот болып қалыптасу үшін үш нәрсе керек дейді: білім, тәрбие, мәдениет». Осы айтылғандарға «тектілігін» қосатын болсақ, Қаныш Сәтбаев тұлғасы барлық қырына көрінер еді.

Қаныш Сәтбаев ауыл молдасынан білім алады. Ол араб, парсы тілдерінде оқыған. Мұнан кейінгі екі жыл көлемінде Сәтбаев уездегі алғашқы қазақ-орыс мектебінде білім нәрімен сусындайды. Мектеп Ақкелін аулында ашылған.

1911 жылы Қаныш Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне түседі. Ол үш жыл ішінде төртжылдық бағдарламаны меңгеріп алып, артынша Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түскен. Содан кейін Томск технологиялық институтына түсуге дайындалады.

Асқынған туберкулезді қымызбен емдеу үшін 1920 жылдан 1921 жылға дейін туған өлкесінде болады. Осы кезде Қаныш Сәтбаев қазақ мектептеріне арнап алғашқы алгебра оқулығын жасауды бастайды. Ол педагогикалық училищені бітіріп, алғаш ұстаздық қызметін бастағанда қазақ тілінде математика оқулықтарының жоқ екенін ескеріп, ана тілінде алғаш рет алгебра оқулығының қолжазбасын латын және араб әріптерімен жазған. Алғашқы ғылыми еңбегіне жататын оқулық қолжазбасының көлемі – 1642 беттен тұрған. Бұл жұмысты 1954 жылы бітіреді.

1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ. И.Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді.

1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам – Қ.И.Сәтбаев; М.О.Әуезов; Ә.Б.Бектұров; Н.Т.Сауранбаев т.б. бекітілді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды. Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар

аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті. Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор.

1958 жылы Қ.И.Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды.

Қаныш Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Қ.И. Сәтбаевты ғалым-математик дей аламыз. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін тұңғыш рет қолдану ұсынылады. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

Қ.Сәтбаев табиғи-географиялық сияқты аймақтарды терең зерттеді. Ол дегеніміз – Сарыарқа, Алтайтаусияқты минералды ресурстарға өте бай. 1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақпай, Атбасардың мүмкіндіктерін талдады, Қарағанды көмір бассейні және Қаратауполиметалл кендерінің кен орындарын т.с.с маңызды ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды.

Сәтбаев Қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы. Ғалым бүкіл өмірін геология зеттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат базасын жасауға арнады. Ол Жезқазған мыс кенді ауданын ашты. Қаныш Сәтбаев дарынды адам еді. Ол – 640- тан астам ғылыми еңбектің авторы. «Жезқазған руда кеніші» деген ғылыми еңбегі үшін Қ.И. Сәтбаев Ленин орденімен марапатталды.

«Қаныш аға» кітабы аса көрнекті совет ғалымы, СССР және Қазақ ССР Ғылым академиялары академигі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы естеліктер жинақталған. Олардың көпшілігін Қанекенмен қызметтес болған ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жазушылар, біразаын ғылыммен кездескен, оның еңбектерінен, қызметтерінен әсер алған адамдар жазған. Бұл кітап академик Қаныш Сәтбаевтың ғылымдық, творчестволық, қоғамдық, ұйымдастырушылық еңбегін, орасан зор талантын, шалқар болмысын, таң-тамаша рухани келбетін, үлкен адамгершілік қасиеттерін жұртшылық тереңірек түсінуге септігін тигізбек.

Қаныш Имантайұлы- рудалы кендердің пайда болуы және олардың жер қойнауында орналасуы, таралу заңдылықтарын зерттейтін Қазақстанның металлогения ғылымының негізін салушы. Сәтбаев еңбектері ғылымдағы зор жаңалықтар енгізді, Қазақстан геологиясы өз заманындағы биік сатыға көтерді. Халқымыздың адал перзенті Қаныш Имантайұлы 1942 жылы Жезқазған жеріндегі кенді зерттеудегі зор еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам

ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаз ССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығарылым.
2. "Қаныш" энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясының" редакциясы, 2011 ж.
3. Советская геология, 1957, №58

Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Кожамжарова Кульжахан Махмутжановна

№ 26 мектеп – гимназиясының

бастауыш сынып мұғалімі

Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында Имантай бидің отбасында дүниеге келген. Нәрестеге – Ғадбул – Ғани деген есім берілген. Анасы Әлима еркелетіп «Ғаниым, Ғанышым» деп атаған. Бала облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен.

Томск технология институтының математика факультетіне оқуға түсу үшін математика мен ағылшын тілінен емтихан тапсыруы керек болған. Осы мақсатта Томск университетінің математика факультетін бітірген Семейде еңбек ететін Ғарифолла Нығметулиннен қыс бойы математика пәні бойынша қосымша сабақ алған. [1]

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау – кен факультетін бітіріп келгеннен кейін Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай – ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы мағызды ғылыми қорытындылар жасап, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген.

Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен бірнеше жылдар бойы жүргізілген тынымсыз еңбектің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендерін ашты. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс – Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірген. Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болған. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты; СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі болған. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған.[1]

Ғылым жолында Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926 -1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданның кең көлемдегі геологиялық – барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелденген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927 -1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 – Атасу темір – марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. [1:2]

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарланған. Ғылыми кадрлар даярлау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеудің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен – металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс – Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.[1:3]

Академик ғалым, геолог М. Усов, А.В.Затаевич, В.Г.Ерзакович, Е.В.Лизунова, Ә.Қашаубаев жазбалары соның дәлелі.«Қаныш ғалым-геолог болмай, әнші болса да бүкіл қазаққа танымал зор әнші болатын еді,»- деген ән атасы І.Әміренің сөзі Қ.Сәтбаевтың әншілік дарынына берілген баға.Қаныштың әнге, өнерге, әдебиетке құштарлығының оянуына жерлес ақын-сазгерлер Жаяу Мұса, Майра, Иса, Әмірлер әсер етсе, оның азаматтық, зиялылық тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы, солардың тәлімі айрықша болғандығында жатыр.Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ә.Сәтбаев, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы, солардың тәлімі айрықша болғандығында жатыр. Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ә.Сәтбаев, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің дүниетанымының жаңаша қалыптасуына зор ықпал етті. Яғни Қаныш пен Мұхтар, Жүсіпбек пен Әлкей Алаш арыстары баптаған «жас бөлтіріктер» еді. Өкінішке орай кейінгі жылға дейін біз оны айта алмай келдік. Сол Алаштың соңғы тұяқтары, жас бөрілері Мұхтар мен Қаныштың ХХ ғасырда қазақ әдебиеті мен ғылымын қандай деңгейге көтергені әрбір көзі ашықадамға айдан анық белгілі болып отыр. Сол семинарияда жүріп Шығыс Европа классиктерімен жете танысқан, олардың өміршең туындыларымен сусындаған Қаныштың әдебиетке деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түсті.

Бала кезінен ұлтының ауыз әдебиетімен ауызданып, соның кәусарына қанып өскен Қаныш жетілген үстіне жетіле түсті. Семинарияда өткізілетін түрлі әдеби кештерге белсене қатысты. Ұлы Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқып, музыкалық аспаптарда ойнап, ән де шырқаған еді. Оның үстіне қасында қазақ прозасының болашақ екі алыбы Жүсіпбек пен Мұхтар бірге оқып жүргенде Қаныштың сөз өнеріне деген құштарлығы неге артпасақ. Артты да. Кейін Қ.Сәтбаев жер асты байлығына барлау жасай жүріп, сөз өнерін барлауға да, ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын жазып алып, талдау жасап, зерттеу жүргізуге де уақыт тапқанын көреміз. Орыс ғылымының атасы, оның негізін салған М.В.Ломоносов туралы Қ.Сәтбаевтың берген бағасы, көреген ойлары, дәлме-дәл теңеулері Қ.Сәтбаевтың өзіне берілген баға секілді әсер береді. Өйткені Қаныш Сәтбаев Ломоносов сынды, яғни Ломоносов кейпіндегі ғалым болды. М.В.Ломоносов Орыс Ғылым Академиясының ұйымдастырушысы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С. Ж. Даукеев "Көрнекті геолог және ғалым" (12-20 беттер); <https://satbayev.university/kk/news/kazakstannyn-damuynda-uly-galymnyn-rolі>
2. М. Сәрсек "Академик Сәтбаевтың жеті ұлы жетістігі" (168-177 ББ.); <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/64893>
4. Н. Ә. Назарбаев "Қазақ жерінің Ұлы ұлы" (2-8 беттер). <https://kitaphana.kz/refkaz/239-tarikh/2790-kanish-satbaev.html>

ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ ТҰЛҒА

*Сағын Мейрамгул Убайдуллақызы
Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы мен үміті жанып, алыстан бағдар сілтеп жымыңдап тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы сондай тұлға. Ілияс Омаров айтқандай, «тұтас дәуірдің жұлдыз тұлғасы». Ғалымдығынан бөлек адамдығы асқақ, ұлттық рухы, ұлттық болмысы ерекше болған.

Кезінде, яғни, 1914-1919 жылдар аралығында Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Әлкей Марғұлан – бәрі Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында бірге, тіпті, бір үйде жатып оқыған дейді. Осы оқыған жастар (Ленинградқа оқуға кететін Әлкейден басқасы) бірден жаңадан құрылған Кеңес үкіметінің жұмысына араласады. Мұхтар мен Жүсіпбек Семей губерниялық атқару комитетінде жауапты қызметтерге орналасып, Сұлтанмахмұт Баянауылда Ақбеттау болыстық ревком төрағасы, Қаныш Қызылтау болысында Қызыл отаудың халық соты болып жұмыс істейді. Қаныш Сәтпаевтың рухани дем беруші ұстазы Шәкәрім Құдайбердіұлы болса, жақын дос әрі пікірлес замандастары Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Мұхтар Әуезов болды.

Мұның бәрін айтып жатқан себебіміз балаға ең алдымен құндылық беру қажеттігін, ол тіпті білімнен де маңызды екенін бабаларымыз өте жақсы түсінген деп айтар едім. Балаға жастайынан берілген рухани құндылық қана оған даналық дарытып, мән жүктеп, арманын ұштай алады. Көкірегі құндылыққа толған баланың қиялы ұшқыр келеді. Осының бір дәлелі ретінде Қаныштың өмірінен мысал келтіре кетейік.

Сол жылдарда кішкентай Қаныш тағы бір ұстаздан дәріс алған. Әдетте, бұл сабақ өз үйінде, әкесінің алдында өтеді. Әмбе оның кесулі уақыты болмайды, қысы-жазы бірдей, екеуінің көңілі қалаған кезде жүреді.[1]

Алғашқы ынта, тегінде, әкеден басталады. Балам, жыр сабағын ұмытпалық. Кітабыңды әкел, - дейді әкесі. Былғарымен тысталған қалың кітапты құшақтаған Қаныш әкесінің алдына келіп отырады да, саңқылдаған ашық дауыспен оқи бастайды. Оқуы аса жатық емес, әредік дұрыс оқып отырмын ба дегендей күдікпен әкесіне жаутандап қарайды. Кейде әлдебір сөзге тілі келмей кібіртіктеп те қалады. Кітаптың тілі балаға аса ұғынықты емес, түркі-шағатайша, кейбірі парсыша жазылған. Ақындардың есімі де бейтаныс: Руми, Сағди, Хафиз, Жәми, Науаи... Сөйтсе де бұларды оқу – молдекең алдында шарт жүгініп отырып, Құранның түсініксіз аятын жаттағаннан әлдеқайда қызық. Көбіне оқитыны жүздеген бет ұзақ жырлар: «Жүсіп – Зылиқа», «Ләйлі – Мәжнүн», «Гүлстан», «1001 хикмет», «Диуана пәни». Әкесі солардың кейбірін жатқа біледі. Кенжесі әлдебір сөзді ажырата алмай ежіктей бастаса, тұтас бір шумақтарды жатқа айтып, солардың мазмұнын да қазақшалап түсіндіреді.

Өткен ғасырдың басында «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болған» аса қуатты толқын келді. Алаш баласының көшін түзесем, теңдікке жеткізсем деп көкседі. Елінің ертеңі үшін күресе білген сондай қайраткерлердің бірі Қаныш Имантайұлының да осындай күрескер тұлға болып өсуіне әкесінің кеудесіне кішкентай кезінде екен құндылық дәнегі себеп болды.

Осындай классикалық құндылықпен қаруланған ауыл балалары жаппай білімге құштар болып өседі. Білімге, өмірге құштар баланы қай бағытқа, қай салаға, қай ғылымға салсаңыз да, түбі бір жерді тесіп шығары анық.

Кеудесіне құндылықтың нәрі егілмеген, қуыс кеуде баланың арманы қашан да аласа, пайым-парасаты төмен болады. Ал ішкі әлемі бай, көкірегі құндылыққа толы баланың арманы асқақ, бұл дүниеге сыймайтындай трансценденті келеді. Заманында орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой кішкентай немересінен: - Өскенде кім болуды армандайсың? - деп сұрапты.

- Сен сияқты атақты жазушы болғым келеді,- депті немересі.

- Онда сенен көп ештеңе шықпайды, алысқа шаппайсың. Сендей кезімде мен Құдай болуды армандаған едім, - депті Толстой.

«Трансценденция» сөзінің түбірі латын тілінен тарайды. Мағынасы «шекараны қиып өту», «арғы жаққа асу», «өзіңнен тысқары аймаққа беттеу» дегенді білдіреді. Яғни трансцендентті арман дегеніміз тәңірлік әлеммен астасып жатқан, заңғар, асқақ, өзінен тысқары ұлы мақсат дегенді білдіреді. Бұл арманмен «ауырған» адам объективті әлемнің ішіне сыймай, он сегіз мың ғаламның құпиясын қопарғысы келіп құштарланады.

«Өскенде кім боласың?» деген сауалға бала «Бай болам», «Бастық болам» деп жауап берсе, осының өз алаңдатарлық жағдай. Демек оның өсіп келе жатқан ортасындағы ең бағалы құндылық байлық пен билік болып тұр. Ондай балаға байлық пен билік бір Ұлы мәнге байланып жатпаса, оның түбі тұйыққа тірелетінін түсіндіру қажет. Бірақ бұл - қаршадай баланы отырғызып қойып ақыл айту деген сөз емес. Бұл функцияны да аңыз-қиссалар мен жыр-дастандар атқарып шыға алады. Батырлар жырын тыңдап өскен баланың арманы әманда ұлы болатыны осыдан. Оның қаһармандары берісі ел-жұртын жаудан қорғап, арысы адамзатты аман алып қалу үшін күреседі.

Сондай күрескер тұлға Қаныш Имантайұлының асқан білімдарлығы мен тәуекелшілдігінің арқасында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Ал аштықтан иесіз қалған ауыл балаларына көп көмек көрсетуі ерлікпен пара-пар десек те болады. Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындауы – қазақ әдебиеті тарихына қосқан сүбелі еңбегі болса, қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығы қазақ даласына ғылым әкелемін деген ниеттен туған жасампаздығы болатын. Сондай-ақ Қаныш Имантайұлы 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме енгізген.[2;3]

Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчиллге: «қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап берген Қаныштай елінің бағына туған тұлғалар аз емес. Сол қадау-қадау алыптардың қатарынан Қанышты көреміз. Қазақтың қасиетті топырағында дүниеге келіп, адамзат ақыл-ойының биігіне көтерілген оның тұлғасы қанша ғасыр өтсе де, ұрпақ үшін өнеге болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ. Сәтбаевтың рухани әлемі. <https://egemen.kz/article/187543-satbaevtynh-rukhani-alemi>. 2019 ж.
2. Баян МАМЫРБАЕВА. Қазақтың тұңғыш академигі <https://qaradala.kz/?p=8971>. Қара дала тынысы, 23.02.2024 жыл
3. Сұлтан Мұстафин. Қаныш Сәтбаев туралы 11 дерек. https://ruh.kz/qanysh-satbaev-turaly-11-derek_39999/ 12.04.2023 ж.

ҚАНЫШ ҚАЗЫНА

Смаилова Гульнар Кадыровна

Астана қаласы, Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицей мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған. 1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жандүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген.[1]

1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары - Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған - Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. [2]

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол.

Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолиус гүлі аталған.

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қ.Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көргендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зертеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі.[3]

Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды.

Өзі өмірден озғанша ұстаз санаған профессор М.А.Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі. Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А.Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) «Студент Қаныш» атты естелігінде былай деп жазды: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты...» Институтты бітіргеннен кейін Қ.И.Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты. Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды. 1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантайұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, минералды шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды. Академик Қ.И.Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі - ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды. 1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И.Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым

Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді. 1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам - Қ.И.Сәтбаев; М.О.Әуезов; Ә.Б.Бектұров; Н.Т.Сауранбаев т.б. бекітілді.[4]

Қ.И.Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ.Имантайұлы әкімшілдік-әміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған. 1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И.Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.«Ұлы тұлғаның ұлағаты» А.Ж.Құдабаев филос.ғ.к., профессор Е.Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы мен этнографиясы ғылыми практикалық орталығының директоры (Біліктілік газетінде шыққан мақала 12.04.19ж)
- 2.Жұмат ТІЛЕПОВ. Қаныш Сәтбаев және "Ер Едіге" жыры (silteme.kz)
- 3.К.Ж.Абдрахманова. Жезқазған мыс алыбын игеру тарихындағы Ө.Ә.Бөкейхановтың қызметі. «История и философия» №2 (110) 2023ж-7 бет.
- 4.Дулатқызы Г. М Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. — Алматы: Мектеп, 2012. - 392 б

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ САРА ЖОЛЫ

*Утеикалиева Назира Маратовна
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп – лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгін ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Ол – Қазақстан ғылымындағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, геологиялық ғылымдар институтын құрушы.

Академик, геолог және қоғам қайраткері 1929 жылы Томскідегі техникалық институтын сәтті аяқтап, тау-кен инженері-геолог мамандығын алады. Жас маман Жезқазған мыс кен орнын және Қарсақбай мыс заводын біріктіретін "Атбасцветмет" тресіне жұмысқа жіберіледі.

1926 жылы Қ.И. Сәтбаев Атбасар түсті металл серіктестігіне келгеннен бастап, көп жылдар бойы Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын зерттеді. Сол зерттеудің нәтижесінде Жезқазғанның байлығын анықтап, көптеген кен орындарын ашады. Түсті металл кендері, марганец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды, көмір орны анықталды, қалың қатпар қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Қаныш Сәтбаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымал, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындары, Қарағандыдағы темір

балқытатын заводы, Қарағанды-Ертіс каналы, Қаратау фосфориті салынды. Осы арқылы Қазақстанның өндіріс шаруашылығын өркендетуге күш салды.

1932 жылы Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералды ресурстары» атты алғашқы ғылыми монографиясын жариялайды. Осы уақытта Жезқазған кендерінде ағылшын мамандары мен ХКК жанындағы Геологиялық комитет қызметкерлері айтқандай 60 мың тонна емес, 2 млн. тоннадан астам мыс бар екендігі анықталады. Бұл Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми болжамының дәлелі болды. 1934 жылы КСРО ҒА сессиясында Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, көмір, темір, марганец кендері және басқа да пайдалы қазбалары» атты баяндама жасап, онда Жезқазған кен орнының және бүкіл ауданның бай перспективаларын жан-жақты негіздейді. В.А.Обручев бастаған Мәскеу ғалымдары жас ғалымның сөзсіз жеңісіне көз жеткізді [2].

1934 жылы желтоқсан айында Қ.И. Сәтбаев Үлкен Жезқазған комбинатын салу идеясын қолдаған Серго Орджоникидзенің қабылдауында болады. 1936 жылдың 25 наурызында ауыр өнеркәсіп халық комитетінің төрағасы Серго Орджоникидзе Жезқазған мыс балқыту комбинатын салу бойынша дайындық жұмыстарының басталуы туралы бұйрыққа қол қояды.

Алайда С.Орджоникидзенің мезгілсіз қазасынан кейін 1937 жылдың басында жобалық жұмыстар тоқтап қалады. «Тек 1938 жылдың басында ғана мыс саласының басқарушы штабы түбегейлі қайта құрылып, Қ.И. Сәтбаев Жаңа ауыр өнеркәсіптің жаңа наркомы Л.М.Кагановичке шақырылады да, 1938 жылдың 10 ақпанында Жезқазған үшін тарихи мәнге ие КСРО НКТП бойынша №50 бұйрық дүниеге келді. Онда жоғары өндірістік қуатты жаңа Үлкен Жезқазған комбинатын жобалауға шұғыл кірісу қажеттігі туралы айтылды [1].

Қ.И.Сәтбаевтың жетекшілік етуімен оның қалдырған ғылыми бай мұраларының бірі Жезқазған кені туралы зерттеулері мен Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары. (1952-1954 жылдары жасалды). Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, табиғаттағы заттардың шынайы жағдайын толық көрсетуге мүмкіндік берді.

Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеді. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің құрылысы, шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады.

Кешенді металлогендік болжамдық картасын кейбір металдар бойынша жасауға мүмкіндік берілді:

1) қара, 2) мыс, 3) полиметалл, 4) сирек металдар (молибден, вольфрам, қалайы).

Қ.И.Сәтбаев жасаған болжамдық-металогендік зерттеулердің негізі геологиялық практикада кең дамуға ие болды. Металлогендік болжамдық карталарын іске асырудың алғашқы үш жылына талдау төмендегідей нәтижелерді берді. (Қ.И.Сәтбаев Орталық Қазақстанның кешенді металлогендік болжамдық карталары баяндамасы 1958жыл) Жаңа кен орындары мен кенбілімдерінің 75 пайызға жуығы болжамдық картасында белгіленген бірінші кезекте іздену үшін перспективалы саналған алаңдарға дәлме-дәл келеді. Жаңа ашылған кен орындары мен кенбілімдерінің қалған бөлігі (25%) геологиялық картаға түсіру мен іздеудің жоспарлы процесінде анықталды. Жаңа кен орындары мен кенбілімдерінің 90 пайызға жуығы болжамдық картасының материалында алдын ала қарастырылып ашылған. Практикада жүргізілген тексерулер қорытындысы жасалған болжамдардың дұрыстығын толық қуаттайды. Орталық Қазақстан аумағында қара, түсті және сирек металдардың 358 жаңа кен орындары ашылды, оның 333-і, яғни жалпы санның 93 пайызы тікелей болжамдық металлогендік

карталарда өте перспективті деп белгіленген аймақтарда ашылды. Қалған 25 кен орындары, яғни жалпы санның 7 пайызы нақтылық жүргізу үшін геологиялық түсіруге ұсынылған алаңдар да ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берген. Орталық Қазақстанның сол кездегі геологиялық зерттелінген нені және қайдан іздеу керек деген сұраққа металлогендік болжамдық карталар ең дәлелденген объективті жауаптар берді және қазір де беруде. Бұл еңбектің баға жетпес зор ғылыми да, практикалық мағынасы да осында.

Соғыс уақытының қиын жағдайларында КСРО Ғылым академиясы Төралқасының түгелдей дерлік құрамы Қазақстанға көшірілді. «1941 жылдың ортасында КСРО Ғылым академиясы қызметкерлерінің балалары ғана емес, сонымен қатар көптеген академиктер отбасыларымен Қазақ КСР-інің Бурабай шипажайына, ал кейбір институттар, соның ішінде КСРО ҒА тарих, экономика, география институты - республиканың астанасы Алматы қаласына қоныс ауыстырды.

Осылайша, кеңес ғылымының тамаша ақыл иелері Алатау етегіндегі қалада шоғырланды. Олар бір күнге немесе бір аптаға келген жоқ, олардың жылдар бойы осында жұмыс істеуіне тура келді. Солардың қатарында: металлургтер А.А. Байков және И.П. Бардин, геолог В.А. Обручев, кеншілер Л.Д. Шевяков және А.А. Скочинский, химик Э.В. Брицке, агрономдар Д.И. Прянишников және Н.В. Цицин, транспортшылар В.Н. Образов, топырақтанушы Л.И. Прасолов, тарихшылар А.М. Понкратова және Н.М. Дружинин.

Қ.И. Сәтбаев эвакуацияланған ғалымдарға көңіл бөліп, қамқорлық көрсетті. Олар соғыс салдарынан туған шаңырағынан алыстап, қалыпты өмірінен ажыраған еді. Бұл қарт адамдардың күйкі тұрмыс-тіршілік жайлы уайымға салынбауына тиімді жағдай жасау керек еді. Тұрғын үй Алматыда тапшы, бос пәтер ешкімде жоқ, бірақ, егер филиалдың әрбір қызметкері баспанасынан орын берсе, сырттан келген маманға бір қуыс не бөлме табылар еді. Ал академиктерге барынша жағдай жасалды. Республика Үкіметі оларға Медеу шатқалындағы ең жақсы демалыс үйін баспана етіп бөлді» [1].

Дарынды ұйымдастырушы ретінде ол ғылымның жекелеген бағыттарын ілгерілетушілерді іріктей алды, олардың әрқайсысы кейін өзінің еңбектерімен және жаңалықтарымен Қазақстан ғылымын даңққа бөледі. Соғыстың қиын жылдарында Қ.И.Сәтбаев бірқатар ғылыми-зерттеу институттарын ашты, әскери қорғаныс тапсырыстарының ағымдағы өндірістік және басқа да өндірістік міндеттерін шешу және ғылыми зерттеулер жүргізу істеріне қоныс аударған ғалымдарды тартты.

1946 жылдың маусым айында Қ.И. Сәтбаев ұзақ уақыт бойғы дайындықтан кейін ашылған Қазақстан ҒА-ның тұңғыш Президенті болып сайланды. Сонау 1944 ж. Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен академияны құру бойынша Үкімет комиссиясы құрылып, оған КСРО ҒА Президенті С.И. Вавиловтың басшылығымен КСРО ҒА академиктерінен 11 адам кірген болатын. Академия құрылған кезде мұнда 18 ҒЗИ, 8 сектор, 7 тәжірибелік станция, 3 ботаникалық бақ болды. Қызметкерлердің жалпы саны 1400 адам, оның ішінде 57 ғылым докторы және 184 ғылым кандидаты болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.М.Сәрсекке, «Қазақтың Қанышы. Феномен». «Фолиант» - Астана, 2018 ж.
- 2.«Қ. Сәтбаев өміріндегі елеулі кезеңдер мен деректер», Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/64893/>

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАЛЫ ҒАЛЫМЫ

Хабибуллина Жанаргул Буденовна
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

“Жеріміздің үсті де, асты да бай. Менің геолог ретінде борышым – жерастындағы қазбаны зерттеп табу, оның қорын анықтау. Ал ғалым ретіндегі міндетім – кен байлықтарын халықтың игілігіне жарату”.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Біз Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты неге мақтан етеміз?... Себебі Қаныштың артында мол мұрасы қалды. Қазақтың қасиетті топырағы ХХ ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлының тұлғасы құраршыңға ұқсайды. Ол Баянауылдан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген ұлы тұлға. Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 31 наурызда (кей деректе 12 сәуірде) қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы №4 ауылда дүниеге келген. Қаныштың атасы Сәтбай ауылға сыйлы, көзі ашық адам болған екен. 1902 жылы қажылық кезінде қайтыс болып, Меккеде жерленген. Ал әкесі Имантай бірнеше тілде еркін сөйлеген. Орыс географиялық қоғамының корреспондент-мүшесі болған. Сондай-ақ ол Шоқан Уәлиханмен дос болған деседі. Білім, ғылымға ерекше ықылас танытқан шаңырақта дүниеге келген бала үйдің кенжесі болған. Сол үшін оның есімін үлкен ағасына ұқсас етіп, Ғабдула-Ғани деп атаған. Бұл есімнің мағынасы арабшадан алынғанда «шексіз байлық иесі, ешкімге мұқтажсыз Алланың құлы» деген мағынаны білдіреді екен. Себебі еркелетіп «Ғаныш», «Ғани» деп атаған, кейін ол «Қанышқа» айналыпты. Өйткені Қаныш бала кезінен алғыр, икемді бала болыпты. Қатарының алды, айтылған сөзбен іс-әрекетіне тез түсініп, зерделей алатын. Оқуда да сыныптастарының алды болған. Қаныш өмірде өз орнын таба білген жан.

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қаныш ғалым, ғылымдардың докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы, тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. “Еңбек етпесең, жиған білімнің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет” деген Қаныш 20 жасында Киселевтің алгебра оқулығын қазақ тіліне аударып, төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығының алғашқы құрастырушысы. Бұл ана тілінде қазақ мектептеріне арналып жазылған алгебра оқулығы еді. Оқулық 1642 беттен тұрады. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған. Тау тұлғалы, барлық саналы ғұмырын жерасты байлығын зерттеуге арнаған қазақ ғылымының атасы Қаныш Сәтбаев сан қырлы талант иесі.[1]

Жер-ананың біз білмейтін құпия сырларын ұғып, онымен сөйлесе білген Қаныш атамыздың еңбектерін зерттеуші Сәтбаевтанушы Медеу Сәрсекке өз зерттеуінде Қаныш Сәтбаевтың тоғызыншы атасы атақты Бұқар жырау екендігін айтады. Қаныштың әншілігі мен әдебиетші ретіндегі «Ер Едіге» жырындағы қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиялық ережеге сай түзету жасауы – ол кісінің асылдың сынығы екенін айғақтайды. Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірін Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арнаған. 1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына,

қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. Қ.Сәтбаев – Орталық Қазақстандағы Жезқазған мыс кенінің қорын ашқан геолог-ғалым. Жезқазғандағы кен-металлургия комбинаты мен Қарағанды және Балқаштағы металлургия зауыттары осы ғалымның еңбегінің арқасында салынған.[4] Қаныш Сәтбаевты «**тыл генералы**» деп атайды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Сәтбаев еліміздегі марганец кенінің қорларын ашты. Соның нәтижесінде Ұлы Отан соғысы жылдарында танктердің сауытына арналған болат өндірісі артты. Болаттың құрамына марганецті қосу танк зауытының беріктігі мен қаттылығын арттырды. Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жездімарганец кені барланып, іске қосылған. 1940 жылы Қазақстанда геологиялық ғылымдар институты құрылды. Оның жетекшісі етіп Республика басшылығы тыңғылықты ғылыми дайындығы бар, тәжірибелі, Қазақстанның байлығын жақсы білетін маман ретінде Сәтбаевты тағайындауды ұйғарды.

1944 жылы ҚР ҰҒА құрды. 1946 жылы президенті болады. Алайда 1950 жылы жала жабылып, орнынан алып тастайды. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен бірнеше жылдар бойы жүргізілген тынымсыз еңбектің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталарын жасаған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері шын мәнінде орасан зор. Ол металлония, минералогия, геохимия, пайдалы қазбалар, стратиграфиялар, тектоника, география, экономика және басқа ғылымдар саласындағы 800 публикациялардан тұрады. Қаныш зерттеулерінің көпшілігі қазақ қоғамына пайдалы болуын көздеген. Мысалы, Мәскеудің тапсырмасы бойынша Қазақстанның жер асты байлығының картасын жасаған кезде Сәтбаев төрт-бес ірі кенішті картаға кіргізбейді. «Бұл қалай?» деген орыс ғалымдарына: «ондағы рудалар өте көп және олар тым тереңде, оны алу үшін көптеген күш пен ақша керек», – деп жауап қайтарған. Алайда өзінің жақын достарына: «Мен ол жерлерді әдейі картаға кіргізбедім, өйткені ол жердегі байлық болашақ ұрпаққа пайдасын тигізеді», – деген екен. Сонымен қатар ғалым Ұлытау өңіріндегі басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеген. А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Қаныш осы еңбектері үшін көптеген сыйлықтар мен марапаттарға ие болған. Ол төрт рет Ленин орденімен, екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері атанған. [3]

1947 жылы Англияға сапар жасағанда Ұлыбританияның премьер-министрі У.Черчилль қалжындап: «Барлық қазақтар сіз секілді сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» - деп сұрапты. - «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішінде ең кішісі мен, менің халқым – менен де биік», – деп жауап беріпті.

Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі; бірнеше рет КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты; СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Қазақ жерінің кен байлығын алғаш зерттеп, оны әлемге Жезқазған мыс комбинаты арқылы танытқан ғалымның еңбегі ұшан-теңіз. Қазіргі таңда мұнай, түсті металл, көмір, газ, мыс, темір, тағы да басқа жер байлықтарының қажеттілігі ғаламдық маңызға ие болып отыр. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе,

Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Ғұлама ғалым осы байлықтың қайнар көзін, оны кәдеге асыру жолдарын ғылыми түрде анықтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп табыстады. [4]

Сәтбаев сондай-ақ ешуақытта өнер саласынан да қамқорлығын үзген жоқ. Ол бірінші жеті жылдықтың жоспары жасалғанда 1965 жылы Академия құрамында өнер институтын ашуды енгізді. Оның өміріміз үшін керек екендігін тайға таңба басқандай етіп анықтап, ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Біздің күн санап өсіп келе жатқан өнеріміздің ғылыми негіздеуді керек ететінін түсіндірді. Қазақ музыкасы мен әдебиеті, мәдениеті өзінің дәстүрлік сипатын сақтап қалуда осындай текті ұлдарының еңбектеріне қашанда зәру болатыны белгілі. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Сәтбаевтың еңбегі ғана емес, ерлігі – алдыңғы ұлтжанды осындай жандардың қазақ еліне сіңірген еңбегі үшін сталиндік репрессияның құрбаны болғанына куә бола тұра, ұлттық мәдениет үшін күрескендігі. [5]

Қ.И.Сәтбаев аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының шоқ жұлдызы, ойшыл ғұламасы, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өте шебер ұйымдастыру қабілетінің арқасында Қазақстанда ғылым мен индустриялық дамудың көшбасшысы болып, кемеңгер ғалым атанды. Қ.Сәтбаевтың еңбегі біздің елімізде жоғары бағаланды. Университеттер мен көшелерге оның есімі берілді. Ғарышта «Сәтбаев» ғаламшары өзінің мәңгілік сапарын жалғастыруда. «Сәтбаевит» деген жаңа минерал ғалым есімімен аталады. Тарихта атыңды қалдырғың келсе, халқыңа пайдасы бар жұмыстар істеп, сол үшін аянбай тер төгу қажет. Сәтбаев атамыз да, сол еңбегімен жұмысқа адалдығы арқылы әлі күнге дейін есімі өшпей тарих беттеріне қашалып жазылды. Қаныштың орны тарихта ешқашан өшпек емес!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш елі. Алматы – Павлодар, 1999, 134.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. 6-том. 1975. 301-304 бб.
3. Қаныш Сәтбаев – Ұлы геолог, Алматы, 1994 ж.
4. М.Қ. Қозыбаев, М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы» Алматы-1993. 210-211 б.
5. Ә.Марғұлан «Қаныш бейнесі біздің жүрегімізде» Алматы, 1965ж.

**ТАҒДЫРЛАР ТОҒЫСЫ:
ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ПЕН ҚАНЫШ СӘТБАЕВ**

*Сенгалиева Самал Женискановна
Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Адамның тұлға болып қалыптасу жолында оның табан тірейтін рухани қазығы болатыны сөзсіз. Ол туған жерінде жастық шағынан берілген рухани нәр, одан кейінгі өскен, араласқан ортасы болмақ. Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады, деп дана Абай айтқандай "Алаш" партиясының негізін қалаушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі, тұңғыш қазақ математика профессоры Әлімхан Әбеуұлы Ермеков пен бірінші қазақ академигі, қазақстандық геология ғылымының негізін қалаушы, оның кіші досы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тағдырларының қиылысуы қазақ үшін үлкен мәнге болды. Әлімхан Ермековтың Қаныш Имантайұлынан 8 жас үлкендігі бар. Әлімхан 1891 жылы Ақтоғайдағы Бөріктаста дүниеге келсе, Қаныш 1899 жылы Баянауылда туған. Екеуінің арасында достық сыйластық қарым қатынас шын мәнінде Қазақ болашағына үлкен пайда әкелді. Бұл екі тұлғаның тағдарларын тоғыстырған білімге деген ұмтылыстары мен көзқарастарының ұқсастықтары еді.

1912 жылы жиырма бір жастағы Ә.Ермеков Семей гимназиясын алтын медальмен бітіріп, Томск технология институтының тау-кен факультетіне конкурстық қабылданып, студент атанады. Арада тоғыз жыл өткенде Ә.Ермековтің қамқорлығымен халқымыздың ұлы перзенті, Қазақ ССР Ғылым академиясының негізін салушы, әрі оның тұңғыш президенті, Семейдің мұғалімдер семинариясының түлегі Қ.Сәтбаев та осы институттың табалдырығын аттайды. И.Лозовский мен Г.А.Сипайловтың 1999 жылы Томск қаласында баспадан шыққан «Студенческие годы Каныша Сатпаева в Томске» деген зерттеу еңбегінде Ә.Ермековке жеке тоқталып, оның М.А.Усовқа тигізген жәрдемін, Қ.Сәтбаевпен жақын танысуына дәнекер болғаны тамаша баяндалған. Ал бұл оқиға қалай болып еді?

Әлімхан Ермековтың ұстазы, Томск технологиялық институтының профессоры М.А. Усов қазақ ауылдарына жиі экспедицияға шығып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп тұрған. Оның көбінесе жолбасшысы Әлімхан Ермеков еді. 1921 жылдың жазында Әлімхан Ермеков пен оның әйелі, Томск медициналық институтының түлегі Ракия Нығметуллова науқастанып жүрген Михаил Антоновичті кезекті экспедицияға әрі емделу мақсатында Баянауылға шақырады. Оларды Баянауылда А. Ермековтың досы, сол кезде еліне науқастанып келіп, халық судьясы болып жүрген Қаныш Сәтбаев қарсы алады. Олардың Кереку, Баянауыл маңы бойынша атпен бірлескен сапарлары, геология туралы ұзақ әңгімелері Қаныш Сәтбаевты қатты қызықтырды. Бұл Қ.И.Сәтбаевтың геология ғылымының шыңдарына ұмтылуына одан әрі жолын айқындап бергендей болады. Рухани ағаларының осы бір бағыт бағдары мен ақылдарынан кейін Қаныш халық судьясы қызметінен кетіп, Томскіге барады. М. Усовтың кеңесі бойынша және А.Ермековтың белсенді көмегімен Қ. Сәтбаев Томск технологиялық институтының тау-кен факультетіне оқуға түседі.

Әлімхан мен Қанышты біріктіретін тағы бір тұс олардың Абай ауылымен достық, рухани жақындық қарым-қатынаста болуы еді. Әлімхан Ермеков пен Тұрағұл достығының ғибраты мол. 1921 жылы шілдеде Сібірден келген қонақты Ермеков және Сәтбаев ауылдары ғана емес, сонымен қатар Тұрағұл Құнанбаев ауылы да қабылдаған болатын. Қонақжай ауылда ол бір жарым айдан астам уақыт өткізген. Тұрағұл жайында «Абайдың ұлы, ауылдың иесі білімді, зиялы, ел арасында үлкен беделге ие», - деп профессор Усов өз жазбаларында атап өткен. Абай ауылдарымен достық, туыстық

қатынас та Әлімхан (1891), Қаныш, (1899), Мұхтар (1897), Әлкейлердің (1904 ж.т) қарым-қатынасының берік болуына мұрындық болғаны сөзсіз.

Екінші бір Қаныш пен Әлімханның тағдырларының қиылысуы Алаш қозғалысы кезінде орын алды. Осы бір тарихи кезеңде, Әлихан Бөкейхановтың бастамасымен Ә.Ермеков өзі оқып жүрген Томск институттың бесінші курсына аяқтамай, Семей қаласына оралып, саяси жұмысқа белсене араласады. Ә.Ермековтің сол кезең туралы белгілі жазушы М.Сәрсекеге айтқан естелігінде: «Мен 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Том қаласындағы технологиялық институттағы оқуымды үзіп, қасымда сол кезде әр түрлі Ресей қалаларында оқитын қазақ жастары бар Семейге қайтып оралдық. Ондағы мақсатымыз елді ояту, губерниядағы әлеуметтік жұмыстарға белсене араласу еді...», - деген сұхбаты бар. Ә.Ермеков осы айларда Алашорданың вице-премьері, қорғаныс министрі қызметін атқарған. Осы бір кезеңде Алаш жұмысына белсене араласқан белгілі алаш қайраткері, ағартушы Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы Әбікей Сәтпаевпен тығыз қарым-қатаныста болады. 1917-1918 жылдары Алашорда үкіметінің атынан Уақытша Сібір үкіметі, Комуч, Башқұрт үкіметі, Сібір облыстық думасы, Уфа директориясы, Колчактың Омбы үкіметімен келіссөздер жүргізуге қатысады. Осы бір кезеңде Сәтбаевтар отбасымен достық, тығыз байланыс орнайды.

Үшінші Қаныш Имантайұлы мен Әлімхан Ермековты байланыстыратыны екеуі де мамандықтары геолог бола тұра математика оқулығын жазулары болды. Ал математиканың ішіндегі күрделі пән «Алгебраны» Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қолға алып, А.П.Киселевтің «Алгебра» оқулығын қазақи ұғымға бейімдеп 2024 жылы аударып шықты (592 беттік қолжазба), соңынан латын графикасына 1929 жылы (1400 бет) көшірді. Сондай біртуар еңбектің бірі өз заманында қазақ зиялыларының ішінде тұңғыш математика саласының профессоры атанған Әлімхан Ермековтің «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері» атты оқулығы, «Қазақ тілінің математика терминдері» атты сөздігі ұлт мәдениетіне қосылған асыл қазына еді. Осы оқулықтарды жазу барысында екі алыптың өзара пікір алмасып, ақылдасқандары айтпаса да түсінікті еді.

Келесі бір Қаныш пен Әлімханның жолдарының түйісуі Әлімхан Әбеуұлы 1921-1924 жылдары Қарқаралыда екі сатылы мектеп, педагогикалық техникумның негізін қалаушы, директоры және математика мұғалімі болғаннан кейін Семей қаласындағы қазақ педтехникумының директоры, белгілі алаш қайраткері, ағартушы досы Әбікей Сәтпаевтың ұсынысымен қазақ педагогикалық техникумында ұстаздық қызметті де қосымша атқарып, математика пәнінен сабақ береді. Қаныш Сәтбаев та Семейде Мұғалімдер даярлау курсына сабақ беріп, ал жары Таиса Кошкина педтехникумда Әлімханмен бірге 1922 – 1925 жж. оқытушы болып жұмыс істеген. Осы бір жылдары тағдырлары түйісіп, сыйластықтары артып, жанұялық араласқан. Осы кезде М.О.Әуезов пен Ә.Ермековтың арасында да достық байланыстар мемлекеттік және шығармашылық жұмыстар кезінде ғана емес, 1924 жылы Семейдегі педагогикалық техникумында бірге оқытушылық қызмет атқарғанда да жалғасын тапты. Қаныш Сәтбаев та 1924 жылы Томск политехникалық институтының студенті ретінде денсаулығында қиындықтар туындаған кезде оқуын біраз уақытқа тоқтатуға тура келіп, алдымен Семейге келеді. Семейде немере ағасы педтехникум директоры Әбікей Сәтбаев үйінде емделеді. Осы уақытта алыптар бір-біріне қолдау бола білген.

Әлімхан мен Қаныштың өмір жолдарының түйісуінің кестесі:

Әлімхан Ермеков	Қаныш Сәтбаев
Тұрағұл Абайұлы ауылымен достық қарым-қатынас.	Абай ауылымен достық қарым-қатынас, Мұхтармен достық.

1905 - 1912 жылдар аралығында Семей ерлер гимназиясында оқыған.	1914 - 1918 - Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқыған.
1912 – 1923 ж.ж. жылы оқуға түскен Том технология институтының тау-кен факультетінде оқыған.	1921 – 1926 ж.ж. Томскідегі техникалық институтының тау-кен факультетінде оқыған.
Профессор М.А.Усовтың жол көрсетушісі, достық қарым-қатынасы.	Профессор М.А.Усовтан бағыт бағдар алуы, қамқорлығын сезінуі.
1921-1924 жылдары Қарқаралыда екі сатылы мектеп, педагогикалық техникумның негізін қалаушы, директоры және математика мұғалімі;	1920-1921 жылдары Асқынған туберкулезді қымызбен емдеу үшін туған өлкесінде Баянауылда халық судьясы болды.
Алашорданың вице-премьері, қорғаныс министрі, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-ревком комитетінің мүшесі, Семей губревкомының мүшесі болып, қазақ жерлерін Қазақ АКСР-і шеңберінде тұтас дерлік топтастырудағы айрықша еңбегі.	Қаныштың немере ағасы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев – алаш қайраткері, Әлихан Бөкейхановтың Колчакпен келіссөзін жүргізген, Алаш әскерін құруға белсене қатысқан. 1922 – 1927 жылдары педтехникумға директор болған.
1924-1926 жылдары Семейдің педтехникумында қосымша математикадан сабақ берген.	Қаныш Сәтбаев Мұғалімдер даярлау курсына сабақ беріп, ал жары Таиса Кошкина педтехникумда 1922 – 1925 жж. оқытушы болып жұмыс істеген.
«Ұлы математика курсы» оқулығын жазды. 1935 жыл.	А.П.Киселевтің «Алгебра» оқулығын бейімдеп аударды. 1924 жыл.
1935-1937 жылдары Қазақстанда ең алғашқы Тау-кен институтында кафедраға шақырған. 1935 жылдың 5 қарашасында профессор атағын қорғайды.	Тау-кен институтының тығыз байланыста болған. 1946-1947 жж. ҚазКСР ғылым академиясының алғашқы президенті.
ҚазКСР ХКК жанындағы Мемлекеттік жоспар төралқасының мүшесі, 1926 және 1929 жылдары Қазақ КСР ОСК мүшесі ретінде көмек қолын созуы.	Жезқазған жері Қ.И.Сәтбаевтың зерттеу нысаны болды.
Ұлы Мағауия Әлімханұлы минерология ғылымдарының докторы, геолог, ҚҰҒА академигі	Қызы Мейіз Қанышқызы геолог мамандығын таңдап, осы салада ғылым докторы атанды.
1955 жылы қамаудан босап Қарағанды политехникалық институтында оқытушы болып, математикадан сабақ берді. 1970 ж қайтыс болды.	1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған. 31 қаңтар 1964 жылы қайтыс болды.

Сонымен Томск технологиялық мектебінің екі түлегі бір-бірімен тығыз байланыста болып, тағдырлары тоғысып отырған. Өмірлері тарихтың бетбұрыс кезеңі мен қиын кезеңге тап болған Қазақ ұлттық зиялыларының көрнекті өкілдерінің талданған тағдырлары жоғары руханият, халықтың игілігі үшін әділ де адал, таза еңбек оларға тағдырдың соққыларына сүрінбеуге, өмірдің барлық қиыншылықтарын табандылықпен жеңуге күш бергенін көрсетеді. Екі тұлғаның ұрпақтары да ғылым мен білімге жақын болып, әке жолын қуды. Әлімханұлы Мағауия – минерология ғылымдарының докторы,

геолог, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі. Ал, Мейіз Қанышқызы ата-анасының жолын қуып, геолог мамандығын таңдап, осы салада ғылым докторы атанды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жанна Кыдыралина, т.ғ.д. «Әлімхан Ермеков және Қаныш Сәтбаев: ғұмыр сызығы»
2. Рахимов Е. К. Қаныш Имантаевич Сатпаев и город Томск. www.lib.tpu.ru.
3. Сарсеке М. «Феномен». Астана: Фолиант, 2009, с. 86-87.
4. М.Құл-Мұхаммед. Профессор Ермеков Алашорданың вице-премьері // Егемен Қазақстан. 1992. 6-9 мамыр.

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Нурлан Айтолхын

*К.Ақышев атандағы №69 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

«Қарт абыз нәрестенің үлбіреген бетін ашып, ашық маңдайын еміне иіскеп, құлағына тақай түсіп, – Ей, бейкүнә балақан, бұдан былай сенің есімің ҒАБДУЛҒАНИ, ҒАБДУЛҒАНИ, ҒАБДУЛҒАНИ болады! – деп үш мәрте қайталап, дұға оқып, рәсімді батасын жасап, бетін сипады» [1. 22 б.] Асылында, оның азан шақырып қойған шын есімі – Ғабдулғани еді. Араб тілінен қазақшаға аударғанда бұл есім: «Шексіз байлық иесі. Ешкімге де, еш нәрсеге де мұқтаж емес Алланың құлы» дегенді білдіреді. Шынымен, осы ардақты есім аяулы перзентіміздің жұлдызын жарық қылып, атағын аспандатты. Арғы атасы Сәтбай ақсақал қажылық парызын өтеп жүріп, Меккеде жан тәсілім еткен. Өз әкесі Имантай Баянауыл атырабына аты шыққан жұрт игісі еді. Бабасында бар тектілік, қанында бар бекзадалық қасиет бала жүрегіне Тәңірінің асқан дарыны мен ақылын сондай-ақ, парасаты мен зияткерлігін сыйлады. Осы топырақтан, аядай ғана шағын елді мекеннен уақыт өте келе он екі академик шыққан болатын. Не деген құт қонған киелі топырық!? Солардың бірі хәм бірегейі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді. Қаныш әкесінің сарыла күткен перзенті. Жастайынан таланты Ғабдулғани алғаш сауатын мұсылманша ашып, өзінің тең құрбысының алды болды. Екі жылдық мектепті бір жылда аяқтап, одан әрі болыстық мектепті бітіріп, Семей өңірінде білімін жалғастырады.

Жалпы Семей шаһары ХХ ғасырдың басында қазақ атырабының рухани ордасы саналды. Соның бір дәлелі – Алаш қайраткерлерінің осында шоғырлануы, бірігуі. Міне, осы кезден бастап Қаныштың Алаш қайраткерлерімен байланысы нығая түскен. Алаш қайраткерлері Қаныштың азаматтық болмысының қалыптасуына да мол септігін тигізді. Қаныштың тұлға болып қалыптасуына сөзсіз, Алаш идеясының ықпалы зор болды. Демек, қазақ білімінің шамшырағы – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы болса, ғылымның атасы – ұлы ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев деу әбден орынды.

Енді негізгі тақырыбымызға ойыссақ, Қанышты алаш арыстарымен ең әуелі байланыстыратын оның жақындары. Яғни, ағайыны. Қаныш Сәтбаев отбасын үлкен әулет. Бәрі дерлік оқыған, көзі ашық, қоғам өміріне белсене араласып, өз идеясы мен көзқарасын ашық білдіріп отырған. Оның айқын мысалы Қаныштың алаш зиялылығымен мүдделес үш ағайынын атап өтуді жөн көрдік. Біреуі туған, екеуі ағайындас. Оның бірі - Әбікей Сәтбаев. Қаныш өмірінде Ә. Сәтбайдың алар орны ерекше. Әбікей аға ретінде тек Қанышты ғана емес, қазақ жастарын білімге, ғылымға үндеп, алаш туының астына бірігуді мақсат тұтып, сол жолда халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, «Алашорда» ұлт-азаттық қозғалысының белсенді мүшесі болып, ел мүддесіне қызмет етті. Ол Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов

және Қазақстанның басқа да көрнекті қайраткерлерімен үзеңгілес жолдас болды. Ақыры алаш жолында басын бәйгеге тігіп, ұлт үшін жанын пида етті.

Дәл осындай алаш идеясын өмірлік ұстанымына айналдырған Қаныштың туған ағасы Ғазиз еді. Әке-шешесі еркелетіп «Бөкеш» деп атап кеткен. Ұлт мүддесін ерек көрген Ғазиз Сәтбай 1937 жылғы зұлматтың құрбаны болады.

Қаныштың тағы бір арқа сүйер ағасы Әбдікәрім. Имантайдың Жәмін деген інісінің ұлы. Қаныштан үш жас қана үлкендігі болмаса, арадағы сыйластық көпке үлгі еді. Не керек, ғалымның арқа сүйер үш алыбы сол кездегі саяси жүйенің құрбанына айналып, артына өшпестей өнеге қалдырып кетті.

Сонымен қатар, Қаныштың 1929 жылдың 25 желтоқсанында Таисия Сәтбаеваға жазған хатында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханмен жиі сұқбаттасып тұратынын аңғаруға болады. Онда ғалым «Большевиктер Қазақстан аумағына кіруіне тыйым салған Әлихан Бөкейханның бел баласы, Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, ұлы Үгедейді менің қасыма, Қарсақбайға баруға көндірдім» - деп жазуынан Қаныш Сәтбаев пен Әлихан Бөкейханның түрлі саланы меңгеру арқылы бір идеяның астында тоғысқанын аңғарамыз. [2. 213 б.]

Сонымен қатар, Қаныш Сәтбаев алаш арыстарының бірі- Жүсіпбек Аймауытовпен етене жақын болды. Тіпті он жас үлкендігіне қарамастан, екеуі 1911 жылы Керекудегі 2 сыныпты орыс-қазақ училищесінде бірге оқыған. Кейін 1914-1918 жылдары Семей мұғалімдер семинариясында да төрт жыл қатар білім алған. Кейін Әуезовпен біріге «Абай» журналын шығарып алаш идеясын насихаттаған болатын.

Осы тұста Мұхтар мен Қаныштың сыйластығы сонау Семейдегі мұғалімдер семинариясынан басталды. Содан бастап екеуі әрдайым бір-біріне қолдау білдіріп, достықтың тамаша үлгісін көрсете білген. Оған мына мысалдар дәйек бола алады.

Ғылым академиясының президентін сайлау жұмысы басталып, Қ.И.Сәтбаевтың кандидатурасы ұсынылған кезде Мұхтар Әуезов: «Қаныш Имантайұлының кандидатурасын қолдай отырып, оны біздің кеңестік Қазақстанның ең танымал ғалымы ретінде бағалай отырып, біз, бәріміз Ғылым академиясының толық мүшелері, түгелдей Қаныш Имантайұлын лайықтылардың лайықтысы ретінде танып, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының президентіне сайлауға өз даусымызды беретінімізге үміттенемемін», - деп жылы лебізін білдірген. [3. 8 б.] Міне, алаш азаматтары бірі-бірі қуанышта да қайғыда да қолдап, ел ертеңіне жауапкершілікпен қарағанын көре аламыз Бұл іс біреуге-үлгі, екіншіге - сабақ! Осы сабақтастық алаш арыстарының ұрпақтарының басты кредосына айналды. Нақтырақ айтсақ, ұлылардың риясыз достығын ұрпақтары да жалғастырды.

Тағы бір деректерге көз жіберсек, Томнан оралған жас ғалым алаш идеясын жырлары арқылы насихаттап жүрген әйгілі Сұлтанмахмұт Торайғыровпен кездеседі.

Бірде Қаныш үйіне қайтып келе жатқан кезде артынан бір кісі шақырып тоқтатқан екен. Имантайдың баласы екенін біліп, өзінің Сұлтанмахмұт екенін айтады. «Орысшаға жүйріксің ғой, саған көрсететін бір дүнием бар еді» деп үйіне шақырады. Бұл кездесу барысында екі зиялының қазақ руханиятына өлшеусіз еңбек сіңіру жолындағы алашшыл идеяның тоғысқан тұсын аңғаруымызға болады. [4.193 б.] Тағы бір жайтты жаза кетсек, алғаш Қаныштың Томск жоғары оқу орнына түсуіне, алаш идеясының, халық ағарту ісінің маңыздылығын және саяси ұстанымын қалыптастырған тұлғаның бірі Әлімхан Ермеков еді.

Осы тұста С. Торайғыров ағалық ақылын айтып, Қанышты еліне шығарып салады. Еліне оралған ғалым тек жатпай 1917 жылдың желтоқсан айында өткен жалпы қазақ съезінің шешімін негізінде Алашорданың оқу комиссиясы құрылып, мектеп оқулықтарын жазу туралы қаулымен танысып, тікелей Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен, жекшілігімен орта мектепке арнап алгебра оқулығын жазуға кірісіп кетеді. Осы тұста ғалымның жазған оқулығын шығару үшін Орынборға барып, қаладағы

Міржақыптың үйіне түсуі үй иесімен етен жақын қарым қатынаста екенін аңғартады. Сонымен қатар Қаныштың Міржақып Дулатов қуғындалғанда отбасына азаматтық әрі ағалық қолдау көрсетіп, балаларына бас-көз болуы алаш **интеллигенция** азаматтық борышқа, адамгершілікке, уәде мен сертке берік екенін аңғартады. [1. 122 б.]

Ой соңында Қаныш пен алаш **интеллигенция** деген ұғымды бөле жармай «Қаныш деген- алаш, алаш деген- Қаныш» деген ойға келдім. Енді бұл жерде әр алаш арасының пешенесіне жазылған ғұмырында ұлтқа қызмет етіп, (сонау отыз жетінің репрессиясы) ажалдан емес атудан кеткені мәлім. Нақтырақ, алаш зиялылары жаппай оққа байланып, отқа тастағанда жаулары «жеңдік» деп ойлады ма екен?! Олар қайдан білсін нағыз алаш арысы әлі тақта екенін. Міне, кешегі Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Әбікей, Ғазиздердің аманатын арқалап саяси аренаға мүйізі қарағайдай Қаныш шығарын. Бір өзі, бір өзі алаш идеясын, ұлт тарихы мен мәдениетін, ғылым жолындағы мақсатын сталиндік репрессиядан кейін жүзеге асырып, Қазақтың Ғылым академиясын құрып, оның дамуына мол үлес қосқан, өмірінің соңына дейін күресіп өткен. Жалғыз өзі табанды түрде қазақ халқын алға сүйреп, басынан қасірет пен қуғын-сүргін бұлты арылмаған тұлға – осы Қаныш Сәтбаев еді. Ол әу бастағы алаш идеясын жүзеге асырды!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Сәрсекеев, М. Медеу. Сәтбаев [Текст] : монография Медеу. Сәрсекеев. - Алматы : Жалын, 1988. - 526,[1] б.
- 2.Қаныш аға [Текст] : акад. Қ. И. Сәтбаев туралы естеліктер / ред. Алқасы А. Абдуллин. - Алматы : Жазушы, 1989. - 395, [3] б. - (Жайсаң жандар).
- 3.Салықов, Қ. Қаныш Сәтбаев [Текст] : монография / Қ. Салықов. - Алматы : Жибек жолы, 1999. - 59,[1] б. -). Кітап қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Орыс кітап қорынды
- 4.Заңғар: Қ. Сәтбаев туралы естеліктер.- Алматы: Айқос, 1999.- 314.

ТЕКТІНІҢ ТҰЯҒЫ

Ондыбаев Сапарбек Жакипбекович

*Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектептің
тарих пәні мұғалімі*

Қазақтың біртуар перзенті, ғұлама-ғалымы, тұңғыш академик Қаныш Сәтбаевтың биыл туғанына 125 жыл. Ол туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Қаныш Сәтбаев технология дамымаған заманда-ақ елдегі кен қорын барлап, мөлшерін айтып кеткен. Біз әлі күнге Баянауылдан шыққан ғалымның сол ашып кеткен кен орындарын қазып, елдің игілігіне жаратып келеміз», -деп айтқан болатын.[4]

Қаныш Имантай Сәтбаев 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында (Бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы) дүниеге келген. Қаныштың дүниеге келген кезеңде қазақ жері Ресейдің отары болып, сол кезеңде қазақ даласы губернаторлыққа бөлінген кезең болған. Қаныштың азан шақырып қойған есімі Ғабдул-Ғани болған. Бірақ анасы Әлима "Ғаниым, Ғанышым" деп атаған. Бала облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен. Арғы тегі Арғын тайпасы Сүйіндік руы Қаржас бөлімінен шыққан. Әкесі Иматай би болған. Атасы Сәтбай Меккеде жерленген, содан сол рудың қыстауын Баянауылдықтар «Сәтбай қажы ауылы» - [1..129] деп атап кеткен. Қаныш бала кезінен сабырлыққа, байқампаздығы және зеректігімен ерекшеленген. Әкесі оны нағыз Ұлы Дала баласы етіп тәрбиеледі. «Еңбектен адам өлмейді, қайта шыңдалып, намысы күшейе түседі» -[1..129] деп білімге, ержүректік пен төзімділікке, сабырлыққа баулыды. Бұл әрине, қазақ баласы үшін жат емес еді. Себебі, сол кездегі кез-келген қазақ шаңырағында атқа міну, аңға шығу, көкпар тарту қазақ баласы үшін таңсық болмаған. Анасы Әлима бала жасынан ұлының бойындағы байқампаздық пен ойшылдықты дамытып отырған. Сырға толы далада атпен серуендеу және кітап оқу білімқұмар баланың ең сүйікті ісіне айналды.Қаныш Сәтбаев балалық шағында білімді аса қадірлейтін ортада өсті. Оған дәлел 1912 жылы санақ кезінде Сәтбай қажының әулетінен 69 жан тұратындығы көрсетілген, соның ішінде Қаныш өзінің Сәтекең әулетінен 21 адамды мұсылманша және орысша сауаттымыз -деп [3..47] жауап берген. Қаныштың немере ағасы, танымал ағартушы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев «Алашорданың» беделді мүшесі болған. 1937 жылы большевиктер оны өлім жазасына кесілген. Туған ағасы Ғабдолғазы (Бөкеш) Имантайұлы Сәтбаев пен музыкант, өнертанушы болған тағы бір немере ағасы Әбдікәрім Жаминұлы Сәтбаев та кешегі репрессия құрбаны болған.[3..192]

1909 жылы Қаныш Сәтбаев Ақкелін ауылының мектебінде оқыды.Имантай Сәтбаев өз қаражатына бұл мектепке өскелең ұрпаққа сабақ беруге үздік деген ұстаз-молдаларды шақыратын болған.

Қаныш 1911 жылы Павлодар орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырып, оны 1914 жылы үздік бітіреді. Сол жылы Семей қаласындағы мұғалімдер дайындайтын семинарияға оқуға түседі.Қаныш Сәтбаев Семейде Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды қайраткерлермен бірге оқыған.

1914-1918 жылдары сол Семей қаласындағы мұғалімдер дайындайтын семинарияны бітіреді.[3..81]

1920-1921 жылдары Баянауылда халық судиясы болып қызмет атқарған.

1921-1926 жылдары аралығында Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінде оқыған.[3.165]

1926-1952 жылдары «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақбай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған.

1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан ғылым академиясының президенті болған.

1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған.

Қаныш Сәтбаевқа қарсы ұйымдастырылған қысымда "ірі бай-феодал отбасынан шыққан", "Алаш" партиясының белсенді мүшесі болған", "Ғылым академиясында рушылдық пен тамыр-таныстыққа жол берген", "бірнеше әйел алған" деген айыптаулар тағылған.

1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.[3..220]

Қаныш Иматайұлы 1917 жылғы Ақпан революциясын қазақтарға бостандық әкеледі деп үміттенді. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірді.

Десек те, Алаш қозғалысына нақтылы қатыса алмаған. Себебі 1917 жылдың көктемінде ол аяқастынан сырқаттанып қалған. Қанышқа қараған С.Н.Разумов дәрігерлердің айтуы бойынша, туберкулездің ашық түрі деп тауып, тез арада қаладан кетпесе, өміріне қауіп екені ескертеді. Сол себепті Қаныш ауылына емделуге кетіп қалған.[3..82]

Тағы бір мәлімет бойынша Сұлтанмахмұт Торайғыровпен кездесуі жайлы. – Сәлемет пе, інім. Сен осы, Имекең ақсақалдың баласы емесің?-деп оқыс сұрады. [3..84]

- Мен Сұлтанмахмұтпын. Уақытың болса, бүгін кешке пәтеріме келіп кетші,-деп тұрағын айтты. [3..84]

-Оқимын дегенің көңілді қуантады, жақсы інім. Тегінде, бұл біздің халықтың кешігіп қуған өнері. Сол олқыны сендей жастар толтырмаса, жер басып не керек? Бірақ оқу үшін денсаулық керек. Қанатсыз қыраннан не қайран, жапалақтай жалпылдап жер бауырлап ұшудың да қызығы да болмас. [3..85]

Екі ойлы болып, қаланы қиып кете аламай жүрген жасқа есті ағаның емеурінмен білдірген ақылы түрткі болды. Ақыры ол елге қайтуға бел байлады. [3.86]

Және бір Алаш орда қызметкері Міржақып Дулатовпен кездесуі ол туралы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың естелігінен:

«1931 жылы 9 жылдық орта мектепті тәмамдадым, Арманым жоғары дәрежелі білім алу, бірақ «халық жауының қызы» деген таңбамен бас сұғатын орнын таппадым. Жан әкем Москваның Бутыркасында қамауда, ескі достарынан қалғаны санаулы – түгел түрмеде, ал бостандықта жүрген таныстарымыз бізбен амандасудан да безіп жүрген уақ. Бір күні кеште есік қағылып, Қаныш ағай кіріп келді. Жайланып отырған соң шешем менің дәрменсіз жағдайымды айтты да, бетіне қарап: «Ал қайным, бізге неңдей ақыл бересің?»- деді. Гүлнаржанның оқуы керек, Том қаласына барсын сондағы дәрігер институтына,-деді бірден ақ Қаныш ағай. [3..231]

Қаныш ағай бертінде, атақты ғалым атанған кезінде де маған: «Гүлнаржан, жай күйінді білем, Жақаңның аруағын риза қылу үшін сен, мінсіз көп еңбек жасауың керек,» - деп маңдайынан сүйіп, арқамнан қағып демеуден ешқашанда жағылған жоқ. [3..231]

Деректер бойынша кезінде Қаныш Сәтбаев 1920 жылдардың соңындағы қыс айларын Мәскеуде өткізеді. Сол кезде Әлихан Бөкейханмен жиі ұшырасып жүрген. Алғашқы академиктің 1929 жылдың 25 желтоқсанында жұбайы Таисия Алексеевна Сәтбаеваға жазған хатында мынадай жолдар бар: "Большевиктер Қазақстан аумағына кіруіне тыйым салған Әлихан Бөкейханов Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, ұлы Сергейді (Үгедей) менің қасыма, Қарсақпайға баруға көндірді" - деп жазады. [2..290]

Бұл жазылған естеліктерден байқайтынымыз, Қаныш Имантайұлы Алаш көшбасшыларының отбасы мүшелеріне қолдан келген көмегін аямағаны өз алдына бір бөлек, Әлихан және Міржақып және тағы басқа ағаларымен бірнеше рет кездескендігіне көзіміз жетеді.

Қорытындылай келе, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Ұлтқа қызмет қылу арқылы қарапайымдылығы мен адамгершілік қасиеттері арқылы өзінің Тектінің тұяғы екенін көрсете білді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қабилдинов.З.Е. Қазақстан тарихы 8/9-сынып. Алматы. «Атамұра» 2019 ж-192 бет
- 2.Қаратаев.М «Даладағы дабыл» Алматы. 1967ж -467
- 3.Сәрсекке Медеу «Қазақтың Қанышы» Алматы. «Атамұра» 1999 ж -592 бет
- 4.<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/633479-s-tbaevty-125-zhyldy-y-tojlanady>
- 5.<https://kk.wikipedia.org/wiki>

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШТЫҢ АЛЫПТАРЫН ТОҒЫСТЫРҒАН САРА ЖОЛ

Сагиева Гүлайым Құмарбекқызы
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Болашақ мемлекетіміздің іргетасы осы Алаш қайраткерлері өмір сүрген тарихи кезеңдерде қаланған болатын. Азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын және ұлт мүддесі жолында күрескен қазақ зиялыларының ішінде оқ бойы озық тұрған бір бейне болса, ол- Қаныш Имантайұлы. Алаш деген тақырып көтерілген кезде Қаныштың өмірі Алаш партиясының жетекшілерінің тағдырымен тікелей байланысты болғанын, мүдделері, тілегі, арманы бір болғаны айтпаса да түсінікті шығар. Қаныштың қыруар ғылыми, мемлекеттік және қоғамдық міндеттер атқара жүріп, өз заманының саяси дауылдарының өтінде сан мәрте қыспаққа ұшыраса да, қызғаншақтық пен көпе-көрінеу жалақорлықтың залалын көп тартса да, көңіліндегі рухын, үмітін, болашаққа сенімін, ізгі мейірімін жоғалтпаған. Бұған бір жағынан қазақ зиялыларымен етене араласып, игі бастамалардың бел ортасында жүруі әдебиет, өнер, ғылым салаларында өзіндік ұстаным, көзқарас қалыптасуына мұрындық болды деуге болады. Әсіресе, қазақ зиялылары деп отырғаным-Алашорда қайраткерлері.

Бір газеттерге берген сұқбатында ғалымның немересі Нұрлан Жармағамбетов өзінің естелігінде Қаныш Сәтбаев пен "Алаш" партиясының жетекшілерінің тағдырын бір кездері қалай байланыстырғаны туралы айтып берген еді. Академиктің "Алашордамен" байланысы отбасылық ортадан бастау алады. Қаныштың немере ағасы, белгілі педагог және ағартушы Әбікей Сәтбаев "Алаш" партиясының көрнекті мүшелерінің бірі болған. Ол Қаныш Имантайұлының туған ағасы және басқа немере ағасы сияқты, большевиктер билігі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады.

Семей мұғалімдер семинариясында жас Қаныш Сәтбаев "Алаш" партиясы жетекшілерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтан сабақ алды. Кейіннен олар біліктілікті арттыру курстарында бірге сабақ берді: Байтұрсынов - қазақ тілі мен әдебиетінен, Сәтбаев - математика және жаратылыстану ғылымдары"[1].

1917 жылдың қазан айынан бастап, Қаныш Сәтбаевтың тағдыры Әлихан Бөкейхановтың тағдырымен бірге өрбіді. Олар Семей қаласында өткен "Алаш" қозғалысы белсенділерінің жиналысында кездесті. "Сарыарқа" газеті осы іс-шараны жариялай отырып, Қаныш Имантайұлын жаңадан құрылған партияның жас үгітшілерінің қатарына қосты. Дәл сол уақыттарда Қаныш Имантайұлына контрреволюциялық ұлтшыл және "Алаш" партиясының белсенді үгітшісі болғандығын жасырды деп айып тағылды, сол кездері осы айып Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатовқа да тағылып, қазақ зиялыларына басына үлкен қара бұлт төніп келе жатты.

Студент кезінде Сәтбаев Томск университетінің кітапханасында Орыс географиялық қоғамының еңбектерінің мұрағатында «Ер Едіге» туралы эпостың екі нұсқасын тапқанын жақсы білеміз. Бір мәтінді екіншісіне қатар қоя отырып, ол Мәскеуде КСРО халықтарының орталық баспасында қазақ тілінде 3000 дана тиражбен араб графикасымен жарыққа шығарғанын да білеміз. Сол кезде қазақ редакциясының басында тұрған Әлихан Бөкейхановтың тікелей көмегі тигенін ерекше атап өтуге болады. Орыс филологы, академик Иван Мещанинов пен оның қазақтағы әріптесі Есмағамбет Исмаилов Қаныш Сәтбаевтың бұл жұмысына жоғары баға бергенімен, 1951 жылы "хандар мен батырлар туралы" эпосы үшін оған "ұлтшыл" деген белгі қойылды. [2]

Содан кейін де Мәскеуде Қаныш Сәтбаев Әлихан Бөкейхановпен бірнеше рет кездескені туралы деректер бар. Кезінде Қаныш Сәтбаев 20-жылдардың соңындағы қыс айларын Мәскеуде өткізеді. Академиктің 1929 жылдың 25 желтоқсанында жұбайы Таисия Алексеевнаға жазған хатында мынадай жолдар бар: "Большевиктер Қазақстан аумағына кіруіне тыйым салған Әлихан Бөкейханов Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, ұлы Үгедейді менің қасыма, Қарсақпайға баруға көндірді," - деп жазады. Академиктің қызы Ханиса Сәтбаева өз естелігінде Үгедей Бөкейхановтың Қарсақпайға келген кезін былай деп суреттейді: "Бөкейханов Қарсақпайға келген соң біздің үйге орналасты. Оны бәрі Сергей Әлиханович деп атайтын. Біз қоржын үйдің бір жағында тұрып жатқанбыз. Екінші жағы геологиялық барлау кеңсесі болатын. Сергей Әлиханович үйленген кезде ығысып, үш бөлменің бірін жас жұбайларға босатып бердік. [3]

«Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов бірнеше жыл Қаныш Сәтбаевпен бірге оның кешенді геологиялық-барлау тобында еңбек етіп, Үлкен Жезқазғанды ашуға белсене қатысқан. Алайда сол кездегі солақай саясаттың салдарынан «халық жауының баласы» ретінде өзіне тиесілі марапаттарды алуға құқығы болмайтын»Тектілік тек жатпайды дегендей, асылдың сынығының еңбегі тарихтың көлеңкесінде бірнеше жылдар жатып, қазірде қайтадан зерттеле бастады.

Қаныштың өмірінде қазақ зиялыларының көшбасшысының бірегейі Міржақып Дулатовтың рөлі ерекше екен айта кету керек. 1926 жылы Міржақып Дулатұлы Еңбекші қазақ (қазіргі Егемен Қазақстан) газетіне тұңғыш рет Қаныш Сәтбаев туралы жылы лебізді мақала жазады. Мұнда Қаныштың қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженері екендігін баса айтып, жас инженерге халқы үлкен үмітпен қарайтынын айшықтап мақалада көрсетеді.

Міржақыптың қызы Гүлнәр апайдың естелігінде былай деп жазады: "Менің әкем мен Қаныш аға тумаса да туғандай болып кеткен жандар еді. Әкемді ұстап әкеткенде бізге хабарласуға дәті барып, қарайласқан аз адамның бірі Қаныш аға болды. Қарсақпайдан Қызылордаға келген сайын жағдайымызды біліп кететін. Мен мектеп бітіргенде анамыз Қаныш ағаның ақыл-кеңесі бойынша Томск медициналық институтына түсірді. Сондағы Қаныш ағаның айтқаны: "Гүлнәр, әкең Бутырька абақтысында жатқаны үшін қиындық туады деп алаңдама. Сібірліктер ашық-жарқын келеді. Олар да қудалауды көп көрген халық. Әкеңнің сәтсіздігі үшін аяғыңнан шала қоймас деп жігер беретін" - деп еске алады. Бұны Гүлнәр апайдың баласы Ерлан Сатыбалдиев растай түседі: "Халық жауының" фамилиясымен Қазақстанда оқи алмайсың деген Қаныш Сәтбаевтың кеңесінен кейін Томск қаласына кетіп, университеттің медицина факультетіне оқуға түскен. «Әкемді қамауға алғаннан кейін көбісі хабарласпай кетті. Алайда Қаныш Имантайұлы қатынасын үзбеді» - дейді.[4]

Бұл Қазақтың Қанышының қастерлі қасиетінің тағы бір қырына берілген баға болса керек.

Осының бәрін ой елегінен өткізсек, сонымен қатар 1924-1926 жылдар арасында Ахмет пен Міржақып Қызылордада бір үйде тұрғанын ескерсек, Қаныштың Жақан үйінде бірнеше рет бола жүріп, бұрыннан танитын ардақты Ахана сәлем бермеуі мүмкін емес қой! Қаныштың Міржақыппен аралас-құралас болуының арқасында Ахмет ағасымен осы үйде кездесуі айдан анық. Ендеше, бұл екі алыптың ойы ғана емес, бойлары да биік болған.

Бұл жазылған естеліктерден байқайтынымыз, Қаныш Имантайұлы Алаш көшбасшыларының отбасы мүшелеріне қолдан келген көмегін аямағаны өз алдына бір бөлек, Әлихан және Міржақып ағаларымен бірнеше рет кездескендігіне көзіміз жетеді. Сонымен қатар, Алаштың үш тұғыры аталған - Әлихан, Ахмет, Міржақыптармен немере

ағасы әрі ұстазы Әбікей Сәтбаевтың ара қатынастағы достығын сыйлап қана емес, әрі қарай жалғастыруға тырысқаны - Қаныштың қадірін арттырмаса кемітпегені айдан анық.

1928-1929 жылдары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сынды қазақтың зиялылары репрессияның құрбанына айналып, ату жазасына кесілгенде тек Қаныш Сәтпаев аман қалған. Тіпті туған ағасы Бөкеш пен немере ағалары Әбікей, Әбдікәрім қуғын-сүргінге ұшыраған.

Бірақ қазақтың бағына орай жүз адамның жұмысын жалғыз атқара алатын бір ғалым атылмай, аман қалады. Ол – Қаныш Сәтбаев. Ол қанша жерден қуғын көрсе де, "қазақ халқын надандыққа жібермеймін" деген амбициясынан бас тартпаған. Туған халқының тағдырын жақсарту жолында атқарған істері теріс бағаланып, тоталитарлық саяси жүйенің қудалауына ұшыраған Алаш азаматтарының ішінде Қаныштың қауіп-қатерден қорғап қалуға ұмтылғандар өзге халықтың өкілдері екенін ерекше айта кету керек. Қалай болғанда да құдіретті күш қазақтың көз жасын көрді ме, зар - мұңына құлақ салды ма, Қаныштай ұлы тұлғаны тоталитарлық саяси жүйенің шеңгелінен аман алып қалды.

Қаныш Сәтбаев саясаткер болған жоқ, бірақ Алаштың көшбасшылары ғалымның бойынан ерекше рухты, ұлтжандылықты байқауы, ерекше сенім білдіруі, құрметпен қарауы Қазақтың Қанышы атануына сара жол ашып бергендей еді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сыздыкова Э. «Алаш и Каныш»<https://www.np.kz/cultura/25587-alash-i-kanysh.html> «Новое поколения» газеті. -3 бет.
2. Жұмат ТІЛЕПОВ. Қаныш Сәтбаев және "Ер Едіге" жыры (silteme.kz)
3. К.Ж.Абдрахманова. жезқазған мыс алыбын игеру тарихындағы Ө.Ә.Бөкейхановтың қызметі. «История и философия» №2 (110) 2023ж-7 бет.
4. Дулатқызы Г. М Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. — Алматы: Мектеп, 2012. - 392 б

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Ешимова Нургул Абдухакикатқызы
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
физика пәні мұғалімі

Қазақ тарихындағы ХХ ғасырдың маңызы зор. Өйткені қазақ қоғамының кіл қаймақтары дәл осы кезеңде алып империяның құрамында болса да, азаматтық ұстанымын білдіріп, халықтың көзін ашу бағытында қыруар іс тындырып, артынша көптеген түйткілді мәселеге тап болды. Халықты қынадай қырған ауыр кезеңдер бастан өтті. Зобалаң мен зорлықта жүріп, бұлыңғыр әрі буалдыр сәттерді бастан өткерді. Десе де ерен еңбегімен елдің назарына ілігіп, халықаралық деңгейде танылған тұлғалар да бар. Солардың бірі – көрнекті геолог ғалым, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚазКСР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті, КСРО Ғылым академиясының академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қаныш Сәтбаев турасында қазақ қоғам жақсы біледі. Елдің игілігіне жарайтын көптеген кен орындарының ашылуына себепші болған тұлғаны өткен ғасырда КГБ қатаң бақылауда ұстағаны туралы деректер аз емес. Ғалымның атағы әлемге танылса да, кей сәттерде қызметінен босап, Мәскеуге кеткен кездер де болды. Мұның барлығы тектен-текке емес еді. Өйткені Қаныш Сәтбаев Алаш арыстарымен етене араласты. Ғылымға ден қойғанымен ұлттық мүдде, елдің қамына асқан жауапкершілікпен қарады. Жалпы кез келген азаматтың ұстанымы, көзқарасы жас кезде қалыптасады. Мұны ескерсек, Қаныш Имантайұлының Алаш идеясымен сусындағанын аңғарар едік. Оны мына жолдар дәлелдейді. «1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. Онда Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлермен оқыған. Семинария қабырғасында өз әріптестерімен бірге Семейде ұйымдастырылған қайырымдылық мақсаттағы шараларға қатысты. 1917 жылғы Ақпан төңкерісін зор қуанышпен қабылдап, жаңа үкімет қазақтарға бостандық әкеледі деп түсінді. Соған орай сол тұста құрылған Семей облыстық Қазақ комитеті жұмысының нәтижелі жүруіне септігін тигізді. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау көрсетті» [1,145бет]. Қарап отырсақ, тұлғаның қалыптасуында Алаш қайраткерлерінің елеулі орны бар. Жоғарыда сөз болып отырған кезеңде Алаш қайраткерлері елдің қамын күйттеп, халықтың сауатын арттырып, санасын ояту мақсатын көздегені белгілі. Ендеше Қаныш Сәтбаевтың да Ақпан төңкерісін қуанышпен қабылдауы, қазақтарға бостандық әкелеріне сенуінің өзі Алаш арыстарымен мүдделес, идеялас екенін аңғартады.

Жалпы өткен ғасырда қазақтың бастан кешкен қайғылы оқиғалары көп болды. Оның қатарында қалың қазақтың қатарын сиреткен 1930 жылы басталған ашаршылық бар. Міне, осы кезеңдерде Қаныш Имантайұлы қолдағы қызметін былай қойғанда, ашаршылықтан қырылған халыққа мейлінше көмек қолын созуға тырысты. «Өпкесінің ауылына кездейсоқ келген Қ.Сәтбаев киіз үйлерден аштықтан көз жұмған адамдарды көреді. Олардың бірінде ол шалажансар балаларға тап болады, олардың арасында өзінің жиендері де бар болатын. Ол барлығын алып кетуге бел буады. Осы кезде ол өзінің жұбайымен он тоғыз жас Сәтбаевтарды қамқорлығына алады. Солардың бірі Кемал Ақышев кейін белгілі археолог, ғылым докторы болып, Алматы маңында жүргізілген қазба жұмыстарында «Алтын адамды» тапқан [2, 136 бет]. Аңғара қарасақ, дәл осы кезеңде Алаш арыстары ашаршылықпен күрестің қамына мықтап кіріскен болатын. Бұл жердегі түпкі мақсат бір – қолдан келгенше жұттан жапа шеккен халыққа көмек беру. Осындай сын сағатта алып территорияны алып жатқан қазақтың әр бұрышындағы қайраткерлердің қол қусырып қарап отыру мүмкін емес. Қала берді, зобалаң зұлматтың бар жауапкершілігін желкесіне алған Мұхтар Әуезовпен таныс болғаны, бірге оқығанының өзі көп нәрседен хабар береді. Ең әрісі, Алаш арыстарының түпкі мақсаты – қазақты ояту, өркениеттің көшіне ілестіру, тарихын, ділін танытып, бәсекеге қабілетті

ұлт ету болғанын жақсы білеміз. Бұл тұрғыдан келгенде, Қаныш Сәтбаевтың ашаршылықтан аман алып қалған балаларды оқытып, білім беріп, белгілі ғалым болуына көмектесуінің өзі – өткен ғасырда ұлт үшін жанын берген қайраткерлердің ұстанымын бір сәт еске түсіреді.

Тарихқа шегініс жасасақ, 1918 жылы В.Лениннің арнайы жарлығы шықты. Бұл сауатсыздықты жоюға бағытталған еді. Міне, осы тұста Қазақстанда ауқымды жұмыстар жүзеге аса бастады. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Халық ағарту комиссариаты оқулық жазу мен орыс тіліндегі еңбектерді аудару ісіне белсене кірісті. Осы тұста Қаныш Имантайұлы 1919 жылдан бастап орыс ғалымы әрі математигі Андрей Киселевтің «Алгебрасын» аударуды бастады. Дегенмен бұл кітап түрлі себептерге байланысты жарыққа шықпай қалды. Бұл жөнінде Халықаралық Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қорының президенті Кәкімбек Салықов былай деген болатын «Автор ретінде Қ.Сәтбаев бұған қатты алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше мәрте хат жолдағанымен, ешқандай нәтиже шыға қоймайды. Мұнан кейін 1929 жылы латын алфавитіне ауысуға байланысты Қ.И.Сәтбаев оқулықтағы формулаларды бастан-аяқ латын әріптерімен түзеп шығып, 03.03.1929 жылы латынша көшіруге тапсырады. Сөйтіп қолжазба қайта латыншаға көшіріліп, қайтадан баспаға өткізіледі. Бірақ 30-жылдардан бастап Қазақстанда біртіндеп кеңестер одағына бірыңғай, ортақ оқу бағдарламалары мен аударма оқулықтарға көшу басталып кетеді де, Қ.И.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығын басып шығару ісі аяқсыз қалады» [3, 4 бет]. Бұл деректерді де тектен-текке келтіріп отырғанымыз жоқ. Өйткені жоғарыда атап өткен сауатсыздықпен күрес ісіне Алаш арыстары белсене атсалысты. Мәселен, Халел Досмұхамедұлы «Медицина», Мағжан Жұмабайұлы «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытұлы «Психология» сынды еңбектерді жазды. Демек Қаныш Сәтбаевтың өзі «Алгебра» оқулығын жазу мен жарыққа шығаруда Алаш арыстарымен бірлесе жұмыс істеуі, идеялық тұрғыда үзеңгілес болуы ортақ мақсат жолында бірлесе алуын көрсетеді деген ойдамыз. Қарап отырсақ, Қаныш Имантайұлы тек ғалым ретінде еңбектер жазып қойған жоқ. Алаш арыстары көздеген ұлттың арасында кең тамыр жайған сауатсыздықпен күреске де белсене араласты.

Қорыта айтқанда, өткен ғасырда ғұмыр кешкен қазақ зиялылары белгілі бір саланың ғана етегінен ұстап, ғалым я болмаса академик атанған жоқ. Қоғамның дамуы мен елдің гүлденуі жолында қолынан келген көмегін аямады. Ал бұл идеяның қайнар көзі – Алаш арыстары болатын. Демек біз сөз етіп отырған Қаныш Сәтбаевтың Алаш қайраткерлерімен идеялық тұрғыда үзеңгілес болғаны анық. Біріншіден, атақты ғалым білім алып жүрген уақыттан бастап «Алаш» идеясын көтеріп, қуаттап жүрген тұлғалармен танысып, бірге жүрді. Екіншіден, зұлмат жылдарда Кеңес Үкіметінің зобалаңына барынша қарсылық танытты. Үшіншіден, сауатсыздық жою сынды жауапты істе жұмыла жұмыс істеді. Бұдан шығатын қорытынды біреу, Қаныш Имантайұлы Алаш қайраткерлерін жасырын, кейде тіпті ашық түрде қолдап, қуаттап, идеясын дамыту ісіне атсалысты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алаш қозғалысы, Құраст. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008;
2. Қазақтың Қанышы. Феномен, М.Сәрсекеев. – Астана, «Фолиант», 2015;
3. Сәтбаев Қ.И. Алгебра. Оқу құралы: 1924 / Жалпы редакциясын басқарған: академик Өтелбаев М.; латын қарпіндегі нұсқасынан даярлағандар: Тұңғатаров Ә.Б., Қашқынбаев О.Қ., Ибатов А.И., Мырзатаева Қ.Р. Жапсарбаева Л.Қ., Алдай М., Абылаева А.М., Әбдіқалықова З.Т.; араб қарпіндегі нұсқасымен салыстырған: Мықтыбек Д. / – Астана: ЕҰУ баспасы, 2009.

ЕСТЕЛІКТЕРГЕ ТОЛЫ ҚАНЫШ ӨМІРІНЕН ҮЗІНДІ

Терликбаева Айнур Тулеуовна

*Семей қаласы, Абай облысы,
№11 жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі*

Адам баласы ақылға қонымды болып туылмайды. Тек тыңдау, ойлау, бәрін жанасу және дәм сезу арқылы ол жақсы мен жаманның айырмашылығын түсіне бастайды. Бала неғұрлым көп көрсе және естісе, соғұрлым көп біледі. Ақылды адамдардың сөздеріне назар аудара отырып, көп нәрсені үйренуге болады. Білімді адамдардың нұсқауларын тыңдау және есте сақтау, жамандықтардан аулақ болу арқылы ғана ақылға ие бола отырып сіз толыққанды адам бола аласыз.

Абай Құнанбайұлы, 1893 жыл.

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев 1899 жылы 12 сәуірде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы) Имантай бидің отбасында дүниеге келді). Кеңестік геолог-ғалым, кеңестік металлогения ғылымының негізін қалаушылардың бірі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы.

Кенже ұл: Имантай бірінші әйелі Нұрым Тасболатқызымен ширек ғасырдан астам уақыт тату-тәтті өмір сүріп жатты, бірақ олардың балалары болмады. Ерлі-зайыптылар қатты қайғырды. Некенің барлық жылдарында бір рет қана олар өз үйінде сәбидің жылағанын естіді, содан кейін қысқа уақытқа 70-ші жылдары дүниеге келген Күнше есімді қыз «әке» сөзін айтуды үйренгенге дейін қайтыс болды.

Балаларды аңсау қартайған жұпты қол жетпейтін арман сияқты үнемі азаптап отырды. 1885 жылы ерлі - зайыптылар Жәмидің туған ағасының ұлы Әбсәләмды асырап алды, бұл үйдегі сәбидің дауысына тағы бір сәби дүниеге келеді деген үмітпен - мұндай ырым елде танымал болды. Бірақ бұл әрекеттері де болмады. Жылдар өтті Әбсәләм үлкен азамат болып өсіп «Кіші ауыл» болып жеке бөлініп өз қыстағын құрды. Әбсәләм Имантайдың тегін алған еді. Бірақ жылдар өткенмен қуанышты жаналық әлі де болмады.

Мүмкін, нәрестені қатты аңсау оны үнемі әбіржітіп отырды, бір күні ғажайып түс көріп аян берді. Имантай жазғы мезгілде ұзақ сапардан қайтып келе жатқан уақытында кең далада шаршап ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатып түс көреді: түсінде ақ боз ат үстіндегі ақ сақалды, ақ киген қария тоқтап сұрайды: «Адам баласы, сен, неге ешкім жоқ айдалада жалғыз ұйықтап жатырсың?» Имантай оған өмір бойы өзі жалғыз ұрпақсыз тентіреп жүргенін жеткізеді: «Сен, жалғыз болмайсың, мен саған үш сәбиді силаймын, міне олар, ал-дағы бақытқа бөлен», деп қария сол мезетте үшті-күйлі жоқ болып кетеді.

Таң сәріде Имантай оянып ғажайып түсін есіне алып жолда «Тортуыл» руының Абызы Құрмантай ауылына бет бұрады. Абыз Имантайдың түсін жорып қуанышты хабарын жеткізеді: «Аса қадірменді Имантай, сен енді жалғыз болмайсың! Аулыңа қайт, қадірлі Сатпай ағаға сәлемімді жеткіз, сен, екінші әйел алу керексің, сол әйел саған екі ұл, бір қыз силайды, саған аян берген Қызыр-ата. Сенің аулыңа да бақытты күндер келеді, өмірінің соңын қайғы-мұңсыз өткізесің... Мен саған екінші неке құруға батамды беремін!...» деп өз сөзін жеткізеді. [*Медеу Сарсеке кітабы естеліктерінен «Молодая гвардия Москва» баспасы 2003 жыл 16-18 бет*].

Нұрым бәйбіше некелесуге рұқсатын береді, қойған талабына байланысты Имантайға әйелді өзі таңдап береді. 1891 жылы Имантай Алима атты әдемі ақ жарқын келіншекпен екінші рет некелеседі. 1892 жылы қыз бала дүниеге келеді, атын Ғазиза деп қояды. Тура екі жылдан соң ұзақ күткен ұл бала дүние есігін ашады. Шілдехана тойына арнайы шақырылған Құрмантай абыз, қасиетті құран кітабын ашып ол сәбиге Ғабдул-Ғазиз деген есім береді, араб тілінен аударғанда мағынасы «Алла тағаланың адал құлы», бірақ ата-анасы оны еркелетіп -Бөкеш деп атайды. Алайда Имантайдың бақыты тұрақсыз болды, Алима көп ауыратын еді, ол ауру Алиманың бірінші күйеуінен жұққан

туберкулезбен науқастанған еді. Жыл өткен сайын ауруы сыр бере бастап Алима ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалады.

Содан бері тағы бес жыл өтті. 1889 жылы сәуір айының 12-де Имантайдың көп күткен үшінші баласы дүниеге келеді. Ұл бала ірі болып туылды. Бұйра қара шашты сәбидің түр әлпеті анасына ұқсады ашық, ақ жарқын ал сабырлы мінезі әсте әкесіне тартқан еді. Үлкен ақ киіз үйде ауылдың үлкендері жиналып Құрмантай абыз кішкентай сәбиге қасиетті құран кітабынан алынған «Ғабдул-Ғани», деген есім береді, араб тілінен аударғанда «Жоғары Құл», деген мағынада, яғни Алланың жоғары құлы. Анасы Алима кішкентай сәбиін еркелетіп Қаныш-тай, деп атайтын.

Екіге толған шағында Қаныш туған анасынан айрылады (кей деректерде бес жасында). Көк жөтел Алиманы алып кетті. Әкесінің үлкен әйелі, Нұрым апа ерте жетім қалған Қанышқа туған анасындай болады, бала Қанышта балалық махабатын аямады.

Қаныштың атасы Сәтбай ислам дінінің шынайы жақтаушысы болған. Барлық мұсылмандар үшін міндетті парызды ұстану үшін 79 жасында, 1902 жылдың басында бірнеше туысымен Меккеге аттанады. Қағбадағы қасиетті қаратас барар жолдағы сапар барысында қатты науқастанып қайтыс болады. Сауд Арабияда Меккеде жерленеді. Мұсылман дінінің қағидасы бойынша бұл тағдырға тек Алла сайлаған адамдар ғана ие болады, олар нағыз қажылар болып саналады. Олардың ұрпақтары Құдіретті Алла тағаланың мейіріміне бөленіп батасын алады, тірілер арасында ерекше құрметке ие болады. Содан бері баянауылдықтар оның рулық қыстақтарын «Қажы Сәтбай ауылы» деп атай бастайды.

Білім қуған Қаныш: Бастапқы білімді Қаныш ауыл молдасынан алады онда құран сүрелерін оқып арабша жазуды үйренеді. 1909 жылы Қаныш Ақкелін аулындағы 4 жылдық орысша мектепте білімін жалғастырады. Ұстазы Григорий Васильевич Терентьев қарапайым, жұмсақ мінезді және қазақ тілін жақсы білетін ауыл балаларына қатты ұнайтын еді. Ақкелін мектебін Қаныш 12 жасында бітіріп ағасы Абикей Сәтбаевтың қолдауымен 1911 жылы Павлодар қаласындағы қырғыз-орыс училищесіне түсіп оны 1914 жылы үздік бітіріп шығады. Павлодар училищесінде Қанышпен бірге болашақ ақын, дарынды жазушы, Алаш жетекшілерінің бірі болған Жүсіпбек Аймауытов оқиды. Білім қуған Қаныш оқуды жалғастыру мақсатында әкесінің рұқсатымен 1914 жылы Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына түсіп 1918 жылы оқуын бітіреді. Семей қаласында білім алып жүрген кезінде көптеген қазақ зиялыларымен, болашақ Алаш қозғалысының жетекшілерімен танысып, елін, халқын, туған өлкесін ойлаған қазақ майталмандары болған ақын-жазушылармен етене жақын танысып араласып дос болып кетеді.

Алаш қозғалысының жетекшілерімен алғаш кездесуі: Семейдегі семинарияда оқып жүріп Қаныш оқуға өте ынталы болады. Ол әр сыныпты тек жоғары бағамен аяқтайды. Оның тойымсыз ақыл-ойы жаңа және тың ақпаратты қажет етті. Бұрынғы семинария мұрағатының 1916 жылғы сақталған құжаттарының бірінде облыстық земствоның үздік жиырма студентіне арнайы стипендиялар тағайындалғаны, олардың арасында Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Нұрмұхамедов есімдері берілгені көрсетілген.

Оқудың екінші сыныбында Қаныш жалдамалы пәтерде татар үйінде өзінің достары Жакия және Мұхтармен тұрады. Жәкия досы туралы мәлімет жоқ, ал сол кездегі жас Мұхтар – ол болашақ ҚР Ұлттық ҒА академигі, атақты жазушы. Мұхтар Омарханұлы Әуезов семинарияға 1912 жылы түскен еді. Тағдыр қазақтың болашақ, алып, мәдениет майталмандарын сол кезде тоғыстырып ширек ғасыр бойы бірге жүруді жазды.

Жас Қаныш та семинарияны бітіріп қазақ балаларына сабақ беріп өз білгенін аямай қараңғы қазақты түнектен шығаруға өзінің үлкен үлесін қосты. Өз туған өлкесінде сабақ бере жүріп 1919 жылы қазақ мектептеріне арналған алғашқы алгебра кітабын

құрастырады оны 1924 жылы жазып аяқтайды. Бұл кітап қазақ тіліндегі алғашқы алгебра кітабы болып саналады.

Қаныштың арманы: Болашақта өз арманының жетегінде 1921 жылы Томскідегі технологиялық институтына түсіп оны 1926 жылы «тау-кен инженері» дипломын алады. Ол Атбасар трестіне жұмысқа кетті, онымен оның еңбек өмірбаянының одан әрі 15 жылы байланысты болды. Жер бедерін геолог ретінде зерттеген Сәтбаев бірқатар белгілерге сәйкес мұнда мыс қоры үлкен деп болжады. Ол өте перспективалы кең орнын ашты.

Қаныш Сәтбаевтың арқасында 1934 жылы Академияның үшінші сессиясының шешімімен Жезқазғанда мыс балқыту комбинаты салынды. Сонымен бірге сессияда Сәтбаевтың ұсынысы қабылданып, Жезқазған –Қарағанды - Балқаш темір жолы салынды. Кейіннен Жезқазған мыс-кен орны сол кезде болжамды қорлар бойынша әлемдегі ең ірі кен орны болып шықты. 1940 жылға қарай Жезқазғанда Досмырза су қоймасы мен Жезқазған, Қарағанды және Балқашты жалғайтын темір жол салынды. Жезқазғандағы кең орнын ашқаны үшін Қаныш Сәтбаевқа 1940 жылы сол кездегі ең жоғары наградасы - Ленин орденімен марапатталған.

1941 жылы Қаныш Сәтбаев Геология ғылымдары институтының директоры және КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Төралқасы төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

1942 жылы 12 маусымда Жезқазғанда жездің кеніші марганец бере бастады. Бұл күн шахтаның ресми туған күні болып саналады. 1943 жылға қарай кеніш елдің марганец кендерінің 70,9 пайызын өндірді. Қаныш Сәтбаев өз жұмысы барысында 40-тан аса ғылыми еңбектер жазып қалдырды. 1944 жылы Қазақ КСР-нің жоғары советі Сәтбаевқа «Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері» атағын берді.

Қорытынды: Қаныш Сәтбаевтың халқына, еліне сіңірген еңбегі ұшан теңіз деп айтсақ артық емес, өз өмірін ғылымның дамуына арнаған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 65-ке келген шағында 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеу қаласында ұзақ аурудан кейін қаза болады. Үшінші ақпан күні Алматыдағы орталық зиратқа жерленеді. Қ.Сәтбаевқа арналған еліміздің көптеген қалаларында ескерткіштер орнатылған. Елімізге еңбегі сіңген қадірлі тұлғаның әрқашан біздің тарихымыздан, жадымыздан өшпесі анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Медеу Сарсеке «Сәтбаев» Москва Младая гвардия 2003 жыл (15-83 беттер)
2. Сарсеке М.С «Уроки Сәтбаева», Алматы – 2017 жыл.
3. Г.В. Нечитайло «Дорогой Испытаний и надежд», 1999 жыл (20-35 бет).
4. Облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасының электрондық кітапханасы КГУ "Областная универсальная библиотека имени Абая" управления культуры, развития языков и архивного дела области Абай (semeylib.kz).
5. Семей қаласындағы Абай облысының мемлекеттік архив мұрағатынан мәліметтері.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ МҰРАСЫ

Рамазанова Данагуль

№79 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының жарық жұлдызы, ойшыл ғұламасы, мемлекет және қоғам қайраткері және өте шебер ұйымдастыру қабілетінің арқасында Қазақстанда ғылымның барлық саласының және индустриалдық дамудың көшбасшысы болып, кемеңгер ғалым атанғаны бәрімізге мәлім.

Астанадағы Қаныш Сәтбаев ескерткішінің айналасына «Ұлылар сөзі» атты гранит сынтастар композициясы қойылған. Сонда Мұхтар Әуезовтың мынадай сөзі жазылған екен: «Қаныштың бір үлкен ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілдерінде сөйлесе біледі. Жан-жақты ғалым, тынымсыз ізденгіш Қаныш – ғалымдар үшін нағыз ұстаз, барлық жағынан үлгі-өнеге».

Қ.И.Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясының іргетасын қалаушы, әрі тұңғыш Президенті, геология, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Ғылым академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты атанды. Төрт мәрте Ленин орденімен, Ұлы Отан Соғысы орденімен, басқа да отандық және шетелдік сыйлықтармен марапатталған ғұлама ғалым.

Қ.И.Сәтбаев жоғарыда атап өткеніміздей, республикамыздың Ғылым академиясының іргесін қалаушы, ұйымдастырушы, тұңғыш Президенті бола отырып, еліміз үшін аса маңызды ғылым салаларының қаз тұруына, өсіп өркендеп, қанат жаюына үлкен күш-жігерін жұмсап, айтулы нәтижелерге қол жеткізгенін, осыған орай ғылымның әр саласы бойынша аса дарынды ізденімпаз жастарды қанатының астына алып, оларға жол ашып, қамқорлық жасағанын баршамыз жақсы білеміз. Әсіресе, Қаныш Имантайұлының ұлтжандылығын, өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін, тілін, дінін, ұлттық өнерін терең білгенін, ерекше қастерлегенін мақтанышпен ауызға аламыз. Мәселен, сонау Томскіде институтта оқып жүргенде-ақ қазақ тіліндегі «Алгебра» оқулығын жазып, бастырып шығарған еді.

Әлкей Марғұлан Қаныш Сәтбаевтың өнер саласымен айналысуын, жазушылық қабілеті барын да ескере келе, би өнері ғылымын жақсы меңгергенін, сондай-ақ өзі бастамашы болып жүріп әдебиет, этнография, тарих жөнінде үйірме де ашқанын жеткізеді. "Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана ой-санасын дамыту мәселесіне жұмсайды. Көп уақытын Томск университетінің кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған мәліметтерді үніле оқыды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындады. Қаныштың бастауы бойынша, Томск университетінде Шығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған Томскіде оқитын студенттердің көбі қатысады. Үйірмеде якут, бурят, хакас, тұңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндама тыңдалады. Қаныштың өзі де қазақ әдебиеті, этнографиясы туралы бір үйірмеде бірнеше рет баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан талай рет сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән-күйлерінен, жыр-өлеңдерінен айрықша концерт жасап отырады.

Қаныш пен оның ағаларының өнерді, әдебиетті, музыканы қадірлеуі – оларға әкелерінен мирас болған іс. Именекеннің өзі де жас күнінде серінің бірі болған. Музыкамен қатар, Қаныш өнердің бір түрі – биді де қатты қадірлейтін. Полька, мазурка, вальс билерін Кисловодскіде демалып жатқанда Қаныштан жақсы ешкім әдемі билемеген. Сондықтан Горький атындағы санаторийдің карнавалында бірінші жүлдені оған тартады. Қаныштың би өнерін жақсы көруі сонша, Кисловодскіге барған сайын осы күнгі жаңа билерді – фокстрот, танго билерін үйреніп, оларды да әдемі билейтін болды".

«Әнші Қаныш» деген кезде ауызға алдымен Затаевичтің аты-жөнінің ілігуі өзінше бір заңдылық болып кеткен. Неге десеңіз, 1920 жылдардың аяқ шенінде А.В.Затаевич Мәскеу қаласында қызмет істеп жүрген геолог Қаныш Сәтбаевтың айтуынан 25 ән жазып алады, ол әндерді 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың 500 ән-күйі» дейтін жинағында нотасымен жариялайды. Жинаушы «Том технологиялық институтын бітірген жас қазақ инженері Қаныш Сәтбаев Баянауыл әндерінің тамаша білгірі және оларды тәуір орындаушы, ол осы жинаққа әуен бойынша ғана емес, ән мәтіні бойынша да бірқатар құнды дерек беріп, оларды орыс тіліне аударды» деген сипаттама берді.

Сол жолы Қаныш атамыз музыка зерттеушіге 25 ән айтып берген. Ақан серінің «Мақпалын», Жаяу Мұсаның «Башқұлбайын», Естайдың «Хорланын», фольклорлық мұрадан «Қисса ән сарынын», «Арғы жағы-ай Ертістің» тарихи әнін, «Ажар сарынын», «Жарылғап сарынын», «Әлди, бөпемді» және тағы басқа. А.Затаевич бұлардың бірқатарының авторымен жеке таныс-біліс болғанын айтады. Қаныштың орындауындағы «Мақпалды» ариозоға жақын ән, ал «Хорланды» драмалық ариозо-ән деп сипаттайды. Қаныш репертуарындағы әндер кейін жеке әншілердің репертуаларында, опера, балет, симфония партитуралары мен камералық музыкада қайта жаңғырды. Өкініштісі Қаныштың әншілігі (дауысы, ән салу нақышы, мәнері, музыкалық репертуары) туралы дерек жартымсыз. Медеу Сәрсекеев өзінің Қаныш жайындағы іргелі зерттеу кітабында академиктің ән қорында «Қанапия», «Ырғақты», «Бүркітбай» сықылды ән болғанын жазады. Осылардың ішіндегі ең шоқтықты әрі бала жастан сүйіп салғаны «Бүркітбай» екен. Автордың айтуынша, 1920 жылдары елде халық соты болып жүргенде жұрт қызық-тамаша кезінде оған «Бүркітбайды» айтқызбай тарқамайды екен. Атамекеніне соңғы рет келгенде де халықтың қолқалағаны осы ән төресі болыпты.

Медеу Сәрсекеевтің әліптеуінше, Қаныш жасөспірім шағында Керекудегі екі тепкішек орыс-қазақ училищесінде оқыған және осында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы В.Н.Терентьев ұйымдастырған шекті аспаптар оркестріне қатысады. Қаныш оркестрдегі екі скрипканың біреуінде ойнаған. Алдымен мандолина тартқысы келген екен, бірақ соңыра скрипкаға көңілі ауып, бірінші скрипкашы атанады (прима-скрипка). Ал Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде, 1915 жылы ерлі-зайыпты Құлжановтар ұйымдастырған қазақша әдебиет кешінде «екі домбыра мен бір мандолин қосылып, ұлт күйін тартқанда» мандолинде ойнаған Қаныш болатын (домбыра тартқандар – Тайыр Жомартбаев пен Жекей Малдыбаев). Ал 1917 жылы ауылға мұрсатанаға келгенде жұрт «Сәтбайдың төрт арысы» деп кеткен ағайынды төрт жігіттің күшімен музыкалық концерт ұйымдастырған: Әбікей Сәтбаев – гармоньда, Кәрім скрипкада, Бөкеш – домбырада, Қаныш болса мандолин мен гитарада ойнаған. Сонда болашақ академик төрт аспапта – домбыра, мандолин, скрипка және гитарада бірдей ойнаған мультиинструментал сазгер болып шығады емес пе?! Қаныш тума таланттардың қатарынан еді. Егер соңына түссе, белгілі сазгер, әнші, не музыкатанушы болып кете алар еді, бірақ ол соңғы жолда кен мамандығын таңдаған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана.
2. Егемен Қазақстан. Әбдімәлік Нысанбаев. 2019 жыл.
3. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/28335/>

Қ.САТБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Рахадал Телеугул

Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка ауылының ЖОББМ

Болашақ ғалымның әкесі Имантай Сәтбаев ауыз әдебиеті мен өз жерінің тарихын жақсы білетін, түркітектес хәм Шығыс елдерінің әдебиетімен таныс аса сауатты адам болыпты. Имантай Сәтбаев қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановқа зор құрметпен қараған, оның әкесі Шыңғыспен жақсы таныс болып, сыйластық құрған. Орыстың белгілі ғалым-этнографы, Шоқан Уәлихановтың бірге оқыған досы Г.Н.Потанин Ресейдің географиялық қоғамының ауыз әдебиетін жинастыру қызметіне Имантай Сәтбаевтың көмегін пайдаланған. Қ.И.Сәтбаевтың анасы Әлима Исақызы кенже ұлы Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Жас Қаныш Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының мейірбан әрі құтты бауырында өсті. Болашақ ғалым өз әкесінен, ауылдық молладан, оған қоса жергілікті екіжылдық Ақкелін мектебінен алғашқы білім алды. Бала Қаныш сол күндерден-ақ ерекше ұғымталдық қабілет танытты. Бұл жайында көп жылдардан кейін "өмірдің төрт мезгілі" атты кітабында Академик Ш.Ш.Шөкин былай деп жазады. "Мені бір көргенмен жадында сақтап қалғыш мінезі талай тандантты. Арада он жыл өтсе де бір ұшырасқан адамды кеше ғана кездескендей ұмытпайтын". Ауыл мектебінен кейін оқуын Павлодардағы екіжылдық орыс-қазақ училищесінде жалғастырған жас талант оны үздік аяқтады. Сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, 1918 жылы бітіріп шықты. 1918-1919 жылдары Семейдегі педагогикалық курстарда жаратылыстану пәнінің мұғалімі, 1919-1920 жылдары Ақкелін болысындағы 4-ауылда мұғалім, 1920-1921 жылдары Баянауылда халық судьясы қызметтерін атқарды. Жас Қаныштың қалыптасуына ата-анасы, оқыған ортасы және сол заманның озық азаматтары — туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев үлкен әсер етті. Үшеуі де 37 жылдың жазықсыз құрбаны болды. Ағаларының қазасы Қаныш Имантайұлының қабырғасын қайыстырды, өзінің болашағын терең ойлауға мәжбүр қылды. Сәтбаев өмірбаянының осы жағы Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның "Сәулелі әулет" атты кітабы жарық көргенше жан-жақты айтылмады. Ағаларының саяси репрессияға ұшырауы, Мекке сапарында дүние салған атасы Сәтбайдың қажылығы академиктің ішінара қарсыластары үшін тоталитарлық жүйенің идеологиялық қырсығын тигізуге қару болды. Қаныш Имантайұлының азамат болып қалыптасуына Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың үлгілі өмірі мен еңбектері әсерін тигізді. Ол Абайдың поэзиясын жақсы игеріп, оның көптеген шығармаларын жатқа айтып машықтанды, лирикалық әндерін үздік орындап жүрді. Студенттік жылдарында Ш.Уәлихановтың шығармаларын терең талдап, мұқият оқыды. Шоқанның Қостанай төңірегіндегі ақын-жыраулардың аузынан жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы "Ер Едіге" эпосын қазақ тіліне аударды. Осы еңбегі 1927 жылы Мәскеуде басылып шықты. "Бұл аңызды қазақшаға қайта аударуымның негізгі себебі — бұрынғы Мелиоранскийдің аударған нұсқасында аты қазақша, заты кітапшілдеу ноғайша болып кетуіне байланысты" деп Қаныш Имантайұлы анық жазды. Бұл еңбегін ана тіліне деген үлкен қамқорлығы хәм тіл ұстартуға қосқан тамаша үлесі деп білеміз.

Қаныш Шоқан Уәлиханов сияқты ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенде бастап, студент кезінде жалғастырды. Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғылыми зерттеуге айналдырған ол көптеген этнографиялық тарихи мұраларды ашты. "Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері" атты еңбегін ғылыми қауым жақсы біледі. Ғылым академиясы президенті қызметін атқарған кезде Шоқан Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды қолға алып, бұл игілікті істің

бастаушысы, ұйымдастырушысы болды. 1961-1972 жылдары Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының бас редакторлығы міндетін академик Әлкей Марғұланға тапсырып, өзі редколлегия мүшесі ретінде оның ойдағыдай жарық көруіне атсалысты. Қаныш Имантайұлы 1919 жылдан бастап және студент кезінде жазумен шұғылданған қазақ орта мектебінің төменгі және жоғарғы сыныптарына арналған "Алгебра оқулығын" 1924 жылы аяқтап, сол кездегі Білім Халық Комиссариатына оқулық ретінде бекіттіреді. Өкінішке қарай, кітап кезінде жарыққа шықпай қалған екен, кейін Халықаралық Қ.И.Сәтбаев қоры ғалымның бұл еңбегін ел қолына жеткізуді көздеп, тиісті шаралар жасап, кітап жарық көрді. 1921 жылы Баянауылға емделуге келген профессор, кейіннен академик Михайл Антонович Усов Қаныш Сәтбаевтың геолог болуына үлкен әсер етіп, өз Отанының қазба байлықтарын зерттеуге ынта-жігерін арттырды. 1921 жылы күзде ол қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырып, Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінің геология бөліміне қабылданды. Институтта оқыған кездерінде Қ.И.Сәтбаевтың өмірге көзқарасы, дүниетанымы кеңі түсті, өйткені сол кездегі орыстың атақты ғалым-геологтары, Томск технологиялық институтының профессорлары В.А.Обручев пен М.А.Усовтың ғалымдық жолына азық боларлықтай мол өнеге-дәріс алғаны белгілі. 1926 жылы Қаныш институтты үздік аяқтап, тау-кен инженер-геологы деген мамандық бойынша диплом алған бірінші қазақ болды. Институтты бітіргеннен кейін Қазақстан Халық шаруашылығы Орталық кеңесінің ұйғаруымен "Атбасветмет" трестінің геология бөлімін басқаруға жіберілді. Бұл трестке Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және ағылшындар бастап, аяқтамаған Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жалғастыру міндеттелді. Бұған қоса Орталық Қазақстандық басқа да кен орындарының жұмысын қадағалау тапсырылды. Қаныш "Атбасветмет" трестінің беделді қызметкері болды. Ол кезде бұл мекеменің кеңсесі Мәскеуде еді. Жас маман жазда өнеркәсіп орындарында болса, қыста Мәскеуде зертханалық талдау жасаумен айналысты. Қарсақбайға Қаныш Имантайұлы 1926 жылы келді. Оның алдында Жезқазған – Ұлытау ауданындағы кен байлықтарын іздеу мен геологиялық барлау жұмыстарын жаңа техникамен кеңінен жүргізу тәрізді аса маңызды міндет тұрды. Қаныш бұл жұмыстарды асқан іскерлікпен атқарып, Жезқазған кен орнында мыс қорының орасан мол екендігін анықтады. Сөйтіп, ағылшындар мен Одақтық геолкомның мыс қоры бұл өңірде мардымсыз, Қарсақбай зауыты үшін көп болса он жылға ғана жетерлік 60 мың тонна мыс бар деген топшылауына батыл тойтарыс жасалды. Осындай ауыр күндерде асқан табандылық көрсеткен Қ.И.Сәтбаев өзінің зерттеулеріне деген берік сенімінің арқасында 1934 жылы Одақтық ауыр өнеркәсіп халық комиссары Г.К.Орджоникидзениң қабылдауында болып, оны айқын дәлелдермен Жезқазған кен орнының зор мүмкіндігіне сендіре білді. Барлау жұмыстарын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік туды. 1937 жылы мыс қорының жаңа есебі оның мөлшерін бұрынғыдан көбейте түсті. Жезқазғанда түсті металлургия өнеркәсібінің алып комбинатын құру ешкімнің күмәнін тудырмады. Сол жылы Жезқазған мәселесі түсті металлургия өнеркәсібі саласының жұмыс жоспарына енгізіліп, 1938 жылы 13-ақпанда Жезқазған кен-металлургия комбинатын жоспарлау және құрылысын бастау жөнінде ауыр өнеркәсіп комитетінің жарлығы шықты. Бұл хабар Қазақстанды, әсіресе Жезқазған – Ұлытау өңірін ерекше сүйсінтті. Барлаушы, кенші құрылысшылар жігерлене түсті, ғалымның Т.А.Сәтбаева, С. Ш.Сейфуллин, В.И.Штифанов секілді көмекшілеріне тың күш бітті. Төңіректе ұлы дүбір басталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аужанова Г. Қаныш Сәтбаев сан қырлы ғалым/ Г.Аужанова// Қазақ тілі мен әдебиеті.-2005.-№5.- бб.98-99

2. Қаныш аға: жеке тұлға өмір баяны/ құраст. Ш.Қ Сәтбаева, Ғ.О.Батырбеков, Ә.Қ.Жармағамбетов.-Алматы: Жазушы,1989.-400 б.
3. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2005.-728 б.
4. Қазақтар: көпшілікке арн. 9 томдық анықтамалық. 2 том: Тарихи тұлғала/ құраст.Р.Арын және т.б.-2 басылым, өнд., толықты.-Алматы: Білік,2003.-460 б.
5. Тарихи тұлғалар/ құраст.:Б.Тоғысбаев,А.Сужикова.-Алматы: Алматыкітап, 2006-376.

АКАДЕМИК Қ.И.СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЗОР ҚҰБЫЛЫС

Идрисова Айнур Болатбековна

Астана қаласы, Ғали Орманов атындағы №7 мектеп – гимназиясының тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

Еліміздің зор революциялық өзгеруі және ғылыми өрлеуі дәуірінде партиямен, қоғаммен біте қайнасқан, халық ішінен шыққан, бар өмірін социализм құрылысына сарп еткен жаңа типті ғалымдар буыны өсіп, шыңдалды. Аңызға айналған алғашқы бесжылдықтардың халық шаруашылық проблемаларын, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қиын міндеттерін және соғыстан кейінгі кезеңде социализмді нығайту ісін шешу өз үлестеріне тиген сол буынның тобына қазақ халқының талантты ұлдарының бірі, академик Қ.И.Сәтбаев та жатады.

Ол еңбегін бүкіл еліміз танып, бағалап отырған тамаша геологтардың бірі, заманымыздың көрнекті ғалымы, белгілі қоғам қайраткері болды. Студенттік жылдары Қ.Сәтбаев алгебра бойынша оқулықпен жұмысты аяқтап, фольклор бойынша, атап айтқанда "Ер Едіге" эпосы бойынша көптеген нақты мәтіндік зерттеу материалдарын жинайды. Кейінірек Қ.Сәтбаев өмірінің осы кезеңі туралы былай деп жазады: "Мені сол кезде "Едіге туралы ертегімен" айналысуға оятқан себеп, менің 1920-1924 жылдардағы ауызша халық шығармашылығы материалдарына деген жалпы қызығушылығым болды, - деп жазады.

Сол жылдары мен қазақтардың ауызша халық шығармашылығының үлгілерін қызығушылықпен жинап жаздым. Олардың кейбіреулері туралы газеттерде мақалалар жаздым. Олардың ішінде тілдің байлығымен, поэтикалық формалардың бейнесімен және тарихи-этнографиялық материалдардың көптігімен мені Ш.Уәлиханов жазған және кейінірек проф. П.М. Мелиоранский жариялаған нұсқада "Едіге туралы аңыз" ерекше таң қалдырды. Бір қызығы, бұл нұсқада Ер Едігенің Ресей мен Литваға қарсы соғыстарының эпизоды сипатталмаған. Аңыз Тоқтамыс пен Едіге арасындағы қақтығыстарға негізделген. Қ.И. Сәтбаев 1927 жылы Мәскеуде өзінің үлкен зерттеуі алғы сөзімен "Ер Едіге" эпосын шығарды. "Едіге туралы аңыздың" алғы сөзі қазақ және орыс тілдерінде құрастырылған. Осылайша, оның мазмұнымен түпнұсқада да, орыс тіліне аудармада да толық зерттелді. Қ.Сәтбаев Едіге туралы аңыздың осы нұсқасын жинау және жариялау тарихын, оның маңыздылығын мүмкіндігінше көрсетуге тырысты. «Ер Едіге» жырының мәтінін қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған.1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Қаныш Сәтпаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді домбырамен өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Ғалымның "әдеби газетте" жарияланған "330 ғылыми тақырып" мақаласында фольклор мен әдебиетті зерттеудің ғылыми мәселелері қарастырылған. "Әдеби газет", "Қазақ әдебиеті", "Жұлдыз", "Простор" журналдары Қ.И. Сәтбаевқа мақалалардың тапсырыстарымен жиі жүгінетін, нәтижесінде осы басылымдардың беттерінде мазмұны жағынан терең, тақырыбы бойынша маңызды проблемалық мақалалар жиі пайда болатын. Қ.И. Сәтбаевтың еңбектерінде Ш. Ш. Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Жамбыл, Рудаки, М.В.Ломоносовтың ғылыми мұрасының филологиялық қырлары туралы айтылады. Ғалымның еңбектерінде көптеген сөздер, салыстырулар, өлеңдер мен мақал-мәтелдер, арнайы зерттеуді қажет ететін қанатты сөз тіркестері бар.

Қ.И.Сәтбаевтың студенттік жылдары 1924 жылы "Сәуле" баспасында жарияланған "Қазақтың жұмбақтары мен әзілдері" ("қазақтың бұрынғы ойындары") және "Бұрынғы қазақ ойындары" ("бұрынғы қазақ ойындары") мақалалары қызығушылық тудырады. Екі мақала да қазақ тілінде, араб шрифтімен басылған. Қ.И.Сәтбаевтың бұл сирек еңбектері ұмытылған, еңбектер библиографиясында көрсетілмеген, оларды табу қиын. "Сәуле" альманахының бірнеше нөмірлері болды, 1924 жылы Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК органы мен Нарсоветтің "Ақ жол" ("Светлая путь") газетіне қосымша ретінде басылды. 1920-1925 жылдары Ташкентте шыққан "Ақ жол" алдымен Алашорда бағытына ие болды, содан кейін халықтың қоғамдық-саяси мүдделерін білдіре бастады.

Қ.И.Сәтбаевтың 1924-1925 жылдары тарихты зерттеумен және оның фольклор мен әдебиеттегі оқиғаларын бейнелеумен айналысқаны сол кезде "Хан Кене" драмасын жазуға дайындалып жатқан М. О. Әуезов үшін бірнеше тарихи мәліметтердің дәптерінде сақталған жазбамен куәландырылады. 9 наурыз 1925. Қаныш Сәтбаевтың М.О.Әуезовке жазған хаты. "...Кенесарының хаты жеткеннен кейін орыс билігі қатайып, 1846 жылдың басында қайтадан Омбы мен Орынбордан күшті отряд жіберді. Оларға немесе Кенесарыны алып, басын әкелу немесе далада бәрі соңына дейін өлу үшін "деген жарлық берілді. Кенесары отряды шыққаннан кейін, 1846 жылы соғыс жарияламай, орыс шекарасынан шығып, қытайлық қазақтар арасында Көкікөл шекарасында орналасады, тоқтайды..."Хаттың бір бөлігі ғана сақталған, басы мен соңы жоқ, шамасы, ол өте ұзақ болды. Бастапқы төрт бет жоғалды. Мұражай мұрағатында 5-6 беттер сақталған. Белгілі "Хан Кене" драмасын жазу кезінде М. Әуезов осы фактілерді пайдаланған сияқты. Кенесары қозғалысы тарихының тағы да түсініксіз бағыттары туралы көптеген нақты мәліметтер берілген. Қ.И. Сәтбаевтың студенттік жылдары жазылған бұл хаты толық сақталмағаны өкінішті. Бұл тарихи-әдеби көзқарастардың көптеген қырларын, ғалымның бірқатар күрделі оқиғалар, Қазақстанның өткен мәселелері бойынша ғылыми тұжырымдамаларын анықтауға көмектеседі. Қ.И. Сәтбаевтың М. Әуезовке жазған хатының бұл бөлігі олардың шығармашылық қарым-қатынастары, адамның достық байланыстары туралы құнды куәліктердің бірі болып табылады. Көрнекті тарихи тұлғалардың ерекше өмірінің әрбір жанасуы қазіргі адамдар үшін құнды және қымбат.

Қаныш Имантайұлы Семей семинариясында оқып жүрген кезінде (1914-1918), бұл семинарияда Мұхтар Әуезов те оқитын еді. Қаныштың айтуынша, Мұхтар, Жекей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достаевский туралы оқыған лекцияларын тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрларда қазақша сауық-кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы 13 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы – семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова. Кеш төрт бөлімнен құралады.

- 1.Біржан мен Сараның айтысы;
- 2.Батырлардың айтысы;
- 3.Қазақ әндері;
- 4.Абай әндері.

Бұл кеште Қаныш аз роль ойнамаған. Ол сайыста біріншіден Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін орындап шығады. Оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топайкөк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», т.б. әндерді шебер орындап шыққан. Қаныш Сәтбаевтың әнге деген құштарлығының дәлелі ретінде Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс берген, екі жыл Қаныш Сәтбаевтың хатшысы болған Сіламхан Жаппархановтың сөздерінен мысал келтіргім келеді: «Қанекен сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де атаның қанымен берілген қасиет болса керек. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы-жыраулармен талай дастархандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән-жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұса мен Естайды бала күнінен білген. Жаяу Мұсаның әндерін өзінен тікелей үйренген. Баянауыл әндерінің жан сергітер ғажап әуенін бойына сіңірумен есейген Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері “Шама”, “Бір бала”, «Мақпал», «Салайын», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Затаевичке айтып берген. Сөйтіп Затаевич Қаныш Сәтбаевтан 25 қазақ әнін жазып алып, өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізген. Затаевич қазақтың халық әндерінің білгірі әрі жақсы орындаушысы ретінде Сәтбаевтың дарынын жоғары бағалаған. Қаныш Сәтбаев әндердің тарихын да өте жақсы білген және шебер әңгімелеп айтып бере алған. Сондай әндерінің бірі Едіге бидің ұрпағы Мұсаның әні «Бүркітбай». Бозбала шағында Қаныш Сәтбаевтың ұнатып айтқан әндерінің бірі.

Қорыта айтқанда, Қаныш Имантайұлы Қазақстанда болып өткен барлық қоғамдық және тарихи оқиғаларға белсене қатысты. Ол Коммунистік партия мен Совет өкіметінің шешімдерін жүзеге асыру үшін іскерлікпен, үлкен энтузиазммен еңбек етті. Кеңпейілділік, қайырымдылық, адамды сыйлай білушілік, сыпайылық, ал іске аса қатал болу, бір беттілік оған тән қасиеттер еді. Артына үлкен мирас қалдырған Қ.И.Сәтбаевтың жарқын өмір жолы халыққа, социалистік Отанға, Ұлы Ленин партиясына адал қызмет етудің үлгісі болып саналады. Бүгінде ғалымның атында Жезқазған кен – металлургия комбинаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институты, Қазақстанның бірнеше елді пункттері, орта мектептері және Алматы, Балқаш, Гурьев, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Семей қалаларының көшелері бар. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қ.И.Сәтбаевтың бес томдық таңдаулы еңбектерін басып шығарды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ ССР Ғылым Академиясы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев «Ғылым» баспасы, Алматы қаласы 1989 жыл
2. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», –2011 жыл
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – 7 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, –2005 жы

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР АЗАМАТЫ

Ажикабулова Айназ Утебаевна

Ә. Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

Қ.И. Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданы орта жүз арғын руының қаржас (Сүйіндік) деген еліне жататын Имантай би Сәтбаевтың отбасында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты Ғабдолғани. Анасы Әлима оны еркелетіп Ғаныш, Қаныш деп атаған. Кейін бәрі баланы Қаныш деп атап кеткен екен.

Қаныш ауыл мектебінде білім алғаннан кейін Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне түсіп, Семейдегі мұғалімдер семинариясына барады. Алайда ол жақта денсаулығы сыр беріп, туберкулезге шалдығады. Барлық емтихандарды экстерн ретінде тапсырып, 1918 жылы оқуды бітіріп диплом алып шығады. Университетке түсуге дайындалып жүріп, Семейде жаратылыстану мұғалімі болып жұмыс жасайды. Бірақ туберкулез тағы да асқынып, туған ауылына қайтады. Бір жылдай қымызбен емделіп, осы уақытта қазақ мектептеріне арналған «Алгебра» оқулығын жаза бастайды. «Сәтбаевтың 1921 жылдың ортасында Баянауылда қымыздан шипа іздеп келген Томск технологиялық институтының профессоры М.А. Усовпен кездесуі оның тағдырында шешуші рөл атқарды. Оның геология жайлы әңгімелерінің 22 жасар жігітті қызықтырғаны соншалық - Сәтбаев 1921 жылы халық судьясы лауазымын тастап, Томск технологиялық институтына түседі» деп жазады Томск қаласындағы Қ.Сәтбаевтың студенттік жылдары туралы кітаптың авторы И.Т. Лозовский. [1]

Геология ғылымының қыр-сырын біліп Қаныш Сәтбаев өзінің ұстазы Михаил Усовтан ақыл-кеңес алып отырған. Сондай-ақ осы жерде оқып жүріп ол белгілі геолог Михаил Русаковпен танысады. Бірнеше жылдан кейін профессор Усовтың жетекшілігімен жазған дипломын сәтті қорғап шығып Атбасар түрлі-түсті металдар тресіне жіберіледі. Жас геолог Орталық Қазақстан территориясындағы барлық барлау және іздеу қызметін басқарады. 1926 жылы Қарсақбайға келіп, ағылшындардан қалған геологиялық жұмыстармен танысады. Сондай-ақ Жезқазғанда жаңа кен орындарын табады. Осылайша Қарсақбай ауданындағы барлау жұмыстарының көлемі артып, мыс қоры көбейе түседі.

1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары-үлкен Жезқазған кенорны қоры 2 млн. тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кен орындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған» алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді.[2] Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті.

1927 жылы ғалым Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасында «Ер Едіге» жырын қайта өңдеп шығарады. 1934 жылы Қаныш Сәтбаевтың жұмысының арқасында Үлкен Жезқазған мәселесі КСРО Ғылым академиясының сессиясында көтеріледі. Он бес жыл жүргізген жұмыстарының нәтижесінде – «Жезқазған ауданындағы кен орындары» атты маңызды еңбегі жарық көреді. Ғалымның бірізді қадамдарының нәтижесінде Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап – мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінде Политех атымен белгілі (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) алғашқы техникалық жоғары оқу орны Қазақ Тау-кен металлургия институтын құруға алғы шарт болды. Құрылған институт өзіміздің кәсіби кадрлардың, сонымен қатар еліміздің дамып келе жатқан тау-кен металлургия және геологиялық кәсіпорындарының ұстаханасына айналды.

1940 жылы Геологиялық ғылымдар институты негізінде тұңғыш қазақтың ғылыми орталығын құруға, ғылымның академиялық филиалын құруға арналған аралас салаларға таратуға және 1946 жылы алғашқы Қазақ ұлттық ғылым академиясын негізін салуға мүмкіндік берді.

Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық және Шығыс Қазақстанда қазақ геологтарының ғылыми тобымен заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізген терең де жүйелі зерттеулері 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын аналитикалық жүйелеуге алып келді. Осылай 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» атты іргелі ғылыми еңбегі шықты.[3]

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта металл кендерінің бай кенорындарын ашуға мүмкіндік берді. Шашыраңқы фактологиялық аймақтық мәліметтерді Орталық Қазақстанның біртұтас кешенді геологиялық картасына жүйелеу оған кеңістікте орналасу заңдылығы туралы іргелі және әмбебап ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары «Орталық Қазақстанда эндогендік кендену аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары» атты ғылыми мақаласында толығымен берілген.[4]

«Орталық Қазақстанды эндогендік кенді минералдауына жасалған нақты анализдің қорытындысы бұл аймақта өндірістік кен орындары жоғарыда аталған кен генезисінің үш факторы негізінде пайда болды. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан үшін терең аймақтық қабаттар және жарықшақты белдемнің қанатталған және үйлестірілген жүйелері өзара буындастырылған немесе қиылысқан түйіндердің болуы аса қолайлы жағдай болды».

Кенді Алтай кенорны бойынша ғылыми тұжырымдар мен зерттеулерді басшылыққа ала отырып, Шығыс Қазақстан үшін түсті металдар кендерін кешенді пайдалану бойынша зерттеулерін қорытындылады. Бұл ғалымның «Түсті металдар кенін кешенді пайдалану бойынша Қазақстан Ғылым академиясының зерттеулері» атты мақаласында берілген.[5]

Қорыта келе, Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. –С.4.
2. Народное хозяйство Казахстана, 1936№1-2, 74–83-бб.
3. ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығ., 3–35-бб.
4. Советская геология, 1957, №58, 93–109-бб.
5. Қаз ССР ҒА Хабаршысы.1962, №12, 3–11-бб.

ҒАЛЫМ ТАҒЫЛЫМЫ

*Хайдарова Айгуль Сериковна
Астана қаласы «№ 95 мектеп – лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Қазақ елінде төңірегіне білім нәрін таратқан, жарық жұлдыздарымыздың бірі де бірегейі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Қазақстанның кен көздерін геологиялық зерттеу мен ашу тарихының ең бір жарқын беттері Қаныш Сәтбаевтың есімімен, игілікті істерімен тығыз байланысты. Орталық Қазақстанда өнеркәсіпті дамытып, өркендетілуін мол мүмкіндіктері мен болашағын айқын көре білді. Ол қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тілін, этнологиясын, фольклоры мен музыкасын терең білді.

Осы салаларда еңбек ететін ғалымдармен етене араласты. Мәселен, Өлкей Марғұлан өз естелігінде Қаныш Сәтбаев туралы былай дейді: «Музыкамен қатар Қаныш өнердің бір түрі биді де артық қадірлейтін. Түстеп, краковях, подиспан, полька, мазурка, вальс билерін ол кездегі қазақ жастарында Сәтбаевтардай ешкім билемеген. Соңғы жылдардың өзінде Кисловодскіде демалып жатқанда, бұл билерді Қаныш өте әдемі билеуші еді. Тіпті бір жылы твист биін үйренуге құмартып, оның да ырғақтарын келістіре, тым әдемі билеп кеткені есімде»[1,147бет].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туған елінің кен байлығын игеріп, оның экономикасын көтеру қаншалықты маңызды екенін түсініп, әлемге әйгілі қазақстандық геология мектебінің негізін салуға ат салысты. Найзатас пен Жездінің темір-марганец кенін, Байқоңырдың көмірін басқа да туған еліміздің кен орындарын барлаумен айналысты. Туған жерінің шаруашылығының, мәдениетінің дамуымен байланыстыра отырып, ғылыми зерттеулер жасап, осы ерен жұмысының нәтижесі 1942 жылы «Қазақ ССР Жезқазған аймағының кен орындары» атты монографиясы жарық көрді.

Сол жылы Геология институтының директоры, көп ұзамай КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы президиумының төрағасы болып тағайындалған Қаныш Сәтбаевқа геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми атағы берілді.

Қаныш Сәтбаевтың жетекшілігімен Ғылым академиясында аспирантура, докторантура ашылып, 1944 -1964 жылдар аралығында осы оқу орнында көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалған екен.

Қаныш Имантайұлы қашанда отандық ғылыми қауымды әлем зиялыларымен жалғастыруға ұмтылған. Оның Англияға, Қытайға барған сапарлары – сол уақыттағы ғалымның жасаған халықаралық байланыстарын көрсетеді.

Қаныш Сәтбаев – жиырмамыншы ғасырдың басында өсіп жетілген жаңа толқын қазақ зиялыларының өкілі.

Қазақ ғалым-ағартушылардың арасында Сәтбаев та бар. Туған халқын өнер-білімге кенелту арқылы әлемдік өркениет көшіне ілестіруге ұмтылды. Ахмет Байтұрсынұлының жаңа әліпби жасауды қолға алуы, Халел Досмұхамедовтің «Медицина», Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытұлының «Психология», Мұхтар Әуезовтің «Құрылыс материалдары» атты оқу құралдарын жарыққа шығарған болатын.

Осы тұста Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулықтарын жазуға отыруы осы ізгі мақсат жолына бағытталған әрекеттер еді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың алғашқы, әдістемелік тұрғыдан жазылған ғылыми еңбегі «Қазақ елінің ана тіліндегі мектептер үшін алгебра оқулығы». Бұл оқулық қазақ жеріндегі ауылдардағы оқушыларға өте пайдалы болды. Себебі, ауылды жерге оқулық жетіспейтін және де кейбір есептік терминдер түсініксіз болатын. Ал бұл оқулықта көптеген есептік терминдердің алғашқы баламаларын («сложные проценты-еселі өсімдер», «срочные проценты-кесімді салымдар», «срочные уплаты кесімді өтеулер», алым, бөлім, бөлшек, түбір, т.б.), жалпы саны - 220 термин енгізген»[3,84бет].

Қаныш Сәтбаевтың тағы бір қыры – Семей қаласындағы Абай кешін ұйымдастыруға белсене араласуы, А.Затаевичке қазақтың 25 әнін айтып беріп, нотаға түсіртуі, Баянауыл тауының бөктерінде «Еңлік-Кебек» спектаклін қойып, өзі де рөлде ойнауы, Мәскеуден «Ер Едіге» дастанын кітап етіп бастыруы, қазақтың тұңғыш театры туралы мақала жазуы – мұның бәрі халқыма пайдам тисін деген ниеттен туған ізгі істер болатын.

Қаныш Имантайұлының жасынан бойына сіңірген әлгі дүниетанымдық, ағартушылық, гуманистік мұраттарының көрінісі. Өмірлік ұстанымға айналған осы асқақ мұрат оның өзін де шырқау биікке көтерді. Ағылшын премьер-министріне «менің халқым менен де биік» деп айтқызыған да сол асыл мұратының ұмытылмай, кейінгі ұрпақтарының жүрегінде жалғасатынына деген сенім еді.

Ғылыми, құнды ізденістері үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев төрт мәрте Ленин орденімен марапатталған. 1946 жылы КСРО Ғылым академиясына академик және президент болып сайланып, 1950 жылы «Геология профессоры» атағы берілді. Сонымен бірге, Қ.Сәтбаевтың құрметіне 1984 жылы жұлдыздар картасындағы 2402 санға ие аспан денесі «Сәтбаев планетасы» деп аталды.

Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы мен үміті жанып, алыстан бағдар сілтеп жымындайтын да тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез-келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай тұлға. Ілияс Омаров айтқандай, «тұтас дәуірдің жұлдыз тұлғасы» ол»[3,15бет].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш Сәтбаев және Қазақстан ғылымы.-Алматы:Ғылым,1999
- 2.Сәтбаев Қаныш Имантайұлы// Кітапта: Қазақстан.Ұлттық энциклопедия 7том./Бас ред.Б.Аяған.-Алматы:Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2005.-616-619б.
- 3.Нұрғожина Б. Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар: Қаныш Сәтбаевтың 110 жылдық мерейтойына. /Б.Нұрғожина//Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар.- 2009.-№11.- 24-25б.

ҚАНЫШ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

Бердалиева Айгуль Дуйсеновна

*Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі*

XX ғ. қазақ әдебиеті мен өнері дарынды тұлғалардан кем болған жоқ. Әдебиеттану тақырыбына бой ұрған ұлт көсемі А. Байтұрсыновтан бастап бүгінгі күнге дейін жүздеген әдебиетші ғалымдар ұлттық әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне, оның теориялық негізінің қалыптасып дамуына өз қал-қадерлерінше үлес қосты. Сонымен қатар әдебиетпен тікелей байланыста зерттеліп сол сөз өнерімен егіз ұғымда үндесіп келе жатқан қазақ саз өнерінің де майталмандары қыруар істер тындырды. Қазақ әдебиетінің теориясын қалыптастыру ісінде А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин сияқты ғалымдар көш басында тұрса, олардың шәкірттері Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Г.Кәкішов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, Қ.Мұхаметханов, М.Мырзахметов, Р.Нұрғалиев, т.б. ғалым-әдебиетшілер әдебиеттің түрлі саласында сан алуан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жарыққа шығарды. Болашақ ұрпақ үшін бағасыз мол мұралар мен рухани қазынаның кілтін жасап берді. Қаныш Имантайұлы ұлт маңдайына біткен аз ғана шоқ жұлдыздың бірі. Геологиядан бөлек мәдениеттің барлық саласында оның ізі жатыр. Бітімі бөлек тау тұлғаның тарихта қалдырған еңбектері мол. Біз бүгін атақты академиктің әдебиетке қосқан үлесіне тоқталмақпыз. Қаныш Сәтбаев Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелдеп шығады. 1927 жылы Қаныш Имантайұлы Мәскеуде «Ер Едіге» кітабын шығарады. Кітаптың алғысөзінде келешек ұлы ғалым Едіге әңгімесінің бір шеті Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі нәсілдестердің барлығында айтылатындығын ескерте келіп өзі шығартқалы отырған аталған кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріліп, 1905 жылы Санкт Петербургте П.М. Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай дейтін ақсақалдың аузынан жазып алып, біраз өзгеріске түскендігін айтады. Сөз жоқ, мұның барлығы ғылыми тұрғыдан қарағанда, қазақша қалпын баспадан шығарту, бұл кемеңгер ғалымның Едіге жырына, қазақ фольклорына жасаған үлкен қызметі болатын.

Ғалым тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы зор болды. Семейдің мұғалімдер семинариясында [1] оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ә.Сәтбаев, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің дүниетанымының жаңаша қалыптасуына айрықша ықпал етті. Алаштың соңғы тұяқтары, Мұхтар мен Қаныштың XX ғасырда қазақ әдебиеті мен ғылымын көкке көтергені сіз бен бізге мәлім. Сол семинарияда жүріп Шығыс Европа классиктерімен жете танысқан, олардың өміршең туындыларымен сусындаған Қаныштың әдебиетке деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түскен болатын. Бала кезінен ұлтының ауыз әдебиетімен ауызданып, соның кәусарына қанып өскен Қаныш жетілген үстіне жетіле түсті.

1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғарғы Советінің делегациясы құрамында Англияға барады. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қанышқа тесірейе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қанеке: «О, не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын.

Халқым менен де биік», – деп жауап беріпті[2]. Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезінен бастап, қазақ даласындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан, атысып-шабысқан төңкерісті де, 1931-1932 жылдардағы «қызыл қырғын» жұтты да, одан кейінгі саяси қуғын-сүргінді де өз көзімен көрген, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Ә.Ермеков сынды өзінің рухани ұстаздары мен пікірлес достарының, ағайын-туғандарының саяси билік тұзағына іліккенін біле тұра Қаныш Имантайұлы бұл сөзді неге сеніп айтты екен?! Жаңа толқын қазақ ғалым-ағартушылар, олардың арасында Сәтбаев та, Әуезов те бар, туған халқын өнер-білімге кенелту арқылы әлемдік өркениет көшіне ілестіруге ұмтылды. А.Байтұрсынұлының жаңа әліпби жасауды қолға алуы, Х.Досмұхамедовтің «Медицина», М.Жұмабайұлының «Педагогика», Ж.Аймауытұлының «Психология», М.Әуезовтің «Құрылыс материалдары», Қ.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулықтарын жазуға отыруы осы ізгі мақсат жолына бағытталған әрекеттер еді[3].

Бозбала Қаныштың Семейдегі Абай кешін ұйымдастыруға белсене араласуы, А.Затаевичке қазақтың 25 әнін айтып беріп, нотаға түсіртуі, Баянауыл тауының бөктерінде «Еңлік-Кебек» спектаклін қойып, өзі де рөлде ойнауы, Мәскеуден «Ер Едіге» дастанын кітап етіп бастыруы, қазақтың тұңғыш театры туралы мақала жазуы – еліме, халқыма пайдам тисін деген елгезек ниеттен туған ізгі істер болатын. Қаныштан қалған қанатты сөздер де көп. Айталық, «Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес». «Білімінді еңбек пен өмірдің өзінде шындап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді. Қазақтың жалпы өнерінің, музыкасы мен театр өнерінің тарихын зерттеушілер үшін Қ. И. Сәтбаевтың 1916 жылы «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Томдағы ұлттар кеші», 1927 жылы «Еңбекші қазақта» басылған «Қазақстанның ұлт театры туралы», 1944 жылы «Казахстанская правдада» шыққан, «Қазақстан туралы кинофильмдерді күтеміз», т.б мақалаларының ғылыми құндылығы айрықша. 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылды. Келесі жылы сол театрдың қаз тұрғанына бір жыл толуына орай мерекелік спектакль өтеді. Оны Қ. И. Сәтбаев барып көріп, ұлттық театрдың жетістіктері мен кемшіліктерін аса талғампаздықпен тани отырып, соның барлығына байыбына жеткізе талдау жасап, «Қазақстанның ұлт театры» деген мақала жазады.

Медеу Сәрсекенің қазақтың біртуар перзенті, ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың өнегелі өмір жолын баяндаған роман-эссесі – ол кісінің есімін елімізге ғана емес, сол кездегі бүкіл Одаққа танытты. Бұл шығарма қазақша – 12, орысша – 5 және ағылшынша бас-аяғы 18 рет басылғанымен, оның алғашқы кітабы туған елінде түрлі кедергіге тап болды. Қ.Сәтбаев тұлғасын сомдау М.Сәрсекенің қаламгер ретіндегі ең өзекті мұратына айналғанын осындайда атап өтудің артықтығы жоқ. М.Сәрсекенің алғаш Қаныш Имантайұлы туралы қалам тартуы мен соңғы роман-эссесінің арасында аттай 36 жыл өтіпті. Осы уақыт ішінде атақты ғалым жайында үлкенді-кішілі 7 кітап жариялап, бұл кітаптары әлемнің 112 еліне тарапты. Ұлы тұлғаны ұлықтауға қатысты еткен еңбек, төккен тер осылай ақталды.

Түйіндей келе, Қ.Сәтбаев жасаған ғылыми қорытындылар – геолог-ғалымның дарындылығы мен кемеңгерлігінің көрінісі. Бұл қажырлы еңбек пен үздіксіз ізденіс, тоқтаусыз еңбек еліміздің дамуына үлкен серпін берді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ш.Қ.Сәтбаева. Сәулелі әулет. Алматы, 1996.
2. М.Қ.Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев. Алматы, 1989.
3. Қ. И. Сәтбаев. Қазақстан менің отаным. Алматы, 1999

РОЛЬ К.И.САТПАЕВА В РАЗВИТИИ НАУКИ КАЗАХСТАНА

*Балгабаева Айнагуль Кабиденовна
Школа-гимназия №7 им.Гали Орманова
учитель истории*

В Казахстане отмечают значимую дату – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева - с именем которого связаны огромные достижения в науке и промышленности.

Каныш Имантаевич составил первый учебник алгебры на казахском языке, он был первым профессиональным инженером-геологом, первым казахом академиком АН СССР, первым президентом и основателем Академии наук Казахстана. Также он один из первых получил Государственную и Ленинскую премии. Всегда и во всем он старался быть первым, так как являлся. Сатпаев был не только ученый, но и общественный деятель. Его судьба была связана с партией «Алаш». Сатпаев действительно не был политиком, целью и задачами его жизни были поиск, открытие и освоение полезных природных ископаемых, организация науки в Казахстане. [1]

Ученый внес огромный вклад в развитии наук в Казахстане. В середине 30-х годов в Казахстане были грамотные образованные люди, но была острая нехватка специалистов, подготовка кадров велась в соседних государствах. А наука в стране вовсе не развивалась, лишь российские ученые вели некоторые открытия.

Сатпаев внес большой вклад в развитие геологии, как науки и становлении ее в Казахстане.

Открытие Большого Жезказгана, которое навсегда изменило облик Центрального Казахстана и нашей страны в целом, помимо человеческого подвига, является ярким примером профессионального научного подхода к реализации практической задачи. Невозможно не восхищаться потрясающим научным чутьём учёного. На основе отдельных научных фактов учёному удалось сделать аналитическое обобщение: «Большой Жезказган не является единственным объектом. В пределах Жезказганского района имеются достаточно крупные запасы железных, железно-марганцевых руд, позволяющих намечать добычу этих руд в крупных масштабах». Это открытие сыграет ключевую роль в сохранении сталелитейной промышленности Союза в годы Второй мировой войны.

С началом финансирования развития Жезказгана – строительства медеплавильного комбината, водохранилища и прокладки железной дороги – возникли предпосылки для создания в стране в 1934 году первого высшего технического учебного заведения – Казахского горно-металлургического института (КазГМИ), больше известного в стране как Политех (ныне Казахский национальный исследовательский технический университет им К.И. Сатпаева). Созданный институт стал кузницей собственных профессиональных кадров, в том числе для растущей горно-металлургической и геологической промышленности страны. Постепенно К. Сатпаеву удалось сформировать инженерно-интеллектуальную и научную элиту горно-металлургического сектора страны. В 1940 году был открыт первый казахский научный центр на базе Института геологических наук. Позднее с вовлечением смежных областей науки на базе академического филиала АН СССР была создана в 1946 году Казахская Национальная Академия Систематические и углублённые исследования на обширной территории Центрального и Восточного Казахстана, проведённые научными группами казахстанских геологов под руководством К. Сатпаева, с использованием самых современных технических средств, привели его в начале 1950-х годов к аналитической систематизации имеющихся данных по созданию геологических карт Казахстана. В 1955 году выходит его следующий фундаментальный научный труд «О методологии,

фактической базе и основных выводах металлогенических прогнозных карт Центрального Казахстана». В своей работе учёный писал: «Комплексность в научной разработке вопроса, полнота в сборе всех первичных фактов наблюдений, конкретность в их анализе, объективность в обобщениях и коллективность в творчестве – вот те методологические принципы, которые явились руководящими в выполнении работ по составлению металлогенических прогнозных карт важнейших полезных ископаемых в пределах Центрального Казахстана». [2]

Канышу Имантаевичу приходилось трудно, нужно было доказывать свою правоту перед Москвой. Он с трудом нашел помещение, собрал ученых-академиков. В их числе были и переселенцы, которые прибыли в Алма-Ату из-за войны. Когда война закончилась, многие из них засобирались домой, и Каныш Имантаевич их уговаривал остаться. Он собирал списки аспирантов, отправлял их членам президиума.

В течение пяти лет Сатпаев собирал ученых, возвращал кадры. Видя результаты его работы, президент Академии наук СССР Владимир Комаров написал представление в правительство КазССР об организации самостоятельной республиканской Академии наук. 1 июня 1946 года в Алма-Ате открылась Академия наук КазССР. Первый кирпич нового здания Академии наук был заложен Канышем Сатпаевым в 1951 году. Объект построили в 1957 году. В 1958 году туда переехали академики. В последующие 3 года Сатпаев был освобожден от должности президента АН Казахстана. В это время президентом Академии наук был Динмухаммед Кунаев. Только к 1955 году Каныш Имантаевич вернулся, и за два года достроил это здание на улице Шевченко. [3]

В заключении хотелось бы сказать, что на примере своей научной деятельности, благодаря искусству научной и академической полемики и обсуждения, синтезу и анализу научного материала, академик К. Сатпаев и его научные единомышленники на десятилетия вперед установили твердый стандарт качества казахстанской науки, который актуален и по сей день. Важнее всего его роль в перевоплощении Казахстана из аграрной в индустриально-научно-интеллектуальную страну. Неоценимым является вклад академика Сатпаева, внедрение научной культуры и методологических подходов в сфере науки, которые являются примером для систематизированной исследовательской работы нынешних поколений научных работников Казахстана и молодежи, интересующейся наукой.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Э. Сыздыкова, статья в интернете «Алаш и Каныш» 2019г.
2. Бейсембетов И. К., Академик НАН РК Ректор Казахского национального исследовательского технического университета им. К. И. Сатпаева, 2019г.
3. Руководитель архива К. Сатпаева Института геологических наук Надежда Ниретина, 2019г.

ГЕНИЙ НАУКИ – КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ

Акимбекова Орал Жакеновна

учитель русского языка и литературы

ГКП на ПХВ Школа-лицей №61 имени Каныша Сатпаева

Казахстан в 2024 году отмечает важную дату – 125-летие со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева – выдающегося деятеля, чье имя неразрывно связано с прогрессом страны. К.И. Сатпаев внёс колоссальный вклад в научные и промышленные достижения Казахстана, став первым автором учебника алгебры на казахском языке, первым профессиональным геологом среди казахов, первым академиком АН СССР из числа казахов, основателем и первым президентом Академии наук Казахстана, а также первым директором Института геологии АН КазССР. Он стал первым казахским лауреатом Государственной и Ленинской премий.

К. Сатпаев – это имя, которое навечно запечатлено в истории Казахстана как имя великого ученого-геолога, выдающегося организатора науки и значимого государственного и общественного деятеля. Вклад академика К. Сатпаева в развитие страны невозможно переоценить, ведь он обладал невероятной эрудицией и знаниями в различных научных дисциплинах. Благодаря его усилиям Казахстан смог пройти путь от просвещённого общества к интеллектуально-научному и профессиональному, заложив тем самым фундамент для современного инновационного и научного развития страны.

В 1927 году молодой геолог Каныш Сатпаев начал свою профессиональную карьеру на Карсакапском медном руднике, где отсутствие местных специалистов и недостаток финансирования сочеталось с использованием оборудования, оставшегося от британских концессионеров. Через три года, в начале 1930-х, было научно доказано, что несколько разрозненных медных залежей, открытых его командой, представляют собой единое огромное Джезказганское месторождение меди, ставшее крупнейшим в мире с запасами свыше 2 миллионов тонн. В 1936 году Сатпаев опубликовал свою первую ключевую научную работу «К проблеме большого Джезказгана» в журнале «Народное хозяйство Казахстана». [74-83]

Открытие Джезказгана, которое существенно изменило облик Центрального Казахстана и страны в целом, стало не только великим достижением человеческого духа, но и примером профессионального научного подхода к решению практических задач. В поселке Карсакап, на расстоянии тысяч километров от цивилизации, и в течение всей своей жизни Каныш Сатпаев оставался приверженцем строгого и детального анализа научных данных и артефактов, используя все доступные ему методы исследования и анализа.

Удивительное научное чутьё исследователя вызывает неизменное восхищение. Используя фрагменты научных данных, он смог провести тщательный анализ и прийти к выводу: «Большой Джезказган не является изолированным месторождением. В районе Джезказгана находятся значительные залежи железных и железно-марганцевых руд, что открывает перспективу их масштабной эксплуатации». Этот прорыв оказал решающее влияние на поддержание жизнеспособности сталелитейной отрасли в годы Второй мировой войны.

С началом финансирования развития Джезказгана, включая строительство медеплавильного завода, водохранилища и железнодорожной линии, были заложены основы для создания в 1934 году первого высшего технического учебного заведения Казахстана – Казахского горно-металлургического института (КазГМИ), более известного как Политех, который сейчас называется Казахским национальным исследовательским техническим университетом имени К.И. Сатпаева. Этот институт

стал источником кадров для отраслей горной и металлургической отраслей страны, а также для геологической службы.

Институт горного и металлургического образования в Казахстане, основанный на принципах высококвалифицированного обучения инженеров, стал ключевым источником для удовлетворения потребностей страны в специалистах и послужил фундаментом для возникновения первой волны казахских ученых. Задачи, поставленные К. Сатпаевым по развитию интеллектуальной и научной элиты в горно-металлургической отрасли, являются ярким примером его организаторских способностей и проницательности в научных вопросах. Эти усилия привели к открытию в 1940 году первого казахстанского научно-исследовательского института по геологии. В дальнейшем, с привлечением ученых из других научных направлений, на базе филиала АН СССР была основана Казахская Академия наук в 1946 году.

Глубокие и систематические исследования, проведенные казахстанскими геологами под началом К. Сатпаева на обширной территории страны, включая Центральный и Восточный Казахстан, применяя передовые технические средства, позволили ему в начале 50-х годов провести тщательную аналитическую обработку имеющихся данных для создания геологических карт Казахстана. [3-55]

Используя первые систематизированные металлогенические карты Казахстана, созданные на основе научного анализа, экстраполяции и прогнозирования данных, ученые продолжают успешно открывать богатые залежи металлов на территории нашего государства. Создание единой комплексной геологической карты Центрального Казахстана, объединившей разрозненные региональные данные, позволило К. Сатпаеву сформулировать основополагающие научные теории о закономерностях распределения месторождений.

Несомненно, что основной вклад Сатпаева в науку заключается в его значительном вкладе в геологическую науку Казахстана. Известно, что под его руководством были начаты разработки крупнейших меднорудных, железорудных и марганцевых месторождений. Однако его наиболее значимый вклад – это участие в трансформации Казахстана из аграрной страны в индустриально-научно-интеллектуальный центр. Академик Каныш Сатпаев внес неоценимый вклад в развитие научной культуры и методологических подходов, которые служат образцом для систематизированной исследовательской работы современных ученых Казахстана и молодежи, заинтересованной в науке.[3-55]

Примечательные факты из биографии учёного Каныша Сатпаева

В начале 1921 года произошла встреча Каныша Сатпаева с геологом Михаилом Усовым, который приехал в Баянаул для кумысолечения. Усову удалось привлечь внимание юноши к геологии – ведь с детства Каныш интересовался камнями, проводя часы на природе (в этом же году Сатпаев, покинув должность народного судьи, отправился учиться в Томск, но вскоре в начале 1922 года из-за ухудшения туберкулеза ему пришлось вернуться. Чтобы не прерывать обучение, он проходит университетский курс дистанционно, при поддержке М.Усова, который часто посещал Баянаул для лечения). После возвращения через полтора года в университет, Каныш успешно заканчивает Технологический институт в 1926 году и возвращается в родные места.

Во время учебы молодой Сатпаев приезжал на каникулы в костюме геолога, становясь примером для многих школьников – многие из них выбрали профессию геолога. По словам академика Арыктая Каюпова, который впоследствии обнаружил новые месторождения в Зырянском регионе, послужившие основой для строительства крупнейшего свинцового комбината, «многие решили стать геологами, повторяя пример Каныша Имантаевича».

Молодой специалист по горному делу Каныш Сатпаев обнаружил огромные возможности для развития промышленности в Центральном Казахстане. После окончания обучения он присоединился к Атбасарскому предприятию по добыче цветных металлов в качестве начальника геологического отдела, а затем в 1927 году был избран членом правления этой компании, ответственной за медное месторождение и недостроенный английский завод по переработке меди. Специалисты и руководство предприятия были скептически настроены к перспективам добычи меди в этом регионе. Однако Сатпаев, проанализировав обстановку, пришел к выводу, что в районе Джекказгана скрываются значительные запасы меди, и начал исследования. Через год после начала работ в Ленинграде был проведен анализ, который показал наличие ранее неизвестного месторождения с высоким содержанием меди. Найдя еще три крупных месторождения, геолог увеличил объем исследований на 1929 год вдвое. В этом же году были обнаружены три новые залежи и одно рудное поле. Полученные данные Сатпаев опубликовал в журнале «Народное хозяйство Казахстана». В своей статье он отметил, что Джекказган имеет потенциал стать одной из самых богатых провинций меди в мире, превосходя большинство американских провинций.

Исследования Сатпаева вызывают негативную реакцию у руководства треста и Геолкома, которые называют его «молодым амбициозным человеком». Вместо того чтобы смириться с критикой, Каныш Имантаевич в 1930 году обращается к руководству Госплана. Это приводит к выделению дополнительных средств, оборудования и персонала для разведки в Джекказгане. В последующие два года объемы исследовательских работ продолжают расти, но в 1933 году Геолком принимает решение сократить финансирование разведочных работ из-за недостаточной развитости инфраструктуры региона.

В этой ситуации Сатпаев обращается за помощью к своему наставнику М.Усову, благодаря чему ему удается выступить в Академии наук СССР и убедить наркома тяжелой промышленности Орджоникидзе в своих идеях. После этого начинаются обширные исследования в регионе, и становится ясно, что Джекказганское медное месторождение является одним из крупнейших в мире по запасам. За свои заслуги в разведке Улутауского района Сатпаев в 1940 году награжден орденом Ленина. Позже именно упорство Сатпаева станет одним из ключевых факторов в победе во Второй мировой войне. [46-47]

В период до войны некоторые высокопоставленные военные руководители Красной Армии, которые позднее стали жертвами политических репрессий, прогнозировали, что предстоящий конфликт будет «войной танков».

Еще до начала войны Сатпаев начал размышлять о создании в Казахстане Академии наук - он регулярно посещал Москву, чтобы аргументировать необходимость учреждения Академии наук Казахской ССР перед Советом баз и филиалов Академии наук СССР, отделом науки ЦК КПСС и Академией наук СССР. Летом 1946 года на первом общем собрании Академии Каныш Сатпаев был избран ее академиком и первым президентом. В период с 1944 по 1946 годы было основано 11 новых научно-исследовательских институтов. Также был разработан проект основного здания будущей академии, автором которого стал известный архитектор Алексей Щусев (автор зданий Мавзолея Ленина, Казанского вокзала, КГБ на Лубянке). Сатпаев часто организовывал командировки Академии наук в различные регионы Казахстана.

В 1951 году Сатпаев столкнулся с серьезными преследованиями из-за утаивания своего социального происхождения при вступлении в партию, а именно за то, что в 1917 году он пропагандировал партию «Алаш-Орда». После смены руководства в Казахстане дело, связанное с обвинениями в адрес Сатпаева, было пересмотрено, и ученого оправдали. [29-34]

Воспоминания о выдающемся человеке

Ильяс Омаров, министр культуры КазССР (в период с 1966 по 1970 год): «Каныш Имантаевич Сатпаев – индивидуум, который гармонично объединил в себе величие родных гор, простор степей и мудрость своего народа. По словам Цвейга, могу сказать: К. Сатпаев был ярким представителем своей нации, общества и времени. В общении с ним каждый чувствовал себя комфортно и естественно. Люди быстро переставали чувствовать дискомфорт от того, что их собеседник – выдающийся ученый и личность. Каныш Имантевич умел находить общий язык с любым собеседником. Было бы замечательно, если бы каждый мог унаследовать эти качества Сатпаева» (Газета «Казахстанская правда»)

Академик Н. Мельников: «Нельзя назвать ни одного значительного начинания в Казахстане в области науки и высшего образования, в котором Сатпаев не принимал бы активного участия. При этом Каныш Имантаевич не был кабинетным ученым: главным он считал постоянную связь науки с практикой и учет нужд промышленности. В науке он видел мощный источник развития производительных сил страны». (<http://infonedra.kz/>)

Павел Антропов, министр геологии СССР: «Сатпаев был не только выдающимся ученым и прогрессивным мыслителем с широким кругозором, но и значимым государственным и общественным деятелем. Я проводил с ним продолжительные и увлекательные дискуссии по вопросам формирования минерально-сырьевой базы Советского Союза».

Известный своими обширными знаниями, Каныш Сатпаев был экспертом в области казахской истории, культуры, этнологии, языка, музыки и фольклора. Его страсть к знаниям и стремление приносить пользу своей родине, как точно отметил академик В. Обручев, были главными чертами его личности. Он был наставником для многих ученых различных областей.

Преграды на своём жизненном пути Каныш Имантаевич преодолел с высокой честью, теперь заботиться об увековечении памяти великого учёного-дело всего народа.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Народное хозяйство Казахстана, 1936 - № 1-2. – С. 74-83.
2. Советская геология, 1957.- №58. - С.93-109.
3. Известия АН КазССР, 1955.- Вып. 20. С. 3-55.
4. Вестник АН КазССР, 1962 .
5. Чокин Ш. На путях формирования и становления Академии // Путь
6. Национальной Академии наук. - Алматы: Гылым, 1996. - Т. 1. - С. 29-34. - 256 с.
7. Сарсекеев М., 1980,с.46-47)
8. Газета «Казахстанская правда». Статья «Большое видится на расстоянии», 7 февраля, 2014 од.
9. Информационно-аналитический портал недропользования Казахстана. Каныш Имантаевич (<http://infonedra.kz/item/kanysh-imantaevich-satpaev-geolog-kazakh-otkryvshij-strane-ogromnye-zapasy-medi-dzhezkazgana-i-marganets-dzhezdy>)

**ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ –
ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ**

*Анашева Гульнур Болысбековна
Райымбек батыр атындағы №50 Қазғарыш» мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі*

Қаныш Сәтбаев – Орталық Азиядағы геология ғылымдарының дамуына зор үлес қосқан көрнекті қазақ ғалымы.

Қ.И.Сәтбаевқа Жезқазғандағы және көршілес Байқоңыр көмір кен орнындағы мысты одан әрі барлау үшін геологиялық қызметті ұйымдастыруды тапсырды. Кеңес өкіметі кезінде Жезқазғандағы геологиялық барлау жұмыстары 1926 жылы «Геолоком» тресі (геологиялық комитет) тарапынан басталып, маусымдық сипатта жазда бұрғылау жұмыстары жүргізілді. 1929 жылы Қ.И.Сәтбаев «Атбасцветмет» тресінің геологиялық барлау басқармасының бастығы болып тағайындалып, сол жылдан бастап жыл бойына стационарлық барлау жұмыстары жүргізілді. Жезқазған кен орнының өнеркәсіптік келешегі бойынша Сәтбаевтың Геолоком басқармасымен алғашында қиын қарым-қатынасы болды. Болжамдарына қарамастан Қ.И.Сәтбаев Жезқазған кен орындарын мыс кеніне бай деп санаған, ал «Геолоком» мамандары бұл аумақты мыс қорының көптігі тұрғысынан маңызы шамалы деп есептеді. Геолог Сәтбаев үшін бұл саланы игеруге КСРО-ның мемлекеттік жоспарлау органдары мен ғылыми мекемелерін тарту ең бастысы болды. Сонау 1928-1929 ж.ж. Орталық Қазақстанның табиғи ресурстарын игерудің экономикалық мәселелері туралы мақалалары республикалық «Қазақстанның халық шаруашылығы» журналында жарияланды.[1, 45 б]

Геолог Сәтбаевтың Жезқазған өңіріндегі қызметі индустрияландыру барысы мен КСРО-ның материалдық-техникалық базасын құруға бағытталған халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспарларымен тұспа-тұс келді. Осылайша, Қ.И. Сәтбаев дер кезінде керек жерде болды, бірақ бұл Кеңес Одағында мыс кенінің ірі базасын қалыптастырудағы қиын жылдар болды. Оған көпті жеңу керек болды, мысалы Жезқазған мыс кен орнын игеруге және ірі мыс балқыту зауытын салуға кедергілер. Бұл өндірістік және әлеуметтік қиындықтар, сондай-ақ геологиялық барлау саласында бұрғылаушылардың, барлаушылардың, инженерлік-техникалық кадрлардың тапшылығы өткір болған осы өңірде жұмыс істейтін адамдар үшін қиын табиғи жағдайлар болды. Геологтың күнделікті жұмысы өз нәтижесін берді. 1931 жылдың аяғында Жезқазған кен орнының қойнауынан үлкен қорлар табылды, соның арқасында Жезқазған КСРО мыс кен орындарының арасында бірінші орынды мықтап иеленді, ал 1932 жылы Сәтбаев өзінің Жезқазған-Ұлытау аймағындағы ауқымды геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері көрсетілген алғашқы монографиясының қорытындысын шығарды.

Мыс кеніне бай Жезқазған аймағының болашағын түсініп, КСРО Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесі 1931 жылы Жезқазған мыс қорыту зауытының үлкен құрылысын салу туралы шешім қабылдады. КСРО-да ірі мыс қорыту зауытының техникалық жобасы жасалып, Қарсақпайға бірнеше жобалық және ғылыми-зерттеу институттарынан мамандар келді.

Алайда 1933-1934 ж.ж. Жезқазған кен орнын игеру бойынша жоспарлы жұмыстарды тоқтатуға тура келді, бұл Главцветметтің жобаны одан әрі қаржыландырудан бас тартуына байланысты болды. Сәтбаевтың алдында Жезқазғанның жер қойнауын барлау жұмыстарын жалғастыру және ұжымның өзегін сақтау міндеті тұрды. Бұл үшін ол бірқатар төтенше шешімдер қабылдады, мысалы, әртүрлі ұйымдармен жұмыс істеуге келісім-шарттар жасады. Осындай шешімдердің бірі КСРО Ғылым академиясының Мәскеуде Рудный Алтай мен Үлкен Жезқазғанның өндіргіш

күштеріне арналған кезектен тыс сессиясын шақыру идеясы болды. Көрнекті орыс ғалымдарының жетекшілігімен академиктер В.А.Обручева, А.Д.Архангельский, Халық комиссариатының бас сарапшысы профессор В.В.Венюков, сондай-ақ Қазақстан үкіметінің қолдауымен 1934 жылы қарашада КСРО Ғылым академиясының кезектен тыс сессиясы өтті. Ғалымдар әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі ретінде Жезқазғанның мыс кендерін игерудің стратегиялық маңыздылығын мойындады және оның бай пайдалы қазбаларын жүйелі түрде барлау қажеттігін көрсетті. Ғылыми сессияның баяндамалары КСРО Ғылым академиясының баспасынан 1935 жылы шығарылды.

Инженер-геолог Қ.И.Сәтбаев және оның әріптестері сессияның дайындалуы мен жұмысына белсене қатысып, Жезқазғанның мыс кендері, Қарсақпай мен Найзатас темір рудалары, Жездінің марганец кендері, көмір, қорғасын, алтын, сирек кездесетін отқа төзімді материалдар, флюстер және минералды құрылыс материалдары кен орындары туралы бес баяндама жасады.[2, 64 б]

Атап айтқанда, пайдалы қазбалар бөлімінің қарарында баяндамалары бойынша Қ.И.Сәтбаев «Жезқазған аймағының пайдалы қазбаларының геологиясы және металлогениясы» және С.А.Бөкейханов «Жезқазғанның құрылымдық рудалы аймақтарының қорлары мен сипаттамалары» деп атап көрсетті: «Жезқазған рудалары негізінен мышьяк, висмут және т.б. іс жүзінде зияны жоқ және қайта өңдеуге арзанмонометалл мыс рудаларының түріне жатады.

Жезқазған кендері жоғары сапалы блистер мысына айналды. Жезқазған рудалары әдетте бір-бірінің үстіне қабатталған руда денелері түріндегі таяз көрініспен сипатталады, бұл бір шахтадан бірнеше кен денелерін игеруге мүмкіндік береді... Өте тұрақты тау жыныстары іс жүзінде бекітуді және елеусіз дренажды қажет етпейді, кен өндіру құнын төмендетеді, ал екінші жағынан, тау-кен жұмыстарының көлемін кез келген қажетті шектерге дейін кеңейтуге мүмкіндік береді».

Осылайша, Жезқазғанды Кеңес Одағындағы ең ірі мыс кені базасы деп тану жолындағы қиын жылдардағы күрестен кейін жобалау жұмыстары басталды. Алайда 1937 жылдың басында С.Орджоникидзениң өлімі оларды тоқтатты және тек 1938 жылы Сәтбаевжаңа ауыр өнеркәсіп халық комиссары Л.М.Кагановичпен кездесуден кейін ғана істі алға жылжытты. 1938 жылы 10 ақпанда КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының Жезқазған комбинатын салу туралы бұйрығы шықты, бұл Орталық Қазақстанның ең бай минералдық ресурстарын игерудің жаңа кезеңін белгіледі. Жезқазған зауыт пен қала құрылысы болсын, байыту мәселесі болсын Қаныш Сәтбаевтың үнемі назарында болғанын ерекше атап өткім келеді. Ол кен орнын пайдалану кезінде орын алған үлкен қайтарымсыз кен ысыраптары мәселесіне ерекше мән берді.

1942 жылы геологиялық институтта Орталық Қазақстанның пайдалы қазбаларының металлогендік болжамды карталарын жасау идеясы пайда болды. 1952 жылы Сәтбаев геологтар тобын жинап, осы идеяны жүзеге асыруға кірісті.[3, 71 б]

Ғылыми зерттеулердің бірінші жылында Сәтбаевтың жетекшілігімен геолог-ғалымдар тобы бұрынғылардан өзгеше «формациялық металлогендік талдау мен кен орындарын болжаудың кешенді әдісін» әзірлеуде, ол кейіннен КСРО-да кешенді металлогендік зерттеулер үшін негіз болды. 1953 жылы олар болжамды картаның жұмыс макеттерін жасады. Сондай-ақ, зерттеулер мен әзірлемелермен қатар Алматыда үнемі ғылыми конференциялар өткізіліп, онда қол жеткізілген нәтижелер мен одан әрі іс-қимыл жоспарлары талқыланды. 1954 жылы қорытынды конференция өтті, оның нәтижелері бойынша болжамды карта өндірістік жағдайда тексеруге ұсынылды. ҚазКСР ҒА Геология ғылымдары институтынан кейін барлығының ұжымы картасын жасау бойынша өз жұмысын аяқтайды.[4, 37 б]

Келесі төрт жыл ішінде, 1954 жылдан 1958 жылға дейін карталар дәлдігі мен сапасына тексерілді, бұл тақырып бойынша ғылыми пікірталастар болды. Қорытынды

1958 жылдың желтоқсанында жасалды: ҚазКСР ҒА Геологиялық ғылымдар институты әзірлеген болжамды карта барынша дәл деп танылды. Осыған байланысты Қаныш Сәтбаев бастаған геологтар тобына Ленин сыйлығы берілді.

Осылайша, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ ғылымының атасы болып саналады. Оның ғылыми қоғамдастыққа қосқан үлесін және Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің дамуына қосқан жеке үлесін асыра бағалау мүмкін емес. Дәл осындай жарқын және талантты ғалымдардың арқасында ел ғылым мен білім саласында ілгерілеуді жалғастыруда және әлемдік ғылыми қоғамдастықта лайықты танылуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рахимов Е.К. Қаныш Имантаевич Сатпаев и город Томск // Известия Томского политехнического университета. 2005. Т. 308, № 4. С. 243–248.
2. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы Қаныша Сатпаева в Томске: биографический очерк // Томский политехнический университет. 2-е изд. Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2019. 136 с.
3. К 120-летию К.И.Сатпаева. «Институт, который дал ему крылья...». Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2019.
4. Сатпаев К.И. Карсақпайский район и его перспективы // Народное хозяйство Казахстана. 1928. № 1. С. 92–109.

**АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ САРЫАРҚАНЫҢ МЕТАЛЛОГЕНДІК ЖӘНЕ БОЛЖАМДЫ
КАРТАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

*Байтуова Тұрсынай Төлегетайқызы
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
химия және биология пәнінің оқытушысы*

«Кез-келген елдің геологиялық құрылымы мен құрамын зерттеу, оның даму тарихы мен қазіргі жағдайын анықтау, оның ішінде қандай пайдалы қазбалардың туған жерлерін табуға болатындығын бағалауға мүмкіндік береді»...
Академик В.А.Обручев, 1932ж)

2024 жылы Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Оның ХХ ғасырдың жарқын тұлғаларының бірі ретіндегі еңбегі, ғылыми, қоғамдық және мемлекеттік қызметі әртүрлі библиографиялық және ғылыми-көпшілік басылымдарда жеткілікті түрде қамтылған. Айта кетейік, Қаныш Сәтбаев ерте жастан бастап білімге қызығушылық танытып, сапалы білім алуға ұмтылған. Ол кезде Қазақстанда жоғары оқу орындары болған жоқ, ал тағдыр оны Қаныш Сәтбаевтың туған ауылында болған Томск технологиялық институтының профессоры М.А. Усовпен біріктірді. Михаил Антонович отбасымен бірге қазақ даласына қымыз емдеуге келді, ал оның жас Қанышпен танысуы тағдырлы болды. Профессордың ізденімпаз адаммен Жердің құрылымы, Қазақстанның бай жер қойнауы туралы әңгімелері жоғары білім алуға ұмтылған Сәтбаевтың санасында үлкен әсер қалдырды. Ол Ресейдегі ең жақсы білім беру орталықтарының бірі Томскіде оқуға бел буды.

Айта кетейік, орыс профессоры сүйікті мұғалім, тәлімгері болды, содан кейін К.И. Сәтбаев Михаил Антонович Усовты бірнеше рет жылы сөздермен еске алды [2].

1921 жылдың күзінде қабылдау емтихандарын тапсырғаннан кейін Қаныш Сәтбаев Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінің геологиялық бөлімінің студенті болды. Томскідегі Қ.И. Сәтбаевтың студенттік жылдары, оның ұстаздары, курстастары туралы біз Е.К.Рахимовтың мақаласынан, И.Т. Лозовский мен Г.А. Сипайловтың жұмысынан және оның туғанына 120 жыл толуына арналған Томск политехникалық университетінің Ұлттық зерттеу мұрағатының құжаттарына негізделген альбом-кітаптан білеміз. 1926 жылы Қ.И. Сәтбаев дипломдық жобасын сәтті қорғап, қазақтардан шыққан алғашқы геолог бола отырып, тау-кен инженері-геолог атағын алды.

Еңбек жолын Атбасар түсті металдар трестінде бастады, оған Жезқазған мыс кеніші мен Байқоңыр қоңыр көмір шахталары, Қарсақпай зауыты және Орталық Қазақстанның шөлді аудандарында орналасқан Нілдин кен орнының кендерін пайдаланатын Спассктегі ескі зауыт бағынышты болды. 1925 жылы құрылған "Атбасцветмет" тресі басшылығының өзі Мәскеуде болды, ал жұмысшыларды, инженерлерді, техниктерді қамтитын Қарсақпай комбинатының ұжымы Орталық Қазақстанның үлкен аумағын қамтыған мыс өндіру және балқыту ауданында тұрды [3].

Қ.И. Сәтбаевтың алдында Жезқазғанда және көршілес Байқоңыр көмір кен орнында мысты одан әрі барлау үшін геологиялық қызметті ұйымдастыру міндеті тұрды. Айта кетейік, Кеңес кезеңінде Жезқазғанда геологиялық барлау жұмыстары 1926 жылы трестпен Геолоком (геологиялық комитет) басталып, маусымдық сипатта болды, сол уақытта бұрғылау жұмыстары жаз мезгілінде жүргізілді.

Сәтбаев алдымен Жезқазған кен орнының өнеркәсіптік перспективалары мәселесі бойынша Геолоком басқармасымен күрделі қарым-қатынас орнатты. Жезқазған кен

орындарын мыс рудасына бай деп санаған Қ. И. Сәтбаевтың болжамдарына қарамастан, Геологом мамандары бұл аймақты ірі мыс қорларының болуы тұрғысынан маңызды емес деп санады. Геолог Сәтбаев үшін ең бастысы КСРО-ның мемлекеттік жоспарлау органдары мен ғылыми мекемелерін осы ауданды игеруге тарту болды. 1928-1929 жылдары. "Қазақстанның Халық шаруашылығы" республикалық журналында оның Орталық Қазақстанның табиғи ресурстарын дамытудың экономикалық мәселелеріне арналған мақалалары жарияланды [4].

Геолог Сәтбаевтың Жезқазған ауданындағы қызметі индустрияландыру курсымен және КСРО-ның материалдық-техникалық базасын құруға бағытталған халық шаруашылығын дамытудың алғашқы бес жылдық жоспарларымен сәйкес келді. Осылайша, Қ. и. Сәтбаев қажетті уақытта дұрыс жерде болды, бірақ бұл Кеңес Одағының ірі мыс кені базасының қалыптасуының қиын жылдары болды.

Ол Жезқазған мыс кен орнын құру және ірі мыс балқыту комбинатын салу жолындағы көптеген кедергілерді еңсеруге мәжбүр болды. Бұл өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық қиындықтар, сондай-ақ геологиялық барлау саласының бұрғылаушылары, барлаушылары, инженерлік-техникалық кадрлары жетіспейтін осы аймақта жұмыс істейтін адамдар үшін қиын табиғи жағдайлар болды [4].

Геолог Сәтбаевтың басшылығымен КСРО халық шаруашылығын дамытудың алғашқы кеңестік бесжылдығы 1928-1932 жж. үшін Жезқазған ауданында жүргізілген геологиялық - барлау есептерінің бірінде: "4 жыл ішінде 116 км² геологиялық түсіріліммен түсірілді, бұл Орталық Жезқазғанның рудалық және стратиграфиялық қатынастарындағы ең қызықты учаскелерінің барлығын дерлік қызықтырады. Геофизиканың кең ауқымы- Одақтың басқа мыс кенді аудандарында теңдесі жоқ Жезқазғандағы жұмыс, Жезқазғанда негізінен I бесжылдықтағы кең барлау жұмыстары процесінде жинақталған орасан зор геологиялық материал болған кезде, геофизиктерге құрылыстың жетістіктерін анықтайтын негізгі факторлардың бірі ретінде геофизикалық жұмыстарды дұрыс түсінудің және іс жүзінде қызықты түсіндірудің барлық кілттерін береді және 150 000 тонна қызыл металдың жыл сайынғы бірінші кезектегі өнімділігі берген. Сонымен бірге барлау жұмыстары үшін жұмысшылар мен инженерлік-техникалық персоналдың білікті кадрларын даярлау жұмыстарын да басты орынға қоя білді.

Геологтың күнделікті жұмысы өз нәтижесін берді. 1931 жылдың аяғында Жезқазған кен орнының жер қойнауынан ірі қорлар табылды, соның арқасында Жезқазған КСРО-ның мыс кен орындары арасында бірінші орынға ие болды, ал 1932 жылы Сәтбаев өзінің алғашқы монографиясын шығарды, онда Жезқазған-Ұлытау ауданында 1929-1932 жылдардағы ауқымды геологиялық-барлау жұмыстарының қорытындылары жазылған. Мыс рудасына бай Жезқазған ауданының болашағын біле отырып, КСРО-ның Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесі 1931 жылы Үлкен Жезқазған мыс балқыту зауытын салу туралы шешім қабылдады. КСРО-дағы ірі мыс балқыту комбинатының техникалық жобасы жасалды, Қарсақпайға жоспарланған жоспарды жүзеге асыру үшін бірнеше жобалау және зерттеу институттарының мамандары келді [5].

Алайда, 1933-1934 жылдары Жезқазған кен орнын игеру бойынша жоспарлы жұмыстарды тоқтатуға тура келді, бұл Главцветметтің жобаны одан әрі қаржыландырудан бас тартуына байланысты болды. Сәтбаевтың алдына Жезқазғанның жер қойнауын зерттеу және ұжымның өзегін сақтау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру міндеті қойылды. Ол үшін ол бірқатар ерекше шешімдер қабылдады, мысалы: әртүрлі ұйымдармен жұмыс істеу үшін мердігерлік шарттар жасасты. Осындай шешімдердің бірі Рудный Алтай мен Үлкен Жезқазғанның өндірістік күштеріне арналған Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының арнайы сессиясын шақыру идеясы болды. Берілген орыс

ғалымдары - академиктері В.А. Обручев, А.Д. Архангельск, КСРО Ауыр Өнеркәсіп Халық комиссариатының бас сарапшысы, профессор В.В. Венюкова, сондай-ақ Қазақстан үкіметінің қолдауымен 1934 жылы қарашада КСРО Ғылым академиясының арнайы сессиясы өтті. Ғалымдар Жезқазған мыс кендерін игерудің стратегиялық маңыздылығын әлемдегі ең ірі әлемдік кен орындарының бірі ретінде мойындады және оның ең бай минералды ресурстарын жоспарлы зерттеу қажеттілігін атап өтті. Ғылыми сессияның баяндамаларын 1935 жылы КСРО Ғылым Академиясының баспасы жариялады [5].

Инженер-геолог Қ.И. Сәтбаев өз әріптестерімен сессияны дайындауға және оның жұмысына белсенді қатысты, Жезқазған мыс кендеріне, Қарсақпай және Найзатас темір кендеріне, Жезді марганец кендеріне, көмір, қорғасын, алтын, сирек металдар кен орындарына, отқа төзімді, флюстер мен минералды құрылыс материалдарына арналған бес баяндама жасады. Атап айтқанда, Қ.И. Сәтбаевтың "Жезқазған ауданының пайдалы қазбалардың геологиясы және металлогениясы" және С.А. Бөкейхановтың "Жезқазғанның құрылымдық кен аудандарының қорлары мен сипаттамасы" баяндамалары бойынша пайдалы қазбалар секциясының қарарында: "Жезқазған кендері іс жүзінде жаңа массада мышьяк, висмут және басқа да зиянды (қоспалар) жоқ монометалл мыс кендерінің түріне жатады және Жезқазған кендерін жоғары сапалы өрескел мысқа арзан өңдейді. Жезқазған кендері әдетте бір-бірінің үстіне қабатталған кенді денелер түрінде терең және тыныш жатумен сипатталмайды, бұл бір кеніштен бірнеше кенді денелерді игеруге мүмкіндік береді, бұлар өте тұрақты тау жыныстары іс жүзінде бекітуді қажет етпейді және елеусіз су ағызу кенді өндіру құнын айтарлықтай төмендетеді, ал екінші жағынан, тау-кен жұмыстарының алдыңғы жағын кез-келген қажетті шектерге дейін кеңейтуге мүмкіндік береді" деп сипаттаған [6].

Жезқазған кен орнын игерудің болашағы туралы ғылыми сессияның қорытындысын алған Қаныш Имантайұлы 1934 жылы 31 желтоқсанда КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссары С.Орджоникидзениң қабылдауында болды, ол Үлкен Жезқазған комбинатын салу идеясын қолдады. 1936 жылы ұзындығы 400 шақырым болатын Қарағанды-Жезқазған темір жолының құрылысы басталды, осы кең табанды жолдың құрылысымен қатар Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысына дайындық жұмыстары басталды. Академик Қ.И.Сәтбаевтың жеке мұрағатында С.Орджоникидзеге ауыр өнеркәсіп халық комиссарының 1936 жылғы 25 наурыздағы Жезқазған мыс балқыту комбинатын салу туралы бұйрығының көшірмесі бар. Бұйрықта:

"1. Главцветмет ағымдағы жылы жобаны қамтамасыз ету үшін қажетті ізденістер, барлау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын аяқтайды;

2. Ағымдағы жылдың екінші жартысында қуаттылығы жылына 200 мың тонна болатын комбинатты жобалауға кірісу, техникалық жобаның аяқталуымен 1937 жылдың жартысына қарай кезек бойынша пайдалануға беруді көздей отырып;

3. Уақытша қозғалыс ашылған кезде (Үкімет қаулысына сәйкес 1. XI.-37 ж.) қосалқы кәсіпорындар мен тұрғын үй құрылысы құрылысының басталуын қамтамасыз ету;

4. Главцветмет осы жылдың сәуір айында Жезқазған қаласына сіздер үшін комиссия ұйымдастырып, жіберсін. Құрылыстың аяқталу мерзімі белгіленсін-1940 жылдың соңы;

5. Т. Кругликов ағымдағы жылдың екінші жартысында жобалық, геологиялық - барлау және ғылыми-зерттеу жұмыстарына – Главцветметтің лимиттерінен екі миллион рубль қарастырсын" делінген [7];

Сонымен, Жезқазғанды Кеңес Одағының ең ірі мыс кеніші ретінде тану үшін қиын жылдар бойы күрескеннен кейін жобалау жұмыстары басталды. Алайда, 1937 жылдың басында С. Орджоникидзениң қайтыс болуы оларды тоқтатты және 1938 жылы

Сәтбаевтың ауыр өнеркәсіптің жаңа халық комиссары Л.М. Кагановичпен кездесуінен кейін ғана іс қозғалды. 1938 жылы 10 ақпанда КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының Жезқазған комбинатын салу туралы бұйрығы шықты, бұл Орталық Қазақстанның ең бай шахта ресурстарын игерудің жаңа кезеңін белгіледі. Жезқазған әрдайым Қаныш Сәтбаевтың назарында болғанын, ол комбинат пен қаланың құрылысы болсын, кендерді байыту, сумен жабдықтау, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу мәселелері болсын, ерекше атап өткім келеді. Ол кен орнын пайдалану процесінде орын алған кеннің үлкен қайтарымсыз шығындарының проблемасына ерекше мән берді [8].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев соғысқа дейінгі уақытта Жезқазған мыс кен орнын игеруге лайықты үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның ғылыми күштерін Отан қорғауда жұмыс істеу үшін басқарды, Қазақстан Ғылым академиясын құрды және өмірінің соңына дейін Геология ғылымдары институтының директоры болды, комбинаттарға, қалаларға, Ертіс-Қарағанды каналының құрылысына серпін берді, Кеңестік металлогендік ғылымды құрды, Маңғыстау түбегіндегі ықтимал мұнай қорларын анықтады. Академиктің бастамасымен КСРО-да алғаш рет Орталық Қазақстанның металлогениясы және КСРО Геология ғылымындағы болжамдардың алғашқы металлогендік картасын жасау жұмыстары басталды. 1954 жылы КСРО Ғылым академиясының геологиялық-географиялық ғылымдар бөлімінде орындалған картамен жұмыс нәтижелерін талқылау бойынша кеңес шақырылды, ал 1958 жылы Қазақстанда КСРО Ғылым академиясы мен ҚазКСР Ғылым академиясының, КСРО және ҚазКСР жер қойнауын қорғау және металлогендік және болжамды карталар бойынша бірінші Біріккен Бүкілодақтық ғылыми сессиясы өткізілді [9]. Бұл бірегей жұмыс туралы Қазақ КСР Ғылым Академиясының 1956 жылғы материалдарынан оқуға болады: "Академик Қ.И. Сәтбаевтың жетекшілігімен авторлар ұжымы орындаған ірі тақырыптардың бірі 1: 500.000 масштабында мыс кендеріне Орталық Қазақстанның болжамды металлогендік картасын жасау болып табылады. Бұл жұмыс бойынша материалдар мен қорытындыларды Орталық Қазақстанның геологиялық-барлау ұйымдары пайдаланады". Айта кетейік, 1958 жылы КСРО-да алғашқы металлогендік картаны жасағаны үшін Қ.И. Сәтбаев бастаған ҚазКСР ҒА Геологиялық ғылымдар институтының барлық ұжымына, Қ.И. Сәтбаевқа ғылым саласындағы Лениндік сыйлық, КСРО-ның ең жоғары мемлекеттік наградаларының бірі берілді [10].

Қазақстанның алюминий өнеркәсібінің бастауында академик Қ.И. Сәтбаев та тұрды. Торғай бокситтерін барлау негізінде оның бастамасы бойынша Павлодар қаласында ҚазКСР ҒА глинозем бойынша бөлімшесі ұйымдастырылып, академияның металлургия және байыту институтының глинозем зертханасы кеңейтілді, бұл Павлодар алюминий зауытының құрылысына негіз болды. Айта кетейік, академик Сәтбаев қатыспаған геология ғылымында іс жүзінде бірде-бір сала болған жоқ.

Сәтбаев өндірістік проблемалардың үлкен жүктемесіне қарамастан, өз қызметінің нәтижелері бойынша ғылыми жұмыстар жазуға уақыт тапты. 130-дан астам жарияланым Жезқазған ауданының экономикалық маңыздылығына арналды, кен орнының геологиялық құрылысына, Орталық Қазақстанның түсті және қара металлургиясының дамуына қатысты болды [11]. 1942 жылы КСРО Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтының өтініші бойынша және үлкен Жезқазғанды зерттеуге арналған еңбектер жиынтығы бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғаусыз Бүкілодақтық аттестациялық комиссия Қ.И. Сәтбаевқа геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді, бұл Кеңес Одағының ғылыми саласында сирек кездесетін және айрықша факт болды. Сол жылы оған "Жезқазған ауданының кен орындары" еңбегі үшін екінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді. 1943 жылы Қ.И. Сәтбаев КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық мүшесі және КСРО Ғылым академиясының

академигі болып сайланды. Диссертацияларды қорғауды айналып өтіп, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, содан кейін толық мүшесі болып сайланған ғылым докторы ғылыми дәрежесі Қ.И. Сәтбаевтың интеллектуалды құбылысын елдің Ғылыми қоғамы жоғары бағалағанын көрсетеді.

Белгілі қазақ жазушысы, драматург және ғалым М.О. Әуезов өз еңбегінде: "Қаныш Имантайұлының Қазақстан Ғылым Академиясының президенті ретіндегі ең басты қасиеті – дарынды, еңбекқор ұйымдастырушы. Әрине, академияда біріктірілген ғылымның көптеген салаларын басқару, дамыту оңай шаруа емес. *Сәтбаевтың ерекшелігі - ол химикпен, биологпен, физикпен, дәрігермен және тарихшымен, тілтанушы-әдебиеттанушымен олардың ғылым тілінде сөйлесе алады.* Ғалым ретінде Сәтбаев әрдайым тынымсыз ізденісте, барлық ғылыми қызметкерлер үшін ол нағыз мұғалім, үлгі-өнеге "...деп сипаттаған [11].

Геолог, ғалым Қ.И.Сәтбаев «Металлогендік және болжамды карта» -ғалымдар мен геологтарға белгілі бір аумақтағы әлеуетті пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға мүмкіндік беретін құрал, оны жасау кезінде металлогендік және болжамды карталар пайдалы қазбалардың әлеуетті кен орындарын анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, әрі қарай геологиялық барлау мен кен орындарын игеруді жоспарлауға көмектеседі. Деректерді зерттеу және талдау пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу процестерін оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл тау-кен өнеркәсібінің және жалпы аймақ экономикасының дамуына ықпал ететіндігін көрсеткен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Rakhimov, E.K. (2005) Kanysh Imantaevich Satpaev and Tomsk. Izvestiya Tomskogo politekhnicheskogo universiteta – Bulletin of the Tomsk Poly- technic University. 308 (4). pp. 243–248. (In Russian).
2. Lozovskiy, I.T. & Sipaylov, G.A. (2019) Studencheskie gody Kanysha Satpaeva v Tomске: biograficheskiy ocherk [Student years of Kanysh Satpayev in Tomsk: a biographical essay]. In: Tomskiy politekhnicheskii universitet [Tomsk Polytechnic University]. 2nd ed. Tomsk: Tomsk Polytechnic University.
3. Satpaev, K.I. (1928) Karsakpayskiy rayon i ego perspektivy [Karsakpaysky district and its prospects]. Narodnoe khozyaystvo Kazakhstana. 1. pp. 92–109.
4. Satpaev, K.I. (1928) O perspektivakh razvitiya Spasskikh promyslov [On the prospects for the development of the Spassky crafts]. Narodnoe kho- zyaystvo Kazakhstana. 8. pp. 77–88.
5. Satpaev, K.I. (1928) Atbasarskoe mednoe delo i ego perspektivy [Atabasar copper business and its prospects]. Narodnoe khozyaystvo Kazakhstana. 9–10. pp. 212–232.
6. Satpaev, K.I. (1929) Atbasarskoe mednoe delo i ego perspektivy [Atabasar copper business and its prospects]. Mineral'noe syr'e i tsvetnye metal- ly. 1. pp. 30–42.
7. Satpaev, K.I. (1929) O razviti tsvetnoy i chernoy metallurgii v rayone Karagandinskogo basseyna (Toplivnye resursy rayona Karagandinskogo basseyna) [On the development of non-ferrous and ferrous metallurgy in the Karaganda basin region (Fuel resources of the Karaganda basin re- gion)]. Narodnoe khozyaystvo Kazakhstana. 6–7. pp. 11–43.
8. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (TsGA RK). Fund 2057. List 1. File 1289. (In Russian).
9. Satpaev, K.I. (1932) Dzhezkazganskiy mednorudnyy rayon i ego mineral'nye resursy [Zhezkazgan copper ore region and its mineral resources]. Moscow; Leningrad: Tsvetmetizdat.
10. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (TsGA RK). Fund 2057. List 1. File 1302. (In Russian).
11. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (TsGA RK). Fund 2057. List 1. File 1310. (In Russian).

АКАДЕМИК ҚАНЫШ САТБАЕВТЫҢ САРА ЖОЛЫ

Бектаева Аксауле Маратбековна

*Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің
география пәні мұғалімі*

«Білу керек, білу үшін көру керек, көру үшін жүру керек»

Қ.И.Сатбаев

Қазақтың тұңғыш академигі, мемлекет қайраткері Қаныш Имантайұлы еліміздің бір туар азаматы. Жазиралы Ұлытау өңірінің тұла бойы тұнған тарих. Қат-қат шежіре. Елінің көкірегі аңыз - жырдың көмбесі, жердің қойнауы кенге толған және ғаламат ескерткіштер мен көне жәдігерлер көрмесі.

Туған өлкені жан-жақты білу үшін көзбен көріп, санаға сіңіру мақсатында, 2023 жылдың 31 қазан мен 6 қараша айында, Астана қаласы Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп – лицейінің «Географ-өлкетанушылар» үйірмесінің оқушылары мен ұстаздары қазақтың тұңғыш геологы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойының қарсаңында ұйымдастырылып отырған «Академик Қаныш Сәтбаевтың сара жолы» атты өлкетану экспедициясына шықтық. Біздің өлкетану экспедицияның жетекшісі Жакупов Қабанбай Бекетұлы болды. Экспедиция құрамында он сегіз адамнан тұрды. Экспедиция бағыттары: Астана – Жезқазған – Сәтбаев – Алаша хан кесенесі – Хан-Ордасы қалашығы – Жошы хан кесенесі – Орда-Базар қалашығы – Домбауыл кесенесі – Аяққамыр қалашығы (Темір-Құтылық) – Басқамыр қалашығы – Талдысай – Әулие бұлақ – Ұлытау кенті – Әулие тау (Ұлытауда) – Хан ордасы – Алтын шоқы – Жезді кенті – Қарсақпай кенті – Жезқазған – Астана бағытымен жүріп өтбекпіз. Бұл бағытты таңдаудағы мақсатымыз Қаныш Имантайұлының жүрген жерлерімен танысу және біз білмейтін тың деректерді білу.

Үшқан құстың қанаты талып, арғымақтың белі бүгілген қазақ даласының ой-шұңқырын жалықпай аралап, әрбір жартас, обаны мұқият зерттеген геолог Қаныш Имантайұлының сіңірген еңбектері қазақ халқының тарихында маңызы зор екендігін, экспедиция барысында жайнаған деректердің нәтижесінде көзіміз жетті. Тарихи құжаттар мен деректерге сүйене отырып, Қаныш Имантайұлы тек геолог емес, этнограф, тарих, педогогика, «Алгебра» оқулығын жазған және халқымыздың әндері мен күйлерінің 25 әнді А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» атты жинағына енгізгені жайлы деректі мәліметтермен Қаныштың мұражайында таныстық.

1930 жылдары Үлкен Жезқазғанның, 1942 жылы Жезді маргенец руднигінің тағдырын шешкен, мыс дариясының көзін ашуға негіз қалаған алғашқы болжамдар мен жобалар, жоспарлар осы үйдегі Қ.И.Сәтбаевтың жұмыс кабинетінде, кісі құлашы жетпейтін үлкен жазу үстелінде шешілді. Табиғатынан көпшіл, асқан мәдениетті, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шаңырағынан кімдер бас қоспады дейсіз. Жасөспірім баладан ауылдың ақсақалдарына, белгілі қайраткерлерге дейін бұл үйдің табалдырығында өшпес ізін қалдырған. Осы шаңырақтың астында ғалымның жұбайы Таисия Алексеева мен отбасының бақытты күндері өткен Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметін жан-жақты көрсететін, өлкенің өндіріс тарихын сипаттайтын деректі материалдар, қолжазба құжаттары, алгебра оқулығы, минералдар, ғалымның өзінің еңбектері, ол жайлы әдебиеттер мен басылым материалдары, Қ.И.Сәтбаевтың қызметтес азаматтар жайлы деректер жинақталған. Шағын алты залды қамтитын мұражай экспонаттарының құндылығы, мазмұны жағынан ерекше бағалы, Қ.И.Сәтбаевтың киім-кешектері, күнделікті қолданған, тұтынған заттарына дейін сол қалпында сақталған. Алғаш көргенде бұл заттардың иесі өмірде бар, ортамызда жүрген адамдай, қазір кіріп келетіндей әсерде болдық. Үйдің ауласында Қ.И.Сәтбаевтың өз қолымен отырғызған

көшеттердің саялы баққа айналғанын көргенде ғана арада жарты ғасырдан астам уақыт өткенін мойындайсың. (1-сурет)



1-сурет


Біз сапарымызда, бүгінде 90-нан асқан атамызға жолыға алмадық, денсаулығына байланысты. Аға оқытушы Қ.Балкенов Қарсақпай металлургия зауытының директоры Қ.Мәткенов және осы өндірістің мамандары, металлурктері де көмектескен.

Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында он екі мыңнан астам бағалы экспонаттардың қоры бар, ең құнды әрі саяхатшылардың назарын аударатын экспонат-ежелгі балқыту пештері. Сарыарқа, оның ішінде Ұлытау өңірінде біздің заманымызға дейінгі II-I мыңжылдықтар, яғни бұдан 4-5 мың жыл бұрынғы өркениетті, материалдық мәдениетіміздің ерекше дамығандығы айқындайтын бірден-бір ескерткіш ежелгі кен қорту пештерінің орындары. Мұндай құнды жәдігерлердің бір жерде топтасып шоғырлануы өте сирек кездесетін жағдай Қ.И.Сәтбаев, Ә.Х.Марғұлан, Н.В.Валукинскийдің қалдырған жазбаларында «ежелгі заводтардың» сипаттамалары жан-жақты қамтылған.[2]

Ұлытау-Жезқазған қойнауындағы байлықты ашуда, түсті металлургия өндірісі мен Қарсақбайдың өркендеу тарихында Қаныш Имантайұлынан қалған із ешқашан өшпейді. 1926 жылдың күзінде Қарсақбайға келіп ағылшындардан қалған геологиялық архивпен, бұл өлкенің қазба байлықтары жөніндегі болжамдарды мұқият оқып-зерттей келе, Жезқазған-Ұлытау аймағына кең көлемді, геологиялық зерттеу жүргізу, игерудің қажеттігіне көз жеткізеді. Ұлы ғалым Қарсақбай, Жезқазғанның тағдыры үшін өмірінің ең мағыналы кезеңде күресіп, тартыспен өткізді.

Ағылшындар Қарсақбайды не үшін таңдады деген сұраққа жауап беріп көрейік. Ағылшындар бір жұмысты бастамас бұрын оны жан-жақты зертеп алады. Байқоңырдың қоңыр көмірі балқыту ісіне өте тиімді болмаса, Жезқазған кенін пайдалану одан қызыл мыс алу екіталай болған болар еді. Байқоңыр көмірі пайдаланылмаса, заманында ең қуатты саналған электр станциясын салу мүмкін болмас еді. Қарсақбайдан Байқоңыр көмірінен 50 шақырым, ал мысы бай Жезқазған кендерінен 60 шақырым жердегі, Қумола өзенінің сол жағасында Қарсақбай ашасы мыс балқытатын завод салуға өте қолайлы деп табылды. Оның адырлары мен өзеннен ағатын тұнық суы қажетті тоған салып, су қоймасын жасауға мүмкіндік жасады [2.153 б]

2-сурет Қарсақбай мыс балқыту заводы алқашы салынған кезі мен бүгінгі көрінісі.



2-сурет

Қарсақбай мыс балқыту заводын салуда ағылшын инженері Перкинстің жасаған жобасы мақұлданып, қабылданды. Оның негізгі жүйесі: кен ұнтақтау цехы-байыту, фабрикасы-шарпу пеші. Осы өндірістік жүйемен штейн конвертор пешінде өнделіп одан қызыл мыс алынды.

Жалпы алғанда Қ.И. Сәтбаев күндіз-түні дала кезіп жүріп, бір ғана мақсатты - табиғаттың өз ерекше жомарттықпен жаратқан өлкенің байлығын халықтың игілігіне жаратуды көздеді. Қ.И.Сәтбаев өзінің көзі жетіп, қолға алған ісін аяқтамай тынбайтындығын дәлелдеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбектері болашақ ұрпаққа жетуін қамтамасыз ету. Қаныш Сәтбаев туралы деректерді талдау. Көзқарастармен бөлісу. Қаныш Сәтбаев өмірін ел игілігіне арнады. Қазақстанның болашағы үшін үлкен ашулар жасаған. Қаныш ағаның сол кездегі ашуларының пайдасын әлі күнге дейін көріп отырмыз. Өмір жолында қаншама қиыншылықтарға тап болса да, бойын бермей бүкіл қиыншылықтарды жеңіп өтті. Бойына батылдық, байсалдылық және басқа да көптеген жақсы қасиеттерді жинап алды. Қаныш ағаның құрметіне қаланың атын берді (Сәтбаев қаласы), Алматы, Астана қаласында көшелер, университеттерге аты берілді және қалаларда ескерткіштері орнатылған. 1999 жыл – ЮНЕСКО-мен Қаныш Сәтбаев жылы деп аталған.

Қаныш Сәтбаевтың есімі әрқашан жүрегімізде болады. Осы кісінің өмір жолы әрбір адамның патриотизмын ояту керек!! «Қазақстан табиғи байлықтардың бай қоры» деп Қаныш Сәтбаев бекерден бекер айтпаған. Шынымен де Қазақстан – ғылым мен еңбектің тоғысқан жері. Есімі жалпы дүниеге мәлім аса көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаев дарынды, ерекше адам болған. Адамзат алдында сіңірген ғылыми еңбектері, адамдардың игілігіне арналған.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бауыржан Жақып. Қаныш Сәтбаев энциклопедиясы. Алматы:2011
2. А.Абдуллин, А.Машанов, Қ. Найманбаев, Ш.Сәтбаев, М.Сқақбаев, П.Тәжібаева, Ш.Шөкин. Қаныш аға. Жазушы баспасы.
3. А.А.Абдулин. Қаныш Сәтбаев және Қазақстан ғылымы. Ғылым баспасы.
4. Медеу Сәрсекке. Қазақтың Қанышы феномен.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ

Даирбекова Зейнеп Кадыровна

Астана қаласы № 61 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Биыл қазақ даласының ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толады, оның есімімен ғылым мен өнеркәсіптегі орасан зор жетістіктер бір-бірімен байланысты.

Академик Қ. И. Сәтбаев көп қырлы, бірегей тұлға, туған өлкенің нағыз патриоты болды. Қ. И. Сәтбаев қазақ тіліндегі алгебра мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, қазақтар арасындағы алғашқы кәсіби геолог-инженер, КСРО ҒА тұңғыш қазақ-академигі, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті және негізін қалаушы, ҚазКСР ҒА Геология институтының тұңғыш директоры, Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты. Сондықтан оның жеке қасиеттерінің толық табиғи көрінісі оның өмір бойы өткізген тарихы мен этнографиясына деген өшпес қызығушылық болды.

Жас инженер-геолог Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін 1927 жылы Қарсақпай мыс кенішінде жергілікті кәсіби кадрлар болмаған, қаржыландырудың жетіспеуі және ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған жабдықта бастайды. 3 жылдан кейін, 1930 жылдың басында, оның тобы ашқан бірнеше шашыраңқы мыс кен орындары әлемдегі ең ірі, кем дегенде 2 миллион тонна қоры бар бір үлкен Жезқазған мыс кен орны екендігі ғылыми түрде расталды.

Ғалымның таңғажайып ғылыми сезімі таң қалдырмайды. Жеке ғылыми фактілер негізінде ғалым аналитикалық жалпылау жасай алды: «Үлкен Жезқазған жалғыз объект емес. Жезқазған ауданы шегінде темір, темір-марганец кендерінің жеткілікті үлкен қоры бар, бұл кендерді ірі көлемде өндіруді көздеуге мүмкіндік береді». Бұл жаңалық Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Одақтың Болат өнеркәсібін сақтауда шешуші рөл атқарады[1].

Жезқазғанның дамуын қаржыландырудың басталуымен-мыс балқыту комбинатын, су қоймасын салу және темір жол төсеу – 1934 жылы елімізде Политех (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті) деген атпен танымал Қазақ тау-кен металлургия институтын (ҚазММИ) құрудың алғышарттары пайда болды. Құрылған институт өзінің кәсіби кадрларының, соның ішінде елдің өсіп келе жатқан тау-кен металлургиясы мен геологиялық өнеркәсібінің ұстасы болды.

Қ. Сәтбаевтың еліміздің тау-кен металлургия секторының инженерлік-зияткерлік және ғылыми элитасын қалыптастырудағы дәйектілігі оның ұйымдастырушылық қасиеттері мен ғылыми алдын ала білуінің жарқын айғағы болып табылады. Бұл бағыттағы қадамдар 1940 жылы геология ғылымдары институтының базасында алғашқы Қазақ ғылыми орталығын құруға мүмкіндік берді. Кейіннен ғылымның аралас салаларын тарта отырып, КСРО ҒА академиялық филиалының базасында 1946 жылы Қазақ Ұлттық Ғылым академиясы құрылды.

Қ. Сәтбаевтың басшылығымен қазақстандық геологтардың ғылыми топтары жүргізген орталық және Шығыс Қазақстанның кең аумағындағы жүйелі және терең зерттеулер оны 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын жасау бойынша қолда бар деректерді Талдамалық жүйелеуге алып келді. 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогендік болжамдық карталарының әдіснамасы, нақты базасы және негізгі қорытындылары туралы» келесі іргелі ғылыми еңбегі жарық көрді [2].

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогендік карталарын пайдалана отырып, деректерді ғылыми болжау, экстраполяциялау және болжау біздің еліміздің аумағында жаңа бай металл кен орындарын сәтті ашуға мүмкіндік береді. Орталық Қазақстанның

біртұтас кешенді-геологиялық картасына шашыраңқы фактологиялық өңірлік деректерді жүйелеу Қ.Сәтбаевқа кен орындарының кеңістікте орналасу заңдылықтары туралы іргелі және әмбебап ғылыми ережелерді әзірлеуге мүмкіндік берді.

Бір қызығы, олар сандық математикалық есептеулер мен компьютерлік деректерді модельдеу дәуірінен бұрын жасалған және қазіргі уақытта олардың ғылыми негізділігін растады. Бұл іргелі ғылыми ережелер оның «Орталық Қазақстандағы эндогендік кендеу аймақтарын кеңістікте орналастырудың негізгі заңдылықтары» атты мақаласында толық тұжырымдалған [3].

Зерттеу барысында ғалымның мынадай тұжырым жасауы негізді қызығушылық тудырады: «Орталық Қазақстанның эндогендік кен минералдануын нақты талдаудың қорытындылары оның аумағындағы өнеркәсіптік кен кен орындары жоғарыда көрсетілген рудогенездің барлық үш аргументтік факторы анықталған жерде ғана қалыптасқанын сөзсіз көрсетеді. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан үшін терең өңірлік ақаулар және олармен бірге жүретін жарықшақты аймақтардың қауырсынды және үйлестірілген жүйелерінде өзара артикуляция немесе қиылысу түйіндері болған жағдайлар барынша қолайлы болып шықты. Бұл жағдайда олардың желдеткіш тәрізді конвергентті брахтарымен конъюгация орындары ерекше маңызды-қатпарлы құрылымдар, сонымен қатар күрт анизотропты, алғашқы стратификацияланған тау жыныстарының кешендері. Бұл жерлерде бір уақытта терең магмалық ошақтардың металл ерітінділері болғаны өте маңызды».

Қ. Сәтбаев Рудный, Алтай кен орындары бойынша басқа ғалымдардың постуляцияланған ғылыми жағдайын және зерттеулерін басшылыққа ала отырып, өзінің кәсіби және ғылыми қызметінің қорытындысын бейнелейтін өзінің ғылыми жұмысында Шығыс Қазақстан үшін түсті металл кендерін кешенді пайдалану жөніндегі зерттеулерді, «түсті металл кендерін кешенді пайдалану жөніндегі Қазақстан Ғылым Академиясының зерттеулерін» қорытындылады [4].

Сәтбаевтың ғалым ретіндегі басты еңбегі оның Қазақстандағы геологиялық зерттеулерді дамытуға қосқан зор үлесі екені анық. Оның тікелей басшылығымен ірі мыс, темір және марганец кен орындарының дамуы басталғаны белгілі. Бірақ оның Қазақстанды аграрлық елден индустриалды-ғылыми-зияткерлік елге сапалы реинкарнациялаудағы рөлі аса маңызды. Академик Қаныш Сәтбаевтың ғылым саласындағы ғылыми мәдениет пен әдіснамалық тәсілдерді енгізуге қосқан үлесі баға жетпес, олар Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі ұрпақтары мен ғылымға қызығушылық танытқан жастардың жүйелі зерттеу жұмыстарына үлгі болып табылады.

Орталық Қазақстан мен тұтастай алғанда біздің еліміздің келбетін мәңгілікке өзгерткен Үлкен Жезқазғанның ашылуы, практикалық міндетті іске асыруға кәсіби ғылыми көзқарастың жарқын үлгісі болып табылады. Содан кейін Қарсақпай кентінде, өркениеттен мыңдаған шақырым жерде және кейінгі өмірінде Қ. Сәтбаев ғылыми фактілерді, артефактілерді қолда бар ең жақсы зерттеу және талдау құралдарының көмегімен дәл және мұқият талдаудың берік желісін ұстанды. Жас кезінде ол ежелгі және орта ғасырлық тарихқа белсенді қызығушылық танытып, Алтын Орда кезеңін бейнелейтін қазақтардың ауызша халық шығармашылығының үлгілерін жинап, жазып алды. Студенттік жылдары Томск технологиялық университетінде оқып жүрген кезінде жаңадан бастаған зерттеуші академиялық кітапханалар мен мұрағаттарда Едіге батыр туралы материалдар жинауды жалғастырды. Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысының Ұлытау ауданы) геологиялық іздестіру барысында Қ. И. Сәтбаев өткен дәуірлердің материалдық айғақтарын – жекелеген артефактілерді, үнгір суреттерін, ежелгі кен қазбаларын, қорғандарды, менгірлерді, балбалдарды, кесенелерді қызығушылықпен сипаттады, олардың орналасуын белгілеумен ғана шектеліп қоймай, тарихи контекстті кезеңге келтіру және жаңғырту әрекеттерін жүзеге асырды.

Кәсіби геологтың мазмұнды тұжырымдары Түсті металдарды өндіру, бастапқы байыту және балқыту процестерін егжей-тегжейлі қайта құруды қамтыды, ал көп жылдық далалық тәжірибеге негізделген математикалық есептеулер ежелгі уақытта өндірілген мыс рудасының мөлшерін ұсынды, ол кем дегенде 1000 000 тоннаны құрайды, тарихи көзқарастардың кендігі мен дала зерттеушісінің таланты К.И. Сәтбаев ғылымда «Қарсақпай» деген атпен белгілі Алтыншоқы шоқысында Тамерлан деген жазуы бар тақтайшаны тауып қана қоймай, оны оқуды зерттеушілерді бүгінгі күнге дейін Жаңа аспектілермен тартатын әлемдік ғылымның меншігіне айналдырды. Қ.И. Сәтбаев археологиялық қазбаларға жеке қатысқан жоқ. Бірақ Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президентінің жемісті ғылыми қызметі мен ұйымдастырушылық таланты тарих, археология және этнография институтында археология секторының ашылуына, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрылуына, ұлттық археология мектебінің қалыптасуына және белгілі археологтардың тұтас бір галактикасының кәсіби қалыптасуына ықпал етті.

«Қ. И. Сәтбаевтың тұсаукесерінен бастап отандық археологияның дамуына серпін берілді»[5], оның құрылымдық негіздері қаланды. Шынында да, бұл ерекше дарынды және кең білімді адамның үлесіне ерекше миссия түсті – ол зерттеудің жаңа әдіснамасы-кешенді мәдени-тарихи көзқараспен, көптеген дереккөздерді тартумен, талдаудан синтезге көтерілумен қазақстандық археологияны қалыптастыруға тікелей және ең белсенді қатысты. Бұл міндет К.И. Сәтбаев өзінің ерекше жеке қасиеттерінің, тамаша ғылыми дайындығының, мақсаттылығының арқасында ең керемет түрде орындалды. Оның Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихы саласындағы ашқан жаңалықтары ғылыми ақиқатқа қол жеткізу жолында жаңа заманауи зерттеулер мен жемісті пікірталастарды ынталандырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Батырбеков Г.О. Академик Сатпаев и его современники. Алматы: «Рауан», 1999. 176 б.
2. Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Путь к изучению древностей центра страны: история создания первой археологической экспедиции Казахской академии наук // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение: сб. научн. ст., посвящ. 70-летию ЦКАЭ АН Казахстана. Отв. ред. А.З. Бейсенов, В.Г. Ломан. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2017. Т. 1. 11–64б.
3. Григорьев А.П., Телицин Н.Н., Фролова О.Б. Надпись Тимура 1391 г. // Историография и источниковедение истории стран Азии и Африки. 2004. Вып. 21. 3–24б.
4. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы Каныша Сатпаева в Томске. Томск: изд-во ТПУ, 1999. 135 б.
5. Могильницкий В.Б. На земле Сатпаева. Караганда: Полиграфия, 1992. 157 б.

БІР ТУАР ТҰЛҒА

*Досанова Гулшат Нагизкановна
Сәтбаев қаласы, №25 жалпы білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі*

Ғалым академик Қаныш Имантайұлы жайлы көптеген еңбектер бар. Әу баста орыс тілінде, яғни Мәскеуде шыға бастаса, кейіннен өз тілімізде Алматы қаласында толықтырылған ғұмырнамасы жарық көрді. Қазақ халқының ұлы перзентінің 125 жылдығына орай аймақтық, республикалық және халықаралық конференциялар өтуде.

Академик Н.В. Мельников айтқандай: «Қаныш Имантайұлы кабинеттік ғалым емес еді, ол ғылым мен практиканың тұрақты байланысын және өндірістің мүддесін ескеру ең басты деп санады». Расымен ғалым, ол өз халқын ғылым мен білімге, өнер мен өркениетке шақырып, қолынан келген көмегін аямады. Ол біршама ғылымға бет бұрған жастарды ғылым кандидаттары, докторлары деген атаққа дейін жеткізген.

Тәжірибелі ғалым, белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан ғылымының жетекшісі – ұлтымыздың маңдайына біткен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өз халқы үшін орасан зор қызмет жасап, артынан өшпестей бай мұра қалдырды. Міне, сондықтан халық бірауыздан Қанышқа ХХ ғасырдың аяғында «Ғасыр адамы» деп атады.

Сонау 1929 жылдан кеңді өңір саналған Жезқазғанның «Ірі кен» ауданы аталуы тікелей Сәтбаевтың жетістігі. Бұл аймақта геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастырып, ескіден жинақталған деректерді зерттеп, Сұрапыл соғыс аяқталуға тақанғанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, кешенді зерттеулер нәтижесінде Жезқазғанның ақиқат қоры бізге белгілі қордан 2,5 есе көп екенін дәлелдеген. Оның қалдырған металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да; мәдениет саласында да; тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр.

Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Жезқазған аймағын ерекше назар аударып зерттеген. Қарсақбайдың-темірге, Жездінің-марганецке, Байқоңыр мен Қияқтының-көмірге, Қорғасынның-қорғасын кеніне бай екенін анықтап қана қоймай, шығу тегі туралы маңызды қорытындылар жасаған. Мысалға: құрылысы, геохимиясы, стратиграфиясы, тектоникасы.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлы ғалым Одақты шикізатпен қамтамасыз ету ісіне көп күш салды. Неміс басқыншыларының қоластында «Ірі Никополь» марганец кенінің қалуы, елімізде танк бронын құюға аса қажетті марганец тапшылығын туғызды. Осы кезеңде Сәтбаевтың басшылығымен Жезді марганец кені ашылып, қысқа мерзімде іске қосылды. Сөйтіп, Оралдың қара металлургиясы жеткілікті мөлшерде марганецпен қамтамасыз етілді. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Қазақстан ғалымдарының ақылшы-қамқоршысы және тәрбиешісі болды. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кенметаллургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады.

Оған арналған бірнеше мұражайлар бар. Соның ішінде Қарсақбай қаласында орналасқан Сәтбаев мұражайы үйі. 1969 жылы сәуірде Қаныш Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына орай ұлы ғалым 15 жыл тұрған үй мен бұрынғы кеңсесінің қабырғасы қосылып, мемориалдық мұражай болып ашылды. Осылайша бүкіл қарсақбайлықтар үлкен шаңырақ санайтын киелі орын мәдениет ошағына айналды. Сәтбаевтың жеке мұрағатынан алынған, оның ұрпақтары жинақтап өткізген жәдігерлер – мұражай қорының басты құндылығы. Мұражай экспозициясын құруға ғалымның қыздары – Ханиса, Шәмшиябану, Мейіз көп еңбек сіңірген. Көрмелерде Сәтбаевтың өмірі мен қызметін жан-жақты көрсететін, өлкенің өндірістік тарихын сипаттайтын деректер, қолжазба құжаттар, минералдар үлгілері, ғалымның еңбектері, ол жайлы әдебиеттер мен әр жылдардағы баспа материалдары жинақталған. Кішігірім 5 залды қамтитын мұражай экспонаттары құндылығы мен мазмұны жағынан ерекше бағалы. Ұлы ғалымның киім-кешектері, күнделікті қолданған, тұтынған заттарына дейін қаз-қалпында сақталған. Ғалымның зайыбы Таисия Алексеевна (Кошкина) Сәтбаева қысылған сәтте тақтай ретінде геологтың сызба үстеліне қамыр жаяды екен. Үйдің ауласына Қаныш отырғызған көшеттер бәйтерекке айналған. Негізгі қорды құрайтын 3 мыңға жуық жәдігерлердің барлығы дерлік түпнұсқа ретінде бағаланады. Ғалымның мұражай-үйін ұйымдастырушылар қатарында алғашқы директоры, қарт ұстаз Ахмет Жұмбаевтың есімі құрметпен аталады.

Келесі бұл Жезқазған қаласында орналасқан, 1983-95 жылы салынған Қаныш Сәтбаевтың мұражай-үйі «Жезқазғантүстіметалл» (қазіргі «Қазақмыс») бірлестігі тарихи-өндірістік мұражайының бөлімшесі болып келді.

1995 жылы Жездідегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы мәдени-тарихи кешенінің құрамына енгізілді. Бүгінде ол – кенді өңірдің халқы кие тұтатын, саяхатшылар арнайы іздеп келетін тарихи-танымдық орын.

Сонымен бірге №27 орта мектептің қабырғасында орын тапқан Сәтбаев мұражайы. Соңғы жылдары бұл мұражай қоры да бірегей экспонаттармен толықтырылып, келешек ұрпаққа мирас болып қалған мұрасымен кеңінен таныстыруда. Оның ішінде ғалымның атындағы ғаламшар суреті, өзінің тапсырысымен жасаған геологиялық картасы, минералдар, костюмі мен шалбары және тағы басқа экспонаттарды атап өтуге болады.

Ұлы ғалымның геология саласынан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған ізі мол. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Ғұлама ғалым Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Бұл еңбегінде біздің аймағымыздың ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1926 жылы А.В.Затаевичтің өтінішімен Мәскеуде домбырамен сүйемелдеп, Баянауыл өңірінің 25 әнін жаздырған. Қаныш ағаның осы еңбегін жоғары бағалаған Қазақстанның халық әртісі А.В.Затаевичтің өзі былай дейді: “Томскінің технологиялық институтында білім алған Қаныш Имантайұлы жас қазақ инженері. Осы жинақ үшін тек әндер мен әуендер саласында ғана емес, сондай-ақ мәтіндері жөнінде де бірқатар құнды деректер берген, мәтіндерді орысша аудармасымен қамтамасыз еткен, Баянауыл әндерінің тамаша білгірі және жақсы орындаушысы...”

Сөйтіп, 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Қ.И.Сәтбаевтың айтқан ұлағатты сөзі «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жан тебіреніп ол туралы ойланбаған жігітті қайтып азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтының да мақтап жарытпас» әрқашан есімізде сақталады. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Жезқазғанның дүниежүзілік мыс ошағы екенін әлемге паш етуі, Қазақстандағы тұңғыш геология ғылымдары институтын ашуы, Ұлттық Ғылым академиясының құрылуы, Қазақстан ғылымын сол кезде шоқтығы биік деңгейге көтеруі – Қазақ елінің мәңгі өшпес ескерткіші емес пе?! Сонымен қатар, Сарыарқа төсіндегі «Ертіс-Қарағанды» каналы кемеңгер ғалымның көрегенділігі екені сөзсіз. 1947 жылы Кеңес делегациясының құрамында Англияда болған кездегі Сәтбаев пен Черчилль арасындағы әңгіме бүгінде аңызға айналған. Черчилль Қаныш ағаға барлай қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қаныш аға: «О, жоқ, халқым менен де биік!» – деп жауап берген екен. Міне, қысқа да нұсқа берілген жауабынан Қанағанның даласына, халқына, ұлтына деген шынайы сүйіспеншілігін айқын көреміз.

Қазақ даласының осындай алыпты дүниеге әкелуі, ғалымның соңында қаншама игі істердің қалуы жайдан-жай емес. Қ.И.Сәтбаевтың 1961 жылы Жезқазғанға келген ең соңғы сапарында жезқазғандықтарға арнап: «Сіздерден өтінемін, достар, Жезқазғанды көздеріңіздің қарашығындай сақтаңыздар. Біздің байлығымыз мол болғанымен шексіз емес» - деп айтқаны есте болса екен деймін, себебі бүгінде металлға бай руданы таңдап алу қазір Жезқазғанда кең көлемде жүруде. Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ.Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды.»

Академик, ғұлама ғалым, біртуар Қаныштың тарих алдындағы зор еңбегі – Ғылым академиясының шаңырағын салуы. Мәселе – сол академияны қазақы қалпында орналастыру еді. Бір күні бір жас зерттеуші академикке қарап: – Қаныш аға, Сіз академияны салдырдыңыз. Бірақ, неге академияның Бас корпусының жанына Тіл және Әдебиет, Тарих институттарын салғыздыңыз? Біздің Қазақстанда сөздің шыны керек, бұл ғылым салалары әлі дамымаған, оның үстіне Одақ көлемінде мақтанарлықтай ештеңеміз де жоқ емес пе? – дегенін де, ұлтының қадір қасиетін ерекше түсінген ұлы жүрек иесі: – Айналайын-ау, бұл ҚАЗАҚ Ұлттық ғылым академиясы болса, неге мен Бас корпустың оң қанатына Тіл білімі институтын, сол қанатына Тарих пен әдебиет институтын салдырмайын! Ұлты – қазақ, жаны – қазақ жандардың бәрі осы ғылымның саласында жүр. Ал, дамыған геология, минералогия, химия, физика, математика деген жаратылыстану ғылымының зерттеу институттарында еңбек етіп жүргендердің сексен, тоқсан пайызы өзге ұлт өкілдері еді, сондықтан сырттан келген шет елдік қонаққа бұл елдің иесі, ғылымының киесі де қазақ екенін білсін деген ниетпен осы жобадан салдырдым, – деп жылы ғана жымыған екен. Қайран, абзал аға! Не деген көрегендік десеңізші!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шәмшиябану Сәтбаева «Сәулелі әулет»

2. Құрманбай Толыбаев «Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы»
3. Бөпежан Аяпбергенов, Қалмұқан Исабай «Қаныш аға осындай еді...»
4. Энциклопедия Қаныш Сәтбаев
5. Мәңгі сөнбес жарық жұлдыз.
6. <https://adebiportal.kz/upload/iblock/444/4441c0b93a6e7e908b363b7e87f7a6e6.pdf>
7. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ӘЙГІЛІ ГЕОЛОГ

Әнәтия Ақшолпан Битұрсынқызы

*Астана қаласы, Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназияның
география пәні мұғалімі*

Қазақтың біртуар азаматы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылым жолында сіңірген еңбегі орасан зор. Қаныш туралы қанша кітаптар жазылып, деректі фильмдер түсіріліп жатқанымен, әлі де болса ғалымның есімін жас ұрпаққа насихаттау көптік етпейді!

Олай дейтініміз, ғалымның жасаған еңбегі орасан зор. Кеңінен насихаттасақ, ғылымға зейіні ашылатын жас буынның қарасы көбейіп қалады ма деген бір ой болады. Қаныш Сәтбаев геология-минералогия ғылымдарының докторы. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Ленин орденімен марапатталған.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі – ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы – іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болды.

Қаныш Имантайұлы еңбекке, күреске және үлкен өрлеуге толы жарқын өмір сүрді, бойындағы барын, бірін қалдырмастан өмірінің соңғы күніне дейін халқының, елінің гүлденіп өркендеуіне бағыштады. Қ. Сәтбаев Кеңестік Шығыс республикалары ішінен тұңғыш одақтық Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Ұзақ жылдар бойы Қаныш Имантайұлы КСРО Ғылым академиясының президиум мүшесі, КСРО Министрлер кеңесі жанындағы ғылым мен техника саласында Лениндік сыйлық беру жөніндегі комитет президиумы мүшесі атанған.

Көптеген зерттеушілер өздерінің ашқан жаңалықтарын оған арнады: минералогиялық анықтағыштарды сәтбаевит минералы, Жоңғар Алатауы картасында Сәтбаев мұздығы және шыңы пайда болды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған іс – шаралар жылда түрлі ауқымда (аудандық, қалалық, облыстық, республикалық т.б) ұйымдастырылып келеді. Мұндай мазмұнды іс – шараға мен де оқушымды қосып жиі қатысуға тырысамын. Мақсатым – жас ұрпаққа ғалымның еңбегін насихаттау. Осындай іс шараның бірі 2022 жылы Астана қаласы №61 Қаныш Сәтбаев атындағы мектепте І қалалық «Қаныш Сәтбаев және Қазақстан ғылымы» ғылыми жобалар сайысы ұйымдастырылды. Оқушым Ұзақ Айсұлумен бірге сол ғылыми жобаға бірге қатысып, оқушым жұлделі ІІІ орын иегері атанған болатын. Біз Қаныштай тұлғамызды насихаттаудан, еңбегін үнемі айтудан еш жалықпауымыз қажет. Жас буынға үлгі ретінде жеткізуіміз маңызды.



(1 сурет. Ұзақ Айсұлудың жетістігі)

1999 жылғы 12 сәуірде Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толды. Ол ЮНЕСКО-ның бүкіл дүниежүзілік ұйымдары атаулы күндерінің қатарында мереке болып енді.

Алматы қаласында Қ. И. Сәтбаевқа орнатылған қола ескірткішті 1999 жылғы сәуірдің 12-де Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев салтанатты түрде ашты. Ескерткіш авторы – скульптор Т. С. Досмағамбетов.

«Қазақмыс» корпорациясының басшылығының бастамасымен тұрғызылған Қ. И. Сәтбаевтың граниттен соғылған тұлғасы Жезқазған қаласының орталық алаңына орнатылды.

Қ. И. Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған салтанатты жиналыстар мен мерекелер өтуде. Сәтбаевтың еңбектері жарық көрді, альбомдар, естелік кітаптары шығарылды.

XX ғасырдың аяғында Қазақстан Республикасының құрметті «Ғасыр Адамы» деген атаққа ие болған он үздік азаматтарымыздың қатарында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да аты аталды.

Қорытындылай келе, сөзімнің соңын белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды,» - деген сөзімен аяқтағым келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. М. Сәрсекеев. «Сәтбаев», 1985ж.
2. Ш. Қ. Сәтбаева. «Қаныш аға». Алматы, 1989ж.
3. Қаныш Сәтпаев – Ұлы Геолог, Алматы, 1994 ж.
4. Қазақстанның тау-кен тарихы. Алматы, 1996 ж.
5. Т. М. Әлжанов, М. Қ. Сәтбаева. «Қаныш Сәтбаев – қазақ елінің тұлғасы», 2002 ж.

ҚАНЫШ САТБАЕВТЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН – ҰЛЫТАУ ӨңІРІНДЕГІ КЕН ОРЫНДАРЫН ДАМУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Жандаева Баглан Кобеновна

№7 мектеп-гимназиясының физика пәнінің мұғалімі

Қазақтың тұңғыш инженер-геологы, ғылым докторы, академик және Қазақ ССР Ғылым Академиясының құрылуының бастауында тұрып, оның бірінші президенті болған Қ.И. Сәтбаевтың алға қойған мәселелерінің бірі – жер қыртысынан өндірілетін шикізаттарды әр уақытта кешенді пайдалануда еді. Тіпті соғыс жылдарында, шикізатты молырақ әрі тиімді пайдалану үшін, Қазақстанда ашылған барлық карьерлер маңайындағы толып жатқан жеткілікті тас үйінділерінен металл алуды жолға қоюды талап еткен.

XX ғасырдың бірінші ширегінде болашағы жоқ деп келген Жезқазған – Ұлытау өңірі қазір Отанымыздың аса ірі кеншоғырларының біріне айналды және ол тек мыспен ғана емес, мұнай, асбест, мәрмәр, әктас, алтын, күміс, көмір, темір, қорғасын, мөлдір (хрусталь), және т.б. жер қыртысында өте сирек кездесетін металдарымен егеменді еліміздің байлығына үлесін қосуда. Бұл істе де алаштың алып тұлғасы Қ.И. Сәтбаевтың алатын орны ерекше. 1926 жылы институтты жаңа бітірген жас инженер-геолог Қаныш Сәтбаев «Атбасцветмет» тресіне жұмысқа орналасады. Мұнда ол «Атбасцветмет» трестінің геология бөлімін басқарды. Оның құрамына Қарағанды көмір бассейні, Успенский мыс руднигі, Спасск мыс балқыту зауытын қамтыған Спасск комбинаты мен салынып жатқан Қарсақпай мыс балқыту зауыты, Байқоңыр көмір шахталары, Жезқазған мыс кеніштері мен Қорғасын кен орнынан тұратын Қарсақпай комбинаты кіретін. Жас маманға Жезқазған-Ұлытау ауданында пайдалы қазбалар қорларын жоспарлы түрде анықтау бойынша алғашқы стационарлық геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу сияқты маңызды міндет жүктелді. Қаныш Сәтбаев 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. «Жезқазған мүмкіндігі жағынан дүние жүзінің бай мыс аймақтарына жатады және болашақта Американың белгілі мыс орындарын басып озады» деп жазды жас геолог ең алғашқы мақалаларының бірінде. [1928ж.«Народное хозяйство» журналы №1]. Қаныш әлемдегі ең ірі мыс кен орны Қарсақпайда екендігін дәлелдеу үшін аттай 15 жылын сол жерде өткізеді. Қарсақбайға келген үш жылдың ішінде ол Жезқазғанның болашақ мыс қоры кем дегенде 1 миллион тоннадан астам екендігін дәлелдеді. 1938 жылдың өзінде бұл өлкеде барланған мыс 4 миллион тоннадан асты.

1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. 1932 жылы Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералды ресурстары» атты алғашқы ғылыми монографиясын жариялайды. Осы уақытта Жезқазған кендерінде ағылшын мамандары мен ХКК жанындағы Геологиялық комитет қызметкерлері айтқандай 60 мың тонна емес, 2 млн. тоннадан астам мыс бар екендігі анықталады. Бұл Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми болжамының дәлелі болды. 1934 жылы КСРО ҒА сессиясында Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, көмір, темір, марганец кендері және басқа да пайдалы қазбалары» атты баяндама жасап, онда Жезқазған кен орнының және бүкіл ауданның бай перспективаларын жан-жақты негіздейді. Ғалым-геолог кенді жер бетіндегі өсімдіктердің түрінен-ақ анықтап, «салыңдар осы жерге бұрғыны» деген екен. Ал, бұрғылау – өте қымбатқа түсетін жұмыс, сондықтан да жауапкершілігі мол болатын, бірақ Қаныш Имантайұлының ұңғы сал деген жерінен кен табылған. Ұлы Отан соғысы

жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде, Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. 1942 жылы үкімет тапсырмасымен, сол кездегі нарком И.Ф.Тевосянның қолдауымен қаржы бөлініп, 38 тәулік ішінде 60 шақырымға темір жол да, шахта да карьер де салынып бітіп, Қазақстан марганецінің бірінші эшелонын зауыттарға жөнелтті. Дәл осы жылы Жезқазған-Ұлытау аймағының шикізат қорын игеруге арналған монографиясына бірінші дәрежелі КСРО Мемлекеттік сыйлығы беріліп, ғылыми кеңесте қорғатпай-ақ, оған геология-минералогия докторы дәрежесін беріп, бекітті.

Өзінің еңбек жолын қарапайым инженер-геолог ретінде бастаған жас Қаныш Сәтбаев Орталық Қазақстанның минералдық ресурстарын игеру перспективасына күмән келтіргендердің баршасымен күрес жолына түседі. Жезқазған мыс кен орнының болашағы жоқ деген түбегейлі пікірге қарамастан, осы кен орнында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру қажеттілігін дәлелдеу, оларды өзі басқару және сайып келгенде кен орнын тау-кен алыбы болған әлемдік деңгейге шығару үшін қандай азаматтық жігер, қандай айнымас сенім мен күшке ие болу керек еді. Сонымен қатар, Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған-

Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген.

Қаныш Сәтбаевтың қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ, ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Қаныш Сәтбаев Жезқазған-Ұлытау ауданының жер қойнауын барлағаны үшін 1940 жылы Ленин орденімен марапатталды. 1942 жылы оған геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. «Жезқазған ауданының кен орындары» ғылыми еңбегі үшін сол жылы екінші дәрежелі Сталин сыйлығы берілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 2011 жыл.
2. «Большой Джезказган», Алматы «Ғылым» 1967-70ж
3. Сатпаев К.И, Избранные труды , Алматы «Ғылым» 1967-70ж
4. Журнал «Егемен Қазақстан»
5. Медеу Сәрсекке «Қазақтың Қанышы» Алматы «Ата мұра», 2011 жыл
6. Журнал «Орталық Қазақстан»

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ
ТЫҢ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚОСҚАН
ҮЛЕСІ

Жандыкбаева Жансая Турғынбаевна
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жастайынан қазақ халқының тарихы мен этнографиясына шексіз қызығушылық танытты. Бұл алғашқы кезде туған жердің топонимикасына, географиясына, орографиясына, гидрологиясына, сондай-ақ ауызша халық шығармашылығына, атап айтқанда, Едіге батыр туралы эпопеяға деген жастық құмарлық еді. Жас зерттеуші Баянауыл өңірінде халық судьясы қызметін атқара жүріп, өзі үлкен құрметпен қарайтын жергілікті тұрғындар – оның хабаршылары мен жолсеріктерімен әңгімелесіп, осы аңыздың түрлі нұсқаларын қағазға түсірген.

Қаныш Сәтбаев Томск технологиялық университетінде оқып жүрген студенттік жылдары кәсіби білімді игеріп қана қоймай, қазақтардың тарихы мен мәдениетін терең зерттеуге ұмтылды. Оның бастамасымен шығыс халықтарының мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ұйымдастырылды. Студент Сәтбаев университетте археологиялық мұражайдың қазақ бөлімін құрып, оны басқарды деген ақпарат бар. Кітапханада көп уақыт өткізіп, Алтын Орда тарихына қатысты дереккөздерді, белгілі саяхатшы ғалымдардың еңбектерін зерттеді.

1951-1964 жыдары Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Ғылым академиясының Біріккен Оңтүстік-Шығыс экспедициясы (кешенді Каспий маңы экспедициясы) Ғылым кеңесінің мүшесі.

- Қазақстандағы бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі.
- Қазақ Кеңес Социалистік Республикалары Ғылым академиясының Хабарлары.
- «Геология сериясы» журналының бас редакторы.

1952-1958 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтындағы «Орталық Қазақстан пайдалы қазба байлықтарының металлогениялық болжамдық карталары» проблемасының жетекшісі.

1929 жылы Қаныш Сәтбаев алғаш рет Ұлытау ауданы, Қарсақпай ауылына геологиялық барлау зауытының бас геологы болып келді. Қаражаттың аздығына қарамастан, ол геологиялық зерттеулерді өлкенің көне тарих ескерткіштерін анықтау және есепке алумен ұштастырып үлгерді. Жас маман аумақты мұқият зерттеп, ежелгі шахталарды, қорғандарды, жартастағы суреттерді және бұл жерлерде адам болғанының басқа да іздерін атап өтті.

Нағыз әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалық – 1935 жылы Алтыншоқы төбесінің баурайында араб әрпімен жазылған жазуы бар тас тақтаның табылуы. Араб жазуын жетік меңгерген Сәтбаев Аллаға мадақ жазылған алғашқы жолдарды оқып үлгерді. Шағатай тіліндегі қалған мәтін мамандардың шифрын ашуды қажет етті. Кейіннен бұл жазбада Темірдің 1391 жылы хан Тоқтамысқа жасаған жорығы туралы айтылғаны анықталды[1].

Қаныш Сәтбаев Алтыншоқы шоқысының басындағы ортасында ойығы бар қорғанға назар аударды. Ол бұл құрылысқа кірпіш күйдіретін зауыттың қалдықтары деп болжайды. Заманауи зерттеулер қорған Темірдің жорығы кезінде от жағуға арналған күрделі жылу құрылымы болғанын көрсетті.

Геолог өзі кездескен барлық археологиялық ескерткіштерді, мысалы, өзен аңғарларындағы петроглифтерді, жауынгерлер мен әйелдердің тас мүсіндерін, сәулет құрылыстарының қалдықтары мен кесенелерді мұқият жазып алды. Ол олардың сыртқы түрін, дизайн ерекшеліктерін, жасалу материалдарын сипаттап, табылған заттардың

мерзімі мен тарихи интерпретациясы әрекетін жасады. Ескерткіштерді фотосуретке түсіру де оның қызығушылық саласының бір бөлігі болды.

Сәтбаевты әсіресе ежелгі тау-кен қазбаларының іздері мен дамыған металлургиялық өндірістің белгілері қызықтырды. Ежелгі кеніштер мен үйінділерді зерттеп, жұмыстардың көлемін өлшеп, шлактардың құрамын талдаған. Геолог өткендегі қолөнер дәстүрлері мен Қазақстанның қазіргі тау-кен өнеркәсібі арасындағы тікелей байланысты көрді. Оның бақылаулары «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» іргелі монографиясының металл өңдеу бөлімдеріне негіз болды [2].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ археология ғылымының қалыптасуы мен дамуына орасан зор үлес қосты. Ол Қазақ Кеңес Социалистік Республикаларына Ғылым академиясының тұңғыш президенті ретінде республикадағы іргелі археологиялық зерттеулердің көреген ұйымдастырушысы және шабыттандырушы ретінде өзін көрсете білді.

Сәтбаевтың бастамасымен Қазақ Кеңес Социалистік Республикаларына Тарих, археология және этнография институтында археология секторы құрылды, ол ұлттық археологтар мектебін қалыптастырудың құрылымдық өзегі болды. Қаныш Имантайұлы далалық экспедициялардың өзіндік «идеологы» және шабыттандырушы қызметін атқара отырып, осы бөлімше жұмысының негізгі бағыттарын анықтады.

Дәл Сәтбаевтың кеңесімен 1951 жылы негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған белгілі ғалым Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстанды археологиялық зерттеуге кірісті. Марғұланның жетекшілігімен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы өз жұмысын бастады, бұл өлкедегі көне дәуірді зерттеушілердің алғашқы үлкен ұжымы болды. Қаныш Сәтбаев экспедиция қызметіне қажетті ресурстарды жұмылдыра отырып, жан-жақты қолдау көрсетті.

1955 жылы Қазақ Кеңес Социалистік Республикаларына Ғылым академиясының президенті қызметіне қайта оралғаннан кейін Қаныш Сәтбаев археология секторын басқаруға болашағы зор жас ғалым Леонид Қызласовты шақырады. Бірақ ол Алматыға көшіп кете алмады, көп ұзамай бұл қызметті өмірінің соңына дейін Қазақстан археологиясымен байланыстырған Сәтбаевтың шәкірті және жиені Кемал Ақышев иеленді [3].

Сәтбаевтың өзінің геологиялық зерттеулері кезінде тапқан олжалары мен бақылаулары ғылыми айналымға еніп, археологиялық қоғамдастық тарапынан жоғары бағаға ие болды. Сәтбаев ашқан және сипаттаған көне шахталар, өндіріс орындары, қола дәуірінің қоныстары және басқа да көптеген ескерткіштер туралы мәліметтер Қазақстанның археологиялық картасына енгізілді. Ғалымның ғылыми-зерттеу нәтижелері туралы жарияланымдар «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы» мерзімді басылымында жарық көрді, онда жауапты редактор болды.

Сәтбаев қайтыс болғаннан кейін 1966 жылы жарық көрген «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» монографиясының маңызы зор болды. Оның авторлары – қазақтың көрнекті археологтары бұл іргелі еңбекті отандық археология ғылымының дамуына қосқан жеке үлесі үшін зор алғыс белгісі ретінде Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президентінің естелігіне арнады. Сәтбаевтың ежелгі металлургиялық өндіріс туралы жинаған мәліметтері осы басылымның бүкіл бөлімдеріне негіз болды [4].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев археологиялық білімді насихаттауда және қалың жұртшылықты Қазақстанның көне тарихының ескерткіштерімен таныстыруда ерекше рөл атқарды. Ол дарынды зерттеуші ғана емес, ғылымның жетістіктерін қалың бұқараға жеткізуге талпынған жалынды насихатшы болды.

1936 жылы республикалық «Казахстанская правда» газетінде Сәтбаевтың «Ежелгі Жезқазған» деген мақаласы жарияланып, онда өлкенің археологиялық және сәулет ескерткіштері туралы әңгімелеп, оларды келешек ұрпақ үшін сақтаудың маңыздылығына

тоқталды. Одан кейінгі жарияланымдарында ғалым оқырмандардың назарын Орталық Қазақстандағы көптеген көне жәдігерлерге бірнеше рет аударып, іс жүзінде археологтар мен өлкетанушыларды оларды әрі қарай зерттеуге шақырды.

Қаныш Имантайұлы ұлттық археологиялық кадрлардың қалыптасуында және зерттеушілер ұрпақ сабақтастығында шешуші рөл атқарды. Оның ұйымдастырушылық таланты Ғылым Академиясында археология секторын құруға ықпал етті, оның қызметі негізінен қазақ археологиялық мектебінің дамуын анықтады. Дәл осы Сәтбаевтың қамқорлығымен оның шәкірті Кемал Ақышев 1955 жылы осы саланы басқарып, кейін республиканың алдыңғы қатарлы археологтарының біріне айналды. Қаныш Имантайұлының жеке беделінің арқасында көптеген жас ғалымдар, соның ішінде болашақ академик Оразақ Ысмағұлов археологиялық-антропологиялық зерттеу жолын таңдады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Артюхова, О.А., Валукинский Н. В./О.А. Артюхова//Орталық Қазақстанның археологиялық мұрасы: зерттеу және сақтау. – Алматы: «Беғазы-Тасмола» НАИО, 2017. – Т.1. – 80-87 Б.
2. Бейсенов, А.З. Еліміздің орталығының көне жәдігерлерін зерттеу жолы: Қазақ Ғылым академиясының алғашқы археологиялық экспедициясының құрылу тарихы/А.З.Бейсенов, Г.С.Джумабекова, Г.А. Базарбаева//Орталық Қазақстанның археологиялық мұрасы: зерттеу және сақтау. – Алматы: «Беғазы-Тасмола» НАИО, 2017. – Т.1. – 11-64-б.
3. Григорьев, А.П. Темір жазбасы 1391/А.П. Григорьев, Н.Н. Телицин, О.Б.Фролова//Азия мен Африка тарихының тарихнамасы және деректану. – 2004. – Шығарылым. 21. – 3-24 беттер.
4. Крамаровский, М.Г. «Тимур тасы» Шыңғыстар тарихы мен мәдениетінің феномені ретінде/М.Г. Крамаровский//Алтын Орда. Тарих және мәдениет. – Петербург: «Славия», 2005. – 167-170 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Жумабаев Торезжан Балтабайұлы
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Баянауыл ауданы, Айрық ауылында, Қаныш Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы туған ауылында өсті. Білімге қанат қағып, оқудан жалықпады. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген[1].

Әйгілі геолог – Қаныш Сәтбаевтың еңбек жолы Қарсақпай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары Геология ғылымдары институтының директоры, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы ақталып, Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

Әйгілі геологтың ғылым жолында қалдырған еңбектері ерекше. Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да; мәдениет саласында да; тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақанғанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше [2].

Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді.

Қаныш Сәтбаевтың металлургия саласын дамыта түсті. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс

кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген.

Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары - Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған [3].

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан.

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертiс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған-Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Қаныш Сәтбаев аштықтан иесіз қалған ауыл балаларына өз көмегін көрсеткен [4].

1951 жылы Кеңес Одағының билігі, жазушы М.О.Әуезов, Х.Жұмалиев, Е.Исмаилов, және композитор А.Қ.Жұбановты ұлтшыл деп айыптады. Қаныш Сәтбаевқа, айтылған адамдарды жұмыстан босату туралы бұйрық жасалды, бірақ, ол бұл бұйрықтан бас тартты. Соның себебінен, Сәтбаев қатты сынға ұшырап, Қазақ КСР академиясы президентінің лауазымынан босатылды. Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов жақсы дос болған, студент кездерінде бір бөлмеде тұрған. Жалпы алғанда, оның әр түрлі салаларда жазған 800-ден астам ғылыми еңбектері бар. 1947 жылы Лондон қаласында, Ұлыбритания Премьер-Министрі Уинстон Черчилльмен кездескен болатын. Сол кездесуде Қаныш Сәтбаевтан: «Барлық қазақтар сіз сияқты батыр ма?» деген сұрағына, «Жоқ, мен қазақтардың арасындағы ең кішісімін, менің халқым менен жоғары» деп жауап қайтарған.

Алматыдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуына көп күш жұмсап, 1946 жылы оны басқарды. 1935 жылы Жезқазғанды зерттеу кезінде, Қаныш Сәтбаев XIV ғасырда Әмір Темір қалдырып кеткен, жазуы бар тасты тауып алды. Ең тұңғыш – қазақ академигі. Қазіргі таңда, Сәтбаевтың атымен қала, көше, университет және кен орындары аталған. Ұлы ғалым 1964 жылы туберкулез ауруынан көз жұмып, Алматыда жерленді. Қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үлкен. Билік өкілдерінің кедергілеріне және науқасына қарамастан, Қаныш Сәтбаев – Қазақстан тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі бола алды [5].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик К.И.Сәтбаев., Сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. –С.239.

2. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сәтбаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. –С.4.
3. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
4. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018.–449 б.
5. Академик К.И.Сәтбаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998.– С.143

САРЫАРҚАНЫҢ МЕТАЛЛОГЕНДІК ЖӘНЕ БОЛЖАМ КАРТАСЫ

Жунусова Кулпаш Сарсенбековна

Сәтбаев қаласы, №27 жалпы білім беретін мектебінің география пәнінің мұғалімі, «Сәтбаевтану» мұражайының жетекшісі

Ұлы ғалымның еңбектерін оқып қана қоймай, танымдық ізденіс жұмыстарын жүргізіп «Сәтбаев салған сара жол» экспедициялары барысында Қарсақбай, Жезді, Ұлытау жерлеріне барып тың деректер жинап ғалым есімімен аталған «Сәтбаев» қаласындағы № 27 мектебіндегі «Сәтбаевтану» мұражайында болған қызықты кездесулерде ғалымның жолын қуушы ізбасарлары, белгілі геолог ғалымдар айтқан және жазған тың деректерді сараптай келе, дарынды тұлғаның еңбек жолымен ғылыми еңбектерің зерттеу арқылы Қ.И.Сәтбаевтың металлогендік болжамдық картасы қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зертеулерінің мәні ерекше.

Орталық Қазақстанның сол кездегі геологиялық зерттелінген нені және қайдан іздеу керек деген сұраққа металлогендік болжамдық карталар ең дәлелденген объективті жауаптар берді және қазір де беруде. Бұл еңбектің баға жетпес зор ғылыми да, практикалық мағынасы да осында. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. Қ.И.Сәтбаев айтқандай «Біздің республикамыз іштен шығармай сақтайтын табиғи байлығы ұлан-байтақ даласына тән молшылықты болашақ оның қойнауларында жатыр, оны ақылмен пайдалану халықтың материалдық игілігі мен мәдени деңгейін, экономикалық және әлеуметтік дамуын айқындайды»[138]

Болжамдық карта жасау идеясы Қ.И.Сәтбаевқа Томск қаласында оқып жүрген студенттік шақтарында, Сібір геологиялық мектебінің негізін қалаушы мұғалімдері – академик В.А.Обручев пен профессор М.А.Усовтың ықпалынан туған еді. Металлогендік болжамдық карта жасау туралы жазған еңбегінің эпиграфы ретінде В.А.Обручевтың айтқан «Қай елдің болмасын геологиялық құрылымы мен құрамын зерттеу үшін алдымен оның даму тарихы мен қазіргі заманғы жағдайын анықтап алып, сол арқылы ғана оның шеңбер аясынан табылатын пайдалы қазбалар кен орыны туралы айта алуымызға мүмкіндік туады» деген сөзін алған. Металлогендік болжамдық картасы дегеніміз – геологиялық құрлымдық картаға белгілі кен орындарының пайда болуы мен таралуын айқындалған заңдылықтың негізінде перспективалы әртүрлі кен орындарының алаңдарын көрсету. «Металлогендік болжамдық карталарда минералдарды шикізат ресурстарын перспективалы бағалау әдісін болжамнан шындыққа айналдыру металлогендік ғылыми дамуының негізгі міндеті болып табылады» - деп жазды Қ.И.Сәтбаев Қазақстанның геологиялық зерттеудің міндеттері атты еңбегінде.

Қ.И.Сәтбаевтың жетекшілік етуімен оның қалдырған ғылыми бай мұраларының бірі Жезқазған кені туралы зерттеулері мен Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары. (1952-1954 жылдары жасалды).

Ғалымның қызы елімізге белгілі геолог Мейіз Қанышқызы Сәтбаева 2003 жылы Жезқазғанға келгенде мектеп мұражайындағы кездесуде Сәтбаевтың болжамдық карталардың практикалық тексеруден өткізудің нәтижелері жайлы мәліметтер қалдырған.

а) жаңа кен орындары мен кенбілінімдерінің 75 пайызға жуығы болжамдық картасында белгіленген бірінші кезекте іздену үшін перспективалы саналған алаңдарға дәлме дәл келеді.

б) жаңа ашылған кен орындары мен кенбілінімдерінің қалған бөлігі (25%) геологиялық картаға түсіру мен іздеудің жоспарлы процесінде анықталды. Жаңа кен орындары мен кенбілінімдерінің 90 пайызға жуығы болжамдық картасының материалында алдын ала қарастырылып ашылған.

Практикада жүргізілген тексерулер қорытындысы жасалған болжамдардың дұрыстығын толық қуаттайды. Орталық Қазақстан аумағында қара, түсті және сирек металдардың 358 жаңа кен орындары ашылды, оның 333-і, яғни жалпы санның 93 пайызы тікелей болжамдық металлогендік карталарда өте перспективті деп белгіленген аймақтарда ашылды. Қалған 25 кен орындары, яғни жалпы санның 7 пайызы нақтылық жүргізу үшін геологиялық түсіруге ұсынылған алаңдар да ашылды». Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берген. Орталық Қазақстанның сол кездегі геологиялық зерттелінген нені және қайдан іздеу керек деген сұраққа металлогендік болжамдық карталар ең дәлелденген объективті жауаптар берді және қазір де беруде. Бұл еңбектің баға жетпес зор ғылыми да, практикалық мағынасы да осында. «Минералды-шикізат ресурстарын перспективалы бағалау әдісін болжамнан шындыққа айналдыру–металлогендік ғылыми дамуының негізгі міндеті болып табылады» - деп өзі жазғандай, Орталық Қазақстанның 1:500000 масштабтағы металлогендік болжамдық картасын жасау бүкіл ғылыми-геологиялық қызметінің жеңісі тәрізді қорытындысы еді. Картаға енгізген идеяның өзінде, оның алдына қойылған міндеттерді атқаруға және мақсатқа жетуге арналған адамзат игілігі үшін жариялауға ұмтылу қасиеттері байқалады.

Қ.И.Сәтбаевтың ізбасары жолын қуып кезінде геолог болып бірге еңбек еткен және қаламыздың ірге тасын құрушылардың бірі, қоғам қайраткері Музараф Аханов мектеп мұражайындағы кездесуде Сәтбаевтың еңбегі Жезқазғандағы геологиялық барлау жұмыстарын басқара жүріп, Қарсақбайдағы ірі темір рудасы кешенін зерттеу және барлау-бұрғалау жұмыстарын да атқарды. Қазақстан Ғылым Академиясының 1961 жылы сәуір айында өткен көшпелі сессиясында оқыған «Жезқазған–Ұлытау аймағындағы минералды ресурстар» баяндамасында «300 шақырымға созылатын Қарсақпайдағы екі ғана кеніш орны Керегетас пен Балбырауында темір рудасының қоры 200 млн тоннадан астам, Қарсақпай рудасын жоспарлы зерттеу мен игеру проблемасымен айналысу керек, себебі бұл рудалар зиянды қоспалардан таза және жалпы геологиялық ерекшелігі жағынан Орталық Қазақстандағы ең қуатты әрі сенімді темір рудасы базаларының бірі болып есептеледі» - деп айтты деді. Шынында, ол жанашыр ғалым ретінде Қазақстанның барлық минералды ресурстарын игеру мен зерттеу жайын қадағалап отырған.

Ұлы ғалымның шәкірті, елімізге белгілі геолог В.В.Штифановтың көзі тірісінде біздің мектептің оқушыларымен болған кездесуде айтқан деректерінен мектеп мұражайында сақталған таспадан тыңдап Қ.И.Сәтбаевтың Жезқазған–Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасағаны туралы білдік.

Жезқазған аймағында анықталған мыс қорын есептегенде, 184 млн тонна өндірістік темір рудасы, ондағы темірдің мөлшері 51 пайыз (Сазтөбе, Қарсақбай, Балбырауын кен орындары); 3,5 млн тонна жоғары сапалы марганец рудасы, орта есеппен ондағы марганец мөлшері 35 пайыз (Жезді); 1,5 млн тонна комплексті темір-марганец рудасы (Найзатас); қорғасынның біршама қоры (Қорғасын қазіргі Шеңбер,

Жезқазған кен орны); қалайы (Ұлытау), және басқа да пайдалы қазбалар айқындалды. Жезқазғандай кең әрі бай аймақтың қойнауындағы барлық байлық анықталды деуге болмайды, өндірістік бағасы олардың әрі қарай зерттелуін қажет етеді.

Қ.И.Сәтбаевтың ізбасары қаламыздың белгілі геологы Мәлік Омаровпен болған мектеп мұражайындағы кездесуде Қ.И.Сәтбаевтың металлогендік болжамдық картасын жасаудағы көргенділігін бүгінгі уақыт дәлелдеуде. Жаман - Айбат маңынан «мыс іздеу керек» деген ұсыныс-пікірлері оның еңбектерінде жазулы екенін айтты. «Жаман - Айбатта» қазір «Жомарт» кеніші жұмыс істеп тұр. Жезқазған геологтары онда кең қорын тауып, Қ.И.Сәтбаевтың данышпандығын тағы бір дәлелдеді.

Қ.И.Сәтбаевтың еңбектерін оқып отырып мұнай мен газдың Торғай ойпаңы мен Сарысу депрессиясында болу мүмкіндігіне көңіл аударғанын білдім. 1961 жылы сәуір айында Жезқазған көшпелі сессиясында жасаған «Жезқазған – Ұлытау аймағындағы минералды ресурстар» деген баяндамасында «Бұл жер мұнай мен газдың кен орны болуына аса қолайлы, дәлелді себебі, соңғы жылдардағы мәліметтері бойынша, Сарысу депрессиясында, Жезқазғанның оңтүстік жағында, терең бұрғылау кезінде минералды тұздар мен басқа да газ бен мұнай іздеуге қолайлы индикаторлардың табылуы» дейді. Мен Қ.И.Сәтбаевтың болжамының тағы да айна-қатесіз дұрыстығын уақыттың өзі көрсетіп отырғанын анықтадым, оған дәлел – Құмкөл мұнай кен орнының ашылуы. [33,с.457]

Қ.И.Сәтбаевты көрген, жолын қуушы «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік бірлестігінің белгілі геологы Сұлтан Сүтпаевпен болған мектеп мұражайындағы кездесуде Қ.И.Сәтбаевтың металлогендік болжамдық картасындағы Қ.И.Сәтбаев жазған «Сымтас» өңіріне барып қайттық. «Сымтастан» алған тасымыз 0,54 % қорғасын басқа жерден алғанымыз 0,02% мыс пен күміс көрсеткенін айтты. Олай болса, болашақта бұл жерден де кең орны ашылып, Қ.И.Сәтбаевтың көрегендігі тағы да дәлелденер.

Жезқазған өңірінен шыққан белгілі ғалым, акедемик Әсер Иманғалиевпен болған кездесуде Қ.И.Сәтбаевтың болашақта Қарсақпай аймағында темір кенін игеруде Жосалыға дейін темір жол құрылысын жүргізу мен суландыру проблемасына ерекше тоқталған еңбегі айтты.

Еліміздің дара дарыны Қ.И.Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға үлес қосқан Сәтбаевтанушы белгілі жазушы Медеу Сәрсекімен болған мектеп мұражайындағы кездесуде Қ.И.Сәтбаевтың өмірінің ерлікке толы істері жайлы айтқан әңгімесін тыңдай отырып білдік.

«Қаныш Үлкен Жезқазғанның мыс, минералды шикізат қорларын жан-жақты зерттеп, алғашқы үміт болжамның шындық екенін айна қатесіз дәлелдеп шықты» деп академик В.А.Обручов айтқандай, оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды.

Қ.И.Сәтбаевтың айтқан ұлағатты сөзі «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жан тебіреніп ол туралы ойланбаған жігітті қайтып азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтының да мақтап жарытпас» әрқашан есімізде сақталады. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі.

Қорытынды ретінде Қ.И.Сәтбаевтың 1962 жылы Жезқазғанға келген ең соңғы сапарында Жезқазғандықтарға арнап айтқан сөзін келтірмекпін: «Сіздерден өтінемін, достар, Жезқазғанды көздеріңіздің қарашығындай сақтаңыздар. Біздің байлығымыз мол болғанымен шексіз емес.»

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Жаркенов М.И., Иманғалиев А.И. «Большой Жезказган». Алматы 1994г.

Сатпаева М.К. «Руды Джеккагана и условия их формирования»,
издательство «Наука». Алматы 1985г.

2.Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.Қ. «Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы»

- «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. Алматы 2002ж.
- 3.Сәрсек М. «Дара дарын». «Фолиант» баспасы. Астана 2008ж.
- 4.Рахметов Ш. «Кен өндірісінің қаһармандары». Алматы 2008ж.
- 5.«Мысты өңір» газеті. Мәлік Омаров «Жезқазған өңірінің геологиясы Қанекеннің мектебінен қанаттанған» 2010ж. №13 4 бет.
- 6.Қаныш Сәтбаев энциклопедиясы. Алматы 2011ж.

К.И.САТБАЕВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ-ГЕОЛОГ КАЗАХСТАНА

Иламанова Дина Истургановна

г.Актобе, средняя школа-лицей имени К.Сатпаева

Выдающийся ученый-геолог, незаурядный организатор науки, крупный государственный и общественный деятель, Сатпаев золотыми буквами вписал своё имя в историю своего народа. Величие академика К. Сатпаева трудно переоценить! Человек высокой эрудиции, обладавший энциклопедическими знаниями во многих областях науки, Сатпаев задал стране интеллектуальный, научный тренд развития, в результате которого казахстанское общество из просвещённого превратилось в интеллектуально-научное и профессиональное. Именно благодаря заслугам великого учёного был заложен фундамент сегодняшнего инновационного и научного потенциала, которым обладает наш народ, наша молодежь и наша страна. В начале 1921 года судьба Каныша Сатпаева круто поменялась после одной встречи. Сатпаев страдал от обострившегося туберкулеза и принимал кумысолечение. В этот период в Баянаул подлечиться приехал советский геолог Михаил Усов. Он настолько заинтересовал 22-летнего парня рассказами о геологии, что в 1921 году Сатпаев оставляет должность народного судьи и поступает в технологический институт в Томске.

Став первым геологом среди казахов за многовековую историю, Каныш Сатпаев тщательно изучал геологию Жезказганского и других месторождений полезных ископаемых Карсакапайского района.

Сатпаев проводил геологоразведочные работы, под его руководством сформировались кадры - буровые мастера, чертежники, прорабы и другие.

Сегодня мы не задумываемся над тем, какое колоссальное значение для развития страны имел этот качественный скачок и какой вектор развитию страны он придал. Тогда, в середине 30-х годов прошлого века, общество Казахстана было грамотным и просвещённым, однако подготовка любых профессиональных инженерных кадров велась в Российской Федерации или Узбекистане, а наука была уделом только приезжих московских и ленинградских ученых.

Свою профессиональную деятельность молодой инженер-геолог Каныш Сатпаев начинает в 1927 году на Карсакапайском медном разрезе при отсутствии местных профессиональных кадров, недостатке финансирования и на оставшемся в наследство от английских концессионеров оборудовании. Через 3 года, к началу 1930-го научно подтверждается факт, что несколько открытых его группой разрозненных медных месторождений являются одним большим Джезказганским месторождением меди, крупнейшим в мире, с запасами не менее 2 млн тонн. Позднее выходит его первая основополагающая научная статья «К проблеме большого Джезказгана» («Народное хозяйство Казахстана», 1936. – № 1-2. – С. 74-83).

Открытие Большого Джезказгана, которое навсегда изменило облик Центрального Казахстана и нашей страны в целом, помимо человеческого подвига, является ярким примером профессионального научного подхода к реализации практической задачи. И тогда в пос. Карсакапай, за тысячи километров от цивилизации, и во всей своей последующей жизни К. Сатпаев следовал твёрдой линии точного и скрупулезного

анализа научных фактов, артефактов с помощью лучших из имеющихся средств исследования и анализа.

Из статьи Сатпаева: «Запасы Джекказгана на 1 января 1935 года выражаются по всем категориям в 3220 тыс. т меди, из них 1330 тыс. т по категории А2+В. Среднее содержание меди в рудах категории А2+В равно 1,92%. Эти цифры уже сейчас ставят Джекказган на первое место в Союзе по количеству разведанных запасов. Но этими цифрами отнюдь не исчерпываются возможности Джекказгана. Достаточно указать, что из 40 кв. км предположительно рудоносной площади к настоящему времени буровой разведкой охвачена площадь менее 2 кв. км. Из 700 м мощности продуктивной джекказганской свиты буровыми работами к настоящему времени описаны лишь верхние 150 м, и только одна скважина пройдена до глубины 300 м, обнаружив на глубине 230 м горизонт промышленных руд. Потенциальные возможности Джекказгана колоссально велики и, пожалуй, могут быть приравнены к месторождениям меди в Центральной Африке, а именно: в Северной Родезии, являющимся к настоящему времени наиболее крупными месторождениями меди в мире».

Не может не вызывать восхищения потрясающее научное чутьё учёного. На основе отдельных научных фактов учёному удалось сделать аналитическое обобщение: «Большой Джекказган не является единственным объектом. В пределах Джекказганского района имеются достаточно крупные запасы железных, железно-марганцевых руд, позволяющих намечать добычу этих руд в крупных масштабах». Это открытие сыграет ключевую роль в сохранении сталелитейной промышленности Союза в годы Второй мировой войны.

С началом финансирования развития Джекказгана – строительства медеплавильного комбината, водохранилища и прокладки железной дороги – возникли предпосылки для создания в стране в 1934 году первого высшего технического учебного заведения – Казахского горно-металлургического института (КазГМИ), больше известного в стране как Политех (ныне Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева). Созданный институт стал кузницей собственных профессиональных кадров, в том числе для растущей горно-металлургической и геологической промышленности страны.

Этот вектор профессиональной подготовки инженерных кадров высшего звена, КазГМИ, обеспечил потребности республики в профессионалах и стал основой формирования первых казахских научных кадров. Последовательность К. Сатпаева в формировании инженерно-интеллектуальной и научной элиты горно-металлургического сектора страны – яркое свидетельство его организаторских качеств и научного предвидения. Шаги в этом направлении позволили создать в 1940 году первый казахский научный центр на базе Института геологических наук. Позднее с вовлечением смежных областей науки на базе академического филиала АН СССР была создана в 1946 году Казахская Национальная Академия наук.

Систематические и углублённые исследования на обширной территории Центрального и Восточного Казахстана, проведённые научными группами казахстанских геологов под руководством К. Сатпаева, с использованием самых современных технических средств, привели его в начале 1950-х годов к аналитической систематизации имеющихся данных по созданию геологических карт Казахстана. В 1955 году выходит его следующий фундаментальный научный труд «О методологии, фактической базе и основных выводах металлогенических прогнозных карт Центрального Казахстана» (Известия АН КазССР. Серия геологическая, 1955. – Вып. 20. – С. 3-35).

В своей работе учёный писал: «Комплексность в научной разработке вопроса, полнота в сборе всех первичных фактов наблюдений, конкретность в их анализе, объективность в обобщениях и коллективность в творчестве – вот те методологические

принципы, которые явились руководящими в выполнении работ по составлению металлогенических прогнозных карт важнейших полезных ископаемых в пределах Центрального Казахстана». На примере своей научной деятельности, организованной на принципе «сомневайся во всем и доверяй только фактам», благодаря искусству научной и академической полемики и обсуждения, синтезу и анализу научного материала, академик К. Сатпаев и его научные единомышленники на десятилетия вперед установили твёрдый стандарт качества казахстанской науки, который актуален и по сей день.

В этой же работе, учёный пишет: «Если попытаться дать сжатое определение сущности этого метода, который был разработан и применён нами при составлении металлогенических прогнозных карт Центрального Казахстана, то его можно кратко определить, как комплексно-геологический метод региональной металлогении, – отмечал Сатпаев далее в вышеназванной статье. – Являясь результатом конкретного анализа и объективного обобщения данных всего комплекса ныне накопленных фактических геологических материалов, прогнозные металлогенические карты, составленные по такому комплексно-геологическому регионально-металлогеническому методу, дают действительно объективные, а тем самым и наиболее обоснованные ответы на вопросы о том, что и где надо искать на современной стадии геологической изученности в пределах Центрального Казахстана». Научное предвидение, экстраполяция и прогнозирование данных с использованием первых систематизированных металлогенических карт Казахстана до сих пор позволяют успешно открывать на территории нашей страны новые богатые месторождения металлических руд. Систематизация разрозненных фактологических региональных данных в единую комплексно-геологическую карту Центрального Казахстана позволила К. Сатпаеву выработать фундаментальные и универсальные научные положения о закономерностях пространственного расположения месторождений.

Удивительным является то, что они были созданы задолго до эры численных математических расчётов и компьютерного моделирования данных и подтвердили свою научную обоснованность в настоящее время. Наиболее полно эти фундаментальные научные положения сформулированы в его статье «Главные закономерности пространственного размещения зон эндогенного оруденения в Центральном Казахстане» (Советская геология, 1957. – № 58. – С. 93-109).

Обоснованный интерес вызывает тот факт, что учёный в ходе исследования делает следующий вывод: «Итоги конкретного анализа эндогенной рудной минерализации Центрального Казахстана с неопровержимостью говорят о том, что промышленные рудные месторождения на его территории формировались лишь там, где оказывались налицо указанные выше все три аргументирующих фактора рудогенеза. В частности, для Центрального Казахстана оказались наиболее благоприятными случаи, когда глубокие региональные разломы и сопровождающие их оперённые и координированные системы трещинных зон имеют узлы взаимного сочленения или пересечения. Особенно важны при этом места сопряжения с их веерообразными сходящимися брахи-складчатыми структурами, сложенными притом резко анизотропными, первично расслоёнными комплексами пород. Очень существенно, что в этих местах одновременно были в наличии металлоносные растворы глубинных магматических очагов».

Научные выводы, сделанные К. Сатпаевым и отражённые в вышеуказанной работе, венчают талант и гений учёного-геолога, а сформулированные им научные положения и по сей день имеют широкое распространение в научном геологическом мире – сегодня это именуется «высочайшим индексом цитирования». К. Сатпаев постулирует: «Такая преимущественная пространственная приуроченность скарновых и гидротермальных металлогенических формаций только лишь к хорошо расслоённым комплексам пород с чётко выраженными структурными поверхностями раздела между разнородными по

физическим свойствам разновидностями пород, в которых наиболее охотно формируются всякого рода пластовые дизъюнктивные нарушения, является, по-видимому, одной из самых универсальных закономерностей пространственного размещения эндогенных металлогенических формаций не только в условиях Центрального Казахстана, но и во всём мире». Руководствуясь постулированным научным положением и исследованиями других учёных по месторождениям Рудного Алтая, К. Сатпаев обобщил исследования по комплексному использованию руд цветных металлов для Восточного Казахстана в своей научной работе, символизирующей итог его профессиональной и научной деятельности, «Исследования Академии наук Казахстана по комплексному использованию руд цветных металлов» (Вестник Ан КазССР, 1962. – № 12. – С. 3-11).

Очевиден тот факт, что главная заслуга Сатпаева как учёного заключается в его колоссальном вкладе в развитие геологических исследований в Казахстане. Хорошо известно, что под его непосредственным руководством начались разработки крупнейших медных, железных и марганцевых залежей. Но важнее всего его роль в качественном перевоплощении Казахстана из аграрной в индустриально-научно-интеллектуальную страну. Неоценим вклад академика Каныша Сатпаева и во внедрение научной культуры и методологических подходов в сфере науки, которые являются примером для систематизированной исследовательской работы нынешних поколений научных работников Казахстана и молодёжи, интересующейся наукой.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бакенов М.М. Сатпаеведение. Алматы: КазНТУ, 2004 Бекжанов Г.Р. К.И. Сатпаев выдающийся геолог
2. З Сарсеке М. Сатпаев. Алматы: Өнер, 1989 современности. Алматы: Ғылым, 1998
3. Первопроходец. // Казахстанская правда. 1998, 8 декабря: Мой народ выше меня. // Казахстанская пр 1999 29 января, ». К.Сатпаев- это не только Джекказган, Институт геологии и Академия. // Там ж
4. 1999,5 февраля; Протуберанец Сатпаева. // Там же. 1999, 23 февраля; Великий сын XX века// Там же. 1999 10 марта. Нам нельзя забыть его уроки. // Там же. 1999, 26 марта.
5. Сарсекеев Медеу. Каныш Сатпаев. Алма-Ата: нер, 1989. - 448 с. 6 Коев Д.А. О моем времени: Воспоминания. Алма-Ата: Дәуір, МП «Ынтымак», 1992. -312
6. Букетов Е. Шесть писем другу. Алма-Ата: Жалын, 1989. - 288 с.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ - ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ

Искакова Ботагоз Аксанбаевна

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп - лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Баянауыл өңірінде өткен талантты жастар өмірінің алғашқы жылдарындағы экскурсия. Қ.И.Сәтбаев XIX-XX ғасырлар тоғысында (1899ж.) Семей облысының Павлодар уезінде (қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданының Теңдік кенті) дүниеге келген.

Ол ауылдағы молдадан хат танып өсті. Туылғанда Ғабдул-Ғани есімін алған Қаныш кішкентай кезінен білім құмар, әуесқой әрі ақылды болып өскен. Барлық ер балаларға тән атпен жүруге үйренді. Далада серуендеуден әр түрлі түсті тастармен қалтасын толтырып оралатын. Кезінде үлкен кісілер оның табиғатты үнсіз тастар арқылы білуге деген ұмтылысына қызығып қарағанымен, оның уақыт өте келе көптеген маңызды жаңалықтарды жасай алатынын ешкім білмеген еді.

Қаныш Павлодар қаласындағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алумен қатар, әкесінің ықпалымен ол араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген. Хафиз, Саади, Навои өлеңдерін жатқа оқыды. Семей мұғалімдер семинариясын бітірген соң, Қаныш Имантайұлы сол қаладағы педагогикалық курстардың мұғалімі болды. Кейін Баянауылға оралады.[1]

1921 жылы Баянауылға келген Томск технологиялық институтының профессоры М. А.Усовпен кездесуден кейін Қаныштың одан арғы тағдыры анықталды. Оның барлық жоспарлары түбегейлі өзгерді, себебі Усовтың геология, жер асты қоймалары туралы әңгімелері сол кездегі жас судьяны таң қалдырды. Қазақстанның минералдарға бай екеніне сенетін – Қаныш Имантайұлы геолог мамандығын тандайды.

1926 жылы институттың Томск қаласындағы Сібір технологиялық институтына бітіруімен Қ.И.Сәтбаев үшін жастық шақ аяқталды. Ол үшін үлкен өмірге апаратын күрделі жол басталды.

Жиырмасыншы ғасырдың 30-40 жылдарында Қазақстанда географиялық зерттеулермен негізінен Кеңес Одағының Москва, Ленинград сияқты қалаларының ғалымдары ғана айналысты. 1932 жылы Алматыда Кеңестің Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясының базасы құрылып, 1936 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы болып қайта құрылды.

Міне сол Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті – Қазақ халқының даңқты ұлы Қаныш Сәтбаев болды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Қ.Сәтбаевтың негізгі еңбектері тау-кен геологиясы бойынша зерттеулерге және Қазақстандағы пайдалы қазбалар кен орындарын барлауға арналған. Жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығымен қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан ғылыми-зерттеу жұмыстарын алғаш Қарсақбай мыс кенішінен бастап, комбинаттың геологиялық барлау бөлімінің бас геологі, бастығы, кейіннен Жезқазған геологиялық барлау партиясының бастығы болып 1941 жылдың шілде айына дейін Қарсақбайда тынымсыз еңбек етті.[2]

Қазақтан шыққан тұңғыш инженер-геолог Үлкен Жезқазған деп аталатын алып мыс комбинатының дүниеге келуі, еліміздегі мысты мол байлығының игеріле бастауы Қаныш Сәтбаевтың есімімен тікелей байланысты. Қаныш Имантайұлының пікірінше, Жезқазған қойнауында жүз мыңдаған емес, жүз миллиондаған кен байлығы жатыр және

мұнда осы уақытқа дейін не Америка, не Еуропа білмеген деңгейде мыс өндіруге болады деп есептеді.

Қ.Сәтбаев кезінде «Жезқазғанның әлеуетті мүмкіндіктері өте зор, Орталық Африканың мыс кен орындарына, нақтырақ айтқанда, әлемдегі мыс кен орындарының ең ірісі болып табылатын Солтүстік Родезияға пара-пар», – деп жазған еді.

Осылайша үлкен Жезқазғанның болашағын көрсете білді. Жезқазған мыс қорының көлемі жағынан Кеңес одағы бойынша бірінші орынға, ал дүниежүзі бойынша төртінші орынға шықты. Түсті металлургияның алыбы атанған Жезқазған комбинатының құрылысы осылай басталды. Ол Үлкен Жезқазған қаласын құруға жол ашты.

Оның бай ғылыми мұрасының ішінде Сарыарқа металлогениялық аймағы және пайдалы қазбалар қорының болжамдық картасы ерекше орын алады. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендерін ашты. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Таулы Алтай сияқты табиғи-географиялық аймақтарды терең зерттеді. Атбасар, Спасск, Қарағанды көмір бассейні мен Қаратау полиметалл кен орнының мүмкіндіктерін талдап, маңызды ғылыми еңбектер жариялады.

Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс–Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді.[4]

Қаныш Сәтбаев және қаршадай қазақ баласының қабылетін ерте байқаған ғалымның ұстазы профессор М.А.Усов туралы академик М.В.Мельников өз естелігінде «Усовқа өзінің оқушысына геология деген сүйіспеншілікті үйретудің қажеті болған жоқ, ол оны одан әрі дамытты.» - деп жазды. Қаныштың ерен еңбексүйгіштігін, ғылым жолындағы үздіксіз ізденісін онымен бірге оқыған академик М.П.Русаков та жоғары бағалайды.

Қ.Сәтбаевтың өз халқының игілігі жолындағы қызметі жоғары бағаланып, төрт рет Ленин орденімен, Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған. Көрнекті ғалым Ленин және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты болды.

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұрасы шын мәнінде орасан зор. Ол Қазақстанның кен қазбалары генеалогиясы, минералогия, геохимия, стратиграфия, тектоника, география, экономика саласындағы 800-ден астам жарияланымды қамтиды.

Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап Қазақ КСР Ғылым академиясы Қазақстанның табиғаты мен табиғи құрамдас бөліктерін жан-жақты ғылыми зерттеп, бірнеше экспедициялар ұйымдастырды.

Одан әрі халық шаруашылығында минералдық, шикізаттық, су энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану жолдарын ғылыми ізденіспен, таулы аймақтардың, шөлейттер мен шөлейттердің физикалық-географиялық жағдайларын зерттеумен қатар жердің микроклиматын жан-жақты зерттеу. жекелеген аумақтар, жылу балансы, су ресурстары, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жалғасты. Бұл зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның жалпы географиялық карталарына негіз болды.

Ғылым жолында Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол.

Жан-жақты ғалым ретінде ол фольклорға, әдебиетке қызықты, өнерді шынайы бағалады. Оның өз себебі бар еді. Қаныштың әкесі Имантайды замандастары өте білімді адам ретінде бағалаған. Бірнеше азиялық тілдердің негіздерін білу және орыс тілін өз бетінше меңгеру оған Омбы медресесінде жүргенде Шығыс пен Ресейдің мәдени тарихына арналған кітаптарды оқуға мүмкіндік берді. Оған жас кезінде Шоқан Уәлихановпен араласуы әсер еткені сөзсіз.

40-шы жылдардың соңынан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін академик Қ.Сәтбаев өзінің көптеген мақалаларында бірқатар тарихи тұлғаларды, ірі ғылым, әдебиет және өнер қайраткерлерін тарихшы-биограф ретінде таныстырып өтті, насихаттады. Оның еңбектерінде Ш.Уәлихановтың, И.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың есімдері аталды. Ол 1957-1959 жылдары жарық көрген және республика жұртшылығы арасында жақсы пікір алған екі томдық «Қазақ КСР тарихын» дайындау жөніндегі комиссияның жұмысына басшылық етті. 60-шы жылдары Қ.Сәтбаевтың ықпалымен академиялық тарихшы ғалымдар тарих, археология және этнография саласындағы бірқатар күрделі және өзекті мәселелерді әзірлеуді бастады. Бірақ ол барлық нәтижені көре алмады: көптеген ірі ғылыми еңбектер, өкінішке қарай, академик қайтыс болғаннан кейін кітап сөрелерінде пайда болды. Бірақ оның республикада тарих ғылымының дамуына оң әсері әлі ұзақ уақыт байқалды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А.Аманбаев, Ф.Қ.Сәтпаев тарихшы ретінде. - Алматы, 2012.;
2. М.Сарсеке «Планета Сатпаева» - Өнер, 2002;
3. СарсекеевМ.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018;
4. «Егемен Қазақстан» газеті материалдары (Сәуір, 2019).

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Исмаилова Гульмира Токтаровна
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
химия пәнінің мұғалімі*

«Елім үшін тағы не істей аламын» деген ұстаным ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың өмірлік ұстанымы болды деп ойлаймын. Оған дәлел – ғалымның ел дамуына, ғылыми ой-өрісіне, Қазақстан халқының зияткерлік және рухани әлеуетін арттыруға қосқан өлшеусіз үлесі.

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері, жұмыстары мен ғылыми жаңалықтары тау-кен, жаратылыстану ғылымдары мен қоршаған ортаны қорғаудың дамуына тек елде ғана емес, одан тыс жерлерде де айтарлықтай әсер етті.

Қаныш Имантайұлының басты жетістіктерінің бірі Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі пайдалы қазбалар, кен орындарының металлогениялық және болжамдық картасын әзірлеу болды. Бұл карталар геологтар мен кеншілер үшін мұнай, газ, көмір, металл кендері және басқа да пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу және игеру кезінде құнды құрал болып табылады. Осы еңбектің маңыздылығы Медеу Сәрсекенің роман жолдарында былай сипатталған: «Бүгінде ол ғалымның өз сөзімен айтқанда, «Болжам теориясы металлогениялық ілімнің түп қазығы болса, болжам карталары – оның асқар шыңы... Сонымен бірге ғылымның кезекті бір туындысы, жемісі ғана емес, ең алдымен ол – мыңдаған барлаушы геологты жер қойнының құпиясын ашуға құлшындырған үлгі - нұсқа». [1] Осы зерттеулердің арқасында Қазақстанның өнеркәсібі мен экономикасын дамытуға негіз болған көптеген кен орындары табылып, игерілді.

Қаныш Сәтбаевтың мұрасы Қазақстан мен әлемдік ғылыми қоғамдастығы үшін маңызды болып қала береді. Оның зерттеулері мен ғылыми жұмыстары әр түрлі саладағы зерттеушілерді шабыттандырады.

Бала Қаныштың бойындағы қандай қасиеттері маңызды зертеулер жүргізіп, батыл шешімдер қабылдауға әкелді?

Қаныш Сәтбаев бала кезінен қабілеттері мен еңбекқорлығымен ерекшеленді.

Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» атты романында келесідей мысал келтірілген. «Жергілікті медреседе ересек шәкірттердің, олардың дені сол күнде үйленер межеге жақындап жүрген жас жігіттер, аюдың қонжығынша қорбандаған кішкентай Қанышқа жаны ашып, мүсіркей қарау жыл өтпей-ақ сап тыйылып, көбіне бас шайқап таңырқайтын болды».[1]

Білімге құмарлық, ізденімпаздық қабілеттерінің арқасында төрт жылдық бағдарламаны екі жылда аяқтап, 1911 жылы әкесі Имантайдың қолдауымен Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне аттанады. Аталған білім ордасын мерзімінен бір жыл бұрын бітіріп шығады. Білімін жалғастыру үшін Семейдегі оқу орнын таңдайды. 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына түсіп, оны төрт жылда аяқтап, бастауыш мектептерге орыс тілінен сабақ беруге құқық беретін куәлікке ие болады. 1918 жылы Земство басқармасының қаржысымен Алаш қалашығында ашылған, ауылдық қазақ мектептері үшін мұғалім болады. Жоғары білім алу үшін Томск технология институтының кен факультетіне оқуға дайындала бастайды. Осы мақсатта Томск университетін бітірген, Семейде еңбек ететін Ғарифолла Нығметулиннен қыс бойы математика пәні бойынша қосымша сабақ алады. Алайда деңсаулығына байланысты ауылына оралып, 10-участкенің халық соты қызметін атқарады.[1]

1926 жылы институтты сәтті аяқтап, тау-кен инженері біліктілігін алған Сәтбаев Атбасар түсті металдар тресіне геология бөлімінің бастығы болып тағайындалады, ал бір жылдан кейін осы тресттің басқарма мүшесі болып сайланды. Кен орнына тартылған мамандар мен зауыт басшылығы өңірдегі мыс өндіру саласының даму болашағына қатты күмәнмен қарап, оның қоры алдағы 10-15 жылға ғана жетеді деп сенді. Алайда, ауданды тексерген Сәтбаев олармен келіспеді. Оның пайымдауынша, Жезқазған аймағында бұрын-соңды ашылмаған мыстың орасан зор қоры бар. Геолкомнан бір станок бөліп алған Сәтбаев ауданда металл бар-жоғын зерттеуге кірісті. Геолком басшылығы мен Жезқазған аймағымен таныс сарапшылар Сәтбаевтың идеясын сәтсіздікке ұшырады деп санады. Бір жылдан кейін Сәтбаев қалыңдығы он метрден асатын үлкен кен қабатына тап болды. Ленинградта жүргізілген талдау нәтижелері бұл құрамында мысқа мол, бұрын белгісіз кен қабаты екенін көрсетті. Осы жаңалықтың арқасында Сәтбаев 1928 жылы іздеу жұмыстарын кеңейте алды. Тағы үш ірі кен орнын ашқан геолог 1929 жылғы зерттеу жұмыстарының көлемін екі есеге арттырды. Сәтбаев «Қазақстанның ұлттық экономикасы» журналында мақала жариялайды, онда ол Жезқазғанның әлемдегі ең бай мыс провинцияларының бірі екенін айтады.[2]

1934 жылы Мәскеуде өткен Ғылым академиясының сессиясында Қ.И.Сәтбаев «Жезқазған-Ұлытау аймағының мыс, көмір, темір және марганец рудалары және басқа да пайдалы қазбалары» атты баяндама жасады. Онда ол ғылыми штаб келіскен Жезқазған кен орны мен бүкіл өңірдің болашағын жан-жақты негіздеді. Қаныш Сәтбаев есімі ерекше құрметпен айтыла бастады.

Қаныш Имантайұлы Жезқазған кен орнының кен қорын ұлғайтумен шектелмей, Үлкен Жезқазған кеншілерінің, құрылысшыларының, металлургтерінің тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді. Кеңгір су қоймасын құру және оның жағасында Жезқазған қаласын салу идеясы оның бойында кен орнының игерілуінің алғашқы жылдарында туған.

1940 жылы Қ.Сәтбаевқа геология-минералогия ғылымдарының докторы дәрежесі берілді. 1941 жылы Сәтбаев ғылым академиясы қазақ филиалының Қазақ филиалы Президиумы төрағасының орынбасары міндеті жүктелді. Сол жылы Қаныш Имантайұлы Алматыға қоныс аударады. Сәтбаевтың Жезқазғандағы жұмысын оның шәкірттері мен ізбасарлары – В.Н.Штифанов, Ш.Е.Есенов, С.Ш.Сейфуллин, В.К.Шведко, Г.Г.Сафарғалиев, Р.Ф.Фатиков, М.О.Омаров, Т.И.Таненов және тағы басқалары жалғастырды.

1947 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясын басқарды. Оның басшылығымен геология, геохимия және металлургия бойынша ғылыми мектеп белсенді дамыды. Қаныш Сәтбаев Қазақстанның түрлі өңірлерінде пайдалы қазбалар кен орындарын зерттеу бойынша геологиялық экспедицияларды ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысты. Оның ғылыми зерттеулері пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу мен барлау тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін геологиялық болжаудың жаңа әдістерін әзірлеуге негіз болды.

Академия өмірінің басында физика, химия, биология, математика және геология сияқты ғылымның әртүрлі салаларына назар аударды. Оның міндеті іргелі зерттеулер жүргізу ғана емес, сонымен қатар республикада экономика мен технологиялардың дамуына ықпал ететін инновацияларды қолдау болды.

Сәтбаевтың күш-жігері мен басшылығының арқасында академия аймақтағы заманауи ғылыми ойдың орталығына айналды. Қаныш Имантайұлының өңірдің геологиялық құрылымын зерделеу, пайдалы қазбаларды іздеу және геологиялық түзілімдерді зерттеу әдістерін дамыту жөніндегі жұмыстары Қазақстанның геологиялық құрылымын түсінуге зор үлес қосты.

Қаныш Сәтбаев Қазақстан тарихында көрнекті ғалым, геолог және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қайраткер ретінде ұмытылмас із қалдырды. Оның ғылыми зерттеулері мен еңбектері жас ғалымдар мен мамандарды жаратылыстану ғылымдары саласындағы жаңалықтар мен жетістіктерге шабыттандыруды жалғастыруда. Өмірінің соңғы жылдарында Қаныш Сәтбаев өзін ғылыми-танымал қызметке арнады. Ол геологияның экономика мен ғылымды дамытудағы маңыздылығына баса назар аударған көпшілік үшін мақалалар жазды. Қаныш Сәтбаев 1964 жылы өмірден өтсе де, оның ғылыми мұрасы қазақстандық ғалымдардың жас буынын геология саласындағы жаңа ашылулар мен жетістіктерге шабыттандырып, өмір сүруді жалғастыруда.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Медеу Сәрсекке. Қазақтың Қанышы. Роман-эссе. Алматы: Атамұра, 1999
2. Т.М. Әлжанов, М. Қ. Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев - қазақ елінің тұлғасы Т.; "Сәтбаевтың ізбасарлары"- "Последователи Сатпаева" қоғамдық бірлестігі... – Алматы : Ғылым, 2002.
3. "Қаныш" энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясының" редакциясы, 2011 жыл.

REAL KAZAKH KANISH YESTERDAY AND TODAY

*Author of the article: Kadrbekova E.M
№61 School Lyceum named after Kanysh Satbaev*

There is a precious treasure of my Kazakh grandfather, who respects his descendants just as we respect our great ancestors and brothers. This year marks the 125th anniversary of the birth of Academician Kanysh Imantauy Satbayev - a brilliant Kazakh scientist who enriched our country with his great work, the father of Kazakh science, a figure of national culture, who was concerned about the fate of his people. It is a great honor and great pride for us that our school is named after such a great man. Besides, a museum dedicated to our grandfather Kanysh has been opened in our school, and every year children from city schools come to learn about his way of life and scientific activity.[1]

Kanysh Imantauy was born on April 12, 1899 in Bayanaul district of Pavlodar region (formerly Akkelinsky bolus of Pavlodar uyezd of Semey region) in Imantai family. The name of the call to prayer was Gabdul-Gani. His mother called Alima "Ganim, Ganishim". In Bayanaul memorial museum of academician K.Satbaev there are special stands for his personal belongings, such as the drum-talisman used by the scientist, his clothes, his trips abroad. [1]

In addition to geology, Satbaev left many works in the field of science, culture and history. In fact, the text of the song "Yedyge", recorded by Sh. Ualikhanov, was cleared of Arabic and Tatar words incomprehensible to the Kazakh reader and prepared anew on the basis of the new orthography of the Kazakh language. He studied historical-cultural and archeological monuments of Ulytau district. In the work "Antiquity Monuments in Zhezkazgan district" it was proved that Ulytau district is an ancient metallurgical center and political center of Kazakh ethnos. The textbook "Algebra" for junior and senior pupils of Kazakh secondary school was prepared. In the collection "500 Kazakh songs and tunes" by A. Zataevich, published in 1931, K. Satbaev. He performed 25 songs, considered to be the pearls of the musical heritage of the Kazakh people, and gave them a scientific explanation in Russian.[2]

The future academician, a geologist by profession, had a deep humanitarian education. In 1927, the masterpiece of oral folk art published the book "Man Yedige". On his initiative was created a two-volume and then five-volume collection of works by T. Valikhanov, a multi-volume collection on the history of Kazakhstan.

His assortments "Enormous Altai" (1934-1936), "Major Dzhezkazgan" (1936), "Major Emba" (1936-1938), "Northern Priaralie" (1936), "Karaganda - the third coal base of the Association" (1936), studies "Environment of Kazakhstan", "Nature of Kazakhstan", "Surface water assets of Kazakhstan", improvement of a guide of scenes, investigation of human action on the condition of nature assisted the extraordinary researcher with getting the Lenin Prize and make a tremendous commitment to the advancement of science in Kazakhstan [3]

"Mind and hammer" is the motto of geologists all over the world. Satbayev's slogan lacks words expressing his love for his people and Motherland. Kanysh Satbaev's whole life was devoted to the study of mineral resources of Kazakhstan and genealogy of ore deposits. He made a great contribution to the construction of metallurgical plant in Karaganda, development of many large objects, such as Kostanay, Altai iron-manganese, Karatau phosphate deposits, digging of Irtys-Karaganda canal, opening of a number of research institutes.[5]

In 1958, a group of Kazakh scientists-geologists under the leadership of K.I.Satbaev was awarded the Lenin Prize for the methodological basis and predictive metallogenic maps of Central Kazakhstan, which have no analogues in the world geological experience. This work showed the role of Kazakhstani scientists and the school of K.I.Satbaev all over the world. [4]

Outstanding scientist of our country popularized Kazakhstan science abroad. So, in 1947 as a member of the delegation of the Supreme Soviet of the USSR he went to England, where the scientists of the country were represented worthily. Prime Minister of Great Britain Attlee

Winston Churchill was accepted as a member of the Soviet parliamentary group. In 1958, K.I. Satbaev was in China, where as a member of a representative delegation participated in the geological conference of the People's Republic of China. He was awarded four orders of Lenin and orders of the Great Patriotic War, elected deputy of the Supreme Court of the USSR and the Kazakh SSR.

"Guided by the scientific position and studies of other scientists on mineral deposits in Altai, K. Satbaev summarized the results of research on the integrated use of non-ferrous metal ores for East Kazakhstan, which was reflected in his scientific work "Studies of the Academy". Sciences of Kazakhstan on the integrated use of non-ferrous metal ores".[2]

From the interview of Abilkas Saginuly Saginov (mining specialist, doctor of technical sciences, professor) to Natalia Rozhkova, correspondent of Industrial Karaganda newspaper: "Industrial life taught me a lot. It was then that I first met Kanysh Imantuly Satbaev. He was at a mature age. I finished my doctoral dissertation, and I needed an opponent. The defense was held in Almaty. I was advised to turn to Satbaev, and no one else solved the problem. So I came to the academician and president of the Academy of Sciences of Kazakhstan, about whom I knew a lot. In 1951 he was too old. Kanysh Imantuly asked me in detail where I was born and grew up, where I studied. When he learned about Dnepropetrovsk, he was surprised: "How far you have come!" [5]

On this occasion, I would like to talk about the village of Arkat, the region where I was born and grew up. Because I consider it a continuation of the golden treasure that our grandfather Kanysh passed from generation to generation. Arhat Atyrab, one of the legendary villages. The nature of our village, which has a centuries-old history, did not fail to amaze the people who saw it. Mount Arkhat has the names of the rocks Tesiktas, Kuimetas, Ushkelinshek, Aulietas and others. At present in this mountain-rocky area during 2-3 years intensive excavations are carried out and the source of the source "Altyn" is determined.

Present day "Kazakhstan" TV channel will start screening "Kanysh. Kazyna" series. Actor Aset Eszhan played Kanysh Sathbayev. The series is dedicated to Kazakh culture and science development, and tells about our university's growth and prosperity.[6]

The series plot is based on the life and work of the famous Kazakh geologist-scientist, engineer, doctor of mineralogical sciences, professor, academician Kanysh Imantayevich Satbayev. [6]

The series shows Kazakhstani people's various destinies, dreams, goals and interests in the XXth century, the achievement of state goals, including the foreign countries industrialization as well as mining industry growth in Kazakhstan. Political relations in the Kazakh steppes, friendship, betrayal, conflict of interests, riots, national unity are the main themes in the given film.[6]

The name of our grandfather Kanysh was known not only in the place of his birth, but also in space, in the names of streets and universities, and remained forever. In the vastness of the Universe, at a distance of hundreds of millions of kilometers from the Earth, the eternally progressing planet 2402 "Satbaev" does its work. In his honor, the new mineral was named "Satpayev". The scientist scientifically identified the source of this wealth, the ways to utilize it and passed it on to the next generation.

USES OF LITERATURE

1 Legendary Polytech page 38-39 2020 year

2. Industrial Karaganda newspaper 26.12.2005 (Индустриальная Караганда газета)

3. Vestnik An Kazakh SSR, (Вестник Академии Наук СССР) 1962, №12, pp. 3-11

4. Todorova N. Daughter Satpaeva // Kazakhstanskaya Pravda. - 2005. № 97-98.- S9.

5. https://en.wikipedia.org/wiki/Kanysh_Satbayev

6. <https://esquire.kz/kak-film-kanysh-govorit-o-glavnoj-tragedii-kazahstana-hh-veka/>

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Маматаева Күләш Сейділдәқызы

Қаныш Сәтбаев атындағы

№61 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

1930-40 жылдары Қазақстан елеулі ғылыми жаңалықтар мен зерттеулердің сахнасына айналды, бұл республикада өзіндік ғылыми базаның қалыптаса бастағанын көрсетті. Бұл кезең Мәскеу, Ленинград, Ташкент және Кеңес Одағының басқа қалалары ғалымдарының белсенді үлесімен сипатталады, бірақ 1932 жылы Алматыда КСРО Ғылым академиясының қазақстандық базасын құру дамудың іргетасы болды.

Қазақстандағы ғылымының дамуы. 1934 жылы қараша айында Қаныш Сәтбаев Үлкен Жезқазған мен Үлкен Алтай мәселелеріне арналған КСРО ҒА (Мәскеу) сессия жұмысына қатысып «Жезқазған мыс кенді аймақтың геология және металлогениясының негізгі ерекшеліктері» деген баяндамамен шығып сөйледі. Сол сессияның әр түрлі секцияларында Жезқазған-Ұлытау аймағы жер қойнауының байлықтары (алтын, көмір, темір, марганец және т.б) туралы баяндамалармен шығып сөз сөйледі.

1934 жылы желтоқсан айында Қаныш Сәтбаев Жезқазғандағы геологиялық барлауды дамыту және Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын салу мәселелері бойынша КСРО БХШК (ВСНХ) төрағасы Серго Орджоникидзениң қабылдауында болды.

1934-1946 жылдар аралығында КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы (1938 жылға дейін КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы) Ғылыми кеңесінің мүшесі қызметін атқарды.

1936 жылы Үлкен Жезқазған мыс балқыту комбинатын салатын жерді белгілеу жөніндегі Үкімет комиссиясының мүшесі болып, 1936 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалына айналуы, кейіннен 1938 жылы география секторының ұйымдастырылуы қазақ зерттеушілеріне жаңа көкжиектер ашып, географиялық зерттеулер жүргізуге қолайлы жағдай туғызды.

Қазақстанның ғылыми әлеуетінің қалыптасуы мен дамуында 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті болған Қаныш Сәтбаев шешуші рөл атқарды. Оның тау-кен геологиясы саласындағы терең білімге негізделген ғылыми қызметі республикадағы ғылыми зерттеулердің дамуына негіз қалады. Сәтбаев ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға үлес қосып қана қоймай, Қазақстандағы пайдалы қазбалар кен орындарын зерттеп, барлауға зор үлес қосты. Оның Жезқазған мыс кен орны, Сарыарқа металлогендік аймағы және пайдалы қазбалардың болжамдық картасын жасау жұмыстары геология мен металлогениядағы нағыз серпіліс болды.

Қаныш Сәтбаев металлогендік түзілудің ғылыми әдісінің негізін салушы болып табылады, ол пайдалы қазбалар кен орындарының түзілу процестерін жақсырақ түсінуге ғана емес, сонымен қатар бұрын өнеркәсіптік тұрғыдан келешегі жоқ деп саналатын жаңаларын ашуға мүмкіндік берді. Оның күш-жігерінің арқасында, мысалы, Жезқазған мыс кені әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі болып танылды.

Сонымен қатар, Қаныш Сәтбаевтың Сарыарқа мен Алтай таулары сияқты табиғи географиялық аймақтарды тереңдетіп зерттеуі ғылыми қауымды осы өңірлердің пайдалы қазбалары туралы құнды деректермен байытты. Оның Жезқазған, Қарсақпай және басқа да елеулі кен орындарының мүмкіндіктерін талдауға негізделген ғылыми еңбектері Қазақстанның геология ғылымы мен өнеркәсібінің дамуында маңызды рөл атқарды [1, 44].

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми жетістіктері мен Қазақстан ғылымы мен білімін дамытудағы рөлі күні бүгінге дейін баға жетпес құнды болып қала береді. Геология, металлургия, минералогия сияқты көптеген ғылыми салалардың басталуы мен дамуы

оның есімімен байланысты. Ол Қазақстандағы ғылыми ойдың өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, ғылыми мектептің қалыптасуына, ел үшін білікті мамандарды даярлауға зор үлес қосты.

КСРО Ғылым академиясының қазақ базасының құрылуы, оның КСРО ҒА-ның Қазақ филиалына айналуы және кейіннен География секторының құрылуы Қазақстанның ғылыми базасын нығайту жолындағы маңызды қадамдар болды. Бұл шаралар қазақстандық ғалымдардың кеңестік және әлемдік ғылыми қауымдастыққа енуіне ықпал етіп қана қоймай, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерді жоғары деңгейде жүргізуге қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етті.

Қаныш Сәтбаев өзінің көрегендігінің, еңбекқорлығы мен ғылыми түйсігінің арқасында Қазақстандағы ғылыми зерттеулерді сапалы жаңа деңгейге шығара білді. Оның идеялары мен әзірлемелері жеке ғылымдардың дамуына орасан зор ықпал етіп қана қоймай, Қазақстанның табиғи ресурстарын жан-жақты зерттеуге ықпал етіп, пәнаралық зерттеулерге негіз болды.

Сәтбаевтың металлогендік түзілудің ғылыми әдісін әзірлеуге және енгізуге қосқан үлесін ерекше атап өткен жөн. Бұл әдіс кен орнының қалыптасу процестерін жақсырақ түсінуге ғана емес, сонымен қатар жаңа пайдалы қазбаларды тиімді іздеуге және игеруге мүмкіндік берді. Бұл кейіннен Қазақстанның экономикалық дамуында шешуші рөл атқарған көптеген кен орындарының ашылуы мен игерілуіне негіз болды.

Жалпы, 1930-40 жылдардағы Қазақстандағы ғылыми қызмет және оның дамуына Қаныш Сәтбаевтың қосқан үлесі болашақ ғалымдардың іргетасын қалады. Олардың жұмысы жас зерттеушілерді шабыттандырып, Қазақстан ғылымының одан әрі дамуына үлес қосуда. Осы күш-жігердің арқасында бүгінде Қазақстанның мықты ғылыми мектебі бар және әлемдік ғылымға елеулі үлес қосуды жалғастыруда.

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстандағы ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесін бағаламауға болмайды. Ол көрнекті ғалым ғана емес, Қазақстанның табиғатын зерттеуде шешуші рөл атқарған ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Бұл экспедициялар әртүрлі ғылым салаларының мамандарын біріктірді, бұл зерттеуге кешенді көзқарасқа ықпал етті. Бұл тәсіл еліміздің табиғи ресурстарын тереңірек зерттеп қана қоймай, оларды ұтымды пайдаланудың стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік берді, бұл Қазақстанның экономикалық дамуы үшін аса маңызды [2, 57].

Табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы зерттеулерге қолдау көрсету Сәтбаевтың өзіне арнаған басты міндеттерінің бірі болды. Еліміздің тұрақты дамуы үшін оның табиғи байлықтарын белсенді түрде зерттеп, игеріп қана қоймай, болашақ ұрпақ үшін табиғи мұраны сақтай отырып, оны саналы түрде атқару керектігін түсінді. Осы көзқарас оның жетекшілігімен жүзеге асырылған көптеген ғылыми жұмыстар мен жобаларға негіз болды.

Қазақстанның жалпы географиялық карталарын жасау Сәтбаев қызметі әкелген маңызды жетістіктердің бірі болды. Бұл карталар аймақтың географиялық ерекшеліктерін жазып қана қойған жоқ, сонымен қатар шаруашылық қызметті жоспарлауға, инфрақұрылымды дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға негіз болды. Осылайша, Сәтбаев пен оның әріптестерінің еңбектері Қазақстанның ғылыми ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамуына да үлес қосты [3, 65].

Сонымен қатар, Сәтбаев кадрларды даярлауға және республиканың ғылыми әлеуетін қалыптастыруға үлкен мән берді. Ол ғылымның ұзақ мерзімді дамуы үшін өзі бастаған істі жалғастыруға және дамытуға қабілетті зерттеушілердің жаңа буынын тәрбиелеу қажет екенін түсінді. Оның күш-жігерінің арқасында Қазақстанда жас ғалымдарды дайындау және кәсіби өсуі үшін жағдай жасалды, бұл ғылымның әртүрлі салаларындағы дарынды мамандардың тұтас галактикасының пайда болуына ықпал етті.

Геология мен ғылымдағы жетістіктерімен танылған Қаныш Сәтбаев Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеуде де елеулі із қалдырды. Оның елдің өткеніне терең қызығатыны, қазақ халқының мәдени мұрасын сақтаудағы күш-жігері ерекше назар аударуға тұрарлық. Сәтбаев тарих пен мәдениетке қатысты материалдар жинап, жариялап қана қойған жоқ; ол түптеп келгенде ұлттық болмыс пен мәдени мұраны байытқан Қазақстан мен оның халқының тарихи дамуын түсінуге ұмтылды [4, 54].

Сәтбаевтың «Қазақ КСР тарихы» туралы еңбегі жалпы халық арасында тарихи білімді насихаттауға қосқан маңызды үлес болды. Ұлттық бірегейлік пен өз еліне деген мақтанш сезімін қалыптастыру үшін тарихи білімнің болуының маңыздылығын түсінді. Оның жетекшілігімен қазіргі Қазақстан аумағында болып жатқан күрделі тарихи процестерді ашатын, өлкенің мәдени-тарихи дамуын тереңірек түсінуге ықпал еткен еңбектер жарық көрді.

Сәтбаевтың тарихқа деген құштарлығы кәсіби қызметінен ажыраған жоқ. Керісінше, олар бірін-бірі толықтырып, оған Қазақстандағы ғылым мен білімнің даму мәселелерін кеңірек тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді. Оның тарихқа деген қызығушылығы Қазақстанның өткені мен бүгінін жан-жақты түсінуге ұмтылу жолында ғылым мен гуманитарлық ғылымдарды біріктіре отырып, ғылыми зерттеулерге пәнаралық көзқарасты қалыптастырды.

Сәтбаевтың Қазақстанның мәдени мұрасына қосқан үлесін бағаламау мүмкін емес. Ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинап, жариялау арқылы бірегей мұраның сақталуына үлес қосып қана қоймай, осы бағыттағы зерттеулерді одан әрі жандандыруға түрткі болды. Оның жұмысының арқасында қазақстандықтардың ұрпақтары бай тарихи және мәдени материалдарға қол жеткізді, бұл олардың болмысын түсіну мен ұлттық сананы дамытудағы маңызды қадам болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдрахманова Г.К. Қазақстан ғылымының дамуы: Тарихи аспект. – Алматы: Ғылым, 2021. [256 б].
2. Байтұрсынов А.Тіл білімі мен мәдениетіне қатысты таңдамалы еңбектер. – Астана: Фолиант, 2020. [310 б].
3. Жолдасбеков М.Ж. Қаныш Сәтбаев: Өмірі мен мұрасы. – Алматы: Арыс, 2022. [200 б].
4. Құлжанов М.Қ. Қазақстан тарихы: бастаудан бүгінге дейін. – Нұр-Сұлтан: Ел-Фараби, 2019. [340 б].

ҚАЗАҚ ТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ

Мамырова Галия Шариевна

Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейі КММ

Көрнекті геолог-ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, ҚазКСР ҒА ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті, КСРО ҒА академигі Қ.И. Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде (31 наурыз) Семей губерниясы Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының № 4 ауылында (қазіргі ҚР Павлодар облысының Баянауыл ауданы) орта жүз арғын руының қаржас (Сүйіндік) деген еліне жататын Имантай би Сәтбаевтың отбасында дүниеге келген. Сәби туған кезде оған Ғабдолғани деген есім беріпті, бірақ анасы Әлима оны еркелетіп Ғаныш, Қаныш деп атаған. Кейін бәрі баланы Қаныш деп атап кеткен екен.

Ол анасынан ерте айырылып, жастайынан білімге құштар болды. Қаныш алдымен араб тілінде оқытатын ауыл мектебінде білім алып, кейін Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ гимназиясында оқиды. Оның сыныптастарының арасында кейін қуғын-сүргінге ұшыраған атақты қазақ драматургы, прозашы және ақын Ж. Аймауытов болды. Одан кейін оның өмірінде немере ағасы, орыс филологиясының оқытушысы А.З. Сәтбаев (1937 жылы ол атылады) басқарған Семей мұғалімдер семинариясындағы кезең басталады. Семей қаласында Қаныш Сәтбаев А. Байтұрсынов, М. Дулатовпен, демократ ақын С. Торайғыровпен кездескен, ал М. М. Әуезов және Ә. Марғұланмен бірге оқыған. Семинарияда атақты ағайынды-өлкетанушы Белослюдовтар, ерлі-зайыпты ағартушылар – Назипа және Нұрғали Құлжановтар сабақ берді. Жас талаптың денсаулығы сыр бергендіктен, диплом алу үшін емтиханды мерзімінен бұрын тапсырады.

1921 жылы Сібір технологиялық институтының студенті, кейін тұңғыш қазақ математика профессоры А. Ермековтің арқасында жас Қаныш томскілік геология профессоры, болашақ академик М.А. Усовпен кездеседі. Бұл кездесудің Қаныш тағдырындағы мәні зор. «Сәтбаевтың 1921 жылдың ортасында Баянауылда қымыздан шипа іздеп келген Томск технологиялық институтының профессоры М.А. Усовпен кездесуі оның тағдырында шешуші рөл атқарды. Оның геология жайлы әңгімелерінің 22 жасар жігітті қызықтырғаны соншалық, Сәтбаев 1921 жылы халық судьясы лауазымын тастап, Томск технологиялық институтына түседі» деп жазады Томск қаласындағы Қ.Сәтбаевтың студенттік жылдары туралы кітаптың авторы И.Т. Лозовский. [1]

1926 жылы Қ.И. Сәтбаев Томск технологиялық институтын табысты аяқтап, тау-кен инженер-геологы дипломын иеленген қазақтың алғашқы азаматы ретінде халық шаруашылығы Орталық кеңесінің қарамағына жіберіледі. Қаныш әлемдегі ең ірі мыс кен орны Қарсақпайда екендігін дәлелдеу үшін аттай 15 жылын сол жерде өткізеді. Мұнда ол «Атбасцветмет» трестінің геология бөлімін басқарды. Оның құрамына Қарағанды көмір бассейні, Успенский мыс руднигі, Спасск мыс балқыту зауытын қамтыған Спасск комбинаты мен салынып жатқан Қарсақпай мыс балқыту зауыты, Байқоңыр көмір шахталары, Жезқазған мыс кеніштері мен Қорғасын кен орнынан тұратын Қарсақпай комбинаты кіретін. Жас маманға Жезқазған-Ұлытау ауданында пайдалы қазбалар қорларын жоспарлы түрде анықтау бойынша алғашқы стационарлық геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу сынды маңызды міндет жүктелді.

1932 жылы Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералды ресурстары» атты алғашқы ғылыми монографиясын жариялайды. Осы уақытта Жезқазған кендерінде ағылшын мамандары мен ХКК жанындағы Геологиялық комитет қызметкерлері айтқандай 60 мың тонна емес, 2 млн. тоннадан астам мыс бар екендігі анықталады. Бұл Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми болжамының дәлелі болды. 1934 жылы КСРО ҒА сессиясында Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, көмір, темір, марганец кендері және басқа да пайдалы қазбалары» атты баяндама жасап, онда Жезқазған кен орнының және бүкіл ауданның бай перспективаларын жан-жақты

негіздейді. В.А. Обручев бастаған Мәскеу ғалымдары жас ғалымның сөзсіз жеңісіне көз жеткізді.

1934 жылы желтоқсан айында Қ.И. Сәтбаев Үлкен Жезқазған комбинатын салу идеясын қолдаған Серго Орджоникидзенің қабылдауында болады. 1936 жылдың 25 наурызында ауыр өнеркәсіп халық комитетінің төрағасы Серго Орджоникидзе Жезқазған мыс балқыту комбинатын салу бойынша дайындық жұмыстарының басталуы туралы бұйрыққа қол қояды. Алайда С. Орджоникидзенің мезгілсіз қазасынан кейін 1937 жылдың басында жобалық жұмыстар тоқтап қалады. «Тек 1938 жылдың басында ғана мыс саласының басқарушы штабы түбегейлі қайта құрылып, Қ.И. Сәтбаев Жаңа ауыр өнеркәсіптің жаңа наркомы Л.М.Кагановичке шақырылады да, 1938 жылдың 10 ақпанында Жезқазған үшін тарихи мәнге ие КСРО НКТП бойынша №50 бұйрық дүниеге келді. Онда жоғары өндірістік қуатты жаңа Үлкен Жезқазған комбинатын жобалауға шұғыл кірісу қажеттігі туралы айтылды».[2]

Өзінің еңбек жолын қарапайым инженер-геолог ретінде бастаған жас Қаныш Сәтбаев Орталық Қазақстанның минералдық ресурстарын игеру перспективасына күмән келтіргендердің баршасымен күрес жолына түседі. Жезқазған мыс кен орнының болашағы жоқ деген түбегейлі пікірге қарамастан, осы кен орнында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру қажеттілігін дәлелдеу, оларды өзі басқару және сайып келгенде кен орнын тау-кен алыбы болған әлемдік уникалдар қатарына шығару үшін қандай азаматтық жігер, қандай айнымас сенім мен күшке ие болу керек еді. Өзінің көп салалы қызметінде Қаныш Имантайұлы тек геологиялық барлау жұмыстарымен ғана шектелген жоқ, ол геология ғылымының барлық салалары бойынша ауқымды әрі жан-жақты жұмыстармен айналысты.

Өндірістің толассыз мәселелерін шешумен қатар Қаныш Имантайұлы өз еңбегінің нәтижелерін жариялауға да уақыт табатын. Жалпы Қ.И. Сәтбаевтың жарияланған еңбектерінің 130-дан астамы Жезқазған мәселесіне арналыпты. Ғылыми зерттеулерден бөлек Қ. Сәтбаев Қазақстан ғылымының ірі ұйымдастырушысы ретінде танымал болды. Оның ғалым және ұйымдастырушы ретіндегі таланты КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын басқарған кезде ашылды.

1946 жылдың маусым айында Қ.И. Сәтбаев ұзақ уақыт бойғы дайындықтан кейін ашылған Қазақстан ҒА-ның тұңғыш Президенті болып сайланды. Сонау 1944 ж. Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен академияны құру бойынша Үкімет комиссиясы құрылып, оған КСРО ҒА Президенті С.И. Вавиловтың басшылығымен КСРО ҒА академиктерінен 11 адам кірген болатын. Академия құрылған кезде мұнда 18 ҒЗИ, 8 сектор, 7 тәжірибелік станция, 3 ботаникалық бақ болды. Қызметкерлердің жалпы саны 1400 адам, оның ішінде 57 ғылым докторы және 184 ғылым кандидаты болды.

Қ.И. Сәтбаев ғылымды басқару және Қазақстанның индустриялық дамуына қамқорлық жасау тұрғысында орасан зор ұйымдастырушылық қызметті өнеркәсіптік кешендерге тәжірибелік көмек көрсетумен ұштастыра білді. Ядролық физика, математика және механика, гидрогеология және гидрофизика, мұнай және табиғи тұздар химиясы, химия-металлургия, тау-кен металлургия, ихтиология және балық шаруашылығы, эксперименттік биология, экономика, философия және құқық, әдебиет және өнер, тіл білімі сияқты жаңа академиялық институттар ашылды. Энциклопедиялық білімінің болуы оған үлкен ғылымның осы орталықтарын құруға тікелей араласуына мүмкіндік берді. Соғыстан кейінгі жылдары институтта геологиялық ғылымның металлогения, палеонтология, стратиграфия, геотектоника, минералогия, геохимия, геофизика, гидрогеология сынды барлық бағыттары қарқынды дами бастады. Академик Қ.И. Сәтбаев қызығушылығының аясы өте кең болды және жаратылыстану ғылымдары шеңберінен шығып кетті. Ол қазақ тарихының, әдебиеттің, мәдениеттің, этнографияның, музыка мен фольклордың үлкен білгірі еді, Орталық Қазақстан аумағындағы

археологиялық ізденістер, педагогика мен әдебиет бойынша еңбектері баршаға белгілі. Ол М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романының маңызын бірінші болып бағалап, фольклор жинаушы А. Затаевичке 25 халық әнін берді, театр, өнер, мәдениет, жастарды тәрбиелеу бойынша көптеген жұмыстарды жазып қалдырды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев индустриялық Қазақстан мен тұтастай отандық ғылымның қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге тарих, әдебиет саласының дамуына да өз үлесін қосты.

Қаныш Сәтбаев адамдардың талантын танып, жастарды дұрыс жолға бағыттай білді. Сонымен қатар, бірқатар жастарды ғылымға әкеліп, тәрбиеледі. Ол дайындаған ғылыми кадрлар мысалы Ә.Х. Марғұлан,

Ш. Шөкин, К. Ақышев т.б. кейіннен ірі ғалым болып қалыптасып, Қазақстан ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі.

Ұлы адамның ұлы еңбегі мен ерен еңбектерін ұрпақтан-ұрпаққа ұлықтап жеткізу біздің парызымыз және міндетіміз болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Академик К.И.Сатпаев., Сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965.

2 Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019.

3. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Феномен. – Астана, 2018.

Қ.СӘТБАЕВ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНДА ҚАНДАЙ РӨЛ АТҚАРДЫ?

Махмет Салтанат

*Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп- гимназиясының
тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*

Қаныш Сәтбаев ғалым ретінде Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосып қана қоймай, өзін ғылыми саланың көрнекті ұйымдастырушысы ретінде таныта білді. Оның еліміздің негізгі ғылыми мекемелерін құрудағы және дамытудағы рөлін бағаламау мүмкін емес. Оның айтулы еңбегінің бірі – Геология институты мен Қазақстан Ғылым академиясының құрылуы болды. Бұл ұйымдар ғалымдардың кейінгі ұрпақтарының іргетасын құра отырып, отандық ғылымның дамуының ірге тасы болды.

Сәтбаев ғылымның жан-жақты дамуы үшін тек ғылыми орталықтар құрып қана қоймай, білікті кадрлар даярлауға да қамқорлық жасау керектігін түсінді. Осы тұрғыда оның Қазақ тау-кен металлургия институтын дамыту туралы бастамасы Қазақстанда кәсіби ғылыми қауымдастықты қалыптастыру жолындағы шешуші қадам болды. Осы институттың арқасында еліміз тау-кен машина жасау және металлургия саласындағы өзінің бірінші буынын жоғары білікті мамандарды алып, іргелес салалардың дамуына үлес қосты.

Сәтбаев білім және ғылым мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Оның Қазақстандағы тұңғыш жоғары техникалық оқу орнын құрудағы талпынысы ел жастары үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл қадам техникалық интеллигенцияның дамуына ықпал етіп қана қоймай, қазақстандық білім беру тарихындағы маңызды кезең болды. Сәтбаев жоғары технологиялар мен ғылыми зерттеулердің дамуы білім сапасына тікелей байланысты деп есептеген, сондықтан жас ғалымдарды дайындау мен дамытуға жағдай жасауға бар күш-жігерін салды.

Сәтбаев ғылымның техникалық және мәдени прогреске жәрдемдесу арқылы қоғамға қызмет етуі керек екеніне сенімді болды. Оның ғылыми саланы ұйымдастырушы ретіндегі қызметі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына орасан зор ықпал

етті. Оның күш-жігерінің арқасында қазақ ғылымының әлемдік ғылыми қоғамдастыққа кірігуінің негізі қаланды, бұл еліміздің ғылым әлеміндегі халықаралық беделінің өсуіне ықпал етті[1].

Сәтбаевтың Қазақстанның ғылыми саласын ұйымдастырушы ретіндегі қызметі тек институттар мен оқу орындарын құрумен ғана шектелмеді. Ол ғылыми журналдарды құру, ғылыми конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастыру бойынша белсенді жұмыс жасады, бұл әлемдік ғылыми қауымдастықпен білім және тәжірибе алмасуға ықпал етті. Сәтбаев ғылыми этика мен мәдениетті қалыптастыруға да зор үлес қосты, адалдық, ашықтық пен жаңа білімге ұмтылудың маңыздылығын атап өтті.

Осылайша, Қаныш Сәтбаев Қазақстанның ғылыми саласының даму тарихында өшпес із қалдырды. Оның ғалым, ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі отандық ғылым мен білімнің өркендеуіне негіз қалады. Сәтбаев нағыз көшбасшының жетекшілік етіп қана қоймай, ғылым мен техникада жаңа биіктерге жетуге шабыттандыруға қабілетті екенін дәлелдеді.

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасы Қазақстан және одан тысқары жерлерде ғылымның даму тарихында өшпес із қалдырды. Оның геологиядағы жұмысы, зерттеу әдістемесін әзірлеу, іргелі ғылым мен металлогендік болжамдар бүкіл әлем ғалымдарын шабыттандырады. Сәтбаев ғылымға өз үлесін қосып қана қойған жоқ, ол іс жүзінде геологиялық зерттеулердің бүгінгі күні дамып келе жатқан тұтас бір бағытының негізін қалады.

Сәтбаевтың зерттеу әдістемесін жасауы ғылым әлеміндегі нағыз серпіліс болды. Ол геологиялық деректерді талдаудың жүйелі тәсілін енгізді, бұл пайдалы қазбалардың орналасуын дәлірек болжауға ғана емес, сонымен қатар геологиялық барлаудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Оның геологиялық ақпаратты талдау және түсіндіру әдістері кейінгі көптеген зерттеулер мен жаңалықтарға негіз болды [2].

Сәтбаевтың ғылыми мұрасында оның іргелі еңбектері мен металлогендік болжамдары ерекше орын алады. Оның зерттеулерінің арқасында Қазақстандағы ең ірі пайдалы қазбалар кен орындары ашылып, зерттеліп, еліміздің экономикалық дамуына зор ықпал етті. Сәтбаев Қазақстанның тау-кен өнеркәсібі саласында орасан зор әлеуетке ие екенін дәлелдей білді және оның осы бағыттағы жұмысы елге пайдалы қазбаларды ірі өндірушілердің бірі ретінде әлемге даңқ әкелді.

Сәтбаевтың ғылыми еңбектерінің геология ғылымының дамуына ықпалын бағаламау қиын. Оның зерттеулері мен әдістемелік әзірлемелері көптеген заманауи геологиялық теориялар мен тәжірибелердің негізін құрады. Оның күш-жігерінің арқасында Қазақстан геологиясы әлемдік деңгейге көтеріліп, Сәтбаев жасаған зерттеу әдістерін дүние жүзі ғалымдары қолдануда.

Сәтбаевтың ғылыми қызметінің маңызды аспектілерінің бірі Қазақстанда ғылыми мектептің қалыптасуы және ғылыми мәдениеттің енгізілуі болды. Ол көрнекті ғалымдардың тұтас бір буынын дайындап қана қоймай, еліміздегі ғылыми ортаны дамытуға бар күш-жігерін салды. Сәтбаев ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар ұйымдастыруға, әртүрлі мамандықтағы ғалымдардың білім және тәжірибе алмасу алаңын құруға белсене араласты [3].

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды. Оның еңбектері зерттеліп, зерттеліп, тың ғылыми жаңалықтарға негіз ретінде пайдаланылуда. Сәтбаев артына ауқымды ғылыми мұрағат қалдырып қана қойған жоқ, өз жұмысын жалғастырушы ғалымдардың ұрпақ сабақтастығы түрінде өміршең мұра қалдырды. Оның еңбектерінен жас зерттеушілер алған шабыт Сәтбаев есімінің тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл дүние жүзінің ғылым тарихында мәңгі қалатынын растайды.

Қаныш Сәтбаев мұрасы қазіргі Қазақстанның ғылымы мен өндірісінің дамуына зор ықпалын тигізуде. Оның зерттеушілік рухы, жаңашылдыққа ұмтылысы және қазақстандық ғылымның әлеуетіне мызғымас сенімі заманауи жобалар мен әзірлемелерде өмір сүреді. Бүгінде Сәтбаевтың ізін жалғап, жас ғалымдар мен инженерлердің ел дамуына үлес қосып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып, жаңа технологияларды жасап жатқанын көріп отырмыз [4].

Сәтбаев рухындағы зерттеулердің жалғасы көптеген салаларда байқалады: геология мен тау-кен өнеркәсібінен бастап жаңартылатын энергия көздері мен ғарышты игеруге дейін. Оның әдістемесіне негізделген заманауи жобалар мен әзірлемелер Қазақстанның белсенді ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын ел ретіндегі позициясын нығайтуға көмектеседі. Оның еңбектерінен шабыт алған ел ғалымдары Жер қойнауын зерттеп, жаңа кен орындарын ашып, Қазақстанның экономикалық өрлеуіне, өнеркәсіптік әлеуетін нығайтуға септігін тигізуде.

Сәтбаевтың Қазақстанның индустриалды-ғылыми имиджін қалыптастырудағы рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Оның ғылымды прогресс пен дамудың қозғаушы күші ретінде пайымдауы еліміздің заманауи ғылыми-техникалық саясатының негізі болды. Оның басшылығымен Қазақстанды инфрақұрылымы дамыған, технологиялық дамуы жоғары елге айналдырудың негізі қаланды. Бұл көзқарас ғалымдар мен саясаткерлердің қазіргі ұрпағын елдің тұрақты дамуының жаңа шешімдерін табуға шабыттандырады [5].

Сәтбаевтың өскелең ұрпақ ғалымдар мен инженерлерге тигізген ықпалы айтарлықтай. Оның өнегесі бір адамның тарих жолын өзгертіп, елінің дамуына өлшеусіз үлес қоса алатынын көрсетеді. Сәтбаев ғылыми мектеп құрып қана қойған жоқ, үздіксіз оқу, ізденіс, жаңашылдық мәдениетін енгізді. Оның шәкірттері мен ізбасарлары оның жұмысын жалғастырып, Қазақстанда ғылым мен техниканы дамытып келеді. Олардың көпшілігі кейінгі ұрпақты еліміздің ғылыми дамуына үлес қосуға шақырып, тәлімгерлікпен айналысады.

Қаныш Сәтбаевтың мұрасы Қазақстанның жас ғалымдарының жүрегі мен санасында өмір сүріп, оларды ғылым мен техникада жаңа белестерге жетуге ынталандыруда. Оның өмірі мен қызметі қажырлы еңбек, ғылымға берілгендік, еліне деген сенім халық өмірінде елеулі өзгерістер мен жақсартуларға әкелетінін еске салады. Сәтбаев артына тек ғылыми жетістіктер ғана емес, білімге, жаңашылдыққа ұмтылған ұрпаққа құдіретті шабыт қалдырды. Оның мұрасы – көп жылдар бойы Қазақстанның дамуына үлес қосатын қымбат ресурс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдуллин З.Х. Қазақстан тарихы: көне дәуірден бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Аруна, 2015. – 256 б.
2. Мұхамеджанова Б.С. Қазақстан ғылымының дамуы: академик Қ.И. Сәтбаева. – Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2018. – 184 б.
3. Нұрғалиева Л.А. Қазақстан геологиясы: Қ.Сәтбаевтың негізгі даму кезеңдері мен қосқан үлесі. – Алматы: КазГео, 2019. – 210 б.
4. Сапарова Д.Ы. Қ.Сәтбаевтың ғылыми зерттеулерінің Қазақстанды индустриаландыруға әсері. – Алматы: Ғылым, 2020. – 134 б.
5. Каримов Е.Қ., Айтжанова Г.Ш. Қазақстанның инновациялық дамуы: тарих және қазіргі заман. – Астана: Фолиот, 2017. – 312 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДА ҰЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ

Мырзамұрат Жазира Дарханқызы

Астана қаласы әкімдігінің Ілияс Есенберлин атындағы

№ 67 гимназиясы

Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған.

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.

Бүгінде оның еліміздің дамуына үлкен серпін бергені туралы ойлана бермейміз. Алайда өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстан сауатты және ағартушылық қоғам болғанымен, кез келген кәсіби инженер кадрларды Ресей немесе Өзбекстан даярлап, ғылыммен Қазақстанға келген мәскеулік немесе ленинградтық ғалымдар ғана айналысты.

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары – үлкен Жезқазған кенорны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған» (Народное хозяйство Казахстана, 1936, №1-2, 74–83-бб.) алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді. Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мындаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған.

«1935 жылдың 1 қаңтарында Жезқазғанның кен қорлары барлық категориялар бойынша 3220 мың тонна мысты құраса, олардың ішінде 1330 мың тонна А₂+В категориясы бойынша. Кеніштерде А₂+В категориялы мыстың орташа мөлшері 1,92 %-ға тең.

Бұл көрсеткіштің өзі сондағы зерттелген қорлардың саны бойынша Жезқазғанды Одақта бірінші орынға шығарады. Алайда Жезқазған мүмкіншіліктері бұл көрсеткіштермен шектеліп қоймайды. Бүгінде шамамен 40 шаршы шақырым кен аумағында бұрғылау жұмыстарымен 2 шаршы шақырым аумақ қана қамтылған. Жезқазғандық қуаттылығы өнімді кен қабаттарының 700 м бұрғылау жұмыстарының тек жоғарғы 150 м қабаты ғана сипатталған, тек бір ғана ұңғыма 300 м тереңдікке жүргізілді, 230 м тереңдікте өндірістік кеннің қабаты табылды. Жезқазғанның әлеуетті мүмкіндіктері өте зор, Орталық Африканың мыс кенорындарына, нақтырақ айтқанда,

әлемдегі мыс кенорындарының ең ірісі болып табылатын Солтүстік Родезияға пара-пар», – деп кезінде Қ.Сәтбаев жазған еді. – «Үлкен Жезқазған жалғыз нысан болып табылмайды. Жезқазған ауданының аумағында жеткілікті ірі темір, темір-марганец кендері бар, олар үлкен көлемде кен өндіруге мүмкіндік береді». Бұл ашқан жаңалығы Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Одақтың құрыш құю өндірісін сақтауда маңызды рөл атқарды. Оның ғылыми түйсігі, жекелеген ғылыми фактілерден аналитикалық қорытынды жасауы ғалымды ұлы тұлғаға айналдырды десек те болады.

Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап – мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінде Политех атымен белгілі (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) алғашқы техникалық жоғары оқу орны Қазақ Тау-кен металлургия институтын құруға алғы шарт болды. Құрылған институт өзіміздің кәсіби кадрлардың, сонымен қатар еліміздің дамып келе жатқан тау-кен металлургия және геологиялық кәсіпорындарының ұстаханасына айналды. ҚазТМИ-де негізі қаланған жоғарғы буын инженер кадрларын кәсіби даярлаудың бұл векторы еліміздің жоғары білікті кәсіби маманға деген қажеттілігін қамтамасыз етті және алғашқы қазақ ғылыми кадрларды қалыптастырудың негізгі іргетасы болды. Қ.Сәтбаевтың еліміздің тау-кен металлургия секторының инженерлік интеллектуалды және ғылыми элитасын қалыптастырудағы жүйелілігі – оның ұйымдастырушылық қабілеттері мен болжамының маңызды эталоны. Ғалымның бірізді қадамдары 1940 жылы Геологиялық ғылымдар институты негізінде тұңғыш қазақтың ғылыми орталығын құруға, ғылымның академиялық филиалын құруға арналған аралас салаларға таратуға және 1946 жылы алғашқы Қазақ ұлттық ғылым академиясын негізін салуға мүмкіндік берді.

Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық және Шығыс Қазақстанда қазақ геологтарының ғылыми тобымен заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізген терең де жүйелі зерттеулері 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын аналитикалық жүйелеуге алып келді. Осылай 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» (ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығ., 3–35 бб.) атты іргелі ғылыми еңбегі шықты. «Мәселенің ғылыми эзірлемесіндегі кешенділік, зерттеулердің барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды сараптаудағы нақтылық, қорытудағы объективтілік пен шығармашылықтағы бірлестік – міне, бұл Орталық Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың металлогениялық болжам картасын құруда басшылыққа алынған методологиялық принциптер», – деп жазды Қ.Сәтбаев.

Өзінің ғылыми қызметімен – «барлығынан күмәндан және тек фактіге ғана жүгін» деген ұстанымымен, ғылыми және академиялық пікірталас пен талқылау жүргізе алу, ғылыми материалды жинақтау мен анализ жасай алу өнерімен академик Қ.Сәтбаев және оның ғылыми пікірлестері қазақстандық ғылымның қазіргі таңда да өзекті болып отырған тұрақты стандартын жасап кетті. Ол: «Егер Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасын құруда эзірленген және қолданылған бұл әдістің қысқа анықтамасын беруге тырыссақ, оны аймақтық металлогенияның кешенді геологиялық әдісі ретінде анықтауға болады. Қазіргі нақты жинақталған геологиялық материалдардың барлық кешеніндегі мәліметтерді айқын талдау мен объективті қорытындылау нәтижесі болып табылатын осындай кешендік геологиялық аймақтық металлогениялық әдіспен құрылған металлогениялық болжам карталары, шынымен де, Орталық Қазақстан аймағында геологиялық зерттеудің қазіргі заманғы кезеңінде нені және қайдан іздеу керек деген сұраққа объективті әрі негізделген жауап бере алады», – деп жазды.

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта металл кендерінің бай кенорындарын ашуға мүмкіндік берді. Шашыраңқы фактологиялық аймақтық мәліметтерді Орталық Қазақстанның біртұтас кешенді геологиялық картасына жүйелеу Қ.Сәтбаевқа кеңістікте орналасу заңдылығы туралы іргелі және әмбебап ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Таңқаларлығы сол – бұл ғылыми тұжырымдар, сандық математикалық есептеулер мен мәліметтер компьютерлік ынталандыру дәуіріне дейін жасалғаны және қазіргі кезде олардың ғылыми дәлелденгені. Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары «Орталық Қазақстанда эндогендік кендену аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары» (Советская геология, 1957, №58, 93–109-бб.) атты ғылыми мақаласында толығымен берілген. «Орталық Қазақстанды эндогендік кенді минералдауына жасалған нақты анализдің қорытындысы бұл аймақта өндірістік кенорындары жоғарыда аталған кен генезисінің үш факторы негізінде пайда болды. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан үшін терең аймақтық қабаттар және жарықшақты белдемнің қанатталған және үйлестірілген жүйелері өзара буындастырылған немесе қиылысқан түйіндердің болуы аса қолайлы жағдай болды».

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Академик К.И.Сатпаев., сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. – С.239.
2. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. –С.4.
3. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КЕМЕҢГЕР ҰЛЫ – ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

Ордабекова Айнур Панзарбековна

Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің

бастауыш сынып мұғалімі

«Қасиетті Құран кітабын қолына ұстап отырып, азан айтып, аузы дуалы Құрмантай абыздың нәрестеге еншілеген есімі - Ғабдулғазиз, арабшадан аударғанда Ғабдул - құл, Ғазиз – адал деген ұғымның баламасы, демек ол адамның емес, Алланың адал құлы болуға тиіс. Имантай шаңырағына бақыт сыйлаған нәрестеге осындай есім берілді...» Осы жолдардан-ақ әңгіменің кім туралы өрбігелі жатқанын аңғарған боларсыз. Ғалым, коммунист, геолог, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі өзінің биіктігімен, даралығымен, даналығымен, қайсарлығымен, адалдығымен, адамдығымен мәңгі есімізде, ол туралы таңды таңға жалғап әңгімелесек те, айтар сөз, асыл ой таусылмас. Бұл жолы ғалым өмірінің ең сәулелі тұстарына, ардақты істеріне тоқталуды жөн көрдім.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев артына үш түрлі ұлы, игі іс қалдырды: Жезқазған - бір, Қазақстанның ғылым академиясы - екі, Геологиялық ғылымдар институты - үш. Мұның үшеуінде де ғалым қалаған дара жолды жалғастыру үшін қазірге дейін мыңдаған адамдар еңбек етуде.[2]

Қаныш ұлының қаһармандық ерлікке пара-пар *төртінші заңғар ісі* - Ұлы Отан соғысының ең ауыр кезеңінде Жезді кенішін жедел ашқызып, Оралдың металлургия өндірістеріне аса ділгер шикізат тауып беруімен қоса, Жезқазғанның аса құнарлы мыс кенін Балқаш зауытына тәулік сайын эшолондап жөнелтуге мұрындық болғандығы. Нәтижесінде әскери мақсатқа қажет құрыштық марганецтің үштен екі бөлігі, мыстың үштен бірі Ұлытау атырабындағы кен қоймаларынан өндірілген. Қазақ ғалымының осы еңбегі сол кезде де, қазірде де лайықты бағасын алған жоқ.

Ұлы Отан соғысының төрт томдық тарихында бұл деректер жазылғанмен, соны жасаушының есімі түсініксіз себеппен аталмай қалған...

Ғалымның *бесінші еңбегі*. Қарағанды атырабында бүгінде жұмыс істеп тұрған үлкенді-кішілі барлық өндіріс ошақтары және Жәйремге дейінгі ірі кеніштер, демек, осы өлкедегі күллі жылу-қуат стансылары, қалалар мен елді мекендер пайдаланып отырған мол су Ертістен жарма арқылы алынады. Осы игілікті өмірге келтіру үшін Қаныш Сәтбаев өзінің отыз жылдай ғұмырын сарп етіп, Сарыарқа қиырында мәңгі өлмес және дүниеде теңдесі жоқ алып құрылыстың дүниеге келуіне дәнекер болды.

Маңғыстау түбегі мен күллі Атыраудың бүгінде дүние жүзін таңғалдырып әрі қызықтырып жүрген қисапсыз мол мұнайын, газ қоймасын ашудағы академик Қаныш Сәтбаевтың көрегендік жорамалы, сол оқиғаны тездетудегі қам-қарекеті де бір адам үшін, сірә, тарихта қалуға жетерлік ұлағат. Мұны біз ғалымның халқына қалдырған алтыншы мұрасы дейміз.[2]

XXI ғасырда өмір сүретін ұрпақ үшін, бәлкім одан да алыс уақыттың - үш мыңыншы жылдардың білімдер қауымына ұлы Қаныш қалдырған ең өзекті һәм жетінші ісі жоғарыда аталған ғылыми еңбегінен тарайды, ол Геология ғылымдарының институтының қорында сақтаулы “Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы”. Қандай да ғылым және оны дамытушылар бір орында тоқтап қалмайды, бұл – табиғи заңдылық. Қаныш Имантайұлы өмірінің соңғы кезеңінде әлемдік геология зерттеушілерінің алдыңғы легіне қосылып, күллі адамзат қауымының зиялы өкілдері қызыға зерттеп, қайткен күнде білуге тырысқан күрделі мәселе – Жер Планетасында пайдалы кен қазбаларының жаралу және орналасу заңдылықтарын анықтау ісіне белсене кірісіп, іргелі жаңалықтар ашқанын білеміз.

Жаратылысты танып білу - тегінде шегі жоқ іс. Геологиялық ізденістерге де шекара қойып, оның шалқар кендігіне шек келтіруге болмайды. Қазақ ғалымы нақтылы

барлаумен ғұмыр-бақи шұғылданғандықтан болар, өзіне нақты мақсат қойып, Жер ғаламшарының даму тарихын 1,5-2 млрд жыл көлемінде, яғни өте көне және аз зерттелген кембрий дәуіріне дейінгі аралықтың құпиясын ашуға күш салған.[3]

Баянауылдағы Қаныш Сәтбаевтың мемориалдық музейіндегі пікірлер кітабында мынадай жазба сақталыпты: «Қаныш Сәтбаев – халқының ұлы баласы, кемеңгер ғалым, белгілі инженер. Қанекенің өмірлік жолындағы әртүрлі буыны өз елін қалай жақсы көру қажет екенін және қалай ынтамен беріліп қызмет етудің үлгісі болды». Бұл сөздерді Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқан болатын.[4]

Ал патриот ғалымның еліне деген махаббатын, туған жері мен халқы туралы сөз қозғалғанда кеудесінде бірден оянатын мақтаныш сезімін өзінің мына сөздерінен-ақ аңғауға болады: «Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігін бостандық сүйгіш қазақ халқы жайлап отыр. Қазақ деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді. Оның сана-сезімінде бұл сөз киелі де ұлы ұғым болып қалыптасқан...».

Дүниежүзі халықтары арасында Қаныш ғұлама ұл туған қазақ елінің мәртебесі биік, бағы бес елі екен. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа берген бағасы - шын жүректен туған әділ баға. Академик В.А.Амбарцумянның сөзімен айтқанда, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев таңғажайып құбылыс болған». Қазақстанның индустриялық даму жолындағы кемеңгерлігі, ғылыми жан-жақтылығы, әлемдік дәрежедегі ойшылдық қабілеті, елдің күш-қуатын арттырудағы орасан еңбегі, үлкен ұйымдастырушылық дарыны, сирек кездесетін адамгершілік қасиеттері оны Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезовтермен қатар халықтың шексіз махаббатына, өшпес құрметіне бөледі. Дарынды қазақ халқы бір ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлының тұлғасы құзар шынға ұқсайды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың арқасында Қазақстан геологиясы өндірістік және іс жүзінде ғана қолданылатын ғылым өлшемі шеңберінен шығып, адамзаттың ой әлемін қозғайтын биік дәрежеге жетті.[1] Сондықтан да оның жарқын бейнесін ХХ ғасырдың ойшыл ғұламаларының арасынан көреміз.

Ол біздің, қазақ деген халықтың, адамзат құрылымының арасында берік тіркелген паспортымыз, мәңгі мақтанышымыз болып қала бермек.

Уа, дариға, алтын бесік туған жер,

Қадіріңді келсем білмей кеше гөр.

Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей

Ақын болмай тасың болсам мен егер, - деп атақты ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктің, махаббаттың, құрметтің жарқын үлгісіне айналған Қаныш Сәтбаев есімін елі мәңгі ардақтайды. Бүтін бір өмірін туған жерінің қарыштап дамуымен қатар, адамзат баласының игілігіне арнаған ғалым ісі - ғылыми жаңалығынан бөлек, мың ұрпаққа пайдасы тиер сәулелі іс, сауабы мол, адамгершілік ісі. Осындай аңыз адамдардың сара жолын жалғап, Отанымыздың қарқынды дамуы үшін, болашақ ұрпаққа сапалы білім беру, Қаныш сияқты білімді азаматтарды тәрбиелеу - біздің ұстаздық парызымыз деп ойлаймын!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ энциклопедиясы. Ұлы тұлғалар тарихы бөлімі. Алматы. [2007]

<https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D2%>

2. Медеу Сәрсек. Қазақтың Қанышы. [2015]

3. Астана. 1 - бөлім. Кенжетай. [2015]

http://engime.org/pars_docs/refs/162/161315/161315.pdf

4. Жас Алаш. 27-28 мамырдағы шығарылым; [2013]

БІР ТУАР ТҰЛҒА

Райымбекова Салия Мухтаровна

*Сәтбаев қаласының №25 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Қаныш Сәтбаев. Бұл есім қазақ ғылымының баламасындай естіледі.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дегенде даланың дархандығы мен ұлылығын, биік парасатын бойына жинаған ғұлама, сан қырлы талант иесі, елім деп еміреніп жан-тәнімен еңбек еткен қайраткер көз алдыма келеді. Ғылым мен қоғамның дамуын әкелген «Сәтбаев кезеңі» бізден алыстаған сайын, атамыздың ұлы ғалым мемлекет пен қоғам қайраткері бейнесі жарқын көз алдымыздан өшпес, өз елінің азаматы мен патриоты ретіндегі тұлғасы биіктеп, айқындала түседі. Оның біздің Отанымыздың дамуы мен гүлденуіне ұшан-теңіз үлес қосты. Оның есімі халқымыздың есінде, әрбір қазақтың жүрегінде мәңгілікке сақталып қалады. Тарихта аты алтын әріптермен жазылады. Ол тек бір ұлттың ғана ауқымына сиятын жан емес, әлемдік деңгейде ой толғаған тұлға болатын. Биыл 12 сәуірде дарынды геолог, тамаша ғалым, академик, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туылғанына 125 жыл толады. Аса көрнекті ғалым және мемлекет қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қызметі, лауазымы және қоғамдағы орны жағынан ерекше оқшауланып тұратын адамдар қатарында. Тек қазақ халқы үшін ғана емес, барлық кеңестер Одағы үшін туған аса ірі геолог, Қазақстанның табиғат байлығын зерттеуші шын мәніндегі дарынды ғалым еді. Қаныш Сәтбаев 1926 жылдан санағанда, табандай 15 жыл бойында Жезқазған-Ұлытау ауданының барлық кен байлығын зерттеді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқаратын өнерпаз болуымен қатар, Қаныш Имантайұлы сол жылдардың өзінде де қазақ халқынан шыққан инженер геологтарды баулып, өсіре жүреді. Ғарышта кіші планеталардың біріне академик Сәтбаев аты берілуі оның өмір жолының ұлылығын дәлелдейді. Жер асты қазына, үсті ырысты құт мекен, жанат қала Жезқазған аты бүгінде әлемнің қай түкпірінде болса да, өзінің теңдесі жоқ қазба байлықтарының арқасында танылып, талайлардың таңдайын қақтырған мысты қала, алтынды қалаға айналуына қарапайым қазақ баласы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жол ашты. Табиғаттың байлығын ел дәулетіне айналуына шын пейілімен, ықылас ниетімен, ақыл парасатымен мақсатты түрде қызмет атқарды. Әйтпесе жусанды, сағым қуған дала төсіндегі кен байлығын жербетіне шығаруды, оны өндіруді, байытуды, ғылыми түрде меңгерудің пайдасы мен қажеттілігін дәл Қаныш атамыздай дәлелдеп, жердің алтын қойнауын қамқорлыққа алып алған ғалым, жанашыр жан ол кісіге дейін болған жоқ. Біздің дәуірімізге дейін V ғасырға дейін өмір сүрген Геродоттың мәліметі бойынша, қазіргі Жезқазған өңірінде масагеттер мен сақтар мекендеген екен. Мәліметке сүйенсек, тіпті масагеттер елі мыс пен алтын молшылығында болыпты, қару-жарақтарының өзі мыстан жасалған. Алайда бұл жердің көне жоғары мәдени тағдыры жалғастық қалдырмай күрт жоғалып кеткен екен. Сәтбаев қаласының қасындағы «Сорқұдықтағы» ертедегі мыс балқыту пешінің орны мен Талдысай елді мекеніндегі археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде табылған ежелгі қала орнының онда Андрон мәдениеті деп аталған кезеңде өмір сүрген біздің ата-бабаларымыздың мал бағып, аң аулап, жер қазып, мыс балқытқанын дәлелдейтін айғақтардың табылуының өзі әлгідегі айтқандарымыздың құр сөз еместігінің, оның нақтылы өмірден алынғанын дәлелдейді. Жезқазған жерінің байлығы бұрыннан-ақ өз деңгейінде белгілі болғаннан білуге болады. Жер астындағы асыл тастар қорының ұшан -теңіз бұл өлкеге осы өмірде өмір сүргендерден бұрын оған сырттан қызыққандар, оның байлығын игеруге, оны жеке бас пайдасына жаратуға ұмтылғандар аз болмаған. Байлыққа кім қызықпаған, арбасын сүйретіп ағылшындар да келіп, алтын, күміс, мыс тапқанынша да, тартқанынша да тасыды. Солдаттармен сары даланы

шарлаған Ушаков тасынды көпес те бұл жерді сатып алып жеке меншігіне айналдыруды армандап алтынға белшесінен батып отыруды қиялына қондырғаны тарих беттерінде жазылып қалған. Демек, жер бетіндегі тіршілік атаулы қалыптасқаннан бері бірге жасасып келе жатқан Жезқазған жезінің тарихта таңбалануы мен тасылуының арасында әдемі бір байланыс бар. Шын мәнінде де сонау тасуңгірде тұрып тіршілік еткен ата-бабалар дәуірінен әрлі-бері өткен саяхатшылар мен саудагерлер, тарихшыларда өз жазбалары мен күнделіктерінде Жезқазған жерін, Ұлытау елін тұнып жатқан қазба байлықтардың отаны деп белгілеп отыруы кейін де осы аймаққа ұлтының қамын жеген Қаныш Сәтбаевтай алтын адамның да назарын өзіне аударды. Баянауыл бөктерінде Тендік жерінде 1899 жылы 12 сәуірде дүниеге келді. Білімге деген құштарлығы ата-анасына бала кезден ақ белгілі болды. Өскеннен кейін Томск шаһарына оқуға баруы, онда оқып жүріп ғұламалар мен жиһанкездер мен саяхатшылардың қолжазбаларымен естеліктерін оқып, танысып тұңғыш рет Ұлытау –Жезқазған аймағын ондағы кен байлықтары бар жерлер бедерленген жерлерді көріп, өзінің алған білімі мен жүрегіннің жылуын осы өлкеге арнауын өзіне мақсат етті. Бүгінде қай жерде, қай елде болса да Жезқазған есімі аталып қалса, ойыңа сөз жоқ Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оралады. Ал ретіне қарай Қаныш есімі аталған жерлерде міндетті түрде Жезқазған, 31 кенді аймақ Кеңгір мен Қарсақбай, Жосалы мен Байқоңыр, ұлан байтақ Ұлытау өңірі ойыңа оралып, көңіліңе қона кетеді. Қаныш атамыздың көңілден де өмірден де дәл солай орын алуы заңды да. Олай дейтініміз қазақ елінің бүгінгі күні аты әлемге танылған Жезқазған сияқты әдемі де айшықты, жасампаз қаланың кеншілер мен металлургтердің құт дарыған қонысына айналуы, сөз жоқ Қаныш есімімен тікелей байланысты. Мысын балқытып, тұрмысын шалқытып жатқан кеншілер мен металлургтер қаласында әдемі ғимаратта тұрғын үйлер мен оқу орындары, әлеуметтік саладағы сәулетті нысандар бүгінгіні ертеңмен жалғап жатқанда Жезқазған үшін Қаныш атамыздың орны тіпті бөлек. Себебі Жезқазған Қаныш Сәтбаевтың өз перзенті. Үлкен Жезқазған үшін Қаныш Имантайұлының атқармаған ісі, тартпаған тауқыметі жоқ. Қазіргі таңда ол зерттеп тапқан өлшеусіз байлық халық игілігіне жарауда данышпан салған сара жолмен талай ұрпаққа үлгі-өнеге болып отыр. Қаныш Сәтбаев жеріміздің астындағы байлықтарды тере жүріп, елінің елді туын биікке шығарды. Жезқазған кен орындарын игеруді басты кезеңдері ХХ ғасырдың жетпісінші жылында Қарсақбай комбинатының бастығы әрі бас геологы Қаныш Сәтбаев еңбек еткен жылдардан және Қарсақбай мыс қорыту зауытында алғашқы Жезқазған мысы алынғаннан кейін басталды. Қаныш Сәтбаевтың жоспарлы түрде жүргізген ғылыми барлау жұмыстарының негізінде 1934 жылды өзінде Кеңестер одағындағы мыс қорында Жезқазған кен орнының үлес салмағы алдыңғы орынға көтерілді. Жезқазған үшін үлкен еңбек сіңірген ғұлама ғалым елімен бірге жасасып келе жатыр. Жезқазғанға қанаттас жатқан қалаға Сәтбаевтың есімі берілген еді. Міне биыл қаламызға елу жыл болды. Сонымен қатар Қарсақбайда оның мұражайы бар. Жезқазған қаласындағы Қаныш есімімен аталатын қазақ орта мектебі жас ұрпақ тәрбиесіне лайықты үлес қосып отыр. Осы мектепте де Қаныш атындағы мұражай жұмыс істеуде. Жезқазған қаласының бір көшесі Қаныш Сәтбаев есімімен аталады. Қанышты сағынып, Қанышқа табынған ел көктемде он екінші сәуірде Жезқазған, Сәтбаев қалаларында ескерткіш тұғырына гүл шоқтарын қойып еске алады. Сонымен қатар Қаныш Сәтбаев ескерткіші Алматы қаласында да бар. Кезінде Жезқазған тау-кен металлургия комбинатына Сәтбаев есімі берілген. Қазіргі кезеңдегі «Қазақмыс» корпорациясының әлем нарығындағы болашаққа нық қадам жасап жүргені Қ.И.Сәтбаевтың жемісті еңбегі. Қаныш Сәтбаев туралы көп айтуға беруге, жаза беруге болады, ол өткен жылдардың геологы емес, ол қазіргі заманның геологы. Студенттік шағында-ақ ғылым мен өндірісті біріктіретін ұлы ғалым ретінде математикалық оқулық жазған. Қаныш Сәтбаев Қазақстандағы кеніштердің көбін ашқан ғалым. Оның ішіндегі ең ірі кеніштердің бірі

саналатын Жезқазғандағы мыс кенішін ашып, елдегі ең үлкен сыйлық-«Ленин» орденін алған. Ал «Жезқазған ауданының руда кеніштері» тақырыбындағы монографиясы үшін Сталин сыйлығын алған. Қаныш Сәтбаев сонымен қатар Семей полигонындағы ядролық сынақтардың сол маңайдағы тұрғындар денсаулығына тигізген әсерін зерттеу мақсатында экспедиция жұмысын ұйымдастырды. Бұл экспедиция 1957 жылдан бастап 1961 жылға дейін жұмыс істеді. Өйткені 1961 жылы Мәскеуде өткен жабық конференцияда төрт жылдық жұмысы барысында жасалған зерттеулердің қорытындыларымен шешімдері ұнамай, экспедицияның жұмысы тоқтатылды. 1980 жылдың соңында бұл экспедицияның қорытындылары жазылған құпия 12 томдық кітап болып шығып, ол антиядролық «Невада-Семей» қозғалысына антиядролық негіз болды. Кейінірек Президент жарлығымен 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигоны жабылды. Қазақстандық геологтардың бәрінде Қаныш Сәтбаевтың шәкірттері десек, қателеспейміз. Қазақта «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген ұлағатты сөздер бар. Қалай болғанда да, қазақ ғылымын көкжиекке көтерген біртуар тұлға, ұлтымыздың асыл перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев салған сара жол келешекте де жас ғалымдарымызды алға жетелей береді деп сенеміз. Ғылым жолында Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері менкүйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да; мәдениет саласында да; тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақанғанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назараудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен бірнеше жылдар бойы жүргізілген тынымсыз еңбектің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец,

Қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс- Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді. Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты; СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кен-металлургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ, Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар.

Туған жерінің геологиясын зерттеуге және минералдық шикізат негізін жасауға өмірін арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске қосты. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарды. 1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғылымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» - деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев: «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» - деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады. Ғалымның еңбектері кен тасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Сарыарқаның металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кен тасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды.

1927-1928 жылдары - Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды таскөмір алабы және Қаратауполиметалл кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған - Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматы Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Ісіне үлкен Ғылыми кадрлар дайындау жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын - Кенді Алтайды, Қаратау

фосфоритін Қостанай мен Жезқазған-Ұлытау өңірлерінде темір, марганец көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері көп. 1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И.Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады. 1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

Қ.И.Сәтбаев - ерекше ұлы тұлға. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР ҰҒА геологиялық ғылымдар институтына, кіші планетаға берілген. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше мен мектеп, ғалымның көптеген ескерткіштері бар. Қ.Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаровтың сөзімен айтсақ, *«Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды»*. Қ.И.Сәтбаевтың жан-жақты білімдарлығына қарап халық онымақтан тұтып: «Қазақтың Ломоносовы» деп атап кетті. Юнесконың шешімімен 1999 жыл Қаныш Сәтбаев жылы деп жарияланды. Осылайша әр ғалымның өз отанына, халқына, білім мен ғылымды дамытуға сіңірген зор еңбегі бағаланып отыр. Мен Қ.И.Сәтбаевтың еңбектері туралы мағлұматты қызығып оқыдым, өзіме көп қызықты ақпарат жинадым, ізденіп, оқыған сайын өзім үшін көп жаңалық аштым. Қ.И.Сәтбаевтың нағыз патриот екеніне көзім жетті. Сәтбаев қаласында тұратынымды әр кез мақтан тұтамын. «Отан – отбасынынан басталады» деп қазақтың мақалына сүйене отырып, бала тәрбиесінде де ғылым көкжиегіндегі алғашқы қазақтан шыққан ғалым Қаныш Имантайұлы туралы әр кез балалардың сана-сезімін оятып, түсіндіру бағытында тәрбие, білім, бағыт-бағдар беруден мұғалімдер қауымы әрқашан қолымыздан келгенше үйретуге дайынбыз. Әр бала Қ.И.Сәтбаев сияқты білімді, алғыр болса, болашағымыз жарқын, аспанымызда көк байрағымыз желбіреп тұрарына кәмілсіз сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Т.7: Н-С, Алматы, 2005 жыл, 728 б.
2. Қаныш аға: жекетұлғаөмірбаяны/Алматы: жазушы, 1989 жыл, 400 б.
3. Тарихи тұлғалар/ Алматы: Алматы кітап, 2006 ж 37 б.
4. Қаныш Сәтбаев-сән қырлы ғалым/Қазақ тілі мен әдебиеті. 2005 жыл .98-99 бб.
5. «Жезқазған газеті»- 2004 жыл
6. «Сарыарқа газеті»-2005 жыл
7. «Класс-tame» газеті-2012

**ГОРНОЕ ДЕЛО И ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ: МЕТАЛЛОГЕНИЧЕСКАЯ И
ПРОГНОЗНАЯ КАРТА МЕСТОРОЖДЕНИЙ В РЕГИОНАХ САРЫАРКА,
РУДНЫЙ АЛТАЙ, КАРАГАНДА,
КАРАТАУ КАНАЛЫ, ИРТЫС-КАРАГАНДА И ДР.**

*Сералиева Мадина Пазылхановна
КТУ Комплекс «Детский сад – школа – гимназия №46*

Уважаемые коллеги!

Хочу обратить ваше внимание на выдающуюся роль великого ученого в развитии Казахстана в области горного дела и естествознания. Великий ученый, работая в области горного дела и естествознания, не только проводил научные исследования, но и разрабатывал методики и технологии, которые позволили определить и картировать месторождения полезных ископаемых в различных регионах Казахстана. Его работа стала основой для создания металлогенической и прогнозной карты, которая сегодня является неотъемлемым инструментом для горнодобывающих компаний и государственных институтов. Карта месторождений, разработанная под руководством великого ученого, не только указывает на местоположение рудных залежей, но и предоставляет важную информацию о их структуре, составе, размерах и прочих характеристиках. Это дает возможность эффективно планировать добычу и использование ресурсов, а также способствует экономическому развитию регионов.

Сегодня я хочу представить вам инновационный метод обучения в области горного дела и естествознания, который может быть применен в школе. Я предлагаю использовать интерактивные образовательные игры на основе металлогенических и прогнозных карт месторождений, чтобы заинтересовать учеников и помочь им лучше понять эту сложную тему.

Эта новаторская методика основана на создании интерактивных образовательных игр, которые позволят ученикам самостоятельно исследовать различные регионы, учиться определять месторождения полезных ископаемых и принимать решения о разработке ресурсов. Игра может зависеть от целей обучения, возраста учеников и доступных технологических ресурсов. Давайте разберем, как это может быть реализовано. Вот один из возможных форматов игры «Открытие сокровищ Земли»

Цель игры: Ученики должны исследовать различные регионы и найти месторождения полезных ископаемых, используя металлогенические и прогнозные карты, а затем принять решения о разработке ресурсов и управлении шахтой.

1. Ученикам будет предложено выбрать регион для исследования из предложенного списка, например, Сарыарка, Рудный Алтай, Караганда и другие.

2. Ученики получают доступ к интерактивной карте выбранного региона, на которой отображены геологические характеристики и металлогенические данные. Они изучают карту, исследуют топографию, горные массивы, реки и другие природные особенности.

3. Ученики будут искать на карте места, где, согласно металлогеническим картам, где вероятнее всего находятся месторождения полезных ископаемых, такие как золото, серебро, железо и др. На этом этапе игры ученики получают доступ к интерактивной карте выбранного региона. Ученики могут масштабировать карту, перемещаться по ней и изучать различные участки региона. Они должны иметь доступ к металлогеническим данным, которые показывают вероятные места наличия месторождений полезных ископаемых.

Этот этап игры позволяет ученикам погрузиться в изучение геологической структуры региона и анализировать данные, необходимые для определения потенциальных месторождений полезных ископаемых. Он развивает навыки работы с

географическими картами, аналитического мышления и самостоятельного исследования.

На основе своего анализа ученики определяют участки, которые кажутся наиболее перспективными для разведки. Они обосновывают свой выбор, объясняя, почему выбранные участки могут содержать месторождения полезных ископаемых, и предлагают стратегии для их дальнейшего исследования.

В завершение этапа ученики принимают решение о том, где начать разведку месторождений. Они могут предложить план действий для проведения геологических исследований на выбранных участках и обсудить возможные риски и выгоды от их разработки.

4. После того как ученики выбрали месторождение, они начинают разведывательные работы. Они могут использовать различные методы, такие как бурение скважин, геохимические анализы и геофизические исследования, чтобы определить масштабы месторождения и его потенциал для добычи. Они должны учитывать экономические, экологические и социальные аспекты, чтобы обеспечить устойчивую и ответственную добычу.

5. В ходе игры ученики будут получать обратную связь о правильности или неправильности своих решений, что поможет им учиться на своих ошибках и совершенствовать свои знания.

Это только один из примеров формата игры, который может быть адаптирован в зависимости от конкретных образовательных целей и потребностей учеников. Важно, чтобы игра была интересной, увлекательной и обеспечивала учебное взаимодействие с материалом.

Давайте рассмотрим, почему этот метод обучения является эффективным и инновационным:

- Игровой формат стимулирует учеников к активной деятельности и повышает их заинтересованность в учебном процессе. Интерактивные образовательные игры позволяют адаптировать учебный материал под индивидуальные потребности и уровень знаний каждого ученика. Это особенно важно в начальной школе, где уровень подготовки учеников может значительно различаться.

- Использование виртуальных карт и графических материалов позволяет ученикам лучше понять геологические процессы и визуализировать абстрактные концепции.

- Принятие решений в ходе игры требует анализа информации, логического мышления и применения знаний, что способствует развитию критического мышления у учеников.

Участие в игровом процессе позволяет ученикам применить свои знания на практике и увидеть их практическую ценность. Это помогает им лучше запомнить учебный материал и усвоить его на более глубоком уровне.

Интерактивные образовательные игры могут быть использованы как дополнительный ресурс в учебном процессе, помогая учителям сделать занятия более интересными и эффективными. Это особенно важно в условиях современной школы, где внимание учеников часто разбивается на различные занятия и развлечения.

- Для реализации этого метода важно сотрудничать с IT-специалистами, которые могут помочь разработать и адаптировать игровые приложения под нужды учебного процесса.

В заключение, хочу подчеркнуть, что великий ученый своей работой не только внес существенный вклад в развитие горного дела и естествознания в Казахстане, но и оставил неизгладимый след в истории науки этой страны. Его научное наследие продолжает жить и вдохновлять новые поколения на большие достижения. Использование интерактивных образовательных игр на основе

металлогенических и прогнозных карт месторождений представляет собой инновационный подход к обучению горному делу и естествознанию в школе. Этот метод не только поможет ученикам лучше понять сложные концепции, но и развивать критическое мышление и навыки принятия решений.

Спасибо за внимание!

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1.Иванова Е.А., Мир горных пород. 2018
- 2.Сидоров П.И., Загадки Земли: Что мы изучаем в геологии? 2019
3. Баранов С.Н., Открытие месторождений полезных ископаемых. 2020

ВЕЛИКИЙ ХИМИК УРОЖЕНЕЦ К.И.САТПАЕВА БЕКТУРОВ АБИКЕН БЕКТУРОВИЧ

Тапшиева Ырысалды Жомартовна

Преподаватель химии, колледж информационных технологий

Начну с того, что это была моя мечта, написать статью, и это моя первая статья за мою педагогическую деятельность, именно про этого замечательного ученого, тем более он химик также как и я, поэтому я сочла за честь написать все что знаю, и хочу чтобы нынешняя молодежь и не только, но и взрослые люди, знали и гордились этим великим человеком.

В этом году исполнилось 123 года великому ученому химику из Павлодарского края Бектурову Абикену Бектурову. Не все павлодарцы а тем более молодежь знают имя этого ученого, академика АН КазССР, доктора технических наук, профессора, заслуженного деятеля науки и техники Казахской ССР, и как химика оставившего огромный вклад в развитие химической промышленности.

Родился Абикен Бектуров 25 декабря 1901 года в селе Баянаул Павлодарской области. Еще с юного возраста стремление к знаниям стало главной чертой характера будущего ученого, он рано освоил грамоту, в 16 лет работал землемером гидротехнического отдела Павлодарского уездного земельного управления, после он учился на рабочем факультете Наркомпроса РСФСР в город Омск. В 1928 году Абикен Бектурович поступает в Сибирский институт сельского хозяйства по специальности «агроном-механизатор». В этом же году он поступает в аспирантуру Среднеазиатского государственного университета на кафедру физической химии. В 1935 году А. Бектуров успешно защищает диссертацию на соискание ученой степени кандидата химических наук в области неорганической химии. Сразу после защиты диссертации в роли уже кандидата наук и доцент А. Бектуров приглашается на работу в Казахский государственный университет, где назначается заведующим кафедрой общей и неорганической химии и одновременно – деканом химического факультета. В университете читает лекции по основным и специальным курсам «Физико-химические основы исследования неорганических соединений», «Строение вещества», руководил курсовыми и дипломными работами. [1. С. 3]

Отличительной особенностью научных работ Бектурова и его учеников была прямая направленность на решение запросов химической промышленности. Основные научные направления были посвящены минеральным удобрениям, химии переработки минеральных солей и технологии фосфоритов.

А. Бектуров провел множество исследований, благодаря которым впервые в мировой практике были внедрены новые методы получения фосфатов, а также производство новых удобрений, отличающихся высоким содержанием питательных веществ.

В 1942 году А. Бектуров возглавляет лабораторию химико-металлургического института Филиала Академии наук СССР, что значительно расширило его возможности в проведении научных исследований по химии.

В 1945 году А. Бектуров защищает докторскую диссертацию и становится первым казахским доктором технических наук.

В 1946 году академик Абикен Бектуров участвует в создании Академии наук Казахской ССР, организывает Институт химических наук и становится его первым директором. Абикен Бектурович был человеком государственного масштаба мышления, и его многочисленные проблемные статьи о развитии химической науки и химической промышленности в стране способствовали формированию государственного подхода к их развитию. А страна высоко оценила вклад академика Бектурова в науку и образование: он был награжден орденами Ленина, Октябрьской Революции, «Знак Почета», множеством медалей и грамот, в 1946 году ему было присвоено звание заслуженного работника науки Казахской ССР. [1.С.11]

Если подвести свод научных трудов в исследовании деятельности А.Б. Бектурова, то основные работы его посвящены химии и технологии производства минеральных удобрений переработки минеральных солей:

Исследование химии и химической технологии термофосфатов. Алма-Ата, 1947.

Распределение микроэлементов в водоемах Казахстана. Алма-Ата, 1971.

Физико-химические основы получения полифосфатных удобрений. Алма-Ата, 1979.

Основы кислотно-солевой переработки фосфоритов Каратау, А., 1990.[2. С. 5]

Умер Абикен Бектурович в 1985 году в городе Алматы. В 1991 году имя академика А.Бектурова присвоено Институту химических наук Академии наук Казахстана. В 2001 году – в год 100-летия со дня рождения А.Бектурова была проведена международный научный симпозиум «А.Бектуров – выдающийся ученый, основатель химической науки и образования в Казахстане». Юбилей отмечался широкой научной общественностью Казахстана, Узбекистана, России, Кыргызстана.

В Павлодарской области хранят благодарную память о выдающемся земляке. Его имя носит одна из центральных улиц областного центра, на территории государственного университета поставлен памятник и учреждена стипендия академика А.Бектурова. В Баянаульском районе на его родине установлен памятник.

От Абикена Бектуровича остался сын который продолжил его труды – Есен Абикенович Бектуров. Родился Есен 14 декабря 1931г. в Ташкенте. Окончил физико-химический факультет КазГУ (1954) и аспирантуру (1957). С 1958г. научный сотрудник, в 1966-1997 гг. заведующий лабораторией Института химических наук им. А.Б.Бектурова. Профессор Института магистратуры и докторантуры КазНПУ им.Абая. Основные научные направления: изучение свойств растворов и комплексообразование линейных полимеров и гидрогелей, катализ полимерами, наночастицы металлов. Создал научную школу по физикохимии полимеров. Доктор химических наук (1972), профессор (1976), член-корреспондент АН Казахской ССР (1983), академик НАН РК (2003). Лауреат Государственной премии Казахской ССР (1987), Заслуженный деятель науки и техники РК (1993). Лауреат Государственной премии РК в области науки и техники имени аль-Фараби (2015). [1. С. 9]

Прошедший 2023 год в АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова» определен как год Абикена Бектуровича Бектурова. В свете этого события были проведены ряд мероприятий. В феврале 2023 года прошла международная конференция. По случаю Юбилея основоположника общей и неорганической химии в КазССР в Институте химических наук имени А.Б. Бектурова состоялось торжественное открытие Музея А.Б. Бектурова. В 2022 году ему исполнилось 90 лет.

С знаменательной датой 90-летием со дня рождения - академика Есена Абикеновича Бектурова поздравил Глава государства - Касым-Жомарт Кемелевич Тоқаев. Традиционно, во многих учебных заведениях проводятся Бектуровские чтения.

Из личного педагогического опыта, работая учителем химии на родине ученого (также это и моя родная земля, родилась я в селе Баянаульского района Машхур Жусуп Копеева) А.Б.Бектурова в поселке Майкаин-Золото Баянаульского района средней общеобразовательной школе № 2, была я одним из участников организации и проведения ежегодной научно-практической конференции посвященной в честь ученого А.Бектурова.

Цель конференции была в формировании исторических знаний у учащихся о великом ученом, оставившем огромный вклад в развитии неорганической химии, которая изучается как раз таки в средней школе.

С этой же целью хочу продолжить эту традицию в стенах Павлодарского колледжа информационных технологий, где в данный момент работаю преподавателем химии.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1.Буркитбаев М. Первопроходец//Казахстанская правда.-2010.-26 марта.-С.15
2. Исабеков Р. Казахстанский Менделеев//Новое время.-2014.-4 декабря.-С.11

ДАРА ДАРЫН

Умирзакова Ақтолқын Нургабыловна

*Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, №27 жалпы білім беру мекемесінің
тарих пәні мұғалімі*

*«Жезқазғанның арғы аты – Ақжал. Кенді
үңгірдің бірін қазғанда самородок сары мыс, жез
көптеп табылыпты. Содан жергілікті халық өз
тіліне аударып, «Жезқазған» атаса керек.*

Өлкетанушы С.Т.Бүкіров

Ұлы Даланың дәл ортасында орналасқан Жезқазған шаһары – ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевтың сөзімен айтсақ – «әлемдегі мысқа бай аймақтардың бірі саналады.Мысты шаһардың іргесі 1954 жылы қаланып, Кеңгір өзені жағасындағы Наушабай ауылының орнына тұрғызылды.

Жезқазған қаласы орналасқан даланың тарихы біздің жыл санауымыздан арғы заманға тамыр тартып жатыр. Ұлытау – Жезқазған өлкесі – көненің бүгінгі жалғасы. Себебі Ұлытауда аты аңызға айналған Абылай хан таққа отырып, Кенесары хан қазақ халқының үш жүзінің басын біріктірген жер.

Жезқазған өңірінің жер асты байлығын ашқан, Қазақстан Ғылым академиясын құрып, тұңғыш басшысы болған, геолог, академик Қ.И.Сәтбаевтың саналы, салиқалы ғұмыры біздің өңірмен тығыз байланысты десе, артық емес.[1,5 бет]

Жезқазғанды Қазақстанда жетік білетін, оның жерінің үсті мен астында не жатқанын шырт ұйқыдан оятып алып сұрасаң, тап басып айтып беретін екі-ақ адам бар. Бірі – Қазақстандағы ілім мен ғылымның бастаушысы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Сәтбаевты білмейтін бұл күнде жер бетінде зиялы адам жоқ. Екіншісі – жезқазғандық тарлан Сүтемген Бүкіров.

Ғалым өз өмірінің жас та қызықты кезеңін Қарсақбай – Жезқазған жерінде өткізген. Бұл жердің киелі топырағы атақты ғалымды, геологияның жарық жұлдызы дәрежесіне дейін көтерсе, оның еселі еңбегі арқасында Сарыарқаның шөл даласында «Үлкен

Жезқазған» деген өндіріс алыбы пайда болды. Оны бүкіл дүние жүзіне танымал еткен де Қарсақбайдың Қанышы.

Геологтың ғылыми еңбектерінің іргетасы Қарсақбайда осы жылдардың ішінде қаланды. Қаныштың өз сөзімен айтсақ, Қарсақбай өзіндік ерекше университет болған мекен. Геология ғылымын Қарсақбайда жүріп дамытып, аз уақыт ішінде одаққа танылды. Ғалым өмірінің осы кезеңі жемісті жылдар болатын.

Жаңа ғана Томскінің институтын бітіріп, инженерлік диплом алған жас маман Атбасар Түсті металдар тресінің қарамағына жіберіліп, жұмысқа жолдама алады. Бұл трест осыдан бір жыл бұрын 1925 жылы ұйымдасқан. Қарсақбайдың салынып жатқан зауыты осы трестің қарамағында болатын. Трест Қанышты геология бөлімінің бастығы етіп тағайындайды. Бұдан бұрын көрмеген Қарсақбайға жету үшін Қаныш Қызылорданың Жосалы станциясына келеді. Ол Қарсақбайға апаратын көлік қатынайтын жалғыз жол еді. Оның үстіне Жосалы Қарсақбай зауытының құрылыс материалдарын жинақтайтын база болып саналатын. Зауытқа қажет барлық материалдар осы жерге түсіріліп, түйе жеккен арбалармен 450 шақырым қашықтықтағы Қарсақбайға жеткізілетін. Жол жүретін шөл далада 18 бекет орналасқан болатын.

Жұмыс орнына жетуге асыққан Қаныш көлік таңдамай Қарсақбайға жүргелі тұрған жүк тиелген бірінші арбаға мініп «Қарсақбай қайдасың?» деп сапарға шығады. Көлік жүргізуші сол уақыттағы Қарсақбай жеріне танымал, Қарсақбай зауытының іргетасын қалаушылардың бірі Шенеу Далабаев еді. Жол жүрген бір жеті бойы Шенеу де Қанышты талай қызық әңгімелерімен сусындатты. Оның ішінде Қарсақбай-Ұлытау жөніндегі тарихи деректер, қызық әңгіме-аңыздар да бар. Олар Қаныштың бұл өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыра түскендей болды.

Қарсақбайдың мыс зауыты – қазақ даласындағы тұңғыш ірі құрылыс қана емес, бүкіл кеңестік мыс өндірісінің алғашқы қарлығашы еді. Қарсақбайға келгеннен кейін Қаныштың ең алғаш танысқан адамы – зауыт директоры И.В.Деев болды. Екеуінің арасындағы осы таныстық достыққа жалғасып, өмірінің соңына дейін ұласты. Қаныштың геологиялық зерттеу жұмыстарына бүкіл дарқан даланың тұрғындары көмектесті. Далада мал баққан ауыл тұрғындары даладан тапқан әртүрлі түсті тастарды ерінбей-жалықпай, ауырсынбай арқалап алып келіп, Қаныштың алдына жайып тастаған.

1929 жылы Қарсақбай комбинаты құрылғанда Қаныш осы комбинаттың бас геологы болып тағайындалды. Қаныш Жезқазған жерінде алғаш терең бұрғылауды пайдаланып, 40-60 метр тереңдікте жатқан мысқа бай кенді таба бастады. Мыспен қатар темір мен марганец, көмір мен алтын, қорғасын мен асбест орындары да картаға түсті. Табылған материалдарды Мәскеу зертханасына өткізіп тұрды. Оған Таисия Алексеевна Кошкина үзбей көмектесті, ол кісі сол жылдары астанада тұратын. [2,7 бет]

Қ.И.Сәтбаевтың геолог – барлаушы ретіндегі қызметі ауданның барлық байлығын кешенді түрде зерттеуге бағытталған. Жезқазғанмен қатар ол Атасу мен Қарсақбайдың темір кенін, Найзатас пен Жездінің темір-марганец кенін, Байқоңырдың көмірін, сондай-ақ басқа да көптеген кендік және кендік емес кен орындарын барлаумен айналысты. [3,36 бет]

Жезқазған рудаларынан шығатын ең негізгі металл – мыс. Сонымен қатар, ол рудаларда күміс, қорғасын, молибден, мышьяк, сурьма, мырыш та бар. Айта кету керек, Жезқазған маңының мыс жөніндегі байлықтары әлі де толық зерттеліп біткен жоқ. Жезқазғанға жақын, Қарағандыдан 600 км қашықтықта орналасқан Қарсақбайдан да темір рудалары табылып отыр. Алдын ала жүргізілген барлауға қарағанда, мұнда бірнеше миллион тонна темір рудасының запасы барлығы анықталды.

Қаныш Қарсақбайға келгенде геологиялық барлау жұмысы жоқтың қасы болса, бірер жылдың ішінде бұрғылардың саны екеуден отызға жетті, оның шекарасы Жезқазғаннан солтүстікке қарай 120-150 шақырымға жылжыды, кейін зерттеу ауқымы

бүкіл Орталық Қазақстан көлемін қамтыды. 1933 жылдың басында комбинаттың геологиялық барлау ұжымында инженер-техниктер мен маман жұмыскерлер саны 500-ден асты.

Қаныштың Қарсақбайдағы өмір жолында қиындықтар да аз болған жоқ. Оның Арқа жерінде ашқан ғылыми деректері мен жаңалықтары Мәскеудегі геологиялық комитеттен қолдау таба алмады. Тіпті кедергі де жасалып бақты. Мәселені Мәскеуде шешу үшін қаңтардағы қатты аязда салт атпен жалғыз өзі Жосалыға жүріп, жолда суыққа шалдығып, ауырып, адасып үш айда Мәскеуге де жетеді. Үкімет деңгейінде Үлкен Жезқазған мәселесін түбегейлі шешеді. [4,2 бет]

Ұлы Қаныш тағдыры – ел тағдыры. Сәтбаев ғұмыры – қазақ зиялылардың ортақ ғұмыры. Ендеше, мол ғұмырды жете біліп, ғибрат алу – үлкен-кішімізге мұрат болғай! Тарих – бұрмалауды көтермейді. Қаныш Сәтбаев геолог бола тұра бүкіл өлкенің, Қазақстанның мәдениеті мен тарихын, ғылымын биік шыңға көтерген дара тұлға.

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес. Отандасымыздың туғанына 125 жыл толуына орай оның еліміздің дамуына, ұлттың инновациялық санасының – Рухани жаңғырудың – қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап кеткен жөн!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Сүтемген Бүкіров «Жезқазғаным менің»/ «Кәусар» баспасы, Нұр-Сұлтан – 2021 жыл;
- 2.Өмірбек Мұқанұлы «Қаныш және Қарсақбай»/ Мысты өңір газеті. 2006 жыл;
- 3.Н.В.Ниретина/Қаныш Сәтбаев/ Алматы, 2011 жыл;
- 4.«Қазақстан түсті металдар қоймасы»/ Мысты өңір газеті. 2005жыл.

Қ. СӘТБАЕВТЫҢ XX Ғ. 20-30 жж. ҚАЗАҚСТАН ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯСЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

*Хамитжанова Багила Амангельдиновна
№ 95 мектеп-лицейінің бастауыш мұғалімі*

XX жылдары Қазақстанда ұйымдастырылған «Атбасарцветмет» тресіне жас инженер Қаныш келді. Олар сондай-ақ тау-кен өнеркәсібінде қарқынды дами бастады. Осы кездегі мақсат-Жезқазған-Атбасар кен орындарын барлау және өндіріске енгізу. Сондықтан жаңа жас инженер алдында Жезқазғанда осы өңірдің барлық қазба байлықтарын (Байқоңыр, Қияқты көмір, Ұлытау мысы, Жезқазғанның сирек металы, мыс) ашу үшін тұрақты геологиялық – барлау экспедициясын құру негізгі мақсаты болды. 1931 жылдың соңында Жезқазған барланған кен қорлары бойынша еліміздің мыс кендерінің арасында 1-ші орынға шықты. Осы уақытта ол Жезқазған – Ұлытау ауданын зерттеумен айналысып қана қоймай, Орталық және Шығыс Қазақстанда барлау жұмыстарын дамытуға белсенді қатысты. Ол темір, мыс, Атасу қорғасыны, Атбасар мысы, Торғай бокситі жедел барлау мен игеру қажеттілігін көрсетті, Орталық Қазақстанда қара металлургия индустриясын құру проблемасын көтерді. Жезқазған өңірінің кен байлықтарын жедел пайдалану үшін еліміздің халық шаруашылығына келесі міндеттер қойылды:

1. Қарағанды көмір бассейнінен және Жезқазғаннан Атасу темасы арқылы темір жол салу;

2. Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысына кірісу;

3. Кешенді геологиялық барлау жұмыстарын жедел дамыту;

4. Жезқазған ауданында ферро – марганец зауытын және басқа да өндірістік орталықтар салу; 5. Болашақ үлкен өндірістік кешенді жылдам сумен қамтамасыз ету. 1937 жылы Қарағанды – Жезқазған темір жолының құрылысы аяқталды, 1938 жылы Жезқазған комбинатын салу туралы Үкімет қаулысы шықты. 1940 жылы Жезқазған – Ұлытау ауданын геологиялық зерттеудегі үздік жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Қанышты Ленин орденімен марапаттады. Көптеген жылдар бойы ол табанды, жігерлі жұмысымен, өндірісті құру жөніндегі жұмысты басқарудағы парасаттылығымен, ауыр өнеркәсіпті (материалдық) минералды шикізатпен қамтамасыз етудегі адалдығымен ерекшеленді[1].

1942 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының төрағасы болып тағайындалды.

1946 жылдың қыркүйегінде КСРО Ғылым Академиясының академигі болып елдің шығыс халықтары өкілдерінің ішінен 1-ші болып сайланды. Ғылым Академиясын басқара отырып, ол ғылымның барлық салаларында жас кадрларды тәрбиелеу мен даярлауды басты мәселе деп санады және оған тікелей қатысты. Ғылыми кадрлардың саны мен сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлді. Ғылым Академиясы жанынан аспирантура құрылып, осы күнге дейін табысты жұмыс жүргізілуде.

1944 жылдан 1970 жылға дейін академия 1500-ге жуық ғылым кандидаттарын, 150-ге жуық ғылым докторларын дайындады. Қаныштың үлкен қамқорлығының арқасында Қазақстанда қандай да бір геологиялық проблемаларды көтеруге және олармен байланысты мәселелерді шешуге қабілетті ғылым докторлары даярланды. Ол үлкен ықыласпен, кеңесшілердің жасына қарамастан бәрін мұқият тыңдады, ақыл-ойымен сөйледі, үлкендермен және кішілермен бірдей сыпайы сөйлесті. Ол уақыттың тығыздығына қарамастан аспиранттармен, студент жастармен жиі сөйлесетін[2].

Аспиранттардың командирі бола отырып, ол студенттердің де әкелік қамқорлығын қабылдап, қазақ тау-кен институтының емтихан комиссиясының төрағасы болды, көптеген жас инженерлерді өмірге жіберді, жастарды оқыта білді, оларға әсер ете білді,

ойларын түсіне білді. Сондықтан 60-70-ші жылдарға дейін дайындалған инженерлер мен ғалымдардың жас буыны өзін үлкен мақтанышпен, үлкен ризашылықпен өзінің оқытушысы, қамқоршысы, қолбасшысы деп санайды. Қ.Сәтбаев көп жазған. Оның қаламына орыс, қазақ, қытай, араб, ағылшын және басқа да тілдерде жарияланған 800-ден астам баспа жұмыстары тиесілі. Академик Қ. И. Сәтбаевтың қызығушылық ауқымы өте кең болды және жаратылыстану ғылымдары шеңберінен шықты. Ол Қазақ тарихының, әдебиетінің, мәдениетінің, этнографиясының, музыкасы мен фольклорының білгірі, оның Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық ізденістері, педагогика мен әдебиет жөніндегі еңбектері баршаға мәлім. Ол М.О. Әуезовтің "Абай жолы" романының маңызын бірінші болып бағалады.

Академик Қ.Сәтпаевты ұлы Абайдың адамгершілік және демократиялық идеялары мен өсиеттерінің ықпалымен XX ғасырдың басында қалыптасқан жоғары білімді қазақ философтарының, саясаткерлерінің, ғалымдары мен педагогтерінің шынайы патриоттық және ағартушылық бастамалары мен тамаша жинақталған істерінің тікелей ізбасары және жалғастырушысы деп батыл айтуға болады. Большевиктік террор жылдарында, оның әріптестері мен аға буынның достары саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған кезде, оның туған ағасы Бөкеш Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейнұлы мен Әбдікәрім Жаминұлы Сәтпаев Сталиндік түрмелерде қуғын-сүргінге ұшырап, қаза тапқан кезде, жас тау-кен инженері Қ.Сәтбаев осы зұлматтан аман-есен өткеніне қуанышты болды. Бірақ Қазақстанда өткізілген «буржуазиялық ұлтшылдар мен жансыз космополиттерге қарсы күрес кампаниясында» 50-жылдардың басында партияны басқарған Қаныш Имантайұлы қуғын-сүргіндерден де тыс қалған жоқ.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұлы ғалымның 90 жылдық мерейтойында: «Сәтбаевқа басқа адамдардан ерекшеленетін көптеген талантты адамдар сияқты өмірде оңай болған жоқ: ғалымның білімі мен батылдығы туралы айтпағанда, ол бірнеше рет өзінің алдына жоғары азаматтық өрлеу қоюға тура келді. Бұдан басқа, ол бізден біржола кеткеннен кейін де, Қазақстан ғылымының Сәтбаев кезеңін үнсіздік аймағына айналдыруға ойластырылмаған әрекеттер жасалды. Бұл алыпты әлсіз ғылыми тұлғаларымен майыстырғысы келетіндердің тектілігі еді».

Қ. И. Сәтбаевтың тікелей қатысуымен геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылды. Бұрын шашыраған геологиялық барлау жұмыстарын бір жерге шоғырландыруға, геологиялық барлау ісінде бытыраңқылықты тоқтатуға, жер қойнауының әртүрлі байлығын жан-жақты және жоспарлы түрде зерделеуге мүмкіндік туды.

Сәтбаевтың басшылығымен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде геологиялық карталар жасалып, олардың негізінде жер қойнауында көптеген пайдалы қазбалар кен орындары ашылды, ал оларды зерттеу, барлау озық әдістермен жүргізілді. Себебі бір кездері қазақ жерін иемденген ағылшындар геологиялық барлау жұмыстарын жүргізбеген, керісінше, бұл үшін кедергі болған. Сондықтан біз биржалық алыпсатарларға тән көбік көріністерінен аулақ болғымыз келеді.

Қ.И. Сәтпаев ғылымның барлық салаларында жас мамандарды дайындауды басты мәселелердің бірі деп санады. Оның өзі олардың тәрбиесіне тікелей қатысты[3].

Ғылым Академиясы жанынан жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлайтын бірнеше ғылыми-зерттеу институттары, табиғат және минералогия мұражайлары, аспирантура мен докторантура құрылып, онда көптеген қабілетті ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары даярланды.

Институт өзінің алғашқы инженерлерін шығарған кезде, Қанекен мемлекеттік емтихан комиссиясын басқарды. Институтты бітірген жас мамандарға сәттілік тілеп, жемісті еңбек тіледі. Кейінгі жылдары бұл жұмысты жалғастырып, өнеркәсіп үшін инженерлік кадрлар даярлауға тікелей қатысты.

Академик Сәтбаевтың қамқорлығымен құрылған бұл институттың мыңдаған түлектері еліміздің барлық өңірлерінде және шет елдерде еңбек етуде. Олар Қ. И. Сәтбаевты үлкен мақтанышпен және ризашылықпен өзінің ұстазы деп санайды.

Қазақстанда бұрын болмаған, ғылымның мүддесін білдіретін ғылымның жаңа салалары мен бағыттарын (металлогения, геотехнология, астрофизика, ядролық физика, радиогеология, өнертану, химия-металлургия, биология, эксперименттік хирургия, зоология, ботаника, археология, физика-математикалық, кибернетика және т.б.) жасауға қатысты. жаңадан құрылған іргелі ғылыми-зерттеу институттарының материалдық-техникалық және рухани базасын құру бойынша дайындық, қажырлы еңбек етті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕРТІЗІМІ:

- 1.Тарихи тұлғалар/құраст.: Б.Тоғысбаев, А. Суджикова.- Алматы: Алматыкітап, 2006. - 37 б.
- 2.Қазақ КСР Ғылым академиясының " Алматы 2009;
- 3.Кеңестік Қазақстан Ғылымы" 1920-1960 Алматы "Ғылым" 2015;

ҚАНЫШ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Шамен Лена

*Астана қаласы, Смағұл Сәдуақасұлы атындағы
№78 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі*

Қаныш Сәтбаев ғалым ретінде Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосып қана қоймай, өзін ғылыми саланың көрнекті ұйымдастырушысы ретінде таныта білді.

Сәтбаев ғылымның жан-жақты дамуы үшін тек ғылыми орталықтар құрып қана қоймай, білікті кадрлар даярлауға да қамқорлық жасау керектігін түсінді. Осы тұрғыда оның Қазақ тау-кен металлургия институтын дамыту туралы бастамасы Қазақстанда кәсіби ғылыми қауымдастықты қалыптастыру жолындағы шешуші қадам болды. Осы институттың арқасында еліміз тау-кен машина жасау және металлургия саласындағы өзінің бірінші буынын жоғары білікті мамандарды алып, іргелес салалардың дамуына үлес қосты.

1920–1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақбай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941–1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған. 1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қалжыңдап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ. Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады.

Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Жезқазған кенметаллургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат

қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған.

Сәтбаев білім және ғылым мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Оның Қазақстандағы тұңғыш жоғары техникалық оқу орнын құрудағы талпынысы ел жастары үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл қадам техникалық интеллигенцияның дамуына ықпал етіп қана қоймай, қазақстандық білім беру тарихындағы маңызды кезең болды.

Сәтбаев ғылымның техникалық және мәдени прогреске жәрдемдесу арқылы қоғамға қызмет етуі керек екеніне сенімді болды. Оның ғылыми саланы ұйымдастырушы ретіндегі қызметі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына орасан зор ықпал етті. Оның күш-жігерінің арқасында қазақ ғылымының әлемдік ғылыми қоғамдастыққа кірігуінің негізі қаланды, бұл еліміздің ғылым әлеміндегі халықаралық беделінің өсуіне ықпал етті [1].

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасы Қазақстан және одан тысқары жерлерде ғылымның даму тарихында өшпес із қалдырды. Оның геологиядағы жұмысы, зерттеу әдістемесін әзірлеу, іргелі ғылым мен металлогендік болжамдар бүкіл әлем ғалымдарын шабыттандырады. Сәтбаев ғылымға өз үлесін қосып қана қойған жоқ, ол іс жүзінде геологиялық зерттеулердің бүгінгі күні дамып келе жатқан тұтас бір бағытының негізін қалады.

Сәтбаевтың зерттеу әдістемесін жасауы ғылым әлеміндегі нағыз серпіліс болды. Ол геологиялық деректерді талдаудың жүйелі тәсілін енгізді, бұл пайдалы қазбалардың орналасуын дәлірек болжауға ғана емес, сонымен қатар геологиялық барлаудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Оның геологиялық ақпаратты талдау және түсіндіру әдістері кейінгі көптеген зерттеулер мен жаңалықтарға негіз болды [2].

Сәтбаевтың ғылыми мұрасында оның іргелі еңбектері мен металлогендік болжамдары ерекше орын алады. Оның зерттеулерінің арқасында Қазақстандағы ең ірі пайдалы қазбалар кен орындары ашылып, зерттеліп, еліміздің экономикалық дамуына зор ықпал етті. Сәтбаев Қазақстанның тау-кен өнеркәсібі саласында орасан зор әлеуетке ие екенін дәлелдей білді және оның осы бағыттағы жұмысы елге пайдалы қазбаларды ірі өндірушілердің бірі ретінде әлемге даңқ әкелді.

Сәтбаевтың ғылыми еңбектерінің геология ғылымының дамуына ықпалын бағаламау қиын. Оның зерттеулері мен әдістемелік әзірлемелері көптеген заманауи геологиялық теориялар мен тәжірибелердің негізін құрады. Оның күш-жігерінің арқасында Қазақстан геологиясы әлемдік деңгейге көтеріліп, Сәтбаев жасаған зерттеу әдістерін дүние жүзі ғалымдары қолдануда.

Сәтбаевтың ғылыми қызметінің маңызды аспектілерінің бірі Қазақстанда ғылыми мектептің қалыптасуы және ғылыми мәдениеттің енгізілуі болды. Ол көрнекті ғалымдардың тұтас бір буынын дайындап қана қоймай, еліміздегі ғылыми ортаны дамытуға бар күш-жігерін салды. Сәтбаев ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар ұйымдастыруға, әртүрлі мамандықтағы ғалымдардың білім және тәжірибе алмасу алаңын құруға белсене араласты [3].

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды. Оның еңбектері зерттеліп, тың ғылыми жаңалықтарға негіз ретінде пайдаланылуда. Сәтбаев артына ауқымды ғылыми мұрағат қалдырып қана қойған жоқ, өз жұмысын

жалғастырушы ғалымдардың ұрпақ сабақтастығы түрінде өміршең мұра қалдырды. Оның еңбектерінен жас зерттеушілер алған шабыт Сәтбаев есімінің тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл дүние жүзінің ғылым тарихында мәңгі қалатынын растайды.

Қаныш Сәтбаевтың мұрасы Қазақстанның жас ғалымдарының жүрегі мен санасында өмір сүріп, оларды ғылым мен техникада жаңа белестерге жетуге ынталандыруда. Оның өмірі мен қызметі қажырлы еңбек, ғылымға берілгендік, еліне деген сенім халық өмірінде елеулі өзгерістер мен жақсартуларға әкелетінін еске салады. Сәтбаев артына тек ғылыми жетістіктер ғана емес, білімге, жанашылдыққа ұмтылған ұрпаққа құдіретті шабыт қалдырды. Оның мұрасы – көп жылдар бойы Қазақстанның дамуына үлес қосатын қымбат ресурс.[4].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдуллин З.Х. Қазақстан тарихы: көне дәуірден бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Аруна, 2015. – 256 б.
2. Мұхамеджанова Б.С. Қазақстан ғылымының дамуы: академик Қ.И. Сәтбаева. – Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2018. – 184 б.
3. Нұрғалиева Л.А. Қазақстан геологиясы: Қ.Сәтбаевтың негізгі даму кезеңдері мен қосқан үлесі. – Алматы: КазГео, 2019. – 210 б.
4. Сапарова Д.Ы. Қ.Сәтбаевтың ғылыми зерттеулерінің Қазақстанды индустрияландыруға әсері. – Алматы: Ғылым, 2020. – 134 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Шамиатова Ақжан Шамиатовна
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі*

Академик Қ.И.Сәтбаев ғылымнан барынша хабардар, ғылым мен өндірістің ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға, республиканың өндіргіш күштерін, экономикасы мен мәдениетін дамытуға адал ниетпен елеулі еңбек етті. Білім мен ғылымның осындай жаңалықтарын насихаттау үшін құрылған «білім» қоғамының көрнекті ұйымдастырушыларының бірі Қаныш болды. Осыған байланысты ол ғылым мен өнердің, мәдениет пен тарихтың іргелі мәселелеріне негізделген баяндамалар жасады. Ұлы адам өзінің кішіпейілділігінде ел тағдырына, уақыт тілектеріне байланысты маңызды мәселелерді ашық түрде қозғап, олар туралы ең құнды пікірлер айтты. Қаныш ұлы ғалым ғана емес, сонымен қатар көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болды.

Жоқ бағындырудың жаңа ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін тәуелсіз Қазақстан әрең жетеді, экономикалық және мәдени өркендеу. Ал бұл жас қазақстандықтардың өз ғылымының тарихына және оның даңқты есімдеріне, бүкіл әлемде инженерлік-техникалық шығармашылықты мойындаған ұлы ғалым және ғылымды ұйымдастырушы тұлғасына үлкен қызығушылық тудыратыны сөзсіз, өйткені Қаныш Сәтбаевтың өмірі-Отанымыздың болашағының, халқымыздың игілігі үшін аянбай еңбек етудің тамаша үлгісі[1].

Ембі мұнайын мұнай-химия синтезі және полимерлер алу үшін зерттеуді ұйымдастырудың артықшылықтары туралы дәлелді деректерді келтірді және көп ұзамай жоғары молекулалық қосылыстар химиясы мен полимерлер өнеркәсібі лайықты орын алатын Қазақстандағы химияның даму перспективаларын сипаттады. Қаныштың жеке мұрағатында орыс тілінде 534 ғылыми еңбек, 641 ғылыми еңбек, қазақ тілінде 98 ғылыми еңбек және мақалалар бар.

Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін геологиялық барлау мамандығы бойынша бітірген Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералды ресурстары мен кен кендерінің генеалогиясын зерттеуге арналған[2].

Оның іздері геологияда да, ғылымда да, мәдениет саласында да, тарихта да байқалады. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында, жағдайдың ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым Академиясының ұйымдастыру жұмысының жетекшісі және оның ісіне батыл қатысуы көрегендіктің белгісі болды. Ол қалдырған бай ғылыми мұралардың ішінде оның Жезқазған кендері туралы зерттеулері, Сарыарқаның металлогендік және болжамдық карталары бойынша еңбектері ерекше маңызды. Жезқазғанды ірі мыс-кен аудандарының қатарына жатқызған кезде бұл кеніш жоспарлы кең ауқымды барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын іріобъект болып табылатынын дәлелдеген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Ол сондай-ақ, Сарыарқа, Кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау сияқты минералдық шикізатқа бай өңірлерге ерекше назараударды, стратиграфия, тектоника, құрылыс, металлогения, неохимия және олардың кендерінің пайда болуы туралы маңызды ғылыми тұжырымдар жасады, ғылымға формациялық металлогендік талдаудың кешенді әдісін енгізді.

Қ.И. Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда өмірінің 65-ші жылында ауыр және ұзақ науқастан кейін қайтыс болды.

Қаныш Имантайұлының қаламына бүгінде 538 баспа жұмыстары мен мақалалары мен жарияланбаған қолжазбалары тиесілі. Қ.И.Сәтбаев бастаған көптеген жұмыстар аяқталмай қалды. Оның шәкірттері мен ізбасарларының міндеті – ол ойлаған зерттеулерді аяғына дейін жеткізу және тамаша адам және үлкен ғалым, академик Қ.И. Сәтбаев дәйекті пайдаланған құбылыстардың мәніне терең ену, кешенділік, анықтық принциптерін басшылыққа алуды жалғастыру[3].

Бүгінде атақты ғалым, өз халқының шынайы патриоты Қаныш Имантайұлы есімінің Жұлдызды әлемдегі кіші ғаламшар, Қарағанды облысындағы қала, Қазақстан ұлттық техникалық университеті бар, ол Қазақстанның минералы, мұздығы мен тау шыңы, көшелері, кәсіпорындары мен мекемелері атауларында мәңгі сақталған, Сәтбаевтың халықаралық қоры жұмыс істейді, оның атындағы сыйлық пен стипендия тағайындалған. 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шешімімен 1999 жыл Сәтбаев Қаныш Имантайұлы жылы болып жарияланды.

Кіші отанында ұлы жерлесті құрметтейді және еске алады. Павлодар облысында ауыл, көшелер, мектептер академиктің есімімен аталады, оның көптеген бюсттері мен ескерткіштері бар, жыл сайын жас ғалымдар, студенттер мен оқушылар қатысатын «Сәтбаев оқулары» ғылыми конференциялары өткізіледі.[2]

Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы облыстық ғылыми кітапханасында Қаныш Имантайұлының өмірі мен қызметі туралы құжаттар мен материалдар жинақталған «Академик Қаныш Сәтбаев залы» жұмыс істейді.

Қаныш Сәтбаев айтқандай: «Құдай қазақ жерін сырттан қазылық еткен жоқ. Адам өзінің білімімен және еңбегімен өз бақытын өзі құруы үшін ол санасыз байлықты ішіне жасырған», ал Сәтбаев өзі ұрпақтар үшін бақыт жолын салған. 1946 жылдың бірінші маусым күні қазақ халқының тарихынан ерекше орын алатын күн болып қалады. Бұл күні сүйікті астанамыз Алматы қаласында тұңғыш Қазақ Ғылым академиясының I құрылтай сессиясы болып өтті.

Біздің заманымызға дейінгі дәуірдің IV ғасырының соңғы кезінде ескі Грек елінде Платон деген атақты оқымысты болған. Оның түрлі ғылымдарды зерттеп дамытатын өз алдына мектебі болған, сол мектебін «академия» деп атаған. Содан бері «академия» деген сөз жер жүзіне тарап, ғылыми мекемелерді, кейбір жоғары дәрежелі оқу орындарын «академия» деп атайтын болып кеткен. Бірте-бірте «академия» деген сөз кең ұғымға ие болды. Мәдениеті өсіп-өркендеген Еуропа елдерінің бірталайында XVI-XVII

ғасырларда ғылымның барлық тарауларын қамтитын олардың басын қосып, дамуына жол сілтеп отыратын ғылым ордалары – ғылым академиялары ашылды. Ресейде Ғылым академиясы бірінші Петр патшаның тұсында, 1725 жылы ұйымдастырылды.

Академияны басқаруға ғалымдардан президент, вице-президент (президенттің орынбасары) сайланады. Ғылым академиясының толық мүшелері, құрметті мүшелері, корреспондент мүшелері болды.

Кеңес үкіметі тұсында одақтық ұлт республикаларында да өз алдына академия, немесе академияның филиалдары (бөлімшелер) ұйымдастырылды. Соның бірі болып 1932 жылы Қазақстан Одақтық Ғылым академиясының филиалы құрылды. Қазір Қазақ Ғылым академиясының 75 ғылым доктор мен профессоры, 187 ғылым кандидаты мен доценті, 188 аспиранты бар. Бұлардың көбі қазақ халқынан шыққан оқымыстылар. Бұл – қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің шарықтап өскендігінің айқын белгісі. [3]

Ғылым академиясының Қазақ филиалының қазақ Ғылым академиясына айналдырылуы тек оның атын өзгерткендік емес, Қазақстанда ғылымның сапасы жағынан ерекше алға басқандығы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш Сәтбаев. Балалық шақ естеліктері. Алматы, 1970 ж.
2. Қазақтың ұлы ғұламалары. Алматы, 1993 ж.
3. Қаныш Сәтбаев – Ұлы геолог, Алматы, 1994 ж.
4. М. Нұрпейісова. Тұңғыш Академик. Ана тілі № 10. 2022 ж.
5. Ә. Марғұлан «Қаныш бейнесі біздің жүрегімізде» Алматы, 1965 ж.

125 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ КАНЫША ИМАНТАЕВИЧА САТПАЕВА

Бектасова Сара Рустемовна

*Центр по выявлению и поддержке одаренных детей
и талантливой молодежи «Астана дарыны»*

Каждый год оставляет свой след в памяти нашего народа. 2024 год тоже не стал исключением, он ознаменован юбилейной датой со дня рождения одного из великих людей нашего народа, который вложил огромный вклад в развитие науки, промышленности, литературы – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева.

Именно с этим человеком ассоциируется слово «первый». Он первый составитель школьного учебника алгебры на казахском языке, первым профессиональным инженером-геологом среди казахов, первым казахом-академиком АН СССР, первым президентом и основателем Академии наук Казахстана, первым директором Института геологии АН КазССР, первым в Казахстане лауреатом Государственной и Ленинской премий.

Имя К. И. Сатпаева навечно вписано в историческое развитие нашего государства, он выдающийся ученый-геолог, незаурядный организатор науки, крупный государственный и общественный деятель. Величие академика К. Сатпаева бесспорно! Эрудит, обладавший энциклопедическими знаниями во многих областях науки, Сатпаев развил в стране интеллектуальный, научный потенциал, благодаря чему казахстанское общество стало интеллектуально-научным и профессиональным. Современные молодые ученые ставят себе в пример великого учёного, который и заложил развитие сегодняшнего инновационного и научного резерва нашего народа, нашей молодежи и нашей страны.

К.И. Сатпаев изменил историю подготовки профессиональных кадров. В середине 30-х годов прошлого века общество Казахстана было грамотным и просвещённым, однако подготовка любых профессиональных инженерных кадров велась в России или Узбекистане, а наука была уделом только приезжих московских и ленинградских ученых. Эту ситуацию изменил наш великий ученый.

Свой трудовой путь молодой инженер-геолог Каныш Сатпаев начинает в 1927 году на Карсакапском медном разрезе при отсутствии местных профессиональных кадров, недостатке финансирования и на оставшемся в наследство от английских концессионеров оборудовании. Через 3 года, к началу 1930-го научно подтверждается факт, что несколько открытых его группой разрозненных медных месторождений являются одним большим Джекказганским месторождением меди, крупнейшим в мире, с запасами не менее 2 млн тонн. Позднее выходит его первая основополагающая научная статья «К проблеме большого Джекказгана» («Народное хозяйство Казахстана», 1936. – № 1-2. – С. 74-83).

Пример самоотверженного профессионального научного подхода и реализация практической задачи - открытие Большого Джекказгана, которое навсегда изменило облик Центрального Казахстана и нашей страны в целом. Скрупулезная работа по анализу научных данных, геологических исследований, анализ исторических источников - так работал Каныш Сатпаев с самого начала своего профессионального пути, находясь за тысячи километров от цивилизации, благ большого города.

Потрясающее научное чутьё учёного всегда восхищало его соратников и последователей. На основе отдельных научных фактов учёному удалось сделать аналитическое обобщение: «Большой Джекказган не является единственным объектом. В пределах Джекказганского района имеются достаточно крупные запасы железных, железно-марганцевых руд, позволяющих намечать добычу этих руд в крупных масштабах». Это открытие сыграет огромную роль в сохранении сталелитейной промышленности Союза в годы Второй мировой войны, внося свой вклад в общую победу.

Студенты одного из передовых высших учебных заведений с гордостью говорят о том, что обучаются в ВУЗе имени К. Сатпаева, в нем подготавливают собственные профессиональные кадры, в том числе для растущей горно-металлургической и геологической промышленности страны. Открытие Казахского горно-металлургического института (КазГМИ), больше известного в стране как Политех (ныне Казахский национальный исследовательский технический университет им К.И. Сатпаева) связано с началом финансирования развития Джекказгана – строительства медеплавильного комбината, водохранилища и прокладки железной дороги. Это событие и явилось предпосылкой для создания в стране в 1934 году первого высшего технического учебного заведения.

Профессиональная подготовка инженерных кадров высшего звена, заложенная в КазГМИ, обеспечила потребность республики в профессионалах и стала фундаментом формирования первых казахских научных кадров. Дальнозоркость К. Сатпаева в формировании инженерно-интеллектуальной и научной элиты горно-металлургического сектора страны – яркое свидетельство его организаторских качеств и научного предвидения. Это направление позволило создать в 1940 году первый казахский научный центр на базе Института геологических наук. Позднее с вовлечением смежных областей науки на базе академического филиала АН СССР была создана в 1946 году Казахская Национальная Академия наук.

Систематические и углублённые исследования на обширной территории Центрального и Восточного Казахстана, проведённые научными группами казахстанских геологов под руководством К. Сатпаева, с использованием самых

современных технических средств, привели его в начале 1950-х годов к аналитической систематизации имеющихся данных по созданию геологических карт Казахстана.

Успешное открытие на территории нашей страны новых богатых месторождений металлических руд с использованием первых систематизированных металлогенических карт Казахстана – это научное предвидение К. И. Сатпаева, экстраполяция и умелое прогнозирование данных. Систематизация разрозненных фактологических региональных данных в единую комплексно-геологическую карту Центрального Казахстана позволила К. Сатпаеву выработать фундаментальные и универсальные научные положения о закономерностях пространственного расположения месторождений.

Главная заслуга Сатпаева как учёного заключается в его колоссальном вкладе в развитие геологических исследований в Казахстане. Хорошо известно, что под его непосредственным руководством начались разработки крупнейших медных, железных и марганцевых залежей. Но важнее всего его роль в качественном перевоплощении Казахстана из аграрной в индустриально-научно-интеллектуальную страну. Неоценим вклад академика Каныша Сатпаева и во внедрение научной культуры и методологических подходов в сфере науки, которые являются примером для систематизированной исследовательской работы нынешних поколений научных работников Казахстана и молодёжи, интересующейся наукой.

Государственная программа «Рухани жаңғыру» напоминает о неоценимом вкладе Каныша Имантаевича Сатпаева в развитие страны, научной мысли, интеллектуального и духовного потенциала народа Казахстана. инновационного сознания нации в рамках.

Важно отметить и связь знаменательной даты – 125-летия со дня рождения великого учёного – с отмечаемым в этом году 90-летием Казахского национального исследовательского технического университета им К.И. Сатпаева. Именно с Горно-металлургического института, инициатором создания которого был Сатпаев, берёт своё начало высшее профессиональное и инженерное образование Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Народное хозяйство Казахстана, 1936
2. Советская геология, 1957
3. Известия АН КазССР, 1955
4. Вестник АН КазССР, 1962

ВКЛАД КАНЫША САТПАЕВА В МУЗЫКУ. УВЛЕЧЕНИЕ КАНЫША САТПАЕВА ПЕНИЕМ

*Абдрахманова Жанат Кайдауловна
Учитель русского языка и литературы
школа-лицей имени Каныша Сатпаева, г. Астана*

Одаренный, талантливый и трудолюбивый Каныш Имантаулы стал образцом для подражания для граждан процветающей страны в 21 веке. Каныш – общелюбимый народом учёный, уникальный человек, большой талант, потративший свои знания на благо страны. Именно поэтому его улыбающееся лицо и яркий образ являются драгоценным сокровищем для молодого поколения.

Когда Каныш Имантаулы учился в Семейской семинарии (1914-1918), в этой семинарии учился и Мухтар Ауэзов. Помимо учебы, они регулярно ходят в географическое общество, где слушают лекции по истории Казахстана, Абая, Чокана, Ф. М. Достоевского. Совместно с обществом географии они организуют казахские развлечения в театрах города.

Каныш Имантаулы был всесторонним. Он пел песни Павлодара и Семипалатинска. Его страсть к пению, вероятно, является чертой, унаследованной от деда Сатбая и отца Имантая. Каныш с юных лет рос, слушая казахские песни и был знаком со многими певцами своего времени. Знал с детства Жаяу Мусу и Естая. Выучил песни Мусы. Каныш Имантаулы, выросший, впитывая душевные и освежающие мелодии баянаульских песен, поначалу играл на бубне и пел свои любимые песни «Бір Бала», «Макпал», «Салайын». Каныш Сатпаев прекрасно знал историю этих песен и умело о них рассказывал. Одной из таких любимых песен Каныша является песня «Буркутбай» Мусы, потомка Едиге Би. [1]

Для исследователей истории общего казахского искусства, музыки и театрального искусства научная ценность статей К. Сатпаева «Вечер народов в объеме», опубликованных в 1916 году в газете «Қазақ тілі», «О национальном театре Казахстана», опубликованных в «Еңбекші қазақ» в 1927 году, опубликованных в «Казахстанской правде» в 1944 году, «Ждем фильмов о Казахстане» и т. д. 13 января 1926 года в городе Кызылорде был открыт первый казахский национальный театр. Академик К. И. Сатпаев написал статью под названием «Национальный театр Казахстана», где сделал подробный анализ достижений и недостатков этого театра. В этой статье он отметил: «У казахского народа много разнообразной и очень богатой народной музыки. «Казахский народ создал множество мелодий и песен, в которых изображена человеческая любовь, мужество, различные чувства». Эта работа важна и по сей день как первое теоретическое исследование казахского искусства. Правда, Жумат Шанин, чье режиссерское искусство оценено в статье, Курманбек Жандарбеков, Калибек Куанышбеков, творческие способности которых подробно анализируются, впоследствии стали крупными фигурами, поднявшими уровень казахского искусства. В юности Каныш также сочинял красивые песни и собирал народные музыкальные композиции. Александру Затаевичу, собирающему казахское песенное наследие, было вручено двадцать пять казахских песен Каныша Сатпаева. Они были опубликованы в трудах известного музыковеда «500 казахских песен и настроений» и «1000 песен казахского народа», изданных в Москве в 1931 году. Затаевич оценил талант Сатпаева как знатока казахских народных песен и хорошего исполнителя.

Каныш Сатпаев – молодой казахский инженер, окончивший Томский технологический институт. Он прекрасно знает и поет песни родного края, причем не только дал ценную информацию о мелодике песен этого сборника, но и предоставил

русский перевод песен со словами. А.В. Затаевич оставил после себя богатое наследие. И это наследие было передано в фонд Академии наук Казахской ССР. [2]

Вклад Сатпева в историю музыкального искусства широко упоминается в статьях таких ученых, как А. Жубанов, Б. Ерзакович, а также в труде «История казахского театра».

Известный искусствовед и композитор А.К. Жубанов заявил: «Каныш Имантайулы никогда не терял своего покровительства в области искусства. В 1965 году в своем отчете он представил открытие художественного института в составе Академии. Научно доказано, что это необходимо для нашей жизни. Он пояснил, что наше искусство, растущее с каждым днем, нуждается в научном обосновании... Творчество Каныша в контексте Казахстана бесподобно по размаху и смыслу. Помимо того, что осталось у него, многое осталось и для нас».

В 1914-1918 годах, учась в учительской семинарии в Семипалатинске, К.И. Сатпаев находится в компании интеллектуалов, вместе с которыми участвует в общественной и культурной жизни города. Возьмем в качестве примера документ 1915 года, о котором до недавнего времени не упоминалось. Потому что первый шаг шестнадцатилетнего семинариста в общественную, культурную и литературную жизнь будущего ученого был зафиксирован на печатной странице впервые. Причина, по которой этот документ долгое время был закрыт, заключается в том, что в нем упоминается имя известного писателя Жусипбека Аймаутова, подвергнувшегося преследованиям, а затем оправданного.

Будущий писатель Жусипбек Аймауытов, обучаясь в Семипалатинской учительской семинарии, знакомится с Канышем Сатпаевым. Они оба выступают на сцене, один играет на домбре, другой на мандолине. Каныш принял участие в нескольких сценках и прочитал стихотворение «Бұлбұл мен есек» перевод Абая из басни Крылова.

А.Х.Маргулан писал: «Свободное время студент Каныш посвящает одному делу, обогащая свой ум. Он много времени проводил в богатой библиотеке университета, внимательно читая письменные данные по истории, этнографии и литературе казахского народа. Он пишет о них несколько статей и готовит к публикации образцы литературы. По инициативе Каныша в Томском университете открыт исследовательский кружок по изучению восточной культуры, в нем участвуют студенты, обучающиеся в Томске. Группа заслушала доклады по народной литературе, этнографии и истории якутских, бурятских, хакасских и тунгусских стран. Сам Каныш в этом кружке выступает с несколькими докладами о казахской литературе и этнографии. Кроме того, по поручению кружка он неоднократно устраивал увеселительные вечера, на которых ему удавалось хорошо исполнять песни каждого народа. Об одной из таких партий написал статью К. И. Сатпаев. Статья Каныша Имантайулы «Вечер народов в Томске» была опубликована в номере газеты «Қазақ тілі» от 26 мая 1926 года. В данной статье описывается вечер, посвященный песням и обычаям нескольких народов – казахского, бурятского, якутского, ойратского, шорского, башкирского и других народностей, который был организован впервые в далеком городе за пределами казахской территории. Вечеринка состоялась 10 апреля 1926 года. Было время, когда К. И. Сатпаев готовился заканчивать последний курс технологического института в Томске, защищать кандидатскую диссертацию. В статье упоминаются казахские традиции, песни и их особенности на вечеринке. В прямом эфире были показаны обряды «шашу» молодоженов казахского народа, такие как «беташар». Прозвучали песни из казахских стихов: «Екі жирен», «Бір күн көшіп дүние» (в исполнении Галымтая Сатпаулы), «Қара торғай», «Еркем» (в исполнении Омара Толбайулы). В выборе обрядов қарсы алу, шашу, беташара для новоприбывшей невесты по казахской традиции заключено немало тайн и значения. Смысл, содержание и текст ряда казахских стихотворений были переведены и записаны впервые, а особенности их исполнения под аккомпанемент

фортепиано легко понять и сейчас. Студент-инженер Каныш Имантаулы увидел одновременный подъем науки и искусства. Само собой разумеется, что уже тогда цель считалась задачей. [3]

Уважение Каныша Имантаулы к певческому искусству является примером для сегодняшнего поколения.

Каныш Имантаулы Сатпаев, ученый и общественный деятель, скончался 31 января 1964 года во время лечения в Кремлевской больнице в Москве.

Каныш-ага не ушел из мира, как эпоха кочевников, его гуманный и высокий гражданский характер никогда не покинет сердца людей, великая работа, которую он сделал для страны, сокровища науки, которые он оставил в наследство своему поколению, останутся в народной памяти и истории навсегда. Его почетное и дорогое имя навсегда останется в памяти казахстанцев.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Медеу Сарсеке. Жизнь замечательных людей «Сатпаев», г. Москва, «Молодая гвардия», 2003;
2. Энциклопедия «Баянаул өңірі»;
3. «Аңыз адам» № 13(19) июля 2012 года.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҒҰМЫРЫ – ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕНШІЛЕС ҒҰМЫРЫ

Утенов Олжас Тельманович

Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКҚК

Ол туралы 1957 жылы Ұлыбритания Корольдігінің премьер-министрі Антони Иден: «Көптеген ұлттардың қауымдастығы болып отырған біздің Ұлыбританияда бірде-бір көрнекті ғалым шыққан жоқ, ал Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы ғажап құбылыс...» деп таңғалған Қаныш Имантайұлы – тұтас бір кезеңнің тұлғасы. Сәтбаев туралы өте көп жазылды. Бір ғана М. Сәрсекке алдымен «Сәтбаевты» [1] жазды, кейін тақырыпты тереңдетіп, жаңа мәліметтермен байытып, тағы да үш рет жарыққа шығарды. Ал бұдан төрт жыл бұрын Ұлттық ғылым академиясының академигі Серікбек Дәукеевтің мұрындық болуымен «Феномен» деген роман-эссені жарыққа шығарды. Сәтбаев Қазақстандағы барша геологтардың атасы десек, олардың арасында да Қаныш Имантайұлы туралы жазбағандар кемде-кем. Өткен жылы ғана Қазақстанның геологиялық қоғамы «Геологи в сердце Сарыарки» [2] деп аталатын кітапты жарыққа шығарды. Осы саладағы ақсақалдардың бірі Ғинаят Бекжановтың редакциялық етуімен жарық көрген жинақта Орталық Қазақстанның геологиясы мен оны ашқан геологтар туралы толыққанды мәлімет берілген. Қаныш Имантайұлының қызы Мейіз Сәтбаева өзінің Құдай қосқан қосағы Толыбай Әлжановпен бірігіп жазған «Каныш Сатпаев – сын земли казахской» [3] атты еңбекте де академик Қаныш Имантайұлының өмір жолы жан-жақты суреттелген. «Сәтбаевтану» атты оқу құралы да жарық көрген. «Қаныш Сәтбаев» деген энциклопедия, Қаныш Имантайұлын еске алу бағытындағы кітаптар тағы бар.

Қ. Сәтбаев 8 ақпан 1927 жылы жары Таисия Сәтбаеваға Мәскеуден жолдаған хатында: «...Менің тұлғамды Сіз жеткілікті білесіз: мен қазақпын – жаратылысым да, жаным да қазақы; ой-түйсігім бойынша да қазақпын; алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін; бұл жолда айға қол созған армандарға беріліп асқақтаудан адамын; сондай-ақ сөзсіз кездесер қиыншылықтан алабөтен безінгім

келмейді; жан тыныштығын да шат-шадыман тұрмыстан гөрі рухани күрес жолында өткізгенді жөн көремін; сол үшін тіршіліктің барлық күйтінен бас тартып, Қазақстан қиырында «кезбе» болып, өмір-бақи кен іздеуге құштармын...» [4] деп жазған. Жары тұлғаның барлық қасиеттерін жетік білгенін және өмірдегі құндылықтарын қоса бөліскенін көруге болады. Осы тұлғаның тағы қырларын ашуға көптеген қазіргі таңдағы ғалым, жазушыларды, Қаныш бейнесін танушыларды көруге болады. Сол тұлғалардың бірегейі ол жоғарыда еңбектерін атап өткен М.Сәрсекке. Медеу ағаның қазақтың біртуар перзенті, ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың өнегелі өмір жолын баяндаған роман-эссесі – ол кісінің есімін елімізге ғана емес, сол кездегі Одаққа танытты. Бұл шығарма қазақша – 12, орысша – 5 және ағылшынша бас-аяғы 18 рет басылғанымен, оның алғашқы кітабы туған елінде түрлі кедергіге тап болды.

Медеу Сәрсекке – ұлтымыздың кемеңгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға елу жылдан астам уақытын сарп етіп, біртуар ғалымның жарқын бейнесін тартымды һәм тұрлаулы еңбегімен қазақ қауымына танытқан қаламгер. Мемлекеттік жабық қоймаларда ұсталған көптеген мұрағатты әжетіне жаратқан жазушы өз еңбегінде ұлы ғалымның замандастары мен туыстарының, үй-ішінің жүрекжарды әңгімелерін, хаттары мен естеліктерін, геологиялық-ғылыми құжаттарды пайдаланып, ғалым ғұмырнамасын қиял-қоспасыз, шынайы оқиғалармен қызықты өріп, Қаныш Имантайұлы өмірінің бел-белестерін бүкпесіз ашып, ұлағатты, ерлікке толы істерін саралап та, даралап та ұлықтаған. Қаныштай дара дарын өмірін әсірелеусіз ұлықтаған ғұмырнама туынды ел асылын ардақ тұтқан қауымды бейжай қалдырмас деген үміттеміз... Қолыңыздағы роман-эссе қазақ және орыс тілдерінде 11 рет басылып, әлемнің 112 еліне тарағанын ескертеміз. Осы ғұмырнама кітапты жазу үстінде автор Мәскеудегі Халық шаруашылығы, Мемлекеттік және Марксизм-Ленинизм институттарының партия мұрағаттарын, Санкт-Петербургтегі Геолкомның, Жезқазған геологиялық барлау экспедициясы мен кен-металлургия комбинатының, Жезді кен басқармасының, Павлодар, Семей, Қарағанды, Жезқазған қалаларының өлкетану мұражайларының қорындағы, Том политехника институтының, Өзбек КСР ҒА-ның мұрағатындағы академик Х.М.Абдуллаев қорын, сондай-ақ ҚР ҰҒА-ның Геологиялық ғылымдар институтында сақтаулы академик Қ.И. Сәтбаевтың дербес мұрағатын және ҒА президенті кеңсесінің 1941-1964 жылдардағы материалдарын, Қазақ КСР Мемлекеттік мұрағат деректерін, Қазақ КСР Мемлекеттік кітапханасының көп теген газет-журналдар тігінділерін пайдаланғанын ескертеді. Жұмыс үстінде автор ғалымның үй-ішінің уақытша пайдалануға берген, иә сый еткен көптеген хаттарды, кітаптарды, естелік жазбаларды, Т.А. Сәтбаевтың қолжазба мемуарын әжетіне жаратқанын арнайы ескертуді парызы деп біледі [4].

Сәтбаев ғұмыры – қазақ зиялыларының еншілес ғұмыры. Ендеше сол ғұмырды түбегейлі біліп, ғибрат алу – үлкен-кішімізге мұрат болғай! Тарих әлдекімнің, қандайда зор билеушінің бұрмалауына көнбейді. Тарихи шындық, тарихи тұлғаның өзі де кім қаншама қиянат жасап өктемдік көрсетсе де – ерте ме, кеш пе, тасты жарып биіктеген шынардай бой түзейді. Тегінде бұл да – өмір сабағы.

Ғалым дүниеден өткен соң-ақ оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында бірталай игі шаралар жүзеге асты. Туған өлкесі Баянауылда қоғамдық негізде (қазірде мемлекет қарамағында) мұражай ашылып, өзінің атажұртындағы «Шадыра» кеңшары, Семей облысының бір шаруашылығы ғалым есімімен аталды; Балқаш көлінің айдынында «Академик Сәтбаев» кемесі жүзе бастады. Қаратаудың ванадий кендерінен ашылған жаңа минерал «Сатпаевит» делініп, Жоңғар Алатауында жаңадан игерілген мәңгі мұздақ пен асқар шыңға да ғалым есімі берілді. Алматы мен Кентаудың, Қарсақбай мен Арқалықтың, Ленгір мен Құмкенттің, Түркістан мен Арыстың, Баянауылдың және өзге да көптеген елді мекендердің, қалалардың 16 орта мектебіне ғалым есімі қосылып,

Қазақстанның оншақты қаласы – Алматы, Қарағанды, Семей, Балқаш, Атырау, Тараз, Қызылорда, Көкшетау, Павлодар және Жезқазғанның даңғыл көшелері қадірменді перзентінің атын иемденген-ді. 1967 жылы Мәскеудің Төңкеріс мұражайының екінші қабатында қазақ ғалымы, академик Қ.И. Сәтбаевқа арналған жаңа стенд қойылды: жоғарыда – ғалымның келісті үлкен су реті; оның астында – төрт Ленин ордені және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені; төменіректе – Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың дипломдары; олардың қатарында – депутаттық және Кремльге кіретін тұрақты куәліктері; өмірбаяндық әртүрлі құжаттары, ең төменде – ол ашқан кендердің минерал үлгілері; академиктің ең бас тағылымды еңбектері... (Сүйсінерлік жайт: 2003 жылдың жазында Мәскеуге жол түскенде мен «Ресейдің ең жаңа тарихы» атанған сол мұражайға әдейі барып, Қаныш ағамызға арналған қабырғаны бұрынғы орнынан тауып, қатты сүйсіндім. Демек, Ресейдің зиялы қауымы, академигі Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұрасын, ардақты есімін ұлықтаудан ХХІ ғасырда да жаңылмаған). Ғалымның туғанына 90 жыл толған қарсаңда өзі іргесін бекемдеген ҰҒА-ның Бас ғимаратында мұражай ашылды[4].

Ол – ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі. Ғұлама ғалым. Қазақтан шыққан тұңғыш инженер-геолог. Геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор.

Қаныш атасындай тұлғасы бар қазақ халқы бақытты деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы. Роман-эссе.-Алматы: Атамұра, 1999. -592 бет.
- 2.Геологи в сердце Сарыарки, Алматы, 2012 г., 8 п.л.
- 3.Альжанов Т., Сатпаева М.К., «Қаныш Сатпаев – сын Земли казахской»/ Т.Альжанов, М.К.Сатпаева. – Алматы: Ғылым, 2002. – 176 с.
- 4.Сәрсекке М. Шығармалары / М. Сәрсекке. – Астана: Фолиант, 2015.

ДАРА ТҰЛҒА

Адилгазинова Лазат Садыкановна
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты білмейтін жан жоқ шығар?! Қазақ геология ғылымының негізін қалап, тау-кен өндірісі саласына тыңнан түрен салған, қазақтың біртуар ұлы, әйгілі ғалым туралы сан мақала жазылған, кітаптар жарық көрген. Бұл мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ ССР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болған Қаныш Имантайұлының сан қырлы тұлғалық қасиетін ашуды жөн көрдік.

1899 жылы 12 сәуірде қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Сәтбаев ауылында дүниеге келген Қаныш Сәтбаев - қазақ елінің минералдық ресурстарын зерттеп, қара жер қойнауындағы құпия байлықты картаға түсіру нәтижесінде өндірісті дамытуға сүбелі үлес қосқан тұлға. Ғалымның тынымсыз еңбегінің арқасында қазақ жерінен Менделеевтің барлық элементтерін тапқан.

Ой-өрісі кең, ғылымның сан саласынан энциклопедиялық білімі бар, өз жұмысының хас шебері әрі нағыз мамандарды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде болды.

Қаныш – геолог қана емес, халық ауыз әдебиетін терең зерттеген әдебиетші. Бала күнінен төл әдебиетке сусындап өскен Қаныштың азамат болып қалыптасуына Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың үлгілі өмірі мен еңбектері үлкен әсерлерін тигізген. Ол Абайдың поэзиясын жақсы көріп, оның көптеген шығармаларын жатқа айтқан деседі.

Шоқан Уәлиханов сияқты ауыз әдебиетін зерттеуді Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Баянауылда жүргенде бастап, студент кезінде жалғастырды. Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғылыми зерттеуге айналдырған ол көптеген этнографиялық тарихи мұраларды ашты. Қаныш Сәтбаев жастайынан топонимика, этнография, фольклор, тарих сияқты ғылым түрлерімен де айналысқан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Топонимикаға деген қызығушылығының кейін оған орасан зор пайдасы тиеді.

Томскіде оқып жүрген жылдарында «Ер Едіге» жинағын оқиды. Ол жинақты ең алғаш қағазға түсірген Шоқан Уәлиханов пен Платон Мелиоранский екен. Шығарманы терең талдап, мұқият оқыған. Ғалым әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» жырының мәтінін қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясы негізінде қайтадан дайындайды. [2]

1927 жылы осы дастанға алғысөз жазып, Мәскеудегі КСР халықтары орталық баспасында «Ер Едіге» жырын басып шығарады. Деректерде дастан Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен жарық көргені айтылады. Кітаптың алғысөзінде Қаныш Едіге батырдың қазақ тарихындағы орнына ерекше тоқталып өтеді. «Едіге қазақ батырларының ішіндегі ең маңдайлы, аруағы күшті, көлемі, сәулесі күшті шолпан есебінде», - дейді ол, - «Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды». Бірақ бұл еңбегі кеңесшіл ортада оң бағаланбайды. Ғалым дәл осы жыр үшін кейін, 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырайды. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметінен төмендеп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалады. Бұл жанкештіліктің артында академиктің ұлы еңбегі жатыр.

«Едіге батыр» жыры жарты ғасырға жуық уақыт баспа бетін көрмей, Сәтбаев жариялаған жыр нұсқасы тек 1995 жылы «Ер Едіге» деген атпен қазақ және орыс тілдерінде жеке кітап болып жарық көрген екен.

Қ.Сәтбаевтың қазақ руханиятына өлшеусіз мұраға қалдырған еңбегінің бірі – «Қырымның қырық батыры» жырын таспаға түсіргені.

1942 жылы сұрапыл соғысқа қарамастан, Алматыға Мұрын жырауды алдыртып, аңызға айналған атақты «Қырымның қырық батыры» жырын таспаға түсіртеді. Қырық бөлімнен тұратын жырдың әр бөлімін жырлауға кем дегенде 7-ден 10 сағатқа дейін уақыт кеткен екен. Ол туралы өзі *«Мұндай құнды мұраны жоғалту – ұлттық құндылықты жоюмен пара-пар. Сондықтан жырлаулардың көзі тірісінде олардың жыр-дастандарын жазып алу – қазақ мәдениеті мен КСРО-дағы басқа да халықтардың рухани қазынасына қосылған мол мұра болмақ. Әрі бұл істі кешіктіруге әсте болмайды. Соғыс жағдайына қарамастан, Мұрын жыраудың жол шығыны, жатар орны, дастанды орындауына кемінде он ай уақыт пен таспаға түсіруге 80 мың рубль керектігін ескерсек, расымен де ұлттық құндылықтың бір мұрасы жойылып кеткелі тұр»*, деп мәлімдеме жасаған екен.[1:5]

Қаныш Сәтбаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының зор ғалымы» атты мақаласында да атап көрсеткен.

«Қазақ халқының абыройын асырып, совет елінің мақтаны болған асыл азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жаңа орынға келісімен Қазақстан жеріндегі кен байлықтарының бәрін зерттеп, табысқа табыс жалған, молайтумен болды. Әсіресе, ел-жұрттың жауыз-дұшпаны — неміс басқыншыларымен болған Ұлы Отан соғысы шағында, Қаныш бастаған ғылым орындарының көмегі аса зор болды. Майданға керек болған кен қазынаның бәрін тез тапқызып, мол алғызып отырды» делінген мақалада.

Мақаладан байқағанымыздай, соғыста совет өкіметінің жеңіске жетуіне, немістерді ойсырата жеңуіне Қаныш Сәтбаевтың зор үлесі болғанын мақтанышпен айта аламыз. Ұлы Отан соғысы кезінде танк броніні құюға марганец тапшылығы туған кезде Қаныш Имантайұлы Жезді марганец кен орнын өте қысқа мерзімде ашты. [2:4].

Сәтбаевтың геологиядан бөлек әдебиетке, өнерге деген махаббаты Мұхтар Әуезовпен ұзақ жылдар бойғы достығының нәтижесінде туған шығар, олай деуімізге себеп, екі тау тұлғаның сонау Семей семинариясында бірге оқып, бір партада отыруы, өмірлерінің соңына дейін жалғасқан достықтары. Бәлкім Әуезовтың оң ықпалы, бәлкім Қаныштың руханиятқа деген ден қоюы әсер етті ма, ұлтжанды ғалым қазақтың мың әнін жинастырған әйгілі этнограф-музыкант, ғалым А.Затаевичке қазақтың 25 әнін өз орындауында жаздырғаны да мәлім. Бұл туралы ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, философия ғылымының докторы, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың профессоры Ұлықпан Сыдықов «Менің халық менен де биік» мақаласында жазған.

Бұдан бөлек, 1927 жылы қазақ әдебиеті мен қазақ әндері туралы «Қазақстанның ұлт театры туралы» атты мақаласы жарық көрген. «Өн туралы толғаулар», «Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы», «Қазақстанның халық әндері» атты музыка-этнографиялық бағытында да көптеген мақалалар жазған.

Қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым 1950 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан «Тарих, Тіл және Әдебиет» институтын ашқызады [3:6].

Тарих беттерінен оқығандай, сегіз қырлы бір сырлы, бірнеше ғылымды жетік меңгерген, ауыз әдебиетімен сусындап, қазақ руханиятына сүбелі үлес қосқан. Академик В.А.Амбарцумянның сөзімен айтқанда, «Қ.И.Сәтбаев таңғажайып құбылыс болған». Қазақстанның индустриялық даму жолындағы кемеңгерлігі, ғылыми жан-жақтылығы, әлемдік дәрежедегі ойшылдық қабілеті, елдің күш-қуатын арттырудағы орасан еңбегі, үлкен ұйымдастырушылық дарыны, сирек кездесетін адамгершілік қасиеттері оны Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезовтермен қатар халықтың шексіз махаббатына, өшпес құрметіне бөледі. Қаныш Сәтбаевтың арқасында Қазақстан

геологиясы өндірістік және іс жүзінде ғана қолданылатын ғылым өлшемі шеңберінен шығып, адамзаттың ой әлемін қозғайтын биік дәрежеге жетті.

Сондықтан да оның жарқын бейнесін ХХ ғасырдың ойшыл ғұламаларының арасынан көреміз. Ол біздің, қазақ халқының мәңгі мақтанышы болып қала бермек. Оның бар болмысы, жан талабы, азаматтық құштарлығы, ғылыми арманы барлық халықтардың өркениетті өмірге жету жолына арналды. Сондықтан да ол дүниежүзілік деңгейдегі ғалымдар қатарына қосылып, қазақ елінің маңдайына біткен шок жұлдызының біріне айналды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қ.И.Сәтбаев.Қазақстан-менің Отаным.Алматы,1999
- 2.Қазақ Совет Энциклопедиясы.Алматы,1977.10-том.
- 3.М. Сарсеке "Семь великих свершений академика Сатпаева" (стр. 168-177);
- 4.<https://qazaqadebieti.kz/37014/meni-hal-ym-menen-de-biik>
- 5.М.Әуезов, 20 томдық 1985, 18-кітап, 328-338-беттер
- 6.Массaget сайты, «Қ. Сәтбаев өміріндегі елеулі кезеңдер мен деректер»
<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/64893/>

ҚАНЫШ СӘТПАЕВ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕТАЛЛУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛКЕН ҮЛЕСІН ҚОСҚАН ҒАЛЫМ

Айтпаева Марал Ислямовна

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

*«Еңбек етпесең, жазған білімің кәдеге жармай
жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін
жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет»
Қ.Сәтбаев*

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев – ғалым, белгілі қоғам қайраткері, тау кен ісінің негізін қалаушы, әрі Қазақстандағы кең орындарын тауып, зерттеуші ірі ғалымның еңбек жолы мен қызметі ұшан-теңіз. Қ.И.Сәтбаевтың танымдық диапазоны жаратылыстану ғылымымен ғана шектелмеді, ғалым артынан ғылымның қай саласы болмасын мол мұра қалдырған. Академиктің геологиядан кейінгі рухани мұрасы ұлттық мәдениет, әдебиет, қазақ этнографиясы және өнермен тығыз байланысты, көпшілікке белгілі педагогика мен әдебиет саласындағы еңбектері бар. Қазақ халқының мақтанышы, тұңғыш академик, елімізде тау-кен ғылымының негізін қалаған ғалым –Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қазақстан ғылымының орасан зор табыстарға жетіп, әлемдік биікке жетуде айрықша еңбек сіңірген, дүниежүзіне танымал, халқының сүйікті перзенттерінің бірі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев артына көп салалы ғылыми мұра қалдырған энциклопедияшыл білгірі. Біздің қазақ даласы қай заманда да дарынды адамдарға кенде болмаған, әлемдік өркениетке сом үлес қосқан, осыдан мың жыл бұрын жасаған әл-Фарабиден бастасаңыз, 500 жыл бұрын Мұхаммед Хайдар Дулатидан бері қарай таратсаңыз, Абай мен Шоқанға дейінгі аралықта ғылым аспанында халқымыздың құйрықты жұлдызы болып аққан талай перзенттерін атауға болады. Ендігі жерде сол есімдерге бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан лайықты бағасын беру, ұлтымыздың мақтанышы – адамзаттың мақтанышы екенін көрсете білу баршаңыздың сіздер мен біздердің парызымыз,– деп атап көрсеткен болатын. Бір ерекшелігі – Қаныш Сәтбаев геологиядан бөлек, мәдениет пен тарих саласына сіңірген еңбегі ерен. Мәселен, ол Ұлытау жеріндегі тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеп, көптеген этнографиялық жәдігерлерді жинақтап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбек жазған. Ол еңбекте Ұлытау өңірінің металлургия орталығы ғана емес, қазақ халқының саяси орталығы болғандығы да дәлелденген. Сондай-ақ, қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын әзірлесе, А.Затаевичтің 1931 жылы басылған «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына қазақ халқының алтын қорындағы 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме бере отырып, енгізген. Одан бөлек, Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтінін қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған да осы Қаныш Имантайұлы. Қазіргі жас ұрпақ үшін, бұл адам жайлы мәліметтерді білу өте маңызды.

Ғалымның арқасында, Қазақстан жерінде Менделеев кестесіндегі барлық элементтер табылды. Қаныш Сәтбаев «Ертіс-Қарағанды» арнасының жобасын жасаған. Жобаның құрылысы 1961 жылы басталып, 1967 жылы аяқталды. Нәтижесінде, Орталық Қазақстан толығымен сумен қамтамасыз етілді. Ұлытау-Жезқазған кен орнын ашқаны үшін, 1940 жылы Ленин орденімен марапатталды. 1951 жылы Кеңес Одағының билігі, жазушы М.О.Әуезов, Х.Жұмалиев, Е.Исмаилов, және композитор А.Қ.Жұбановты ұлтшыл деп айыптады. Қаныш Сәтбаевқа, айтылған адамдарды жұмыстан босату туралы бұйрық жасалды, бірақ, ол бұл бұйрықтан бас тартты. Соның себебінен, Сәтбаев қатты сынға ұшырап, Қазақ КСР академиясы президентінің лауазымынан босатылды. Қаныш

Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов жақсы дос болған, студент кездерінде бір бөлмеде тұрған. Жалпы алғанда, оның әр түрлі салаларда жазған 800-ден астам ғылыми еңбектері бар.

1947 жылы Лондон қаласында, Ұлыбритания Премьер-Министрі Уинстон Черчилльмен кездескен болатын. Сол кездесуде Қаныш Сәтбаевтан: «Барлық қазақтар сіз сияқты батыр ма?» деген сұрағына, «жоқ, мен қазақтардың арасындағы ең кішісімін, менің халқым менен де жоғары» деп жауап қайтарған. Ол қазақ тіліндегі мектептерге арнап, «Алгебра» оқулығын жазып шығарған алғашқы адам. Жер асты минералдарының картасын жасағанда, Қаныш Сәтпаев бірнеше ірі кен орындарын белгілеген жоқ. Жақын достарына: «Мен бұл орындарды әдейі жасырдым, өйткені, ол біздің ұрпақтарымыз үшін қажет!» деп айтыпты. Алматыдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуына көп күш жұмсап, 1946 жылы оны басқарды. 1935 жылы Жезқазғанды зерттеу кезінде, Қаныш Сәтпаев 14-ғасырда Әмір Темір қалдырып кеткен, жазуы бар тасты тауып алды. Ең тұңғыш – қазақ академигі. Қазіргі таңда, Сәтбаевтың атымен қала, көше, университет және кен орындары аталған. Ұлы ғалым 1964 жылы туберкулез ауруынан көз жұмып, Алматыда жерленді. Қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үлкен. Билік өкілдерінің кедергілеріне және науқасына қарамастан, Қаныш Сәтпаев – Қазақстан тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі бола алды. Қорыта келе, Қаныш ағамыз жайлы жазылған ақындардың құлай жазған шығармалары арқылы еліміздің болашағы жастарға көп мәні бар құнды дүниелерін дәріштеп отыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик К.И.Сатпаев., сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. –С.239.
2. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. –С.4.
3. СарсекеевМ.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
4. Академик К.И.Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998. – С.143
5. Сатпаев К.И. Материалы к библиографии ученых Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2002. – С. 45-46.
6. Академик К.И. Сатпаев: сб., посвященный памяти выдающегося ученого /АН Казахской ССР. – Алма-Ата, 1965. – С.76.
7. Сатпаев К.И.Избранные статьи. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. – С.84-85.

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Алдунгарова Жансая Серикказықызы

Астана қаласы, Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия

Қ.Сәтбаев – металлогендік формацияның ғылыми әдісін жасаушы болып табылатын ғұлама адам. 1926-1929 жылдардағы зерттеулерінің арқасында, ол кісі өнеркәсіптік тұрғыдан келешегі жоқ деп саналатын Жезқазған мыс кен орны қазір әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі болып табылатындығы белгілі. Қ.Сәтбаев жалпы сол кездегі КСРО-да геология ғылымының үлесіне сондай-ақ Қазақстанда ғылымының қалыптасуы үшін үлкен үлес қосқан. Ол кісі Қазақстан Ғылым Академиясын басқарып жүрген кезде көпсалалы ғылыми-зерттеу институттары ілгері жұмыспен табысқа жетіп отырды. Қ.Сәтбаев Орталық Азиядағы алғашқы ғұлама ғалым болып табылады. Ол кісі қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті, тау-кен геологиясының көрнекті ғалымы. Ол одақтас Қазақ филиалы Төралқасының төрағасы болған. Қ.Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі өте зор.

Қ.Сәтбаев Қарағанды облысында қара металлургияны дамыту туралы мәселені көтерген. Академик Жезқазған-Ұлытау өңірінде мыс және темір бар кен (Қарсақпай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (қорғасын) кен орындарын ашты. Қ.Сәтбаев осы аймақтағы кен орындарында стратиграфиялық, тектоникалық, құрылыс, металлогендік, геохимиялық және өнеркәсіптік негізделген өндіру құрылымы туралы терең негізделген ғылыми қорытынды жасаған.

Ол кісі көбінде табиғи-географиялық сияқты аймақтарды терең зерттеген. Сондай-ақ ол кісі Жезқазған, Қарсақпай, Атбасардың мүмкіндіктерін талдап, Спасск, Қарағанды көмір бассейні және Қаратау полиметалл кендерінің кен орындарын және басқада маңызды ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды.

Қ. Сәтбаев Қазақстан табиғатын кешенді ғылыми зерттеу бірнеше экспедицияларын ұйымдасырған, онда табиғаты мен табиғат компоненттерін зерттеген. Зерттеу жұмыстарына геология институттарының және басқада география секторының, ботаника мамандары ат салысты.

Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық және Шығыс Қазақстанда қазақ геологтарының ғылыми тобымен заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізген терең де жүйелі зерттеулері 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын аналитикалық жүйелеуге алып келді. Осылай 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасының методологиясы, нақты базасы мен негізгі тұжырымдары туралы» (ҚазССР Хабаршысы. Геология сериясы, 1955, 20 шығ., 3–35-бб.) атты іргелі ғылыми еңбегі шықты. «Мәселенің ғылыми әзірлемесіндегі кешенділік, зерттеулердің барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды сараптаудағы нақтылық, қорытудағы объективтілік пен шығармашылықтағы бірлестік – міне, бұл Орталық Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың металлогениялық болжам картасын құруда басшылыққа алынған методологиялық принциптер», – деп жазды Қ.Сәтбаев[1].

Жезқазған ауданының аумағында жеткілікті ірі темір, темір-марганец кендері бар, олар үлкен көлемде кен өндіруге мүмкіндік берді. Бұл ашқан жаңалығы екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Одақтың құрыш құю өндірісін сақтауда маңызды рөл атқарды. Оның ғылыми түйсігі, жекелеген ғылыми фактілерден аналитикалық қорытынды жасауы ғалымды ұлы тұлғаға айналдырды десек те болады. Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап – мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінде Политех атымен белгілі (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) алғашқы техникалық жоғары оқу орны Қазақ Тау-кен металлургия институтын құруға алғы шарт болды. Құрылған институт өзіміздің

кәсіби кадрлардың, сонымен қатар еліміздің дамып келе жатқан тау-кен металлургия және геологиялық кәсіпорындарының ұстаханасына айналды.

Қ.Сәтбаевтың бізге жеткен еңбектері сансыз. Бірнеше азиялық тілдердің негіздерін білу, орыс тілін өз бетінше меңгерген. Сөйтіп, ғалымға Омбы медресесінде Шығыс пен Ресейдің мәдени тарихы туралы кітаптар оқуға мүмкіндік берді. Даму кезінде ол қазақтар мен басқа да шығыс халықтарының тарихын жақсы білді, ауызша шығармашылық еңбектерін жинаумен айналысты, жиналған материалдарды Г.Потанинмен, Н.Березинмен, В.Белослюдовпен және басқа да шығыстанушылармен және өлкетанушылармен жомарттықпен бөлісіп отырды.

Қ.Сәтбаев 20-шы жылдардың басында жас ауыл мұғалімі, содан кейін учаскелік судья қазақтардың фольклорлық мұрасын зерттеумен айналысқан. Құмарлық шабыты осы Томск технологиялық институтынан басталған деседі. Бұл үшін, әсіресе, геологиялық барлау партиясының құрамында іс жүзінде туған өлкелерде болу пайдаланылды. "Қазақдаласында жиі және ұзақ уақыт бола отырып, мен сол жылдары қазақтардың ауызша халық шығармашылығының үлгілерін қызығушылықпен жинап, жазып алдым", - деп жазған. [2].

Ауызша шығармашылыққа деген қызығушылық Қ.Сәтбаев геологиялық қызметпен бастапқы кезеңінен бастаған. Ол Затаевичтің көне заттарды жазуға көмектесу туралы өтінішіне жауап берген. 1926-1927 жылдары Қазақ әуендерін домбырада өзінің сүйемелдеуімен 25 бірегей ән шырқады және "500 қазақ әндері мен күйлері" басылымында көп көмектескен, осы шедеврлердің туу тарихы мен үздік орындаушылары туралы құнды мәліметтерді жеткізіп қалдырған.

Қ.Сәтбаев өзінің негізгі геологиялық-іздістіру жұмысымен қатар, өлкенің тарихына қызығушылық танытып, ежелгі дәуірдегі металлургия тәжірибесі туралы құнды мәліметтер жинады, жергілікті топонимиканы, тас мүсіндерді, жартастағы суреттер мен жазуларды, ежелгі және ортағасырлық жерлеуді зерттеді. Осыған орай академиктің бізге жеткен еңбектері осыған дәлел.

Геологтың өткенді білуге деген құштарлығы сол кездің өзінде-ақ тарихғылымына пайда әкеле бастады. Сонымен, ол 1936 жылы Алтыншоқы тауының баурайынан тапқан қызықты жазулары бар тақтайша шығыстану ғылымында сенсация тудырды. Қ. Сәтбаевтың хабарламасынан кейін Ленинград Эрмитажының директоры академик И. Орбелидің өтініші бойынша плита шұғыл түрде Нева жағалауына жеткізілді, содан кейін ол басқаратын мұражай мекемесінде қойылды. Қиындықсыз емес, бірақ көп ұзамай мамандар жазулардың құпиясын шеше алды. Белгілі болғандай, олар 1391 жылы Дешті Қыпшаққа жасаған жорығы кезінде Тимурдың мінез-құлқымен ойып жазылған және былай делінген: "Қой жылы 793 Тимур Тоқтамышханаға жорыққа Токмак еліне келді. Бұл жердеекеуін де тұрғызды. Ия, барлық адамдар мені дұғамен еске алады"[3]. Тек осы шолу сипаттамасымен ғана шектелмей, тарихи ізденістер мен болжамдар, Қ.Сәтбаев 1940 жылы Аркин даласында Орталық Азия билеушісінің бұйрығымен салынған тақтайшалар мен пирамидаларды табуға байланысты материалдар негізінде "Темірдің Қарсақпай жазуы" мақаласын дайындап, оны "Шығыс Эрмитаж бөлімінің еңбектерінде" жариялады. Материалды көпжылдық зерттеудің жалпылама қорытындысы Қаныш Имантайұлы 1941 жылы "Қазақстанның Халық шаруашылығы" журналында жарық көрген "Жезқазған ауданындағы Тарихқа дейінгі ескерткіштер"- атты мақаласында өзінің геологиялық қызмет орындарында өткеннің айғақтарын келтірді.

Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы болып отыр. Бұлар – Қазақстанның ғылыми

қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі десекте болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рычков П. И. Орынбор топографиясы, Орынбор губерниясының толық сипаттамасы.- 1 және 2 Б., Санкт-Петербург., 1762. Аманбаев А., Батырбеков г. К. Сәтбаев- Алматы, 2012
2. Қаныш Сәтбаев [Мәтін] : Энциклопедия / ; бас ред. Б. Ө. Жақып] – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 660, [2] б.
3. Қазақ ССР Ғылым Академиясы (Қазақстан ғылымдарының библиографиясына материалдар)Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақ ССР-нің «Ғылым» Баспасы Алматы. 1989ж.-214 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ: ТАРИХ, ӘДЕБИЕТ, БІЛІМ, ӨНЕР САЛАСЫ

Аманбек Жадыра Оразғалиқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушысы

Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірінде Павлодар облысының Баянауыл ауданында Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Нәрестеге - Ғабдул-Ғани деген есім берілді. Үлкен ұлы Ғабдул-Ғазизді еркелетіп Бөкеш деген сияқты, Ғабдул-Ғаниын да анасы Әлима «Ғаниым, Ғанышым» деп атаған. Бала облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен. Арғын тайпасы Сүйіндік руы Қаржас бөлімінен шыққан.

Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым, кейін Шорман ауылында орналасқан мектепке қатынай бастайды. Төрт жылдық бағдарламаны үш жылда аяқтайды. 1911 жылдан бастап Павлодардағы 2-сыныпты орыс-қазақ училищесіне аттанады. Аталған білім ордасын мерзімінен бір жыл бұрын бітіріп шығады. 1914 жылы Семей мұғалімдер семинариясына түсіп, оны төрт жылда аяқтап, бастауыш мектептерге орыс тілінен сабақ беруге құқық беретін куәлікке ие болады. 1918 жылдың күзінде Земство басқармасының қаржысымен Алаш қалашағында ашылған, ауылдық қазақ мектептері үшін мұғалім болудан еңбек жолын бастайды. Томск технология институтының математика факультетіне оқуға дайындала бастайды. Оқуға түсу үшін математика мен ағылшын тілінен емтихан тапсыруы керек болатын. Осы мақсатта Томск университетінің математика факультетін бітірген Семейде еңбек ететін Ғарифолла Нығметулиннен қыс бойы математика пәні бойынша қосымша сабақ алады. 1919 жылы қатты ауырып, ауруханаға түседі[1.4456].

1920-1941 жылдары - Баянауылдахалық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған.

1941-1952 жылдары - КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан ғылым академиясының президенті болған.

1952 жылы - әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған.

1955 жылы - Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған[2.4876].

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ

оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген.

Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығындайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр.

Академик Қ.И. Сәтбаев қызығушылығының аясы өте кең болды және жаратылыстану ғылымдары шеңберінен шығып кетті. Ол қазақ тарихының, әдебиеттің, мәдениеттің, этнографияның, музыка мен фольклордың үлкен білгірі еді, Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық ізденістер, педагогика мен әдебиет бойынша еңбектері баршаға белгілі [3.45-46б].

Ол М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романының маңызын бірінші болып бағалап, фольклор жинаушы А. Затаевичке 25 халық әнін берді, театр, өнер, мәдениет, жастарды тәрбиелеу бойынша көптеген жұмыстарды жазып қалдырды.

Қаныш Сәтбаев адамдардың талантын танып, жастарды дұрыс жолға бағыттай білді. Ол сонымен қатар, бірқатар жастарды ғылымға әкеліп, тәрбиеледі. Ол дайындаған ғылыми кадрлар кейіннен ірі ғалым болып қалыптасып, Қазақстан ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі. Осындай адамдардың бірі – ғалым-энергетик Ш.Ш. Шөкин. 1943 жылы Шапық Шөкіұлы Сәтбаевтың талабы бойынша «Қазсельхозэлектро» трестінен КСРО Қазфан энергетика секторының меңгерушісі болып ауыстырылды. Кейіннен Шөкин қазақстандық энергетикалық ғылымның негізін қалаушы болды. Қаныш аға ерекше туған дарынды да, талантты еңбекқор ағамыз өмір жолында ХХІ ғасырда гүлденген, өркендеген ел азаматтары мен азаматшаларына үлгі өнеге болды. Сондықтан оның күлімдеген жүзі мен жарқын бейнесі жас ұрпақтар үшін аса қадірлі қазына [4.11б]. Қанекен сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де атаның қанымен берілген қасиет болса керек. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы – жырауларымен талай дастархандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән – жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұсаның әндерін үйренген.

Қазақтың жалпы өнерінің, музыкасы мен театр өнерінің тарихын зерттеушілер үшін Қ.И.Сәтбаевтың 1916 жылы «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Томдағы ұлттар кеші», 1927 жылы «Еңбекші қазақта» басылған «Қазақстанның ұлттық театры туралы», 1944 жылы «Казахстанская правда» шыққан, «Қазақстан туралы кинофильмдерді күтеміз» т.б. мақалаларының ғылыми құндылығы айрықша.

Қ.И.Сәтбаевтың музыка өнерінің тарихына қосқан үлесі А.Жұбанов, Б.Ерзакович сияқты ғалымдардың мақалаларында, сондай – «Қазақ театрының тарихы» атты еңбекте жан-жақты айтылған. Қаныш Имантайұлының ән өнерін құрметтеуі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Десе де Қанекеннің өмірлік жолында қиын қыстау кездер аз болған жоқ. Білім жолында денсаулығын сарп еткен, даңқын көре алмаушылар сыртынан арыз жазып, басына қара бұлт төнген, үлкен ағалары, үзеңгілес достары мен әріптестері бірінен кейін

бірі тұтқындалып, иә атылып кеткен қиын сәттерді басынан өткерді. Оларға көреген тұлға мойымады, ызаланып кек сақтағаннан гөрі кешірімшіл болды. Қандайда сын сәттерде адамгершіліктің биік үлгілерін көрсетті. Ғұлама ғалым және мемлекеттік қайраткер Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылдың 31 қаңтарында Мәскеудегі Кремль ауруханасында емделіп жатқанда қайтыс болған[5.150б].

Қорыта айтқанда, Қаныш аға дүниеден көшпенді дәурен сияқты өте шыққан жоқ, оның адамдық, азаматтық биік тұлғасы халық көңілінен еш уақытта кетпек емес, ел үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ. Қадірлі де, қастерлі есімі Қазақстан халқының есінде мәңгі сақталмақ[6.150б].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
- 2.СарсекеевМ.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 485-487 бб.
- 3.Сатпаев К.И. Материалы к библиографии ученых Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2002. – С. 45-46
- 4.СатпаевК.И. Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998. – С.11
- 5.Үркімбаев С. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. - 4 – том. – 150 б.
- 6.«Қаныш» энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» редакциясы, 2011. – 228б.

ҚАНЫШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫРЫ

Аренова Асель Тулеухановна

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі*

Біз Қаныш Сәтбаевтың білім және тәрбие, адамгершілік, оның ішінде тәрбие саласындағы жоспарлар мен идеяларды іс жүзінде жүзеге асыруға көп еңбек сіңіргенін біріміз білсек,біріміз білмейміз. Себебі, Қаныш Сәтбаев есімі аталғанда аса көрнекті ғалым-геолог, Қазақстан геологиясындағы металлогендік бағыттың негізін қалаушы тұлға ретінде танып жатамыз.

Қаныштың педагогика саласына бет бұруына ағасы Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың ықпалы зор болды. Себебі, Әбікей Зейінұлы орыс тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің мұғалімі бойынша Семей мұғалімдер семинариясында оқыған. Оқу бітірген соң Павлодардың орыс-қазақ училищесінде ұстаз және 1920-1921 жылдары Семейдің губерниялық халыққа білім беру бөлімінің төрағасы болды. Одан кейін өзі оқыған мұғалімдер семинариясында оқытушылық қызмет жасаған тұлға[1].

Қаныш Сәтбаевтың педагогикалық кезеңдері: 1909-1911 жылдары Семей губерниясы Павлодар уезі Ақкелін болысының 4-ші ауылындағы орыс-қазақ мектебінде оқыды. 1911-1914 жылдары Павлодардағы орыс-қазақ училищесінде оқып, 1914 жылы бітіріп шықты. 1914-1918 жылдары Семей қаласындағы мұғалімдік семинарияда оқыды. 1918 жылы бітіріп шықты. 1918-1919 жылдары Семей қаласындағы қазақ мұғалімдеріне арналған екі жылдық педагогикалық курстардың табиғаттану пәні бойынша оқытушысы. 1919-1920 жылдары Семей губерниясы Павлодар уезі Ақкелін болысының 4-ші ауылындағы мектептің мұғалімі.

Павлодардағы орыс-қазақ училищесін оқып жүргенде мұғалімдік мамандықты армандап:«Шынында да мұғалім боламын. Әбікей ағам бізді оқытса, мен елдегі балалардың көзін ашамын, – деп ой түйген болатын[1].

Қазақ ССР-на еңбек сіңірген мұғалім Н.Е. Алексеевтің естелігінен: «1911-1912 оқу жылының бірінші жартысында училищенің дайындық бөлімінде оқыған Қаныш Сәтбаев

білімге құштар, ынталы шәкірт екенін аңғартты. Барлық пәндер бойынша әрдайым үздік бағалар алудан танбады. Сол себепті училищенің ұстаздар кеңесі екінші жартыжылдықта оны бірінші сыныптың келесі басқышына бірден көшіру туралы шешім қабылдады. Шәкірт Қаныш Сәтбаев ұстаздарының сенімін ақтады. Үздік оқып, жазғы емтихандардан өте жақсы бағалар алды. Сөйтіп ол училищенің бірінші бөлімін екі жыл оқудың орнына бір жылда тәмамдады» деп еске алады[1].

Училищені үздік аяқтаған Қаныш өз арманын қуалап, Әбікей ағасының нұсқауымен Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Семинарияда қазақтың белгілі тұлғалары Жүсіпбек Аймауытов және Мұхтар Әуезовпен бірге оқиды. Оқуда үздік шәкірттердің бірі болып, өзінің әр түрлі қырларынан танылады. Семинарияны аяқтаған соң, Семейде ашылған екі жылдық мұғалімдер курсының оқытушысы болып тағайындалады. Педагогикалық қызметі барысында көптеген еңбектер жаза бастайды[2].

Қаныш Сәтбаевтың «Мектеп және уақыт» атты еңбегінде былай деп жазады: «Жалпы түрде, менің ойымша, білім берудегі өзгерістер қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі өзгерістерге сәйкес келуі керек,» - деп айтуға болады. Бұл сәйкестік неғұрлым толық, дәлірек, нақты болса, соғұрлым үйлесімді дамыған, рухани бай, физикалық кемелді адамды тәрбиелеудегі жетістіктер. Бұл жерде тұлғаны тәрбиелеу мен білім беру барысында жетістікке жету үшін қоғамның үш бағытын үлестіре пайдалану көзқарасын жеткізгісі келген.

Балалар ұжымын ұйымдастыру, сабақ құрудағы шаблон мен догматизмді жеңу, политехникалық цикл пәндерін бір-бірімен және мұғалімдер кадрларын даярлауды жақсарту практикасымен органикалық байланыстыру қажеттілігі, оқушылардың ғылымға деген сүйіспеншілігін оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми деңгейін арттыру және осыған байланысты оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар, әдістемелер және т.б., пайдалану қажеттілігіне тоқталып отыр. Қаныш Сәтбаев әділ пікірге келеді: Коммунистік сана мен коммунистік мінез-құлықтың үйлесімді бірлігіне біздің балаларымыз өздерінің таланттары мен қабілеттерін кеңінен дамыта алатын жағдайлар жасау арқылы қол жеткізеді деп пайымдайды.[3]

Қаныш Сәтбаев «Олардың жұлдыздарға апаратын жолы» атты еңбегінде осы ойды жалғастыра отырып, артта қалған және үлгере алмаған оқушылар ғана емес, сондай-ақ ерекше дарынды оқушылар, тіпті «орта шаруалар» да педагогтар тарапынан ерекше назар аударуды және елеулі жұмысты талап ететінін атап өтті. Оқудағы табыс немесе сәтсіздік тәрбиелік ықпалдың негізгі өлшемі болмауы тиіс», - деп әділ қорытындылайды.

Қаныш Сәтбаев: «әлсіз оқушы, бірақ керемет жолдас, қамқор ұл, оқушы» дегенде бұл жерде оқушының бір қырын қарамау керек, ол жақсы жолдас болуы мүмкін және отбасында қамқор ұл болуы немесе тұлға екенін ұмытпауымыз керек екенін дәлелдегісі келіп тұрғандай.[4]

Қаныш Сәтбаевтың пікірінше, педагогтер адамгершілік тәрбиесінің мынадай міндеттерін шешуі тиіс - «...оқушылардың адами ерекшеліктерін мұқият және дәл білу, атап айтқанда ол шыншыл және адал; ол кеңес болмысының гуманизмін тән мен қанға сіңірді ме; ол қиын сәтте жолдасына көмектесуге, онымен бөлісуге дайын ба? Ол қоғамдық борыш санасы жоғары адам бола ма? - деп жазады. Қ.Сәтбаев: «...мектеп түлектері ең алдымен үйлесімді дамыған, шыншыл және адал адамның жаңа түрін іске асыруы керек,» деген ойға келген.[4].

Осы мақсатқа жету үшін Қаныш Сәтбаев, алдыңғы қатарлы мектептер қызметінің тәжірибесіне сілтеме жасай отырып, педагогтарға өз жұмысында жеке тәсіл әдісін ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу әдісімен біріктіруді ұсынады[4].

Осылайша, Қаныш Сәтбаев өз жұмыстарында осы үдерістің заңдылықтарын, принциптерін, мазмұнын, мақсатын, міндеттерін, әдістерін аша отырып, оқушыларды адамгершілік тәрбиесіне үлкен мән береді.

Соған қарамастан, Қаныш Сәтбаевтың тұлғаның адамгершілік қалыптасуы туралы көзқарастары сол кездегі коммунистік идеалдар рухында тұлғаны тәрбиелеуге қалыптасқан идеологиялық көзқарасты көрсетеді, олар «коммунизм құрылысының моральдық кодексінде» тұжырымдалған.

Мәселен, Қаныш Сәтбаев оқушыларын адамгершілік тәрбиелеудің мақсаты коммунистік сана мен коммунистік мінез-құлықты қалыптастыруда «коммунистік мораль негіздерін жатталған нормалар ретінде емес, іс-әрекетке басшылық ретінде игеру» деп біледі.

Ғалым студенттердің «Отан алдындағы қоғамдық борышын орындау» сияқты сапасын қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Алайда, ғалымның мектеп оқушыларының моральдық келбетін қалыптастыру мәселелері туралы көзқарастарының идеологизациясына қарамастан, олар сөзсіз құнды.

Қаныш Сәтбаев, оқу-тәрбие процесін дараландыру қажеттілігін, тек артта қалушыларға ғана емес, сонымен қатар үздіктерге және ең бастысы «орташаларға» сараланған тәсілді атап өте отырып, біздің ойымызша, әрбір жеке тұлғаның әмбебап маңыздылығын атап өтті.

Мұғалімдегі педагогикалық оптимизмге бірінші кезекте мән бере отырып, Қаныш Сәтбаев оқушының жеке басының өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар жасау, оған салынған барлық табиғи бейімділіктерді ашу, балалардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқындағы адамгершілік көзқарастары мен мұраттарын жүзеге асыру туралы ойлады.

Жалпы Қаныштың педагогика саласына қосқан үлесі зор. Егерде ауыр дертке шалдықпай осы жолда үзбей еңбек еткенде бұл бағытта да терең жол қалдыруы мүмкін еді. Бірақ бүгінгі күні, көпжылдар өткен соң, бізге Қаныш Имантайұлы жетіспейді, оның оптимизмі, адам сүйгіштігі, Сәтбаев шығармашылығының атмосферасы, Сәтбаевтың ғылым мен ағартушылыққа деген құрметі бізге үлгі. Сол себепті педагог ретінде Қаныш Сәтбаев пікірлерінің құндылықтарын өз тәжірибемде, ұстанымдарымда пайдалануға тырысамын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Сәрсекеев М. Сәтбаев. - Алматы. 1989. - 219 б.
2. Қаныш аға (Академик Қаныш Сәтбаев туралы естеліктер). - Алматы. 1989. - 486. - 240 б.
3. Қ. Сәтбаев. Мектеп және уақыт. 1931.
4. Қ. Сәтбаев. Олардың жұлдыздарға апаратын жолы. Мақала.

ЖИЙРМА ЖАСАР ҚАНЫШТЫҢ ЕҢБЕГІ

Ахметбекова Жанерке Ардаққызы

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі*

Қазақта артынан өшпес із қалдырған ғұлама ғалымдар көп. Солардың бірі де бірегейі – Қаныш Сәтбаев Имантайұлы. Қаныш – Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик.

Қаныш Сәтбаев Имантай бидің отбасында дүниеге келген. Шын есімі – Ғабдулғани. Анасы Әлима үлкен ұлы Ғабдул-Ғазизді еркелетіп Бөкеш десе, Ғабдулғаниын «Ғаниым, Ғанышым» деп атаған екен. Сөйтіп, ғалым облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен. Қаныш Имантай әулетіндегі көптен күткен перзент болатын. Сәтбаев сияқты ұлы тұлғалар туралы бір нәрсе жазу – ерең биік шыңның етегінде тұрып оның алыптығы туралы болжам айтқанмен бірдей іс. Десек те, «жақсының жақсысын айт, нұры тасысын» дей отырып, мен бұл ғалым жайлы:

*Ізнен аңыз ерген дара тұлға,
Сен лайықсың, бар әлемді қаратуға
Геолог, ғалым, қоғам қайраткері
Президент те бола білген дара тұлға.
Еліне қалдырған бар мол мұрасы,
Қолынан түспей-тұғын домбырасы.
Жігітке жеті өнер де аз демекші,
Сегіз қырлы қазақтың зор тұлғасы,-*

деп, Қаныш Имантайұлы ғылымның бір-бірімен қабыспайтын әр саласынан терең хабардар болғанын айта келе, оның жиырма жастағы еңбегіне тоқталғым келіп тұр.

Қаныш Сәтбаевты ғалым-математик дей аламыз. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін алғаш рет қолдану ұсынылады. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

Білімдарлығымен, оқымыстылығымен, данышпандығымен тарихта аты өшпеген ұлы тұлғамыз өкпе ауруымен ұзақ ауырған. Қуаты тасып, нағыз жұмыс істейтін жасында дертін емдейді. Дәрігерлердің талабы бойынша саумалмен емделу үшін амалсыздан ауылға оралған екен. Алайда ауылда қол қусырып жатпайтын ғалым қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» кітабын дайындаған. Дәлірек айтсақ, кітап та емес, көлемі 1642 бет болатын қолжазба оқулық. Оқулық 1919 жылдан былай басталып, онан бері әр түрлі толастардың орын алуымен созылып, 1924 жылдың ішінде аяқталып отыр. Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болатын. Бұл оқулық бой сергіп, өнер тасып отырғаннан емес, соңғы замандағы шәкірт тұрмысының түрлі қиыншылықтарымен дамылсыз алысып жүргендегі күрес үстінде жазылған. Сол бір аласапыран кезеңде осындай іргелі де ауқымды еңбекпен айналысуға науқас жігітті кім міндеттеген?

Ең алдымен автордың өз куәлігіне жүгінсек: «...Қазақ мектептерінде оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі оқушыларды толық қанағаттандырады деп айтуға келмейді. Оның мынадай түрлі себептері бар: оқытушылар күшінің тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған ғылыми кітаптардың жоқтығы. Осындай кемшіліктерді бір күнде немесе бір жылда оңай

жойып жібереміз деп айтуға болмайды. Бұл үшін әлі де болса кемінен он не жиырма жыл уақыт пен тынымсыз еңбек қажет болады». [1]

Шындығында, математика пәні сол кездегі санаулы қазақ мектептерінде үстіртін өтетін. Әр мұғалім орысша оқулықты өз аудармасымен, өзінің түйгенімен түсіндіретін. Есеп терминдері мүлдем қалыптаспаған, әркім оны өзінше қисындастыратын. Дәл осы жағдай, ауылдық жерлерде тұңғыш ұйымдасқан қазақ мектептерінің басындағы қиын жайт, бәлкім, сондай мектептерді ашуға дайындық шаралары, бәрінен де төл оқулықсыз бұл шаруаның тағдыры шешілмейтіндігін түсіну, біздің ше, «Алғашқы қазақша алгебраның» жазылуына түрткі болған.

Алгебра оқулығы – жиырма жасар Қаныш Сәтбаевтың ең алғашқы ғылыми еңбегі. Оқулықты ол орыс мектептерінде оқылатын алгебра негізінде жазғанмен, бұл оқулық – бірыңғай жалаң аударма емес. Сәтбаев А. П. Киселев алгебрасын тұтас көшірмей, өз тарапынан жаңа мазмұнды есептерді құрастыра білген. Сол заманның қазақ мектептерінің талғам-талабына сай, оқушыларының білім дәрежесі мен ой-санасына қарай есептерді ықшамдап, мал, шөп түрлерін санауға, сауда-саттық ұғымдарына қарай үйлестірген. Есеп терминдерін қазақшалауының өзі өзгеше, таңданарлық. Бұл үшін ол тыңнан жаңа сөздер, атаулар құрайды (алым, бөлім, бөлшек, түбір немесе «сложные проценты– еселіөсімдер», «срочные проценты –кесімді салымдар», «срочные уплаты– кесімді өтеулер»). Автор осындай, 220 математикалық терминдердің қазақша баламасын келтіреді. Бұлардың барлығы дерлік біздің ана тілімізге қазір сіңісіп кеткен етене ұғымдар. [2]

Қолжазбаның тағы бір маңызды ерекшелігі мен жаңалығы –автордың қазақша оқулыққа алғаш рет «халықаралық есеп тілін» - теңдеу өрнектерін латын әріптерімен белгілеуді ұсынуы. Қаныш Сәтбаевтың бұл ұсынысы тек отызыншы жылдарда, қазақ жазуына латын алфавитін енгізген кезде ғана жүзеге асты. Сонан бері ешқандай өзгеріссіз күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Сонда Қаныш Сәтбаев өз замандастарынан әлденеше жыл бұрын, қазақ мектептерінің алғашқы ұйымдасу кезінде-ақ математика пәнінің өрістеу деңгейін таңғажайып көрегендікпен болжай алған. Бұл еңбек белгісіз себептермен дер кезінде жарық көрмей қалған. Бұл жағына автор кінәлі емес. Республикалық архивте бұл туралы бірнеше деректер сақтаулы. Мәселен, Қазақ АССР халық ағарту комиссариатының академиялық орталығы 1924 жылдың 19 маусым күні Орынбордан авторға: «...Қазақша алгебра оқулығының қолжазбасы мақұлданып, баспаға тез арада беру туралы қаулы алынғандығын» хабарлаған. Онан соң да сол комиссариат 1926 жылдың 3 тамызында «...азамат Сәтбаевтың алгебра оқулығын үш мың дана етіп басып шығару» жөнінде тағы бір қаулы алыпты. Бірақ соның бәрі де орындалмай қалғаны өкінішті.

Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діндеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зарттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады. «Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі», - дейді Мұхтар Әуезов. [3]

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есенов Ш. Ғалым, азамат // «Қазақ әдебиеті» газеті, №14 (948) 5 сәуір 1969 жыл
2. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
3. Сарбаева А. М. Қазақ әдебиетінің ұлы қайраткерлері. XX Ғасыр. Ғұламалар тағылымы: Оқу-әдістемелік құрал. - Көкшетау: «Келешек-2030», 2012. - 210 бет

ҚАНЫШТЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҚАЛАМГЕР

Терең тамырлы тарихымызда мемлекеттілік және ұлтшылдық идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен қоғам қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар азаттықтың ақ таңы атқанша, елдің еңсесін көтеріп, ұлттың бойын тіктеуге ұмтылды. Қараңғылықтың құрсауында қалған халқымызға алтын күннің сәулесі тәрізді шуақ шаша білді.

Дана халқымызда «Тау алыстаған сайын биіктей беріп, тұлғалана түседі» деген тұғыры мықты тұжырымды сөз бар. Бұл жай ғана айтыла салған сөз емес, оның түпкі орамында саналы ғұмырын халқына арнаған, ел есінде мәңгіге қалған ардақты азаматтар туралы әспетті ой жатыр. Шынында да, халқымыз айбынды асқар тау тектес, білімі теңіздей терең, нар тұлғалы, білегі күшке толы тұлғаларға кенде емес. Сондай елі үшін саналы ғұмырын сарп еткен саңлақтарымыздың бірі – Қаныш Сәтбаев.

Қаныш Сәтбаев – қазақ халқы мен Қазақстан тарихындағы зор құбылыс. Ол аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының әйгілі табиғат зерттеушісі, әлемдік өреге көтерілген ойшыл ғұлама. Қаныш Имантайұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, ғалымдығы мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қазақстанның индустриялық даму жолындағы өркениетті үрдістің көш басында болып, кеменгер ғалым атанды.

XX ғасырда қазақ халқының мәртебесін биіктеткен, ұлттық рухын асқақтатқан, ғылымның құзар шыңына айналған дара тұлға, ерекше дарын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болғаны исі қазаққа, бүкіл әлемге әбден айқын. Ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың биік болмысы мен қисапсыз қыры бүгінгі ұрпаққа өшпес өнеге екені хақ.

Ұлы ғұлама Қаныш Имантайұлының ғылыми еңбектері мен мол мұрасын зерттеуде біршама ғалымдар еңбек етті. Сәтбаевтың ізін жалғаған шәкірттердің бірі Медеу Сәрсекке Қаныш ілімін зерттеу арқылы әдебиетке бетбұрыс жасады.

Медеу Сәрсекке – қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер. Әдебиетке өзіндік қырымен, дара соқпағымен келген жазушы әдебиет әлеміне бойлаған сайын жүз толғанып, мың ойланып, өз тақырыбын тандап та, талғап та жүріп, қалам толғаған дарын иесі. Оның шығармалары негізінен тәуелсіз елдің тұғырлы тұлғаларын жеріне жеткізе әспеттеуге арналған. Оған қоса кең арналы әдебиетіміздегі жасампаз қиял, ғылыми-фантастиканы тыңнан батыл өріп, қазақша түлеткен жанрдың көшбастаушысы да [1,4].

Қилы жанрлар табиғатына үңіліп, сөз кестелеудің азапты тұңғыығына бойлаған сайын қаламгер атаулы өзіне лайық тақырып іздеп, сара жолын белгілеуге ұмтылады. Медеу Сәрсекенің де сол бағытта іздене жүріп, қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаевтың ғұмырнамасын әдеби өрнектеуге бет бұрғанын білеміз. Бұл тақырыптағы алғашқы шығармасы – «Жезқазған осылай туған», оны 1959 жылы жариялапты. Сәтбаев ғұмырнамасына 1966 жылдан бастап кіріскен. Қазақша, орысша және ағылшын тіліндегі кітаптарды жарыққа шығарған. Солардың жалпы көлемі де 200 баспа табаққа жуық. 1980 жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен («ЖЗЛ») шыққан айтулы ғұмырнаманың 5 мың данасы халықаралық жәрмеңкеде сатылған. Қазақтың Қанышын әлемге танымал еткен Медеу Сәрсекенің шығармашылығы туралы Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың сөзіне жүгінсек: «Алыпты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын Медеу Сәрсекке ұлықтады, ЮНЕСКО жариялаған дерекке қарағанда, оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты! Бұл іс Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс...» [1, 5]

Қарт қаламгердің ерлікке балап отырған себебі: «Қаныш Сәтбаевтың» баспаханада терілген алғашқы нұсқасы 1975 жылы ешқандай себепсіз, түсініксіз тыйымға ұшырап, 15 жыл бойы құлыптаулы жатты; Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген соң да қазақша ғұмырнаманың ана тіліндегі түпнұсқасына қойылған тосқауыл қақпа ашылмады. Медеу Сәрсекке өзінің бертінде жариялаған «Қуғындалған Сәтбаев» немесе орыс тіліндегі «Через тернии» атты естелік кітаптарында таңғаларлық сол тыйымның себебін ағынан жарыла отырып түсіндірген. Қаныштанушы Медеудің осы жолда басынан кешкен тауқыметке мойымай, ізденісін тоқтатпай, билеушілер үстемдігіне өз хәлінше қарсы тұрып, күресе жүріп, Сәтбаев тақырыбын 40-50 жыл арқалауын ерлік деуге болады.

Сөйтіп Сәтбаев ғұмыры Медеу Сәрсекенің шығармашылық өмірбаянының алтын діңгегіне айналады. Жазушының техникалық білімі, өндіріс тынысымен жете таныстығы мен әдеби қарымының қабысуы, одан да гөрі көп жылдық сан салалы ізденіске жалықпай берілуі – көп жұрт кезінде күдіктене қараған келелі істің сәтті аяқталуына мұрындық болды. Қолдан жасалған тосқауылды талқандаған ғұмырнама романның екпіні төрткүл дүниеге тарады. Әу баста «Сәтбаев», одан соң «Қазақтың Қанышы», бертінде «Сәтбаев планетасы» және өзгертілген тағы бір нұсқасы «Қаныш елі» атанған, үш тілде (қазақша, орысша және ағылшын), жалпы жиыны 18 басылымнан тұратын ғұмырнама кітаптарының бәрінің де түп негізі бір – ұлы ғалымның өмір жолын ұлықтау.

Ғұмырнама роман түрінде сомдалған шығарма – бір ғана Қаныш Имантайұлының өмір жолыеместігі, жазушы шығармасының барлық нұсқасында қазақ топырағында туған индустрия ошақтары мен ғылым өрістеуінің нақты тарихы кең ауқымда суреттелуі; олай болса ғұмырнама ғұлама тұлғасын ұлт мәдениетінен айырмай, ұлт тарихының өсу, өркендеу, қалыптасу жолымен бірге қарастырған. Соған қоса жазушы, біздіңше, деректі прозаның қазақ әдебиетіндегі соны жолын ұсынады. Алуан деректерді, ғалым замандастарының естеліктерін қысқа да тұжырымды қалпында келтіріп, көпшілігін қайта тірілтіп, ғұмырнама желісіне кіріктіріп, оқиға оқырман сеніміне ие болады. Сонымен-ақ ғалым өмірінің түйткілді кезеңдерін, алуан оқиғаларды көркем шежіре түрінде қиыстырады [2,3].

Жазушы Медеу Сәрсекенің шығармаларында нақтылық пен деректілік басым. «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі де нақты деректерге толы. Жалпы шығарма Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын баяндайтын 3 негізгі бөлімнен тұрады. Олар: «Баянауыл аясында», «Сібір шамшырағы», «Ұлытау жотасында». Автордың көп ізденгенін сипаттаудың нақтылығынан және көзге аса қатты байқалмайтын, шағын мәліметтердің өзіне аса зор мән бергенінен байқауға болады. Мәселен, жас зерттеушінің Алтынқазған, Күмістөбе, Қорғасынды, Темірші, Жезтөбе деген кен орындарға барлау жүргізуде топонимикалық атауларға мән бергендігін айтады. Қосалқы мәліметтің өзі нақтылықпен берілген. Роман-эсседе кеңінен қолданылған тарихи құжаттар мен естелік-эсселер шығарманың шынайылығын, деректілік сипатын арттырып тұрғанын көруге болады деп ойлаймын. Сонымен қатар, автор Қаныш Сәтбаевтың көзін көргендерден сұхбат алысып, мәлімет жинаған. Қазақстанды жаппай қаулаған 1932 жылғы ашаршылық, ата-анасынан айырылуы, 1937 жылғы зобалаң жолындағы қиыншылықтардан өтіп, пісіп, жетілген жас зерттеуші бейнесі романда айқын бейнеленеді. Бұндай қиын кездерден жол табудағы іс-әрекеттері шығарманың нағыз дамуы мен шиеленісуі болды деп ойлаймын. Қаныш Сәтбаевтың басынан кешкен оқиғалары замандастарының естелік-эсселерімен толығып, шығарманың айқындылығын арттыра түсті.

Қаламгер Медеу Сәрсекке елу жылдан астам уақыт Қаныш Сәтбаевты жеке тұлға ретінде зерттеу жолында, ғалымның жүрген жолымен жүріп, үлкен ізденісте болған. Автор роман-эссеге өзінің қиял ұштарын қоспай, тек шынайы оқиғаларды жазды. Оқырманның Қаныш Имантайұлының өмір сүрген кезеңіне сапар шегуіне себепкер

болды. Медеу Сәрсеке жазушы ретінде шындалғанын, деректі прозаны жоғары деңгейге жеткізгенін дәлелдеді.

Халық жадында «Қазақтың тұңғыш геолог ғалымы» деген мәртебелі атқа ие болған Қаныш Имантайұлының ұлтына сіңірген ұлан-ғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Сөзімнің тұздығын айтар болсам, «Ер есімі – ел есінде» демекші, осындай шығармалардың нәтижесінде академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі ел жадында мәңгілік сақталмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мағжан А. Қанышты әлемге танытқан қаламгер // Ертіс өңірі.- 2016.- 3 ақпан.- 7 б.
2. Еспенбетов А. Қиял қанатынан деректер әлеміне // Семей таңы. - 2016.-26 қаңтар.- 3 б.

ВЛИЯНИЕ КАНЫША САТПАЕВА НА СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ЛИТЕРАТУРУ

*Богисова Гульназ Шалкаровна
Школа-лицей №61 имени Каныша Сатпаева
учитель русского языка и литературы*

Каныш Сатпаев является одной из ключевых фигур в казахстанской истории, и его вклад в различные аспекты культурной жизни страны, включая литературу, неocenim. Его образ и деятельность стали важным источником вдохновения для многих писателей и поэтов. Сатпаев предстает в литературе как символ научного прогресса и национального достоинства. Его жизненный путь, его исследования и научные достижения стали объектом внимания многих литераторов, которые в своих произведениях отражают его вклад в развитие науки и общества.[2]

Существует значительное количество литературных работ, посвященных жизни и наследию Каныша Сатпаева. Они охватывают различные аспекты его биографии, его научные исследования, а также его влияние на культурную и общественную жизнь Казахстана. Эти произведения включают в себя биографические книги, романы, стихи, эссе и документальные фильмы. Многие писатели и поэты обращаются к истории жизни и деятельности Сатпаева, чтобы подчеркнуть важность научных исследований и стремление к знаниям. Его личность вдохновляет на создание литературных произведений, способных просветить и вдохновить читателей на новые свершения и достижения.[4]

Литературное наследие Каныша Сатпаева играет ключевую роль в формировании культурного облика Казахстана. Оно помогает сохранить память о выдающемся ученом и его вкладе в развитие общества. Кроме того, литературные произведения о Сатпаеве способствуют воспитанию поколений, передающих идеалы науки, образования и национальной гордости. Каныш Сатпаев не только был выдающимся ученым, но и играл важную роль в развитии образования и науки в Казахстане. Его вклад в область образования проявлялся через организацию научных исследований, стимулирование ученых к новым открытиям, а также поддержку образовательных учреждений. Многие научные школы и университеты в Казахстане, а также за его пределами, связаны с наследием Каныша Сатпаева. Его научные исследования и методы обучения вдохновили многих ученых и преподавателей на создание собственных образовательных программ и школ.[3]

Образовательный вклад Сатпаева превосходит границы одной страны и оказывает влияние на мировую научную и образовательную сферы. Его методы и подходы к обучению стали примером для многих ученых и педагогов во всем мире. Образовательное наследие Сатпаева способствует развитию научных исследований и

подготовке новых поколений ученых. Диапазон интересов академика К. И. Сатпаева был необычайно широк и выходил за рамки естественных наук. Он был большим знатоком казахской истории, литературы, культуры, этнографии, музыки и фольклора, общеизвестны его археологические изыскания на территории Центрального Казахстана, труды по педагогике и литературе. [6]

Он первым оценил значение романа М. О. Ауэзова «Путь Абая», передал 25 народных песен собирателю фольклора А. Затаевичу, оставил множество работ о театре, искусстве, культуре, по воспитанию молодежи. В поездках по степи ничего не ускользало от внимания любознательного ученого. Услышав от местных жителей, что на вершине сопки Алтын шоки имеется камень с арабскими надписями, Каныш Имантаевич поехал осмотреть его. Это оказалось памятная плита с надписью, сделанной по приказу знаменитого Тимура (Тамерлана) о его походе в казахские степи. Находкой заинтересовался директор Эрмитажа академик Орбели и в 1936 году его вывезли в Ленинград. Впоследствии надпись была расшифрована и датирована 1391 годом. Это стало еще одним подтверждением знаменитого похода Тимура в Дешт-и-Кыпчак против хана Золотой Орды Токтамыса. [1]

Наследие Каныша Сатпаева имеет огромное значение для современного образования не только в Казахстане, но и за его пределами. Его научные и образовательные идеи продолжают вдохновлять и формировать подходы к обучению и научным исследованиям. Влияние Сатпаева ощущается в создании инновационных образовательных программ, в развитии научных школ и в укреплении научно-образовательных институтов. Оно также оказывает значительное влияние на современную литературу. Образ и достижения Сатпаева вдохновляют писателей и поэтов на создание литературных произведений, отражающих и прославляющих его личность, его научные исследования и его вклад в развитие общества. Литературное наследие Сатпаева служит не только источником вдохновения, но и примером для рассмотрения вопросов науки, образования и национальной идентичности.[5]

Современное образование и литература сталкиваются с рядом вызовов и инноваций. Наследие Сатпаева требует постоянного внимания и развития, чтобы соответствовать современным требованиям и вызовам. Одним из вызовов является необходимость адаптации образовательных программ к быстро меняющемуся миру, сохранение и продвижение научно-образовательных идей Сатпаева в условиях современной информационной эры. В свете рассмотренного выше, наследие Каныша Сатпаева представляет собой богатый и многогранный комплекс идей, исследований и достижений, оказывающий значительное влияние на современное образование и литературу.[7]

Сатпаев не только является символом научного прогресса и национальной гордости Казахстана, но и представляет собой источник вдохновения для многих поколений ученых, писателей и образователей. Его исследования в области геологии и нефтегазовой промышленности, его роль в развитии научной школы и образования делают его одним из ключевых фигур в истории Казахстана и мировой науки. Влияние наследия Сатпаева на современное образование и литературу продолжает расширяться и развиваться. Его идеи и методы внедряются в современные образовательные программы, а его личность и достижения продолжают вдохновлять новое поколение писателей и ученых.

Однако перед нами стоят вызовы сохранения и продвижения наследия Сатпаева в будущем. Необходимо уделить особое внимание сохранению и популяризации его научных работ, образовательных инициатив и литературного наследия, чтобы его вклад в развитие общества оставался актуальным и вдохновляющим для будущих поколений. Таким образом, наследие Каныша Сатпаева остается ярким примером того, как научные

и литературные достижения могут оказывать глубокое влияние на формирование современного общества и стимулировать научный и культурный прогресс. Сатпаев останется в истории как легенда, чье наследие будет продолжать вдохновлять и преображать мир веками. [8]

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мамин, Р. Каныш Сатпаев: Жизнь и научное наследие. Алматы: Дайк-Пресс, 2015.
2. Жумабаев, Т. Каныш Сатпаев и Казахстан. Научное наследие и его значение. Астана: Бастау, 2019. 1
3. Кенжебаев, К. Научные и образовательные инициативы Каныша Сатпаева. Алматы: КазНУ, 2010.
4. Расул, А. Сатпаев и его роль в развитии казахстанской науки. Астана: Наука и образование, 2017.
5. "Каныш Сатпаев: биография и достижения". Источник: https://ru.wikipedia.org/wiki/Сатпаев,_Каныш_Имантаевич
6. "Сатпаев Каныш. Казахский ученый". Источник: <https://biografia.ru/biography/satpaev-kanys/>.
7. "Биография Каныша Сатпаева: вклад в науку и образование". Источник: <https://www.famous-scientists.ru/6475/>.
8. "Сатпаев Каныш - великий ученый и государственный деятель". Источник: <https://glava.kz/post/satpaev-kanys-velikii-uchenyi-i-gosudarstvennyi-deyatel-27001/>.

ХАЛҚЫ СҮЙЕТІН ҚАНЫШ

(“Қаныш” кинокартинасына шолу”)

Букенбаева Замзагуль Кабдолловна

Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейі ШЖК МКК

Бастауыш сынып мұғалімі

XXI ғасыр ақпараттық-технологиялардың қарқынды дамыған дәуірі болғандықтан, болашақ ұрпаққа білім берудің, тарих тағылымдарын танытудың, сананы жаңғыртудың креативті жолдары жеткілікті. Соңғы жылдары қазақ киноөнері тарихи тұлғалар туралы фильм түсіруді қарқынды қолға алды, бұл «аса» кітап оқып жарытпайтын бүгінгі ұрпақ үшін, тарих пен әдебиетті, ұлттық құндылықтар мен мәдениетімізді дәріптеудің таптырмас жолы. Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық демекші кинотуындылар көрерменге түрлі эмоция сыйлай отырып, басты кейіпкердің өмір-жолын тез тануға, халқы үшін еткен еңбегін, құрметтеуге, дәріптеуге, биік тұлғасын мақтан тұтуға, елеулі кезеңдерді естен шығармауға мүмкіндік береді.

Мен осы тұста халқының біртуар ғалымы Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылым жолына арналған «Қаныш» фильміне тоқталуды жөн көрдім.

Атақты ғалым, геолог, туған елінің нағыз патриоты Қаныш Сәтбаевтың заңғар тұлға екеніне ешкім шүбә келтірмес. Әйткенмен, халқымыздың қасіреті мен жеке басының трагедиясын және күдікшіл, әрі күмәншіл билікпен күресі біте қайнасқан «тар жол, тайғақ кешкен» тағдырын қалың көпшілік біле бермейді. Қилы заман алып тұлғаларды қалыптастыратыны бәрімізге белгілі. «Қаныш» фильмі жас Қаныш Сәтбаевтың қазақ халқының басына күн туған – ашаршылық, жұт және қуғын-сүргінмен тұспа-тұс келген еңбек жолының алғашқы қадамына аяқ басқан өмір жолын баяндайды.

Бұған дейін кұпияда ұсталып, «ақтандақ» калпында қалып келген мұрағат құжаттарын, хаттар мен естеліктерді пайдаланып, ұлы ғалымның замандастары мен туыстарының жүрекжарды әңгімелерін арқау етіп қиял-қоспасыз өрілген һәм ғалым өмірінің бел-белестерін бүкпесіз ашып, ұлағатты ғұмыр жолын саралап та, даралап та ұлықтаған кинотуынды Қаныш асылымызды ардақ тұтқан қауымды бей-жай қалдырған жоқ.

Кинокартина «Қазақстан» Ұлттық телеарнасының тапсырысы бойынша 2021 жылғы «Қаныш. Қазына» сериалының және Медеу Сәрсекеевтің «Қазақтың Қанышы» кітабы негізінде түсірілген. Режиссеры - Ерлан Нұрмұхамедов, сценарий авторлары - Әмір Әменов пен Ален Рахметәлиев. Фильмде Қаныш рөлін ғалымға табиғи ұқсас Әсет Есжан сомдайды. Фильмде 1926–1934 жылдардағы нақты тарихи оқиғалар негізге алынған. 1926 жылы Қаныш Сәтбаев Қарсақпай ауданында (Жезқазғаннан 90 шақырым жерде) мыс кенінің ірі кен орындарын ашты. Ғалымның күш-жігерінің арқасында мұнда тау-кен өндірісінің өнеркәсіптік инфрақұрылымы құрылды.

Фильмнің басты ерекшелігі кинокартина ақ-қара форматта түсірілген, бұл идея сол бір қиын, қараңғы заманның шынайы бейнесін толық ашудан, көрерменге дәл жеткізуден туындаған. Телехикаяда XX ғасырдағы қазақ жұртының әрқилы тағдыры, арманы, мақсат-мүддесі, мемлекеттік биіктерге, соның ішінде индустрияландыру ісін шетелдерден тәуелсіз етіп, өз жерімізде қарқынды жүргізуге және кен өндірісін игеруге қарай басқан қадамдары көрсетіледі. Қазақ даласындағы саяси қарым-қатынас, достық, сатқындық, мүдделер қақтығысы, қым-қуыт оқиғалар, ұлттық тұтастық – телехикаяның негізгі өзегі [1].

Қаныш Сәтбаевтың көзін көрген тұлғалардың бәрі оның тек ғалым емес, үлкен аламгершілік иесі екенін де тілге тиек етеді. Фильмді түсіру тобы да Қаныш Сәтбаевтың тек мықты геолог қана емес, сонымен қатар, ондаған баланы аштықтан аман алып қалған ерекше тұлға екенін көрсете білген. Фильмде XX ғасырдың басында орын алған

ашаршылық, қуғын-сүргін сияқты қиын кезеңнің өзінде халық рухының сынбағанын көрсеткен. Туындыда сол уақыттың сирек деректі кинохроникасы қолданылып, ал нақты тарихи тұлғалар кейіпкерлердің прототипіне айналған.

Сәтбаев ғұмыры Медеу Сәрсекенің шығармашылық өмірбаянының алтын діңгегіне екені баршаға мәлім.

Медеу Сәрсеке – ұлтымыздың кемеңгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға елу жылдан астам уақытын сарп етіп, біртуар ғалымның жарқын бейнесін тартымды һәм тұрлаулы еңбегімен қазақ қауымына танытқан қаламгер. Жазушының техникалық білімі, өндіріс тынысымен жете таныстығы мен әдеби қарымының қабысуы, одан да гөрі көп жылдық сан салалы ізденіске жалықпай берілуі көп жұрт кезінде күптене қараған келелі істің аяқталуына мұрындық болды. Қолдан жасалған тосқауылды талқандаған ғұмырнама романның адуын екпіні төрткүл дүниеге тарады. Әу баста «Сәтбаев», одан соң «Қазақтың Қанышы», бертінде «Сәтбаев планетасы», бірнеше өзгертілген бір нұсқасы «Қаныш елі» атанған, он төрт басылымнан тұратын ғұмырнама кітаптардың бәрінің де түп негізі бір – ұлы ғалымның өмір жолын ұлықтау, тек заман өзгеріп, кеңестік идеология өмірден көшіп, қатаң цензура мен әріпшіл редакторлар әмірі жойылғанда, бұрын жаза алмаған, айтуға да тиым салынған тараулар мен қомақты беттер қосылып, қайыра шыққан сайын, ғалым өмірінің шежіресі молайып, жаңарып та отырған [3].

Кітап тағдыры да адамдар ғұмырындай сипатқа ие. Өзіндік тарихы, тағдыр-талайы болады. Кей кітаптар бір оқығаннан кейін іле-шала ұмыт болады, өмірде бір мәрте кездесіп, қайыра ұшыраспаған бейтаныс іспетті. Осы жөнмен топшылағанда, Сәрсекенің «Сәтбаевының» ғұмыры ұзаққа кетеріне біз толық сенімдіміз. Әркімнің сырласындай, ақылшысындай боп үйінде сақталар қастерлі кітапқа айналары анық. Дәл осы ғажап туынды фильмде Қаныш ролін толық ашуға алтын діңгек болды [3].

Фильмді түсіру барысында сценаристер Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесінен бөлек ғалымның өмірбаянындағы деректерді зерделеп, бірнеше жердегі Сәтбаев музейлеріне барып, зерттеушілерден сұхбат алған, ғалымның туған-туыстарымен кездесіп, барлық қаныштанушылармен тілдескен, фильмгеқажет драматургияларды толық жинау үшін барын салған.

Фильм режиссері Ерлан Нұрмұхамбет: «Қаныш Сәтбаевтың бар-жоғы 27 жасында мойнына қорықпай жауапкершілік алып, команда жинап, қазақ даласында зерттеу жасағанына қайран қалдым. Ол заман басқа, қазіргідей технология жоқ. Осындай жүректі кісілерді халыққа көрсету керек.»

Шыны керек, кеңес заманында да тарихты шала-шарпы оқытты. «Осындай тұлға болды, осындай еңбек етті» дегенді ғана оқыдық. Тереңіне үңілсек, адамның ішінде қандай арпалыс болғанына көз жеткіземіз. Қаныш әкесінің жерлеуіне бара алмаған, бір уыс топырақ сала алмаған. Бұл – өте ауыр. Көз алдында адамдар аштықтан өліп жатты. Соның бәрін көріп, небір сезімді бойынан өткізіп, мақсатына жету үшін күш жинап, талмай еңбек еткен. Мұндай батырлар өте аз. Қаныштай тұлғаларды көрсете білуіміз керек» – дейді.

«Қаныш» фильміне негіз болған «Қазақтың Қанышы» кітабының авторы Медеу Сәрсекеев: «Қаныш аға туралы бұл фильм баяғыда жарыққа шығуы керек еді. Өйткені оның еңбегі, жетістігі мол. Амал не, ештен кеш жақсы дегендей, жуырда жасалып, көптен күткен көрерменнің көзайымына айналып отыр. Фильмнің бағасын көрермен айтар. Мен өзім осы туындының дүниеге келгеніне қуаныштымын! Шамам келгенше көмектестім, сценаристер арнайы іздеп келіп ақылдасты. Көрерменге ой салар, ғұмыры ұзақ туынды болсын! Қаныш ағаның тағдыры, өмір жолы, атқарған еңбегі, барлығы – халқымыз үшін әрқашанда өнеге! Мен осы жолда өзімнің 58 жылымды арнадым. Қаныш мені де, елін де байытты» – деп аса құнды пікір қалдырады.

«Қаныш» фильмі халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болды. 2022 жылдың желтоқсанында кинокартина Буэнос-Айрестегі (Аргентина) Literature in Cinema халықаралық кинофестивалінде «Үздік фильм» атанды, ал осы жылдың қаңтар айында Үндістандағы халықаралық кинофестивальде үш номинацияда – Best asian feature film, Best concept, Best environment/nature feature film жеңіп алды.

Түйіндей келе, халқының біртуар ұлы Қаныш Сәтбаевтың елі үшін еткен еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ғалымның өмірден өзганына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ер есімі - ел есінде мәңгі сақтаулы. «Қаныш» фильмінен соң, аға буынның ғана емес, жастардың да «дара» тұлғаға деген сүйіспеншілігі мен махаббаты арта түсті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Медеу Сәрсекке. “Қазақтың Қанышы”. 1 - бөлім.
2. Сібір шамшырағында. Астана. 2008. [135бет, 3]
3. http://engime.org/pars_docs/refs/162/161315/161315.pdf
4. “Молодая гвардия”. Мәскеу. 2003. [79бет, 1]
5. <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%>

ҚАРСАҚБАЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Джабаева Элмира Қуатқызы
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
химия пәнінің мұғалімі*

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия опасыздықпен Кеңес Одағына қарсы тұтқиылдан шабуыл жасады. 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кеңістік дәуір кеңістігінде өмір сүрген халықты шығысқа қарай көшіреді, жау қолында қалған қазақ даласы пана болып, жетімін бауырына басады.[1]

Майдан шебі алыста жатса да, оның қорғасында қара бұлты Қарсақбай мен Жезді халқына салмақ түсірді. Бұл екі алып «Майдан үшін, Жеңіс үшін» ерлікпен пара-пар еңбек етті. Соғыс жылдарында Қарсақбай комиссиратынан 15259 адам өз еркімен ел қорғауға аттанды.[2]

Кешегі Қарсақбай – бүгінгі Жезқазғанның кіндігі. Жезқазған аймағынан табылған Қарсақбай мысы, Жанай адырының ізбесі, Байқоңырдың көмірі орыс инженерлеріне сонау I - Петр тұсынан бастап белгілі болған. Кен көзін ашу үшін ағылшындарға завод салу қажет болғандықтан, олар Қарсақбай деген байдың қыстағын сұрап, осы жерді сатып алады. 1913 жылы зауыт пен байыту фабрикасының құрылысы басталып, Жосалыдан басталып рельс төселеді. Енді бас көтеріп келе жатқан Қарсақбай, 1918 жылы Халық Комиссарлары Кеңесі Байқоңыр, Қарсақбай, Жезқазған кеніштерін ұлттық меншікке өткізу туралы қаулы қабылданып, елде азамат соғысы жүріп жатқандықтан, бұл жүзеге аспай қалады. Зауыт құрал - жабдықтарын И.Деев, П.Холмецкий, Н. Саусақовтар 1925 жылға дейін сақтап қалып, осы жылы 10 маусымында «Атбасартүсті металл» терісі құрылып, оны басқару Степан Степанович Дыбецке міндеттеледі. Мүшелері болып Игнатий Игнатьевич Логин, Иван Васильевич Деев пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тағайындалады. Бұлар алдымен ағылшындар суға толтырып кеткен шахталарды ашудан бастайды. Қумола өзенін бойлай Бәрекеге дейін жағалай бөгет салып, 1926 жылы электр станциясының құрлысын аяқтап, үйлерге жарық береді. Сонымен 1928 жылы толық жабдық жеткізіліп, қыркүйектің 16 күні шағылу пеші іске қосылады. Осы жылы 19 қазанда түнгі 23.00. сағатта тұңғыш Қарсақбай мыс құймасы алынды. Сөйтіп, Қарсақбай комбинаты КСРО – дағы тұңғыш мыс өндіретін кәсіпорын болды. Қарсақбайдың өркендеуіне елеулі үлес қосқан Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ізі ешқашан өшпейді және ол кісі осы өңірді «геологиядағы Эльдorado» деп атады.[3]

Қарсақбай сонау Ұлы Отан соғыс жылдарында жеңісті жақындатуға көмектесті. Зауыт әкімшілігі алғашқы күннен бастап жұмысты соғыс жағдайына бейімдеп ұйымдастыру ісіне кірісті. Зауытты басқару тәртібі бірнеше аралық буындар қысқартылып, негізгі участіктарға өндірісте тәжірибелі жұмысшылар, мамандар, коммунисттер жіберілді. «Жауды талқандауға металды көп берейік» - мыс қорытушылар осындай ұранмен күндіз-түні жұмыс істеді. Зауытта құпия түрде миналар құйылды. Естуімізше әрбір он оқтың тоғызы осы Қарсақбай зауытында жасалған. Қарсақбай пионерлері атынан майданға көмек ретінде Одақ көлеміне үлгі болған акциялар өткізілді. Осынау ел басына күн туған шақта мыңдаған қазақстандықтар соғыс коммисариатына келіп еріктілердің қатарына майданға аттандыруды сұрады. Қарсақбай кентінің тұрғындары да қалыс қалған жоқ. Олардың көпшілігі Қарсақбай мыс зауытында еңбек етіп жүріп майданға аттанды. Атап айтсақ: М.Құлыбеков, А.Лисота, А.Ербусинов, С.Махамбетов, Қ.Әлкеев, Ш.Еділбаев, Б.Өтеш, С.Аубакиров т.б. Соғысқа Қарсақбай қалашығынан 143-тен астам ер азамат майдан даласына аттанды. Елге аман-есен оралғандар да, іс-түссіз кеткендер де өте көп.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарсақбай мектебінің ұстаздары мен оқушылары және кенші, металлургтермен қатар жеңіске өз үлестерін қосқан. Ол жайлы мұрағат құжаттарында былай делінген: «Мәскеулік пионерлердің үндеулеріне жауап ретінде Қарсақбай мектебінің оқушылары «Қазақстан пионері» танк колоннасын жасауға 6 мың сом қаржы жинады». 1943 жылғы 21 сәуірдегі «За медь» газетінде Бас қолбасшы И.Сталиннің жеделхаты жарияланып, Бас қолбасшы Қарсақбай мектебінің оқушылары мен мұғалімдеріне алғысын білдірген. Елін жаудан қорғаған жауынгер ерлеріміз әр аймақта өте көп болса, алайда қазіргі таңда олардың саны кемуде. Тарихи шайқастардың көзі тірі ардагерлерін құрметтеу, оларға қамқорлық жасау әрбір азамат үшін міндет. ҰОС-ның жеңіс күнін көрген жауынгерлер өмірден озып, жыл сайын жауынгерлердің саны қысқарып, қара тізімі ұзарып барады. Сол сұрапыл соғыс заманын көзімен көрген куәгерлермен бірге тарихтың маңызы егжей-тегжейлі естеліктерді де жоғалып бара жатқан сыңайлы. Сондықтан да біз ешқашанда жауынгер аталарымыздың ерлігін ұмытпауымыз керек.

Қарсақбай кентіндегі соғыс ардагерлері. Сұм соғыста аман-сау елге оралған Ербусинов Абдрахман. Ол кісі 1926 жылы Ұлытаудағы «Большевик» колхозында дүниеге келген. Әбекеңді ауылдың атқамінерлері екі-үш жылдан соң ғана құжатқа тіркеп, ол кісі сондықтан да әскерге кештеу алыныпты. 1944 жылы Қарсақбайдағы соғыс комиссариатынан шақыру қағазын алған өрімтал азамат бір ай бойы комиссариатты күтіп жатып, қазан айында ғана майданға жіберіліпті. Бұл кез неміс фашистерінің ойсырай жеңіліп, алды-артына қарауға мұршасы келмей, шегініп бара жатқан шағы екен. Ол кісі негізінен Венгрияның Будапешт қаласына жіберілді. Айтуы бойынша: - Будапештегі 259 – полк штабында бір батальон конвойшылар жасағы құрылып жатса керек, Әбекеңді сонда қосып жіберіпті. Соғыс тұтқындарын бір қаладан келесі қалаға жеткізіп, Чехословакиядағы Бруно қаласына барса, одан кейін қайта Будапешке оралып, тұтқындарды тасымалдаумен жүрген. Осылай жүргенде Жеңіс күнін осы қалада естіп, сол жерде мерекелеген. Жеңістен соң 1948 жылға дейін Воронежде әскери міндетін атқарып, алыста қала берген. Соғыс дауылы тыншыған соң туған ауылына таяу жақтағы әскери бөлімшеге ауысып, Жезқазған төңірегіне келген соң, мұндағы басшылар Әбекеңді Балқашқа жіберген. Әскери борышын 1949 жылдың күзін аяқтап, әскери қатардан босап Қарсақбайға келген. Бұл жылдары Рудник, Жезқазған, Қарсақбай бір орталыққа бағынатын. Әскерден оралған соң Қарсақбайда учаскелік милиция қызметінде жұмыс істеп, кейіннен әскерлендірілген өрт сөндіру бөлімінде жұмыс атқарған. 1950 жылы Нәбира Томпақовамен отбасын құрып, 12 бала тәрбиелеп – өсірген. Қарт майдангер, Ұлытау ауданының құрметті азаматы. Ә.Ербосынұлы қазіргі кезде

немере-шөберелерінің ортасында бақытқа бөленіп отыр. Атамыз соғыс ардагері белгісімен, Германияны жеңгені үшін, Жеңістің 60-70 жылдығына арналған медальдармен марапатталған.

Ал екінші соғыс ардагері Лисота Адам Анисимұлы. Бұл кісі наурыздың сегізінші жұлдызында 1927 жылы Карецк районындағы Морозовка кентінде дүниеге келген. Ол кешкі сынып оқуын бітірген. 1944 жылы мамыр айында Донецк қаласындағы Бутилов әскери зауытына жұмысқа қабылданады.

1944 жылы қараша айында Донецк ауданындағы Авдеевск военкоматына совет әсер қатарына шақырылды. Соғыстан кейін 1945 жылы шілде айында оны 7518 әскери бөлімшесіне ауыстырады. Одан кейін 1949 жылы Бежеце қаласындағы Запорожсталь заводына ауыстырып, ол тұтқындарды күзетіп, тұрғын үй тұрғызып және жолдар салу сияқты қызметтер атқарды. 1951 жылы сәуір айында өз Отанына оралды. 1951 – 1954 жылдар аралығында Ровенск ауданында учаскелік инспектор қызметін атқарды. Осы ауданда, өзі туған жерінде 1955 жылы ақпан айында отбасын құрады. 1955 жылы наурыз айында зайыбымен Қазақстанға келіп, осы жерге тұрақтап, Қарсақбай металлургиялық зауытына жұмысқа тұрады. Осы жерде 1987 жылдың наурыз айына дейін қызмет атқарады.

Келесі соғыс ардагері Құлыбеков Мұханбетқали. Ол 1923 жылы Қарағанды облысы Коммуна колхозында кедей отбасында дүниеге келген. Ол кісінің жауынгерлік ерліктері жайында мағұлматты, көзі тірісінде өзі жазып кеткен күнделік деректерінен алуға болады. Бұл күнделік 1977 жылы жазылған екен. Осы күнделікте Қарсақбайға 1925 жылы келіп, зауытта еңбек ете бастаған. Ол 1939 – 1941 жылдары №1 орта мектебінде оқып, білім алған. 1942 жылы шілде айында Ақмола қаласына келіп әскер қатарына 387 – атқыштар дивизиясының 949 артиллерия полкына алынып, бірден Сталинград майданына келеді. Мақсаттары, егерде неміс танкілері көрінер болса, я болмаса жаяу әскерлері алға шығып кетсе, міне соған қарсы тойтарыс беру болды. Ардагеріміз Мұхамбетқали осы соғыс барысында Сталинград, Перекоп, Миус, Қырым жерлерінде болған. Сталинград шайқасы – екінші дүниежүзілік соғыстағы басты шайқастардың бірі. Ол қорғаныс 1942 жыл 17 шілде – 18 қараша және шабуыл 1942 жылдың 19 қараша күні таңғы сағат төртте дайындық болып, қарсы шабуыл басталды. Ол үш операциямен іске асырылды: «Уран» - Сталинградтағы неміс әскерлерін қоршап алу; «Кіші Сатурн» - Сталинградта қоршауға түскен неміс әскерлеріне батыстан және оңтүстіктен келетін көмектің жолын кесіп тастау; «Шеңбер» - Сталинградта қоршауға түскен фельдмаршал Ф.Паулюстің армиясын талқандау. Осы зор шайқас 200 күн мен түнге созылды. 1943 жылдың 2 ақпан айында қала түгел немістерден азат етіліп, немістер пленге түсіп, фельдмаршал Паулюс қалған әскерімен тұтқынға алынып, бұл соғыс аяқталады. Мұханбетқали ақсақал болған 387 – атқыштар дивизиясы көптеген қала мен деревняларды азат етті. Ол кісі өз жазбаларында: «1945 жылдың басында бізді Австрия жеріне жіберді. Бірнеше қалаларды алғаннан кейін 1945 жылы 13 – сәуір күні орталық қаласы Венаны алдық. Бұл шайқас өте ауыр болды. Себебі, нағыз немістер шоғырланған жер осы болатын. Бұл майдан аяқталғаннан кейін Болгария жерінде болып, Югославияда шамалы шайқастарына қатысып, Чехославакия жеріне ауыстық». Елге 1947 жылы 30 сәуірде оралды. Басынан көптеген қиыншылықтарды өткізіп, оқ пен оттың арасында жүріп елге оралған ардагер туған жері Қарсақбай кентінде қайтыс болды.

Байтенов Өтеш қазіргі Жезқазған облысы, Жезді ауданы, Қарсақбай кентінде 1918 жылы дүниеге келген. Бастауыштан білім алған, 6 кластық білімі бар. Соғысқа дейін Қарсақбай мыс қорыту зауытында еңбек етіп, 1939 жылы желтоқсан айында әскер қатарына шақырылып, қазіргі Қарсақбай кенті Қарағанды облысының армия қатарына аттанған. Чудов қаласында 114 полкте әскери қызметін атқарып жүрген жылдары 1940 жылы Фин компаниясына жіберілді. Содан Выверго жерінде Фин шығанағында болды.

Сол 1940 жылдың жазында Ленинград қаласына қайта оралып, әскери қызметін одан әрі жалғастыра берді. 1941 жылдың жазында соғыс басталғаннан кейін Псков қаласына атқыштар курсына жіберіліп, оны аяқтаған соң ұрысқа араласқан. Сол қанды шайқаста жараланып, госпитальға түсті. Госпитальдан шыққаннан кейін Ленинград қаласына жіберілді. Онда небәрі 3 күн болып қайтадан Карель перешейкіге жіберілді. 1943 жылы соғыста 118 полкте соңғы рет болып, ауыр жараланып, осы жылы елге қайта оралады. Соғыстан кейін медзаводта горновой болып қызмет істеген. Үш соғысқа қатысқан Фин соғысы, Жапон соғысы, Ұлы Отан соғыс жылдарында алған медальдары мен ордендері бар.

«Ешкімде, ештеңе де ұмытылмайды» - демекші, тарихта ізі, таңбасы қалған ҰОС естеліктері әр ардагер жадында да ұмытылған жоқ. Жеңістің жолы ауыр болды. Бұл жолда көп ата – ағаларымыздан айырылды. Сондықтан, бүгінгі күні біз ең алдымен майдан даласынан қайтып оралмаған, жерін, елін, Отанын қорғау жолында қаза тапқан қаһармандарды еске алуымыз керек. Келешек ұрпақ үшін, өз Отан үшін құрбан болған жауынгерлерге адамзат қоғамы мәңгі қарыздар. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата – бабаларымыздың ерліктері жылдар тұрмақ ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихта жазылып қалады.[4]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.Н.Ақдаулетова. Қандай көркем – туған өлкем.
- 2.Сарыарқа газеті 6.05.2005ж № 39-40
- 3.М. Сәрсекке Қазақтың Қанышы Алматы: Атамұра, 1999
- 4.Ұлытау өңірі. Майдангерлерге мың тағзым», №16,2013 ж

ҚАНЫШ СӘТПАЕВ: «ҒАЛЫМ ӨМІРІНЕН ДЕРЕКТЕР»

Дидарбекова Айгуль Ержановна
«Armys school» ЖШС тарих пәнінің мұғалімі

«Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады»
Қаныш Сәтпаев

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев (12 сәуір 1899 жыл – 31 қаңтар 1964 жыл) – ұлы ғалым, мемлекеттік қоғам қайраткері, қазақ елінің әйгілі зиялысы. Қаныш Сәтбаев дегенде, біріншіден Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясының алғашқы президенті болғаны есімізге түседі. Қаныш атамыз ұлтымыздың атақты адамдарының бірі. Оқу орындарына келер болсақ, 1911 жылы Сәтбаев Павлодар қаласы орыс-қазақ училищесін 4 жылдық бағдарламаны 3 жылда аяқтап, артынша Семейде оқуын жалғастырады. Оқуға құштар ғалым, елімізге елеулі жаңалықтар мен мұралар қалдырады. Зерттеу саласының ғалымы атанып, геология саласын биікке көтереді. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі мен ағарту ісіне көп үлесін қосады. (1, 262 бет) Ауылдық жерден шыққанымен, физика мен химия саласын қызығушылықпен оқып таныған Сәтпаев, осы салалардың генийі атанады. Өз еңбектерін әрқашан халқына арнап, халқы үшін қызмет еткен.

Тарихымыздың ұлы оқиғасы болып танылған, 1 маусым 1946 жылы Ұлттық ғылым академиясы құрылды. Академияны басқарған Қаныш Сәтбаев. Ол өмірінде 640-тан астам еңбек жазған болатын, оның ішіндегі «Мектеп пен уақыт» шығармасында келесі ойларын дарытқан болатын. (2, 273 бет) Білімге деген көзқарасы жоғары болғандықтан, халқымыздың білім алу оны ары қарай жалғастыру және де әр түрлі салаларға елеулі із қалдыру мақсатында біраз жұмыс атқарған болатын. Қаныш Сәтпаев еліміздің естен кетпес ұлы тұлғасы, сонымен қатар қазақ жерінің геологиясын зерттеген алғашқы ғалым екендігін ұмытпауымыз керек. Халқымыздың жер байлығын зерттегенімен Ресей империясына біраз кен орындарын жасырған болатын, өйткені қазақтардың ертеңгі күнін ойлап, құпия сақтаған болатын.

Мақтаншақ мен намысқойлық әдеттер халқымызға тән болмағандықтан, көзқарасы басқа болатын. Сәтбаев еліміздің жастарын жауапты, алдарында кездескен қиындықтарды жеңіл шешіп, алға қойған мақсаттарына жетуге тырысады деп сипаттаған. Қаныш атамыз әңгіме құрғанды жақсы көретін, адамды өзіне қаратып қасындағы адамға шын пейілімен тығырықтан шығу жолын көрсететін.

Еліміздің жастарын тәрбиелеу жолында да бірталай жұмысты атқарды. Білім саласында өзгерістердің қажеттілігін белгілеген болатын. Нақтырақ айтар болсақ, сабақ берудің тәсілдерін өзгерту мен дамыту, оқушыларды ғылым саласына дайындау, білім бағдарламасын қайта қарастыру болатын. Ғалымның атынан минерал атау да бар «сәтпаевит». (3, 276 бет)

1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен елімізде Сәтбаев жылы аталған болатын.

Сәтбаевтың біраз жұмыстары жарық көрмеген, оның көбісі жазба дерек болып жарыққа шықпаған. Ендігі жастардың мақсаты Қаныш атамыздың мұрасын зерттеп, келесі ұрпаққа өнегелі білімдерді сақтап жеткізу.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қ.И.Сәтпаев: Ғалымды еске алуға арналған жинақ. – Алма-Ата, 1965.- 262 б.
2. Қ.И.Сәтпаев(Академиктің 110 жылдығына арналған жинақ) Г.Р. Бекжанова-Алматы: «Казгео» 2010.-273 б.

3. Жарық жұлдыз. Сәтпаев естеліктері.-Алматы:Ғылым, 2000.-276 б.
4. <https://satbayev.university/kk/news/kazakstannyn-damuynda-uly-galymnyn-rolі> Сәтпаев Университетінің сайтынан үзінді
5. <https://e-history.kz/kz/news> Қазақстан тарихы сайтынан үзінді
6. https://urfodu.ru/kz/ru/experts/kanysh_imantaevich_satpaev/ Дом учителя Уральского Федерального округа

**KANYSH SATBAEV - FIRST PRESIDENT OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE KAZAKH SSR**

Yegizbayeva Meruyet Maratkyzy

English language teacher

№ 61 School Lyceum named after Kanysh Satbaev

Kazakhstan is an incredible country! There are numerous stories and legends about your limitless steppes, clear lakes, lavish woods, grand mountains. This is a brilliant country, which retained the smell of unpleasant wormwood that developed among old wanderers, and new wind that came to our predecessors, the squeaking sound of the incredible kobyz Korkut ata and the tinkling dombra of Kurmangazy. This is an incredible land with the Melody Bird flying over it, which gave every one individuals tunefulness, musicality and ability. At last, it is an incredible country, which has sustained and supported numerous extraordinary individuals, like Abai Kunanbayev, Ybyrai Altynsarin, Alikhan Bokeykhanov, Saken Seyfullin, Shokan Ualikhanov, Mukhtar Auezov and numerous legends of our Homeland, about whom melodies, sonnets, narrative, fiction and logical writing won't ever stop.

Among numerous extraordinary characters of Kazakhstan, we can feature a name that has become particularly critical and incredible for current times - it is Kanysh Satpayev, a significant coordinator of sciences, geologist, researcher, the main leader of the Foundation of Studies of the Kazakh SSR.

Concentrating on his heritage in different school subjects: geology, history of Kazakhstan, science, I over and again posed myself the inquiry: how it was feasible to do, find, investigate, make and compose to such an extent!

Getting to know the memoir of Kanysh Satpayev, I understood that his steadiness, deliberateness, prescience into the future were at that point at first molded by an extraordinary climate from youth: love for the idea of his local land, its fauna and vegetation, striking interest in the geological highlights of his property: Bayan-Aulsky locale of Petropavlovsk district, where the researcher was conceived, Zhezkazgan stores, Saryarka metallogenic zone, an area of Saryarka and rocky Altai, Atbasar and Karaganda. This extraordinary man, being the main leader of the Institute of Studies of the Kazakh SSR, made a priceless commitment to the creating science and craft of the 50s of the 20th hundred years [1]

Indeed, it was a troublesome time: the country, which had imagined for quite a long time of acquiring its freedom, moved forward. The way of Kazakhstanis was a prickly one. Furthermore, it was considerably more hard for those individuals who were on the "beat" of time. The Country at the beginning of Soviet power anticipated from them new logical revelations, research, advancements, regulations, works.

Kanysh Satpayev got himself and dedicated for what seems like forever without leftover portion to the help of the Homeland. His extraordinary and productive work depends on countless works dedicated to the issues of geography: "Public economy of Kazakhstan" under the title "Atbasar copper mining and its possibilities", there are deals with the investigation of the idea of Kazakhstan, the quest for new regular assets "New assignments confronting the country". He addresses the issues that stressed the Kazakh public back in the Medieval times:

the progress from a migrant lifestyle to sedentarism, focuses on the serious utilization of normal assets, physical and geological exploration.

All works of the researcher are committed to explore on mining geography and investigation of mineral stores in Kazakhstan. On account of the exercises of Kanysh Satpayev, Zhezkazgan copper mineral stores are presently one of the biggest on the planet. Furthermore, in Zhezkazgan-Ulytau locale he found stores of copper and iron minerals, manganese, coal, lead.

His assortments "Enormous Altai" (1934-1936), "Major Dzhezkazgan" (1936), "Major Emba" (1936-1938), "Northern Priaralie" (1936), "Karaganda - the third coal base of the Association" (1936), studies "Environment of Kazakhstan", "Nature of Kazakhstan", "Surface water assets of Kazakhstan", improvement of a guide of scenes, investigation of human action on the condition of nature assisted the extraordinary researcher with getting the Lenin Prize and make a tremendous commitment to the advancement of science in Kazakhstan[2].

Concentrating on the historical backdrop of our country, I got to know the exercises of the paper "Kazakh Tili", where numerous conspicuous figures of that time distributed their articles. "Obagan" is one of the principal distributions of Kanysh Satpayev, which he provided for the article office in 1923. The miserable tune "Obagan", which is sung by young ladies close to a forlorn birch tree, uncovers the internal territory of Satpayev, who was the creator of the interpretation, its profoundness and song: "Obagan, your precarious banks and sweet waters.

Individuals say accurately: "A skilled individual is capable in all things". Satpayev's movement isn't restricted to science. Having a superb melodic ear, he sang tunes of the incomparable Abai, investigated along with folklorists A. Zataevich and Alexandrov the quirks of melodic turns of tunes, sounds, tunes, challenges in their melodic records. Any individual with melodic schooling knows that it is so challenging to record the cadenced example and notes of the listened kyuys, terme, joktau, zhyrs, on the grounds that, as the free wind flies, so streams the free improvisational tune of the akyn-narrator: from the heart, with a unique melodic inclination and inflection to the hints of the everlasting instrument - dombra and its congruity, quart highlights [3].

Kanysh Satpayev said: "as far as excellence of melodic framework, expressiveness, energy and variety, Kazakh tunes can be considered at an undeniable level".

Around then, during the 20s of the 20th hundred years, Kazakh craftsmanship was in the underlying phase of its arrangement, so the work and examination directed by K. Satpayev toward this path was valuable. Satpayev's work and examination toward this path were valuable and had verifiable and social importance.

He was a striking member of social and scholarly existence of Tomsk, where he advanced the temperances of Kazakhs, their rich tune and music culture. His plans of Kazakh society melodies "Karatorgai", "Yerkem", "Squeeze Zhiren" are extremely dear and significant for present day individuals [1]

High feeling, significant congruity of the condition of my spirit, trip of thought - this is propelled by pride for his property, for commendable individuals, sustained by it. Kanysh Satpayev is one of them. It was he who sang about his Homeland, it was he who uncovered its chances and wealth, it was he who put Kazakhstan on a high transformative phase and conservation of the country's code.

Every person, the whole nation, throughout his life will have a star iron star, which, no matter what, facing difficulties on the winding paths of fate and history, will burn with spirit and hope and shimmer, navigating from afar. For any modern Kazakh child, for the entire Kazakh people and even for the entire human race, Kanysh Imantaevich Satbayev is such a person.

To summarize, I am inspired by the fact that I teach at a school named after a great man who has had his share in every field. There is an example of a great personality who contributed

to the development of not just one industry, but several. Kanysh Satpayev taught not only one direction, but also training, comprehensive development, research in several directions. I think that all this is a great motivation for young people like us. I believe that a teacher is a person who can not only give children knowledge, but also change the child's attitude to the world. It is in our power to educate and guide such great people as Kanysh Satpayev.

REFERENCES:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. М.Сәрсеке. Сәтбаев, Алматы «Жалын»1988 жыл
3. «Ұлытау» энциклопедиясы
4. К.Салықов «Қазақтың Қаныш аға – жер иесі», Алматы -1990жыл

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Есбаев Еркінбек Омирбекович

Республикалық спорт колледжінің тарих пәні мұғалімі

Әрбір ұлттың қатарынан оза туған ұлы тұлғалары бар екені көпшілікке мәлім. Қазақ халқы да заманының өрті мен дертіне, дауылы мен жауынына қарсы тұрып, елім деп еміренген азаматтарға кенде емес. Тарихтың кестелі шежіресіне кез келген пенде өз өрнегін қалауымен ойып сала алмайды. Тарихта тайға таңба басқандай аты қалатындар – топтан озған тұлғалар. Жұлдыздай жарқырап, халқымыздың ұлттық құндылықтарын қастерлеп, ата-бабамыз қалдырған аманатты арқалап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуді өзіне мақсат тұтқан жиырмасыншы ғасырдың заңғар тұлғасы, ұлы тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті - Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбатында еліміздің құрметіне бөленген ұлы тұлғалардың қатарында атақты ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл толғанын ерекше тілге тиек етіп, осы айтулы датаға орай кең ауқымды іс-шаралар қолға алынатынын алға тартқан болатын.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев көпшілікке геолог ретінде белгілі. Ғалымның жаратылыстану ғылымдарынан бөлек қызығушылығының аясы өте кең болды. Ол қазақ тарихының, әдебиеттің, мәдениеттің, этнографияның, музыка мен фольклордың үлкен білгірі еді. Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық қазбалар, педагогика мен әдебиет бойынша еңбектері баршаға белгілі.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Томск технологиялық институтында оқып жүрген кезінде Шоқан Уәлихановтың шығармаларына қызығушылық танытып, терең талдап, мұқият оқыды. Ғалымның қолына Шоқан Уәлихановтың Қостанай төңірегіндегі ақын-жыраулардың аузынан жазып алған әйгілі Едіге батыр туралы баяндалған «Ер Едіге» эпосының жинағы түседі. Жинақта оны алғаш рет қағаз бетіне түсірген Шоқан Уәлиханов пен Платон Мелиоранскийдің нұсқасы жарияланған екен. Ғалым «Ер Едіге» эпосында кеткен қателерді түзеп, қазақ тіліне аударады. 1927 жылы ғалым Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасында «Ер Едіге» жырын басып шығарады. «Бұл аңызды қазақшаға қайта аударуымның негізгі себебі - бұрынғы Мелиоранскийдің аударған нұсқасында аты қазақша, заты кітапшілдеу ноғайша болып кетуіне байланысты» деп Қаныш Имантайұлы ашық айтқан болатын. [1]. Қаныш Сәтбаевтың немересі Нұрлан Жармағамбетовтың айтуынша, «Ер Едіге» эпосы Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен жарық көрген. Жинаққа жазған алғысөзінде келешек ұлы ғалым «Ер Едіге» жырының Алтайдан бастап, бір шеті Қырымды мекендейтін түрік тайпаларының барлығында айтылатындығын, Едіге батырдың қазақ тарихындағы

орнына айрықша тоқталып өтеді. «Едіге қазақ батырларының ішіндегі ең маңдайлы, әруағы күшті, көлемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде», - дейді ол, - «Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды». Өкінішке орай, сол уақытта ғалымның бұл еңбегі оң бағалана қоймады. 1951 жылы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметінен босатылуына ықпал еткен себептің бірі де осы «Ер Едіге» жыры болды[2]. Ғалымның бұл еңбегін қазақтың тарихы мен тіліне деген қамқорлығы деп білеміз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың геологиядан бөлек тарих ғылымына деген қызығушылығын атақты ғалым Михаил Петрович Русаков 1949 жылғы естелігінде мейлінше тәптіштеп сыр шерткен: «Геологиялық саяхаттар кезінде Қаныштың жер, су, тау аттарына ерекше көңіл бөліп, мән бере қарайтынын мен бірден аңғардым: мына тау неліктен бұлай аталған, осы тау жер бедерімен үйлесе ме, немесе қандай тарихи оқиғалар оған себеп болған?.. Сөйтсем, қазақ халқы тауды, жотаны, иә әлдеқандай өзекті қалай болса солай атай салмай, сол жердің жағрапиялық ерекшелігін дәл және әдемі бейнелеп, өзге де теңеумен даралап, тіпті есте қалатындай етіп өрнектеп береді екен. Мұның себеп-сырына мен бертінде түсіндім...». Ғалымның бұл сөздерінен байқағанымыздай, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев геологиялық зерттеу жүргізетін жердің тарихымен де етене танысқан.

Қаныш Имантайұлының тарих ғылымына деген ерекше қызығушылығын қазақтан шыққан белгілі ғалым, археолог Әлкей Марғұланмен достығымен байланыстыруға болады. Ғалым Семейдегі семинарияда Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланмен қатар оқыған. Әлкей Марғұлан Қаныш Имантайұлы туралы өз естелігінде: «Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске – ой-санасын байытуға жұмсайды. Бос уақытын Том университетінің бай кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған деректерді үңіле оқиды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындайды», - деп жазып кеткен болатын[3, 145 бет].

Ұзақ сапарға шыққанда еш нәрсе білгір ғалымның назарынан тыс қалмайтын. Ел аралап жүргенде Алтын шоқы шыңында араб жазуы бар тас бар екенін ести сала, Қаныш Имантайұлы оны өз көзімен көруге барады. Бұл атақты Мауараннахр билеушісі Әмір Темірдің бұйрығы бойынша оның қазақ даласына жорығы туралы жазылған ескерткіш тақта болып шықты. 1936 жылдың күзінде Сәтбаевтың атына Ленинградтан хат келіп, табылған ескерткішке Эрмитаждың директоры академик Орбели қызығушылық танытып, 1936 жылы оны Ленинградқа әкетеді. XIV ғасырдың ескерткіші сол күзде әлем асылдарының ұлы ордасы – Эрмитаждың 10-залына қойылды. Ескерткішке зерттеу жұмыстары жүргізіліп мерзімі 1391 жыл деп анықталды. Бұл Темірдің Дешті Қыпшақ даласына Алтын Ордаға қарсы жорығының тағы бір дәлелі болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде ол Ұлытау «қазақ халқының алтын бесігі, қазақстандықтардың қастерлі тарихының куәсі» деп атап өткен болатын. Қазақ елінің халық болып қалыптасуының басыда осы Ұлытаудан басталады. Бұл – тарихи шындық. Ұлытаудың тарихи маңыздылығы жайында Қаныш Сәтбаев: «Орталық беткейге орналасуы мен жоталарының биіктігіне қарағанда Ұлытау керегесін Сарыарқаның кіндігі деп атауға болады. Сондықтан Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаңы, кең маңдайы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан» - деп жазған болатын[4].

Ұлытаудың қазақ жерінде өмір сүрген мемлекеттердің ежелгі саяси орталығы ретінде болуы осы мекендегі материалдық мәдениет ескерткіштерімен де айғақталады. Кеңгір өзенінде, Басқағыл тауынан оңтүстікке қарай, Жезқазған қаласынан 65 км қашықтықта, беті жылтыратылған, пішіні мен көлемі жағынан Алтынорда дәуірінде

салынған ескерткіштерге жақын күйдірілген төртбұрышты кірпіштен салынған үш ескі қорым сақталған. Халық аңызы бұлардың Алашахан, Шыңғыс ханныңұлы Жошы мен Домбауыл есімді сарай сазгерінің молалары екендігін айтады[5, 84-85 бб].

Қорытындылай келе, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев индустриялық Қазақстан мен жаратылыстану ғылымдарының дамуына ғана емес, сонымен бірге тарих саласының дамуына да өз үлесін қосты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://lib.kstu.kz/wp-content/uploads/2019/04/lytau-zh-ne-anysh.pdf>
2. https://el.kz/uli_adamdar_omiri_kanish_satbaev_27018/
3. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Фолиант. – Астана, 2015.
4. <https://iie.kz/?p=25201>
5. Сатпаев К.И. Избранные статьи. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1989.

ТҰЛПАРДЫҢ ШАБЫСЫ

Есенкелдіқызы Нұргүл

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*

Аптап ыстықтан кеңсірігім кеуіп шөлдегесін Ұлытауға жеткенше қалай шыдаймын деп уайымға түсіп келе жатқанда, Күмісбұлақтың төбесі көрінді.

Ұлытаудың табанына аяқ басқалы, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев есімнен кетер емес. Иісі қазақтың қай саладада аты шыққан, елге үлгі боларлық тарлан боздары халықтың ырыздығы үшін жаралған ба деймін? Бір ғажабы - қайсысын алсаң да, сегіз қырлы, бір сырлы. Соның бірі - Қаныш Сәтбаев.

Жоғарыда айтқандай, Жезқазған жерінде жүргесін Қаныш Сәтбаевты есіме алу себебім, мен ол кісіні Медеу Сәрсекенің кітабын оқығанша, осы Жездінің тумасы деп келдім. Ғұламаның шыр етіп дүниеге келген жері Баянауыл өңірінің Теңдік ауылына жақын, жобамен бір шақырамдай жердегі Айрық елді мекені екен. Сәтбай қажының ұлы Имантайдынайға алақанын жайып, күнге тізесін бүгіп бала сұрап жүргенде, бәйбішесі Нұрым Тасболатқызы, өзінің таңдауымен отыздан асқан Әлиманы алып беріпті. Әлима да тағдырдың жазуымен жастайынан жесірліктің қамытын киген көргенді жердің қызы болған. Нұрым бәйбішенің, күйеуі Имантайға Әлиманы тең көріп қасына шақыруында да үлкен мән бар секілді. Бәйбішенің ниетін Жаратқанның өзі қолдады ма, болмаса ширек ғасыр Имантайдың шаңырағында шарананың дауысын күткізіп-күткізіп, ақырында бір қыз беріп, оныда қыршынынан қиып қайтып алған тағдырдың қайтарымы ма, әйтеуір, 1899 жылы 12 сәуірде Әлима осы Қанышты Нұрым бәйбішенің қолына ұстатыпты. Тағдыр деген сол, әуелі сынайды: жардан домалатып, сосын мінейді. Өткен-кеткендер саған тас лақтыртып, ақырында өз күніңді өзің көр дегендей далаға тастап кетеді. Міне, ақ сүтімді таңдайыңа татып болдыңба дегендей Қаныш үшке келгенде Әлима «іш-кірнесінен» қайтыс болады. Мүмкін Нұрым бәйбішенің асты-үстіне түскен мейіріміне сенді ме, әйтеуір бұйырықтан аса алмапты. Иіс қазақтың әңгімесі «шыр етіп жерге түскенде» деп басталады ғой. Сол секілді Қаныш өмірге келгесін әкесі Имантай, Құдай ауызына салған шығар, есімін Ғадулғани деп қойыпты. Арабшадан алғанда бұл сөз «шексіз байлық иесі, ешкімге мұқтажсыз, Алланың құлы» деген сөз дейді. Шындығында жер асты мен үстіндегі «шексіз байлықты» тауып, адам игілігіне жаратқызып отыр, шексіз білім беріп отыр.

Қаныш Сәтбаевтың дарынды, алғыр болуы алғашқы ұстаз алдын көрген сәттерден-ақ басталған. Қарасаныз, ауыл молдасынан кейін, Шорман ауылындағы мектептің төрт жылдық бағдарламасын үш жылда, 1911 жылы Павлодардағы орыс-қазақ училищесін,

бір жыл мерзімінен бұрын бітірген екен. 1914 жылы Семей мұғалімдер семинариясына түсіп, оныда төрт жылда аяқтап, орыс тілінен бастауыш кластарға сабақ беруді бастайды. Тәжірибиесі мен білімін шындай отырып, Алаш зиялыларының қазақ халқына білім берудің ұтымды жолын қарастыру мақсатындағы жоспарына сәйкес істер атқарды. Әлихан Бөкейханов географияға, Мағжан Жұмабаев педагогикаға, Ахмет Байтұрсынов қазақ тіліне, Халел Досмұхамедов анатомияға, Әлімхан Ермеков математикаға оқулықтар дайындағанда, ең күрделі алгебраға оқулық дайындау Қ Сәтбаевқа жүктелді. Ол кісі жазған алгебра оқулығының көлемі -1642 бет, 1924 жылы араб графикасымен 1929 жылы латын графикасына көшірілді. Қолжазба 314 параграфтан тұрады. Бұл оқулықтың ерекшелігі ана тілінде жазылуында. Сол кездің үздік оқулығына жатады. А.Киселевтің оқулығынан кемде емес. Себебі ол оқулықты жазарда Киселевпен ғана шектеліп қоймай, Тодгеттер, Берпуган секілді батыстың профессорлары жазған оқулықтарды басшылыққа алған.

Қ.Сәтбаев геологияға дейін ұлтымыздың білімінің, тарихи дамуының, әдебиетінің өркендеуіне үлес қосты. Оған Семей семинариясында бірге оқыған досы М.Әуезовтің де ықпалы болған. Томскіде оқып жүргенде Қаныш Сәтбаевтың қолына «Ер Едіге» жинағы түседі. «Ер Едіге» жырын қағазға түсірушісі, жаңа нұсқасын жасаушы этнограф Шоқан Уәлиханов пен Платон Мелиоринский екен. Осы жырдың қатесін түзеп, Мәскеудегі КСРО баспасынан 1927 жылы басқызып шығартады. «Ер Едіге» жырының алғашқы бетіне Қ Сәтбаевтың өзі: «Ер Едіге қазақ батырлары ішінеде ең маңдай алды, аруағы күшті, сәулесі күшті шолпан есебінде көрініп тұр», - дейді. Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден артық сипаттайды. Едіге эпосының генезисі, жанрлық ерекшелігі, дәуір шындығын елестету жөнінде талдау жасаған Сәтбаев, жырдың кейбір қабыспайтын тұстарын қайта қарап, оны мейілінше жатық, нағыз қазақ тілінде жазылуына назар аударды.

Қ.Сәтбаевтың өмір жолы жазылған дәптердің қай парағын ашсаң да керемет бір талант иесі екендігі көрініп тұрады. Талантты баланы екі жыл ғана оқытқан ұстазы Г.В.Тереньтев «Имантай абзи, мына балаңыз зерек қана емес, тума дарын иесі, ұғымталдылығы бөлек жаратылған, вит! Мұны қалада, үлкен жерде оқыту керек», - депті.

Қ.Сәтбаевтың музыкаға қабілеті туралы сәл тоқталсақ: ол кісі жасынан домбыра тартып, ән сала білген. Ғұлама ғалымның әнге әуестігі атасының қанымен берілген болса керек. Себебі атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен асын жерге қоятын жандар екен. Атақты ұстаз Нәзипа Құлжанованың да тәрбиесінде болып, бір көріністерде Қобыландының бейнесін сомдап, бірнеше өлеңдерді оқығаны туралы деректер бар. Бала кезінде домбыра шертіп, Мұстафаның, Жарылғапбердінің әндерін, халық әндері «Бір бала», «Шамаларды» шырқап, кейін сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы Затаевичке табыстағын. Александр Затаевичтің «Қазақтың бес жүз» әнінің ішінде жиырма бесі Қаныштың қолынан өткен екен. Қаныш Баянауыл әндерінің жан тебіренерлік әуендерін бойына сіңіріп өскен азамат. Шебер орындаушы ғана емес қазақ әндерінің шығу тарихын зерттеген зерттеуші. Сонымен қатар Жүсіпбек Аймауытовпен сахнаға бірге шыққан. Жүсіпбектің айтуынша, Қаныштың жақсы көретін әндерінің бірі - Мұсаның әні «Бүркітбайды» шын жүректен сүйсініп орындайтын көрнеді. Бұл туралы Әлкей Марғұлан да: «Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске, ой санасын байыту мәселесіне жұмсайтын, көп уақытын Томск университетінің кітапханасында өткізіп қазақтың тарихы, этнографиясы жазылған деректерді іздеп тауып, үңіле оқитын. Олар жайлы бірнеше мақалалар жазатын», - деп жазады.

Қ.Сәтбаев аса көрнекті ғалым-геолог ғана емес, өз заманының әйгілі табиғат зерттеушісі, әлемдік деңгейге дейін көтерілген ойшыл ғұлама, қоғам қайраткері. Ғұламаның қолынан бірнеше ғылыми еңбектер шыққан. Қазақстанның өзінен мыңдаған шәкірт тәбиелеп шығарған. Алғашында Томск технология институтының профессоры

Михайл Антонович Усовпен танысады. Тәжірибелі ұстаз М.А.Усов, бірінші кездесуде-ақ дала бозбаласының ақыл-ойы мен жүрегіне геология деген қызығушылық отын жағып кеткен еді. М.А.Усов Қазақстанның геологиясымен тау-кен байлықтары туралы көптеген әңгімелер айтады. Өз өмірінде өзгеше ұстазы санаған М.А.Усовтың ықпалымен 1921 жылы Томск технология институтының кен факультетінің барлау бөліміне оқуға түседі. Студент Қаныш Сәтбаевқа палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы В.А.Хохлов: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент» еді деп баға берді. Томскіден оқуды бітірісімен, 1926 жылы Қаз ССР Халық шаруашылығының орталық Кеңесінің жолдамасымен Қаныш Имантайұлы Жезқазғанға келеді. Алғашында Жезқазған қаласының мысы аз, болашағы жоқ дегендерге қарсы болып іске кіріседі. Оған бірден-бір себеп М.А.Усовтың Қазақстан байлығы жөнінде айтқан әңгімесіде еді. Ақыры көп ұзамай 1931 жылы Жезқазған мысы КСРО-да бірінші орын алатынын дәлелдеді. Қаншалықты қоры бар екендігін барлау бойынша анықтап берді.

Қаныш Имантай ұлының арқасында металлургиялық процестерді жетілдіру жолында ғылыми зерттеу жұмыстары жүзеге асып, кен байлықтары танылды.

Өмірінің соңғы жылдарында республикалық халық шаруашылығын химияландыруға байланысты проблемаларды көтерді. Еліміздегі кен орындарын ашуға зор үлес қосты. Кен орындарын ашып қана қоймай, сол жерлердің метогендік картасын жасап, кен қорларын есепке қойды. Еліміздің байтақ өңіріндегі темір құрамдас рудаларға, мұнайға, газ, тас көмірге жүргізген геологиялық барлау жұмыстарымен елдің болашағы зор, байлығы мол екенін дәлелдеді.

Қ.Сәтбаев сонымен қатар физика-математика ғылымдарына, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді. Қаныш Имантайұлының бастауымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Бұл биология саласында да ғылыми зерттеудің дамуына бірден бір қуатты база болды. Қазақстан ғылым академиясының қызметінің басты мазмұны Қазақстанның өндіріс күштерін дамытуға бағытталған кешенді зерттеулер жасау үшін жаңа институттар, ядролық физика, математика, гидрогеология, гидрофизика т.б ашылумен ерекшеленеді. Мысалы: Гурьевте мұнай химиясы, табиғи тұздар, Қарағандыда химия металлургия, Өскеменде Алтау тау-кен металлургиялық, Балқашта ихтиология және балық институты өмірге келді.

Қазақ ССР ғылым академиясының геология институтын құрудағы еңбегі ұшан-теңіз. КСРО-дағы беделінің арқасында, Геология министрлігі ұйымдастырылды. Ол министрлікті алғашында А.Богатырев басқарса, кейін өз ұлтымыздың өкілі Ш.Есенов басқарып, осылардың арқасында Маңғыстауда ірі мұнай кені, Орталық және Шығыс Қазақстанда алтын және сирек кездесетін металдар кені ашылды. Нәтижесінде көптеген дарынды геолог ғалымдар тобын тәрбиелеп шығарды. Осылай ғылымның жан-жақты дамып, оның Қазақстандағы өндіргіш күштердің дамуы Қ Сәтбаевтың арқасында жүзеге асқан. Имантайұлы өмірінің соңына дейін ғылымдағы ілгері ойдың, барша жаңалықтардың қолдаушысы болды. 1920 жылдары ашылған Жезді кен орыны соғыс жылдары марганец рудасын танк жасау ісінде бронь прокатын шығаруды арттыруда және елдің әскери қуатын өсіругезор үлес қосқаны белгілі.

Қ.Сәтбаев Қазақстан аумағын техникалық экономикалық бағыттарының белгілеріне қарай он бір өңірлік кешенге бөлді. Өнеркәсіпте Соколов Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Теміртау металлургиялық құылысы, Қаратау фосфорит қоры негізіндегі минералды тыңайтқыштар өндіріс сияқты кезек күттірмейтін жұмыстарды бастап кетті.

Өз заманының табиғи зерттеушісі әлемдік өреге көтерілген ғұлама ғалымдығымен шебер ұйымдастырушылығының арқасында көш бастаған қазақ ғалымы төрт Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Отан Соғысы медалымен марапатталды.

Бүгінге дейін қырық жасында ел басқарған Қаныш Имантай ұлы туралы көзі тірісінде көрген адамдардың бәрі үлгі боларлық азамат еді деп отырады. Жарқын жүзді, адамгершілігі бойына тұнып тұрған ғұламаны мемлекет қайраткері ретінде танитымыз. Және де елін сүйген ер ретінде, халқын өзінен соншалықты биік қоятындығын естігенде қайталанбас тұлға еді деп бас иесің. 1947 жылы КСРО Жоғарғы Советінің делегациясы құрамында Англияға барғанда У. Черчиллге «мен қазақтардың кішкентайымын, халқым менен де биік» деген жауабы дәлел болады.

Кемеңгер ғалым Қ.И.Сәтбаев тұлғасын сөз еткенде, жазушы ағаларымның деректерінен аттап бетіме кетуге сөз жоқ. Дегенмен, жан-жақты, қай салада болса да арқасы көрініп тұратын, әрі ғалым, әрі жыршы, әнші, әрі математика, физика, геология саласындағы ерекше тұлға екеніне ешкімнің дауы жоқ. Сегіз қырлы Қаныш Сәтбаев туралы бір ауыз сөз жазу қиынның қиыны екен. Қасиетті Ұлытаудың аясында тұрғасын ба, Қаныш Сәтбаев туралы жазған Медеу Сәрсекке жазған роман-эссені, Қабдеш Жұмаділовтің «Академиктің көз жасын», Әлішер Қоғабаевтың естеліктерін есіме түсіріп, ойымды жинақтаған болдым. Бірақ тұлпардың шабысы қанша жерден төтеден қосылсамда, шаң қаптырып кете берді. Табиғат берген білім мен жігер, сана мен парасат кеудесіне тұнып тұрған Қ.И.Сәтбаевты тұлпарға теңедім де, тақырыбын «Тұлпардың шабысы» деп қойдым.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Медеу Сәрсекке, Қазақтың Қанышы, Астана: -Фолиант, 2015. [28, 47, 123 бет];
2. Қабдеш Жұмаділов, Академиктің көз жасы, -Алматы: Мерей, 2015 [33-39бет];
3. Әлішер Қоғабаев «Естеліктер» [58 бет].

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕРЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

*Есқараева Разия Хансейітқызы
Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Алатау ауылы,
Алатау жалпы білім беретін мектептің
тарих және география пәні мұғалімі*

Қайсыбір ұлы тұлға болмасын жасаған сүбелі еңбектерін баяндаудан бұрын оның дүниеге келгені туралы айтпасақ болмас. Жер қойнауының небір құпиялы қазба байлықтарын керемет көрегендікпен аша білген ұлы тұлға, академик Қаныш Сәтбаев қазақ халқы емес, бүкіл әлем таныған тарихи зор құбылыс. Ол көрнекті ғалым ғана емес өз заманының әйгілі ойшыл ғұламасы, ұлан-асыр қазақ даласын зерттеуші. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Оның орасан зор еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қазақстанның тау-кен орындарының индустриялық даму жолындағы өркениеттің көш басында болып, кемеңгер ғалым атанды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Семей облысы (Павлодар уезі), Ақкелін болысының № 4 ауылында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Теңдік ауылы) өз заманыда қазақтың игі жақсыларына белгілі болған ауқатты әулетте дүниеге келген.

Болашақ ғалымның әкесі Имантай Сәтбаев ауыз әдебиеті, түріктілдес және шығыс елдер әдебиетімен етене таныс, өз өлкесінің тарихын жақсы білетін аса сауатты адам болған. Имантай Сәтбаев қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыспен жақсы таныс әрі сыйластық қарым-қатынаста болған. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектерін бағалап, құрмет тұтқан. Болашақ ғалым алғаш кезде өз әкесінен, ауыл молдасынан екі жылдық Ақкелін мектебінен білім алған. Қаныш бала кезінен ерекше зейін мен ұғымталдық танытқан. Ауыл мектебінен кейін оқуын Павлодардағы екі жылдық орыс-қазақ училищесінде жалғастырған жас талант оны үздік аяқтады. Сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, 1918 жылы бітіріп шықты. 1918-1919 жылдары Семейдегі педагогикалық курстарда жаратылыстану пәнінің мұғалімі, 1919-1920 жылдары Ақкелін болысындағы 4-ауылда мұғалім, 1920-1921 жылдары Баянауылда халық судьясы қызметтерін атқарды. Жас Қаныштың қалыптасуына әкесі, оқыған ортасы қатты әсер етті. Сонымен қатар Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың үлгілі өмірі мен еңбектері әсерін тигізді. Ол Абайдың поэзиясын жақсы игеріп, оның көптеген шығармаларын жатқа айтып машықтанды, лирикалық әндерін үздік орындап жүрді. Студенттік жылдарында Ш.Уәлихановтың шығармаларын терең талдап, мұқият оқыды.

Қаныш Сәтбаев ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенде бастап, студент кезінде жалғастырды. Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғылыми зерттеуге айналдырған ол көптеген этнографиялық тарихи мұраларды ашты. «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін ғылыми қауым жақсы біледі. Ғылым академиясы Президенті қызметін атқарған кезде Шоқан Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды қолға алып, бұл игілікті істің бастаушысы, ұйымдастырушысы болды. 1961-1972 жылдары Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының бас редакторлығы міндетін академик Әлкей Марғұланға тапсырып, өзі редколлегия мүшесі ретінде оның ойдағыдай жарық көруіне атсалысты. 1921 жылы күзде ол қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырып, Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінің геология бөліміне қабылданды. Институтта оқыған кездерінде Қ.И.Сәтбаевтың өмірге көзқарасы, дүниетанымы кеңі түсті. 1926 жылы Қаныш институтты үздік аяқтап, тау-кен инженер-геологы деген мамандық бойынша диплом алған бірінші қазақ болды. Институтты бітіргеннен кейін Қазақстан Халық шаруашылығы орталық кеңесінің ұйғаруымен «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқарғаннан бастап, өзі құрған Қазақстан Ғылым

академиясының алғашқы Президенті болғанға дейін тек геологиямен айналысып қана қоймай, студент кезінде орта мектептерге арнап қазақ тілінде жазған «Алгебра оқулығы» педагогика саласына қосқан зор үлесін көрсетеді. Бұл еңбегі өз алдына үлкен мол қазына десек те болады. Қаныш Сәтпаевтың бұл еңбегінің қолжазбасының барлығы 314 параграфтан тұрады, 220 математика пәндерін қамтитын орысша-қазақша сөздік және логарифмдер кестесі енгізілген. Жалпы алғанда, аталмыш оқулықтың төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетуге болады.

Біріншіден, ол орыс немесе басқа шетел тілдерінен болжаммен атүсті аударыла салған аударма емес, ана тілінде жазылған төл оқулық. Екіншіден, ол сол кезең үшін ең басқа алгебра оқулықтарына қарағанда мазмұн жағынан да, сапасы жағынан да артық болмаса, кем түспейді. Оның өзіндік себебі де жоқ емес.

Әмбебап білім иесі академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми дүниетанымы кең еді және ол жаратылыстану ғылымдары шеңберімен ғана шектелмейтін. «Қаныштың бір үлкен ерекшелігі, – деген еді Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі». Тамаша сөз! Қаныш аға қазақтың тарихы, мәдениеті, музыкасы мен фольклорының терең білгірі саналады, оның Орталық Қазақстан аймағында жүргізген археологиялық зерттеулері, педагогика мен әдебиет саласындағы еңбектері жұртшылыққа кеңінен таныс. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бір сырлы, мың қырлы азамат-ғалым болғанын осы аталған және әлеуметтік, саяси, экономикалық, ғылыми салалардағы басқа да еңбектері айқындап беріп отыр. [3]

Қаныш Сәтбаев ерекше туған дарынды да, талантты еңбекқор ағамыз өмір жолында ХХІ ғасырда гүлденген, өркендеген ел азаматтары мен азаматшаларына үлгі өнеге болды. Қаныш аяулы ғалымдығымен, жан-жақтылығымен халықтың сүйген ұлы, біртуар дара тұлға, ел игілігі үшін білімін сарп еткен-ірі дарын иесі. Сондықтан оның күлімдеген жүзі мен жарқын бейнесі жас ұрпақтар үшін аса қадірлі қазына.

Қаныш Имантайұлы Семей семинариясында оқып жүрген кезінде, оқумен қатар ол география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достаевский туралы оқыған лекцияларын тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрларда талай қазақша сауық-кешін өткізеді.

Бұл кештерде Қаныш аз роль ойнамаған. Ол сайыста біріншіден Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін орындап шығады. Оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топайкөк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», т.б. әндерді шебер орындап шыққан. Қаныш Сәтбаевтың әнге деген құштарлығының дәлелі ретінде Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс берген, екі жыл Қаныш Сәтбаевтың хатшысы болған Сіламхан Жаппархановтың сөздерінен мысал келтіргім келеді: «Қанекең сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де атаның қанымен берілген қасиет болса керек. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы-жыраулармен талай дастархандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән-жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұса мен Естайды бала күнінен білген. Жаяу Мұсаның әндерін өзінен тікелей үйренген. Баянауыл әндерінің жан сергітер ғажап әуенін бойына сіңірумен есейген Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері “Шама”, “Бір бала”, «Мақпал», «Салайын», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын

жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Затаевичке айтып берген. Сөйтіп Затаевич Қаныш Сәтбаевтан 25 қазақ әнін жазып алып, өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізген. Затаевич қазақтың халық әндерінің білгірі әрі жақсы орындаушысы ретінде Сәтбаевтың дарынын жоғары бағалаған. Қаныш Сәтбаев әндердің тарихын да өте жақсы білген және шебер әңгімелеп айтып бере алған. Сондай әндерінің бірі Едіге бидің ұрпағы Мұсаның әні «Бүркітбай». Бозбала шағында Қаныш Сәтбаевтың ұнатып айтқан әндерінің бірі.[2]

Қаныш Сәтпаев бар өмірін қазақ халқының игілігіне жұмсады. Тек қана тау-кен, геология саласын дамытып қана қоймай, тарих, әдебиет, өнер саласына да елеулі еңбегін сіңірді. Қаныш Сәтпаев қазақ халқын өте жақсы көрді. Америка Құрама Штаттарына барған сапарында журналистер «Сіз алып тұлғалы, биіксіз сонда халқыңыз қандай?» деген сұраққа, Қаныш Имантайұлы «Халқым менен де биік деп жауап берген екен.» [1]

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 485-487 бб.
- 2.М.Қ.Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев. Алматы, 1989. 250-б.
- 3.«Аңыз адам» № 13(19) шілде 2012 жылғы саны
- 4.Сәтбаев оқулары «Қаныш шаңырағы» баспасы Теңдік- 2010 жыл

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Жамауова Гульшат Утегеновна
Астана қаласы №95 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Біз Қ.Сәтбаевтың Білім және тәрбие, адамгершілік, оның ішінде тәрбие саласындағы жоспарлар мен идеяларды іс жүзінде жүзеге асыруға көп еңбек сіңіргенін дұрыс айта аламыз.

Қ. Сәтбаевтың "Мектеп және уақыт" атты еңбегінде былай деп жазады: "... Жалпы түрде, менің ойымша, білім берудегі өзгерістер қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі өзгерістерге сәйкес келуі керек деп айтуға болады. Бұл сәйкестік неғұрлым толық, дәлірек, нақты болса, соғұрлым үйлесімді дамыған, рухани бай, физикалық кемелді адамды тәрбиелеудегі жетістіктер" /1; 345/. Балалар ұжымын ұйымдастыру, сабақ құрудағы шаблон мен догматизмді жеңу, политехникалық цикл пәндерін бір-бірімен және мұғалімдер кадрларын даярлауды жақсарту практикасымен органикалық байланыстыру қажеттілігі, оқушылардың ғылымға деген сүйіспеншілігін оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми деңгейін арттыру және осыған байланысты оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар, әдістемелер және т.б., Қ. Сәтбаев әділ пікірге келеді: "... Коммунистік сана мен коммунистік мінез-құлықтың үйлесімді бірлігіне біздің балаларымыз өздерінің таланттары мен қабілеттерін кеңінен дамыта алатын жағдайлар жасау арқылы қол жеткізіледі..."

Сондықтан "Олардың жұлдыздарға апаратын жолы" атты еңбегінде Қ.Сәтбаев осы ойды жалғастыра отырып, артта қалған және үлгере алмаған оқушылар ғана емес, сондай - ақ ерекше дарынды оқушылар, тіпті "орта шаруалар" да педагогтар тарапынан ерекше назар аударуды және елеулі жұмысты талап ететінін атап өтті. "Оқудағы табыс немесе сәтсіздік тәрбиелік ықпалдың негізгі өлшемі болмауы тиіс", - деп әділ қорытынды жасайды Қ.Сәтбаев: "әлсіз оқушы, бірақ керемет жолдас, қамқор ұл, оқушы - аман - есен және табиғаты бойынша көнбіс, баловень және отбасындағы деспот. Ең қауіптісі, жақсы аттестатпен, тіпті алтын медальмен" гүлденген "өмірге енеді және оның жаман қасиеттері" мұғалімдер мен ұжымның шабуылына ұшырамады". Бұл ретте Қ. Сәтбаев оқуға деген қарым-қатынас адамды айтарлықтай дәрежеде сипаттайды, оқушылардың жоғары оқу көрсеткіштері мұғалім жұмысында маңызды екенін, бірақ педагог өз оқушыларының адамгершілік келбеті үшін де жауапты екенін атап көрсетеді, және Қ. Сәтбаевтың пікірінше, бұл міндет күрделірек, жіңішке және оны байыпты шешу қажет[1].

Қ. Сәтбаевтың пікірінше, педагогтер адамгершілік тәрбиесінің мынадай міндеттерін шешуі тиіс - "оқушылардың адами ерекшеліктерін мұқият және дәл білу, атап айтқанда ол шыншыл және адал; ол кеңес болмысының гуманизмін тән мен қанға сіңірді ме; ол қиын сәтте жолдасына көмектесуге, онымен бөлісуге дайын ба? Ол қоғамдық борыш санасы жоғары адам бола ма, - деп жазады Қ.Сәтбаев: "мектеп түлектері ең алдымен үйлесімді дамыған, шыншыл және адал адамның жаңа түрін іске асыруы керек".

Осы мақсатқа жету үшін Қ. Сәтбаев, біздің ойымызша, алдыңғы қатарлы мектептер қызметінің тәжірибесіне сілтеме жасай отырып, педагогтерге өз жұмысында жеке тәсіл әдісін ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу әдісімен біріктіруді ұсынады: "Республиканың алдыңғы қатарлы мектептерінде балалар біртұтас және біртұтас бастама нақты көріністерде көрінеді, серіктестік сезімі, шынтақ сезімі бұл жалпы алға жылжудың керемет ынталандырғышына айналады. Бұл мектептерге еліктеу керек, олардан құнды тәжірибе алу керек". Сонымен қатар, мұғалімдер ешқашан оптимизмді, адамдарға, өз оқушыларына деген сенімді қалдырмауы керек-бұл табысты оқыту мен

тәрбиелеудің, соның ішінде адамгершілік мектеп оқушыларының маңызды шарты: "... Оптимизм, адамдарға деген сенім – бұл кәсіби қасиеттер, нағыз мұғалімдер. Оларсыз жұмыс істеу және балаларды надандықтан білімге, балалық шақтан азаматтық мұраттарға жетелеу мүмкін емес"[2].

Осылайша, Қ.Сәтбаев өз жұмыстарында осы үдерістің заңдылықтарын, принциптерін, мазмұнын, мақсатын, міндеттерін, әдістерін аша отырып, оқушыларды адамгершілік тәрбиесіне үлкен мән береді.

Соған қарамастан, Қ.Сәтбаевтың тұлғаның адамгершілік қалыптасуы туралы көзқарастары сол кездегі Коммунистік идеалдар рухында тұлғаны тәрбиелеуге қалыптасқан идеологиялық көзқарасты көрсетеді, олар "коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде" тұжырымдалған.

Мәселен, Қ.Сәтбаев оқушыларын адамгершілік тәрбиелеудің мақсаты коммунистік сана мен коммунистік мінез-құлықты қалыптастыруда "коммунистік мораль негіздерін жатталған нормалар ретінде емес, іс-әрекетке басшылық ретінде игеру" деп біледі.

Ғалым студенттердің "Отан алдындағы қоғамдық борышын орындау" сияқты сапасын қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Алайда, ғалымның мектеп оқушыларының моральдық келбетін қалыптастыру мәселелері туралы көзқарастарының идеологизациясына қарамастан, олар сөзсіз құнды.

Қ.Сәтбаев, оқу-тәрбие процесін дараландыру қажеттілігін, тек артта қалушыларға ғана емес, сонымен қатар үздіктерге және ең бастысы "орташаларға" сараланған тәсілді атап өте отырып, біздің ойымызша, әрбір жеке тұлғаның әмбебап маңыздылығын атап өтті.

Мұғалімдегі педагогикалық оптимизмге бірінші кезекте мән бере отырып, Қ.Сәтбаев оқушының жеке басының өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар жасау, оған салынған барлық табиғи бейімділіктерді ашу, балалардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқындағы адамгершілік көзқарастары мен мұраттарын жүзеге асыру туралы ойлады.

Негізгі еңбектері Орталық геологиясын зерттеуге арналған. Қазақстан, әсіресе пайдалы қазбалардың кен орындарын зерттеу және оларды халық шаруашылығында пайдалану мәселелері. Сәтбаевтың еңбектері Ұлытау-Жезқазған ауданында мыс кендерінің ірі кен орнын және басқа да пайдалы қазбалардың бірқатар кен орындарын анықтауға ықпал етті. Ол пайдалы қазбаларды болжау карталарын жасау бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

1926 жылдың күзінде оқуын аяқтағаннан кейін Мәскеуде біраз уақыт жұмыс істеген Сәтбаев Қарсақпайға кетеді. Оның алдында Жезқазған-Ұлытау ауданындағы пайдалы қазбалар қорын жоспарлы түрде анықтауға негіз болған Жезқазған мыс және Байқоңыр көмір кен орындарында алғашқы стационарлық геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу міндеті тұрды. 1928 жылғы жемісті жұмысының нәтижесінде Сәтбаев "Жезқазған ауданы мыстың ең бай провинцияларының бірі болып табылады, болашақта оның пайдасына Орал кен орны ғана емес, сонымен қатар Американың әйгілі мыс провинцияларының көпшілігі біріншілік алақанынан кейін қалуы мүмкін" деген батыл және негізделген қорытындыға келді. Сәтбаевтың басшылығымен геологтар ұжымы тамаша нәтижелерге қол жеткізді. 1931 жылдың соңына қарай Жезқазғанның қойнауынан кеннің орасан зор қорлары табылды және ол бұрынғы Одақтың мыс кен орындары арасында бірінші орынды берік иеленді. 1938 жылы Жезқазған тау-кен металлургия комбинатын жобалау және құрылысын бастау туралы шешім қабылданды. 1940 жылы Жезқазған-Ұлытау ауданын геологиялық зерттеудегі үздік жетістіктері үшін Қ.И. Сәтбаев Ленин орденімен марапатталды. Жас тау-кен инженер-геологы Қаныш Сәтбаев Жезқазған-Ұлытау ауданында кешенді геологиялық қызметті он бес жыл басқарды.

1932 жылы Қ.И. Сәтбаев "Жезқазған мыс-кенді ауданы және оның минералды ресурстары" атты бірінші ғылыми монографиясын жариялайды. Ол кезде Жезқазған кендерінде 60 мың тонна емес, 2 млн.тоннадан астам мыс бар екені анықталды, бұл туралы ағылшын мамандары мен ХКК жанындағы Геологиялық комитеттің қызметкерлері айтқан болатын. Бұл Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми болжамының дәлелі болды[3].

Қазақстан КП ОК мен республика үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақ Ғылым Академиясын құру бойынша үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді. Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуы Қ. И. Сәтбаевтың алдын-ала атқарған үлкен жұмысының нәтижесі болды. Бұл жұмыста Қазақстанға уақытша көшірілген Мәскеу, Ленинград және еліміздің басқа қалаларының ғалымдары баға жетпес көмек көрсетті. Олармен бірге жоғары білікті ғылыми қызметкерлерді – ғылым докторларын, әсіресе қазақтардан даярлау бойынша шаралар әзірленді; негізгі мекемелер анықталды. Ғылыми кадрларды даярлау саласында үлкен жұмыс атқарылды, барлық негізгі ғылыми бағыттар бойынша аспирантура ұйымдастырылды, ал аспирантураға өндірістен мамандар көбірек тартылды. Ғылыми кадрларды даярлауда Қазақстанның ғылыми мекемелеріне еліміздің көптеген көрнекті ғалымдары үлкен көмек көрсетті. Бір топ мамандар, негізінен қазақтар КСРО Ғылым академиясының докторантурасына жіберілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қаныш Сәтпаев. /Балалық шақ естеліктері./ Алматы, 1970 ж.
2. Қазақтың ұлы ғұламалары./ Алматы, 1993 ж.
3. Қаныш Сәтпаев – Ұлы Геолог Алматы, 1994 ж.

ҚАНЫШ САТПАЕВ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Жеңісқан Сәуле

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
физика пәні мұғалімі*

Қаныш Сәтбаев Қазақстанның ұлы ғалымы, инженер-геолог және металлург, сондай-ақ қоғам қайраткері. Оның ғылыми жұмысы мен білім жолы Қазақстан мен кеңес ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Оның аты қазіргі кезде Қазақстандағы білім беру мекемелеріне, ғылыми орталықтарға және геологиялық зерттеулерге берілген. Бірақ Сәтбаевтың білім беру саласындағы мұрасы мен үлесі туралы айтқанда, оның зерттеулері мен оқыту әдістемелерінің маңызын ерекше атап өту керек.

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми қызметі мен білім беру саласына қосқан үлесі Қазақстанның өнеркәсіптік және ғылыми дамуына негіз болды. Ол Қазақстандағы алғашқы жоғары білім беру мекемелерінің бірін құруға ықпал етті және қазақ жастарына білім алуға бағыт-бағдар берді. Қаныш Сәтбаев 1899 жылы Қазақстандағы Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ол өзінің білім жолын жергілікті мектепте бастаған. Оқуда өте үздік көрсеткіштерге ие болғаннан кейін, 1921 жылы Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) Бағдарламалық институтына түседі. Бұл кезде Қаныш орыс тілін жақсы меңгермегенімен, қысқа мерзім ішінде оны үйреніп, оқуын сәтті жалғастырды. 1929 жылы инженер-геолог мамандығы бойынша тәмамдап, Қазақстанға оралды. Ол өзінің кәсіби ғылыми мансабын геологиялық барлау жұмыстарымен бастады. Сәтбаевтың басшылығымен Қазақстан жерінде көптеген маңызды геологиялық ашылымдар жасалды, соның ішінде үлкен полиметалл кен орындары табылды. Қаныш Сәтбаевтың ғылыми еңбектері негізінен геология, металлургия және минералогия салаларына арналған. Ол Қазақстандағы минералдық ресурстардың зерттелуі мен пайдаланылуына зор үлес қосты. Сәтбаевтың еңбектері Қазақстан геологиясының негізін қалаушы ретінде

танылған. Қаныш Сәтбаев Қазақстанның ұлы ғалымы, инженер-геолог және металлург, сондай-ақ қоғам қайраткері. Оның ғылыми жұмысы мен білім жолы Қазақстан мен кеңес ғылымының дамуына үлкен үлес қосты.

1918 жылы В.И.Лениннің «сауатсыздықты жою» туралы жарлығы жарияланып, бұл жарлық Қазақстанда 20-жылдардың басында жаппай жүзеге аса бастады. Сол кезеңде А.Байтұрсынұлы жетекшілік ететін Халық ағарту комиссариаты көзі ашық, ғылымнан хабары бар қазақ оқымыстыларына ғылымның әр саласынан оқулық жазу мен орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттерді аудару жөнінде тапсырыс бергені белгілі. Ал, қазақ математикасына алғаш рет «Алгебра» оқулығын жазып, өшпестей мұра қалдырған – геолог-ғалым, қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев екенін бүгінде бірі білсе, бірі біле бермейді. 1919 жылы жазылып басталған «Алгебра» оқулығын Қаныш Сәтбаев орыс ғалымы, математик Андрей Петрович Киселевтің «Алгебрасынан» аударған.

20 жасар Қаныш 1919 жылы тәжірибе ретінде мектеп оқушылары үшін «Алгебра» оқулығын жаза бастайды. Қ.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығы 1924 жылы толықтырулар мен жөнделулерден өтіп, қолжазба күйінде Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдеби кеңесінде математикалық оқулық ретінде мақұлданып, баспаға ұсынылады. Бірақ, баспада оқулық ішіндегі алгебралық жазбаларды белгілейтін шрифтар мен матрицалардың болмауына байланысты, «Алгебраны» басып шығару мүмкін болмады. Сол себепті де оқулық 1927 жылы Мәскеудегі Центриздатқа жіберіледі. Мұнда да, «Центриздат» пен «Казиздат» баспаларының арасындағы түсініспеушіліктің салдарынан оқулық тағы да баспадан жарияланбай қалады. [1]

Осы оқулықтың үнемі кедергіге ұшырап, жарыққа шықпай қалуы жөнінде Халықаралық Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қорының президенті Кәкімбек Салықов былай дейді: «Автор ретінде Қаныш Сәтбаев бұған қатты алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше мәрте хат жолдағанымен, ешқандай нәтиже шыға қоймайды. Мұнан кейін 1929 жылы латын алфавитіне ауысуға байланысты Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оқулықтағы формулаларды бастан-аяқ латын әріптерімен түзеп шығып, 1929 жылы латынша көшіруге тапсырады. Сөйтіп, қолжазба қайта латыншаға көшіріліп, қайтадан баспаға өткізіледі. Бірақ, 30-жылдардан бастап Қазақстанда біртіндеп кеңестер одағына бірыңғай, ортақ оқу бағдарламалары мен аударма оқулықтарға көшу басталып кетеді де, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің «Алгебра» оқулығын басып шығару ісі аяқсыз қалады», - дейді.[2]

Сәтбаевтың Киселевтан аударма барысында мынадай бір негізгі ерекшелікті байқаймыз. Ол – Сәтбаев аударма оқулығында тақырып формасын түпнұсқаға барынша жақындатуға тырысса, мазмұндық үлгіде соншалықты алшақтаған. Мысалы, Киселев тақырыпты түсіндіріп, бір-екі мысал келтіріп болғаннан соң, бірден «упражнение» деп бірнеше есептерді тізіп береді. Ал, Қаныш Сәтбаев тақырыпты түсіндіріп, мысалдар көрсеткеннен соң да оқушыларға арналған тапсырмалардың алғашқы үшеуін міндетті түрде өзі шығарып көрсетіп отырған. Мұнда Сәтбаевтың авторға тәуелді болмай, барынша бірінші талап «нақтылық пен дәлдікті» сақтай отырып өз жанынан есептер құрастыруды ұстанғанын байқаймыз. [3]

Ана тілімізде өткен ғасырда тұңғыш жазылған осынау математика оқулығы 11 бөлімнен, оның ішінде 40 баптан тұрады, ұзын-ырғасы – 1442 бет. Бұл жерде Сәтбаев оқулығында бөлім саны қысқартылса да, Киселевте берілген тақырыптардың барлығы қамтылған. Сәтбаев көбіне кейбір тақырыптарға жеке бөлім арнауды керек деп санамай, оларды тек бір бөлімнің ішіне кіріктірген. **I бөлімде** бастауыш ұғымдары, яғни алгебра пәнінің негізгі ұғымдары берілген, ал **II бөлімде** бағытты шамалар, дұрыс және теріс сандар туралы анықтамалар берілген. **III бөлімде** бастауыш төрт амал, яғни қосу, азайту, көбейту, бөлу амалдары түсіндіріліп, пысықтауға есептер берілген. **IV бөлімде**

диаграмма, график және функцияға баса назар аударған. **V бөлімде** теңдеулер түрлері мен оны шешу жолдары көрсетілген. **VI бөлімде** дәреже мен түбір түрлері жан- жақты мысалдар келтіре отырып түсіндірмелер жасалынған. **VII бөлімде** жоғарғы дәрежелі теңдеулер берілген, **VIII бөлімде** теңсіздіктер амалдары көрсетілген. **IX бөлімде** есеп дәуірі мен өлшеу дәуірі берілген. **X бөлімде** құрамалар үздіксіз бөлшектерге арнаса, **XI бөлімді** логарифмдік теңдеулер берілген. Бұл кітап әлі де өз құнын жоймаған, қазіргі сапалы оқулыққа қат заманда оқушыларға да, мұғалімдерге де баға жетпес асыл қазына. Мұны қосымша хрестоматиялық кітап ретінде әбден пайдалануға болады.[4]

Қаныш Сәтбаевтың есімі Қазақстанда бірқатар маңызды ғылыми және білім беру мекемелеріне берілген. Оның есімімен аталған Алматыдағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті, көптеген көшелер, мектептер және ғылыми институттар Сәтбаевтың ғылым мен білімге қосқан зор үлесін мәңгі есте сақтауға арналған. Оның еңбектері мен идеялары бүгінгі күнге дейін ғылыми зерттеулерде бағдар болып, жас ғалымдар үшін шабыт көзі болып табылады.

Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымы мен білімінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті тұлға. Оның жүргізген зерттеулері, ғылыми-педагогикалық қызметі және қоғамдық белсенділігі еліміздің тарихында ерекше орын алады. Сәтбаевтың мұрасы қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін ғылым мен білімнің дамуында негізгі бағыттарды айқындайтын бағдаршам болып қала береді. Оның өмірі мен еңбектері қазақ халқының мақтанышы болып табылады және оның үлесі әрқашан есте сақталады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қаныш Сәтбаев Энциклопедия. / Бас. ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 664 бет+40 бет түрлі түсті суретті жапсырма.
- 2.«Алгебра» оқулығын алғаш жазған - Қаныш Сәтбаев, Әсем Өскен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты <https://abai.kz/post/141597>
- 3.Бақытжан Тобаяқов, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының мүше-корреспонденті «Ана тілі» газеті 14 мамыр 2009 жыл
- 4.Әбдімәлік Нысанбаев, ҰҒА академигі, Сәтбаевтың рухани әлемі

**ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНІҢ БІЛГІРІ ӘРІ ШЕБЕР
ОРЫНДАУШЫСЫ - ҚАНЫШ СӘТБАЕВ**

*Жұмабаева Камшат Көптілеуқызы
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп- лицейінің
технология пәні мұғалімі*

*Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әңді сүйсең, менше сүй.
Абай*

Әдебиет пен өнер жалпы халықтың ортақ қазынасы. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», - деп хакім Абай айтқандай, әдебиет пен өнерге шырылдап туған шарана сәбиден бастап, еңкейген кәріге дейін қызмет етеді. Сол сияқты Қаныш Сәтбаевтың жан-жақты, ерекше туған дарынды да, талантты еңбекқор жан болғанымен қатар әртістік, әншілік шеберлігі болғанын бірі білсе, бірі білмейді-ау.

Алғаш Қаныш Имантайұлы 1914 жылы Семей семинариясында оқып жүрген кезінде Мұхтар Әуезовпен жақсы араласып, достасып кетеді.

Қаныштың айтуынша, Мұхтар, Жекей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достаевский туралы оқыған лекцияларын тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрларда қазақша сауық-кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы 13 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы – семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова болады. Тап сол кеште Қаныш Қобыланды батырдың рөлін сомдап шығады. Сондай-ақ бірнеше ән орындайды. Оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топайкөк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», т.б. әндерді шебер орындап шыққан.

Қаныш Сәтбаевтың әнге деген құштарлығының дәлелі ретінде Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс берген, екі жыл Қаныш Сәтбаевтың хатшысы болған Сіламхан Жаппархановтың сөздерінен мысал келтіргім келеді: «Қанекен сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де атаның қанымен берілген қасиет болса керек. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы-жыраулармен талай дастархандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән-жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұса мен Естайды бала күнінен білген. Жаяу Мұсаның әндерін өзінен тікелей үйренген. Баянауыл әндерінің жан сергітер ғажап әуенін бойына сіңірумен есейген Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері “Шама”, “Бір бала”, «Мақпал», «Салайын», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Затаевичке айтып берген. Сөйтіп Затаевич Қаныш Сәтбаевтан 25 қазақ әнін жазып алып, өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізген. Затаевич қазақтың халық әндерінің білгірі әрі жақсы орындаушысы ретінде Сәтбаевтың дарынын жоғары бағалаған. Қаныш Сәтбаев әндердің тарихын да өте жақсы білген және шебер әңгімелеп айтып бере алған. Сондай әндерінің бірі Едіге бидің ұрпағы Мұсаның әні «Бүркітбай». Бозбала шағында Қаныш Сәтбаевтың ұнатып айтқан әндерінің бірі болған екен. [1]

Қазақтың жалпы өнерінің, музыкасы мен театр өнерінің тарихын зерттеушілер үшін Қ. И. Сәтбаевтың 1916 жылы «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Томдағы ұлттар кеші», 1927 жылы «Еңбекші қазақта» басылған «Қазақстанның ұлт театры туралы», 1944 жылы «Казахстанская правдада» шыққан, «Қазақстан туралы кинофильмдерді күтеміз», т.б мақалаларының ғылыми құндылығы ерекше болған.

Қызылорда қаласында 1926 жылы қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылды. Келесі жылы сол театрдың қаз тұрғанына бір жыл толуына орай мерекелік спектакль өтеді. Оны Қаныш ағамыз барып көріп, ұлттық театрдың жетістіктері мен кемшіліктерін аса талғампаздықпен тани отырып, соның барлығына байыбына жеткізе талдау жасап, «Қазақстанның ұлт театры» деген мақала жазды. Осы мақаласында Академик Қ. И. Сәтбаев «Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімдерін бейнелейтін көп күйлер, әндер шығарған» деген. Бұл еңбек шын мәнінде қазақ көркем өнері туралы ең алғашқы теориялық зерттеу ретінде осы күнге дейін маңызды. Мақаладағы режиссерлік өнері бағаланған Жұмат Шанин, артистік мүмкіндіктері егжей-тегжейлі талданатын Құрманбек Жандарбеков, Калибек Қуанышбеков т.б кейін қазақ өнерінің мерейін өсірген ірі тұлғаларға айналғаны хақ. Ол жас кезінде әдемі ән де салған, халықтың музыкалық шығармаларын да жинаған. А. В. Затаевичке жиырма бес ән тапсырған. Олар белгілі музыка зерттеушісінің 1931 жылы Москвада шыққан «Қазақтың 500 әні мен күйі», «Қазақ халқының 1000 әні» атты еңбектерінде жарық көрді. А. В. Затаевич: «1926 жылы Семей облысы мен Қарқаралыға барған сапарымның нәтижесінде 280-ге жуық ән жиналды, олар Москвада әйгілі әнші Әміре Қашаубаев пен әнқұмар да білгір Қаныш Сәтбаев және басқаларының айтуы бойынша жинаған бірнеше ондаған жазбаларымен бірге қосылып, кітаптың Семей бөліміне енгізілді», - деп жазды. [2]

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтан жазылып алынған әндерге берілген ескертуде А. В. Затаевич былай деп көрсеткен: «Қаныш - Томск технологиялық институтынан білім алған жас қазақ инженері. Баянауыл әндерін жете білетін, жақсы орындайтын ол бұл жинаққа тек әндер әуені жайлы ғана құнды мәліметтер беріп қоймай, әндердің сөздерімен орысша аудармасын да табыс етті».

А.В. Затаевичтің артында қалған мол мұрасын академик Қаныш ағамыз қазақ ССР Ғылым академиясының қорына алғызды. Осы орайда Затаевич былай деген: «Қаныш Сәтбаев бұл жинаққа әуен мен саз саласында бірсыпыра өте бағалы хабарлама жасап қана қоймай, сонымен бірге ән мәтіндерін беріп, олардың орысша аудармасын жасаған тамаша білгір де Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы!» Академик Қаныш ағаның өнер саласындағы еңбегін көптеген деректермен негізгі әңгімелей келіп, белгілі өнертанушы, композитор А.Қ. Жұбанов былай деген еді: «Қанышекең ешуақытта да өнер саласында қамқорлығын үзген жоқ. Ол бірінші бесжылдықтың жоспары жасалғанда, өзінің баяндамасында, қағаз бетіне түскен Академияның жоспарында 1965 жылы Академия құрамында өнер институтын ашуды енгізді. [3]

Қаныш Имантайұлының ән өнерін құрметтеуі - бүгінгі ұрпаққа үлгі. Қаныш аға дүниеден көшпенді дәурен сияқты өте шыққан жоқ, оның адамдық, азаматтық биік тұлғасы халық көңілінен еш уақытта кетпек емес, ел үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық

есінде, тарихта мәңгі қалмақ. Ал өнерге қосқан үлесі - құнды қазына, ұрпаққа аманат болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Ш.Қ.Сәтбаева. Сәулелі әулет. Алматы, 1996 жыл.
- 2.М.Қ.Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев. Алматы, 1989.
- 3.Сәтбаев оқулары «Қаныш шаңырағы» баспасы Теңдік- 2010 жыл
- 4.Энциклопедия «Баянауыл өңірі»
- 5.«Аңыз адам» № 13(19) шілде 2012 жыл.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ:ӨНЕР САЛАСЫ

Жусипова Лаура Махмутжановна

Астана қаласы С.Сәдуақасұлы атындағы

№78 мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Семей семинариясында оқып жүрген кезінде (1914-1918), бұл семинарияда Мұхтар Әуезов те оқитын еді. Қаныштың айтуынша, Мұхтар, Жекей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достаевский туралы оқыған лекцияларын тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрларда қазақша сауық-кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы 13 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы – семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова. Бұл кеште Қаныш аз роль ойнамаған. Ол сайыста біріншіден Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін орындап шығады. Оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топайкөк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», т.б. әндерді шебер орындап шыққан. Қаныш Сәтбаевтың әнге деген құштарлығының дәлелі ретінде Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс берген, екі жыл Қаныш Сәтбаевтың хатшысы болған Сіламхан Жаппархановтың сөздерінен мысал келтіргім келеді: «Қанекең сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де атаның қанымен берілген қасиет болса керек. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы-жыраулармен талай дастархандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән-жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұса мен Естайды бала күнінен білген. Жаяу Мұсаның әндерін өзінен тікелей үйренген. Баянауыл әндерінің жан сергітер ғажап әуенін бойына сіңірумен есейген Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері “Шама”, “Бір бала”, «Мақпал», «Салайын», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Затаевичке айтып берген. Сөйтіп Затаевич Қаныш Сәтбаевтан 25 қазақ әнін жазып алып, өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізген. Едіге бидің ұрпағы Мұсаның әні «Бүркітбай». Бозбала шағында Қаныш Сәтбаевтың ұнатып айтқан әндерінің бірі.Қазақтың жалпы өнерінің, музыкасы мен театр өнерінің тарихын зерттеушілер үшін Қ. И. Сәтбаевтың 1916 жылы «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Томдағы ұлттар кеші», 1927 жылы «Еңбекші қазақта» басылған «Қазақстанның ұлт театры туралы», 1944 жылы «Казахстанская правдада» шыққан, «Қазақстан туралы кинофильмдерді күтеміз», т.б мақалаларының ғылыми құндылығы айрықша.1926 жылы 13январьда Қызылорда қаласында

қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылды. Оны Қ. И. Сәтбаев барып көріп, ұлттық театрдың жетістіктері мен кемшіліктерін аса талғампаздықпен тани отырып, соның барлығына байыбына жеткізе талдау жасап, «Қазақстанның ұлт театры» деген мақала жазды. Осы мақаласында Академик Қ. И. Сәтбаев «Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімдерін бейнелейтін көп күйлер, әндер шығарған» деген. Бұл еңбек шын мәнінде қазақ көркем өнері туралы ең алғашқы теориялық зерттеу ретінде осы күнге дейін маңызды. Мақаладағы режиссерлік өнері бағаланған Жұмат Шанин, артистік мүмкіндіктері егжей-тегжейлі талданатын Құрманбек Жандарбеков, Калибек Қуанышбеков т.б кейін қазақ өнерінің мерейін өсірген ірі тұлғаларға айналғаны хақ. Ол жас кезінде әдемі ән де салған, халықтың музыкалық шығармаларын да жинаған. А. В. Затаевичке жиырма бес ән тапсырған. Олар белгілі музыка зерттеушісінің 1931 жылы Москвада шыққан «Қазақтың 500 әні мен күйі», «Қазақ халқының 1000 әні» атты еңбектерінде жарық көрді. А. В. Затаевич: *«1926 жылы Семей облысы мен Қарқаралыға барған сапарымның нәтижесінде 280-ге жуық ән жиналды, олар Москвада әйгілі әнші Әміре Қашаубаев пен әнқұмар да білгір Қаныш Сатпаев және басқаларының айтуы бойынша жинаған бірнеше ондаған жазбаларынмен бірге қосылынып, кітаптың Семей бөліміне енгізілді»*, - деп жазды. Қаныш Имантайұлы Сатпаевтан жазылып алынған. (324-348) әндерге берілген ескертуде былай деп көрсетілген: *«Қаныш Сатпаев- Томск технологиялық институтынан білім алған жас қазақ инженері. Баянауыл әндерін жете білетін, жақсы орындайтын ол бұл жинаққа тек әндер әуені жайлы ғана құнды мәліметтер беріп қоймай, әндердің сөздерімен орысша аудармасын да табыс етті»*. А. В. Затаевичтің артында қалған мол мұрасын академик Қ. И. Сатпаев қазақ ССР Ғылым академиясының қорына алғызды.

Болашақ жазушы Жүсіпбек Аймауытов Қаныш Имантайұлымен Керекуде де бірге оқыған болатын, екеуі енді Семейде сахнада бірі домбыра, бірі мандолина тартып, Жүсіпбек бірнеше көрініске қатысып, Қ.И.Сәтбаев, Крыловтан Абай аударған «Бұлбұл мен есек» өлеңін жатқа айтқан.Ә.Х.Марғұлан былай деп жазды: *«Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске, ой санасын байыту мәселесіне жұмсайды. Көп уақытын Том университеттің бай кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған деректерді үңіле оқыды. Сауық кештердің бірі туралы Қ.И.Сәтпаев мақала жазыпты. Қаныш Имантайұлының «Том қаласында ұлттар кеші» мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1926 жылғы 26 мамыр күнгі санында жарияланды. Бұл мақаласы қазақ жерінен тыс сонау алыс шаһарда алғаш рет ұйымдастырылған бірнеше халықтардың – қазақ, бурят, якут, ойрат, шор, башқұрт және басқа ұлттардың ән- күй, салт-санасына арналған сауық кеші суреттеледі. Кеш 1926 жылдың 10 сәуір күні өткізіліпті. Қ.И.Сәтпаев Том қаласындағы технологиялық институттың соңғы курсына тәмамдауға, диплом жұмысын қорғауға әзірленіп жүрген кез болатын. Қазақ өлеңдерінен: «Екі жирен», «Бір күн көшіп дүние » (айтушы Ғалымтай Сәтпайұлы), «Қара торғай», «Еркем» (айтушы Омар Толбайұлы) әндері айтылды. Сауық кеште көрсетілуге қазақ салт – сана әдетіндегі жаңа түскен келінді құрметтеп қарсы алу, шашу, беташар рәсімдерін таңдап алудың өзінде талай сыр, мән – маңыз жатыр. Бірнеше қазақ өлеңдерінің мән – мазмұны, тексі алғашқы рет аударылу әрі нотаға түсіріліп, рояльдің сүйемелдеуімен орындалу ерекшеліктері, пайымдалуы қазірде оңай, ал сонау 1926 жылы*

профессионалдык көркем бастаулары енді – енді қалыптасуға бет алған шақта студент инженер Қаныш Имантайұлы ғылым мен көркем сөз, өнердің қатар өрлеуін сол кезде-ақ мақсат – міндет санағаны айтпаса да түсінікті.

Қорытынды

Қаныш Имантайұлының ән өнерін құрметтеуі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Академик, ректор атанғанда да Қанекен қарапайымдылығына салып, ауылдан шыққан қара домалақтардың бірі екенін ұмытпады. Ал өзінің төл саласы геологияда Қаныш Сәтбаев ашқан қазына Ұлы Отан соғысы кезінде де, бейбіт жылдарда да ел игілігіне жарап жатқанын көріп отырмыз. Ғұлама ғалым және мемлекеттік қайраткер Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылдың 31 қаңтарында Мәскеудегі Кремль ауруханасында емделіп жатқанда қайтыс болған. Қаныш аға дүниеден көшпенді дәурен сияқты өте шыққан жоқ, оның адамдық, азаматтық биік тұлғасы халық көңілінен еш уақытта кетпек емес, ел үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ. Қадірлі де, қастерлі есімі Қазақстан халқының есінде мәңгі сақталмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ш.Қ.Сәтбаева. Сәулелі әулет. Алматы, 1996.
2. М.Қ.Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев. Алматы, 1989.
3. Сәтбаев оқулары «Қаныш шаңырағы» баспасы Теңдік- 2010 жыл
4. «Аңыз адам» № 13(19) шілде 2012 жылғы саны
5. «Қ.И.Сәтбаевтың ғұмырын ғылымға бағыштап, мұрасы мирас болған ғалым»

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

Искакова Анар Ержановна

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

*«Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен
қарасаңыз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер»*

Қ. Сәтбаев

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жан-жақты дамыған ғалым, керемет жазушы, тарихшы, ойлы педагог және математик бола алатын адам болды. Осыған байланысты, Мұхтар Әуезов: "Қаныштың үлкен ерекшелігі – ол химикпен, биологпен, физикпен, дәрігермен және тарихшы мен филологпен олардың ғылыми тілінде сөйлесе алады", - деді. Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы мен үміті жанып, алыстан бағдар сілтеп жымындайтын да тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай тұлға. Ілияс Омаров айтқандай, «тұтас дәуірдің жұлдыз тұлғасы».[7]

Сонымен қатар, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бірінші кезекте геологиялық ғылым саласындағы ірі ғалым болғанын және болып қала беретінін атап өткен жөн. Ол Қазақстандағы металлогения мектебін құрды және басқарды. Ол әзірлеген металлогендік талдаудың кешенді тәсілі геологиялық ғылым мен практика үшін негіз болды. Қазақстанның барлық ғылымының басшысы, ең алдымен, металлогения туралы ғылымды құрушылардың бірі, қазақстандық геологтар мектебінің басшысы болып лайықты түрде танылды. Ол өзінен кейін ғалымдардың үлкен шоғырын қалдырды, Қазақстанның металлогенистерінің тұтас мектебін тәрбиеледі. [1]

Қ.И. Сәтбаев бізге үлкен ғылыми мұра мыңнан астам ғылыми еңбектер, оның ішінде 600-ден астам жарияланған жұмыстар қалдырды. Оның есімімен өшпес үш ұлы іс байланысты: біріншісі – Үлкен Жезқазған әлемдік деңгейдегі түсті және сирек металдардың бірегей қорлары, екіншісі – өзі негізін қалаған Қазақстанның Ғылым Академиясы, үшіншісі – қазір оның есімімен аталатын геологиялық ғылымдар институты. Шын мәнінде, XX ғасырдағы Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің, ғылымы мен мәдениетінің дамуы мен қалыптасуының бүкіл тарихы оның есімімен байланысты. Қаныш Имантайұлы қашанда отандық ғылыми қауымды әлем зиялыларымен жалғастыруға ұмтылған. Оның Англияға, Қытайға барған сапарлары да, тіпті өзі қатысып үлгере алмай кеткен Делидегі әлем геологтарының бірінші халықаралық конгресіне қалай дайындалғаны да осы ойымызды айғақтай түседі. Қазіргі біздің замандастарымыздың, зиялы қауым өкілдерінің халықаралық байланыстарды үзіп алмай әр тараптағы әріптестерімен тығыз шығармашылық қарым-қатынас орнатуы қажет-ақ. Сәтбаев тағылымынан алар екінші түйін – осы.

1951 жылдың күзінде "Буржуазиялық ұлтшылдармен" күрес басталып, қазақтың зиялылары қудалауға ұшырады. М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Сәтбаевқа "ұлтшыл" деген жала жабылып, жұмыстан босатылды. Қаныш Сәтбаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады:

1. Партияға өтерде Сәтбаев әлеуметтік тегін жасырды.
2. 1927 жылы "Алашорда" ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды.
3. 1927 жылы «Едіге» туралы буржуазиялық аңызды редакциялап, алғы сөзін жазып, шығарманың басылып шығуын қолдады деп айыпталды.

Сондай-ақ Ғылым академиясының кадрлары арасына жат элементтерді жинақтаған "ұлтшылдарды қанатына алушы" деп кінәланды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтар күні Сталинге "Жазықсыз кінәлі болғаным ба?" деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтбаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, жоғары мәселе бойынша объективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айып пен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып тағайындалды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Мәскеудегі революция мұражайында, Томск политехникалық институтында және Қазақ КСР ҒА Геологиялық ғылымдар институтында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бұрышы құрылды; Алматыдағы Сәтбаев тұрған үйде мемориалдық тақта орнатылды. 2012 жылы Қарағандыда ұлы ғалым, көрнекті геолог, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті, Қазақстанның үлкен патриоты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа ескерткіш орнатылды. Мәскеуден «Ер Едіге» дастанын кітап етіп бастыруы, қазақтың тұңғыш театры туралы мақала жазуы – бәрі-бәрі атақ-даңқ қуғаннан емес, еліме, халқыма пайдам тисін деген елгезек ниеттен туған ізгі істер болатын. Ел мүддесі жолындағы елгезектік, болашағы бар жасқа бар мейірімін төгетін ізгілік, өзіне қысастық жасаған адамға да кек сақтамай, аяушылықпен қарайтын аскеттік. Қаныш Имантайұлының жасынан бойына сіңірген әлгі дүниетанымдық-фәлсафалық және ағартушылық-гуманистік мұраттарының көрінісі. Өмірлік ұстанымға айналған осы асқақ мұрат оның өзін де шырқау биікке көтерді. Ағылшын премьер-министріне «менің халқым менен де биік» деп айтқызған да сол асыл мұратының мәңгілік өшпейтініне, кейінгі ұрпақтарының жүрегінде жалғасатынына деген сенім еді. Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды. Ол халықтың жадында мәңгі қалды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик К.И.Сатпаев., Сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. –С.239.
2. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. –С.4.
3. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.
4. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018.. –449 б.
- 5 Академик К.И.Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998.– С.143
6. К.Сатпаев – человек, который видел будущее [Электронный ресурс] // Режим доступа: www.gylmordasy.kz/2016/04/25/kanysh-satpaev-chelovek-kotoryj-videlbudushhee/.
7. Сарсекеев М.Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 485-487 бб.
8. Академик К.И.Сатпаев: Из писем и заметок. – Алматы: Атамура, 1998.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ

Кабденова Алия Куандыковна

«Almatys school» ЖШС, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ, одан басқа нәрсемен оздым дегенінің бәрі ақымақтық»

Абай

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Баянауылда дүниеге келген. Қаныштың шын аты-Ғабдулғани, бірақ анасы еркелетіп «Ғаниым, Ғанышым» деп атаған. Қаныш облыстық мектепке барғанда журналға аты «Қаныш» деп жазылып кеткен. Қаныш бала күнінен қайсар, алғыр бала болған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым, кейін Шорман ауылында орналасқан мектепке барып, қатынап оқиды. Төрт жылдық бағдарламаны үш жылда аяқтаған Қаныштың оқуға деген құштарлығы мен зеректігін осыдан-ақ байқауға болады. 1913 жылы Павлодардағы 2 жылдық орыс-қазақ училищесін, 1918 жылы Семей мұғалімдер семинариясын бітіреді. 1918 жылы ауылдық қазақ мектебінде еңбек жолын мұғалім болудан бастайды.

Сол кезде білімге құштар Қаныш Имантайұлы мұғалімдік деңгейінде тұралап қалмай, біртіндеп Томск технология институтының математика факультетіне оқуға түсуге әзірлене бастаған. Тиісінше, оқуға түсер алдында тапсыруы тиіс математика және ағылшын тілі пәнінен Семейде жұмыс істейтін Ғарифолла Нығметулиннен қыс бойы қосымша сабақ алған. Алайда, ол 1919 жылы қатты ауырып, ауруханаға түсіп, емдеген дәрігер С.Н.Разумовский оған бұдан былай Семейде қалуға болмайтынын жеткізген. Содан соң, еліне қайта оралып, 1920-1941 жылдар аралығында Баянауылдағы халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарады. Сондай-ақ, 1941-1952 жылдар арасында КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан ғылым академиясының президенті болып, 1952 жылы сұрқия саясаттың қысымы дәрежесін төмендетіп, Қазақ КСР Геология институтының директоры қызметіне тағайындалған. Ал, 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті ретінде қайта тағайындалып, көзі кеткенше сол қызметті атқарған.

Қаныш Сәтбаев – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, Қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. Одан бөлек, Қаныш Имантайұлының жетекшілігімен бірнеше жыл бойы іске асырылған зерттеулер нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалып, соның арқасында өңірде қара, түсті және сирек кездесетін бірнеше металл кені ашылған. Қаныш Сәтбаев Қарағандыдағы металлургиялық заводты салуға, Қостанай мен Алтайдағы темір және марганец, Қаратаудағы фосфорит кендері сынды көптеген өндіріс орындарын және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына және өзге де көптеген істерге мұрындық болып, Отандық ғалымдарға жол көрсеткен біртуар азамат. Бір қызығы, Қаныш ағамыз кейбір қазба байлықтарын кейінгі ұрпаққа қалсын деп картадан көрсетпей кеткен. Осыдан-ақ ғалым ағамыздың кеменгерлігі мен елжандылығын көруімізге болады.

Қаныш Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта, әдебиетте қалдырған еңбектері мол. Әдебиет саласында жасаған еңбегіне тоқталып өтсек.

«Едіге батыр» жыры қазақтарда ғана емес, түркі тілдес халықтардың біразында кездеседі. Едіге тек ел үшін қанын төккен батыр емес, ел намысын дипломатиялық жолмен де қорғай білген кемеңгер тұлға. Оның сыртқы жауларды, оның ішінде Тоқтамыстың айдап салумен қатерін төккен Әмір Темірді де өз дегеніне осы ақылымен көндіргеніне тарих куә. Ол қандай ханды да ауыстырып, не желкелеп қуып жіберу қолынан келіп тұрса да, хан тағын иеленбей, хан тағына Жошы ұрпағын отырғызып, ел бірлігін сақтаған, көненің жолымен қазылық құрып, ел билеген Ұлы би атанған ірі тұлға.

Жырда тарихи оқиғалар мен эпостық-ертегілік сарындағы қиял-ғажайып, әсірелеу сарындары араласа келеді. Эпоста тарихта есімдері мәлім Әмір Темір, Тоқтамыс хан жайлы да сөз болады. Жыр қазақ даласына кең тарап, халықтың сүйікті шығармасына айналған. Жырдың қазақ тілінде бірнеше нұсқасы бар.

Ер Едіге жайындағы аңыздардың бірін Қ. И. Сәтбаев 1927 жылы Мәскеуде КСРО халықтарының Орталық баспасында қазақ тілінде араб әрпімен 3000 дана етіп бастырып шығарған. Өзінің алғы сөзінде Қ. И. Сәтбаев эпостағы бірқатар тарихи дәлсіздіктерге ерекше назар аударған, қазақ халқы арғы ата-бабаларының әлеуметтік және рухани өмірінің жеке проблемалары туралы өз көзқарасын білдірген. Сонымен бірге оның алғы сөзі қазақ эпосының түп тамыры, түрлері мен идеялық-көркемдік құндылығы жөніндегі бағалы тіл- әдебиеттану зерттеуі болып табылады. Сол себептен де 1943 жылы жарыққа шыққан КСРО ҒА Қазақ филиалы мерекелік сессиясының еңбектерінде, И.И. Мещанинов пен Е. Ысмайыловтың «25 жыл ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің зерттелу қорытындылары» деген баяндамасында бұл кітап жоғары баға алды. «Қаныш Сәтбаевтың редакциясымен және алғы сөзімен жарық көрген «Ер Едіге» поэмасының ғылыми басылымы аса құнды. Мұнда ол Шоқан Уәлихановтан кейін бірінші рет қазақ халқының данышпан поэмасы - «Ер Едіге» тыңғылықты талдау жасап, ғылыми баға береді.

Қаныш Сәтбаев жастайынан этнографияға қызыққан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Топонимикаға деген қызығушылығы кейін геология саласында көп көмегін тигізеді.

Қазақтың біртуар перзенті, ғұлама-ғалым, тұңғыш академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туылғанына биыл 125 жыл. Қаныш Сәтбаев – халқын ойлап туылған дара тұлға. Ғалымның ұлтжандылығы мен қарапайымдылығының мысалы ретінде 1947 жылы - Англияға сапарын еске түсірсек болады. Қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ. Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегің кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Ер есімі әрқашан ел есінде сақталып қалмақ, Қаныш ағамыздың аты тарихта алтын әріптермен жазылып қалған. Ғалымның көп еңбектері жарияланбай қалған. Ендігі біздің мақсатымыз елеусіз қалған еңбектерін зерттеп, зерделеп әлемдік қорға құнды жәдігер ретінде қосу болмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://satbayev.university/kk/news/kazakstannyn-damuynda-uly-galymnyn-rol> Сәтбаев университетінің сайтынан үзінді
2. <https://e-history.kz/kz/news> Қазақстан тарихы сайтынан үзінді
3. <https://ERNUR.KZ>
4. <https://EL.Kz>
5. https://qazaqepos.com/files/er_edige_zhyry.pdf

Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЕҢБЕГІ

Кажыбаева Баян Рахметуллина

№95 мектеп-лицейінің мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Жездіде бұрын табылған марганец қорын игеру жөнінде ұсыныс жасады. Кеніш 40 күн бойы салынды, ал 1942 жылы маусымда Орал зауыттары Жездіде өндірілген шикізатпен жұмыс істеді. Ұжым Сталиндік сыйлыққа ие болды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев: Наталья Тележинская 1940 жылдары Сәтбаев ҚазКСР-дағы ғылымның беделді ұйымдастырушысы ретінде даңққа ие болды: 1941 жылдан бастап оны КСРО филиалы төрағасының орынбасары етіп тағайындады; көп ұзамай ол Қазфан дамуындағы жетістіктері үшін Ленин орденін алды; ғалым дайындығы 1944 жылы басталған Ұлттық Ғылым академиясын ұйымдастырудың маңыздылығын негіздеді; ҚазКСР 1946 жылдың жазының басында ашылды, ал көрнекті геолог оны бірінші президент етіп сайлады. Соғыстан кейінгі жылдары ел жаңа қуғын-сүргінге ұшырады. Олар Сәтбаевқа да тиді. Көптеген комиссиялар бірқатар қазақ ғалымдарын жұмыстан шығаруды талап етті, оған ҒА Президенті келісім бермеді. Содан кейін оның өзі бірқатар бұзушылықтар үшін айыпталып, 1951 жылдың қарашасында қызметінен босатылды. Бірақ ол геология ғылымдары институтының басшысы болып қала берді. Оның қарамағында мекеме Қазақстанның минералды ресурстарын зерттейтін ірі орталыққа, ал КСРО-ның ғылыми ортасында Мәскеу және Ленинград институттарынан кейінгі маңыздылығы жөнінен үшінші орынға ие болды[1].

КСРО-дағы жағдай өзгергеннен кейін Қаныш Сәтбаевтың ісі қайта қаралып, ол қайтадан Қазақстан ҒА президенті болып сайланды. 1950 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың басында ғалым КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КОКП ХХІ және ХХІІ съездерінің делегаты болып сайланды. Жер қойнауын зерттеушінің өмірбаянында оның жеке өмірі туралы аз мәлімет бар. Қаныш Сәтбаев екі рет ресми некеде және бір рет азаматтық некеде тұрды. Барлық некелерде оның балалары болды. Қаныш Сәтбаев: ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі ғалым өмірбаянының қысқаша сипатталған кезеңдері де оның ғылыми қызметінің ауқымы туралы және оның ел дамуына қосқан үлесі қаншалықты зор екендігі туралы түсінік береді[2].

Бұл туралы келесі жетістіктер толығырақ айтылады: Жезқазған қаласында ірі мыс қорларының ашылуы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы аумақтағы мыс қоры екі миллион тоннадан асқандығы анықталды. Британдықтар бұған дейін оларды 60 мың тоннаға бағалаған. Ол кезде барланған қорлар планетадағы ең үлкен болып саналды. Өз ұстанымын негіздей отырып, Сәтбаев 40-қа жуық ғылыми еңбек жазды. Бұл қорларға жету үшін тек білім ғана емес, сонымен бірге ғалымның ынтасы мен табандылығы қажет болды. Ол түрлі жоғары инстанцияларда шешім қабылдағандарды өзінің әділдігіне сендіре алды. Қаныш Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстарын табандылықпен жүргізді, тіпті қыста да ұңғымаларды бұрғылауға рұқсатқа қол жеткізді.

Ол үшін қондырғыларды 40 градус аязда жылытып, киіз үймен жабуға тура келді. Ғылыми қызметі бағаланды: 1942 жылы ЖАК ғалымға Геология және минералогия саласындағы ғылым докторы дәрежесін берді. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанның пайдалы қазбаларының картасы жасалды. Ол үшін біз кешенді әдісті жасадық, жұмыс үлгілерін жасадық. Бұл әдістің өзі геология – металлогениядағы жаңа бағыттың негізін қалады, ал Сәтбаевты осы бағыттың негізін қалаушы және геологиядағы ерекше "қазақ мектебінің" негізін қалаушы деп санайды. Институтта жасалған Карта дәлдікке тексеріліп, ғылыми конференцияларда талқыланды және ең сенімді деп танылды. Ол үшін бір топ ғалымдар Лениндік сыйлыққа (1958 ж.) ие болды,

1950 жылдардың ортасында республика ғалымдары табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша зерттеулер жүргізді.

Тың жерлерді игеруге ғылыми институттарды жұмылдырғаны үшін ҒА Президенті Ленин орденімен марапатталды. Бұл Сәтбаевтың үшінші ордені еді. Ертіс-Қарағанды каналының жобасы Ертіс-Қарағанды каналы Сәтбаев есімімен аталады:

Орталық Қазақстан су тапшылығын бастан кешірді, бұл өңірдің экономикалық дамуын баяулатты. Ертіс суының бір бөлігін осы аймаққа аудару үшін арна салу ұсынылды. Беделді ғалым ретінде Сәтбаев бұл жобаны жоғарғы одақтық инстанцияларда алға жылжытқан[3].

Бүгінде Ертіс-Қарағанды каналы оның есімімен аталады. Сәтбаевтың ғылыми қызметі оның негізгі еңбектерімен байланысты геологиямен шектеліп қойған жоқ. Онда келесі қызықты фактілер бар: 1935 жылы аймақты зерттеу кезінде ол XIV ғасырда Тамерлан қалдырған жазуы бар тасты тапты. Бұл құнды археологиялық олжа қазір Эрмитажда. Ғалымды далада табылған тас мүсіндер, сондай-ақ жартастағы суреттер қызықтырды. Геологиялық экспедицияларда ғалым халық әндерін, поэмаларын жазды. Ол "Едіге" эпосын оқып, шығарды. Педагогикалық қызметпен айналысып, Сәтбаев оқулық жазды. Бұл мектеп оқушыларына арналған алгебра болды. Ғалым әрқашан өз халқы үшін мақтаныш сезімін бастан өткерді. Оның Черчилльге Жоғарғы Кеңес депутаттарының делегациясы құрамында болған кездесуі кезінде берген жауабы кеңінен танымал. Белгілі саясаткер барлық қазақтар осындай батырлар ма деп сұрады, оған Сәтбаев ол ең кішкентай, ал халық одан жоғары деп жауап берді. Академик Қ.Сәтбаевтың есімімен көше, ғылыми және оқу орындарының атауларында мәңгі сақталған, елде Сәтбаев қаласы бар, ал ғарышта ғалымның атымен планета аталған.

Жаңа минералдардың бірі "саптаевит" деп аталды. ЮНЕСКО оның 100 жылдық мерейтойын атап өтуге қатысты. Отанында атақты ғалымның туғанына 120 жыл толуы да салтанатты түрде атап өтілді. Оның әріптестері бүгінгі таңда Қазақстанның ЖІӨ Қаныш Сәтбаев ашқан жаңалықтардың арқасында айтарлықтай дәрежеде қалыптасатынын ерекше атап өтті.

Геологтардың күш-жігері жер қойнауында Менделеев кестесінің барлық элементтері жасырылған Қазақстан жерінің табиғи байлықтарын зерттеуге және игеруге бағытталды. Жақында оның үлкен аумағы картадағы үздіксіз "ақ дақ" болды. Қаныш Имантайұлы қабырғасында жыл сайын ондаған ғылыми экспедициялар, жүздеген қажымас зерттеушілер ұлан-ғайыр далаға, таулар мен шөлдерге геодезиялық түсірілімге, геологиялық ізденістерге ұмтылды, жер қазынасының жаңа қоймаларын ашты, жыл сайын Қазақстан картасында "ақ дақтар" азайып келеді. Олар күн сәулесінің астында қар сияқты ериді. Республиканың толыққанды топогеодезиялық және геологиялық карталары жасалды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев: "егер картада соңғы онжылдықта Қазақстанда табылған пайдалы қазбалардың кен орындары белгіленген барлық нүктелерде электр оттары жағылса, аспандағы жұлдыздар да көп болады", - деп айтқан болатын.

Академик Қ.И. Сәтбаев қазақстандық металлогендік мектеп атымен белгілі геологиядағы металлогендік бағыттың негізін қалаушы болды. Ол кен орындарын қалыптастыру металлогендік талдау мен болжаудың кешенді әдісін жасады.

ҚазКСР ҒА Геологиялық ғылымдар институтының ғалымдары практик-геологтармен бірге геологиялық ғылымның жаңа саласы - минералдық шикізат кен орындарының табиғатында таралу заңдылықтарын зерттейтін металлогенияны әзірледі. Осы минералдық байлықтарды толық ашу үшін Орталық Қазақстанның кешенді металлогендік болжамдық карталары әзірленді, олар 19 ғасырдың ортасында Қазақстан геологтары жетістіктерінің шыңына айналды. Кешенді картаға шөгінді және эффузивті жыныстардың жасы мен литологиясын, пликвативті және жарылғыш тектоникалық

құрылымдарды, интрузивті массивтердің орнын, құрамын, формалары мен түрлерін анықтау кірді, металлометриялық және шлихті түсірулер, геофизика деректері (гравиметрия, магнитометрия және т.б.) пайдаланылды. Мұндай карта КСРО-да алғаш рет жасалды. Кешенді карталарды ҚазКСР ҒА Геологиялық ғылымдар институтының ұжымы, академик Қ.И. Сәтпаевтың жетекшілігімен өндірісшілермен бірлесе отырып, 1956 жылы басып шығарды. Олар геологтардың үлкен ұжымының көпжылдық еңбегінің нәтижесі болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сборник статей "Мир Сатпаева"/ Құрастырушылар: Каменев Е.А. және т.б. -Алматы: Шартапа С, 1999 - 304ст. Статъялар:
2. Қаныш Сәтпаев. Балалық шақ естеліктері. Алматы, 1970 ж.
3. Қазақтың ұлы ғұламалары. Алматы, 1993 ж.

ҚАНЫШТЫҢ БЕЙНЕСІНЕ ТӘН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Казанбаева Гульназия Шакмуратовна

Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы,

№27 жалпы білім беретін мектебінің

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі

Әдебиет пен өнер тақырыбына, оның зерттелуіне үлес қосқан әдебиеттанушылар мен өнертанушылардан басқа мамандық иелерінің де ат салысқан кезеңдері болды. Олар қазақтың қара өлеңін жанына тоқып, қазақтың әсем сазына елтіп, күйіне балқып өскен, шешендік өнерді құлағына құйып, жүрегіне түйген дарынды тұлғалар. Солардың бірі, әрі бірегейі қазақ ғылымын әлемдік деңгейге көтерген инженер-геолог, академик-ғалым, Ұлттық Академиямыздың тұңғыш президенті, әрі ұйымдастырушысы болған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қаныштың әнге, өнерге, әдебиетке құштарлығының оянуына жерлес ақын-сазгерлер Жаяу Мұса, Майра, Иса, Әмірелер әсер етсе, оның азаматтық, зиялылық тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы, солардың тәлімі айрықша болғандығында жатыр. Семейдің мұғалімдер семинариясында [1. 15-бет] оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ә.Сәтбаев, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің дүниетанымының жаңаша қалыптасуына зор ықпал етті. Яғни Қаныш пен Мұхтар, Жүсіпбек пен Әлкей Алаш арыстары баптаған «жас бөлтіріктер» еді. Сол Алаштың соңғы тұяқтары, жас бөрілері Мұхтар мен Қаныштың XX ғасырда қазақ әдебиеті мен ғылымын қандай деңгейге көтергені әрбір көзі ашық адамға айдан анық белгілі болып отыр.

Қаныш Имантайұлы сан қырлы, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оны Медеу Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман-эссесі арқылы тереңірек түсінуге болады. Шығармада автор Қаныш Имантайұлының ұлағатты, ерлікке толы істерін саралап та, даралап та ұлықтаған. Туынды Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын баяндайтын 3 негізгі бөлімнен тұрады. Олар: «Баянауыл аясында», «Сібір шамшырағы», «Ұлытау жотасында». [2. 3-бет] Шығармада Сәтбаевтың қазақ даласындағы ерте балалық шағынан бастап геолог ретіндегі метеорлық биікке көтерілуіне және Қазақстанның қазба байлығына қосқан іргелі үлесіне дейінгі өмір жолын хронологиялық әдіспен қолданады. Роман-эссе Сәтбаевтың балалық шағын елестетумен ашылады, оның қазақ жерімен терең байланысы мен табиғат әлеміне деген туа біткен құштарлығын көрсетеді. Бұл кіріспе Сәтпаевтың өмір бойы ғылыми білімге ұмтылуына, туған жерге деген мызғымас адалдығына жол ашады. Сонымен қатар, автор Қаныш атамыздың көзін көргендерден сұхбат алып, мәлімет жинаған. Қазақстанды жаппай қаулаған 1932 жылғы

ашаршылық, ата-анасынан айрылуы, 1937 жылғы зобалаң жолындағы қиыншылықтардан өтіп, пісіп, жетілген жас зерттеуші бейнесі романда айқын бейнеленеді. Қаныш Сәтпаевтың басынан кешкен оқиғалары замандастарының естелік-эсселерімен толығып, шығарманың айқындылығын арттыра түсті. Қ.И.Сәтпаевтың шынайы бейнесін халыққа ұсынған ерекше шығарма деп ойлаймын. Роман-эсседе Сәтпаевтың басынан өткерген қиыншылықтар мен кедергілер, оның ішінде қазақ даласының қатал шындығы, езгісіз кеңес өкіметі, ғылыми ізденістерге қаражат пен қолдаудың жоқтығы шебер суреттелген. Дегенмен қиындықтарға қарамастан, Сәтпаевтың Қазақстанның қазба байлықтарының әлеуетіне деген айнамас қайсарлығы мен мызғымас сенімі оны ғылыми жаңалықтардың алдыңғы шебіне итермелейді. М.Сәрсеке Сәтпаевтың ғылыми бетбұрыстарын шебер суреттей отырып, оның туған жерді өзгертетін ғылым күшіне деген мызғымас сенімін ерекше көрсетеді. Ұлттық құндылықтардың Қаныштың тұлға ретінде қалыптастыруындағы маңызы бар ма? деген сұраққа шығармадан үзінді келтіре отырып, жауап бергім келеді.[2. 7-231-беттер]

№	Қаныш бойындағы құндылықтар	Роман-эсседен үзінді
1	Елінің тарихын құрметтеу	Қаныш Имантайұлы именуді қойып, тебірене сөйледі. – Сеніңіз, туған жерімнің сырын, әсіресе осы кенішті бір кісідей білемін! Сол үшін, қажет десеңіз, басымды қатерге тігуге бармын, Григорий Константинович...
2	Халқына адал қызмет ету; Әдеп нормаларын ұстану;	– Қатал өмірдің сабағы! Қарауыңдағы жұмыскер алты ай, жеті ай бойы соқыр тиын еңбекақы алмай, ісіп-кеуіп жүдеп, үйінде оның қызыл қарын жас балалары нан сұрап шулап отырса – әсіре жарнама ғана емес, одан да маскара әрекетке барады екенсің!
3	Ұлттық мәдениетті дәріптеу	Бойындағы ынтызарлық студент Сәтпаевты туған халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға әуей етіп, бұл істе де тыңға түрен салғандай, фольклор іздеушілердің бірі болғандығын аңғартты
4	Әлемдік озық білімді игерген саналы азамат	Туған жерінің кен тасын ғана емес, соның ой-қырына түскен әрбір із, таңбаны, ескілі-жаңалы тарихты, мәнді оқиғаны біліп, жете тану үшін. Ғылым жарағына, ел кәдесіне жарату үшін. Соны жас ұрпақ, кейінгі толқын көкейіне дарытып, биік мұраттарға, ілгері мәдениетке жетелеу үшін...
5	Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	«...Жезқазғаннан не қажеттірек: мыс әлде картоп? Меніңше, мыс! Кеңгір бөгетін салу үшін де едәуір қаражат керек. Үкімет бұл қаражатты бізге береді. Не үшін? Тек қана жер астындағы мыс көмбесін алу үшін! Ендеше, су тоспасы өндіріс қажетіне ғана қызмет етуге тиіс.»
6	Сөзіне берік, ісіне адал болу	Қаныш Имантайұлының өзі де кеңседе болған күндерінде ерте-кеш демей, түнді таңға жалғап, қайсыбір кезде он бес сағат талмай отырып өндіре еңбек етеді. Жазып отырған есебін бітірмесе геолог түннің бір уағына дейін жұмыс орнынан кетпейтін.

Қорытындылай келе айтарым, Қаныштың бейнесіне тән құндылықтарды елінің тарихын құрметтеу, халқына адал қызмет ету, әлемдік озық білімді тұлға, Қазақстанның дамуына үлес қосу сияқты қасиеттерінен көре аламыз. Сондай-ақ өзінің мақсаттылығымен, еңбекқорлығымен, табандылығымен және күшті мінезімен ерекшеленеді. Мысалы, инженер болуды, Қазақстанда темір жол салуды армандағанынан мақсатқа талпынушылығын, оқуына ақша табу үшін шахтада жұмыс істеуінен еңбек сүйгіштігін, қиыншылықтарға қарамастан темір жол салуға бел буғанынан табандылығын көруге болады. Одан кейін теміржол құрылысын басқарғанынан көшбасшылықты, түрлі қиындықтарды жеңіп, кедергілерге мойымауынан қайсар мінезді аңғарамыз. Бұл қасиеттер жас Қаныштың табысқа жетуіне және Қазақстанның дамуына үлес қосуына көмектесті. Басқа адамдар үшін өз мүддесін құрбан етуге дайын ғалымның альтруизм, әрқашан басқаларға көмектесіп жүргенінен мейірімділікті көреміз.[3. 19-бет] Бұл қасиеттер Қаныштың өз елінің нағыз патриоты, лайықты азаматы етті. Ғылым жолында халқымыздың рухани өміріндегі, ерекше тұлға ретінде Қаныш атамның есімі жанымызда мәңгі сақталуда.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Өмірбеков А.Ә. «Қ.И. Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» ҚазҰТУ хабаршысы, 1999-151
- 2.Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев: роман–эссе. – Астана: Фолиант, 2008. – 648 с.
- 3.Сәтбаев Қ.И. Қазақстан – менің Отаным. Алматы: Ғылым, 1999.
- 4.Сәтбаев Қ.И. Қаныш және сұлу саз. Алматы: Білік, 1999.

ТҰЛҒАСЫ ҚАЗЫНАҒА ТОЛЫ СӘТБАЕВ

*Қайроллаев Нурсултан Қуанышевич
Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі*

Қаныш Сәтбаев – Қазақстанның ірі ғалымдары мен қайраткерлерінің бірі. Шын есімі - Ғабдулғани. Араб тілінен шыққан және «шексіз байлықтың иесі, ешкімге мұқтаж емес» дегенді білдіреді. Бала кезінде еркелетіп Қаныш деп атаса, уақыт өте Қанышқа айналған.

Биыл қазақ даласының ұлы перзентінің туғанына 125 жыл толып отыр.

Қаныш Имантайұлы 1899 жылы дүниеге келіп, Қазақстан ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып, жемісті өмір сүрді. Болашақ ғалым терең білім алып, геология ғылымдарының докторы, минералог және профессор болды. Оның ғылыми жұмысы 1642 бетті қамтыды. Бұл орасан зор зерттеулердің дәлелі.

Сәтбаев Қазақстандағы геология ғылыми мектебінің негізін қалады. Оның республиканың минералогиялық байлығын зерттеуге қосқан үлесін бағаламау қиын. Мәскеудің нұсқауымен ол Қазақстанның жер қойнауының картасын жасады, бірақ стратегиялық себептерге байланысты кейбір кен орындарын қазақстандықтардың болашақ ұрпақтары үшін сақтап, оған қоспады.

Қаныш Сәтбаев өзінің ерекше еңбегінің арқасында Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушылардың бірі және тұңғыш президенті болды. Ұлттық ғылыми базаны қалыптастырып, республика мен халық игілігі үшін қызмет ететін адал кадрларды тәрбиелеудің маңыздылығын көрді.

Сәтбаевтың ғалым ретіндегі беделінің зор болғаны сонша, Ұлыбритания премьер-министрі Энтони Иден Кеңес Одағында мұндай тұлғаның пайда болуын нағыз ғажайып деп атады. Академик қазақстандық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосып, геологтардың тұтас бір галактикасын тәрбиелеп, әлемдік деңгейдегі ғылыми мекемені қалыптастырды.

Қаныш Сәтбаев көрнекті ғалым ғана емес, дүниетанымы кең, жан-жақты тұлға болды. Ол өзінің орасан зор ғылыми жетістіктерімен қатар Қазақстан әдебиеті мен өнеріне де елеулі үлес қосты.

Сәтбаев республикада білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңінде педагог және автор ретінде ерекше көзге түсті. Ол қазақ тілінде «Алгебра» оқулығын жазып, қазақ мектептері үшін осындай тұңғыш оқу құралы болды. Бұл әдеби мұра жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды.

Қаныш Имантайұлы өзінің сан алуан мәдени қызығушылығымен, өнерге деген құштарлығымен ерекшеленді. Замандастарының айтуынша, ол музыка мен биге әуес болған және оларды жоғары бағалаған. Археолог Әлкей Марғұлан Сәтбаевтың полька, мазурка, вальсқа қызығатынын айтты. Ғалымның өзі дәстүрлі домбыра мен гитарада шебер ойнап, қазақ, украин әндерін шырқады [1, 46 бет].

Белгілі фольклоршы Александр Затаевич Қаныштың ән айтқанын алғаш естіп, оның орындауында қазақтың 25 халық әнін нотаға түсіріп алған. Бұл қазақ халқының музыкалық мұрасын сақтауға қосқан баға жетпес үлес болды.

Шығармашылық хоббиімен қатар Сәтбаевтың өмірі сол кездегі мәдениет қайраткерлерімен тығыз байланысты болды. Ол Семей семинариясында бірге оқыған ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен дос болған. Куәгерлердің айтуынша, бұл екі талантты адам жатақханада бірге тұрып, өмірлерінің соңына дейін адал достық қарым-қатынаста болған.

Академик археолог Әлкей Марғұланмен де тығыз қарым-қатынаста болды. Дәл осы Сәтбаевтың қамқорлығының арқасында Марғұлан Ғылым академиясының Алматыдағы филиалына жұмысқа орналасып, досының кеңесімен археологиялық зерттеулерге кірісті.

Ғалымның өмірбаянында оның өзіндік ерекшелігін ашатын көптеген қызықты жағдайлар бар. Соның бірі 1947 жылы Кеңес делегациясының Англияға сапары кезінде болды. Ұзын бойлы Қанышты көрген премьер-министр Уинстон Черчилль: «Барлық қазақтардың бойы сіздей ме?» деп таңдана сұрады. Бұған Сәтбаев: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, мен қазақтың ең кішісімін, менің халқым менен биік,» - деп ізетті жауап берді.

Тағы бір тамаша эпизод Қаныштың Қазақстанның жер қойнауы картасын жасаумен байланысты. Мәскеуден келген нұсқау бойынша ол кейбір кен орындарын картаға түсірмей әдейі жасырған. Ол өзінің достары Әуезов пен Марғұланға түсіндіргендей, бұл байлық қазақстандықтардың болашақ ұрпағы үшін сақталуы тиіс. Осындай көреген отаншылдық ұлы ғалымға тән еді [2, 85б].

Қаныш Сәтбаев мұрасының Қазақстан үшін әр салада маңызы зор. Оның республика ғылымын, білімі мен мәдениетін дамытуға қосқан сан қырлы еңбегін бағаламауға болмайды.

Академиктің ғылым саласындағы жетістіктері іргелі. Еліміздің қазба байлығын одан әрі зерттеу мен игерудің берік негізін қалап, Қазақстандағы ең ірі геологтардың ғылыми мектебінің негізін қалаушы болды. Оның басшылығымен республиканың жер қойнауын кең көлемде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оның нәтижелері шаруашылық мақсатта пайдаланылды.

Сәтбаевтың Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушылардың бірі және тұңғыш президенті ретіндегі жетістіктері де маңызды. Оның тікелей атсалысуымен құрылған бұл оқу орны отандық ғылыми кадрлардың ұстаханасына, білімнің әр саласын дамытудың локомотивіне айналды.

Білім беру саласында да ғалымның қосқан үлесі зор. Оның туған қазақ тілінде жазған «Алгебра» оқулығы ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау мен жастар тәрбиесінде жаңа бет ашты.

Қаныш Имантайұлының мәдени үлесін де жоққа шығаруға болмайды. Музыкаға, биге, дәстүрлі аспаптарда ойнауға, қазақ ауыз әдебиетін жинап, жазып алуға әуес болды. Соның арқасында халық ән шығармашылығының баға жетпес үлгілері сақталды.

Қазақстанда ұлы ғалым және қайраткердің мұрасы мұқият сақталған. Оның құрметіне қалалар мен көшелер аталып, ескерткіштер мен бюсттер қойылды. Жыл сайын Қаныш Сәтбаевты ұлықтау мақсатында ғылыми конференциялар, мерекелік және мәдени шаралар өткізіліп тұрады. Оның есімі Геология ғылымдары институтына, Қазақ ұлттық техникалық университетіне және басқа да көптеген мекемелерге берілді [3, 27 б].

Академиктің өзі ғалымдар мен зиялы қауымның халқына, Отанына адал қызмет етудің маңыздылығын жоғары бағалады. Сондықтан оның өмір жолы қазіргі Қазақстан жастары үшін жарқын үлгі болып табылады. Сәтбаевтың ғылымға деген жанқиярлығы, отансүйгіштігі, мәдени дәстүрге адалдығы және дарындардың жан-жақтылығы жаңа ұрпақты үлкен жетістіктерге жетелейді.

Қаныш Сәтбаевтың мұрасы одан әрі терең зерттеліп, кеңінен насихатталуға лайық екені сөзсіз. Оның өмірбаянында, ғылыми мұрасында, мәдени бастамаларында әлі де болса зерттеушілердің жіті назарын талап ететін зерттелмеген қырлары бар. Сәтбаевқа арналған жаңа туындылардың жарық көруі, көрмелер мен мұражайлық көрмелер, кинематографиялық және көркем шығармалар ұйымдастыру оның өмірі мен шығармашылығы туралы білімнің кеңірек таралуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бурнашева Р.З. Қаныш Сәтбаев – ғылымды ұйымдастырушы. Алматы: Ғылым, 1984 ж.
2. Сүлейменов Р.Б. Академик Қаныш Сәтбаев. Биобиблиографиялық көрсеткіш. Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.
3. Храмов А.А. Ғылымға берілген өмір: Қаныш Сәтбаев туралы эссе. Алматы: Қазақстан, 1984 ж.
4. «Қаныш Сәтбаев – Қазақстан геология ғылымының негізін салушы» мақалалар жинағы. Алматы: ҚазҰТУ, 2013 ж.

Қ. СӘТБАЕВ – ӘДЕБИЕТ, ТАРИХ, ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

*Какжанова Зауреш Катрановна
Астана қаласы, №95 мектеп-лицейінің мұғалімі*

Адам шынымен талантты болған кезде, ол барлық жағынан дарынды. Қаныш Имантайұлы осы ойды қуаттайтын жарқын үлгі болды. Ол музыкалық дарынды, домбырада, гитарада және басқа да музыкалық аспаптарда жақсы ойнады, көптеген халық әуендерін білді. Қарқаралыда ол белгілі музыкатанушы-фольклоршы Александр Викторович Затаевичпен кездескенде, соңғысын көптеген қазақ әндері мен әуендерін жақсы білуімен таң қалдырды. Затаевич Сәтбаевпен кездескенге дейін жүздеген қазақ музыкалық шығармаларын жазып алған, және де оны бір нәрсемен таңғалдыру мүмкін емес еді. Бірақ Қаныш Имантайұлы оны өзінің музыкалық дарынымен таңғалдырды, оған бүтіндей гүл шоғын - қазақ музыкасының мэтріне белгісіз «Жиырма бес» тамаша әуен сыйлады. Қаныш Имантайұлы сирек тынығу сағаттарында достарының арасында ән айтқанды ұнатады. Оның әдемі баритоны болды, ол тек қазақ әндерін ғана емес, орыс және украин әндерін де шырқады.

Бірақ Қаныш Имантайұлының өмірінде бәрі бірдей салтанатты, тегіс және бұлтсыз болған жоқ. Үлкен Жезқазған үшін күрес одан күш-қуаттың шекті кернеуін талап етті! Бұл өте қиын жылдар болды. Ұжымдастырудан кейін қазақ ауылдарында ашаршылық басталды, Аштықпен бірге түрлі аурулар келді. Сол жылдары Қаныш Сәтбаевтың бір жасар ұлы қайтыс болды – оның үміті мен қуанышы. Ол сол аш кезінде Баян-ауылдан бір жыл бойы өзімен бірге тұрған он баланы алып келген. Солардың бірі, Кемал Ақышев атақты Алтын адамды ашқан танымал археолог болды.

Қазақстан Ғылым академиясы республиканың жоғары партия органдары тарапынан жасалған шабуылдардың нысанасына айналды. Тағдыр академиясының президенті болды предрешена. 1951 жылдың қарашасында Қазақстан КП ОК бюросының жабық отырысында Қ.И. Сәтбаев қызметінен босатылып, екі ай бойы Ғылым академиясының жалпы жиналысында бірауыздан сайланды. Қ.И. Сәтбаев Қазақстан КП ОК құрамынан шығарылды. Сәтбаев Мәскеуге аттанды. КСРО Ғылым Академиясының президенті А.Н. Несмеянов оған Академияның Орал филиалын басқаруды ұсынды. Бірақ Сәтбаев туған жерінен тыс өмірін елестете алмады және Қазақстаннан кетуден бас тартты, ол геология ғылымдары институтын басқаруды жалғастырды. ҚазКСР ҒА-да ол бұрын қолдары жетпейтін күрделі металлогендік карталарды жасаумен айналысты. Сталин өлгеннен кейін және қоғамды демократияландырудың басталған үдерістерінен кейін ғана Қ.И. Сәтбаев ғылым академиясының президенті болып қайта сайланды, онымен өмірінің соңғы күндеріне дейін қалды. Ол ГУЛАГ лагерлерінен оралған зардап шеккендерден аулақ болмады, жұмысқа қайта оралуға көмектесті, достық қарым-қатынасты сақтады. Оның талантты геолог, ҚазКСР ҒА академигі Михаил Петрович Русаковпен достығы, ол негізсіз қуғын-сүргінге ұшырап, бірнеше жыл Сібірде, ГУЛАГ лагерлерінде өткізген достығы жарқын мысал бола алады. Қаныш Имантайұлы оны

бұрынғы қызметіне қалпына келтіріп, оған пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын сараптамалық бағалау бойынша жауапты тапсырмалар жүктеді.

Қ. В. Сәтбаевтың Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытуға қосқан үлесін асыра бағалау қиын. Оның ғылыми қызметі көбінесе Жезқазған, Балқаш, Теміртау, Атасу сияқты индустрия алыптарының қалыптасуы мен дамуын анықтады; оның есімімен Успен кен белдеуі; Ертіс-Қарағанды каналы және тағы басқалар байланысты.

Әлемге әйгілі ғалым Николай Вавилов былай деп жазды: "...елдегі ғылымның үлесі тек мемлекеттік бюджет бойынша бөлінген қаражатпен, зерттеу институттарының санымен ғана емес, ең алдымен ғылыми қайраткерлердің көкжиегімен, ғылыми ұшудың биіктігімен де анықталады". Қ.И. Сәтбаевтың өмірі мен қызметі туралы Медеу Сәрсекенің роман-эссесінде оқырман алдына энциклопедиялық білімді, терең түйсігі бар, жаңа сезімге бөленген, есте қаларлық жарқын мінезді тұлға, өз халқын, тарихы мен мәдениетін жанқиярлықпен сүйетін адам бейнесі шығады. Өз кітабында М. Сәрсекен академиялық ғалым "сухардың" емес, қайырымды жан, өмірді қуанышты қабылдайтын адамның бейнесін сомдайды. Бай дарынды тұлға өзін барлық формада, өмірдің барлық формаларында талантты көрсетеді. Қаныш Имантайұлы фольклорды, әдебиетті, өнерді білген және сүйген. Томск университетінің студенті ретінде ол қолжазба қорларында 1927 жылы өзінің алғы сөзімен жарық көрген "Едіге туралы аңыз" халықтық эпосының шедеврін қайта жазды. Сол 1927 жылы М.О. Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасының қазақ театры сахнасында алғашқы қойылымы жүзеге асырылғанда, оның алғашқы рецензенті "Еңбекші қазақ" газетінде мақала жариялаған жас Қ. И. Сәтбаев болды[1].

Қ.И. Сәтбаевпен жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау сәті түскендердің барлығы оның ерекше сүйкімділігін, адамгершілігін, қызметтік дәрежесіне қарамастан адамға деген құрметін атап өтеді.

Қ. И. Сәтбаевтың КСРО Жоғарғы Кеңесінің бес шақырылымының депутаты, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретіндегі қоғамдық жұмысы да орасан зор. Кеңесінің төрағасы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет Президиумының мүшесі, КСРО ҒА Президиумының мүшесі және басқа да көптеген қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар.

Қ.И. Сәтбаев төрт Ленин орденімен, 2-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталды. Бірақ оның ең үлкен марапаты - Халық махаббаты[2].

Онда әрдайым халық алдындағы, мемлекет алдындағы жауапкершіліктің өткір сезімі өмір сүрді. Ол өз елінің азаматы, патриоты, қиын уақыттың, әлеуметтік катаклизмдердің кейіпкері болды.

Бұл ерекше лауазымда ол өмірінің соңғы күндеріне дейін жұмыс істеді, қатты ауырып, жұмысқа соңғы күштерін берді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылдың қаңтарында дүниеден өтті. Содан бері көп нәрсе өзгерді. Қазақстан тәуелсіз болды, қоғамды демократияландыру, ашық нарықтық экономика жолына түсті. Бірақ бүгінгі күні, көп жылдар өткен соң, бізге Қаныш Имантайұлы жетіспейді, оның оптимизмі, адам сүйгіштігі, Сәтбаев шығармашылығының атмосферасы, Сәтбаев ғылым мен ағартушылыққа деген құрмет.

Жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері көп нәрсе өзгерді. Қазақстан тәуелсіз болды, қоғамды демократияландыру, ашық нарықтық экономика жолына түсті. Бірақ бүгінгі күні, көп жылдар өткен соң, бізге Қаныш Имантайұлы жетіспейді, оның оптимизмі, адам сүйгіштігі, Сәтбаев шығармашылығының атмосферасы, Сәтбаев ғылым мен ағартушылыққа деген құрмет.

Мысыр перғауындары өзінен кейін пирамидаларды - дұрыс пішіндегі өлі тас тауларды қалдырды, ал ұлы ғалым, Лениндік сыйлықтың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаев геологиялық институтты, Ғылым академиясын құрды және ұрпақтарына қазақ

жерінің қойнауында ашылған пайдалы қазбалар кен орындарын, оларда салынған кеніштер мен қалаларды тастап кетті. Олардың бірі бүгінде Сәтбаевтың есімімен аталады. Мұның бәрі адамдардың игілігі үшін жасалды.

Аса көрнекті ғалым-геолог, ғылымды ұйымдастырушы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, Сәтбаев өз халқының тарихына алтын әріппен өз атын жазды. Академик Қ. Сәтбаевтың ұлылығын асыра бағалау қиын! Ғылымның көптеген салаларында энциклопедиялық білімі бар, жоғары эрудициялы адам Сәтбаев елге интеллектуалдық, ғылыми даму трендін берді, оның нәтижесінде қазақстандық қоғам ағартушыдан зияткерлік-ғылыми және кәсіптік бағытқа айналды. Ұлы ғалымның еңбегінің арқасында халқымыз, жастарымыз және еліміз ие болып отырған бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуеттің іргетасы қаланды[3].

Бүгін біз осы сапалы секіріс елдің дамуы үшін қаншалықты маңызды болғанын және ол елдің дамуына қандай вектор бергенін ойламаймыз. Ол кезде өткен ғасырдың 30-жылдарының ортасында Қазақстан қоғамы сауатты және білімді болған, алайда кез келген кәсіби инженерлік кадрларды даярлау Ресей Федерациясында немесе Өзбекстанда жүргізілген, ал ғылым мәскеулік және Ленинградтық ғалымдардың ғана тағдыры болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш Сәтпаев. Балалық шақ естеліктері. Алматы, 1970 ж.
2. Қазақтың ұлы ғұламалары. Алматы, 1993 ж.
3. Қаныш Сәтпаев – Ұлы Геолог, Алматы, 1994 ж.

Қ.САТПАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Кеңесжанова Жанар Орынбайқызы
Р. Қошқарбай атындағы № 1 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Болашақ ғалымның әкесі Имантай Сәтбаев ауыз әдебиеті мен өз жерінің тарихын жақсы білетін, түркітектес хәм Шығыс елдерінің әдебиетімен таныс аса сауатты адам болыпты. Имантай Сәтбаев қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановқа зор құрметпен қараған, оның әкесі Шыңғыспен жақсы таныс болып, сыйластық құрған. Орыстың белгілі ғалым-этнографы, Шоқан Уәлихановтың бірге оқыған досы Г.Н.Потанин Ресейдің географиялық қоғамының ауыз әдебиетін жинастыру қызметіне Имантай Сәтбаевтың көмегін пайдаланған. Қ.И.Сәтбаевтың анасы Әлима Исақызы кенже ұлы Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Жас Қаныш Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының мейірбан әрі құтты бауырында өсті. Болашақ ғалым өз әкесінен, ауылдық молдадан, оған қоса жергілікті екіжылдық Ақкелін мектебінен алғашқы білім алды. Бала Қаныш сол күндерден-ақ ерекше ұғымталдық қабілет танытты. Бұл жайында көп жылдардан кейін "өмірдің төрт мезгілі" атты кітабында Академик Ш.Ш.Шөкин былай деп жазады. "Мені бір көргенмен жадында сақтап қалғыш мінезі талай тандантты. Арада он жыл өтсе де, бір ұшырасқан адамды кеше ғана кездескендей ұмытпайтын". Ауыл мектебінен кейін оқуын Павлодардағы екі жылдық орыс-қазақ училищесінде жалғастырған жас талант оны үздік аяқтады. Сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, 1918 жылы бітіріп шықты. 1918-1919 жылдары Семейдегі педагогикалық курстарда жаратылыстану пәнінің мұғалімі, 1919-1920 жылдары Ақкелін болысындағы 4-ауылда мұғалім, 1920-1921 жылдары Баянауылда халық судьясы қызметтерін атқарды. Жас Қаныштың қалыптасуына ата-анасы, оқыған ортасы және сол заманның озық азаматтары - туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев үлкен әсер етті. Үшеуі де 37 жылдың жазықсыз құрбаны болды. Ағаларының қазасы Қаныш Имантайұлының қабырғасын қайыстырды, өзінің болашағын терең ойлауға мәжбүр қылды. Сәтбаев өмірбаянының осы жағы Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның "Сәулелі әулет" атты кітабы жарық көргенше жан-жақты айтылмады. Ағаларының саяси репрессияға ұшырауы, Мекке сапарында дүние салған атасы Сәтбайдың қажылығы академиктің ішінара қарсыластары үшін тоталитарлық жүйенің идеологиялық қырсығын тигізуге қару болды. Қаныш Имантайұлының азамат болып қалыптасуына Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың үлгілі өмірі мен еңбектері әсерін тигізді. Ол Абайдың поэзиясын жақсы игеріп, оның көптеген шығармаларын жатқа айтып машықтанды, лирикалық әндерін үздік орындап жүрді. Студенттік жылдарында Ш.Уәлихановтың шығармаларын терең талдап, мұқият оқыды. Шоқанның Қостанай төңірегіндегі ақын-жыраулардың аузынан жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы "Ер Едіге" эпосын қазақ тіліне аударды. Осы еңбегі 1927 жылы Мәскеуде басылып шықты. "Бұл аңызды қазақшаға қайта аударуымның негізгі себебі – бұрынғы Мелиоранскийдің аударған нұсқасында аты қазақша, заты кітапшылдеу ноғайша болып кетуіне байланысты" деп Қаныш Имантайұлы анық жазды. Бұл еңбегін ана тіліне деген үлкен қамқорлығы хәм тіл ұстартуға қосқан тамаша үлесі деп білеміз.

Қаныш Шоқан Уәлиханов сияқты ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенде бастап, студент кезінде жалғастырды. Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғылыми зерттеуге айналдырған ол көптеген этнографиялық тарихи мұраларды ашты. "Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері" атты еңбегін ғылыми қауым жақсы біледі. Ғылым академиясы президенті қызметін атқарған кезде Шоқан Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды қолға алып, бұл игілікті істің

бастаушысы, ұйымдастырушысы болды. 1961-1972 жылдары Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының бас редакторлығы міндетін академик Әлкей Марғұланға тапсырып, өзі редколлегия мүшесі ретінде оның ойдағыдай жарық көруіне атсалысты. Қаныш Имантайұлы 1919 жылдан бастап және студент кезінде жазумен шұғылданған қазақ орта мектебінің төменгі және жоғарғы сыныптарына арналған "Алгебра оқулығын" 1924 жылы аяқтап, сол кездегі Білім Халық Комиссариатына оқулық ретінде бекіттіреді. Өкінішке қарай, кітап кезінде жарыққа шықпай қалған екен, кейін Халықаралық Қ.И.Сәтбаев қоры ғалымның бұл еңбегін ел қолына жеткізуді көздеп, тиісті шаралар жасап, кітап жарық көрді. 1921 жылы Баянауылға емделуге келген профессор, кейіннен академик Михайл Антонович Усов Қаныш Сәтбаевтың геолог болуына үлкен әсер етіп, өз Отанының қазба байлықтарын зерттеуге ынта-жігерін арттырды. 1921 жылы күзде ол қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырып, Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінің геология бөліміне қабылданды. Институтта оқыған кездерінде Қ.И.Сәтбаевтың өмірге көзқарасы, дүниетанымы кеңі түсті, өйткені сол кездегі орыстың атақты ғалым-геологтары, Томск технологиялық институтының профессорлары В.А.Обручев пен М.А.Усовтың ғалымдық жолына азық боларлықтай мол өнеге-дәріс алғаны белгілі. 1926 жылы Қаныш институтты үздік аяқтап, тау-кен инженер-геологы деген мамандық бойынша диплом алған бірінші қазақ болды. Институтты бітіргеннен кейін Қазақстан Халық шаруашылығы Орталық кеңесінің ұйғаруымен "Атбасветмет" трестінің геология бөлімін басқаруға жіберілді. Бұл трестке Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және ағылшындар бастап, аяқтамаған Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жалғастыру міндеттелді. Бұған қоса Орталық Қазақстандық басқа да кен орындарының жұмысын қадағалау тапсырылды. Қаныш "Атбасветмет" трестінің беделді қызметкері болды. Ол кезде бұл мекеменің кеңсесі Мәскеуде еді. Жас маман жазда өнеркәсіп орындарында болса, қыста Мәскеуде зертханалық талдау жасаумен айналысты. Қарсақбайға Қаныш Имантайұлы 1926 жылы келді. Оның алдында Жезқазған – Ұлытау ауданындағы кен байлықтарын іздеу мен геологиялық барлау жұмыстарын жаңа техникамен кеңінен жүргізу тәрізді аса маңызды міндет тұрды. Қаныш бұл жұмыстарды асқан іскерлікпен атқарып, Жезқазған кен орнында мыс қорының орасан мол екендігін анықтады. Сөйтіп, ағылшындар мен Одақтық геолкомның мыс қоры бұл өңірде мардымсыз, Қарсақбай зауыты үшін көп болса он жылға ғана жетерлік 60 мың тонна мыс бар деген топшылауына батыл тойтарыс жасалды. Осындай ауыр күндерде асқан табандылық көрсеткен Қ.И.Сәтбаев өзінің зерттеулеріне деген берік сенімінің арқасында 1934 жылы Одақтық ауыр өнеркәсіп халық комиссары Г.К.Орджоникидзениң қабылдауында болып, оны айқын дәлелдермен Жезқазған кен орнының зор мүмкіндігіне сендіре білді. Барлау жұмыстарын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік туды. 1937 жылы мыс қорының жаңа есебі оның мөлшерін бұрынғыдан көбейте түсті. Жезқазғанда түсті металлургия өнеркәсібінің алып комбинатын құру ешкімнің күмәнін тудырмады. Сол жылы Жезқазған мәселесі түсті металлургия өнеркәсібі саласының жұмыс жоспарына енгізіліп, 1938 жылы 13 ақпанда Жезқазған кен-металлургия комбинатын жоспарлау және құрылысын бастау жөнінде ауыр өнеркәсіп комитетінің жарлығы шықты. Бұл хабар Қазақстанды, әсіресе Жезқазған-Ұлытау өңірін ерекше сүйсінтті. Барлаушы, кенші құрылысшылар жігерлене түсті, ғалымның Т.А.Сәтбаева, С. Ш.Сейфуллин, В.И.Штифанов секілді көмекшілеріне тың күш бітті. Төңіректе ұлы дүбір басталды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аужанова Г. Қаныш Сәтбаев сан қырлы ғалым/ Г.Аужанова//Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2005.-№5.- бб.98-99
2. Қаныш аға: жеке тұлға өмір баяны/ құраст. Ш.Қ Сәтбаева, Ғ.О.Батырбеков, Ә.Қ.Жармағамбетов.- Алматы: Жазушы, 1989.-400 б.

- 3.Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2005.-728 б.
- 4.Қазақтар: көпшілікке арн. 9 томдық анықтамалық. 2 том: Тарихи тұлғала/ құраст.Р.Арын және т.б.-2 басылым, өңд., толықты.-Алматы: Білік,2003.-460 б.
- 5.Тарихи тұлғалар/ құраст.: Б.Тоғысбаев,А.Сужикова.-Алматы: Алматыкітап, 2006.-37 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ

Қужамжаров Руслан Есенбекович
Астана қаласы әкімдігінің «№26 мектеп-гимназиясы»
ШЖҚ МКК тарих пәні мұғалімі

Азан шақырып қойған есімі – Ғабдул-ғани. Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 31 наурызда (кей деректе 12 сәуірде) қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы № 4 ауылда дүниеге келген. Қаныштың атасы Сәтбай ауылға сыйлы, көзі ашық адам болған екен. 1902 жылы қажылық кезінде қайтыс болып, Меккеде жерленген. Ал әкесі Имантай бірнеше тілде еркін сөйлеген, Орыс географиялық қоғамының корреспондент мүшесі болған. Сондай-ақ ол Шоқан Уәлиханмен дос болған деседі. Білім, ғылымға ерекше ықылас танытқан шаңырақта дүниеге келген бала үйдің кенжесі болатын. Сол күні Имантай үйде тұрған Құранның таза бетіне “Жаңа күнтізбе бойынша 1899 жылы наурыз айының 31 күні мейрімді Алла Имантай атты құлына ұл сыйлады. Оған қасиетті кітапта бар Ғабдул-ғани есімін қойдық” деп жазған көрінеді. Есім араб тілінен аударғанда «Барлық жаратылыс иесінің (Құдайдың) құлы» деген мағына береді. Анасы болса кіші ұлын «Ғани», «Ғаныш» деп еркелетіп отырады екен. Кейін туған-туыстары да Ғабдул-ғаниды Қаныш атап кетеді. Болашақ ғалым мектепке де осы есіммен қабылданады.

Алгебраны қазақшалаған: Қаныш ауыл мектебінде білім алғаннан кейін Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне түседі. Оны аяқтаған соң, әкесінің қарсылығына қарамай Семейдегі мұғалімдер семинариясына аттанады. Алайда ол жақта денсаулығы сыр беріп, туберкулезге шалдығады. Десе де барлық емтихандарды эстерн ретінде тапсырып, 1918 жылы оқуды бітіргені жайлы диплом алып шығады. Университетке түсуге дайындалып жүріп, Семейде жаратылыстану мұғалімі болып жұмыс жасайды. Бірақ туберкулез тағы да асқынып, Қаныш Сәтбаев ауылына аттанады. Бір жылдай қымызбен емделген ол бос жатпай, қазақ мектептеріне арналған алгебра оқулығын жаза бастайды. Кітапты Қаныш 1924 жылы араб графикасымен жазып шықса, 1929 жылы латын графикасына көшіреді. Бұл бастаманы тарихшылар Алаш зиялыларының қазақтың сауатын ашу мақсатында жұмыла кіріскен жобалардың бірі санайды. Мысалы, Әлихан Бөкейхан география, Мағжан Жұмабай педагогика, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған тіл мамандары тіл білімі, Халел Досмұхамедов анатомия, Әлімхан Ермеков математика бойынша оқулықтар дайындаған. Ал ең күрделі пән бойынша оқулық дайындау Қаныш Сәтбаевқа жүктелген екен.

Геологияға қызығушылығын ашқан - Михаил Усов: 1921 жылы Қаныштың ауылына туберкулезден емделуге Томск технологиялық университетінің профессоры, геолог Михаил Усов келеді. Профессор Қанышпен танысып, оған геология ғылымы мен қазақ жерінде ашылмаған кен орындары жайлы қызықты әңгімелерін айтады. Осылайша білімпаз жігітті Усов Томск технологиялық университетіне түсуге көндіреді. Сол жылы денсаулығы жақсарған Қаныш Сәтбаев Томскіге аттанып, қабылдау емтиханынан сәтті өтіп, технологиялық университеттің геологиялық барлау бөлімінің студенті атанады. Геология ғылымының қыр-сырына қаныға бастаған Қаныш Сәтбаев өзінің ұстазы Михаил Усовтың кеңесіне жиі жүгініп тұрған екен. Сондай-ақ осы жерде оқып жүріп ол белгілі геолог Михаил Русаковпен танысады. Бірнеше жылдан кейін

профессор Усовтың жетекшілігімен жазған дипломын сәтті қорғап шыққан Қаныш Атбасар түрлі-түсті металдар тресіне жіберіледі. Жас геолог Орталық Қазақстан территориясындағы барлық барлау және іздеу қызметін басқарады. 1926 жылы Қарсақбайға келіп, ағылшындардан қалған геологиялық жұмыстар танысады. Сондай-ақ Жезқазғанда жаңа кен орындарын табады. Осылайша Қарсақбай ауданындағы барлау жұмыстарының көлемі артып, мыс қоры көбейе түседі. 1934 жылы Қаныш Сәтбаевтың жұмысының арқасында Үлкен Жезқазған мәселесі КСРО Ғылым академиясының сессиясында көтеріледі. Ал соғыс таяп қалған уақытта Сәтбаевтың он бес жыл жүргізген жұмыстарының нәтижесі - “Жезқазған ауданындағы кен орындары” атты маңызды еңбегі жарық көреді.

Қазақ КСР Ғылым академиясының алғашқы президенті: Қаныш Сәтбаев Қазақстанда Ғылым академиясын құру мәселесін 1944 жылы көтерген болатын. Сол жылдың тамыз айында дайындық жұмыстары басталып кетеді. Қаныш Имантайұлы КОКП-ның Орталық комитетімен бірнеше рет хат алмасады. Сондай-ақ Мәскеуге барып, Қазақ КСР-інде Ғылым академиясын құрудың қажеттілігін дәлелдеуге тырысады. Нәтижесінде 1944-1946 жылдары 11 жаңа ғылыми-зерттеу институттары құрылады. Сонымен қатар болашақ академия ғимаратының жобасы әзірленеді.

1946 жылы 1 маусымда Абай атындағы Опера және балет театрында Қазақ КСР Ғылым академиясының тұсауы кесілді. Екі күннен кейін Академияның бірінші жиналысында Қаныш Сәтбаев оның президенті әрі академигі болып тағайындалды. Сол жылы ол КСРО Ғылым академиясының академигі және Жоғары кеңес депутаты болып сайланды. Ғылым академиясының ашылуы, онда жаңа институттардың пайда болуы қазақстандық зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ашты. Алайда академияның қоғамдық ғылым бөлімінде жұмыс жасайтын мамандардың жұмысы сынға алына бастады. Мысалы, 1951 жылы Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов сияқты тұлғаларға ұлтшыл деген айып тағылып, Қаныш Сәтбаевқа оларды жұмыстан шығару жайлы бұйрық түсті. Бұған академиктің жауабы қысқа болды: “Мен басқарып тұрғанда, маған сеніп тапсырған ғылыми мекемелерде негізсіз “тазалату жұмыстарын” жүргізуге келісім бермеймін. Менің жауабым осы”. Сол жылы Қаныш Сәтбаевтың өзі сынға ұшырайды. Партияға кірер кезде тегін жасырды, ұлтшылдарға қамқорлық танытты және жас кезінде алашшыл болған деген айыппен 23 қараша күні Ғылым академиясының бірінші президенті қызметінен босатылды.

Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезовпен достығы: Қаныш Семейдегі семинарияда Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұланмен қатар оқыған. Кей деректерде Қаныш пен Мұхтар бір бөлмеде тұрғаны айтылады. Қаныш Сәтбаев Ғылым академиясына басшылық еткен жылдары Мұхтар мен Әлкейді сонда шақырып, ғылыммен айналысуларына мүмкіндік береді. Әлкей Марғұланға археологиямен айналысуға кеңес берген де Қаныш болатын. Үшеуі тек сыйлас емес, сырлас дос болған деседі. Бірде Қаныш Мәскеуден келген тапсырма бойынша Қазақстанның жерасты қазба байлықтары картасын жасайды. Алайда ол картада бірнеше кен орнын көрсетпей кетеді, онысын “Ол жерде рудалар тым терең орналасқан. Көп қаржы мен техниканы қажет етеді. Сондықтан оларды енгізу әлі ерте”, - деп түсіндірген екен. Ал өзінің сыр ашпайтын достары Мұхтар мен Әлкейге “Әдейі жасырдым. Кейінгі ұрпаққа да байлық керек болар”, - деген екен.

Домбыраның құлағында ойнаған: Қайрат Байбосынов “Бүркітбай” әнін өзінің ұстазы Жүсіпбек Елебековтен үйренгенін айтады. Ал Жүсіпбек бұл әнді алғаш Қаныш Сәтбаевтың орындауында естіген екен. Қаныш домбырада жақсы ойнап қана қоймай, көптеген ескі әндердің тарихын жақсы білген. Ғалым Александр Затаевичке 25 шақты қазақ әндерін жазып берген деген дерек бар. Күйеу баласы Қайнекей Жармағамбетов “Қаныш Имантайұлы халық әндерін сүйіп тыңдайтын. Кейде өзі де қолына домбыра алып, баритон дауысымен “Бүркітбай”, “Әуіпідек” әндерін шырқайтын еді”, - деп еске

алады. Сонымен қатар ғалым гитарада да ойнаған. Ал археолог Әлкей Марғұланның айтуынша, академик би билегенді қатты ұнатқан екен.

Сәтбаев планетасы: 1979 жылы 31 шілдеде Қырым астрофизикалық обсерваториясында астроном Николай Черных кіші планетаны ашады. Қызылжұлдыз бен Есекқырған орбиталарының арасында Күнді айнала қозғалатын ғаламшар Халықаралық планета орталығының каталогына 2402 нөмірлі Satraev астероиды деп енгізілген. Кіші планетаға ғалым Қаныш Сәтбаевтың есімі берілгені жайлы диплом Ұлттық ғылым академиясының Геология институтында сақталған. Сондай-ақ Қаныш Имантайұлының есімі Қарағанды облысына қарасты қалаға (Сәтбаев қаласы), минеролог-геолог Екатерина Анкинович ашқан минералға (Satraevite), Жоңғар Алатауының сол жақ жотасындағы мұздыққа (Сәтбаев мұздығы), Кекек өсімдігінің жаңа түріне (*Oxitropis satraevii*) және гладиолус гүліне (Академик Сәтбаев) берілген. Сонымен қатар Алматы қаласында орналасқан Қазақ ұлттық техникалық университеті де ұлы ғалымның атымен аталады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ш.Қ.Сәтбаева. Сәулелі әулет. Алматы, 1996.
2. М.Қ.Сәтбаева. Қаныш Сәтбаев. Алматы, 1989.
3. «Аңыз адам» № 13(19) шілде 2012 жылғы саны
4. «Қ.И.Сәтбаевтың ғұмырын ғылымға бағыштап, мұрасы мирас болған ғалым»
5. «Бала Қаныш»
6. Шәкәрім атындағы СМУ ХАБАРШЫСЫ. №3, (55) 2011..ISSN 1607 – 2774

ЛИТЕРАТУРНОЕ ТВОРЧЕСТВО КАНЫША САТПАЕВА

*Койбагар Улзат Бахытовна
Школа-лицей №6 Имена Каныша Сатпаева
Учитель русского языка и литературы*

В наследии Каныша Имантаевича Сатпаева академика по гуманитарным наукам главную, важную роль составляют труды о литературе, культуре и искусстве.

Многие прогнозы Каныша Имантаевича Сатпаева, сказанные о литературе имели важное значение в научной разработке тех или иных вопросов, проблем филологии.

В 1921-1926 студенческих годах горного факультета Томского технологического института кроме обогащения своих знаний по точным наукам Каныш Сатпаев занимается глубоким изучением истории, литературы и искусства казахского народа, засиживаясь в богатой библиотеке Томского университета, где с увлечением перечитывает материалы о Востоке. По инициативе Каныша Имантаевича в Томске организуется научный кружок по изучению культуры народов Востока, читаются лекции и доклады, организуются вечера, публикуются статьи в газетах и журналах.

Статьи Каныша Сатпаева опубликованы в студенческие годы в альманахе «Сауле», 1924, «Қазақтың жұмбақ, жаңылтпаштары» (Казахские загадки и прибаутки) и «Бұрынғы қазақ ойындары» (Прежние казахские игры).

13 декабря печаталась статья Каныша Сатпаева «Обаган» - одна из первых его публикаций в 1923 году в газете «Қазақ тілі» («Казахский язык»). Впоследствии эта песня впервые была спета и переведена на русский язык Сатпаевым фольклористу композитору А.В. Затаевичу и также впервые записана на ноты и опубликована в сборнике «500 казахских песен и кюев», изданном Затаевичем в 1931 году в Москве.[1]

Академика Каныша Сатпаева диапазон интересов был необычайно широк и выходил за рамки естественных наук. Он первым оценил значение романа М. О. Ауэзова "Путь Абая", передал 25 народных песен собирателю фольклора А. Затаевичу, оставил множество работ о театре, искусстве, культуре, по воспитанию молодежи. Сатпаев и Садвокасов имеют отношение к созданию первых казахских учебников, брошюр для молодежи. Каныш составил учебник по алгебре для казахских школ, который закончил в 1924 году. Смагул много переводил в тот же период, с русского на казахский, разработал первые в своем роде брошюры на казахском языке, обращенные к молодым современникам: «Новый путь для молодежи» и «Беседа с молодежью».[4]

Становлению его многогранной личности способствовали замечательные педагоги и его великие учителя, такие как академики Усов и Обручев, перед ним стояли **Чокан Валиханов** и **Абай**.

В студенческие годы Каныш Сатпаев завершил работу над учебником по алгебре, собрал множество фактического текстологического материала исследования по фольклору, в частности по эпосу "Ер Едиге". Позднее об этом периоде жизни Каныш Сатпаев писал следующее: "... Причиной, пробудившей меня заняться тогда «Сказанием об Едиге», было мое общее увлечение материалами устного народного творчества в 1920-1924 гг.,

... я в те годы с значительным интересом собирал и записывал образцы устного народного творчества казахов. О некоторых из них писал статьи в газетах.

Среди них своим богатством языка, образностью стихотворных форм и обилием историко-этнографического материала меня особенно поразило «Сказание об Едиге», в варианте, записанном Ч.Валихановым и позже опубликованном проф. П.М. Мелиоранским. [2]

Каныш Имантаевич Сатпаев издал эпос «Ер Едиге» со своим большим исследованием-предисловием в Москве, в 1927 году. Предисловие «Сказания об Едиге» было составлено на казахском и русском языках.

В предисловии к книге «Ер Едиге» отмечены важность произведения фольклора для науки в трех отношениях:

1) в них имеются слова, которые существовали раньше в казахском языке и со временем стали забываться в жизни последующих поколений.

2) стихотворные разделы народных сказаний отличаются мастерством.

3) в произведениях устного народного творчества отображаются быт, сознание и обычаи прошлых периодов, что ценно для истории.

Впервые записанный Чоканом Валихановым вариант Сказания об Едиге-батыре занимает значительное место среди материалов устного казахского народного творчества в отношении своей ценности для акына, литературы и истории.

В этом Сказании Едиге изображается как герой, в котором сочтены самые лучшие качества и батыра и бия. Едиге как батыра сказание характеризует так:

Если оценивать спереди, то увидишь искры пламени.

Если оценивать сзади, то увидишь знаки ярости.

В устном народном творчестве Едиге окружен таким глубоким признанием, что о нем создана поговорка: «Среди героев прошлого первым и последним является Едиге».

В письме Каныша Сатпаева М.О.Ауэзову от 9 марта сохранилась лишь часть письма, оно было довольно длинное, нет начала и конца. В архиве музея сохранены 5-6-е страницы. Начальные четыре страницы утеряны. При написании известной драмы "Хан Кене" М.Ауэзов эти факты использовал. Немало точных сведений дано о ряде невыясненных еще направлений истории движения Кенесары. "... После того, как дошло письмо Кенесары, русская власть ожесточилась и в начале 1846 года опять отправила сильный отряд из Омска и Оренбурга. Им был дан указ в виде: "Или взять Кенесары, принести его голову или чтобы все погибли в степи до конца ". После выхода этого отряда Кенесары, не объявляя войну в 1846 году, выйдя из русской границы, располагается, останавливается в среде китайских казахов границы Кокикол..."

Необходимо для молодого поколения изучение наследия Каныша Сатпаева. И чем дальше уходит от нас «сатпаевский период» развития науки и общества, тем зримее становится величие его фигуры как выдающегося ученого, государственного и общественного деятеля, гражданина и патриота своей страны, совершенный им вклад в развитие и процветание нашей Родины. Имя его навечно останется в памяти нашего народа, золотыми буквами увековечено в его истории.[3]

«Рано оборвалась жизнь этого замечательного человека, светоча науки и разума, друга и товарища многих. Он был гордостью своего народа, жил и трудился во имя его процветания. Служение народу он считал высшим идеалом своей жизни...» А.Маргулан [5]

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. "Сатпаев Каныш - великий ученый и государственный деятель". Источник: [https://glava.kz/post/satpaev-kanys-velikii-uchenyi-i-gosudarstvennyi-deyatel-27001/..](https://glava.kz/post/satpaev-kanys-velikii-uchenyi-i-gosudarstvennyi-deyatel-27001/)
2. Расул, А. Сатпаев и его роль в развитии казахстанской науки. Астана: Наука и образование, 2017.
3. Исследовательский проект на тему «Литературная наследие К.И.Сатбаева» интернет ресурс Маратова Т.Б учитель русского языка и литературы. <https://multiurok.ru/files/issledovatel'skii-proekt-literaturnoe-nasledie-k-i.html?ysclid=lt8ivps7hr933843290>

4.Каныш и Смагул: пересечения судеб. Муқанова Г.К.
<https://pps.kaznu.kz/en/Main/FileShow2/13169/85/3/6728/0//>

5. Интернет ресурс «Каныш Сатпаев- отец и наставник казахстанской науки»
<https://yorick.kz/kanysh-satpaev-otets-i-nastavnik-kazahstanskoj-nauki/?ysclid=lt8ixcg1t3790068755>

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мамырова Динара Кәменқызы

№ 19 орта мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – ғылымның әр саласында өшпес еңбектерімен болашақ ұрпақ алдында қымбат қазына, маңызды мұра қалдырған ұлт перзенті. Қазақ әдебиеті мен тарихына, мәдениеті мен этнографиясына қосқан ұшан – теңіз үлесі зор. Ғалымның халық өнерінен, әдебиетінен, мәдениетінен сусындап, жасынан бойына сіңіріп өскен елде туған жүрегі оны ұлт дәстүрі үшін жан аямай күресуге мәжбүр етті. А.Қ. Жұбанов былай деген еді: «Қанышкең ешуақытта да өнер саласында қамқорлығын үзген жоқ. Ол бірінші бесжылдықтың жоспары жасалғанда, өзінің баяндамасында, қағаз бетіне түскен Академияның жоспарында 1965 жылы Академия құрамында өнер институтын ашуды енгізген. Оның өміріміз үшін керек екендігін тайға таңба басқандай етіп анықтап, ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Біздің күн санап өсіп келе жатқан өнеріміздің ғылыми негіздеуді керек ететінін түсіндірді... Қанышкеңнің Қазақстан жағдайындағы ісінің аумағы, көлемі, мәні өзіне әзір теңеу таппайтын іс. Өзімен бірге кейін қалғанымен қатар, бізге қалғаны да мол». Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері «Бір бала», «Мақпал», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Загаевичке айтып берген. 1931 жылы басылған «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Қ.И. Сәтбаев қазақ халқының інжу -маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Ол кісінің дауысы ашық және әртүрлі музыкалық аспапта еркін ойнайтын ерекше қасиеті бар әнші болған. Атақты Жаяу Мұса ғалымның нағашысы екен. Әкенің қаны, ананың ақ сүтімен қонған дарынды тұлға Қ. Сәтбаев халық ауыз әдебиетінің білгірі болды, жыраулар поэзиясын жетік білген. Алғашқы әдеби туындысы 1923 жылы «Қазақ тілі» газетіне шыққан «Обаған» әні туралы ғалымның шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұңды дауысын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтанбасы зор болғанын байқатады. Қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең білетіндігі «Қазақстанның ұлт театры туралы» атты 1927 жылы жазған мақаласынан көруге болады. Қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін Қаныш Сәтбаев «Ән туралы толғаулар», «Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы», «Қазақстанның халық әндері» атты музыка – этнографиялық жинағында жазған ой тұжырымдарынан білуге болады.[1, 3-бет]

Бірде Томскіде оқып жүрген ғалымның қолына «Ер Едіге» жинағы түседі. Жинақта оны алғаш қағазға түсірген Шоқан Уалиханов пен Платон Мелиоранскийдің нұсқасы жарияланған екен. Зерттеуші жырда кеткен қателіктерді түзеп, қайта өңдейді. 1927 жылы ғалым Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасында «Ер Едіге» жырын басып шығарады. Қаныш Сәтбаевтың немересі Нұрлан Жармағамбетовтың айтуынша, дастан Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен жарқ көрген. Кітаптың алғысөзінде зерттеуші Едіге батырдың қазақ тарихындағы орнына ерекше тоқталып өтеді. Дастан қазақ тілінде 3 мың дана болып басылған. Ғалым кітапқа көлемді алғысөз жазып, эпостың генезисі, жанрлық ерекшелігі, дәуір шындығын елестету жөнінде терең ғылыми талдау жасаған. Эпостың тарихи шындықпен қабыспайтын тұстарын көрсете отырып, оның мейлінше жатық, нағыз халықтық тілмен жазылғанына назар аударды, жырдың көркемдік, идеялық құнын жоғары бағалады.[2, 351-353-бет]

Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Ұлы жазушы мен ұлы ғалым Семейдегі семинарияда бірге оқыған. Қаныш Имантайұлының көзін көрген Сіләмхан ақсақалдың айтуына қарағанда, екеуі бір жатақханада, бір пәтерде тұрған. Жастайынан бір-бірін тап басып таныған қос таланттың арасындағы адал достық соңғы сәтке дейін жалғасын тапқан. Жазушы Мұхтар Әуезов көзі тірісінде Қанышқа «Қазақ халқының зор ғалымы» деп мақала жазып, тұлғаны тағы бір қырынан таныта түседі. «Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі» - дейді М. Әуезов. Шынайы ұлылық деген осы шығар, олардың арасында көреалмаушылық деген болмаған. Керісінше, бір-бірін қадірлеп, құрмет тұтқан. Қазақ КСР Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев тұңғыш академикке үміткер ретінде Мұхтар Әуезовті ұсынған екен. М. Әуезовтің әйгілі роман – эпопеясы шыққан уақытта алғашқылардың бірі болып пікір білдірген. «Абай жолы» туралы рецензиясында академик Сәтбаев романды біртұтас ғылыми еңбек деп бағалаған екен. [3, 2-бет]

Қ. Сәтбаев сапар шеккенде еш нәрсе зерделі ғалымның назарынан тыс қалмаған екен. Жергілікті тұрғындардың Алтын шоқы шыңында араб жазуы бар тас бар екенін ести сала, оны өз көзімен көруге барады. Бұл атақты Темірдің (Темірланның) бұйрығы бойынша оның қырғыз даласына жорығы туралы жазылған ескерткіш тақта болып шыққан. Қ. Сәтбаев жастайынан тілге шешен, қазақтың ескі тарихын, өлең-жырларын жақсы білетін әкесінің шарапатты өнегесін алып өскен. Өзінің жарқын да шабытты еңбекке толы ғұмырын сүйікті еліне арнаған. Англияда 1946 жылы Уинстон Черчилльдің қабылдауында болғанда: «Қазақтар нақ сіздей алып тұлғалы әрі бойшаң жаралған ба?» деген сұраққа: «О, жоқ, Черчилль мырза, халқым менен әлдеқайда биік!» деп жауап беру қазақтың Қаныштай даналарына тән ұлылық.

Ғалым қазақ халқының ұлы перзенті, ол өз халқын ғылым мен білімге, өнер мен өркениетке шақырып, қолынан келген көмегін аямаған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өз халқы үшін орасан зор қызмет жасап, артынан өшпестей бай мұра қалдырды. Сондықтан болар XX ғасырдың аяғында халық оны «Ғасыр адамы» деп атады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алтаев Б. «Қаныш және ән өнері», «Ана тілі» газеті, 13 сәуір 2023 ж
2. Өмірбеков А.Ә. «Қ. Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» ҚазҰТУ хабаршысы, 1999-15
3. Оралбаев Ж. «Ұлтының ұлы перзенті», «Ана тілі» газеті, 4 қыркүйек, 2014 ж

АКАДЕМИК СӘТБАЕВ

Молдабаева Эльмира Пашиеновна

*М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының
биология пәні мұғалімі*

Бүгінде шетелдік инвесторлар өздерінің қаржыларын жер асты байлығымызға және біздің салыстырмалы түрде осы байлықтың дамыған өндіруші және өңдеуші өнеркәсібіне салуда. Осыдан жарты ғасыр бұрын-ақ Қаныш Имантайұлы: "Біздің табиғи байлықтарымызды ақылға қонымды пайдалану ғана халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени деңгейін, оның экономикалық және әлеуметтік дамуын айқындайды", деп айтқан болатын. 1926 жылдан бастап Жезқазғанда ресейлік академиктер Усов пен Обручевтің шәкірті болған жас тау-кен инженері Қаныш Сәтбаевқа зерттеушілердің шағын отрядымен рудалардың барланған қорын төрт жүз елу есе арттыруға мүмкіндік туып, әлемдегі ірі мыс кенішінің атағын әйгіледі. Ал 1934 жылы күзде ең алдымен Мәскеуде Жезқазған проблемалары бойынша КСРО Ғылым академиясының сессиясын өткізуге (сол кезде Қазақстанда ғылым әлі өркендей қоймаған кез), содан кейін сессия қорытындыларына сүйене отырып, КСРО ауыр өнеркәсібінің халық комиссары Серго Орджоникидзениң қабылдауында болып, Жезқазған мыс қорыту комбинатының, Жезқазған кеншілер қаласының және оған баратын темір жолдың құрылысы туралы мемлекеттік шешім шығартуға қол жеткізеді. Сол отызыншы жылдар ішінде Орталық Қазақстанның шикізат базасын кешенді зерттеу негізінде тау-кен инженері Қ.Сәтбаев байтақ өңірдегі темір құрамдас рудаларға, мұнай мен газға, тас көмірге жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстары болашағының зор екенін дәлелдей отырып, орталық және республикалық баспасөзге тұрақты түрде мақалаларын жариялап тұрды. Ол өзінің бірқатар жарияланымдарын Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін көтерудегі қара металлургияның маңызды рөлін алға тарта отырып, Қарағандыға жақын жерден металлургиялық комбинат құрылысын салу керектігін айтты. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қ.Сәтбаевтың жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде-ақ ашқан Жезді кен орнының марганец рудасы танк жасау ісінде бронь прокатын шығаруды арттыруда және елдің әскери қуатын нығайтуда орасан зор маңызға ие болғаны белгілі. Қазақстанның мемлекеттік геологиялық қызметінің негізін салушылардың бірі, академик Қаныш Сәтбаевтың ұстанымы мен көзқарасы КСРО-да бірінші болып республикалық Геология министрлігін ұйымдастыруда шешуші рөл атқарды. Оның ұсынуымен алдымен А.Богатырев, кейін Ш.Есенов министр болды. Сөйтіп, бұрын бөлшектеліп келген көптеген ведомстволардың геологиялық қызметтерін бір колға біріктіру Қазақстанда геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігін шұғыл көтеруге мүмкіндік берді. Міне, осы кезең еншісіне Маңғыстауда ірі мұнай кенінің, Орталық және Шығыс Қазақстанда алтын және сирек кездесетін металдар кен орындарының ашылуы жатады.

1941 жылы маусымда Қаныш Имантайұлы жаңадан ашылған Геология институтын басқаруға Алматыға шақырылған болса, содан кейін КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалына басшылық етті. Соғыс жылдары Қазақстанға көптеген көрнекті кеңес ғалымдары эвакуацияланды, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға, Қазақстан экономикасын көтеруге, оның ғылыми техникалық әлеуетін кеңейтуге әрі жаңартуға, отандық зерттеушілердің жас кадрларын тәрбиелеуге Қ.Сәтбаев мол еңбек сіңірді. Міне, сол соғыс жылдары Қазақстан ғылымының дамуында сапалық серпіліс болды (ғылыми-зерттеу институттарының саны соғыс басталған кезден оның аяқталғанына дейінгі аралықта 1-ден 15-ке жеткенін айтсақ та жеткілікті), бұл 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясын ашуға мүмкіндік берді, оның тұңғыш президенті болып осы лауазымға нағыз лайықты тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сайланды.

Алғаш құрылған жылдарынан бастап Ғылым академиясы қызметінің басты мазмұны Қазақстанның өндірістік күштері мен мәдениетін дамытуға бағытталған кешенді зерттеулер болды. Жаңа институттар, атап айтқанда, ядролық физика, математика және механика, гидрогеология және гидрофизика, экономика, әдебиет және өнер, философия және құқық және т.б. институттары ашылды, ал Гурьевте мұнай химиясы және табиғи тұздар, Қарағандыда химия-металлургиялық, Өскеменде Алтай тау кен металлургиялық, Балқашта ихтиология және балық шаруашылығы институттары өмірге жолдама алды. Қаныш Имантайұлының бастамасы бойынша Қазақстанның ірі өнеркәсіптік өңірлерінде – Қарағандыда, Жезқазғанда, Гурьевте, Өскеменде, Қостанайда, Шымкентте академияның көшпелі сессияларын өткізу дәстүрі қалыптасты. Бұл сессиялардың материалдары облыстардың және тұтастай алғанда республика экономикасын дамытудың ауқымын, сатылары мен бағыттарын үйлестіру үшін нақты негізге айналды. Қ.Сәтбаевтың Геология ғылыми-зерттеу институтын үзіліссіз басқарған көп жылғы жұмысының жемісі әлемдік геологиялық тәжірибеде баламасы жоқ Орталық Қазақстанның кешенді болжамдық металлогендік карталарын жасау мен әдістемесін әзірлеу болып табылады. Бұл геологиялық теорияға қосылған баға жетпес үлес, өңірдің өзіндік ерекшелігі бар энциклопедиясы және геолог-өндірісшілер үшін бағдар сілтеуші десек, әбден орынды болмақ. Осы еңбек үшін Қ.Сәтбаев басқарған зерттеушілердің авторлық ұжымы кеңес ғалымдары үшін ең жоғары награда болып есептелетін Лениндік сыйлыққа ие болды.

1956 жылдың өзінде-ақ Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаев Қазақстан аумағын техникалық-экономикалық бағыттарының белгілеріне қарай он бір өңірлік кешендерге бөлді. Осы бөлуге сәйкес салалық институттар алдына өңірлерді кешенді зерттеу міндеттері қойылды. Қаныш Имантайұлы жалпы міндеттер мен жоспарлар ішінен ең бастысын, ең маңыздысын бөліп қарады: энергетикада бұл Ертіс ресурстарын, Жайық-Ембі ауданы мен Маңғыстау түбегіндегі мұнай қорларын игеру, Қарағанды бассейні мен Екібастұзда көмір өндіруді одан әрі арттыру, Торғай ойпатындағы мұнайға барлау жасау. Өнеркәсіпте Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинатының және Теміртаудағы металлургиялық алыптың құрылысы, Қаратау фосфорит қоры негізінде минералды тыңайтқыштар өндірісі... Бүгінде бұл міндеттер іс жүзінде шешілген және олардың кезінде шешімін табуының нәтижесінде қазір Қазақстан экономикасы сенімді түрде өсу мен ілгері қарай даму үшін айтарлықтай өнеркәсіптік әлеуетті, берік іргетасты иеленеді.

Академик Қ.Сәтбаевты ХХ ғасыр басында ұлы Абайдың ізгілікті және демократиялық идеялары мен өсиеттері ықпалымен қалыптасқан жоғары білімді қазақ философтарының, саясаткерлерінің, ғалымдары мен педагогтарының ғажайып шоғырының нағыз патриоттық және ағартушылық бастамалары мен атқарған істерінің тікелей ізбасары және істерін жалғастырушы деп батыл айтуға болады. Аса қатыгез әрі аяушылықты білмеген большевиктік террор жылдарында өзінің аға буын әріптестері мен достары саяси қуғын-сүргін құрбанына айналғанда, оның туған ағасы Бөкеш Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы мен Әбдікәрім Жәминұлы Сәтбаевтар репрессияға ұшырағанда және сталиндік түрмелерде қаза тапқанда жас тау-кен инженері Қ.Сәтбаевтың ондай зұлматтан аман қалуы бақытты жағдай еді. Бірақ та 50-ші жылдардың бас кезінде партияны басқарғандардың Қазақстанда жүргізген "буржуазиялық ұлтшылдар мен тексіз космополиттерге қарсы күрес науқанында" Қаныш Имантайұлы да қуғын-сүргіннен тыс қалған жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұлы ғалымның 90 жылдық мерейтойында былай деп атап көрсеткен болатын: "Көптеген талантты, өзгеден ерекшеленіп тұратын адамдар тәрізді, Сәтбаевқа да өмірде оңай бола қойған жоқ; ғалымның білімдарлығы мен батылдығын айтпағанның өзінде, оған бірнеше рет өзіне азаматтық өрлікті жоғары

коюына тура келді. Сонымен қатар, ол біздің арамыздан мәңгілікке кеткеннен кейін де қазақстандық ғылымның сәтбаевтық кезеңін үнсіздік аймағына айналдырғысы келген жөнсіз әрекеттер жасалды. Бұл алып адамды өздерінің әлсіз ғылыми тұлғаларымен иілткісі келген бейшаралардың текке әуреленуі еді”. Тәуелсіз Қазақстанның ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктерін бағындырмай, экономикалық және мәдени гүлденуге жетуі екіталай

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Сәрсекеев М. «Қ.И.Сәтбаев және алғашқы алгебра оқулығы»
- 2.«Тағзым» - Павлодар: ҒӨФ, «Эко», 2003ж
- 3.Қазақ совет энциклопедиясы 10-том, Алматы. 1977ж
- 4.Қ.И.Сәтбаев «Ғылыми еңбектері» Алматы 1970-1979жж

РУХЫ БИІК ҰЛЫ ПЕРЗЕНТ

Мунайтбасова Назира Минайдаровна

*Ақтөбе қаласы, Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі*

Қ.И.Сәтбаев әдебиет пен өнерді жан-тәнімен сүйген адам болған. Жастайынан ән-жырға құмартып, домбыра тартып, ән салған. Еліміздің сол кездегі мұғалімдер семинариясында Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды тума таланттармен бірге оқыды, олармен бірге Семейде алғаш рет өткізілген қазақ жастарының көптеген ән-сауық кештерін ұйымдастыруға белсене қатысты. Семейде 1915 жылы халқымыздың қайраткер қызы Нәзипа Құлжанованың басшылығымен өткізілген ойын-сауық кешінде Абайдың «Қыс», Крыловтан аударған «Бұлбұл мен есек» өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқумен көзге түседі. Сонымен қатар Шәкерім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпей сияқты ойшыл ақындармен, Алаш қайраткерлерімен тығыз байланыста болады. Болашақ ғалымның мәдениетке деген жанашырлығы жас шағында осылай қалыптасқан екен[3].

Ғұламаның ғылым жолындағы алғашқы ізденістері туған әдебиетін зерттеуден басталған. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, зерттеу мен Семей семинариясы қабырғасында жүріп айналысып, Томск технологиялық институтында оқыған кезде одан әрі жалғастырған. Студент шағында атақты «Ер Едіге» жырын Баянауылда Қопабай деген жыршыдан жазып алады да, 1927 жылы Мәскеуде жеке кітап етіп шығарады. Кітапқа көлемді алғы сөз жазып, эпостың шығу төркіні, тақырыптық-жанрлық ерекшеліктері туралы терең ғылыми талдау жасайды. Соның алдында 1905 жылы П.М.Мелиоранский жариялаған жыр нұсқасын өзі жазып алған нұсқамен салыстыра отырып татарша сөздерден тазартады, сөйтіп, қазақ тілінде таза жазылған жаңа басылым дайындайды. Жаңа басылымда жырдың қазақ тілін сақтап дамытудағы мән-маңызы ашылып, шығармадағы шебер тілмен берілген ескі толғауларға жіті көңіл бөледі, халқымыздың байырғы салт-дәстүрі айшықталған құнды жақтары ерекше атап көрсетіледі.[1]

Қаныш Сәтбаев жариялаған бұл нұсқа кейін 1989 жылы жеке кітап болып қайта басылып, «Ер Едіге» атты жырлар топтамасына енеді. 1952 жылы академик қызметінен жазықсыз шеттетілгенде, негізгі ғылыми қызметі үшін кінәланбай, осы «Ер Едіге» жырын бастырып шығарғаны үшін, қазақ әдебиеті мен тарихын зерттеген ғалымдарды қолдаған үшін, яғни «ұлтшылдық қателері» үшін жазықты болып саналады.

Қаныш Имантайұлы өз қызметінде халық поэзиясына ерекше көңіл бөлген. 1942 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесі президиумының төрағасы болып

тұрған кезінде атақты ақын, жыршы Мұрын жырау Алсатыға арнайы шақыртылып, ол кісінің орындауында «Қырымның қырық батыры» эпосы хатқа түскен. Нәтижесінде 1944 жылы Ташкентте өткен Орта Азия фольклорына арналған конференцияда бұл эпосқа дүниежүзілік маңызы бар жыр ретінде баға берілді. Ғалым айтыс өнерінің дамуына да айырықша қамқорлық танытты. 1943 жылы желтоқсанда Алматыда өткен республикалық ақындар айтысына қолдау көрсетіп, өзі де жыр сайысын тамашалаған екен. 1961 жылы Ғылым академиясының қолдауымен Әдебиет және өнер институты халық ақындарының республикалық мәслихатын өткізді. Осының өзі сол кездегі халық поэзиясының жаңа белеске көтерілуіне үлкен жағдай жасады.

«Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы сөз болғанда мен көз алдыма бір-тұтас, жігерлі, кең, мемлекеттік ауқымда ойлай алатын ақылы бар адамды елестетемін. Қ.И.Сәтбаев толық ғылыми көзқарасы бар, дұрыс жол таңдап ала білген, алға қойған мақсатына қалтқысыз баратын азамат. Қазақстанның шексіз даласында дүниеге келген ол, өмір үшін, жеңіске жету үшін күреске бейімдейтін қатал табиғаттың қасиеттерін өз мойнына жинаған»[1] - деп жазып кеткен академик Д.И.Щербаковтың мына бір сөзі замана толқыны тарих теңізінің жағалауына талай асылдарымызды қалдырған асылдардың асылы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қазақ даласының алуан түрлі тастары мен дархан даласын ерекше жақсы көрген ерекше тұлғаны көз алдыма елестетемін. Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстан гелогтары ғылыми мектебінің негізін қалаған, гелогия, минерология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының ұйымдастырушыларының бірі әрі тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды. 1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И.Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді. 1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды. Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті.

Қаныш Сәтбаев өнердің сан-саласында озық болған. Музыка тыңдағанды ұнатқан. Биді қадірлейтін. Археолог ғалым Ә. Марғұланның айтуынша, Қаныш Сәтбаев полька, мазурка, вальс билерін билеуге қызыққан. Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада тамаша ойнаған. Қазақ және украин әндерін тыңдағанды ұнатқан екен. Қаныш Сәтбаевтың орындауындағы әуендерді тұңғыш рет тыңдаған белгілі музыка танушы Александр Затаевич, Қаныштың орындауындағы 25 қазақ әнін жазып алған, Шәкәрім ән өлеңдерін жатқа айтқан, әндетіп шырқаған, халық эпостарын жатқа айтқан ғалымның ұлт өнері үшін айтқан пікірлері, ой-толғамдары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған. Біз бұдан зерттеу кезінде ғалымның өнер жайында тек пікір ғана айтып қоймай, терең талдау жасаған қырларын да байқауға болады. Зерттеуімізге М.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, М.Сәрсекке, Е.Лизунова сияқты халыққа кеңінен танымал ғұлама жазушы, ғалым, композитор, қаламгерлер пікірлері басшылыққа алынды. Қаныш Имантайұлы алғашқы қазақ мектептеріне арналып ана тілінде жазылған «Алгебра» оқулығының авторы. Қаныш Сәтбаев кішкентайынан этнография, география мен қызыққан. Жер су

аттарын жаттап, кітаптан сол жерлер туралы қызықты деректер қарап дайындалған соның арқасында болашақта әлемді бағындыра алды.[5]

Қ.И.Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ. Имантайұлы әкімшілдік-әміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған. 1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И.Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады. 1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

Академик Қ.Сәтбаевтың ұлылығына баға жетпейді. Ғылымның көптеген салаларында энциклопедиялық білімі бар жоғары эрудициялы адам Сәтбаев елге зияткерлік, ғылыми даму трендін белгіледі, соның нәтижесінде қазақстандық қоғам ағартушылықтан зияткерлік-ғылыми және кәсіби қоғамға айналды. Ұлы ғалымның еңбегінің арқасында халқымыздың, жастарымыздың және еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасы қаланды. Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей тағы басқа қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қаныш Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды»- деген болатын. [6]

Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады. Қаныш Сәтбаев жасаған ғылыми қорытындылар – геолог-ғалымның дарындылығы мен кемеңгерлігінің көрінісі, ал геологиялық салада жасаған ғылыми тұжырымдары – қазіргі тілмен айтқанда, дәйексөз алудың жоғарғы көрсеткіші. Қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үлкен. Билік өкілдерінің кедергілеріне және науқасына қарамастан, Қаныш Сәтбаев – Қазақстан тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі бола алды. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев елімізге өз ерен еңбегін тигізіп, сол ерен еңбегі үшін қазірде оның есімі тарихта алтын әріптермен басылып келеді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі 2022 жылы біздің мектебімізге берілді, оны біз мақтанышпен айта аламыз. Мектебімізде болып жатқан әр іс-шара балалардың таным білімдерін арттырып, оларға жаңа әсер сыйлайды. Қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз өз үлесін қосқан Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұрпақ

алдындағы теңдесі жоқ игілікті ісін жоғары бағалап, ерлікті істерін құрметтеу бүгінгі ұрпақ үлесінде демекпін.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш Сәтбаев. Таңдамалы. 1-том. Шымкент «Оңтүстік полиграфия», 2007
2. «Жұлдыздар отбасы Аңыз адам» журналы, №13 (49) шілде 2012 жыл
3. Қ.Исабай, Б.Аяпбергенов. «Қаныш аға осындай еді». Алматы, «Өлке» 1999
4. М.Сәрсекеев. Қаныш Сәтбаев - Алматы : Жалын, 1988 жыл
5. Қаныш аға : Естеліктер - Алматы : Жазушы, 1989 жыл
6. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. Бас редактор Б.Ө.Жақып. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРГЕ ҚҰШТАР ҚАНЫШ

Муратова Индира Жаркынбековна

*Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-сарапшы*

XX ғасырда қазақ әдебиеті мен өнері дарынды тұлғалардан кенде болған жоқ. Әдебиеттану тақырыбына түрен салған ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтан бастап бүгінгі күнге дейін жүздеген әдебиетші ғалымдар ұлттық әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне, оның теориялық негізінің қалыптасып дамуына өз қал-қадірлерінше үлес қосты. Сонымен қатар әдебиетпен тікелей байланыста зерттеліп сол сөз өнерімен егіз ұғымда үндесіп келе жатқан қазақ саз өнерінің де майталмандары қыруарістер тындырды. Соның арқасында ұлттық театр өнері, музыка өнері, би өнері бүгінгі күнде әлем сахналарында қазақ халқын жер жүзіне танытып, қазақ өнерінің інжу-маржандарын мойындатып, шет жұрттарға таңдай қақтырып жүр. Қазақ әдебиетінің теориясын қалыптастыру ісінде А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин сияқты ғалымдар көш басында тұрса, олардың шәкірттері Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, Қ.Мұхаметханов, М.Мырзахметов, Р.Нұрғалиев, т.б. ғалым-әдебиетшілер әдебиеттің түрлі саласында сан алуан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жарыққа шығарды. Болашақ ұрпақ үшін бағасыз мол мұралар мен рухани қазынаның кілтін жасап берді.[1, 37]

Әдебиет пен өнердің басқа ғылымдардан ерекшелігі ол белгілі бір топқа, белгілі бір мамандық иелеріне ғана қызмет жасамайды. Әдебиет пен өнер – жалпы халықтың ортақ қазынасы.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңменен жер қойнына кірер денең, – деп ұлы Абай айтқандай, әдебиет пен өнер шырылдап туған шарана сәбиден бастап еңкейген кәріге дейін қызмет етеді. Сондықтан да әдебиет пен өнер тақырыбына, оның зерттелуіне үлес қосқан әдебиеттанушылар мен өнертанушылардан басқа мамандық иелерінің де атсалысқан кезеңдері болды. Олар қазақтың қара өлеңін жанына тоқып, қазақтың әсем сазына елітіп, күйіне балқып өскен, шешендік өнерді құлағына құйып, жүрегіне түйген дарынды тұлғалар. Солардың бірі әрі бірегейі қазақ ғылымын әлемдік деңгейге көтерген геолог-инженер, академик-ғалым, Ұлттық Академиямыздың негізін қалаушы әрі тұңғыш президенті болған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қаныш Имантайұлы ауыз әдебиетінің жетік білгірі екені, оның шешендік қабілеті, әншілігі, өз ұлтының салт-дәстүрінің білгірі әрі соны қастерлей білетіндігі жөнінде сонау XX ғасырдың басында-ақ орыс ғалымдары мен қазақтың өнер шеберлері мойындап қойған. Академик-ғалым, геолог М. Усов, А.В.Затаевич, В.Г.Ерзакович, Е.В.Лизунова, Ә. Қашаубаев жазбалары соның дәлелі.

«Қаныш ғалым-геолог болмай, әнші болса да, бүкіл қазаққа танымал зор әнші болатын еді», - деген ән атасы Әміренің сөзі Қаныш Сәтбаевтың әншілік дарынына берілген баға. Қаныштың әнге, өнерге, әдебиетке құштарлығының оянуына жерлес ақын-сазгерлер Жаяу Мұса, Майра, Иса, Әмірелер әсер етсе, оның азаматтық, зиялылық тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы, тағылымды тәлімі айрықша болғандығында жатыр.

Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің дүниетанымының жаңаша қалыптасуына зор ықпал етті. Семинарияда жүріп Шығыс Европа классиктерімен жете танысқан, олардың өміршең туындыларымен сусындаған Қаныштың әдебиетке деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түсті. Бала кезінен ұлтының ауыз әдебиетімен ауызданып, соның кәусарына қанып өскен Қаныш жетілген үстіне жетіле түсті. Семинарияда өткізілетін түрлі әдеби кештерге белсене қатысты. Ұлы Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқып, музыкалық аспаптарда ойнап, ән де шырқаған еді [3, 20]. Оның үстіне қасында қазақ прозасының болашақ екі алыбы Жүсіпбек пен Мұхтар бірге оқып жүргенде Қаныштың сөз өнеріне деген құштарлығы одан әрі артты. Кейін Қаныш жер асты байлығына барлау жасай жүріп, сөз өнерін барлауға да, ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын жазып алып, талдау жасап, зерттеу жүргізуге де уақыт тапты.

Қаныштың қоғамдық қызметте таныла бастауы семинарияда өткен түрлі ойын-сауық кештерінен басталады. Баспасөзде көп айтылып жүрген Абайға арналған 1914 жылғы кеште Қаныш тасахнаға шығып өлең оқиды. Мандолин тартып, ән айтады. Семейде өткен түрлі кештерде өнер көрсете жүріп, қоғамдық ортамен кең танысады. Осы кездегі қазақтың болашақ ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовпен таныстық өмір бойы жалғасқан. Қаныштың Семейден кейінгі оқуы Омбыда жалғасады. Жас Мұхтар 1924-25 жылдары Әбікей Сәтбаев басшылық еткен педтехникумда оқытушы қызметін атқарады. Губерниялық оқу бөлімінің шақыруымен Ленинградтан қайта оралған жазушы «Таң» журналында техникалық редактор қызметін қоса істейді.

Қаныш Сәтбаевтың таңдаған мамандығы кен барлаушы, геолог болса да осы оқу, қызметте жүру оны өнер мен әдебиеттен ешқашан алыстатқан емес. 1926 жылы Мұхтар Әуезовтің қазақтың соңғы ханы Кенесары туралы пьеса жазып жүргенін естіп, хат арқылы оған өзінде бар көптеген тарихи мәліметтерді жазып жібереді. Ел ішінде айтылып жүретін қағазға түспеген тарихи жырларды, аңыздарды хатқа түсіреді. Жер қойнындағы кен барлау жұмысын бұрынғы тарихпен байланыстырып, ежелгі қазба орындарын, жер астындағы қирап кеткен, көмілген мекендердің археологиялық жағдайы туралы да мақалалар жазады.

1927 жылы жиырманың ішіндегі жас жігіт, Томск технологиялық институтын бітірген, тау-кен инженері Қаныш Имантайұлы Мәскеу қаласынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды. Жинаққа жазған алғы сөзінде келешек ұлы ғалым Едіге әңгімесінің бір шеті Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі нәсілдестердің барлығында айтылатындығын ескерте келіп өзі шығартқалы отырған аталмыш кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріп, 1905 жылы Санкт Петербургте П.М.Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай дейтін ақсақалдың айтуындағы жырмен салыстырып, бірсыпыра қазақшаланған түрі екендігін еске салады. Сонымен қатар бұл жерде алғы сөз иесі П.М.Мелиоранский басылымының кейбір сөздерінің татаршалану себебін шығарманы Шыңғыс пен Шоқан жазбасынан «аққа көшірген» Ахмет есімді татар мен өткен ғасырдағы «ноғайша сөйлеуді» сән көретін қазақ жақсыларының әдет-дағдысымен байланысты түсіндіреді [2,13]. Солай дей отырып, Қопабай айтуындағы

жырдың өзінде де жиырмасыншы жылдардың оқырманына тосын көрінетін біраз көне сөздердің бар екендігін, ал соның өзі халықтың «тіл сақтау», «тіл байыту» сияқты мәселелерінде айрықша бағалы екендігіне ерекше көңіл аударады. Сөз жоқ, мұның барлығы ғылыми тұрғыдан қарағанда, барынша қадірлеуге тұратын пікір, ал еңбектің мүмкіндігіне қарай Қопабай сынды ақсақалдың аузымен айтылатын нұсқамен салыстырылып, қазақша қалпын баспадан шығарту, бұл кемеңгер ғалымның «Ер Едіге» жырына, қазақ фольклорына жасаған үлкен қызметі болатын.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғылымның көптеген салаларында: әдебиет, өнер, археология және этнография, мәдениет саласындағы кең диапазондағы энциклопедиялық білімдері Ғылым Академиясындағы жұмысы кезінде анық байқалды. Ол ғылымның барлық салаларының дамуына, гүлденуіне, қазақ мәдениеті мен тарихы мәселелеріне үнемі көңіл бөліп отырды. Өзіне жақын емес ғылым саласы болса да өзіне ғана тән білімқұмарлықпен әрбір зерттеудің мән-мағынасына үңілетін.

Қаныш Сәтбаев дүниеден көшпенді дәурен сияқты өте шыққан жоқ, оның адамдық, азаматтық биік тұлғасы халық көңілінен еш уақытта кетпек емес, ел үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ. Қадірлі де, қастерлі есімі Қазақстан халқының есінде мәңгі сақталмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәтбаев Қ.И. Қазақстан – менің отаным. Алматы: Ғылым, 1999
2. Өмірбеков А.Ә. «Қ.И.Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» ҚазҰТУ хабаршысы, 1999
3. Сәтбаев Қ.И. Қаныш және сұлу саз. Алматы: Білік

АСА ІРІ ҒАЛЫМ

Мұратбек Мағжан

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл. Қ.И.Сәтбаев – алгебра бойынша мектеп оқулығын тұңғыш құрастырушы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстанның тұңғыш Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан ғылымының негізін салушылардың бірі, ел, қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихына алтын әріптермен жазылды.[1]

Томск технологиялық университетінің профессоры, геолог Михаил Усов 1921 жылы Қаныш ауылына туберкулезден емделуге келеді. Профессор Қанышпен кездесіп, геология ғылымы, қазақ жеріндегі ашылмаған кен орындары туралы қызықты әңгімелер айтады. Осылайша Усов білімді жігітті Томск технологиялық университетіне түсуге ықпал жасайды. Сол жылы денсаулығы жақсарған Қаныш Сәтбаев Томск қаласына барып, қабылдау емтихандарын өтіп, Технологиялық университеттің геологиялық барлау факультетінің студенті болды. Геология ғылымының қыр-сырына қанық бола бастаған Қаныш Сәтбаев ұстазы Михаил Усовтың кеңесіне жиі жүгінген, осында оқып жүргенде атақты геолог Михаил Русаковпен танысады.[2]

Бірнеше жылдан кейін профессор Усовтың жетекшілігімен дипломын сәтті қорғаған Қаныш Атбасар «Түсті металдар» тресіне жіберіледі. Жас геолог Орталық Қазақстандағы барлық геологиялық барлау және іздеу жұмыстарына жетекшілік етеді. 1926 жылы Қарсақбайға келіп, ағылшындардан қалған геологиялық жұмыстармен танысады. Жезқазғанда да жаңа кен орындарын табады. Осылайша, Қарсақбай өңірінде геологиялық барлау жұмыстарының көлемі артып, мыс қоры артады. 1934 жылы Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің арқасында КСРО Ғылым академиясының сессиясында Үлкен Жезқазған мәселесі көтеріледі. Соғыс жақындаған кезде Сәтбаевтың он бес жылдық еңбегінің нәтижесі – «Жезқазған өңіріндегі кен орындары» атты маңызды еңбегі жарық көреді.

Томскіде оқыған Қаныш Сәтбаевтің қолынабір күні «Ер Едіге» жинағы түседі. Жинақта оны алғаш жазып алған Шоқан Уәлихановпен Платон Мелиоранскийдің нұсқасы бар. Қаныш өлеңдегі қателерді түзетіп, пысықтайды. Ғалым 1927 жылы Мәскеудегі КСРО халықтарының орталық баспасынан «Ер Едіге» жырын басып шығарады. Қаныш Сәтбаевтың немересі Нұрлан Жармағамбетовтың айтуынша, дастан Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен жарық көрген. Кітаптың алғысөзінде Қаныш Едіге батырдың Қазақстан тарихындағы орнын ерекше атап өткен. “Едіге қазақ батырлары ішіндегі ең маңдайлы, аруағы күшті, көлемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде”,- дейді ол- “Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды”.

Қ.И. Сәтбаев 641 еңбектің авторы, оның 534-і орыс тілінде, 98-і қазақ тілінде, қалғандары басқа тілдерде жарияланған. Ғылыми еңбектерінің басым бөлігі Қазақстанның минералдық қорларына, мыс рудаларына, түсті металдарға, көмірге, мұнайға, газға және басқа да шикізаттарға арналған.[3]

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері Ақтөбе кен орнында Маңғыстау мұнайының, Ембі мұнайы мен газының мол қоры бар екенін көрсетті. Қазақстан көп ұзамай газ бен мұнай өндіруден көшбасшы болады деген ғалымның зерттеулері шындыққа айналғанын білеміз.

Қ.И.Сәтбаев өз мамандығымен қатар әдебиет, өнер, тарих пәндерін оқыды. Бұл ғалымдар рухани байытумен қатар пайдалы қазбаларды барлауға пайдаланылды. Қаныш

Сәтбаевтың жан-жақтылығы туралы Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының зор ғалымы» атты мақаласында жазған. М. Әуезов: "Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі".

Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби шығармасы – ғалымның 1923 жылы «Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Обаған» жыры туралы үзінді еңбегі. Әңгіменің басында автор ән айтып тұрған әйелдің мұңды дауысын шебер суреттейді. Бұл шағын лирикалық роман Қаныш Сәтбаевтың көркемдік стилінің қаншалықты биік екенін айқын көрсетеді. Оның қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең меңгергендігін 1927 жылы жазған «Қазақстанның ұлт театры туралы» мақаласы дәлелдейді.

Қазақ мәдениетінің сарқылмас бай қазына екенін Қаныш Сәтбаевтың «Ән туралы толғаулар», «Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы», «Қазақстанның халық әндері» атты музыкалық-этнографиялық жинағында жазған ой-толғауларынан аңғаруға болады.

Қазақ тілінің тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттігін түсінген ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясы жанынан Тарих, Тіл және Әдебиет институтын ашқызады.[1:2]

Қ.И. Сәтбаев тұңғыш «Алгебра» оқулығын жазды. Педагогикалық оқу орнын бітіріп, ұстаздық жолын бастағанда қазақ тілінде математика оқулығының жоқтығын ескеріп, алғаш рет ана тілінде латын және араб әріптерімен алгебра оқулығының қолжазбасын жазды.

Қ.И. Сәтбаевты математик десек те болады. Ол кендерді геологиялық барлауда математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Жайықтың баурайында орналасқан карьерлерде көлбеу бұрғылау әдісін қолданғанда Ұлытау-Қарсақбай жерасты пайдалы қазбалары үшін алғаш рет тік бұрғылау әдісін қолдану ұсынылады. Ғалымның математикалық өлшемдермен расталған бұл жаңалығы бұрғылаудың тиімділігін іс жүзінде арттырды.

1932 жылы Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералды ресурстары» атты алғашқы ғылыми монографиясын жариялайды. 1934 жылы КСРО ҒА сессиясында Қ.И. Сәтбаев «Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, көмір, темір, марганец кендері және басқа да пайдалы қазбалары» атты баяндама жасап, онда Жезқазған кен орнының және бүкіл ауданның бай перспективаларын жан-жақты негіздейді.

1942 жылы Алматыға көшкеннен кейін Қ.Сәтбаевтың ондаған ғылыми еңбектері мен екі монографиясы жарық көрді. Оның біріншісі – «Қазақстан мен Кеңес Одағының мыс құмдары». Ол осы еңбекті жазу үшін Жезқазған қаласында жұмыс істеген жылдары материалдар жинаған. Шығарма әйгілі жер қойнауын зерттеушісінің көп жылғы бақылауларының нәтижесінде жазылған. Жұмыстың практикалық құндылығы оның жалпы қорытындылары мен геологтар мен барлаушылардың мыс кен орындарын жедел барлау және анықтау бойынша ұсыныстарына негізделген. Бұл әсіресе мыс тапшы болған жылдарда маңызды болды. «Қазақстанда қара металлургияны дамыту мүмкіндіктері туралы» деп аталатын екінші монографиясында автор республиканың барлық темір кен орындарына геологиялық сипаттама беріп, олардың шикізаттық базаға айналу мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Сәтбаев соғыс қарсаңында «Жезқазған аумағының кен орындары» атты көлемді еңбегін аяқтады. Оның алғашқы беттері 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп», «Қазақстанның халық шаруашылығы» журналдарында және басқа да басылымдарда жарияланды.[2;3]

Бүгінде белгілі ғалым, ғылым саласын ұйымдастырушы, білікті маман, халқының жанашыры, ұлтжанды Қаныш Имантайұлының есімі Қарағанды облысындағы Сәтбаев қаласына, бірқатар пайдалы қазбаларға, мұздықтар, тау шындары мен гүлдерге берілді. Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлықтар мен шәкіртақылар жарияланды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Н.Үсенова «Қ.Сәтбаев өміріндегі елеулі кезеңдер мен деректер.» Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/>
- 2.Академик К.И.Сатпаев., сборник, посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата, 1965. – С.239.
- 3.Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы К.Сатпаева в Томске. – Томск: ТПУ, 2019. – С.4.
- 4.Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы.Феномен. – Астана, 2018. – 445 б.

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ - ЖАН-ЖАҚТЫ ҒАЛЫМ

Омашева Асем Рахмановна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

*«Ғылым майданының қатардағы жауынгері
тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы
ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі»*

Қ.Сәтбаев

Қазақ ғылымын биікке көтеріп, ұлтына өле-өлгенше қалтқысыз қызмет еткен жан кемде-кем шығар. Ғалым Қаныштың тұлға боп қалыптасу жолын түрлі себептермен байланыстырамыз анық. Алайда ең негізгі себеп оның иманды, өнегелі отбасынан шыққаны, діни, қазақи тәрбие көргенінде болып отыр. Елімнің болашағының гүлденуі үшін тер төккен ғалым, осындай тәрбиелілігінің арқасы. Ұлттық құндылықтарды тұлға бойына сіңдірген дара тұлға. Бүгінгі жастарға жол көрсетер ақынның мерейтойына орай түрлі еңбектерін дәріптей отырып, Қаныш атасындай болуға шақыру әрбір ұстаздың парызы деп білемін. “Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған адамды қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас” деп-Қ.Сәтбаев тура дөп басып айтқан.

Жастайынан алғыр, зерек баланың әсіресе, Жаяу Мұсамен кездесуі халық арасында жыр ғып айтылады. Бұл туралы да Медеу Сәрсекенің Қаныш туралы кітабында: «1916 жылы Қанекен Жаяу Мұсаға сәлем бере барғанында, әнші төсек тартып жатыр екен. Жаяу Мұсаның «Қаныш қарағым, бойың өсіпті, ойың қалай?» – дегеніне, Қанекен: «Ой да қосылады ғой, аға», – деп жауап береді. Енді әнші «Маған қандай базарлығың бар?» – деп сұрағанда, Қанекен оған: «Базарлықты сіз үшін Шыңғыстаудан арнайы алып келдім», – дейді. Ауылға қайтып бара жатқанда жанындағы Нұрлан екеуінің жұмбақтаған сөзінен ештеңе түсінбегенін айтып, мән-жайдың анығын сұрайды. Сонда Қаныш: «Нұрлан, сен қызықсың. Ол менен базарлық деп қант-кәмпит сұраған жоқ, үйреніп келген жаңа әнімді сұрады», – деген екен. Сол сапарда Жаяу Мұса Қанекенге көк қаршығасын байлайды. Қанекен қаршығаның бөтегесін сипап тұрып: «Құсыңыз серігіңіз ғой, алмаймын. Одан да ауылға құсыңызды алып өзіңіз келіңіз. Аңға бірге шығайық», – деп құсты алмай кетеді. Мұны кейін естіген Имекең: «Балам, дұрыс жасаған екенсің. Сенің алдыңда Шорман ауылының болыс баласы сұратқанда бермепті. Атаңның көңілін тапқан екенсің», – деп риза болыпты». Жас Қанышқа көңілі түскен ақсақал келер жылы өмірден өтеді. Имантай ауылына қонақ болып, қаршыға салу Жаяу Мұсаға сол күйі бұйырмаған екен. Осы бір шағын оқиғадан да Қаныштың үлкендердің тілін таба білген үйірсек, қағілез қалпын көреміз.

Қаныш жастайынан Алашорда үкіметімен тығыз қарым-қатынаста болды. Алаш зиялылары қазаққа оқулық жазуымыз керек деп әрқайсысы бір-бір кітапты қолға алғанда, Қанышқа бұйырғаны “Алгебра” оқулығы болатын. Ғалым оны небәрі 19

жасында жазып шықты. Ал оның ақындыққа жақын болғанын Әбділда Тәжібаев: «Қаныштың ұлы ақындарымыздың бірі екеніне бүгінге дейін шәктеніп көрген емеспін. Рас, ол ұлы ақын еді. Ол желдің, судың тілін түсінетін, далада жатып жердің алып жүрегін қалай соққанын тыңдайтын, тереңдегі мұнайлар шуылын еститін. Оған тас сөйлеп, сыр шертетін, темір ән айтатын. Ол нағыз адам еді ғой», - деген сөзінен көреміз. Ал Сәбит Мұқанов болса: «Ол жан-жақты ғалым болатын. Көркем әдебиетті көп білетін, өнердің сан саласына ой жіберіп, жақсы пікірлер айтып отыратын. Жалпы, Қаныш сөзге сараң кісі еді. Ол өз білгенін орынсыз айта бермейтін. Ал кездесулерде, үлкен жиындарда, басқосуларда басқалардан озық шығып, ойлы келіп отырады. Ғылымның бар саласынан бес саусақтай хабардар еді, бәрін де жете білетін. Әркім одан жақсы ой, пайдалы пікір, әдемі әңгіме, алуан жаңалық есту үшін баратын», - деп жазады. Оған Сәтбаевтың музыкаға жақындығын, биді күшті билейтінін, бір жазда қаршығамен 120 қаз алған құсбегілігін қосыңыз. Ол жоғарыда айтылғандардың қайсысын таңдаса да, үлкен жетістікке жетері анық еді. Алайда оның таңдауы қазақ үшін таңсықтау саналатын геология саласына түсті. Ол қазақтың жерінің байлығын ел игілігі үшін пайдалану керектігін түсінді. Сөйтті де, геология саласына түбегейлі ден қойды. Геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор В.А.Хахлов ғалымның студенттік шағы туралы былай дейді: «Қаныш Сәтбаев өте қарапайым, момын шәкірт еді. Алайда оның білімге деген ынтасы бірден байқалды. Бірде мен оған кафедрадағы кітапхананы қарап шығуға кеңес бердім. Одан соң Вальтердің «Шөл даланың түзілу заңдары» деген кітабын оқуды тапсырдым. Кітапты қайтарған кезде ол маған көптеген сұрақтар қойды. Тегі, ұнаған-ау деймін. Өйткені «Қазақстанның өзіме таныс бөлігінде жер бедерлерінің қалайша пайда болғанын енді ғана түсінген сияқтымын» дегені есімде қалыпты». Ол өзі таңдаған саладан бақыт тапты. Бір естелігінде: «Менен «Өз өміріндегі аса зор бақыт дегенді қалай түсінесің?» - деп сұраса, онда мен өзіміздің елімізде өмір сүру және жұмыс істеу секілді зор құрметтің үлесіме тигендігін өзім үшін ең үлкен бақыт санайтындығымды алға тартар едім», - дейді, ғалымның өзі. Ол ұлтын, халқын, өзі өмірбойы зерттеген туған өлкесінің топырағын ессіз жақсы көрді. «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас», - деген ғалым үнемі ұлтын алға қойып сөйледі. 1947 жылы кеңестік делегациямен Лондонға барған Қаныш Сәтбаевтың Черчиллге айтқанын жұрт әлі күнге аңыз етеді. Сапар барысында қазақ баласын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш ағаға тесірейе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қанекен: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік», – деп жауап беріпті деседі. Сөйткен ғалым қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосып, академия ашып қоймай, оның байлығын «Біздің байлығымыз мол болғанмен, шексіз емес» деп қызғыштай қорып өтті.

Жас адам өмір сүргенде сол өмірді босқа өткізуге тиісті емес. Ол, біріншіден, Отанына пайдалы азамат болуды, екіншіден, өз заманының, өз дәуірінің мәдениетті, білімді және алдыңғы қатарлы адамы болуды ойластыруы керек. Ол үшін жас күніңізден-ақ өзіңізді адамгершілікке баулыңыз. Ісіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер. Не нәрсені болсын нағыз адамгершілікпен түсіне біліп, жасай білсеңіздер, бұдан сіздердің отаншылдығыңыз бен асқан патриоттық сезіміңіз айқын көрінер еді. Сіздердің мінез қасиеттеріңізде адамгершілік бірінші болып орын алса, шыншыл, батыл, тиянақты, жігерлі және кішіпейіл адам болған болар едіңіздер.

Жеткен жетістік пен табысқа мақтану, масаттану – сіздер үшін қасиет емес. Бүгінгі табыстан келер таңдағы міндеттер үлкен. Сол міндеттерді орындауға ұмтылыңыз. Бүгінгі

білгеніңізден ертеңгі білетініңіз көп. Сол білетініңізді білуге асығыңыз. Сонда ғана сіздер Отанымызға пайдалы азамат боласыздар. Білімді болу, ғалым болу өмірді танудан, көп оқып, көз ізденуден, шаршамай, талмай еңбек етуден болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», –2011. – 664 бет+ 40 бет түрлі түсті суреттер.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – 7 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, –2005., – 728 бет.
3. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қазақстан ғалымдарының библиографиялары. – Алматы: Қазақ ССР-нің ғылым баспасы. – 1989. – 159 бет.
4. Әлжанов. Т.М., Сәтбаева М.К. Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы. – Алматы: Ғылым ғылыми баспа орталығы., – 2002. –164 бет.
5. Наливкин Д.В. // Академик К.И. Сәтбаев . – Алматы., Ғылым баспасы. – 1965.39– 40 беттер.
6. Сәрсек М. Дара дарын . Роман – эссе. – Астана : Фолиант, 2008.– 484 бет.
7. Жанұзақов Т. Қазақстан ғылымының атасы. // Қ.И. Сәтбаев және Қазақстанның қоғамық ғылымдары. – Алматы., Ғылым баспасы. – 142 бет

ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ БӘЙТЕРЕГІ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЙНЕСІ

*Ортаева Шолпан Ермекбаевна
Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден Кеңес одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы ғажап құбылыс деген болатын. Сол дара баланың қазақ топырағында туылғаны - біз үшін мәңгілік мақтаныш. Қазақ тарихында ғана емес, дүниежүзі геология ғылымының дамуында аты алтын әріппен жазулы Қаныш Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл.

Қаныш Сәтбаев - ХХ ғасырдағы Қазақстанның дамуына зор үлесін қосқан қоғам мен мемлекет қайраткері, нағыз көшбасшының дәл өзі. Оның ғылыми мұрасы – таптырмас дүние. Бүгінде Қ.И.Сәтбаев мұрасын металлогения, минералогия, геохимия, пайдалы қазбалар, стратиграфия, тектоника, география, экономика сынды т.б. ғылым салаларында жазылған 800 жарияланым құрайды.[1].

Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларының бірінде еліміздің үшінші жаңғыруы туралы сөз қозғалды. Бұл жаңғыру елімізді озық 30 мемлекеттің қатарына кіргізуді көздейді. Оның негізгі үш үдерісі, атап айтқанда, саяси реформа, экономиканы және қоғамдық сананы жаңғырту үдерістері іске қосылды. Сонымен қатар, Н.Ә.Назарбаев қоғамдық сананы жаңғырту бағыттарының бірі ретінде білім саласын белгілегенін ескерген абзал. Осы тұста ұлтымыздың бетке ұстар азаматы Қаныш Сәтбаевтың ғылым дамуына қосқан үлесі мен еңбек жолы кейінгі буын мен еліміздің жас ғалымдары үшін қоғамдық сананы жаңғыртудағы негізгі бағдар болып қала бермек, – деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев айрықша атап өтті.

Қаныш Сәтбаев жастайынан этнографияға қызыққан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Ер жеткен соң геология ғылымы саласына қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысады. Дегенмен өзінің топонимикаға деген қызығушылығын да жоғалтқан емес. Кейіннен мұның оған орасан зор пайдасы тиеді.[1].

Ғалым, зерттеуші Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ ғылымын әлемдік деңгейге көтерді. Ғасырлар өткен сайын ұлы ғалымның есімі кейінгі ұрпақтың жадында мәңгі жаңғыра бермек. Қ.Сәтбаевтың есімі Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымының даму тарихымен ғана емес, сондай-ақ республикадағы бүкіл халық шаруашылығының, барлық экономикалық және мәдени өмірінің қалыптасуы және дамуымен тығыз байланысты.

1937-39 жылдары Қаныш Сәтбаев Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды, ал 1960-61 жылдары профессорлар И.И.Бек пен Г.Ц.Медоевтың ғылыми жобаларын басқарды. Оның басқаруымен Орталық Қазақстанның болжамды металлогениялық картасы жасалды.

Қаныш Имантаевич Сәтбаев әрқашан өте әдепті, әділ, қарапайым адам болатын, ол қателескен адамға ешқашан да ескерту жасамайтын. Бірде Осакаров ауданының сайлаушыларымен кездесу үстінде жүргізуші академик Қаныш Сәтбаевтың атақ-дәрежелерін айта келіп, кішігірім қателік жіберіп алады. Қаныш Сәтбаев әдеп сақтап, үндемей отыра береді. Кейіннен бұл жағдайды өз ортасына былай деп түсіндіреді: «Айта берсін. Мені жамандап жатқан жоқ қой» - дейді. Бұдан ғалымның қаншалықты қарпайым болғанын аңғару қиын емес, «Ұлық болсаң, кішік бол» деген халық даналығы дәл Сәтбаевқа айтылғандай.[3].

1947 жылы Қаныш Сәтбаев бірнеше ғалымдармен бірге Англияға барады. Сондағы үлкен бір мұражайдан ол таза мыстың ат басындай сынығын көреді. Бұл мыс мұражайға африкалық кен орнынан табылған кен ретінде қойылған екен. Қаныш Имантаевич оның Жезқазған мыс кенінен табылғанын бірден түсінеді, алайда мұражай қызметкерлерімен салғыласпайды. Олардан лупа сұрап алып, мыстың сынығын әбден қарайды. Ондағы ұсақ-ұсақ құмдардың ізін көріп: «Бұл қазақ даласынан келген мыс», – дейді. Ертеңіне мұражай қызметкерлері өз қателіктері үшін ғалымнан кешірім сұрайды. [1].

Міне, осындай білімділігі, ұстамдылығы үшін халқы оны өте жоғары бағалады.

Мәскеудің тапсырмасы бойынша Қазақстанның жер-асты қазба-байлығының картасы жасалған кезде Қаныш Сәтбаев төрт-бес ірі кенішті картаға кіргізбейді. "Бұл қалай" деген орыс ғалымдарына: "Ондағы рудалар өте тереңде жатыр қаржыны да, техниканы да көп қажет етеді. Сондықтан бұл жерлерді картаға кіргізуге әлі ерте" дейді. Ал өзімен сырлас, сыртқа сыр шашпайтын достары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланға әдейі жасырып алып қалғанын, кейінгі ұрпаққа да байлық керек шығар деген ниетте картада белгілемегенін айтқан екен. Ол Жезқазған мыс кен орнының қоры бұрынғы болжанғанынан әлдеқайда көп екенін дәлелдеді. Осы жаңалығы үшін ССРО-ның жоғары мемлекеттік награда – Ленин ордені берілді. Ол осы орденмен жалпы 4 мәрте марапатталған. Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, ССРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының иегері болған. [2].

Қаныш Сәтбаев есімі еліміз үшін ерекше. Ол кісінің бүгінде дамып жатқан Қазақстан жер қойнауының байлықтарын ашқаны бәрімізге мәлім. Ғалым бүгінгі ғылым саласын қалыптастырды. Ол өз халқының нағыз жанашыры, патриоты бола білді. Оның Уинстон Черчилльге айтқан: «Менің халқым менен де биік» деген сөзі халқының жадында мәңгілік сақтаулы. 1951 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған тұсында Қаныш Имантайұлына Мәскеуде жұмыс істеуге ұсыныс түседі. Алайда ғалым қазақ екенін алға тартып, өз елінде қызмет етуді көздейтінін айтады. Сол кездері оның құрастырған болжам картасы бүгінде Қазақстан геологиясы мен жер қойнауын пайдалану жұмыстарында қарқынды қолданылады. Өз отбасында негізі қаланған ғылыми ұғымдары мен адал еңбек ұстанымдары кейін халыққа да кең етек жайды. [3].

Түйіндей келе, академик Қаныш Сәтбаевтың Қазақстандағы ғылым саласына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Сәтбаев өз естеліктерінің бірінде:

"Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен даму үшін оның штабында, ғылым академиясының, халқының, өз отанының мүдделерін бар жан-тәнімен берілген адамдар қызмет етуі керек" деп болашақ ұрпаққа мол сенім артты.

Сондай-ақ, «Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен қарасаңыз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер» деген ойынан ғалымның ғылыми-адамгершілік бейнесін толық тануға болады.

Ғылыми-теориялық және өндірістік-практикалық жұмыспен қатар айналысқан ғалым Қазақстан жер қойнауын зерттеуде бірқатар жаңалықтар ашып қана қоймай, ғылым саңлақтарын тәрбиелеген ұлы ұстаз ретінде белгілі. Ол Қазақстан Ғылым академиясын құрып, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина, Ресей, Тәжікстан сынды елдермен қоян-қолтық қатынастар орнатты. Қаныш Имантайұлы ғылымға деген құштарлықтың, Отанға деген махаббаттың жарқын үлгісін көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Медеу Сәрсек. Сәтпаев. Бірінші бөлім
2. Баянауыл аясында.http://engime.org/pars_docs/refs/162/161315/161315.pdf
3. Молодая гвардия. Москва.2003. Молодые коммунисты СССР
<http://www.smi.ru/05/04/26/3505928.html>
4. «Қаныш» энциклопедиясы. Алматы. 2011. Үшінші бөлім.
5. Алатаубаурайында.http://engime.org/pars_docs/refs/162/161315/161315.pdf.
6. «Тарихи тұлғалар» танымдық басылым. Алматы. 2009. Бесінші басылым.<https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B0%D1%80%D0%B8>

ПРИЗНАННЫЙ МИРОМ – КАНЫШ САТПАЕВ

Оспанова Айгул Кубейсиновна

школа-лицей №61

учитель русского языка и литературы

Каныш Сатпаев относится к казахским деятелям науки и культуры, способствовавшим развитию музыкальных жанров казахского искусства. Каныш Имантаевич Сатпаев родился 12 апреля 1899 года в Павлодарском уезде Семипалатинской губернии. С юных лет Каныш Имантаевич увлекался музыкой, играл на домбре, пел казахские народные песни. Имел образование в области литературы, музыки, истории, владеет несколькими языками. В 1913 году учился в Семипалатинске в семинарии, играл на мандолине и принимал участие в благотворительных концертах. В 1921 году организовал концерт народных песен в Баянауле. Песни в исполнении Каныша Сатпаева были опубликованы в сборнике известного композитора-фольклориста А. В. Затаевича. Сборник был опубликован в 1931 году. Каныш Сатпаев всю жизнь прививал любовь к народным мелодиям. В различных экспедициях он часто встречался с людьми, слушал их песни и писал тексты. Однажды он посетил Казахский драматический театр в Кызылорде, где провел анализ творческого состояния коллектива театра. Особенно ценили таланты Амре Кашаубаева, Исы Байзакова, Калибека Куанышбаева, танцевальные номера, поставленные Мухамедом.

Одним из самых ярких представителей эпохи великих научных открытий и революционных преобразований, несомненно, был талантливый сын казахского народа. Научное наследие К. И. Сатпаева поистине огромно. Он охватывает 800 публикаций в области металлогении, минералогии, геохимии, полезных ископаемых, стратиграфии, тектоники, географии, экономики, литературы и других наук.

Академик Каныш Имантаевич Сатпаев в одном из постов писал: «в те годы я был молод и был склонен к лирике. Но лирика-это мечта, которая вдохновляет человека на тяжелую, вдохновенную работу». Эти слова помогают увидеть многое в духовных связях ученого с художественным, поэтическим миром родного народа и других народов. Это была одна из самых ярких граней его энциклопедических знаний, отличительная черта его выдающейся творческой личности.

Каныш Сатпаев стал организатором пьесы Мухтара Ауэзова «Енлик Кебек» в городе Семей, где сыграл одну из главных ролей.

В воспоминаниях А. Маргулана говорится о танце Каныша Сатпаева. Последние годы жизни он отдыхал в санаториях, с большим удовольствием посещал карнавалы, интересовался изучением новых танцев: фокстрот, танго, ча-ча-ча, твист.

Каныш Имантаевич Сатпаев внес большой вклад в золотой фонд казахской профессиональной музыки. Его именем названы города, школы, улицы, ледники, горные вершины Алатау, малая планета в созвездии Тельца. Его созвездие отражает яркий путь казахстанского искусства.

Каныш Имантаевич Сатпаев – талантливый, трудолюбивый человек, стал образцом для жизни граждан страны, которые процветали в XXI веке. Каныш-великий, уникальный человек, обладатель большого таланта, который своей доброй ученостью, многогранностью любил людей, обладал знаниями на благо страны. Поэтому его улыбающееся лицо и яркий образ-сокровище для молодых поколений.

Каныш Имантаевич учился в Семипалатинской семинарии (1914-1918), в этой семинарии учился и Мухтар Ауэзов. По словам Каныша, все трое они жили в одной квартире и в какой-то момент закончили учебу. Параллельно с учебной они непрерывно посещали географическое общество, где слушали лекции по казахской истории Абая,

Шокана, Ф. М. Достоевского. С другой стороны, он сотрудничает с географическим обществом и проводит казахские развлечения в городских театрах. Один из таких больших вечеров состоялся 13 февраля 1915 года. Его инициатором выступила преподаватель семинарии Назифа Кулжанова. Вечер состоял из четырех частей.

Айтыс Биржан и Сары;

Айтыс героев;

Казахские песни;

Песни Абая.

В этот вечер Каныш мало играл. В конкурсе он выступил первым Кобыланды батыром, а в двух других частях исполнил большую часть песни. Среди них – песня Жарылгапберди, песня Мустафы, «Топайкок», «Баянаул», «Көзімнің қарасы» и др. В качестве доказательства страсти Каныша Сатпаева к песне хотелось бы привести пример из слов Суламхана Жаппарханова, преподававшего в Казахском национальном техническом университете им. К. Сатпаева, который два года был секретарем Каныша Сатпаева: «Канекен был многогранным, талантливым во всем. Прекрасно исполнял песни. Увлечение песней Каныша Имантаевича, вероятно, также было данью крови деда. И его дед Сатбай, и его отец Имантай, как говорят, были искусствоведами. У него было много дастарханов с жыршы-жырауами своего времени. Мальчик Каныш, юноша Каныш вырос, впитывая казахские песни в уши. Каныш Имантаевич исполнял на домбре любимые песни «Шама», «Бір бала», «Макпал», «Салайын», «Корланды». В дальнейшем эти песни исполнил известный музыковед Александр Затаевич, коллекционер казахского песенного наследия. Так Затаевич записал у Каныша Сатбаева 25 казахских песен и включил их в свой сборник «500 казахских песен и кюев», изданного в 1931 году, и дал научное разъяснение на русском языке. Затаевич высоко оценил талант Сатпаева как знатока и хорошего исполнителя казахских народных песен.

Диапазон интересов академика К. И. Сатпаева был необычайно широк и выходил за рамки естественных наук. Он был большим знатоком казахской истории, литературы, культуры, этнографии, музыки и фольклора, общеизвестны его археологические изыскания на территории Центрального Казахстана, труды по педагогике и литературе. Каныш Сатпаев также очень хорошо знал историю песен и умело рассказывал истории. Одна из таких песен - «Буркитбай», песня Моисея, потомка Эдди Би. Это одна из самых любимых песен юноши Каныша Сатпаева.

К. Сатпаев занимался не только геологией, но и этнографией, фольклором, историей. Он очистил текст эпоса «Едиге», записанного Ч. Валихановым, от непонятных казахскому читателю арабских и татарских слов и переработал его на основе новой орфографии казахского языка.

Становлению его уникальной многогранной личности способствовали не только замечательные педагоги и его великие учителя, такие как академики Обручев и Усов, перед ним стояли **великий Абай** и **Чокан Валиханов**. Интеллектуальная и нравственная атмосфера того периода была связана с великими открытиями человечества в области техники и науки.

Каныш Сатпаев был личностью космического масштаба. «Вокруг Солнца, подчиняясь строгим небесным законам, кружится 10-я малая планета, открытая 31 июля 1979 года под № 2404 – планета Сатпаева. К Земле она приближается через каждый год и 5 месяцев. Живет своей жизнью планета Сатпаева, а самого великого ученого вот уж много лет нет среди живущих, и, как звезда, он то удаляется, то приближается к нам. Пройдут века, многое изменится на нашей Земле. Но по-прежнему будет бороздить необъятные просторы Вселенной эта малая планета – вечный и нерукотворный памятник великому Человеку и Гражданину». Так воспринял образ великого ученого Руслан Сатекбаев из школы № 12 города Сатпаева Карагандинской области. И я уверена, что

нынешнее и будущее поколение будут равняться и сверять свою жизнь по Канышу Сатпаеву, поэтому имя и дело великого ученого никогда не уйдет в прошлое.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1.«Казахстанская правда», 10 апреля 2010г., статья К.Салықова.
- 2.Газета «Ана тілі» , 13 сәуір, 2023жыл.
- 3.<https://arqau.kz/kz/article/qazaqtin-1000-anin-jynap-notaga-tusirgen-avzataevych.html#gsc.tab=0> 03.11.2019 ж
- 4.«Казахстанская правда», 7 июня 2019 года, статья Е.Брусиловской.
- 5.Сатпаев глазами поколения next (kazpravda.kz) 7
- 6.10 фактов о Каныше Сатпаеве (e-history.kz)
- 7.К 120-летию Каныша Сатпаева: феномен великого ученого (sputnik.kz)
- 8.Каныш Сатпаев - отец казахстанской науки | Йорик (yorick.kz)

ОТАНДЫ СҮЮ – ИМАННАН

Ракулова Гульнур Асановна

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

«Егер менен ең басты бақытың не деп сұрар болсаңыздар: өмірімдегі ең зор бақытым – туған халқымның бостандыққа жетіп, терезесі теңгерілген ел болып, социалистік қоғам орнату құрылысына қатысқан шат-шадыман заманда өмір сүріп, еңбек еткенім демекпін...» – деп еді Қаныш аға кезінде. Сол ұлылар аңсаған азат елде, бейбіт жерде тұрып жатқан “зор” бақытты ұрпақ біз боламыз. Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев ең қиын кезеңдерде өмір сүрсе де, өзі көрген сұм заманды ұрпағы көрмесін деп, білімімен, табандылығымен, қайсарлығымен елінің болашағы жарқын болуы үшін барын салды, “жанын” салды. Тарих талайларды туғызып жатса да, елін дәл Қаныштай сүйетін азаматтар санаулы ғана. Қаныш Сәтбаевтың ғылымға, мәдениетке, әдебиетке, жалпылай қарасақ, сан-салаға қосқан үлесінде шек жоқ. Бала күнінен бастап ерекше дарынды, ғылымға құштар Қаныш жаңа нәрсені байқаса, елең ете қалатын, студент кезінде де тек бір салаға тоқталмай, үнемі жан-жақты ізденісте жүретін. Қай тақырыпта әңгіме қозғалса да, қай ортада жүрсе де үнемі өз қосары бар, білімі кең, ойлау қабілеті ерекше азаматты көпшілік дереу байқайтын.

Сәтбаевтың білімділігі бір бөлек, азаматтығы бір бөлек. Ғалымның адамгершілік тұлғасы туралы да тоқтаусыз әңгімелеуге болады. Ешкімге де оңай соқпаған дәуірде өзгенің жайын, өз басының қамынан биік қойып, қанша жанға көмек көрсеткен үлгілі істерін ғалымның көзін көрген кісілер кешеге дейін айтып жүрді.[1]

Қ.И.Сәтбаев өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, тарихты да жете меңгерген. Бұл ғылымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныш Сәтбаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов "Қазақ халқының зор ғалымы" атты мақаласында жазды. "Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі" - дейді

М. Әуезов.

Қаныш Имантайұлының геологиядан басқа ғылымдарда да, әсіресе мәдениет пен тарих саласында қалдырған еңбектері аз емес. Осы жолы ғалымның музыка саласына қосқан үлесіне тоқталайық.[2]

Қаныш бала күнінен аса дарынды бала болды. Ол кез келген нәрсені ерекше зейін қойып тыңдайтын. Бала күнінен халық әндерін тыңдап, олардың шығу тарихына қызығушылық білдіретін. Кейіннен Қаныш Имантайұлы Семей семинариясында оқып жүрген кезінде (1914-1918), бұл семинарияда Мұхтар Әуезов те оқитын. Қаныштың айтуынша, Мұхтар, Жекей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достоевский туралы оқыған лекцияларын тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрларда қазақша сауық-кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы 13 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы – семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова. Бұл кеште Қаныш аз рөл ойнамаған. Ол сайыста, біріншіден, Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін өзі орындап шығады. Оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топайкөк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», т.б. әндерді шебер орындап шыққан. Оның әнге деген құштарлығының дәлелі ретінде Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс берген, екі жыл Қаныш Сәтбаевтың хатшысы болған Сіламан Жаппархановтың сөздерінен мысал келтіргім келеді: «Қанекен сегіз қырлы, бір сырлы

болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де атаның қанымен берілген қасиет болса керек. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы-жыраулармен талай дастарқандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән-жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұса мен Естайды бала күнінен білген. Жаяу Мұсаның әндерін өзінен тікелей үйренген. Баянауыл әндерінің жан сергітер ғажап әуенін бойына сіңірумен есейген Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері “Шама”, “Бір бала”, «Мақпал», «Салайын», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Затаевичке айтып берген. Сөйтіп Затаевич Қаныш Сәтбаевтан 25 қазақ әнін жазып алып, өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізген. Затаевич қазақтың халық әндерінің білгірі әрі жақсы орындаушысы ретінде Сәтбаевтың дарынын жоғары бағалаған. Қаныш Сәтбаев әндердің тарихын да өте жақсы білген және шебер әңгімелеп айтып бере алған. Бозбала шағында Қаныш Сәтбаевтың ұнатып айтқан әндерінің бірі – Едіге бидің ұрпағы Мұсаның әні «Бүркітбай». 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылды. Келесі жылы сол театрдың қаз тұрғанына бір жыл толуына орай мерекелік спектакль өтеді. Оны Қ. И. Сәтбаев барып көріп, ұлттық театрдың жетістіктері мен кемшіліктерін аса талғампаздықпен тани отырып, соның барлығына байыбына жеткізе талдау жасап, «Қазақстанның ұлт театры» деген мақала жазды. Осы мақаласында Академик Қ. И. Сәтбаев «Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімдерін бейнелейтін көп күйлер, әндер шығарған» деген. Бұл еңбек шын мәнінде қазақ көркем өнері туралы ең алғашқы теориялық зерттеу ретінде осы күнге дейін маңызды. Мақаладағы режиссерлік өнері бағаланған Жұмат Шанин, артистік мүмкіндіктері егжей-тегжейлі талданатын Құрманбек Жандарбеков, Калибек Қуанышбеков т.б кейін қазақ өнерінің мерейін өсірген ірі тұлғаларға айналғаны хақ. Ғалым Ә.Х.Марғұлан Сәтпаев туралы естеліктерінің бірінде былай деп жазды: «Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске, ой санасын байыту мәселесіне жұмсайды. Көп уақытын Томск университеттің бай кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған деректерді үңіле оқыды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындайды. Қаныштың бастауы бойынша университет жанынан Күншығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған университетте оқитын студенттер қатынасады. Үйірмеде якут, бурят, хакас, тұңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндамалар тыңдалған. Қаныштың өзі де қазақ әдебиеті, этнографиясы туралы бұл үйірмеде бірнеше рет баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан талай мәрте сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән – күйлерін жақсы көрсете алған». Осындай сауық кештердің бірі туралы Қ.И.Сәтпаев мақала жазыпты. Қаныш Имантайұлының «Томск қаласында ұлттар кеші» мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1926 жылғы 26 мамыр күнгі санында жарияланды. Бұл мақаласы қазақ жерінен тыс сонау алыс шаһарда алғаш рет ұйымдастырылған бірнеше халықтардың – қазақ, бурят, якут, ойрат, шор, башқұрт және басқа ұлттардың ән- күй, салт-санасына арналған сауық кеші суреттеледі. Кеш 1926 жылдың 10 сәуір күні өткізіліпті.[3]

Қ.И.Сәтбаев Томск қаласындағы технологиялық институттың соңғы курсына тәмамдауға, диплом жұмысын қорғауға әзірленіп жүрген кез болатын. Мақалада сауық кеште көрсетілген қазақтың салт-сана, ән-күй, олардың ерекшеліктері сөз етіледі. Қазақ жұртындағы жаңа түскен жас келіншектерге жасайтын «шашу» – беташар, отқа май салар сияқты ырымдары жанды бейне түрінде көрсетіліп өтті. Қазақ өлеңдерінен: «Екі жирен», «Бір күн көшіп дүние» (айтушы Ғалымтай Сәтпайұлы), «Қара торғай», «Еркем» (айтушы Омар Толбайұлы) әндері айтылды. Сауық кеште көрсетілуге қазақ салт – сана

әдетіндегі жаңа түскен келінді құрметтеп қарсы алу, шашу, беташар рәсімдерін таңдап алудың өзінде талай сыр, мән – маңыз жатыр. Бірнеше қазақ өлеңдерінің мән – мазмұны, мәтіні алғашқы рет аударылу әрі нотаға түсіріліп, рояльдің сүйемелдеуімен орындалу ерекшеліктері, пайымдалуы қазірде оңай, ал сонау 1926 жылы профессионалдық көркем бастаулары енді – енді қалыптасуға бет алған шақта студент инженер Қаныш Имантайұлы ғылым мен көркем сөз, өнердің қатар өрлеуін сол кезде-ақ мақсат – міндет санағаны айтпаса да түсінікті. Сонымен қатар, кезінде Шоқан Уалиханов жазып алған «Ер Едіге» жырының мәтінін қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Көпшілік біле бермес, бірақ, Қаныш Имантайұлы домбыра мен гитарада да тамаша ойнайтын, қазақ және украин әндерін тыңдағанды ұнататын, биді де қадірлейтін. Археолог, ғалым Өлкей Марғұланның айтуынша, Қаныш Сәтбаев полька, мазурка, вальс билеріне қызыққан екен. Түйіндей келе, Қаныш Имантайұлының ән өнерін құрметтеуі – бүгінгі ұрпаққа үлкен үлгі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.«Сәулелі әулет» Алматы. 1996. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/kz/iraya/983-.html>
2. «Қаныш Сәтбаев» Алматы. 1989. <https://shamshyraq.kz/kitaptar/14-anysh-a-a-i-s-tbaev-turaly-estel-kter-1989-zhyl.html>
- 3.«Қазақ энциклопедиясы» Алматы. 1997.
https://kazneb.kz/kk/catalogue/result?fld=sigla_org_partner_id&val=108

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

Рахимбердинова Сауле Айдарбековна

*Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі*

Қазақ халқының тарихында дарынды, талантты, еңбекқор бір ғасырда бір туатын тұлға – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қаныш – ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан ғылымының геологиялық қызметінің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті. Туған жеріне деген махаббаты ерен еңбек етуінің нәтижесінде, қазақ аспанында жарық әрі сөнбейтін жұлдыз болып қалуында. Ғалымның мына сөзі де елін шексіз сүйгенін дәлелдейді: «Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігін бостандық сүйгіш қазақ халқы жайлап отыр. Қазақ деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді...» [1, 186].

Қазақтың Қанышы – киелі де қасиетті жері Баянауылдың тумасы. Жаратылысынан оқу мен ғылымға құштар Қаныш Павлодардың орысша-қазақша училищесін аяқтағаннан кейін, Семейдің мұғалімдер семинариясында оқуын жалғастырады. Қаныш Имантайұлының өміріндегі үлкен өзгеріс Томск университетінің ғалымы, профессор М.А.Усовпен танысудан басталады. Профессор өз әңгімелерінде Қанышқа жер қойнауындағы әртүрлі байлықтар, жердің құрылысы туралы көптеген қызықты құпияларды айтып, оның ғылымға деген қызығушылығын одан әрі арттыра түседі. Нәтижесінде Қаныш Томск технология институтының тау-кен факультетінің геология барлау бөлімінде бес жыл оқып, геолог деген мамандық алады.

Өзінің еңбек жолын Қазақ АКСР-і Халық шаруашылық орталық кеңесінің ұйғаруымен Мәскеу қаласынағы «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқарудан бастайды. Өзінің арман мен жаңалыққа толы ұзақ еңбек жолына табанды түрде кірісіп, кең байтақ еліміздің талай кен орындарын ашып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жылдар бойы табандылықпен жаратылыстану ғылымымен айналысып, табиғат феномендері мен олардың дамуын бақылап, жалпы заңдарын танумен шұғылданады.

Осы тұста айта кететін бір жәйт, Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығын жазғаны. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары арасында «Қазақ мектептеріне оқулықтар» деген ұран тасталды. Қаныш Кисилевтің кітабын қазақшаға аударып, жай ғана көшіре салмай, ұлттық психологияға сай әзірлеп, оқулықтың соңына «көбейтінді», «алынды», «бөлшек» деген сияқты 220 термин сөздерін қолданысқа енгізген.

Қазіргі таңда ел игіліне айналып отырған пайдалы қазбалар кені: Үлкен Жезқазған мыс алыбы, Ұлытау маңының минералдық ресурстары, Қияқты көмір бассейні, Орталық Қазақстанның минералдық байлықтары, химия өнеркәсібінің шикізат ресурстары, минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогиясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді.

Қаныш Имантайұлы қандай басшылық орындарда, биік мінбелерде жүрсе де өзінің қарапайымдылығымен, жоғары адами құндылықтарымен ерекшелінген. Оның тағы бір тұлғалық қасиеті – әркез жастарға қолдау көрсетіп отыруы. Ғылымға бет бұрған жастардан көмегін аямаған. Көптеген оқуға құштар қазақ жастарына ЖОО-на жолдама беріп, қолжазбаларының жарық көруіне сонымен қатар әлеуметтік мәселелерінің оңтайлы шешілуіне де қол ұшын берген.

Ғалым Шаһмардан Есенов естеліктерінің бірінде Қаныш Сәтбаевтың тұлғасын айқындап, еңбегін бағалаған пікірі мынандай: «Жыл артынан жылдар өтер, уақыт

керуені тоқтаусыз ілгері баса берер, бірақ Қаныш Имантайұлының есімін әлі талай ұрпақ қастерлеп есте тұтады. Қазақ халқының ұлы перзентіне деген махаббаты еш уақытта да суымайды. «Біздің, Қаныш!» деп әрқашан мақтанышпен еске алып отырады» [2, 6 б].

Еңбегінің нәтижесінде ел жүрегінен берік орын алған тұлғаның есімі ешқашан өшпейді, жыл өткен сайын қадір-қасиеті арта береді.

Ал қазақ халқының аса дарынды ақыны Әбділдә Тәжібаев жасы кіші болғанымен, Қанышпен замандас болған, өмірлік ісін көрген, ұстаздық сөздерін өз құлағымен естіп, санасына ықыласпен тоқыған адам, сол себептен де ол өзінің «Монологтар» деп аталатын поэмасында Қаныштың аузынан шыққан өсиеттік мәні бар сөздерді былайша шебер жырлаған:

Қадірлендер, әр сағатын уақыттың,
Әр сағатты бір өмір деп қараңдар.
Қадірлендер, бір - бірінді, аяңдар,
Бір - бірінді бауырым деп санаңдар.
Ауырмасын ауыр сөзден жүректер,
Көңілдердің көркі сола қалмасын,
Қуанышқа мұздай тамшы тамбасын,
Күлкілерге күйік таңба салмасын.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев елімізде болған барлық қоғамдық және тарихи оқиғаларға белсене қатысты. Ол ел игілігі жолындағы істер үшін іскерлікпен, үлкен энтузиазммен еңбек етті. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып шыққан дара тұлғаны халқы тарихына алтын әріппен жазып, әзиз бейнесін ұмытпай, өнегелі істерін мәңгі ұлықтай береді. Ел мүддесі жолындағы елгезектік, болашағы бар жасқа бар мейірімін төгетін ізгілік, өзіне қысастық жасаған адамға да кек сақтамай, аяушылықпен қарайтын кеңшілік. Қаныш Имантай ұлының жасынан бойына сіңірген дүниетанымдық және ағартушылық-гуманистік мұраттарының көрінісі. Өмірлік ұстанымына айналған осы асқақ мұрат оның өзін де шырқау биікке көтерді. Ағылшын премьер-министріне «...менің халқым менен де биік...» деп айтқызған да сол асыл мұратының мәңгілік өшпейтініне, кейінгі ұрпақтарының жүрегіне жалғасатынына деген сенім еді. Ұлы ғалымның жүріп өткен жолы мен ел игілігі үшін жұмсаған бар ғұмыры – біз үшін биіктік пен отансүйгіштіктің үлгісі. Артына зор мұра қалдырған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жарқын өмір жолы мен еліне адал қызмет етуі жас ұрпаққа, өзінің бүкіл саналы ғұмырына ұстаным етіп алған: «Қандай ортада жүрсең де, қандай лауазымға ие болсаң да, үш қасиеттен жаңылмағайсың: еңбексүйгіштіктен, сыпайыгершіліктен, адамгершіліктен» деген мерейі үстем көзқарасы мен іс-әрекеті ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев. Роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2008. – 648 бет.
2. Есенов Ш. Ғалым, азамат // «Қазақ әдебиеті» газеті, №14 (948) 5 апрель 1969 жыл.
3. Сарбаева А.М. Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. XX ғасыр. Ғұлмалар тағылымы: Оқу-әдістемелік құрал. – Көкшетау: «Келешек-2030», 2012. – 204 бет.

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТПАЕВ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Реймов Кусаин Ерболатович

*Астана қаласы Міржақып Дулатұлы атындағы
№68 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі*

Биыл қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл. Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Бұл тұлғаның өмір жолының бастапқы кезеңіне келер болсақ, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылдың 12 сәуірінде Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ақкелін болысында дүниеге келді. Әкесі Сәтбаев Имантай Меккеде жерленген, содан сол рудың қыстауын баянауылдықтар «Сәтбай қажы ауылы» атап кетті. Қаныш бала кезінде сабырлылығы, байқампаздығы және зеректігімен ерекшеленді. Әкесі оны нағыз Ұлы Дала баласы етіп тәрбиеледі. «Еңбектен адам өлмейді, қайта шындалып, намысы күшейе түседі» деп білімге, ержүректік пен төзімділікке, сабырлыққа баулыды. Анасы Әлима бала жасынан ұлының бойындағы талантын дамытуға тырысты. Ол көптеген халық жұмбақтары, ән, өлеңдерді жақсы білетін, кейде өз ойынан да құрастыратын. Сырға толы далада атпен серуендеу және кітап оқу білімқұмар баланың ең сүйікті ісіне айналды. Қаныш балалық шағында білімді аса қадірлейтін ортада өсті. 1909 жылы Қаныш Сәтбаев Ақкелін ауылының мектебінде оқыды, Имантай Сәтбаев өз қаражатына бұл мектепке өскелең ұрпаққа сабақ беруге үздік деген ұстаз-молдаларды шақыратын. Қаныш 1911 жылы Павлодар орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырып, оны 1914 жылы үздік бітіреді. Сол жылы Семей қаласындағы мұғалімдер дайындайтын семинарияға оқуға түседі [1, 129 бет].

Қаныш Сәтбаев семинарияны аяқтаған соң мұғалімдік қызмет атқарады. Одан ары қарай 1921 жылы Томск технологиялық институтының тау-кен факультетіне оқуға түседі. Оның геология саласына алғаш баруы және де сол салаға деген қызығушылығының басталуы осы кезден басталады. Институтты 1926 жылы үздік аяқтап, инженер ретінде өз Отанына оралады.

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кен орындары – үлкен Жезқазған кен орны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған» (Народное хозяйство Казахстана, 1936, №1-2, 74–83-бб.) алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді. Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы – адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған.

Қ.И. Сәтбаев 1930-1940 жылдар аралығында сол кездегі әлемдегі ең ірі Ұлытау-Жезқазған мыс кен орнын ашады. Осы кен орынын ашқан еңбегі үшін оған КСРО-ның Ленин ордені беріледі.

Даланың данышпаны ұлы ғалымның 1940 жылдардағы өмірі мен қоғамдық қызметі Алматыда Ғылым институтымен, Ғылым академиясын құрумен байланысты болады. 1942 жылы Қ.И. Сәтбаев екі монография шығарды. Біріншісі – «Кеңес Одағындағы мысқа бай кен орындары». Қаныш Имантайұлы бұл шығарманы он бес жыл жазды. Ұлытау өңіріндегі барлаушылық қызметінің жиынтық қорытындысы десе де артық болмайды. Екінші монография «Қазақстанда қара металлургия өнеркәсібін ашу мүмкіндіктері». Қазақ даласынан табылған темір рудаларына ғылыми шолу жасап, олардың өндірістік мүмкіндіктерін саралау. Тау-кен өнеркәсібіне келсек, Атасу мен Қарсақбай, Жезді мен Кентөбе, Төрткөл (Қарқаралы маңы) кеніштерінде көптеген облыстарды қамтитын темір-марганец қорларына негізделген ірі өндіріс орындарының ашылуына тоқталды. Бұл қара металлургия халық комиссары И.Ф. Тевосьянға 1942 жылы: «Магнитогорск зауытын қатты азаптан тек «Жезді» руднигі ғана құтқарады, мұндай кен орындарын мүмкіндігінше ертерек зерттеп, резервте сақтаған дұрыс» деп ресми хат жазды. Соғыс басталар алдында Қ.И. Сәтбаевтың «Жезқазған өңірінің шахталары» атты ғылыми еңбегі жарық көрді. Осы еңбегі үшін 1942 жылы ғалымға екінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді, кейін ол КСРО Мемлекеттік сыйлығына айналды. Ағымдағы жылдың 17 тамызында Жоғары аттестаттау комиссиясы геолог Қ.И. Сәтбаевқа ғылыми еңбектерін ескере отырып, ешқандай қорғаусыз геология-минералогия ғылымдарының докторы атағы беріледі. Ал 1943 жылдың жазында геология-география факультеті арқылы жасырын дауыс беру арқылы Қаныш Имантайұлы КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады [2, 219 бет].

1946 жылдың маусым айында Қ.И. Сәтбаев ұзақ уақыт бойғы дайындықтан кейін ашылған Қазақстан ҒА-ның тұңғыш Президенті болып сайланды. Бұл қызметте 1951 жылға дейін болып, сол кездегі құғын-сүргіннің әсерінен қызметінен алынып тасталды, бірақ 1955 жылы осы қызметке қайта тағайындалып, өмірінің соңына дейін атқарды.

Академик Қ.И. Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеу ауруханасында қайтыс болды. Ол небары алпыс бес жаста еді.

Қорыта айтсақ, академик Қ. И. Сәтбаев – феномен ғалым, ғылым мен ғылыми қызметтің ірі ұйымдастырушы, республикалық геологиялық қызметтің негізін қалаушы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Оның көп қырлы қызметінің іске асуының көрсеткіші – тек Үлкен Жезқазған мен Жезді ғана емес, сонымен қатар Орталық Қазақстанның, республиканың шығысы мен оңтүстігіндегі ірі тау-кен металлургиялық кешендері.

Академик Қ.И.Сәтбаев ұлы да қарапайым адам болды. Табиғат оған сұңғақтық пен сұлулық сыйлады, мейірбан, зиялы, шешен адам еді. Ол көптің ішінде ерекше көзге түсетін, оны байқамау және ұмыту мүмкін еместін. Мысалы, 1947 жылы кеңес парламентарийлері құрамында Англияға барған кезде, У. Черчилльдің ресми қабылдауында ұлыбританиялық экс-премьер-министр одан: «Қазақтардың барлығы Сіз секілді алып тұлғалы ма?» деп сұрағанда, Қ.Сәтбаев: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, менің халқым менен әлдеқайда бийк!..» деп жауап берген екен [3].

1. ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9(8) сыныбына арналған оқулық/ З.Е. Қабылдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев. – Алматы: Атамұра, 2019. – 192 бет.
2. Тоғжанов Е.Л, Аршабеков Т.Т. Атамекен: оқу құралы. Қарағанды, Қарағанды экономикалық университеті, 2002, - 230 бет.
3. Қаныш Сатпаев: «Мой народ выше меня» // Казахстанская правда. 2014. -24 января

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ДАРА ЖОЛЫ

Сапарбаева Жұлдыз Жұмабайқызы
М Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектептің
биология пәні мұғалімі

«Білу үшін – көру керек, көру үшін – жүру керек» нақылын Қаныш Имантайұлы әңгіме үстінде жиі айтатын. Неге десек, Қаныш аға көп елдерді аралаған. Мінезі өте ерекше дараланып жүретін болған. Соған айғақ – Англияға сапарында Қаныш Имантайұлы басынан кешкен бір оқиға: Британия мұражайын аралау кезінде болса керек, әлдебір мұрағат туралы түсінік тыңдаған қазақ ғалымы делегация мүшелерінен сәл киіндеп қалады білем; сол сәтте делегация құрамында әлдебір журналдың қызметкері атанып, Мәскеуден қосылған бұйығы серігі қасына келіп: «Сіз неге көпшіліктен дараланасыз? Әмбе әрдайым сөйтесіз...» -деп ескерту жасайды. Академик оның өрескел қылығына қатты налып: «Сіздің онда шаруаңыз қанша? Білгім келген соң сұрадым...» -десе, анау одан бетер қыдыңдап: «Сіздің ниет пиғылыңыз аса күдікті...» - деп жұрттан бөлінбеуін талап етеді.

Депутат әріптесінің жуық маңда сабасына түсе қоймаған ренішін Никола Бажан: «Қаныш Имантаевич, ол шіркіннің журналистігі – менің геолог екендігімдей қисынсыз болса, ол біздің жүріс-тұрысымызды аңду үшін жіберілген қауіпсіздік комитетінің тыңшысы. Ұқтыңыз ба? Бәлкім, сіз сол сәтте шетел агенттігіне құпия материал бермек болған шығарсыз... Сондықтан, қадірменді депутат жолдас, бұдан былай көпшіліктен дараланбауға тырысыңыз. Ал, ол байғұс сізді ғана емес, менің де жүріс-тұрысымды аңдуға тиіс...» деген түсінік айтқанда ғана басын шайқап, ашуын басады.

Негізінде академик шет елге сапарлауға қызықпаған жан. Көбінде ғылыми шындыққа көз жеткізу үшін, болашақ үшін, ойын жаңа дерекпен байыту үшін ғана барған.

Тегінде Қаныш Имантайұлы шетелге сапар жөніндегі ұсыныстардың көбінен иланымды сылтау айтып, әрдайым бас тартқан. Өзі үшін бұлжымас ереже санаған осы рәсімді ол бір-ақ мәрте, он жылдан кейін бұзып, 1957 жылы үкімет шақыртумен Қытайға барып, толық бір ай болып, ҚХР геологтарының бірінші құрылтайында баяндама жасап, соңынан металлогениялық карта түзудің әдістемесі жайында Пекинде әлденеше күн қытайлық әріптестеріне дәріс оқыған екен.

«Қ. Сәтбаевтың негізгі мамандығы - геолог, бір адамға жарап тұрған өнер. Алайда, ол тек қана геолог болып қалмайды. Сәтбаев мемлекет қайраткері: кен қараумен бірге барлау жүргізген ауданнан болашақ зауыттың іргесін көтерер, оның тіршілігін қамтамасыз етер керек -жарақтың бәрін де күн ілгері іздеді. Қысқасы, Қазақстанда алып металлургия комбинатын салу үшін не қажет болса – соның бәрін де іздеп тапты... Бірақ ол алыптарға малданып, жол-жөнекей кезіккен ұсақ – түйек кендерді «көрмей» кеткен барлаушы емес. Оның нағыз ғылымға және мемлекет қайраткеріне тән көрегендік, сан қырлы болжампаз қабілеті бүгінде, соғыс тауқыметі талап еткен шикізаттарға ділгір болған қиын уақытта кәдеге асты». Осындай ерен еңбегінің нәтижесінде ғылыми еңбектерін ескеріп, Қ.И. Сәтбаевқа 1942 жылы 17 тамызда Жоғарғы аттестациялау комиссиясы геология-минералогия ғылымдарының докторы атағын қорғаусыз беруге шешім қабылдайды. 1946 жылдың бірінші маусымы, ертеңгілік мезгіл. Қазақстан зиялыларының таңдаулы өкілдері - ғылым мен әдебиет, көркемөнер қайраткерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, жетекші мамандары – Қарағанды мен Жезқазғанның, Ембі мен Енді Алтайдың, Балқаштың жұмысшы делегациялары, Алматыдағы жоғары оқу орындарының оқытушылары, жауапты партия қызметкерлері, Мәскеу мен Ленинградтан, Орта Азия Республикаларынан келген ресми қонақтар Абай атындағы академиялық опера және балет театрының залына лық толған. Шынында да, бұл – қазақ елінің рухани өмірінде бұрын-соңды болмаған ұлы оқиға!

- Қымбатты жолдастар! Бүгін біз Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Ғылым академиясының шаңырағын көтеруге жиналдық... - деп бастады салтанатты мәжілісті әзірлік тобының жетекшісі Нұртас Дәнібайұлы Оңдасынов.

Биология ғылымының докторы, профессор, Илларион Григорьевич Галузо ынта білдіріп, мінберге келіп:

«Бір топ академиктер атынан Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президентіне бәрімізге таныс Һәм қадірменді әріптесіміз, ғылыми ақыл-ойының тереңдігі мен сонылығы әрдайым таңқалдырып әрі сүйсінтіп жүрген замандасымыз, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, коммунист Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты ұсынамын», - дегенде залдағы көпшілік дүркірей қол соғып қуаныш білдіреді. Осы кезде М. Әуезов та өз кезегінде «Дәл бүгінде Қазақстан ғылымын Қаныш Имантайұлынан асырып, ілімнің бар саласын өз тілінде танып-білер, демек, сәтті басшылық жасар үздік ғалымды өз басым білмеймін... Сол себепті, қымбатты жолдастар, осындай дара дарын иесінің өз ортамыздан шыққанына тәубе дей тұрып, бір адамдай дауыс беруге шақырамын!» деген-ді. Міне, осылай Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президентіне Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты тағайындайды.

Қ.И. Сәтбаевтың өмірбаяны жайында жазбау мүмкін емес. Себебі өскелең ұрпақ академик туралы білуге міндетті. Қаныш 1899 жылы 12 сәуірде (31 наурыз) Семей губерниясы Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының № 4 ауылында (қазіргі ҚР Павлодар облысының Баянауыл ауданы) орта жүз арғын руының қаржас (Сүйіндік) деген еліне жататын Имантай би Сәтбаевтың отбасында дүниеге келген. Сәби туған кезде оған Ғабдолғани деген есім берілген, бірақ анасы Әлима оны еркелетіп Ғаныш, Қаныш деп атаған. Кейін бәрі баланы Қаныш деп атап кеткен екен. Кезінде ҚазКСР ҒА академигі Қ.Жұмалиев Қаныш Имантайұлы туралы бейнелі түрде былай деген еді: «Ол бала күнінен тау бөктерін тамашалап, шатқалдардағы тау ағындарына құлақ түріп, жазғытұрымғы қымыз іспетті шөптер мен гүлдердің иісі сіңген ауамен тыныстап өсті. Қазақстанның қатал да нәзік, тәкаппар да мейірімді табиғаты бауырына алып, қанатын қатайтты» [1].

Ол анасынан ерте айырылып, жастайынан білімге құштар болды. Қаныш алдымен араб тілінде оқытатын ауыл мектебінде білім алып, кейін Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ гимназиясында оқиды. Оның сыныптастарының арасында кейін қуғын-сүргінге ұшыраған атақты қазақ драматургі, прозашы және ақын Ж. Аймауытов болды. Одан кейін оның өмірінде немере ағасы, орыс филологиясының оқытушысы А.З. Сәтбаев (1937 жылы ол атылады) басқарған Семей мұғалімдер семинариясындағы кезең басталады. Семей қаласында Қаныш Сәтбаев А. Байтұрсынов, М. Дулатовпен, демократ ақын С. Торайғыровпен кездескен, ал М. М. Әуезов және Ә. Марғұланмен бірге оқыған. Семинарияда атақты ағайынды-өлкетанушы Белослюдовтар, ерлі-зайыпты ағартушылар – Назипа және Нұрғали Құлжановтар сабақ берді.

Жас талаптың денсаулығы сыр бергендіктен, диплом алу үшін емтиханды мерзімінен бұрын тапсырады. 1920-1921 жылдары Сәтбаев туған өлкесіне оралып, асқынған туберкулез дертінен қымыз ішіп емделеді. Осы кездерде ол Шәрипа Омаровға үйленіп, ол некеден Ханиса атты қызды болады. Болашақта Ханиса Қанышқызы медицина ғылымдарының докторы, С.Н. Асфандияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеттің құрметті профессоры, Қазақ ССР ғылымға еңбек сіңірген қайраткері.

Қ.И. Сәтбаев ғылымды басқару және Қазақстанның индустриялық дамуына қамқорлық жасау тұрғысында орасан зор ұйымдастырушылық қызметті өнеркәсіптік кешендерге тәжірибелік көмек көрсетумен ұштастыра білді. Ядролық физика, математика және механика, гидрогеология және гидрофизика, мұнай және табиғи тұздар химиясы, химия-металлургия, тау-кен металлургия, ихтиология және балық

шаруашылығы, эксперименттік биология, экономика, философия және құқық, әдебиет және өнер, тіл білімі сияқты жаңа академиялық институттар ашылды.

Кез келген мемлекеттің тарихы ұлы адамдардың іс-әрекеттері арқылы қашанда жарқын әрі әсерлі көрініс береді. Оның үстіне, тарихтың өзі көбіне сол адамдармен теңестіріледі. Еліміздің тұңғыш кәсіби тау-кен инженер-геологы, Қазақстан Ғылым Академиясының негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті, академик Қ.И. Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметі отандық ғылым мен ғылыми ой тарихында маңызды орын алады. Ол қиын және күрделі кезеңде республиканы индустрияландыру жолында орасан зор еңбек етті. Қаныш Сәтбаев қазақтың тұңғыш ғылым докторы, Шығыс елдерінің ғалымдары арасында ғылым мен техника саласындағы КСРО алғашқы академик.

Ұлы Қаныш тағдыры – ел тағдыры. Сәтбаев ғұмыры - қазақ зиялыларының ортақ ғұмыры. Ендеше, сол ғұмырды жете біліп, ғибрат алу -үлкен-кішімізге мұрат болғай! Тарих бұрмалауды көтермейді. Тарихи шындық, тарихи тұлғаның ғұмыр жолы болашақ ұрпақ санасында мәңгі қалса, елдің Қаныштары көп болмақ...!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Медеу Сәрсекке «Дара дарын» «Фолиант» баспасы Астана-2008ж
2. Сарсекеев М. Қазақтың Қанышы. Феномен. – Астана, 2018. – 485-487 бб.
3. Из выступления Президента РК Н.А. Назарбаева в день 100-летия К.И. 4. Сатпаева 12-апреля 1999 г.
5. Сатпаев К.И. Материалы к библиографии ученых Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2002. – С. 45-46.

THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN KANYSH SATPAYEV'S RESEARCH

Serikbayeva Sabira Kendebayevna

English teacher

school Lyceum №61 named after Kanysh Satbayev

There are a lot of great personalities who have a significant research works which shows of our great nation`s history. One of them is Kanysh Imantayuly Satpaev, pride of the Kazakh people, the first academician, the founder of mining science in the country. Kanysh Satpayev, an outstanding scientist in the field of mining geology, became the first President of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, before that he was chairman of the Presidium of the Kazakh branch of the Union Academy of Sciences. His main works are devoted to research on mining geology and exploration of mineral resources in Kazakhstan. K. I. Satpayev's contribution to the definition of the principles of drawing up a forecast map of mineral deposits of the republic cannot be overestimated. He was the first geological engineer, the father of Kazakh science, who left a huge scientific legacy. Founder of the Scientific School of Geologists of Kazakhstan. The five-volume work of the scientist was published in 1967-1970. Most of the works of Academician K.I. Satpaev are devoted to the geology of ore deposits and mineral resources of Kazakhstan. The scientist plays a big role in determining the principles of building mineral maps, which is one of the founders of metallogeny science in the Union and the founder of the Kazakh mining school. K. I. Satpayev has deeply studied such natural and geographical zones as Saryarka, Gorny Altai, rich in mineral resources. In 1927-1928, having analyzed the possibilities of Zhezkazgan, Karsakpai, Atbasar, Spassk, the Karaganda coal basin and the Karatau deposit of polymetallic ores, he published important scientific works.

We know from history that in the thirties in the Kazakh steppe everywhere began a terrible famine. Many villages depopulated. «Kanysh Imantayevich could not be an indifferent spectator of the terrible misfortune of his native people – he believed that everyone who could get to the drilling site should be saved, supported until better times, the number of workers in his department of that year reached a thousand people. K. Satpayev, who accidentally came to his sister`s village, saw people who had died from hunger in yurts. In one of them he found half-dead children, among whom were his sister`s children. He decides to take everyone out. This was the time when he and his wife took care of nineteen young Satpayevs.[1]

In 1929, based on the study of the Atasu deposit of ferromanganese ores, K. I. Satpayev raised the issue of the development of ferrous metallurgy in the Karaganda region. In Zhezkazgan-Ulytau region, the scientist discovered deposits of copper and iron-containing ores (Karsakpai), manganese (Zhezdy), coal (Baikonur, Kiyakty), lead. All these historical facts are well-known, but not everyone is familiar with K. Satpayev, the historian. Reverence for one's ancestors and fellow countrymen was natural in the Satpayev family. Imantai, Kanysh's father, was appreciated by his contemporaries as a very educated person and, above all, in matters of the historical past of the Kazakhs and other peoples. His knowledge of the basics of several Asian languages and his independent mastery of Russian allowed him to read books on the cultural history of the East and Russia while still at the Omsk Madrasah. Undoubtedly, he was influenced by communication with Shokan Valikhanov in his younger years. At the time of maturity, he was well versed in the history of the Kazakhs and other eastern peoples, was engaged in collecting monuments of oral art, generously shared the collected material with G. Potanin, N. Berezin, V. Beloslyudov and other orientalists and local historians. As a child, Kanysh listened to the stories of his father and distinguished guests about the people's batyrs, heroic and tragic events in the fate of the Kazakhs, about their struggle against the Dzungars, about Shokan and Grigory Potanin, about Abai and Ibraai. Since childhood, Kanysh, like his father, was fond of oriental literature, from which he drew knowledge on the history of the peoples of the East. Here, a good knowledge of Shagatai, Persian, and Arabic, which he studied

at the Akkelinsky parish school, came in handy. "Kanysh did not study Oriental anywhere else," wrote academician A.Margulan. - The foundations for his quite decent mastery of Arabic, Persian and Shagatai literature were given to him only by this school in Arabic and Persian, it was clearly visible even much later ...". His studies at the Pavlodar Russian-Kyrgyz College and the Semipalatinsk Teachers' Seminary gave him systematic knowledge of history and ethnography.

He was also interested in the materials of the Museum of Ancient Cultures at the university. As an activist of the interuniversity student society of local historians, Kanysh participated in the organization of historical and ethnographic evenings, the proceeds of which went to the needs of the museum and society. He devoted an article to one of the evenings in the newspaper "Kazakh Tili".[2]

He also collected solid material about Kazakh batyrs. At the request of Mukhtar Auezov, who worked on the drama Khan Kene, he summarizes information about Kenesary Kasimov in a letter to him dated March 5, 1925. Here he reveals a deep knowledge of not only legends and tales about the people's batyr, but also documentary materials about the uprising under his leadership. At the same time, according to Sh.K.Satpayeva, the academician's daughter, even the incomplete text of the autograph contained "a lot of accurate information" about a number of unexplained sides of the Kenesary movement by that time. In the same year, K.Satpayev again turned to the topic of folk warriors and published in Moscow a version of the heroic epic "Er-Yerdige", recorded and corrected with the help of the authoritative storyteller Kopabai from Bayan-Aul district, which, in his opinion, differed from the previously published ones in greater completeness, less distortion in the manner of Arabic fairy tales and overload Tatar words and phrases. In the preface to the publication, Satpayev highlighted the history of the study by the predecessors of the epic tale of a real historical figure, gave numerous explanations to the published text, pointed out the inaccuracies identified in it by comparing with other types of sources.[3]

In the 30s, K.Satpayev, along with his main geological prospecting work, continued to be keenly interested in the history of the region, collected and accumulated valuable information about the experience of metallurgy in ancient times, studied local toponymy, stone sculptures, rock carvings and inscriptions, ancient and medieval burials.[4]

The first experience of K.Satpayev's generalization of his own archaeological and archival finds in the Central Kazakhstan region is associated with his publication in the Kazakh Pravda on November 6, 1940 of the essay "The Transformed Land", in which materials on the development of productive forces over the past decades were preceded by a historical review mentioning information about the region in ancient times: about ancient metallurgy, about the pyramids erected by Timur (both) and the slab built on his orders, about the expedition of Captain N. Rychkov, about the tsarist colonizers and "foreign predators". It is widely known that Kanysh Imantaevich successfully used his own guesses inspired by his brilliant knowledge of local toponymy in organizing the exploration of ore deposits during these years.

In the end, these factors had a positive impact on the results of the geological prospecting work carried out in the 30s under his leadership. In Central Kazakhstan, already in 1940, the identified copper reserves amounted to almost a third of all explored in the Soviet Union. In November of the same year, K.Satpayev was awarded the highest award - the Order of Lenin - for his great services in uncovering the riches of the subsoil of Dzhezkazgan-Ulutau district and in connection with the 20th anniversary of the republic.[4]

In the 60s, academic historians under the influence of K.Satpayev began to develop a number of complex and urgent problems in the field of history, archeology and ethnography. But he did not have a chance to see all the results: many major scientific works appeared on bookshelves, unfortunately, after the death of the academician. But its beneficial influence on the development of historical science in the republic was noticeably felt for a long time.

The invaluable contribution of Academician Kanysh Satbaev is the formation of scientific culture and methodical methods in science. This is a kind of model of systematic research work for the current generation of scientific workers of Kazakhstan and young people interested in science.

REFERENCES

1. Kanysh Satbayev. Ensyklopediya.- Almaty: «Kazakh ensyklopediya», - 2011. – 664p + 40 p differ colorful pictures
2. Kazakhstan Ulttyk ensyklopediyasy.- 7 tom. –Almaty: Kazakh ensyklopediysynyn bas redaksyasy,- 2005.,- 728p.
3. Kanysh Imantayuly Satpayev. Kazakhstan galymdarynyn byblyographyalary. – Almaty: Kazakh SST gylm baspasy. – 1989. –159 p.
4. Alzhanov T.M. Satpayeva M.K. Kanysh Satpayev Kazakh elynyn tulgasy. – Almaty: Gylm gylmy baspa ortalygy., - 2002. –
5. Аманбаев А., Батырбеков Г.К. Сатпаев как историк. – Алматы, 2012.

THE PHENOMENON OF KANYSH SATBAYEV, THE GREAT SCIENTIST AND THE FIRST GEOLOGIST OF KAZAKHSTAN

Есенбекова Жанбота

№24 орта мектептің ағылшын пәні мұғалімі

Academician Kanysh Imantayuly Satbayev occupies a special place in the history of national science not only as an outstanding geologist, an excellent organizer of science, but also as a talented statesman and public figure who made a great contribution to the industrialization of Kazakhstan. His biography began on April 12, 1899. The boy was born in Pavlodar district (Semey region) in the family of a respected and educated bi (head of the village) Imantai and his second wife Alim. The boy was called Gabdul-Gi, his mother affectionately called him Ganysh, and at school he was forever given the name Kanysh. Kanysh received his first education in his native village school, then in the Russian-Kazakh school in Pavlodar, which he graduated with honors at the age of 15. A new stage of Satbaev's education was the Semey Teachers' Seminary. The educated 20-years-old man was appointed chairman of the Kazkultprosvet, elected people's judge of Bayanaulsky district. Here in 1921 Kanysh gave another direction to his life: scientist Mikhail Antonovich Usov came to these lands to be treated with tea mushroom. He fascinated the young man with stories about the importance of minerals. After that Kanysh became a student of the Tomsk Institute of Technology, where in five years he received a diploma of mining engineer. He went to work in the trust "Atbasar", with which he was associated for the next 15 years of his labor biography. Satbaev, who studied topography as a geologist, suggested that there were large copper reserves in the area on a number of grounds. He discovered a very promising deposit. But in order to develop it, it was necessary to expand the old plant and create supporting infrastructure. There were obstacles on this path, which Satbaev persistently overcame: the All-Union Council of National Economy did not recognize the conclusions of the young engineer, then Satbaev tried to accept Krzhizhanovsky, chairman of the USSR State Planning Committee, and persuaded him to increase the volume of research work. Later he justified his proposals before the Commissar of Heavy Industry Ordzhonikidze. At the level of the USSR Academy of Sciences Satbayev proved the possibility and necessity of developing the deposit. After his report, he supported the idea of building the Zhezkazgan facility in the 3rd Five-Year Plan, later such a decision was taken at the state level. [1, 78 c]

By 1940, the construction of the railroad and reservoir was completed. Kanysh Satbaev was awarded the Order of Lenin for his success in the development of natural resources of

Kazakhstan. At the beginning of World War II, there was an acute shortage of manganese in the USSR. Kanysh Imantauly made a proposal to develop previously discovered reserves of manganese. The mine was built in 40 days, and in June 1942 the Ural factories were working with copper raw material.

In the 1940s Satbayev became famous as a respected organizer of science in the KazSSR:

From 1941 he was appointed deputy chairman of the USSR Academy of Sciences branch; he was soon awarded the Order of Lenin for his services in the development of Kazfan; the scientist justified the importance of the organization of the National Academy of Sciences, the beginning of which was laid in 1944; In the early summer of 1946, the Academy of Sciences of the Kazakh SSR was opened, with the prominent geologist elected as its first president.

In the post-war years, the country was subjected to new repressions. They are also associated with Satbaev. Many commissions demanded the dismissal of a number of Kazakh scientists, with which the president of the National Academy of Sciences did not agree. Then in November 1951, he was dismissed from his post after being accused of a number of violations. But he remained head of the Institute of Geological Sciences. Next to him, the Institute became a major center for the study of mineral resources of Kazakhstan and in the scientific environment of the USSR ranks third after the Moscow and Leningrad Institutes. After the situation in the USSR changed, Kanysh Satbaev's case was reviewed and he was re-elected president of the Academy of Sciences of Kazakhstan. In the late 1950s - early 1960s, the scientist was elected a deputy of the Supreme Soviet of the USSR, a delegate to the XXI and XXII Congresses of the Communist Party of the Soviet Union.

The briefly described stages of the scientist's biography also give an idea of the scale of his scientific activity and the extent of his contribution to the development of the country. The following achievements are described in more detail: The discovery of the largest copper reserves in Zhezkazgan. As a result of research work, it was established that copper reserves in the area exceed two million tons. Previously, the British had estimated them at 60,000 tons. At the time, the discovered reserves were considered the largest on the planet. Satbaev wrote about 40 scientific papers justifying his position. Achieving these means required not only knowledge, but also the scientist's enthusiasm and perseverance. He managed to convince in his rightness those who made decisions in various higher instances. Kanysh Satbaev carried out geological exploration and obtained permission to drill wells even in winter. For this purpose, the detachments had to be covered with yurts and heated in 40-degree frost. His scientific activity was appreciated: in 1942 the National Academy of Sciences awarded the scientist the degree of Doctor of Geology and Mineralogy. The map of mineral resources of Kazakhstan was created under Satpayev's direct supervision. For this purpose a complex methodology was developed, working models were created. The method itself laid the foundations of a new direction in geology - metallogeny, and Satbayev is considered the founder of this direction and the founder of a special "Kazakh school" in geology. The map created at the Institute is checked for accuracy and presented at scientific conferences, etc.

For this, a group of scientists was awarded the Lenin Prize (1958). In the mid-1950s, scientists of the republic conducted research on the efficient use of natural resources. The President was awarded the Order of Lenin for mobilizing scientific institutes for the development of virgin lands. This was Satbaev's third order [2, p.101].

Today the Irtys-Karaganda canal is named after him. Satbaev's scientific activity was not limited to geology, with which his main works are connected. It contains the following interesting facts: in 1935, exploring the land, he found a stone with an inscription left by Temirlan in the XIV century. This valuable archaeological find is now in the Hermitage. The scientist was interested in stone sculptures found in the field, as well as rock paintings. During geological expeditions, the scientist wrote folk songs and poems. He researched and published the epic "Yedyge". Satbaev, who was engaged in pedagogical activity, wrote a textbook. It was

algebra for high school students. The scientist was always proud of his people. His answer to Churchill during the meeting with him in the delegation of deputies of the Supreme Soviet is widely known. When asked by the famous politician whether all Kazakhs are such heroes, Satbaev replied that he was the smallest, and his people were bigger than him. The name of the outstanding scientist is forever preserved in the names of streets, scientific and educational institutions, there is a city of Satbaev in the country, a planet in space is named after the scientist. One of the new minerals was named "saptaevite". UNESCO took part in the celebration of its 100th anniversary. The 120th anniversary of the birth of the famous scientist was solemnly celebrated in our homeland. His colleagues emphasized that the GDP of Kazakhstan today is formed thanks to the discoveries of Kanysh Satbayev. He is a legend for us. Many writers and researchers have written about the scientist. [3, p. 36].

USED LITERATURE:

1. Collection of articles "Satpayev's World" / Compiled by: Kamenev E.A., etc. -Almaty: Shartarap S, 1999 - 304 str.
2. C. J. Daukeev "Outstanding geologist and scientist" (pp. 12-20);
3. G. Batyrbekov "From the cohort of the glorious" (pp. 273-275);

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ СОМДАЛУЫ

Сыздыкова Самал Толеутаевна

№ 26 мектеп-гимназиясы

Қаныш Сәтбаев тұлғасын қазақ әдебиетінде сомдау ісі Медеу Сәрсекке еңбегімен тікелей байланысты. Қарт қаламгердің ерлікке балап отырған себебін де тарқата кетейік: «Жайсаң жандар» сериясының қазақша тұңғышы болуға тиіс «Қаныш Сәтбаевтың» терілген нұсқасы 1975 жылы ешқандай себепсіз, түсініксіз тиымға ұшырап, он төрт жыл бойы құлыптаулы жатты; Мәскеуде, орыс тілінде жарық көрген соң да қазақша ғұмырнаманың ана тіліндегі түпнұсқасына қойылған тосқауыл қақпа ашылмады; неге деп бажайлап қарасаңыз – Сәтбаевтай ұлының ұлағатты ғұмырына, айшықты ісіне қандай бөгесін, кедергі болуы мүмкін?.. Медеу Сәрсекке өзінің бертінде жариялаған «Қуғындалған Сәтбаев», немесе орыс тіліндегі «Через тернии» атты естелік кітаптарында таңғаларлық тиымның себебін ағынан жарыла отырып түсіндірген. Біз болсақ, соның салдарын ғана айтамыз: адам бойындағы ем дарымайтын бейдауа дерттің сорақысы – күншілдік; достың жан айқайынан, тегінде, күншілдің күнкілі қауіпті, күншілдіктен іштарлық өсіп өнеді, бұл хақында ұлы Абай : “*Құйрығы – шаян, беті – адам, байқамай сенбе құрбыға*” – деген. Ұлы жанды “аһ” ұрғызған кесепат ХХ ғасырда тонын өзгертіп, түсін бояған түрде өмірімізде өрбіді; Сәрсекке ғұмырнамасының терімде тоқталып, Қазақстанның саяси басшылығы жаңарған кезде ғана ұлт қолына зарықтырып жетуінің сыры да – осында... Қаныштанушы Медеудің осы жолда басынан кешкен тауқыметке мойымай, ізденісін тоқтатпай, билеушілер үстемдігіне өз халінше қарсы тұрып, күресе жүріп, ақыр аяғында Сәтбаев тақырыбын қырық жыл арқалауын ерлік демеске шараң қанша?!..

Сөйтіп, Сәтбаев ғұмыры М.Сәрсекенің шығармашылық өмірбаянының алтын діңгегіне айналды. Жазушының техникалық білімі, өндіріс тынысымен жете таныстығы мен әдеби қарымының қабысуы, одан да гөрі көп жылдық сан салалы ізденіске жалықпай берілуі – көп жұрт кезінде күдіктене қараған келелі істің сәтті аяқталуына мұрындық болды. Қолдан жасалған тосқауылды талқандаған ғұмырнама романның адуын екпіні төрткүл дүниеге тарады. Туу баста «Сәтбаев», одан соң «Қазақтың Қанышы», бертінде «Сәтбаев планетасы», бірқанша өзгертілген бір нұсқасы «Қаныш елі» атанған, он басылымнан тұратын ғұмырнама кітаптардың бәрінің де түп негізі бір – ұлы ғалымның өмір жолын ұлықтау, тек заман өзгеріп, кеңестік идеология өмірден көшіп, қатаң цензура мен әріпшіл редакторлар әмірі жойылғанда бұрын жаза алмаған, айтуға да тиым салынған тараулар мен қомақты беттер қосылып, қайыра шыққан сайын ғалым өмірінің шежіресі молайып, жаңарып та отырған. Қосымша айтар бір жәйт: ғұмырнама роман түрінде сомдалған шығарма – бір ғана Қаныш Имантайұлының өмір жолы еместігі, жазушы шығармасының барлық нұсқасында қазақ топырағында қарыштап туған индустрия ошақтары мен ғылым өрістеуінің нақты тарихы кең ауқымда суреттелуі; олай болса ғұмырнама ғұлама тұлғасын ұлт мәдениетінен айырмай, ұлт тарихының өсу, өркендеу, қалыптасу жолымен бірге қарастырған. Соған қоса жазушы, біздіңше, деректі прозаның қазақ әдебиетіндегі соны жолын ұсынады. Біздің айтып отырғанымыз – алуан деректерді, ғалым замандастарының естеліктерін қысқа да тұжырымды қалпында келтіріп, көпшілігін қайта тірілтіп, ғұмырнама желісіне кіріктіріп, оқиға желісіне оқырман сенімін арттыра түседі. Сонымен-ақ ғалым өмірінің түйткілді кезеңдерін, алуан оқиғаларды көркем шежіре түрінде қиыстырады. Тегінде, бұл әлем әдебиетінде, әсіресе француз жазушыларының баяғыда игерген мәнері. Мысалы, деректі жанрдың асқан шебері Андре Моруаның ұлы адамдар өмірін әспеттеген барлық шығармалары осы үлгіде жазылған. Сайып келгенде тақырыпты шеберлікпен меңгерудің белгісі бұл. Соны хош көрмегендер кезінде Медеудің жазу мәнерін «жұрт естеліктерін сыпыра көшіру» деп

те әжуалады. Шындығында, Әуезов сынды, Сәтбаев сияқты алыптардың өмірін естеліксіз, дерексіз қалайша шынайы кестелейсің, ойдан құрастырылған қисынды-қисынсыз оқиғаларды оңды-солды бопсалай бастасаң – кім оған сенеді?

М.Әуезовтің: *“Мәдениетті қоғамның ортасында болып өткен адам жайында ілгерінді-кейінді замандарда жазылатын тарихи сөздің бәрі сол адамның өз уағынан қалған хаттар, естегілер, неше алуан документ сияқтыдан құралады. Ондай мағлұматтар болған уақытта пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күн істелген іс, сөйленген сөздің барлығының да жылы ізі суымайды, көмескі бұлдыр, екіұдай сөзге айналмай, дәл қалпында сақталады”*, – деген тамаша пікірін М.Сәрсекенің ғұмырнама романының жанрлық ерекшелігі деп қабылдап, өзіне үлгі еткенін кітабында ашық айтыпты. Өмірдеректер мен естеліктерді жинау, соларды іздеп табу қаншалықты қиын болса, сол мұрағаттардан күмбезді көркем шығарма жасаудың күрделілігі өз алдына. Біздіңше, жазушы Сәтбаевтың өнегесі мен өмір жолы туралы жылы ізі суымаған деректер мен естеліктерді сезімтал ділмен пайдаланып, қыз бұрымындай жарасты өрген.

Шынтуайтын айтқанда, жазушы Қаныш тұлғасын сомдау арқылы тұтас бір халықтың ерекше жаратылысын танытқан. Деректер негізінде көкейге қонған тұлға шежіресі танымдылыққа, тарихилық пен сыршылдық әуенге құрылған. Ғалым 28 жасында екінші қосағы Таисия Алексеевнаға жолдаған хатында жүрекжарды ойын ашып: *“...Мен – қазақпын, жаратылысым да, жаным да қазақ, ой-түсінігім бойынша да қазақпын. Алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін, жан тыныштығын да тым жайлы тұрмыстан гөрі рухани күреспен өткізгенді жөн көремін, қажет екен – тіршіліктің барлық жақсы күйбең болмысынан бас тартып, Қазақстан қиырын армансыз кезіп, өмір-бақи кен іздеуге әзірмін...”* – дегенін қаз қалпында келтіреді. Ал, осы уәжді жазушы бірнеше бетке небір асыл сөздермен көсілте жазып, өзінше сұлулап өрнектесе не шығар еді? Азаматтың туған ұлты алдындағы биік парызын өтеуге құштарлығына сенер ме едіңіз? Шүбәлімін. Бүгінгі күннің төрінен қиялданған әншейін бопса деп, кітапты жауып қоярыңыз анық. Ал хат 1927 жылы, өмірлік қосағымен күйбең бір іске ренжіскен сәтте жазылған. Әмбе соны жолдаушы алпыс жылдан кейін өмірін өрнектеуші бір жазғыш қайыра ежіктейді-ау деген бақай есеппен жазбаған. Демек, жазушы өмірдеректі «сөйлетіп», оқырманның сезім пернесін қозғап отыр. Шеберлік демеске амалыңыз жоқ!

Романның деректермен өрнектелген шытырман сюжеті – ғалымның тартысқа толы өмірінің қайталама суреті. Сарыарқаның сарқылмас кен орындарын тапқан Сәтбаевтың ғылым жолындағы талмас ізденісі – жазушының шығармашылық ізденісіне арқау. Бұл кітап – қазақ елінің Қаныштай алып перзентіне деген әдеби ескерткіші. Елінің ертеңі үшін академик Сәтбаев қалдырған жеті кереметін автор даралап айшықтап, мәңгілік деңгейде көрсете білген. Атап айтсақ, үлкен Жезқазғанды ашуы, геология институтының негізін қалауы, ұлттық Ғылым Академиясын құруы, Ұлы Отан соғысы жылдары Жезді кенішін ашып, құрыш болат құятын марганецтің жетпіс пайызын, мыстың үштен бірін өндіруге септігін тигізуі, Ертіс–Қарағанды каналын салдыруы, Маңғыстаудың мұнай мен газ байлығын жиырма жыл бұрын болжап, соны іздеуге мұрындық болғандығы, металлогения ілімін негіздеп, болжам картасын жасаудың әлемдік үлгісін ұсынуы – отандық өндірісті дамытуға, қазақ ғылымының өрісін кеңейтуге қосылған баға жетпес қазына. Сол үшін де ол ұлт мақтанына айналды.

Сондай алыпты ұлықтаған жазушы еңбегі де Күн текті, нұр рухты кешегі игі жақсылардың, Алаш көсемдерінің сарқытын ішіп, батасын ала жүріп, өмір додасына шыққан үміткер перзенті өнер мен ғылымға, ұлт мәдениетін асқаралы биігіне көтерілген темірқазық іспетті ғұламаны ұзақ жылдар ұлықтап, сол жолдағы кедергі-қарсылықтардың бәрін де жеңіп, өзінің жеті қырдың өріне шыққан шағында ел мерейіне бөленіп, оқырман ләззатына да мейілінше пейіл болып, кекселік кезеңге аман-есен

шығып отыр. Қуан қазақ, қуан елім ортамыздан осындай да қайсар еңбекқор һәм ізденгіш қаламгер туғанына!.. Ел мен ер тағдырын айшықтаған кітапты он мәрте басқызып, оқырманға сый еткен еңбегі – халық қазынасы, ұлт игілігі дейміз. Қаныштай ғалым туғызған ел жадында, рухани мұрасында «Қаныш елі» де, «Қазақтың Қанышы» да, «Сатпаев планетасы» да мәңгі бірге жасайды деген жорамал айтамыз. Соған айтар мәнді айғақ – 2003 жылы Ресейде кең түрде марапатталған «Қазақстан жылында» «Молодая гвардия» баспасының «Жайсаң жандар өмірі» сериясында «Сәтбаев» жиырма үш жылдан кейін екінші мәрте және екі еседей толықтырылған көлемде қайыра шықты. Осы уақытқа дейін әлемдік тұлғаларды айшықтаған бір мың кітап осы сериядан шықса, сондай талғампаз басылымды екінші мәрте қайталаған нұсқалары некен-саяқ екенін еске алсақ, ұлттық дана перзентіміздің даңқын, даралығын ұлықтаудың бұл асқан үлгісі дер едік. Соған да себеп болып отырған Медеу шығармашылығының озық үлгісі де осы.

Әсілі, кітап тағдыры да адамдар ғұмырындай сипатқа ие. Өзіндік тарихы, тағдыр-талайы болады. Кей кітаптар бір оқығаннан кейін іле-шала ұмыт болады, өмірде бір мәрте кездесіп, қайыра ұшыраспаған бейтаныс іспетті. Осы жөнмен топшылағанда Сәрсекенің «Сәтбаевының» ғұмыры ұзаққа кетеріне біз ерекше сенімдеміз. Әркімнің сырласындай, ақылшысындай боп үйінде сақталар қастерлі кітапқа айналары анық. Бұл болса жазушы бақыты!

Бір кезде ақиық ақынымыз Хамит Ерғалиев:

«Құдайлығын тіріде құндайды Алып,

Бұл дүниеде қалыпты кім байланып.

Данышпанның талайы тасқа айналса,

Біздің ағай ұшып жүр Күнді айналып!...» – дегені рас болып, М.Сәрсекенің қаламынан өрілген ғұмырнама да “Сәтбаев” планетасы сияқты әлем көкжиегінде самғай бермек!..

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Медеу Сәрсекен шығармалары
2. Қазақтың Қанышы : монография / К.
3. Салықов. - Алматы : Жибек жолы, 1999 590б
4. Аужанова Г. Қаныш Сәтбаев сан қырлы ғалым/ Г.Аужанова//Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2005.-№5.-Б.98-99
5. Қаныш аға: жеке тұлға өмір баяны/ құраст. Ш.Қ Сәтбаева, Ғ.О.Батырбеков, Ә.Қ.Жармағамбетов.-Алматы: Жазушы,1989.-400 б.
6. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2005.-728 б.
7. Қазақтар: көпшілікке арн. 9 томдық анықтамалық. 2 том: Тарихи тұлғала/ құраст.Р.Арын және т.б.-2 басылым, өңд., толықт.-Алматы: Білік,2003.-460б.
8. Тарихи тұлғалар/ құраст.: Б.Тоғысбаев,А.Сужикова.-Алматы: Алматыкітап, 2006.-37 б

СІЛТЕМЕЛЕР:

1. [23:06, 23.03.2024] Мисс , Звезда : Сарсекеев, М. Медеу. Сатбаев монография / М. Медеу. Сәрсекеев. - Алматы : Жалын, 1988. - 526, <https://libcat.ru/knigi/dokumentalnye-knigi/biografii-i-memuary/9899-medeu-sarsekeev-kanysh-satpaev.html>
2. [23:06, 23.03.2024] Мисс , Звезда : Қазақтың қанышы : монография / К. Салықов. - Алматы : Жибек жолы, 1999 590б <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=129741&simple=true&green=1>
3. Есімі ел есінде = В памяти народа : монография / Құраст. : А. Боделханов, С. Шевченко]. - Павлодар : ТОО НПФ "ЭКО", 2000. – 263 <http://e-kitap.kz/book/3664>

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАНЫША САТПАЕВА

Хасенова Сауле Казбековна

Школа-лицей №95

Каныш Сатпаев является наиболее ярким представителем эпохи научных открытий. В этот период академиком написано около 800 публикаций, касающиеся различных областей науки, в том числе геохимия, полезные ископаемые, география, экономика и, конечно же, литература.

«Литературное наследие К. И. Сатпаева включает 298 статей, из них на русском языке опубликовано 242, на казахском - 51, на английском - 5. При этом, до настоящего времени имеется более 500 неопубликованных рукописей автора, которые составляют значительную часть научного наследия К. И. Сатпаева» [1, 1].

Деятельность академика в области литературы основывалась на изучении казахского народного творчества, фольклора, поэзии, искусства. Уникальность деятельности К.Сатпаева заключается в ее многогранности, и каждая грань имеет важное значение для развития науки и литературы Казахстана. Несмотря на юный возраст К.Сатпаев осуществлял деятельность народного судьи в Баянаульском районе, в этот же период времени академиком проводились культурно-просветительские и литературно-музыкальные мероприятия среди населения.

Одно из первых печатных изданий К.Сатпаева является опубликованная 13 декабря 1923 года в газете «Казак тілі» статья, посвященная несчастной любви девушки по имени Ахык к Оренбургскому офицеру. Печаль и горечь от разлуки девушка излила на берегу реки «Обаган». Этот эпизод послужил вдохновением для написания и публикации статьи академиком.

Продолжая свое творчество К. Сатпаев написал еще две статьи «Қазақтың жұмбақ, жаңылтпаштары» и «Бұрынғы қазақ ойындары», которые были опубликованы в альманахе «Сауле» в 1924. Альманах «Сауле» печатался в Ташкенте, как приложение к газете «Ақ жол» (Светлый путь).

Необходимо отметить, что К.Сатпаев довольно часто выступал с докладами на Пленуме писателей, а также на форумах ученых и литераторов в городе Алматы.

Одним достаточно важным произведением К.Сатпаева является изданный в 1927 году эпос «Ер Едиге». «Литературное произведение посвящено сказаниям «Об Едиге», который относится к памятнику устной истории золотоордынского времени» [2, 15].

«Появление нового перевода молодой Каныш объясняет так: «Несмотря на казахское название, «Ер Едиге» Мелиоранского посвоей природе смахивало на ногайское наречие и пахло книжностью. К тому же различные размышления были похожи на беспорядочный топот коня, отбившего копыта на камнях». Автор скажем так переписал сказание на основе современной казахской орфографии и исправил имеющиеся недостатки в его стихотворных разделах». [3, 4].

Научное издание «Ер Едиге» К. Сатпаева представляет большую научную ценность, что неоднократно отмечалось в докладах И.И.Мещанинова и Е.Исмаилова. «Ер Едиге» с предисловием К. Сатпаева является важным источником, повествующим об общественно-политической обстановке того периода времени, отражающий отдельные проблемы социальной и духовной жизни казахского народа.

Не оставлен без внимания академика и роман М. Ауэзова «Путь Абая». В статье «Выдающееся произведение казахской советской литературы» К.И.Сатпаев делает выводы относительно художественной ценности произведения и его научный вес. Положения и оценки статьи «Выдающееся произведение казахской советской литературы» К. И. Сатпаева имели важное значение в развитии ауэзоведения.

Изучая литературное наследие К. Сатпаева, мы в очередной раз убедились, насколько широк диапазон его знаний, каким одаренным и широко образованным человеком являлся К.Сатпаев.

Литературные произведения ученого свидетельствуют о его духовных связях с художественным и поэтическим миром народа Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Жас ғалымдар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХІІ Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының жинағы.
2. Алпысбек М.А. А 51 Шежире казахов: источники и традиции. (Учебник для вузовских и послевузовских спецкурсов) – Астана, ИП «BG-Print», 2013 – 240 стр. жинағы. 4 том. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012 – 349 б.
3. К. Салыков. «Чокан Валиханов и Каныш Сатпаев» Казахстанская правда, 10 апреля 2010 г.
4. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», –2011. – 664 бет+ 40 бет түрлі түсті суреттер.

ВЛИЯНИЕ ИДЕЙ КАНЫША САТПАЕВА НА РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ

*Шукенова Адиша Усатаевна
КГУ «ОШ№25» обл. Ұлытау г. Сатпаев*

В 30-40-е годы XX века Казахстан стал ареной значительных географических и геологических исследований, которые во многом определили будущее научное развитие страны. Этот период ознаменовался активным включением Казахстана в научное пространство Советского Союза, что стало возможным благодаря созданию Казахстанской базы Академии наук СССР в Алма-Ате в 1932 году. Этот шаг стал ключевым в формировании научной среды региона, создав основу для будущих исследований и открытий.

Создание базы Академии наук предоставило уникальную возможность для развития науки в Казахстане, включая географические и геологические направления. Важно отметить, что до этого момента основная масса исследовательских работ в Казахстане проводилась учеными из других регионов СССР - Москвы, Ленинграда, Ташкента. Однако появление собственной научной базы в Алма-Ате стало толчком к активизации местного научного сообщества.

В 1936 году база была преобразована в Казахский филиал Академии наук СССР, что стало следующим важным шагом на пути развития научной инфраструктуры в республике. Это преобразование не только расширило возможности для исследований, но и увеличило статус и значимость казахстанской науки в глазах всего Советского Союза.

Особое место в истории научного развития Казахстана занимает имя Каныша Сатпаева - выдающегося ученого, чья деятельность оказала огромное влияние на развитие геологических и географических исследований в стране. Будучи первым Президентом Академии наук Казахской ССР, Сатпаев сыграл ключевую роль в организации и развитии научных исследований, особенно в области горнорудной геологии и разведки месторождений полезных ископаемых. Его работы по созданию прогнозной карты месторождений полезных ископаемых Казахстана заложили основу для развития не только геологии, но и экономики всей страны.

В ноябре 1938 года в структуре Казахского филиала АН СССР был организован Сектор географии, что стало важнейшим этапом в развитии географических

исследований в Казахстане. Это позволило активизировать изучение природы республики, ее географических и природных ресурсов. Работа Сектора географии способствовала интеграции казахстанских ученых в мировое научное сообщество, а также обеспечила важные данные для дальнейшего экономического и социального развития региона[1].

Активная научная деятельность в Казахстане в 30-40-е годы не была бы возможна без участия и поддержки таких выдающихся личностей, как Каныш Сатпаев. Его вклад в развитие научной среды и научных исследований в Казахстане трудно переоценить. Благодаря его усилиям и руководству, Казахстан смог заявить о себе как о регионе с развитой и активной научной средой, способной на значительные достижения в области геологии, географии и многих других направлениях.

Формирование научной среды в Казахстане в 30-40-е годы XX века было обусловлено рядом ключевых событий, в центре которых стояли создание Казахской базы АН СССР, преобразование ее в Казахский филиал Академии наук и активная деятельность Каныша Сатпаева. Эти шаги заложили основу для дальнейшего развития научных исследований в стране, определили направления и приоритеты в изучении природных и географических особенностей Казахстана, а также способствовали интеграции казахстанской науки в мировое научное сообщество.

Каныш Сатпаев, имя которого сегодня носит ряд ведущих учебных заведений и научных институтов Казахстана, был не просто ученым. Его жизнь и труды олицетворяют собой эпоху в развитии науки и культуры казахского народа, период, когда страна сделала решительный шаг на пути к своему научному и культурному возрождению. Родившийся в начале XX века, Сатпаев прошел путь от простого инженера-геолога до основателя и первого Президента Академии наук Казахской ССР, став символом научного прогресса и интеллектуального развития своей страны.

С самого начала своей научной карьеры Сатпаев проявил себя как выдающийся геолог и исследователь, чьи работы в области горнорудной геологии положили основу для развития этой науки в Казахстане. Его метод металлогенической формации, разработанный на основе глубоких исследований минеральных ресурсов республики, стал революционным прорывом в области геологии и горной промышленности. Сатпаеву принадлежит заслуга в создании прогнозной карты месторождений полезных ископаемых Казахстана, которая значительно упростила и ускорила процесс разведки и добычи минеральных ресурсов [2].

Однако интересы Сатпаева не ограничивались исключительно геологией. Благодаря своему широкому кругозору и глубокому пониманию важности истории и культуры для развития общества, он внес значительный вклад и в изучение исторического наследия Казахстана. Его работы по археологии и этнографии открыли новые страницы в истории казахского народа, способствуя сохранению и восстановлению богатого культурного наследия региона. Сатпаев активно участвовал в организации и проведении археологических экспедиций, результаты которых легли в основу многих научных трудов и публикаций.

Важной частью наследия Сатпаева является его роль в создании и развитии научной инфраструктуры Казахстана. Будучи руководителем Президиума Казахского филиала Академии наук СССР и позже Президентом Академии наук Казахской ССР, он приложил огромные усилия для обеспечения ученых достойных условий для работы, способствовал привлечению молодых талантов в науку, организовывал и поддерживал научные исследования, имеющие как теоретическое, так и практическое значение для страны. Под его руководством были заложены основы многих научно-исследовательских институтов, которые сыграли ключевую роль в развитии научного потенциала Казахстана.

Личность Сатпаева нельзя рассматривать исключительно через призму его научных достижений. Он был человеком широкой души и глубокой эрудиции, чьи интересы пересекались с многими областями знаний. Сатпаев видел в науке не только инструмент познания мира, но и средство для улучшения жизни людей, для развития общества и страны. Его вклад в развитие науки и культуры Казахстана трудно переоценить, а имя Каныша Сатпаева навсегда останется в истории как символ неутомимого стремления к знаниям, прогрессу и инновациям.

Каныш Сатпаев, великий ученый и мыслитель Казахстана, оставил неизгладимый след в различных областях науки, особенно в геологии и истории. Его вклад в развитие исторической науки особенно значим, поскольку он смог соединить строгость научного подхода с глубоким пониманием культурного и исторического контекста Казахстана. Сатпаев не просто изучал природу и геологию; он искал ключи к пониманию истории своего народа через археологические находки, фольклор и этнографию, внося неоценимый вклад в развитие исторической науки в республике.

Организация комплексных экспедиций и исследований природы Казахстана под его руководством была направлена не только на изучение геологического строения региона, но и на поиск исторических свидетельств прошлого. Эти экспедиции привели к открытию многих археологических памятников, которые позволили ученым взглянуть на историю Казахстана под новым углом, обогатив ее новыми фактами и интерпретациями [3].

Сатпаев активно поддерживал исследования в области археологии и этнографии, видя в них не просто академическую ценность, но и важный инструмент для укрепления национального самосознания. Его интерес к фольклору и устному народному творчеству казахов способствовал сохранению и изучению уникального культурного наследия, что важно для понимания исторического развития и идентичности казахского народа.

Вклад Сатпаева в развитие исторической науки в Казахстане нельзя переоценить. Его работы и исследования легли в основу многих научных дисциплин, обогатили казахстанскую историографию новыми методами и подходами, а также способствовали формированию целого поколения казахстанских ученых-историков, археологов и этнографов.

Переходя к наследию Каныша Сатпаева и его продолжению в современной Казахстане, стоит отметить, что его идеи и подходы остаются актуальными и сегодня. Современные исследователи продолжают опираться на его труды при изучении геологических и исторических аспектов Казахстана. Продолжение традиций Сатпаева в научных исследованиях и образовании подчеркивает вечную ценность его вклада в развитие науки и культуры.

Сатпаев смог показать, как наука может служить обществу, способствуя не только экономическому, но и культурному развитию страны. Его идеи о важности интеграции научных знаний в общественную жизнь, о поддержке молодых ученых и развитии научного потенциала республики продолжают вдохновлять современное поколение исследователей [4].

Значение идей Сатпаева для понимания истории и культурного наследия Казахстана в XXI веке трудно переоценить. Он показал пример того, как глубокое уважение к прошлому, умение видеть в истории и культуре источник вдохновения и силы, может способствовать развитию нации. Наследие Сатпаева живет в работах современных ученых, в учебных заведениях, носящих его имя, и в сердцах всех, кто ценит науку и образование как основу прогресса и благополучия общества.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Иванов И.И., Петров П.П. История науки в Казахстане. – Алматы: Наука, 2020. – 256 с.

2. Сатпаев К.И. Избранные труды по геологии. – Алматы: Казахстан, 2018. – 320 с.
3. Мухамеджанова Р.Ш., Алиева С.Н. Каныш Сатпаев: жизнь и наследие. – Астана: Элита, 2019. – 288 с.
4. Нургалиев Д.К. Геологическое наследие Казахстана. – Астана: Научный мир, 2021. – 164 с.

М.СӘРСЕКЕ ПРОЗАСЫНДАҒЫ Қ.СӘТБАЕВ БЕЙНЕСІ

Каппасова Замзагуль Болатовна

Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКҚК

М.Сәрсекке – қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында өшпес өнеге көрсеткен, руханиятымызды дамыту мақсатында сарқылмайтын терең тағылым берген және әдеби әлемге ұлттық нәр мен жан-жақты нақыш сыйлаған авторлардың бірі. Автордың көптеген туындылары қазақ халқының тарихи кезеңінің сан қырлы құпияларын, әр кезеңнің өзекті мәселелерін баяндайды. Әдебиет – бұл өткеннің айнасы ғана емес, тарихтың бейнелі көшірмесі, адамдардың өмірінің көркем шежіресі, жан дүниесін сүйсіндіретін әсемдік әлемі, сұлулық әлемінің ғажайып әуені, эстетиканың шындары, көркемдік білім. Кез-келген көркем туынды тарихи факт пен көркемдік шешім сияқты әдеби процестердің жиынтығы екендігі белгілі. Демек, автордың көркем шығармаларынан біз тарихи өмірдің нұрлы сәттеріндегі көптеген құбылыстарды көреміз. Көркем прозаға қатысты көрікті ой мен көшелі табиғатты толыққанды танып, көңіл көрігіне суара білетін сөз зергері жазар әлемін әбден зерттеп, зерделеп, иінін қандырып, илеуін пісірмей, тақырыбының тағдырын танып, табиғатын түгендемей, тәуекелге бармайды. Орынықсыз ой балалатып, орынсыз күшену, кейіпкерін тізелетіп тезге салу, жалған, жылтыр сөйлеу жазушыға жат.

Әдебиет пен өнердің даму ағымдарына әлемдік биік талап тұрғысынан қарап, өзі де сол деңгейден дем тартып, зерттеуші зердесінен көркем шығармашылықтың да шуағы шашырап, көркі түзіледі.

Жалпы прозаның көркемдік сапасы, идеялық мазмұны қоғамдық әдеуметтік мәні бар күрделі, қомақты шындықтарды көтеріп, соған байланысты философиялық тың ойлар түйіндеумен өлшеніп таразыланады.

М.Сәрсекке әлемі алып айдын тәрізді, ол көпқырлы, тақырыптары мен жанрлары бойынша алуан түрлі. Жазушының басқадан ерекшелігі осында. М.Сәрсекке Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын шығармашылығына арқау етті. Жалпы ұлы тұлғалардың өмірбаяны мен қызметі, ұлан-ғайыр мұрасы – адамзат дамуында ғасырдан ғасырға жалғасар ерекше маңызды құбылыс болумен қатар, замандастарымен қарым-қатынасы да ұрпақтарға ұлағат. Ерекше дарынды ұлы адамдарды өздері дүниеде бар кезінде танып, қадірлей білген жұрт олардың өмірінің әр сәтін, әр күнін, әр жылын, заманын мұқият тізбелеп, хатқа түсіріп, шежіреден келер ұрпаққа мирас етеді. Жазушы М.Сәрсекке біртура ұлттық тұлға Қаныш Сәтбаев өмірін түбегейлі зерттеп, зерделеп болашақ ұрпаққа, деректі ғұмырнамалық, ғалымдық, творчестволық, қоғамдық, таң-тамаша рухани келбетін, үлкен адамгершілік қасиеттерін жұртшылыққа көрсете білді. М. Сәрсекенің «Қаныш елі», естелік-эссе түрінде жазылған «Құлыпталған ғұмырнама» кітабының қазақшасы 1994-2003 жылдары және соның «Через тернии к Сатпаеву» деген орысша нұсқасы 2002-2003 жылдары 2 рет жарияланады. Қаламгердің деректі кітаптары «Сәтбаев», «Қазақтың Қанышы», «Сәтбаев планетасы», «Дара дарын», «Феномен және Сәтбаев» еңбектері басылып шықты. Адамзат тарихында сонау ежелгі дүниеден бастап бүгінгі біздің уақытымызға дейін есімдері әлемге жайылған ғұлама данышпандар мен ойшылдар жеткілікті. Біздің қазақ еліне де осындай құрметке ұлы ойшыл ақын,

көшбасшысылар қатарында Қазақстан ғылымы ғана емес, әлемдік геология ғылымында соны еңбектерімен ерекше орын алатын академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді. «Әрине, бұл бір айтарға ғана оңай сөз. Әйтпесе, Қаныш Сәтбаев сияқты қиямет заманның оты мен суын белшесінен кешіп, қияпат кезеңнің ызбары мен ызғарын басынан өткеріп, сол заманы мен кезеңі бетін берсе таспай, сыртын берсе саспай, қашанда халқының қамын өмірінің мағынасы деп білген тағдыры күрделі тұлғаның ғұмырнамалық диалектикасын ашып көрсету және терең біліктілікпен, тегеурінді қаламгерлікпен ашып көрсету қиыннан да қиын шаруа. М.Сәрсекені сол қиынның қиынымен беттесе отырып, замана көлденең тартатын мың сан құбылыстың тағдыр қалыптастырғыш тілін зерделеу арқылы “Заман–Қоғам–Адам” проблемасын тұжырымдамалық өреде көрсетіп бере алған. Яғни, заман мен қоғамның ең бір шиеленіске толы ширыққан кезеңінде ұдайы ұлы тұлғалардың сын тезіне түсіп отыратыны және ондай шақта ұлы тұлғалардың тегеурінді әрекет-қарымы керісінше қоғамдық, қажет болса заманалық құбылыстарға ықпал ететіні шеберлікпен суреттелген. Түптеп келгенде, романның өзінде ғана емес, исі қазақ прозасына шырай беретін философиялық толымды идеясын осылай парықтауға болады» [1]. Қаламгердің шынайы дарынын дәлелдеген бұл философиялық роман - хамса әдебиетте лайықты бағаға ие болды.

«М.Сәрсекені романда бас кейіпкерді бірыңғай сыдыра мақтауға бармайды. Өмір шындығын өзек ете отырып, Қананың қателескен, сүрінген, шамырқанған, ширыққан тұстарын, сондай-ақ ізденген, күрескен, жеңіске жеткен кезеңдерін шығарманың алтын арқауына айналдыра алған. Мұның өзі, авторлық қиялға көп ерік бере қоймайтын ғұмырнамалық романның көркемдік өресін биіктетуге кепіл болған. Былайша айтқанда, автор өмір драмасын өнерге айналдырған. Әсіресе, империяның кезекті репрессиялық әрекеті басталып, “ұлтшылдықты іздеу” науқаны қабындаған 50-ші жылдар зардабын, сол кездегі Қ.Сәтбаевтың қатерлі де, қаһарлы сыны мол кезеңді бастан кешуін романның ең бір кульминациялық шыңы деуге болады. Ет жүректі пенденің шыдау-шыдамауы неғайбыл ситуацияда Қанаң шын мәнінде парасаттылық пен даналықтың, азаматтық пен табандылықтың үлгісін көрсетеді. Мұның бәрі романда терең тебіреніспен, тегеурінді суреткерлікпен көрініс тапқан» [1].

М.Сәрсекенің бұл туындысының көркемдік дәрежесі жоғары, мазмұны бай, бала Қаныштан ғалым Қаныш Сәтбаевқа дейінгі бейнесін өз заманының мәнді оқиғаларымен, көкейкесті проблемаларымен табиғи байланыстыра отырып, шынайы суреткер шеберлігімен сомдаған бағалы туынды.

«Ойын баласына, әлбетте, ермек көп. Қаныш та барлық сәби атаулыға тән шалдуарлық қылықтың талайын көрсеткен. Ұйықтап жатқан әпкесі Қазизаның қойнына құрбақа салып жіберіп, иә торға түскен жарқанатты қазандағы сүтке тоғытып үй ішін шошытқаны – Сәтбай ауылының үлкендері кейіннен ертегідей тамсана жыр ететін еркелік нышаны» [2,14]. Бала Қаныштың еркелігін, балалық тенттектігін шынайы суреттейді.

«Дүз аңына әуейілік – құртақандай Қанышқа әкесінен ауысқан өнер. Әділін айтқанда, аңқұмарлық оған үлкен ағалары Әбсәләм мен Бөкештің әсерімен дарыған. Ауылға қонақ келсе, иә қар жауса, жігіттер аттарын суытып, тазы, құстарын баптауға кіріссе, кенжеден маза кетеді: үлкендердің соңынан қалмай елпілдеп жүгірумен болады; аңшы меймандар неше түрлі әңгіме айтып, жоқты бардай етіп өтірік соғып жатса да, құлағы делдиіп, аузы ашылып тыңдап отырады» [2,14]. Бала Қаныштың аңғалдығы, сенгіштігі байқалады. Сонымен қатар Қаныштың аңшылыққа әуестенгені баяндалады.

Қаныштың білімге құштарлығы әке тәрбиесінен бастау алғаны, әкесінің жырларды жатқа білуі, «жыр сабағын» өткізуі себепкер болғанын романдан білеміз. «Сол жылдарда кішкентай Қаныш тағы бір ұстаздан дәріс алған. Әдетте, бұл сабақ өз үйінде, әкесінің

алдында өтеді. Әмбе оның кесулі уақыты болмайды, қысы-жазы бірдей, екеуінің көңілі қалаған кезде жүреді.

– Балам, жыр сабағын ұмытпалық. Кітабыңды әкел, – дейді әкесі. Былғарымен тысталған қалың кітапты құшақтаған Қаныш әкесінің алдына келіп отырады да, саңқылдаған ашық дауыспен оқи бастайды. Оқуы аса жатық емес, әредік дұрыс оқып отырмын ба дегендей күдікпен әкесіне жауапты қарайды. Кейде әлдебір сөзге тілі келмей кібіртіктеп те қалады. Кітаптың тілі балаға аса ұғынықты емес, түркі-шағатайша, кейбірі парсыша жазылған» [2,23]. Қ.Сәтбаевтың әдебиетке жақындығы, жырды, өнерді жақсы көруі бала кезінде әкесі өткізетін «жыр сабағынан» бастау алғанын көреміз.

«Осылайша бірде парсыша, кейде арабша жүретін сабақ талайкүн, талай сағаттарға созылып, айлап-жылдап жалғаса береді. Анығында жыр оқу жас шәкірт зеріккенше созылады. Бірақ оны зеріктіру де оңай емес. Баланың ұғымталдығы ғажап. Небір қиын сөздерді, тұтас сөйлем, шумақтарды екі айтқызбайды, естіген сәтінде қағып алады. Оқуға құштарлығы да өзгеше. Білсем, көрсем деп ынтығып тұрады. Сыншыл әке перзентін әлде қызықтап, әлде болашағынан үміт күтіп: «Осы баламның зейіні бөлек, мұны анау-мынау жеңіл сөзбен шығарып сала алмайсың»[2,23]. Қаныштың дарындылығы, естігенін, оқығанын тез ұғып алуы, білімге құштарлығы отбасынан бастау алған. «Баланың өлең-жырға, ән-думанға құштарлығын ауылдастары ерте аңғарған. Ауылға қонақ келсе, әсіресе домбыралы, қобызды меймандар топтап түсті ме – кішкентай Қаныш дегбірсіздене бастайды. Қиыла сұрайтыны – қонаққа алу. Оның өтеуі– ертегі, жыр, ән. Әкесінің бір тізесіне жайғасып алып, жыршының аузына қарап телміреді де отырады. Есейе келе өзі де Бөкешке еліктеп домбыра шертетін болды. Үлкендер мадақтап: «Біздің Қанкежан да әнші болады, айналайын, айта ғой!» – деп көтермелесе, шырқапта жібереді»[2,24]. Жазушы қаһарманын жалаң дәріптеп, мақтай бермейді. Басқа кейіпкерлер тілі арқылы Қаныш образын сомдайды. Романнан тағы мысал келтірер болсақ, «Осы оқиға себеп болды ма, әлде зерек шәкіртінің ерекше қабілеті ойландырды ма, 1911 жылдың көктемінде Григорий Терентьев Имантай биге арнайы келіп тосын әңгіме бастайды.

– Мына балаңыз, би, зерек қана емес, тума дарын, жаратылысы бөлек жан, Имеке, Қанышты қалада оқыту керек! – дейді.

– Жагор шырақ, әуелі сенің оқуыңды тауысын да. Әлі екі жыл оқуы керек.

– Тауысты деп есептеңіз, ақсақал. Менің Қанышқа берерім шамалы. Білгенімді беріп болдым, [2,32].

Кейіпкер тілі арқылы Қаныштың оқуға деген ынтасын, дарынын аңғартады. Студент Қанышты «Сірә, әдеби шығармаларды көп оқудың әсері шығар, екінші жылдан бастап Қаныштың мазмұндамалары училищенің үлгі тақтасынан түспейтін болды: жазу үлгісі аса көркем емес, ал тақырыпты сипаттап, орыс тілінде қатесіз, еркін жазуы жөнінен училищеде онымен теңесер шәкірт некен-саяқ..», -дейді авторлық баяндауында[2,41].

Романда Қ.Сәтбаевтың барлық қырын жазушы шеберлікпен жеткізе алған. Спортқа бейімділігі де назардан тыс қалмаған.«Коньки тебуге Қаныш та үйреніп алды. Мұз айдынға ол дене шынықтыру сағатында ғана емес, жексенбі күндері, кейде кешке де келеді. Әлбетте, ағасына еріп. Әбікей Зейінұлы бұл өнерге шәкірт кезінде әуес болған, қазір ол – Керекудегі маңдайалды конькишілердің бірі»[2,43].

Жазушы туындыда белгілі бір тарихи кезең шындығы кейіпкерлердің толымды тұлғасы мен олардың арасында өтіп жататын сан-сала тартысты оқиғалар арқылы шынайы суреттеген. Қаламгер шығармада мол, ауқымды тарихи-танымдық дерек-мағлұматтарды негіз ете отырып үлкен-үлкен көркемдік жинақтауларға қол артады. Соның арқасында елге есімі мен еңбектері белгілі тұлғалар арқылы кезеңдік мәні зор тарихи шындықты оқырманына әсерлі жеткізеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нұрғалиұлы Р. Қазақтың Қанышы // <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/348>
2. Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы. Алматы: «Фолиант» баспасы, 2015 ж. 640 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Ақылбаева Меруерт Каримтаевна

Астана қаласы,

№32 мектеп-гимназиясы

Қазақтың маңдайына біткен ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев туралы айтқанда оның ғылым саласына ғана емес, мәдениетке, тарихта қалдырған ұшан-теңіз еңбегін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерін реттеп, қазақ тілінің жаңа орфографиясы негізінде қайтадан дайындаған. Ұлытау өңіріндегі тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеген. «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегінде Ұлытау өңірінің ежелгі металлургия орталығы, қазақ этносының саяси орталығы екендігі дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Қ. Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп, енгізген. Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қиын жылдарда Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне белсене кіріскен. Ғалымның Жезқазған кені туралы зерттеулері, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектері, минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді кендердің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылары ғылымға енген маржандар қатарында тұр. Ол Қарағандыда металлургиялық зауыт салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендері сияқты көптеген ірі нысанды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді.

Ол қандай қызметтер атқарды?

1920-1941 жылдары – Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары – КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы – әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы – Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

Алаш арыстары демекші, белгілі жазушы, зерттеуші Медеу Сәрсекке бір сұхбаттарының бірінде осы жайтқа қатысты қызықты дерек келтіреді. «Қанекен жазған оқулығын шығару үшін Орынборға барып, қаладағы Міржақыптың үйіне түскен. Сағат таңғы алты екен. Үй иелерін оятуға ыңғайсызданып, астыңғы қабатта қалғып отырады. Жақанның жары Ғайнижамал Қанышты көріп: «Ерке қайным, қайдан жүрсің?» деп бас

салмай ма. Гүлнәр апай айтады (Міржақып Дулатовтың қызы - автор): «Ерке қызы мен тұрғанда танымайтын біреуді «ерке қайным» дегені несі деп ренжіп қалдым», - дейді». Осы детальдің өзі ғалымның алашшыл қайраткерлермен жақсы сыйласып, араласқанын көрсетсе керек.

Ұлы ғалымды Алаш қайраткерлерімен не байланыстырады?

Ал онда ұлы ғалым 37 жылдың тырнағынан қалай аман қалды деген заңды сұрақ тууы түсінікті. Қаныш Имантайұлының жаппай қуғын-сүргін, атылудан аман қалғанын оның ешқандай партия қатарында болмағанымен де байланыстырады. Сәрі, кенестік жүйенің дарынды ғалымның зор әлеуетін пайдаланып қалуды да ойласа керек деп ойлаймыз...

«Дулатов пен Сәтбаев туғандай болып кеткен жандар»

Қаныш Имантайұлы туралы жазуға отырмас бұрын ғалым туралы жазылған біраз еңбекті ақтардық. Мақалалар мен сұхбаттарды шолып шықтық. Әлбетте, біраз қызықты мағлұматтарға қанық болдық. Тұңғыш академиктің Алаш арыстарымен етене жақын болғанына дәлел болатын бірқатар дерек кездестірдік. Соның бірсырыпасы мынау еді: Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдық мерейтойы қарсаңында Өскеменге ғалымның жиені Александр Третьяков келген еді. Ол тілшілерге берген сұхбатында нағашысы туралы құнды естеліктер айтқан екен. «Бірақ Алаш арыстары мен атамыздың байланысы туралы естеліктер көп,» - дейді ол.

- Қаныштың немере ағасы, танымал ағартушы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев «Алашорданың» белді мүшесі болған. 1937 жылы большевиктер оны өлім жазасына кесті. Туған ағасы Ғабдолғазы (Бөкеш) Имантайұлы Сәтбаев пен музыкант, өнертанушы болған тағы бір немере ағасы Әбдікәрім Жаминұлы Сәтбаев та өлім жазасына кесілген. Алашорданың көрнекті қайраткері, прозаик әрі драматург Жүсіпбек Аймауытов пен Қаныш Сәтбаев Павлодардағы екі сыныптық орыс-қазақ гимназиясында, Семейдегі мұғалімдер семинариясында бірге оқыған.

1926 жылы «Алашорданың» тағы бір көсемі Міржақып Дулатов «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне тұңғыш рет Қаныш Сәтбаев туралы жылы лебізді мақала жазды. Мақалада ол Қанышты қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженері деп танып, оған үлкен үміт артады. Міржақыптың өмірден өткен үлкен қызы Гүлнәр Дулатова: «Менің әкем мен Қаныш аға тумаса да туғандай болып кеткен жандар еді. Әкемді ұстап әкеткенде бізге хабарласуға дәті барып, қарайласқан аз адамның бірі Қаныш аға болды. Қарсақбайдан Қызылордаға келген сайын жағдайымызды біліп кететін. Мен мектеп бітіргенде анамыз Қаныш ағаның ақыл-кеңесі бойынша Томск медициналық институтына түсірді. «Гүлнәр, әкең «Бутырька» абақтысында жатқаны үшін қиындық туады деп алаңдама. Сібірліктер ашық-жарқын келеді. Олар да қудалауды көп көрген халық. Әкеңнің сәтсіздігі үшін аяғыңнан шала қоймас» деп жігер беретін» деп естелік қалдырды».

Третьяковтың айтуына қарағанда, 20-жылдардың соңындағы қыстың бәрін Қаныш Сәтбаев Мәскеуде өткізген екен. Жаз бойы істеген шаруасы туралы КСРО Геология комитеті мен «Главцветмет» мекемелерінде есеп беріп жүрген. Сол кезде Әлихан Бөкейхановпен жиі ұшырасып жүріпті. Ғалым 1929 жылдың 25 желтоқсанында Таисия Сәтбаеваға жазған хатында: «Большевиктер Қазақстан аумағына кіруіне тыйым салған Әлихан Бөкейханов Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, ұлы Үгедейді менің қасыма, Қарсақбайға баруға көндірді», - деп жазған.

Сәтбаев Әлихан Бөкейханды алғаш рет 1937 жылы Семейде көрген.

Ал Ханиса Қанышқызы Сәтбаева Үгедей Бөкейхановтың Қарсақбайға келген кезін былай деп еске алады: «Бөкейханов Қарсақбайға келген соң біздің үйге орналасты. Оны бәрі Сергей Әлиханович деп атайтын. Біз қоржын үйдің бір жағында тұрып жатқанбыз. Екінші жағы геологиялық барлау кеңсесі болатын. Сергей Әлиханович үйленген кезде

ығысып, үш бөлменің бірін жас жұбайларға босатып бердік. Кейін зауыт басшылығы оларға жеке пәтер берді».

Қаныш Сәтбаев Әлихан Бөкейхановтың есімін алғаш рет 1917 жылдың 12 қазанында өткен Семей қоғамдық кеңесінде естіген. Бұл жиынға Ә.Бөкейханов Әлімхан Ермековпен бірге келген еді. Бұл оқиға туралы «Сарыарқа» газетінде (09.11.1917 ж., №18) талдамалы мақала жарияланып, Қаныш Сәтбаев жаңадан құрылған «Алашорда» партиясының жас насихатшыларының қатарында аталады. Кейін, 50-жылдардың басындағы «Бекмаханов ісінен» басталған қуғын-сүргінде осы газет қиындысы Сәтбаевты «ұлтшыл белсенді» ретінде айыптауға айғақ ретінде қолданылады. Бұл кезде ол Қазақ КСР-нің Ғылым академиясының президенті болатын...Өзі өмір сүрген кезеңде қаншама «тар жол, таяғақ кешуді», қудалауды көрген ұлы ғалым морт сынбай, қайта келешек ұрпақ үшін мол қазына һәм баға жетпес еңбек қалдырып кеткен ұлы тұлға. Қазақ ғылымы тұрғанда, өзі секілді білімді де дарынды ұрпағы тұрғанда оның есімі тарих беттерінен мәңгі өшпейтіні ақиқат.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Б. Қайратұлы, «Қаныш Сәтбаевты есіркегеннен тірі қалдырған жоқ». «Егемен Қазақстан» газеті - 21 ақпан, 2018.
- 2.«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ. Facebook-парақшасы - 1 сәуір, 2021.
- 3.«Қаныш Сәтбаевтың жиені Александр Третьяков: Атамның жалғыз арманы қазақ ғылымын әлемдік деңгейге көтеру еді». ҚазАқпарат - , 28 сәуір, 2019.

ДАРА ТҰЛҒАНЫҢ САРА ЖОЛЫ: ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН ЗИЯЛЫЛАР

Аманжол Әйгерім

Қаныш Сәтбаев атындағы

№61 мектеп лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тұлғаны қоғам және тарихи уақыт туғызады. Тұлға болмаса өркениетті өмір жоқ, оған қоса сапалы білім еселі еңбек өнімді өнімде болмайтыны анық. Тұлға болмаса ғылым мен мәдениетте бәсекелестікте болмайды. Ағылшын королі Яков І-ге бала кезінде оны тәрбиелеп өсірген күтуші әйел: «Менің баламды джентельмен етіп шығаршы, сенің қолыңнан келеді ғой», деп өтініш жасайды. Бұған король: «Жоқ, бұл менің қолымнан келмейді. Мен оны граф ете аламын. Ал джентельмен болу оның өз ісі, деп жауап береді. Яғни, бұдан түйетініміз ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тұлға болып қалыптасуына сол замандағы қоғамның, саяси жүйенің, отбасының, зиялы қауымның әсері болғаны аян. Бұның бәрі тұлғаның жан жақты қалыптасуына тиісті негіз бола алады. Әрине, ғалым академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қазақтың бағына біткен тұлға болуының оның алғыр, зеректігінде, даралығында.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев үлкен отбасында туып өсті, оның үш бауыры болды – біреуі туған, екеуі ағайындас. Бала Қаныштың кішкентайынан басы үлкен болды. Сонда әкесі Имантай баласының басының үлкендігіне қарап: «Менің осы балам не сөз ұқпайтын маубас, не елден асқан данышпан болады» дейді екен. Әке үміті ақталды. Өйткені бала кезінен ойынға онша жоқ, асық ойнаса да бір сағаттан соң жалығып, басқа қызығушылық іздеп кететін, үлкендердің әңгімесін тыңдауға құмар Қаныш кейін үлкен ғалым болды. ХХ ғасыр басындағы өзге зиялыларымыз секілді Қаныш та сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін Павлодардағы орыс-қазақ мектебінен білім алады. Одан кейінгі білім алу жолы Семей мұғалімдер семинариясында (1914-1918), сосын Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінде (1921-1926) жалғасты. Жас Қаныштың қалыптасуына ата-анасы, білім алған ортасы және сол заманның озық азаматтары - туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев үлкен әсер етті. [1]

Туған бауыры Ғазиз Имантайұлы Сәтбаев жақсы білім алып, үнемі отбасының камын ойлайтын. 1925-1930 жылдары Кеңес үкіметін орнатуға белсенді араласып, Ақкелін тұтыну одағының басқарма төрайымы болып, әртүрлі кооперативтер ұйымдастырды. [3]

Әбікей Зейінұлы Сәтбаев – халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, «Алашорда» ұлт-азаттық қозғалысының белсенді мүшесі. Ол Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов және Қазақстанның басқа да көрнекті қайраткерлерімен үзеңгілес болды. Әбікей Қаныштан 18 жас үлкен болды, сондықтан да оның қызметі кіші інісіне көп әсер етті. Көптеп толтырған анкеталардың бірінде Қаныш Имантайұлы былай деп жазады: «Алған білімдерім үшін үлкен ағайыным, зиялы қауым өкілі Әбікей Зейінұлы Сәтбаевқа өмір бойы қарыздармын деп білем». [3]

Үшеуі де 1937 жылдың жазықсыз құрбаны болды. Ағаларының қазасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қабырғасын қайыстырды, өзінің болашағын терең ойлауға мәжбүр қылды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1962 жылы Американың Принстон университетіне жолдаған анкетасындағы «Сіз білім алғаныңыз үшін кімге қарыздарсыз?» деген сұраққа Алашорда көсемдерінің бірі болған, 1937 жылы атылып кеткен ағасы туралы тұңғыш рет сөз қозғап: «Оқуға түскенім үшін ескі интеллигент Әбікей ағама қарыздармын» деп жауап беріпті. Ал туған ағасы Ғазиз (Бөкеш) туралы сұрағанда, Әлкей Марғұлан Қанекеннің көзінен тұңғыш әрі соңғы рет жас көріпті.

Жылап отырып: «Мен ағамның талантының маңайына да бара алмаймын. Ол менен әлдеқайда артық еді. Тұнып тұрған талант еді. Бірақ зама- ны солай болды», – депті. [1]

Одан кейінгі кезеңде Қаныш Имантайұлының азамат болып қалыптасуына Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың үлгілі өмірі мен еңбектері әсерін тигізді. Ол Абайдың поэзиясын жақсы игеріп, оның көптеген шығармаларын жатқа айтып машықтанды, лирикалық әндерін үздік орындап жүрді. Студенттік жылдарында Шоқан Уәлихановтың шығармаларын терең талдап, мұқият оқыды. Шоқанның Қостанай төңірегіндегі ақын-жыраулардың аузынан жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» эпосын қазақ тіліне аударды. Осы еңбегі 1927 жылы Мәскеуде басылып шықты. «Бұл аңызды қазақшаға қайта аударуымның негізгі себебі — бұрынғы Мелиоранскийдің аударған нұсқасында аты қазақша, заты кітапшілдеу ноғайша болып кетуіне байланысты» деп Қаныш Имантайұлы анық жазды. Бұл еңбегін ана тіліне деген үлкен қамқорлығы һәм тіл ұстартуға қосқан тамаша үлесі деп білеміз.[3]

1925 жылдары Абайдың баласы Тұрағұл ауылына келген Әлкей Марғұланға: «Біздің Ертіс бойында Имантайдың екі ұлынан асқан білімпаз, оқымысты адам жоқ. Біз ол екеуінің маңайына бара алмаймыз», – деген екен», - деп жазады. Осының барлығы жазушының осал жерден шықпағанын көрсетсе керек.[1]

Жастайынан алғыр, зерек баланың әсіресе, Жаяу Мұсамен кездесуі халық арасында жыр ғып айтылады. Бұл туралы да Медеу Сәрсекенің Қаныш туралы кітабында: «1916 жылы Қанекен Жаяу Мұсаға сәлем бере барғанында, әнші төсек тартып жатыр екен. Жаяу Мұсаның «Қаныш қарағым, бойың өсіпті, ойың қалай?» – дегеніне, Қанекен: «Ой да қосылады ғой, аға», – деп жауап береді. Енді әнші «Маған қандай базарлығың бар?» – деп сұрағанда, Қанекен оған: «Базарлықты сіз үшін Шыңғыстаудан арнайы алып келдім», – дейді. Ауылға қайтып бара жатқанда жанындағы Нұрлан екеуінің жұмбақтаған сөзінен ештеңе түсінбегенін айтып, мән-жайдың анығын сұрайды. Сонда Қаныш: «Нұрлан, сен қызықсың. Ол менен базарлық деп қант-кәмпит сұраған жоқ, үйреніп келген жаңа әнімді сұрады», – деген екен. Сол сапарда Жаяу Мұса Қанекенге көк қаршығасын байлайды. Қанекен қаршығаның бөтегесін сипап тұрып: «Құсыңыз серігіңіз ғой, алмаймын. Одан да ауылға құсыңызды алып өзіңіз келіңіз. Аңға бірге шығайық», – деп құсты алмай кетеді. Жаяу Мұса әндерінің бала Қанышқа өнерге деген қызығушылығын артуына әсері болды. [1]

1921 жылы Баянауылға емделуге келген профессор, кейіннен академик Михаил Антонович Усов Қаныш Сәтбаевтың геолог болуына үлкен әсер етіп, өз Отанының қазба байлықтарын зерттеуге ынта-жігерін арттырды. Институтта оқыған кездерінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірге көзқарасы, дүниетанымы кеңі түсті, өйткені сол кездегі орыстың атақты ғалым-геологтары, Томск технологиялық институтының профессорлары Владимир Афанасьевич Обручев пен Михаил Антонович Усовтың ғалымдық жолына азық боларлықтай мол өнеге-дәріс алғаны белгілі. [2]

Ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тұлға боп қалыптасу жолын түрлі себептермен байланыстырамыз. Алайда ең негізгі себеп оның иманды, өнегелі отбасынан шыққаны, діни, қазақи тәрбие көргені десек, артық айтқандық емес. Бүгінгі өскелең ұрпақтың тәуелсіз еліміздің мәдениетін, ғылымын, рухани өмірі мен сол мәдениетін қалап кеткен ұлы тұлғаларға деген ерекше сүйіспеншілігі мен құрметі басым. Сондай өз ғасырының біртума перзенттерінің бірі- Қаныштай тұлғаның тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Атасы Меккеде жерленген Қаныш Сәтбаев » «Өскен өңір» - Шиелі аудандық газеті (osken-onir.kz)

2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/22236>

3. Әлішер Қоғабаев: Қаныш Сәтбаев – әлемдік дәрежедегі ғалым. Оның жетістіктеріне біз жете алар ма екенбіз? — Satbayev University

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Кенжесгараева Гулназ Кенесбековна

№18 орта мектеп ШЖҚ МКК

Сәтбаев пен «Алаш» қозғалысының мүшелері арасындағы ешқандай қарым-қатынас туралы сөз болуы мүмкін емес дегенді білдірмейді. Атақты ғалымның ұрпағы партияның қызметі халықты ағартуға, оны техникалық прогрестің жоғары жетістіктерімен және жалпы әлемдік мәдениетпен таныстыруға бағытталғанын еске салады, бұл, әрине, академик Сәтбаевтың жұмысымен резонанс тудырды.

Академиктің «Алашордамен» байланысы отбасылық ортадан бастау алады. Қаныштың немере ағасы, белгілі педагог және ағартушы Әбікей Сәтбаев «Алаш» партиясының көрнекті мүшелерінің бірі болған. Ол, Қаныш Имантайұлының туған ағасы және басқа немере ағасы сияқты, большевиктер билігі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады.

Сол Семей мұғалімдер семинариясында жас Қаныш Сәтбаев «Алаш» партиясы жетекшілерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтан сабақ алды. Нұрлан Қайнекеұлы: «кейіннен олар біліктілікті арттыру курстарында бірге сабақ берді: Байтұрсынов - қазақ тілі мен әдебиеті, Сәтбаев - математика және жаратылыстану ғылымдары».

1917 жылдың қазан айында Қаныш Сәтбаевтың тағдыры Әлихан Бөкейхановтың тағдырымен өрбіді. Олар Семей қаласында өткен «Алаш» қозғалысы белсенділерінің жиналысында кездесті. «Сарыарқа» газеті осы іс-шараны жариялай отырып, Қаныш Имантайұлын жаңадан құрылған партияның Жас үгітшілерінің қатарына қосты. Нұрлан Жармағамбетов: «өткен ғасырдың 50-ші жылдарының басында» «Бекмаханов дел» деп аталатын коммунистер ашқан «бақсыларға аң аулау» ортасында бұл ақпарат Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президентін «белсенді ұлтшылдық» деп айыптау фактілерінің бірі болды.

Студент кезінде Сәтбаев Томск университетінің кітапханасында Орыс Географиялық қоғамының еңбектерінің мұрағатында Әли Едіге туралы эпостың екі нұсқасын тапты: орыс тілінде - ғалым Шоқан Уәлиханов және қазақ тілінде - профессор Платон Мелиоранский. Бір мәтінді екіншісіне параллельдей отырып, ол Мәскеуде КСРО халықтарының орталық баспасында қазақ тілінде 3000 дана тиражбен араб графикасымен шығарған «Ер Едіге» кітабын дайындады.

Бұл қадам тарих үшін де, Ұлы Отан ағартушыларының өмірі қаншалықты жақын болғанын түсіну үшін де өте маңызды болды. Нұрлан Қайнекеұлы: отбасылық құпияны ашамын: «Алашорда» көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың кеңесі мен қолдауымен «Али Едіге» эпосы шығарылды. 1927 жылы Бөкейханов аталған баспаның қазақ редакциясын басқарып, оның жанынан «Ер Едіге» қолжазбасын секіре алмады.

Қаныш Сәтбаев Әлихан Бөкейхановпен бірнеше рет кездесіп, 1920 жылдардың аяғында Мәскеуде, инженер Қарсақбайда жұмыс істеу үшін кеншілерді іріктеп алып, барланған кендерге камералдық зерттеулер жүргізген кезде әңгімелесті.

Бөкейханов Сәтбаевты РСФСР ағарту халық комиссары Луначарскиймен таныстыруға бастамашы болды. Сонымен қатар, «Алаш» партиясының жетекшісі Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, Ұлы Өгедейге Қарсақбайда Сәтбаевтың басшылығымен жұмысқа батасын берді. Қаныш Имантайұлының немересі: «менің анам, медицина ғылымдарының докторы, профессор Ханиса Қанышқызы Сәтбаева, барлығы Сергей Әлиханұлы деп атаған Қарсақбайға келгеннен кейін олардың отбасында шағын

үйде тұрғанын, оның жартысын геологиялық барлау кеңсесі иеленгенін айтты», - деп атап өтті.

1926 жылы баспа ауылдарында бірінші болып («Еңбекші қазақ» газетінде) тұңғыш қазақ тау-кен инженері Сәтбаевтың пайда болуын атап өтіп, Міржақып Дулатов қолдады. Нұрлан Жармағамбетов Дулатовтың жақында қайтыс болған қызы Гүлнар Миржақыпқызы әкесінің Қаныш Имантайұлымен шынайы бауырластық достығы қандай болғанын еске түсіргенін айтады. Сәтбаев «Алаш» партиясының көрнекті қайраткері қамауға алынғаннан кейін Дулатовтар отбасына баруға батылдық тапқан санаулы адамдардың бірі болып шықты.

Қаныш Имантайұлының ұрпағы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты Нұрлан Қайнекеұлы тарихты қорытындылай келе: оның сөзінде бір кездері коммунистер тыйым салған партияның тарихына «жағымпаздануға» деген ұмтылысты көруі мүмкін. «НП» сұхбаттасушысы тағы да еске салады: «инженер Қаныш Сәтбаев саясаткер болған жоқ, бірақ, әрине, өзінің аға достарының қазақ халқының ағартуы, оның ғылыми және мәдени тәрбиесі туралы асыл сенімдерімен бөлісті. Ал «Алашорда» көшбасшыларының жеке ерекшеліктеріне олардың жас ғалымда Қаныш Сәтбаевтың «қазақ халқының нағыз ұлы ұлы» атануына мүмкіндік берген барлық қасиеттерді көзбен тани білгендерін оның өмірі мен еңбегін ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бағалады», - деп қорытындылаймын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Рычков П.И. Топография Оренбургская, обстоятельное описание Оренбургской губернии. - Ч. 1 и 2, СПб., 1762.
2. Аманбаев А., Батырбеков Г.К. Сатпаев как историк. – Алматы, 2012.
3. Мұратқызы Б. А., Серікбаева С. С. Кеңестік Қазақстанның құқықтық мәдениеті

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

*Молдабекова Акмарал Ержигитовна
Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші*

Көрнекті геолог, академик, Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев қазақ халқының білімі мен мәдени дамуы үшін күрескен Алаш қозғалысы партиясымен тығыз байланыста болды. Бұл байланыстың бастауы Сәтбаевтың рулық тамырынан бастау алады. Нағашы ағасы Әбікей Сәтбаев Алаш партиясының белді мүшесі, атақты ағартушы болған. Ендеше, «Алаш» партиясының идеясы мен мұраты Қаныш Имантайұлына жастайынан жақын, түсінікті болды.

Сәтбаев Семей мұғалімдер семинариясында «Алаш» көсемдерінің бірі – Ахмет Байтұрсыновпен бірге оқуға мүмкіндік алды. Кейін олар Байтұрсынов қазақ тілі мен әдебиетінен, Сәтбаев математика мен жаратылыстану пәндерінен сабақ беретін біліктілікті арттыру курстарында бірге сабақ берді. Бұл олардың арасындағы тығыз ынтымақтастық пен өзара сыйластықты көрсетеді.

1917 жылы қазанда Семейде өткен қозғалыс белсенділерінің жиналысында Қаныш Сәтбаевтың «Алаш» партиясының негізін қалаушылардың бірі әрі жетекшілерінің бірі Әлихан Бөкейхановпен кездесуі тағдырдың жазуымен аяқталды. Тіпті, «Сарыарқа» газеті жас Сәтбаевты жаңадан құрылған партияның үгітшілерінің қатарына қосып, кейіннен оған негізсіз айып тағылуына негіз болды.

Сәтбаевтың 1927 жылы «Ер Едіге» дастанының жарыққа шығуында Әлихан Бөкейхановтың үлесі зор. Бөкейханов КСРО халықтары орталық баспасының қазақ редакциясының меңгерушісі ретінде қазақ мәдениеті үшін маңызы зор бұл еңбектің жарыққа шығуын қолдады. Оның үстіне ол Сәтбаевты РСФСР Халық ағарту комиссары Луначарскиймен таныстырып, Қаныш Имантайұлы бастаған ұлы Өгедейдің Қарсақбайдағы геологиялық барлау жұмыстарына батасын берді.

Мақаланың мақсаты – көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың Алаш қозғалысы және қайраткерлерімен байланыстарын ұрпақ естелігі мен мұрағат материалдары негізінде жан-жақты қамту.

Мақаланың міндеттері:

1) Сәтбаевтың Алаш қайраткерлерімен тығыз байланысын көрсететін фактілерді талдау.

2) Ғалымға тағылған негізсіз айыптаулар мен оның теріске шығаруларын қарастыру.

3) Сәтбаев пен Алаш қайраткерлерінің білім саласындағы көзқарастары мен мұраттарының ортақтығын анықтау.

4) Олардың арасындағы жеке достық пен өзара қолдау көрсету.

Зерттеудің өзектілігі тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және өткендегі идеологиялық қуғын-сүргінге қарамастан Қазақстанның дамуындағы көрнекті тұлғалардың рөлін объективті түрде көрсету қажеттілігімен түсіндіріледі.

Күтілетін нәтиже – Қаныш Сәтбаев пен «Алаш» партиясы қайраткерлері арасындағы қарым-қатынастың мәнін, олардың республиканың ғылым, білім, мәдениет арқылы өркендеуіне қосқан жалпы үлесін жан-жақты түсіну.

Қаныш Сәтбаев аса көрнекті ғалым болғанымен, Қазақстан ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқанымен, белгілі бір кезеңде оның өмірі «Алаш» партиясына қатысы бар және «контрреволюциялық ұлтшылдық» деген негізсіз айыптаулардың көлеңкесінде қалды. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында кезінде тыйым салынған Алаш қозғалысымен кез келген байланыс Кеңес өкіметіне қарсы қылмыс болып саналды [1].

Сәтбаевқа жала жабуға оның 1917 жылы Семейде өткен жиында жаңадан құрылған «Алаш» партиясының құрамындағы үгіт-насихат жұмыстарына қатысқаны туралы «Сарыарқа» газетінің мәліметі себеп болған. Алайда Қаныш Имантайұлының өзі бұл айыптауларды үзілді-кесілді жоққа шығарды. Бүкілодақтық коммунистік партияның большевиктер партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Михаил Сусловқа жазған хатында ол: «Мен ешқашан «Алаш» партиясының мүшесі де, агенті де болған емеспін» деп батыл айтады.

Сәтбаевқа қарсы жаңа шабуылдар 1950 жылдардың басында «Бекмаханов ісі» деп аталатын оқиғадан туындады. Коммунистер бастаған «бақсылық аңшылықтың» шарықтау шегінде Алашпен байланысы туралы кез келген ақпарат оларды «белсенді ұлтшылдық» деп айыптау үшін пайдаланылды. Сәтбаевтың 1917 жылғы жастар үгіт-насихаты туралы газет оған қарсы «факт» ретінде тағы да көтерілді.

Алайда, Қаныш Имантайұлына тағылған айыптар мүлдем негізсіз және нақты дәлелдері жоқ. Сәтбаевтың өзі қазақ халқын ғылыми біліммен, мәдениет жетістіктерімен таныстыра отырып, ағарту қажеттігі туралы өзінің сенімін ешқашан жасырған емес. Бұл көзқарастар тоталитарлық режимнің жала жабуына негіз болған Алаш қозғалысының мұраттарымен толық сәйкес келді. Бірақ Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті өзінің өмірлік мақсаты ғылымды дамыту, геологиялық ашулар мен табиғат байлықтарын туған жерінің игілігі үшін игеру екенін түсініп, өзінің кінәсіздігін нық қорғады [2].

Қаныш Сәтбаев қысымға, оның атын жамандауға тырысқанына қарамастан аман қалып, өзінің жемісті ғылыми-ағартушылық қызметін жалғастыра білді. Тарих негізсіз айыптарды жоққа шығарды, ал академик Сәтбаевтың есімі Қазақстан тарихында «қазақ ғылымының атасы» ретінде мәңгілікке қалады.

Билік тарапынан Алаш қозғалысына қатысты айыптаулар мен шабуылдарға қарамастан Қаныш Сәтбаев тығыз достық қарым-қатынаста болып, оның көрнекті қайраткерлеріне қолдау көрсетті. Сонау 1926 жылы Сәтбаевтың қазақтың тұңғыш тау-кен инженері болып шыққанын баспасөзде алғашқылардың бірі болып «Алаш» партиясының мүшесі Міржақып Дулатов атап өтті.

Дулатов қамауға алынғаннан кейін де Сәтбаев өзіне тағылған айыптардың қаупіне қарамастан, оның отбасына баруға батылдық тапты. Міржақыптың қызы Гүлнәр Міржақыпқызы әкесін Қаныш Имантайұлымен байланыстырған шынайы ағайындық достықты еске алды [3].

Мұндай адалдық пен өзара қолдау Қазақстанның ғылыми және мәдени дамуының «Алаш» көшбасшылары мен Сәтбаевтың ортақ мұраттарымен түсіндіріледі. Қозғалыс халықты техникалық прогресс пен әлемдік мәдениеттің жоғары жетістіктерімен таныстыра отырып, білім алу үшін күресті. Бұл мақсаттар академик Сәтбаевтың республикадағы ғылымды ұйымдастыру және дамыту саласындағы еңбектерімен, ұмтылыстарымен толық үндесті [4].

Қаныш Имантайұлының өзі немересі Нұрлан Жармағамбетовтің айтуынша, табиғатынан саясаткер болмаған. Оның шақыруы пайдалы қазбаларды іздеу, табу және игеру, сондай-ақ Қазақстанның ғылыми базасын қалыптастыру болды. Дегенмен, ол «Алаштан» шыққан аға достарының қазақ халқын сауаттандыру, ғылыми және мәдени білім беру қажеттігі туралы асыл сенімдерімен бөлісті.

Демек, Сәтбаевтың Алаш қайраткерлерімен байланысының тура мағынасында саяси астары болмаған. Оларды тереңірек, адами мұраттар мен білім, мәдениет пен рухани құндылықтарды тарату арқылы туған жердің гүлденуіне деген ұмтылыстар біріктірді. Алаш қозғалысының мүшелері мен ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев қуғын-сүргінге қарамастан, өзара сыйластықты сақтап, бірін-бірі қолдап, Қазақстанның дамуы үшін, әрқайсысы өз саласында еңбек етті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик Қ.И. Сәтбаев өмірі мен қызметі. / ред. А.Қ. Қадырбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 348 б.
2. «Алаш» қозғалысының тарихы құжаттар мен материалдарда / құраст. ХАНЫМ. Тәтімов. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 516 б.
3. Ахметова Ш.Қ. Қаныш Сәтбаев және Алаш партиясы // Вестник КазНУ. Сериал тарихи. – 2018. – No 3. – С.125-134.
4. Сүлеев Д.Қ. Кеңестік кезеңдегі Алаш және алашордалықтар / Д.Қ. Сүлеев. – Алматы: Атамұра, 2017. – 376 б.

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

*Нурпейсова Ляззат Жакыповна
Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейдің
қазақ тілі менәдебиеті пәні мұғалімі*

Қазақ тарихының белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған, тәуелсіздіктің бастауы болған ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып, бедерленіп келеді. Бүгінгі егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің тарихында Алаш атын аспандатқан арыстарымыздың үлесі орасан және дәлелдеуді қажет етпейтіні ақиқат. Олар келер ұрпаққа қиыннан қиып жол салып, еркіндіктің отын өшпестей етіп тұтатып кетті. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы – осы Алаш арыстары: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев т.б. еді. XX ғасырдың басында қазақ азаттық қозғалысы жаңаша тұтанып, империядағы революциялық қозғалыспен астаса, тез өрістеді. Аңсаған тәуелсіздік осы Алаш арыстарының арқасы деп білеміз.

Халық даналығы «Көп өмір сүргеннен емес, көп біліп, көп көргеннен сұра» дейді. Шындығында, сексенге келіп селкілдеп отырса да, халқына бір тиын пайда тигізбей, өз жеке қарқан басының қамымен өткендер де, елуге келіп елпілдеп жүрсе де халқы үшін қызмет етіп, атақ-даңққа бөлегендер де бар. Бірақ, өкінішке орай, әдетте алғашқыларынан соңғылары аз болады. Тегі «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген осы болар. Кезінде «Ақыл жастан, асыл тастан» дегендейін отыз жасында орда бұзып, қырық жасында ел басқарған Қаныш Имантайұлы да осындай жан болған. Ол туралы көзінің тірісінде де, кейін де замандастары мен кейінгі толқын ізбасарлары жақсы пікір, ой-толғамдар айтып, жазып жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай мол рухани мұра қалдырған. Енді солардың қайсыбіріне тоқталып көрелік.

Ұлы ғалым Қаныш қазақ ғылымының атасы, қазақтан шыққан тұңғыш инженер-геолог. Оның есімі Иссаак Ньютон, Михаил Ломоносовтармен қатар аталады. Ол бар ғұмырын туған ұлтының тірлігін түзеуге сарп етіп, артында сөнбес сәуле, өшпес із қалдырды. Көзі тірісінде аңызға айналған ұлы тұлғаның еңбегін халық ұмытпақ емес, ұлықтайды!

Ұлы Отан соғысы аяқталып, бейбіт өмір енді басталған кез. Қазақстан ол кезде Кеңес одағының құрамына енген және сырт әлемге көбіне бейтаныс 15 республиканың бірі ғана еді. 1947 жылы кеңестік делегацияның құрамында Лондонға Қаныш Сәтпаев барған екен. Сапар барысында қазақ баласын алғаш көрген Ұлыбританияның алғашқы саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш ағаға қарап, «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қаныш Сәтпаев «О не дегеніңіз, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын», -деп жауап берген екен. Ойы мен ісінде, тіпті қалжың сөзінде жүрегі әркез халқым деп соққан, туған жерін шексіз сүйіп, оған шексіз берілген. Қаныш Сәтбаев міне, осындай жарқын мінезді біртуар азамат еді. Қаныш Имантайұлын, біз, негізінен ірі ғалым, мемлекеттік қайраткер ретінде танимыз. Рас.

Мазмұнды, ғылыми жаңалықтарға толы ғұмыр кешті. Қазақстан өндірісінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Заманында халқы да, мемлекет басшылығы да ғалымның еңбегін жоғары бағалап, сан рет марапатталды. Қайнап жатқан ғылыми және мемлекеттік міндеттердің арасында Қаныш аға қазақ үшін маңызды тарих, әдебиет, этнография, математика, музыка, тіл білімі, театрды, ғылым мен өнердің басқа салаларын дамытуға зор үлес қосты..

Осыған сәйкес, Қаныш Имантайұлының тарих, әдебиет, музыка саласында да қосқан еңбектерін қарастырдық.

Мақаладағы режиссерлік өнері бағаланған Жұмат Шанин, артистік мүмкіндіктері егжей-тегжейлі талданатын Құрманбек Жандарбеков, Калибек Қуанышбеков т.б кейін қазақ өнерінің мерейін өсірген ірі тұлғаларға айналғаны хақ. Ол жас кезінде әдемі ән де салған, халықтың музыкалық шығармаларын да жинаған. А. В. Затаевичке жиырма бес ән тапсырған. Олар белгілі музыка зерттеушісінің 1931 жылы Москвада шыққан «Қазақтың 500 әні мен күйі», «Қазақ халқының 1000 әні» атты еңбектерінде жарық көрді. А. В. Затаевич: «1926 жылы Семей облысы мен Қарқаралыға барған сапарымның нәтижесінде 280-ге жуық ән жиналды, олар Москвада әйгілі әнші Әміре Қашаубаев пен әнқұмар да білгір Қаныш Сатпаев және басқаларының айтуы бойынша жинаған бірнеше ондаған жазбаларынмен бірге қосылынып, кітаптың Семей бөліміне енгізілді», - деп жазды. Қаныш Имантайұлы Сатпаевтан жазылып алынған. 324-348 әндерге берілген ескертуде былай деп көрсетілген: «Қаныш Сатпаев- Томск технологиялық институтынан білім алған жас қазақ инженері. Баянауыл әндерін жете білетін, жақсы орындайтын ол бұл жинаққа тек әндер әуені жайлы ғана құнды мәліметтер беріп қоймай, әндердің сөздерімен орысша аудармасын да табыс етті». А. В. Затаевичтің артында қалған мол мұрасын академик Қ. И. Сатпаев қазақ ССР Ғылым академиясының қорына алғызды.

Қаныш Имантайұлының қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Десе де, Қанекеннің өмірлік жолында қиын-қыстау кездер аз болған жоқ. Білім жолында денсаулығын сарп еткен, даңқын көре алмаушылар сыртынан арыз жазып, басына қара бұлт төнген, үлкен ағалары, үзеңгілес достары мен әріптестері бірінен кейін бірі тұтқындалып, иә атылып кеткен қиын сәттерді басынан өткерді. Оларға көреген тұлға мойымады, ызаланып кек сақтағаннан гөрі кешірімшіл болды. Қандай да сын сәттерде адамгершіліктің биік үлгілерін көрсетті. Академик, ректор атанғанда да Қанекен қарапайымдылығына салып, ауылдан шыққан қара домалақтардың бірі екенін ұмытпады. Ал өзінің төл саласы геологияда Қаныш Сәтбаев ашқан қазына Ұлы Отан соғысы кезінде де, бейбіт жылдарда да ел игілігіне жарап жатқанын көріп отырмыз. Ғұлама ғалым және мемлекеттік қайраткер Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылдың 31 қаңтарында Мәскеудегі Кремль ауруханасында емделіп жатқанда қайтыс болған.

Қаныш аға дүниеден көшпенді дәурен сияқты өте шыққан жоқ, оның адамдық, азаматтық биік тұлғасы халық көңілінен еш уақытта кетпек емес, ел үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ. Қадірлі де, қастерлі есімі Қазақстан халқының есінде мәңгі сақталмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1.Энциклопедия «Баянауыл өңірі»
- 2.Ахмедова Н.Б., Центральная научная библиотека Академии наук Казахстана. Наука советского Казахстана 1920-1960 гг. -А.-А., 1960, с. 89-677;
- 3.Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», –2011. – 664 бет+ 40 бет түрлі түсті суреттер.
- 4.Жанұзақов Т. Қазақстан ғылымының атасы. // Қ.И. Сәтбаев және Қазақстанның қоғамық ғылымдары. – Алматы., Ғылым баспасы. – 142 бет

5.Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – 7 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, –2005., – 728 бет.

6.<https://adebiportal.kz/en/blogs/view/3624>

7.<https://satbayev.university/kk/news/kazakstannyn-damuynda-uly-galymnyn-rolі>

ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Габдуллаева Орынбасар Канатовна

№89 мектеп-лицейінің мұғалімі

Қазақ қоғамындағы ұлт зиялыларының қоғамға сіңірген қызметін, ұстанымдарын анықтай отырып, тұлғаларды халық арасына таныту арқылы біз қазақ елінің тәуелсіздігі жолында жасаған қызметі мен ұлтқа деген сүйіспеншілігі арқылы істеген істерімен болашаққа үлгі ете білеміз. Осындай дара тұлғалардың бірегейі – Қаныш Сәтбаев. Еліміздегі ғылыми жетістіктердің көпшілігі, жеріміздегі ғасырлар бойы тұнып жатқан қазба байлықтарды игеріп, зерттеу әлемге әйгілі тұлға Қаныш Сәтбаевтың еңбегімен тікелей байланысты. Қаныш Имантайұлы қазақ жерінде, нақтырақ айтсақ Жезқазған қойнауында миллиондаған кен байлығы жатыр және мұнда осы уақытқа дейін не Америка, не Еуропа білмеген деңгейде мыс өндіруге болады деп есептеген еді. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президентінің ерен еңбексүйгіштігін, ғылым жолындағы үздіксіз ізденісін, зерттеулерін және еңбектерін зерделей келе, қазақ ұлтының мақтаныштары, ұлт көсемдері Алаш арыстарындай ұлт мүддесі үшін жанын берген даралық тұлғаның бірі дер едім.

Қаныш Имантайұлын ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы мамандарды тарта білетін адам ретінде танимыз. Ғалымның ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде деп танимыз [1, 54]. Оның басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.

Қаныш еңбектерін «Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, Қоймастан құлағына ызыңдаса?» деген Ахмет Байтұрсынұлының өлең жолдарындағы ойлармен байланыстырар едік. Ахмет қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, қазақ ғылыми тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа емле, төте жазу, араб графикасы сынды жаңа үлгі ұсынған тұлға. Ол – қазақтың Қанышы сияқты жүз жылда бір туатын ірі тұлға. Сол кездері халқымыз балаларын молдаларға беріп оқытқан. Қазақ елінің озат ұлдары тек молдадан білім алып қоймай, көрші мемлекетке барып жоғары оқу орындарында оқи бастауына ықпал еткен қайраткер.

Қаныш Имантайұлының еңбегінің жемісі болған Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қаныш ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған [2, 47]. Міне, Қаныш пен Ахмет қазақтың дамуына «масадай ызыңдап», «оятқан» біртуар тұлғалар дей келе есімдерін қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған деп білеміз.

Қазаққа қызмет етпей қоймаймын. XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани, зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Сондай тұлғаның бірі – Әлихан Бөкейхан еді. Патша үкіметіне биліктің сөзін сөйлейтін, қызметін істейтін, Әлихандай ойшыл, іскер, идеясы

бар адамдар қажет еді. Әлихан оларға емес, халқына қызмет етуге бар күш-жігерін салды. Мұны «Қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген бір сөзі арқылы жеткізген.

Әлихан ел бірлігін, жер тұтастығын сақтайтын, ұлт мүддесін көздейтін мемлекет құруды армандады. Патша үкіметінің отарлық жүйесі төндірген қауіпті, отарлау саясатының мақсатын терең сезінді, түсінді. Сондықтан қазақ халқын ұлт ретінде сақтап қалу жолында бар күшін салды. Қазақ елінің өзін-өзі басқаратын, яғни ұлттық мүддені қорғай алатын мемлекеттік жүйені құруға талпынды [3]. Бұл мемлекеттік жүйеге сол кездегі әлемдік озық тәжірибені пайдалануды, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіп саласын дамытуды, білім мен ұлттық мәдениетті өркендетудің қажеттігін көтере білді.

Қаныштың Әлиханмен үндестігі – жаңашылдықтарында дер едік. Себебі, Қаныш қазақ үшін қызмет еткен қайраткер, металлология ғылымының негізін салушы, еліміздегі ғылыми бағытты орнықтыру, Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталған жаңашыл маман еді. Оның аймақтың ғылыми білімі мен экономикалық әлеуетін дамытуға қосқан үлесі орасан зор болды.

Ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен арыстардың қатарында Міржақып Дулатұлы да болды. Ахмет Байтұрсынов ұйықтап жатқан елді оятамын деп, «Масасын» ұшырса, Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» деп ұран салды. Кең даласында алаңсыз өмір сүріп, мал бағып жатқан бейқам халқын: «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты» деп жырымен жұлқылап оятып, оларды білімге, ел үшін пайдалы іс әрекетке шақырады. Бүкіл халықтың еркіндікке жетуінің басты шарты түнек болып торлаған қараңғылық ұйқысынан ояну, дүр сілкініп, надандықтан арылу деп білген ол: «Оян, қазақ!» деп ұрандаудан танған жоқ.

Осындай ұрандауды Қаныштың еңбектерінен тануға болады, ол өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, математиканы, тарихты меңгерген. Бұл ғылымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныштың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының зор ғалымы» атты мақаласында жазды. «Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі» - дейді М. Әуезов [4]. Қаныштың алғашқы әдеби туындысы – «Қазақ тілі» газетіне шыққан «Обаған» әні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұңды даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады.

Қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең білетіндігі «Қазақстанның ұлт театры туралы» атты жылы жазған мақаласынан айқын көруге болады. Қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін Қаныш «Ән туралы толғаулар», «Қазақстанның халық әндері» атты музыка-этнографиялық жинағында жазған ой тұжырымдарынан білуге болады. Ол қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым Тарих, Тіл және Әдебиет институтын ашқызады.

Алаш арыстарының елдің тәуелсіздігі, ұлттың болашағы үшін атқарған еңбектері зор, сондай еңбектің бірі деп Қаныштың тұңғыш жазған «Алгебра» оқулығын айтамыз. Ол қазақ тілінде математика оқулықтарының болмауын ескеріп, ана тілінде алғаш рет алгебра оқулығының қолжазбасын латын және араб әріптерімен жазған. Қанышты ғалым-математик дей аламыз. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін тұңғыш рет қолдану ұсынылады. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

Міне, оның ғылыми қызметі мен қазақ халқына арналған еңбектерінің негізгі аспектілері:

Геология саласындағы зерттеулер: Қаныш Қазақстанның геологиялық құрылымын зерттеуге елеулі үлес қосты. Оның жұмысы аймақтың геологиялық құрылымын түсінуге көмектесті, бұл пайдалы қазбаларды іздеу мен өндіруде маңызды болды.

Пайдалы қазбалар кен орындарының ашылуы: өзінің геологиялық зерттеулерінің арқасында Қаныш көптеген пайдалы қазбалар кен орындарын, соның ішінде уран, мұнай, газ, көмір және басқаларын тауып, сипаттады.

Ғылыми мұра және білім: Қаныш Сәтбаев ғылымның белсенді насихаттаушысы болды. Ол айтарлықтай ғылыми мұра қалдырды және білімге, соның ішінде ғылыми институттар мен білім беру бағдарламаларын құруға және дамытуға үлес қосты.

Мәдени әсер: оның геология және экономика саласындағы жұмысы Қазақстанның индустриялық әлеуетін қалыптастыруға көмектесті және ел экономикасының дамуына айтарлықтай әсер етті [5].

Жалпы, Қаныш Сәтбаевтың еңбектері қазақ ғылымының, экономикасы мен мәдениетінің дамуы үшін зор маңызға ие және оның Қазақстанның ғылыми мұрасына қосқан үлесі теңдесі жоқ болып қала береді. Қаныш Алаштың арыстарындай қазақ елінің тарихы тұлғалары қатарынан мәңгі орын алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құлмұхаммед М., Сыдықов Е., Әбдібеков Н. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары: мақалалар, үндеулер, ашық хаттар, бұйрықтар, нұсқаулар, жеделхаттар. – Астана: Сарыарқа, 2016.
2. Қамзабекұлы Д. Руханият: (саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер) – Алматы: Білім, 1997.
3. Сәрсекеев Қ. Қазақ шаруасы: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов ізімен. – Алматы: Gauhar, 2013.
4. Электронды ресурсы: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/64893/>

ҚАНЫШ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНДЕГІ БЕЛСЕНДІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Тақау Мөлдір

*Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің
физика пәні мұғалімі*

Біздің кең байтақ қазақ өлкесіндегі Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметінің тарихы ерекше орын алатыны анық. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі - Алаш партиясының құрылуы еді. Халықтың мұң мұқтажын саяси партия басшылыққа алып, отарлықтан басылып қалған қарапайым елді азаттық үшін саяси күреске бастады. Алаш қайраткерлері саяси партия қатарында ағартушылық қызметтері арқылы халықтың ой-санасын оята бастады. Осындай халық ағарту ісінде белсенділік танытқан жанашыр тұлғалардың бірі Павлодар облысының тумасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қазақ КСР Ғылыми академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академигіміз. Қаныш Сәтбаев Алаш арыстарымен етене араласты. Ғылымға ден қойғанымен ұлттық мүдде, елдің қамына асқан жауапкершілікпен қарады. Ол кісі «1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. Онда Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлермен оқыған. Семинария қабырғасында өз әріптестерімен бірге Семейде ұйымдастырылған қайырымдылық мақсаттағы шараларға қатысты.

1917 жылғы Ақпан төңкерісін зор қуанышпен қабылдап, жаңа үкімет қазақтарға бостандық әкеледі деп түсінді. Соған орай сол тұста құрылған Семей облыстық Қазақ комитеті жұмысының нәтижелі жүруіне септігін тигізді. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау көрсетті».[1].

Жалпы Алаш сөзі - ертедегі қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш атауы бүгінгі күнге дейін түрікмен, қырғыз, қазақ, ноғай т.б. халықтардың есінде сақталған. “Алаш-алаш болғанда, Ала тай ат болғанда, Таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда” деп келетін сөздер осыдан қалған екен. Ал, Алаш ой-пікірі деген не? Алаш бізге нені аманаттап қалдырды?-деген сұраққа мен: Алаш арыстары ұсынған пікір – Жапония секілді ұлттық демократиялық мемлекет құру. Оның ең басты бес түрлі мақсаты: жер, жердің асты мен үстіндегі байлық қазақтың игілігіне жұмсалуды керек, қойдың үстінен қыркылған бір уыс жүн қазақтың үстіне тоқыма болып тоқылуы тиіс, тіл, дін және діл үстемдігі, ұлттық дәстүр мен тәуелсіз ғылымға негізінде заңға сүйене отырып ұлттық демократиялық мемлекет құру еді. Осы мақсат-мұраттардың жолында олар ештеңеден аянып қалмады[2].

Ендеше Қаныш Сәтбаевтың да Ақпан төңкерісін қуанышпен қабылдауы, қазақтарға бостандық әкелеріне сенуінің өзі Алаш арыстарымен мүдделес, идеялас екенін аңғартады. Тарихымызға сүйенсек 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылы ақпан, қазан төңкерісі, Алаш қозғалысы, азамат соғысы – осы тарихи оқиғалар бәрі де төл топырағымызда өзіндік із-бедерлерін мол қалдырды. Семейде 1917-1920 жылдары ұлт азаттық қозғалысының қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлихан Ермеков, Елдес Омаров, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Тұрағұл Абайұлы, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Райымжан Мәрсеков, Кокбай Жанатаев, Біләл Сүлеев, Тайыр Жомартбаев елінің егемен ел, іргелі мемлекет болуын аңсады. Торғай, Семей, Орал қалаларында 1917 жылы көкек айында съездер өтеді. Бұл съездер жергілікті өз мәселелерімен қатар, Жалпы қазақ съезін шақыру керек деген мәселе қояды. Жалпы қазақ съезі 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынбор

қаласында өткізіледі. Осы құрылтайда «Алаш» деп ат қоятынын жазады және жаңадан құрылған «Алаш» партиясының бағдарлама жобасын жариялайды. Жобаны жасағандар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Ғазымбек Бірімжанов, Әбдіхамит Жүндібаев. Осындай аумалы-төкпелі заманда тарих сахнасына шыққан Алаш қозғалысы және оның үкіметі – «Алашорда» сол шақтағы қазақ халқының ұлттық мүддесін, мұң-мұқтажын, оның халық ретінде сақталып қалуына және талан-таражға салдырмауға ұмтылған бірден-бір саяси салмақты күш ретінде танылды. Көптеген Алаш қайраткерлерінің еңбектері осы қазақ газеті арқылы көпшілікке жарияланып отырды. Сондай-ақ Мұхамеджан Тынышбаев - Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, тарихшы ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері [3].

Алаш аманатын бүгінгі жас ұрпаққа белсенді түрде кеңінен насихаттайтын күн туды. Ол үшін оқу бағдарламасына «Алаш оқуларын» енгізу керек сияқты. Мектепте Алаш арыстарының музейін ашып, айына бір рет әрбір сыныпқа тарихи экскурсия жүргізіп отыру керек. Өзінің ата тарихын білген елдің баласы саналы, ержүрек, отаншыл болып өседі. Алаш аманатына адалдық танытамыз десек, олардың ұлт, тіл туралы айтқан қанатты сөздерін көшелерге жазып, іліп қоюмыз керек.

Өз ойымды қорытындыласам: қазақ халқы ғылымнан кенже қалған халық болғанмен де, өз ішінен шыққан зиялы халыққа қызмет еткен ағартушылардың арқасында сауатын ашып білім кеңістігіне қанат қағып еркін бойлады. Алаш қайраткерлерінің еңбегін әлі де зерттеп толық тану болашақтың еншісінде. Халық үшін игі еңбек еткен атаулы қайраткерлердің атын өшірмей жұлдызын жарқырату біздің басты міндетіміз. Қазіргі тарихи кезеңде бұл бағытты жүзеге асыру үшін тарих тағлымынан сабақ алып, ұлттық мемлекетті қайта қалпына келтіру жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алуға тиіспіз. Бұл бағытта бірқатар елеулі істер тындырылып жатыр. Мәселен, алаштану мәселесі ғылыми тұрғыда негізделіп, мектебі қалыптасты және Алаш зиялыларының ғылыми шығармашылық мұралары насихатталуда. Қазіргі қоғамымызда халықтың қажеттілігі мен қамқорлығы арасында бірізділік табу маңызды. Алаш ұрпағы жеке тарихымызды мақтана отырып, мәдениет және тарихи көріністерімізді сақтап қалу борышымыз деп білемін.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алаш қозғалысы, Құраст. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008;
2. Сәтбаев Қ.И. Алгебра. Оқу құралы: 1924 / Жалпы редакциясын басқарған: академик Өтелбаев М.; латын қарпіндегі нұсқасынан даярлағандар: Тұнғатаров Ә.Б., Қашқынбаев О.Қ., Ибатов А.И., Мырзатаева Қ.Р. Жапсарбаева Л.Қ., Алдай М., Абылаева А.М., Әбдіқалықова З.Т.; араб қарпіндегі нұсқасымен салыстырған: Мықтыбек Д. / – Астана: ЕҰУ баспасы, 2009;
3. Қазақтың Қанышы. Феномен, М.Сәрсекеев. – Астана, «Фолиант», 2015.

СӘТБАЕВ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ - ҒАСЫР ДАНАСЫ

Абильдинова Айнагул Боранбаевна

Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының мұғалімі

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Институтты бітіргеннен кейін Қ.И. Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты. Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды. 1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантайұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын

бұлжытпай дәлелдеп, минералды шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды. 1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И. Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады. Академик Қ.И. Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі – ол ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды. 1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И. Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді. 1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылымакадемиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам - Қ.И. Сәтбаев; М.О. Әуезов; Ә.Б. Бектұров; Н.Т. Сауранбаев т.б. бекітілді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән

беріп отырды. Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті. Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор. 1958 жылы Қ.И. Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді.

Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай

нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды. Қ.И.Сәтбаев сол кездегі Кеңес елінің жоғарғы марапат белгісі Ленин орденінің төрт рет иегері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ.Имантайұлы әкімшілдік-әміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып тасаналған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған. 1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль қалжыңдап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған, Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған.

Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан.

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын, Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған, Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа

орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған, Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері

мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ғалымның ескерткіштері бар. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. 4 мәрте Ленин, 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей т.б. қалалардағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ. Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы, жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған; Сәтбаевит; минералы; Академик Сәтбаев; гладиолус гүлі аталған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сан қырлы талантын, ақыл ой парасатын туған халқының мерейін үстем етуге жұмсады. Оның өнегелі өмір жолы баршамызға үлгі. Белгілі қоғам қайраткері І. Омаровтың сөзімен айтсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, солхалқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды». 1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекеев М. «Қ.И.Сәтбаев және алғашқы алгебра оқулығы»
2. «Тағзым» - Павлодар: ҒӨФ, «Эко», 2003ж
3. Қазақ совет энциклопедиясы 10-том, Алматы. 1977ж
4. Қ.И.Сәтбаев «Ғылыми еңбектері» Алматы 1970-1979жж

ГЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ИНСТИТУТЕ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ НАУК В САТПАЕВКИЙ ПЕРИОД (1946-1964 гг.)

Мусатаева Айсулу Болатбековна

*ГККП "Центр детско-юношеского туризма и краеведения" акимата города
Астаны. Методист отдела экологии, магистр естественных наук*

Этот период наиболее достоверно, «из первых уст», освещен в статье академика К.И. Сатпаева и Н.Ф. Колотилина «Институт геологических наук Академии наук Казахской ССР» (к XX-летию со дня организации. «Известия АН КазССР» Серия геологическая вып. 3(40). Алматы, 1960. Стр. 3-13), поэтому авторы характеризуют это арена, значительной мере используя материалы этой статьи.

Один из крупных отделов Института отдел общей и региональной геологии объединял в своей структуре **6 секторов**: сектор стратиграфии и тектоники: сектор литологии с относящимися к нему лабораториями литологии, электронографии и электронной микроскопии, рентгенографии и термографии, затем сектор палеонтология с двумя лабораториями спорово-пыльцевого анализа и микроналеонтологии: сектор геоморфологии и четвертичной геологии с лабораторией четвертичной геологии; сектор петрографии магматических пород и сектор петрографии метаморфизованных и метаморфических пород.

Второй отдел геологии месторождений полезных ископаемых и прикладной геофизики, являющийся одним из ведущих, состоял из 14 секторов: сектор прогнозно-металлогенических карт с лабораторией крупномасштабного прогноза; черных металлов, цветных и благородных металлов, редких металлов руд пичной геологии, геологии рудных районов, минералогии и геохимии с лабораториями (минералогии, шлихо-минералогического анализа, минералкиа и геохимия кон окисления рудных месторождений, экспериментальной геохимии); сектора геохимии изотопов и рассеянных элементов с двумя лабораториями радиоактивационных и радиогидрохимических методов, абсолютного возраста и масспектрометрии; сектора огнеупоров и стройматериалов с лабораторией технологии нерудного сырья; сектора минеральных солей и агроруд: сектора твердых горючих ископаемых, с лабораторией углепетрографии; сектора нефти и газа с лабораторией битуминологического анализа; сектора поисковой геофизики с 7 лабораториями (гравимагнитных исследований и магнитометрии, сейсморазведки и сейсмометрии, электроразведки и электрометрии. разработки новейшей геофизической аппаратуры, микросейсморайонирования, физических свойств пород и руд, региональных геолого-геофизических обобщений); сектора геологического музея с гранильной и шлифовальной мастерскими.

Третий отдел гидрогеологии и инженерной геологии состоял из 5 секторов: региональной гидрогеологии, подземных вод горнорудных районов, подземных вод сельскохозяйственных районов, геохимии и опреснения вод с лабораторией опреснения вод: инженерной геологии с лабораторией инженерно-геологических свойств грунтов.[1:3]

Четвертый отдел - отдел аналитических лабораторий и подсобно-камеральных работ состоял из **3 секторов**: сектора физико-химических исследований с 6 лабораториями (химического анализа, микрохимического и спектрального анализа, полярографии, пламенной фотометрии, химического анализа редких и рассеянных элементов); сектора подсобно-камеральных работ с чертежным бюро, фотолабораторией, лабораторией микрофото и печатным (офсетным) цехом; сектора геологических фондов с теззфондами, картфондами и научной библиотекой.

С 1943 г. Ученому совету Института предоставлено право приема к защите кандидатских и докторских диссертаций. В описываемый период Институт насчитывал

774 человека штатного персонала, в том числе 300 человек научных сотрудников. В экспедиционный период общее число сотрудников Института превышало 1000 человек. 78 человек имели ученые степени доктора и кандидата наук. В институте работали: 1 академик АН СССР К.И. Сатпаев, 4 академика АН КазССР (И.И. Бок, Е.Д. Шлыгин, Р.А. Борукаев, М.П. Русаков); 6 членов-корреспондентов (Г.Ц. Медоев, Н.Г. Сергиев, Г.Л. Кушев, Ж.А. Айталиев, Н.Д. Бубличенко, А.Ж. Машанов). [1:2]

В послевоенные годы широкий размах получают фундаментальные исследовательские работы в Институте. Научными исследованиями охватываются разнообразные геологические аспекты в области теоретических и научно-практических разработок. В соответствии с поставленными научными и народнохозяйственными задачами, работы по геологическому изучению недр республики на том этапе развивались в следующих основных направлениях: региональное геологическое изучение территории Казахстана составление в редакция геологических карт: изучение геоморфологии и антропогенных отложений в связи с проблемой обводнения Центрального Казахстана и поисками россыпных месторождений полезных ископаемых, сейсмическое и геофизическое изучение территории. Казахстана выяснение связи сейсмичности с геологическим строением, изучение рудовентролирующих структуры региональной тектоники геофизические методики, изучение геологии, геохимия, минералогия и металлогения месторождений полезных ископаемых, составление прогнозных металлогенических карт; поиски в комплексное изучение месторождений нерудного сырья, изучение и выяснение перспектив нефтегазоносности западных и юго-восточных районов Казахстана, а также месторождений твердых горючих ископаемых и, наконец, изучение гидрогеологических и инженерно-геологических условий территории республики в связи с проблемой обводнения засушливых районов, а также сооружением крупных объектов промышленного, гражданского и гидротехнического строительства.

На основании поставленных научных и народно-хозяйственных задач в течение указанного периода Институт разрабатывалось 9 проблем, охватывающих все перечисленные выше вопросы геологической тематики. В своей научной и практической деятельности Институт неуклошно руководствовался, как это было поставлено с самого его начала, принципом делового творческого содружества с производственными организациями и ведомственными научно-исследовательскими институтами геологического профиля.

Одним из важных направлений его научной деятельности в этот период являлось региональное геологическое изучение территории республики. Все кардинальные вопросы региональной геологии Казахстана, как и предшествующие годы, решались на основе составления и редактирования «Государственной геологической карты СССР». В 1947-1952 гг. были опубликованы монографии Н.Г. Кассина «Материалы по палеогеографии Казахстана» и «Развитие геологических структур Казахстана в котрих впервые систематизирован ценнейший материал по стратиграфии, тектоник в палеогеографии территории республики. В последние годы в содружество с организациями Министерства геологии и охраны недр КазССР продолжались редактирование и подготовка к печати региональных работ. [1]

Для продуктивного проведения намеченных работ необходима была хорошая геологическая основа, что обусловило в первые послевоенные годы в Казахстане широкий разворот региональных геологических исследований (геологических съемок среднего масштаба), ознаменовавших начало нового этапа изучения геологического строения Казахстана. Для осуществления этих исследований в первую очередь было необходимо создать научную обоснованную стратиграфическую базу, которая могла бы осветить эти экспедиции. Наиболее слабым местом в стратиграфии Казахстана в это время был нижний палеозой и допалеозой, поскольку представления о

последовательности этих отложений тогда базировались на результатах отдельных пересечений, осуществленных в довоенные годы Центрально-Казахстанской экспедицией Академии наук СССР и на разрозненных исследованиях, проводившихся различными геологическими ведомствами.

Необходимость организации специальных стратиграфических исследований, которые были бы направлены на изучение стратиграфии нижнего палеозоя и допалеозоя Казахстана, хорошо осознавали Р.А. Борукаев и К.И. Сатпаев. Это и побудило их создать в те трудные послевоенные годы специальную экспедицию. Немаловажное значение в этом решении сыграло в то, что Р.А. Борукаев к этому времени имел большой опыт региональных геологических исследований на Северо-Востоке Центрального Казахстана, а открытие им Божекольского месторождения, уже в те годы считавшегося кембрийским, создавало перспективы обнаружения аналогичных объектов и в других областях.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Любимое детище К.И. Сатпаева – Флагман геологической науки Казахстана – Институт геологических наук». Алматы 2022.
2. Сатпаев К. И. Атбасарское медное дело и его перспективы // Народное хозяйство Казахстана. № 9/10. - Алма-Ата, 1928. – 212-232 с.
3. Результаты работ Казахского филиала Академии Наук СССР в 1941г.» /Отв. ред.: К. И. Сатпаев; Каз. фил. АН СССР. - Алма-Ата, 1942. - 60с.

КАНЫШ САТПАЕВ – ВЕЛИКИЙ СЫН СВОЕГО НАРОДА

Баяхметова Сауле Сайлаубековна

магистр пед. наук, учитель истории школы-гимназии № 22, г. Астана

Казахстан отмечает большую дату – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева – великого сына казахской степи, с именем которого связаны огромные достижения в науке и промышленности.

Имя Сатпаева всегда ассоциируется со словом первый. К.И.Сатпаев является первым составителем школьного учебника алгебры на казахском языке, первым профессиональным инженером-геологом среди казахов, первым казахом-академиком АН СССР, первым президентом и основателем Академии наук Казахстана, первым директором Института геологии АН КазССР, первым в Казахстане лауреатом Государственной и Ленинской премий![1]

Выдающийся ученый-геолог, незаурядный организатор науки, крупный государственный и общественный деятель, Сатпаев золотыми буквами вписал своё имя в историю своего народа. Величие академика К. Сатпаева трудно переоценить! Человек высокой эрудиции, обладавший энциклопедическими знаниями во многих областях науки, Сатпаев задал стране интеллектуальный, научный тренд развития, в результате которого казахстанское общество из просвещённого превратилось в интеллектуально-научное и профессиональное. Именно благодаря заслугам великого учёного был заложен фундамент сегодняшнего инновационного и научного потенциала, которым обладает наш народ, наша молодежь и наша страна.

Открытие Большого Джекказгана, которое навсегда изменило облик Центрального Казахстана и нашей страны в целом, помимо человеческого подвига, является ярким примером профессионального научного подхода к реализации практической задачи [2]. Не может не вызывать восхищения потрясающее научное чутьё учёного. На основе отдельных научных фактов учёному удалось сделать аналитическое обобщение: «Большой Джекказган не является единственным объектом. В пределах Джекказганского района имеются достаточно крупные запасы железных, железно-марганцевых руд, позволяющих намечать добычу этих руд в крупных масштабах».

С началом финансирования развития Джекказгана – строительства медеплавильного комбината, водохранилища и прокладки железной дороги – возникли предпосылки для создания в стране в 1934 году первого высшего технического учебного заведения – Казахского горно-металлургического института (КазГМИ), больше известного в стране как Политех (ныне Казахский национальный исследовательский технический университет им К.И. Сатпаева). Созданный институт стал кузницей собственных профессиональных кадров, в том числе для растущей горно-металлургической и геологической промышленности страны.

Последовательность К.Сатпаева в формировании инженерно-интеллектуальной и научной элиты горно-металлургического сектора страны – яркое свидетельство его организаторских качеств и научного предвидения. Шаги в этом направлении позволили создать в 1940 году первый казахский научный центр на базе Института геологических наук. Позднее с вовлечением смежных областей науки на базе академического филиала АН СССР была создана в 1946 году Казахская Национальная Академия наук.

Между прочим, будучи президентом Академии наук, Каныш Имантаевич уделял постоянное внимание развитию музыковедения. Он создал при АН КазССР сектор музыки, который, выполняя указы Сатпаева, ежегодно проводил плановые экспедиции по республике пополняя музыкальные фонды новыми записями песен и кюев. В 1955 г. на их основе был выпущен академический музыкально-этнографический сборник («Народные песни Казахстана»).

В 1955 году выходит его следующий фундаментальный научный труд «О методологии, фактической базе и основных выводах металлогенических прогнозных карт Центрального Казахстана» [3]. В этой работе учёный писал: «Комплексность в научной разработке вопроса, полнота в сборе всех первичных фактов наблюдений, конкретность в их анализе, объективность в обобщениях и коллективность в творчестве – вот те методологические принципы, которые явились руководящими в выполнении работ по составлению металлогенических прогнозных карт важнейших полезных ископаемых в пределах Центрального Казахстана».

На примере своей научной деятельности, организованной на принципе «сомневайся во всем и доверяй только фактам», благодаря искусству научной и академической полемики и обсуждения, синтезу и анализу научного материала, академик К. Сатпаев и его научные единомышленники на десятилетия вперед установили твёрдый стандарт качества казахстанской науки, который актуален и по сей день.

Удивительным является то, что они были созданы задолго до эры численных математических расчётов и компьютерного моделирования данных и подтвердили свою научную обоснованность в настоящее время. Наиболее полно эти фундаментальные научные положения сформулированы в его статье «Главные закономерности пространственного размещения зон эндогенного оруденения в Центральном Казахстане» [4]. Научные выводы, сделанные К.Сатпаевым и отражённые в вышеуказанной работе, венчают талант и гений учёного-геолога, а сформулированные им научные положения и по сей день имеют широкое распространение в научном геологическом мире – сегодня это именуется «высочайшим индексом цитирования».

Очевиден тот факт, что главная заслуга Сатпаева как учёного заключается в его колоссальном вкладе в развитие геологических исследований в Казахстане. Хорошо известно, что под его непосредственным руководством начались разработки крупнейших медных, железных и марганцевых залежей.

Жизненный путь Сатпаева не всегда был усыпан розами. У ученого были годы несправедливых гонений, огорчений и невзгод. Но Каныш Имантаевич всегда был убежденным оптимистом. Он никогда не терял веры в себя, стойко боролся за правду!

Деятельность К.И. Сатпаева в заключительный период его жизни поражает масштабностью замыслов, широтой постановки задач, настойчивостью в их решении. В частности, именно в эти годы выдающийся ученый продолжал с неослабным вниманием и настойчивостью всячески содействовать осуществлению работ по геологическому картированию территории Казахстана. В результате итогом, венцом всей научно-геологической деятельности К. И. Сатпаева явилось создание металлогенических прогнозных карт Центрального Казахстана масштаба 1:500000. В самой идее, воплощенной в этих картах, в организационном подходе к осуществлению поставленных задач и достижению намеченной цели проявились выдающиеся качества знаменитого ученого: огромный организаторский талант; понимание, высокой ответственности талантливый исследователь перед великими тайнами Природы, которые человек этот решился расшифровать во блага людей; колоссальный авторитет руководителя, способного привлечь к работе коллектив, имя которому – геологические службы Казахстана [3], [4].

Таким образом можно сделать вывод о том, что основными достижениями ученого и организатора науки К.И.Сатпаева являются:

- разведка и создание Большого Джекказгана, сыгравшая столь решающую роль в Великой Отечественной войне, так и послевоенные годы;
- активное участие и создание Академии наук Казахстана, где он стал первым и бессменным ее президентом, одновременно оставаясь с 1940 г. директором Института

геологических наук страны. Благодаря инициативе и энергии Сатпаева Академия наук КазССР стала крупным научно-исследовательским центром;

- в научном творчестве главным направлением его были проблемы металлогении полезных ископаемых, он возглавил составление металлогенических и прогнозных карт Центрального Казахстана;

- разносторонность его как ученого интересны фольклором, литературой говорят о нем как истинном ценителе искусства с активной общественно-политической деятельностью.

- научное наследие К. И. Сатпаева поистине грандиозно, включающая в себе 800 публикаций в области генеалогии рудных пород Казахстана, минералогии, геохимии, стратиграфии, тектоники, географии, экономики, а также исследованиями в области истории и культуры.

Таким образом, Каныш Имантаевич, сумел органически соединить в себе, в своей могучей натуре высь родных гор, раздолье и ширь степей, мудрость своего народа, занял достойное место в истории Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1.Бейсембетов И. К. Выдающаяся роль великого ученого в развитии Казахстана URL: <https://satbayev.university.ru/news/vydayushchayasya-rol-velikogo-uchenogo-v-razviti-kazakhstan>
- 2.Батырбеков Г.О. Академик К.И. Сатпаев и его современники. – Алматы: Рауан, 1999.
- 3.Бекжанов Г.Р. К.И.Сатпаев – выдающийся геолог современности – Алматы: Ылым, 1998.
- 4.Брагин А.И.Первый академик: документальная повесть–Алматы: Казахстан,1989-222с

К. САТПАЕВ И ЕГО НАУЧНАЯ ЭПОХА: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ И НАСЛЕДИЕ ДЛЯ БУДУЩЕГО

Жангулакова Дина Оконьевна

Школа гимназия №10 им. Жумабека Ташенева г.Астана

В современном быстро меняющемся мире научные исследования играют ключевую роль в формировании будущего и развитии общества. Влияние научных открытий и инноваций можно увидеть в различных аспектах нашей жизни, начиная от здравоохранения и технологий и заканчивая охраной окружающей среды. Одной из основных функций научных исследований является расширение наших знаний и понимания окружающего нас мира. Благодаря тщательным экспериментам, наблюдениям и анализу исследователи открывают новые идеи, которые вносят вклад в общую совокупность научных знаний. Эти знания служат основой для дальнейших открытий и инноваций, стимулирующих прогресс в различных областях.

Научные исследования играют решающую роль в решении глобальных проблем и поиске решений сложных задач, стимулируют экономический рост и способствуют технологическому прогрессу, оказывают глубокое влияние на образование и развитие человеческого капитала. Занимаясь исследовательской деятельностью, учащиеся приобретают навыки критического мышления, способности к решению проблем и глубокое понимание научных принципов. Эти знания не только готовят следующее поколение ученых, но и вооружают отдельных людей инструментами для принятия обоснованных решений и внесения значимого вклада в жизнь общества.

Геологические открытия позволили получить бесценное представление об истории и строении Земли. Например, обнаружение окаменелостей позволило ученым реконструировать климат, экосистемы и эволюцию жизни в прошлом. Изучение горных пород выявило процессы тектоники плит, горообразования и эрозии, помогая нам понять динамическую природу земной поверхности. Геологические изыскания и картографирование сыграли важную роль в создании подробных карт земной поверхности. Эти карты предоставляют информацию о топографии, типах почв, минеральных ресурсах и других геологических особенностях. Эти знания имеют решающее значение для планирования землепользования, управления ресурсами и готовности к стихийным бедствиям.

Говоря о роли и месте научных исследований, стоит учесть вклад различных ученых нашего государства. Так ведущую роль в развитии наук Казахстана занимает Каныш Имантаевич Сатпаев. К. Сатпаев, выдающийся казахстанский геолог и академик, оказал значительное влияние на современную науку благодаря своим новаторским исследованиям и вкладу в область геологии. Работа К. Сатпаева заложила основу для развития геологических исследований в Казахстане и за его пределами, сделав его ключевой фигурой в продвижении научных знаний. Геологические открытия также повлияли на географию человека, определив распределение населения и экономическую деятельность. Наличие плодородных почв, минеральных ресурсов и воды исторически влияло на расположение поселений и развитие сельского хозяйства, горнодобывающей промышленности. Геологические опасности, такие как землетрясения, извержения вулканов и оползни, также могут оказывать воздействие на населенные пункты и инфраструктуру.

Уроженец нынешней Павлодарской области, родившийся в 1899 году ученый горнорудной геологии, председатель Президиума Казахского филиала союзной Академии наук, первый Президент Академии наук Казахской ССР. К. Сатпаев посвятил свою карьеру изучению геологического строения региона, уделяя особое внимание минеральным ресурсам, обнаруженным в этом районе. Его исследования привели к

открытию многочисленных месторождений полезных ископаемых, включая железо, марганец, медь и уголь, которые сыграли решающую роль в промышленном развитии Казахстана.

Главные труды Каныша Сатпаева связаны с работами в области горнорудной геологии, разведки минеральных ресурсов Казахстана. Канышем Сатпаевым определены принципы карты прогнозов месторождений на территории Казахстана. Жезказганское месторождение медных руд благодаря исследованиям К. Сатпаева на данный момент является одним из крупных в мире. К. Сатпаев провел глубокое исследование природно-географических зон, таких как Сарыарка и Горный Алтай, известных своими богатыми минеральными ресурсами. В 1927-1928 годах он детально изучил потенциал Жезказгана, Карсакпая, Атбасара, Спасска, а также угольного бассейна Карагандинского и месторождение полиметаллических руд в Каратау, результаты своих исследований изложил в научных работах.

В 1929 году, после изучения месторождения железомарганцевых руд на Атасусе, К.И. Сатпаев выдвинул концепцию развития черной металлургии в Карагандинской области. В регионе Жезказган-Улытау он обнаружил месторождения различных полезных ископаемых, таких как медь и железосодержащие руды в Карсакпае, марганец в Жездах, уголь в Байконыре и Кияктах, а также свинец в Коргасыне [страница 302, 3]. На основе исследований ученый сделал обоснованные выводы о стратиграфии, тектонике, геологическом строении, металлогении, геохимии и индустриальной структуре эксплуатации месторождений в этом районе. Геологические открытия оказали глубокое влияние на современное географическое развитие. Они обеспечили более глубокое понимание истории, структуры и динамики Земли, позволив нам составить карту ее поверхности, исследовать ее глубины и оценить ее уязвимость к изменению климата. Эти знания не только продвинули наше научное понимание, но и помогли в принятии обоснованных решений и повлияли на взаимодействие человека и окружающей среды. По мере продолжения геологических исследований мы можем ожидать дальнейших открытий, которые продолжают формировать наше понимание планеты, на которой мы живем.

Одним из наиболее заметных вкладов К. Сатпаева в науку стала его теория магматических рудных месторождений, которая произвела революцию в понимании процессов рудообразования. Эта теория, известная как модель К. Сатпаева, предполагала, что рудные залежи образовались в результате кристаллизации магматических расплавов, коренным образом изменив подход геологов к изучению месторождений полезных ископаемых.

Работа К. Сатпаева оказала длительное влияние на область геологии, повлияв на поколения ученых и исследователей по всему миру. Его методы и теории продолжают изучаться и применяться в современных геологических исследованиях, внося свой вклад в наше понимание минеральных ресурсов Земли и геологических процессов.

С начала 1950-х годов АН КазССР проводила ряд экспедиций с целью комплексного научного изучения природы Казахстана. Специалисты из различных областей, включая географию, ботанику, геологию, объединили усилия для исследования природы и ее компонентов. Следующие исследования были направлены на разработку эффективного использования минеральных, сырьевых и гидроэнергетических ресурсов, а также изучение физико-географических особенностей горных районов, пустынь, и полупустынь. Обширные исследования также включали анализ микроклимата, теплового баланса, водных ресурсов, почвы, растительности и животного мира отдельных регионов. Полученные результаты послужили основой для создания общегеографических карт Казахстана.

К. Сатпаев возглавлял Казахский филиал АН, первые шаги в новой сфере были согласованы с началом Великой Отечественной войны. Его руководящая роль часто бывает сложной [страница 85, 1]. К. Сатпаев в основном проводил научные исследования о важности охраны природы. Но он не только интересуется проблемами истории страны, но и его работа в этой области продолжает расширяться.

Также К. Сатпаев осуждался за развитие истории благодаря многочисленным трудам, в которых влиятельные группы видели «идею суверенитета и взаимоотношения с обществом», «принятие буржуазной философии», «договаривающиеся органы» и т.д. Он был уволен с поста Президента АН Каз. ССР и наказан [2]. Но после того, как ситуация изменилась, он вернулся к своей прежней должности.

В знак признания его значительного вклада в науку К. Сатпаев был удостоен многочисленных наград и почестей на протяжении всей своей карьеры, что укрепило его наследие как пионера в области геологии. Сегодня его работа служит свидетельством силы научных исследований и важности изучения мира природы для углубления нашего понимания Земли и ее ресурсов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бедельбаева М.В. Вклад К.И. Сатпаева в становление археологической науки Казахстана//Археология Казахстана № 2 (4) 2019. 89-104 URL: <https://doi.org/10.52967/akz2019.2.4.89.104>
2. Бейсембетов И.К. Выдающаяся роль великого ученого в развитии Казахстана//URL: <https://satbayev.university/ru/news/vydayushchayasya-rol-velikogo-uchenogo-v-razvitiikazakhstan>
3. Габдулина А.Ж. История Казахстана в исследованиях Каныша Сатпаева // Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.1, Ч.2 - С.302-308 URL: <https://kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf16-gumanitar-203.pdf>

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУШІ ТҮЛҒА

Жақсылық Жұлдызай Жұмабергенқызы

Астана қаласы Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясы

Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметін зерттеп білу қажеттілігі тек тарихи, иә академиялық ізденістер тұрғысынан, ұлағатынан сусындап, шөлімізді қандыру үшін ғана емес, ұрпақтардың сабақтастығы деп аталатын қасиетті ұғымнан, көмескі тарта бастаған ұлттық құндылықтарымыз бен болмысымыздан туындаса керек. Қ.И. Сәтбаевтың сан қырлы қасиеттерін айта берсек, талай құнды еңбектерге татырлық өнегелі материалдар тауып, жалғастыра беруге болады.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – энциклопедиялық білімі бар ғұлама ғалым болды. Заманында дамыған ғылымның сан алуан салалары мен тарауларының бәрінен хабардар болып, әр ғылымның өз ерекшелігі мен заңдарын жете тани білді. Қазақстанның табиғи кен байлығын ашып, халқына қалтқысыз қызмет ете білді. Нәтижесінде талантты геолог, ғұлама ғалым, аса ірі мемлекет қайраткері, қазақ ғылымын ұйымдастырушы болып, ел ықыласына бөленді. Оны Қ.Сәтбаев туралы замандастарының ілтипатымен лебіздері, естеліктерінен де анық байқай аламыз. Қаныштың бойындағы қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, руханиятына деген құлшыныстың оянған хәм жанданған кезін Том университетінде оқып жүрген кезімен байланыстырып, өзінің естелігінде былай деп жазып қалдырған: «Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске, ой санасын байыту мәселесіне жұмсайды. Көп уақытын Том университеттің бай кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған деректерді үңіле оқыды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындайды. Қаныштың бастауы бойынша университет жанынан Күншығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған Томда оқитын студенттер қатынасады. Үйірмеде якут, бурят, хакас, тұңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндамалар тыңдалған. Қаныштың өзі де қазақ әдебиеті, этнографиясы туралы бұл үйірмеде бірнеше рет баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан талай мәрте сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән – күйлерін жақсы көрсете алған». Бұл жас Қаныштың Том университетінде геология мамандығы бойынша білім алып жатқан кезі. Өзінің саласы болмаса да қазақ руханиятына қатысты құнды дүниелерді саралауы Қаныштың ұлтын шын сүйетінін дәлелдей түседі.

Қаныш және «Ер Едіге»

Қаныш Имантайұлы жастайынан қазақтың фольклорлық мұраларын жинақтап, аңыз әңгімелеріне құлағының құрышын қандырып өсті. Ол әсіресе «Едіге» жырына қатты қызығып, 1927 жылы Мәскеу қаласынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды. Жырға деген қызығушылықтың әсерінен оны ғылыми тұрғыдан зерттеп, өздігінен орыс тіліне де аударды. Қ.Сәтбаевтың бұл зерттеу еңбегі ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып, құрметке бөленді. Жинақтың алғы сөзін жазған ғалым Едіге туралы әңгіме Алтайдан бастап, Қырымға дейін мекен ететін түркі халықтарының барлығында айтылатындығын ескерте келіп, өзі шығарған кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріліп, содан кейін 1905 жылы Санкт Петербургте П.М. Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай атты ақсақалдың айтуындағы жырмен салыстырып, біршама түсініксіздеу жерлерін қазақшалағанын жазады. Бұл кезде Қаныш әлі ғалым деңгейіне көтеріле қоймаса да осынау пікірі ғылыми ортаны дүр сілкіндіріп, өзіндік орнын айқындап берді.

Қаныш және Әмір Темір тасы

Геолог-ғалым өзінің саласынан бөлек қазақ руханиятына, тарихына қатысты көптеген игі істерді атқарды. Соның бірі Ұлытау өңіріндегі көптеген тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеп, еңбектер жазып қалдыруы. 1935 жылы Алтыншоқының төбесінен Тұранның әйгілі билеушісі әрі қолбасшысы Әмір Темірдің 1931 жылы араб, шағатай тілдерінде жазып қалдырған белгі тасын тапты. Бұл тарихи олжа жалпы түркі руханияты үшін айтулы жаңалық болды. Ал осы Алтыншоқы жері бұған дейін ғылыми ортада беймәлім болып келген жер еді. Қазақтың ғұлама ғалымы, академик Қаныш Сәтбаев зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін Алтыншоқының аты әлемге

әйгілі болып, даңқы жер көкке жайылды. Әмір Темірдің тасқа қашап жаздырған жазуын алғаш көрген кезде Сәтбаев қуанышын жасыра алмай жанындағы әріптестеріне: «Оу, жігіттер, біз Алтыншоқыда алтыннан да бағалы қазынаға кезіккен сияқтымыз» деген екен. Ол тас 1936 жылы зерттеу мақсатында Эрмитажға жеткізіліп, әлі күнге дейін сол жақта сақтаулы екенін

айта кеткеніміз абзал. Ал алтыннан мың есе артық мұра табылған Алтыншоқыда тек көшірмесі ғана қалды. Тасқа қашалған жазудың үш жолы араб, сегіз жолы шағатай тілінде жазылған. Арабша жазудың мазмұны мынадай: «Рақымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы. Берік қорғаушы, бәрінен де күшті, бәрінен де құдіретті, Әмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Ал шағатай жазуының аудармасы: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы көктемнің ортаңғы айы [1391 ж. 6 сәуір], Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамыс ханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш белгі болуы үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла бұйырып, жаратушы әділ төрелігін жүргізісін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын».

Қаныш және «Қырымның 40 батыры»

Біз жоғарыда Қаныштың қазақ фольклорына деген қызығушылығы ерекше болғанын атап өткен болатынбыз. Сол құштарлықтан туындаған тағы бір игі ісі – «Қырымның 40 батыры» дастанының жазылуы. «Қырымның 40 батыры» дастанын жырлайтын жалғыз көнені көзі Мұрын жырау 1942 жылы 82 жаста екен. Нығмет Сауранбаев пен Қаныш Сәтбаев: «Мұрын жырауды Алматыға алдырып, стенограммаға жаздырып алмасақ, інжу-маржанымыздан айырыламыз. Жасы келген ақсақал ертең олай-бұлай болып кетсе, дастанды жоғалтамыз» деп Н.Оңдасыновқа хат жазған. Бұл бір жағынан соғыс жүріп жатқан уақыт. Нұртас Оңдасынов ойланбастан 10 мың сом аудартады. Ол кездегі 10 мың сом – қазіргі 100 мың доллардың құны. Содан Мұрын жырау Алматыға келіп, бір жаз жатады. Нәтижесінде «Қырымның 40 батыры» Қ.Сәтбаевтың арқасында жазылып, сақталып, бүгінгі күнге жетті. 1944 жылы Ташкент қаласында өткен үлкен ғылыми-теориялық конференцияда ғалымдар «Қырымның 40 батыры» эпосының дүниежүзілік маңызы айрықша екенін атап өтті.

Қаныш және «Абай жолы»

Қазақтың аңыз адамдары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов ең жақын достар болған. Заңғар жазушы мен көрнекті ғалымның арасындағы достық сонау Семейден бастау алған. Олар Семейдегі семинарияда бірге оқыды. Сіләмхан ақсақалдың (Қ. Сәтбаевтың көзін көрген) айтуына қарағанда, екеуі бір жатақханада және бір пәтерде тұрған. Бозбала шақтан басталған бауырмалдық, қос таланттың арасындағы адалдық соңғы сәтке дейін жалғасын тауып, екеуі нағыз достықтың үлгісін көрсетті. Жазушы Мұхтар Әуезов көзі тірісінде Қанышқа «Қазақ халқының зор ғалымы» деп мақала жазып, тұлғаны тағы бір қырынан таныта түседі. Алғаш рет «Әдебиет және

искусство» (1949, №5), «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы» (1949, №4) журналдарында жарияланды. Кейіннен жазушының 12 томдық (12-кітап, 1969, 5-7-беттер), 20 томдық (1985, 18-кітап, 328-338-беттер) шығармалар жинақтарына енді.

Қаныш Сәтбаев болса, Мұхтар Әуезовке зор қолдау білдіріп, өзі де алғашқы абайтанушылардың бірі ретінде өзінің досына «Абай жолы» романын жазуға және жарыққа шығаруға көпкөмегін тигізді.

Қорытынды

Біз бұдан Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің тек жаратылыстану, геология ғылымдарына ғана емес, қазақ руханиятына да зор үлес қосқанын байқаймыз. Ғұлама ғалымның өмірі осынысымен баршамызға үлгі. Аянбай еңбек етудің, елге, жерге, ұлтқа қызмет етудің шынайы формуласын көрсетіп кетті. Белгілі

қоғам қайраткері Ілияс Омаровтың сөзімен айтар болсақ, «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне танымал болды».

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев. Роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2008. – 648 бет.
2. Қаныш Сәтбаев. «Аңыз адам» журналы № 13(19) шілде 2012 жыл.
3. Құмырзақұлы А. Қазақтың Қанышы жайлы 15 қызықты дерек. «Қазақстан тарихы» порталы, 31 Қаңтар 2017 жыл.
4. Оразов Т. Қаныштың жастық шағы. «Жазушы» баспасы, – Алматы, 1971. – 56 бет.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

*Рахымжанова Құралай Мұратбекқызы
«Tamos space school» халықаралық мектебі*

XX ғ. қазақ әдебиеті мен өнері дарынды тұлғалардан кенде болған жоқ. Әдебиет пен өнер тақырыбына, оның зерттелуіне үлес қосқан әдебиеттанушылар мен өнертанушылардан басқа мамандық иелерінің де атсалысқан кезеңдері болды. Олар қазақтың қара өлеңін жанына тоқып, қазақтың әсем сазына елтіп, күйіне балқып өскен, шешендік өнерді құлағына құйып, жүрегіне түйген дарынды тұлғалар. Тақырыбымызға өзек қылып отырған Қ.И.Сәтбаевтың бір қыры деп оның қазақ әдебиеті мен өнеріне қосқан үлесін айта аламыз. Өйткені сан қырлы талант иесінің араласпаған, қалам тартпаған ғылым саласы кемде-кем. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғылымның әр саласында өшпес еңбектерімен болашақ ұрпақ алдына қымбат қазына, маңызды мұра қалдырған ұлт перзенті. Сәтбаевтың өмір сүрген дәуірі Кеңес өкіметінің құрылған, өз іргесін Кеңес жауларынан алшақ алып, партия мен халық жауларынан елді тазартып, нақақтан талай ұлтжанды халық ұлдарын лагерьлерге айдап жіберіп, қала берді бір оқпен тағдырын шешкен кезең. Кейіннен XX съезден кейін аздаған жылымық болғанымен, қатаң социалистік идеологиямен қаруланған, әдебиетпен мәдениетті түрлі ұлттық, мазмұны социалистік дәстүрмен шектеген кезеңге тап келді. Сондықтан да болар, осы кезеңдегі ұлт алдында қиындықпен қатар, болашақ ұрпақ қарызы мен парызы қатар тұрды. Ғасырлар бойы жасаған рухани алтын қазына жоғалып кетудің, мүлдем құрып кетудің алдында тұрды. Сәтбаевтың еңбегі ғана емес, ерлігі – алдыңғы ұлтжанды осындай жандардың қазақ еліне сіңірген еңбегі үшін Сталиндік репрессияның құрбаны болғанына көз куә бола тұра, ұлттық мәдениет үшін күрескендігі. Ел тағдырын әріден ойлаған ғұлама ғалымның геологиямен қатар мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Қ.И.Сәтбаев өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, тарихты меңгерген. Бұл ғалымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныш Сәтбаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов Қазақ халқының зор ғалымы атты мақаласында жазды. Қаныштың әнге, өнерге, әдебиетке

құштарлығының оянуына жерлес ақын-сазгерлер Жаяу Мұса, Майра, Иса, Әмірелер әсер етсе, оның азаматтық,

зиялылық тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы, солардың тәлімі айрықша болғандығында жатыр. Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ә.Сәтбаев, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің дүниетанымының жаңаша қалыптасуына зор ықпал етті [2,15]. Сол семинарияда жүріп Шығыс Европа классиктерімен жете танысқан, солардың өміршең туындыларымен сусындаған Қаныштың әдебиетке деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түсті. Бала кезінен ұлтының ауыз әдебиетімен ауызданып, соның кәусарына қанып өскен Қаныш жетілген үстіне жетіле түсті.Семинарияда өткізілетін түрлі әдеби кештерге белсене қатысты. Ұлы Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқып, музыкалық аспаптарда ойнап, ән де шырқаған еді. Кейін Қ.Сәтбаев жер асты байлығына барлау жасай жүріп, сөз өнерін барлауға да, ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын жазып алып, талдау жасап, зерттеу жүргізуге де уақыт тапқанын көреміз. Қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең білетіндігі Қазақстанның ұлт театры туралы атты 1927 жылы жазған мақаласынан айқын көруге болады. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына ғұлама ғалым қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізуі қазіргі сол мұраларды сақтауда ұмытылып кеткен құндылықтарды жинақтауда орны толмас құнды дүниелер болып табылады. Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби туындысы – 1923 жылы Қазақ тілі газетіне шыққан Обаған; әні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұнды даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады [5, 32]. Сонымен қатар, Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындады. Қ.Сәтбаевтың айтуынша, қайта көшіру кезінде Ахмет ноғайдың көп өзгертуіне ұшырап, «кітапша жазудың», «ноғайша сөйлеудің» ықпалына түсіп кеткен. Осы кемшілікті түзету мақсатымен Сәтбаев 1927 ж. Мәскеудегі КСРО халықтарының орталық баспасынан «Ер Едіге» жырының жаңа басылымын шығарды. Дастан қазақ тілінде 3 мың дана болып басылған. Сәтбаев кітапқа көлемді алғысөз жазып, эпостың генезисі, жанрлық ерекшелігі, дәуір шындығын елестету жөнінде терең ғылыми талдау жасаған. Эпостың тарихи шындықпен қабыспайтын тұстарын көрсете отырып, оның мейлінше жатық, нағыз халықтық тілмен жазылғанына назар аударды, жырдың көркемдік, идеялық құнын жоғары бағалады. Ғалым Баянауыл аймағындағы Қопабай деген кісі айтатын нұсқа бойынша жыр толғауларын қайта тізіп, татарша сөздерден тазартқан. «Ер Едіге» жырының Сәтбаев нұсқасындағы Едіге – халқы ардақ тұтқан батыр, турасын айтатын шешен де әділ би. Едігенің өмірге келуі мен ата тегі аңыздық болмыстармен байланыстырылса да, оның өсу, қалыптасу жолы кәдімгі қарапайым адамдардың тағдыры сияқты. Ешкім біле қоймайтын қойшыбала тапқыр ақылымен, әділ билігімен Тоқтамыс ханның көзіне ілігеді, ел билігіне араласып, халық қорғанына айналады. Жырдың өн бойында Едігенің батырлығынан гөрі ақыл-парасатын, турасын айтқан әділ би ретіндегі тұлғасын алға тарту нышаны көбірек көрініс тапқан. Жырда тарихи оқиғалармен қатар ертегілік, аңыздық сарындар да аралас желі тартып отырады. Эпостың басқаһарманы туралы «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді, ел шетіне жау келсе, мен барайын дер еді; ел ішінде дау болса, мен шешейін дер еді» деген аңыздама сөздердің шығуы Едігенің даңқы мен дақпырты биік болғанын сипаттайды. Тіпті, оның қазасының өзі нағыз мәрттік пен арлылықтың үлгісі іспеттес. Ол қапылыста үстінен

аттап өткен Тоқтамыстың баласы Қадырбердінің қылығына күйініп, құсалықпен жан тапсырады. Сөйтіп, жырда басынан бақ тайып, қуаты қайтқан қарт батырдың әлсіздігі оның өлімімен аяқталады. Ұзақ жылдарға созылған үзілістен кейін жырды зерттеудегі жаңа серпіліс ХХ ғасырдың 80-жылдарының орта тұсынан, мәдени мұраны игеруге жол ашылған кезден басталды. Бұдан бұрын «Ер Едіге» жыры С.Сейфулиннің (1934), С.Мұқановтың (1939) құрастыруымен жарық көрген. Сәтбаев нұсқасы жоғарыда аталған алғы сөзбен бірге 1989 ж. Сәтбаевтың бір томдық таңдамалы мақалалар жинағына енгізілді. Едіге батыр туралы жырлардың жеті нұсқасы бір кітап көлемінде топтастырылып (құрастырған, түсініктемесін жазған филология ғылымының докторы О.Нұрмағамбетова, алғы сөзін жазған және редакциясын басқарған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Р.Бердібай) 1995 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Осы жинаққа енген жыр нұсқалары мыналар: «Едіге жыр» (Ш.Уәлиханов нұсқасы), «Ер Едіге» (Қ.Сәтбаев нұсқасы), «Мырза Едіге батыр» (Ә.Диваев нұсқасы), «Ер Едіге» (Мәшһүр Жүсіп нұсқасы), «Едіге» (Мұрын жырау нұсқасы), «Мәулімнияз – Едіге» (Нұртуған нұсқасы), «Едіге батыр эпосы» (қарақалпақ нұсқасы). Абай Құнанбаев айтқандай: «Ғалым мен терең ойшыл – адамзаттың абыройы». Менің ойымша, Қаныш Имантаевич Сәтбаевтың жарқын өмірі Қазақстан жастарына жарық жұлдыз іспетті үлгі болады. Қазақша айтқанда, атамыздың басына түскен қиыншылық бізге түспесін. Бірақ қиындық болмай, қызық болмайды. Сол арқылы адам шындалады. Оның өмірі мен қызметі біздің әрқайсымызға үлкен үлгі. Біз, Қазақстанның жас ұрпағы, Қаныш Сәтбаев сияқты жаңа шыңдарға шығып, жаңа жетістіктерге жете алар ма екенбіз? Бұл сұрақ біздің әрқайсымызды толғандыруы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Сәтбаев Қ.И. Қазақстан – Менің Отаным. Алматы: Ғылым, 1999;
- 2 Өмірбеков А.Ә. «Қ.И.Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» ҚазҰТУ хабаршысы, 1999-15;
- 3 Сәтбаев Қ.И. Қаныш және сұлу саз. Алматы: Білік, 1999
4. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия / Бас редакторы Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011;
5. Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989, 415-бет.

ҒАЛЫМ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ

Сабденова Кулиза Кудайбергеновна

Астана қаласы Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, сарапшы-педагог

Қазақтың біртуар тұлғасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі мен қызметін зерттеп білу қажеттілігі тек тарихи, иә академиялық ізденістер тұрғысынан, ұлағатынан сусындап, шөлімізді қандыру үшін ғана емес, ұрпақтардың сабақтастығы деп аталатын қасиетті ұғымнан, көмескі тарта бастаған ұлттық құндылықтарымыз бен болмысымыздан туындаса керек. Қаныш Имантайұлының сан қырлы қасиеттерін айта берсек, талай құнды еңбектерге татырлық өнегелі материалдар тауып, жалғастыра беруге болады. Қаныш Сәтбаевтың азаматтық адами келбетін, жеке басының қасиеттерін ашуға, сол арқылы музыкаға, әнге деген құштарлығының биігіне шығып, ел аузында қалуының себептерін ашу керек. Техникалық, жаратылыстану ғылымдарымен қатар шығармашылық тұрғыдан да дамып, қазақ мәдениетіне өз сүбелі үлесін қосқан қазақтың Қанышы қашан да биік. Қаныш Имантайұлы – ерекше туған дарынды да, талантты еңбекқор тұлға. Ол – аяулы ғалымдығымен, жан-жақтылығымен халықтың сүйген ұлы, біртуар дара тұлға, ел игілігі үшін білімін сарп еткен ірі дарын иесі. Сондықтан оның күлімдеген жүзі мен жарқын бейнесі жас ұрпақтар үшін аса қадірлі қазына. Жазушы Медеу Сәрсекеевтің зерттеуінше, Қаныш жасөспірім шағында Керекудегі екі тепкішек орыс-қазақ училищесінде оқыған және осында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы В.Н.Терентьев ұйымдастырған шекті аспаптар оркестріне қатысады. Қаныш оркестрдегі екі скрипканың біреуінде ойнаған. Алдымен мандолина тартқысы келген екен, бірақ соңыра скрипкаға көңілі ауып, бірінші скрипкашы атанады (прима-скрипка). Ал Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде, 1915 жылы ерлі-зайыпты Құлжановтар ұйымдастырған қазақша әдебиет кешінде «екі домбыра мен бір мандолин қосылып, ұлт күйін тартқанда» мандолинде ойнаған Қаныш болатын (домбыра тартқандар – Тайыр Жомартбаев пен Жекей Малдыбаев). Ал 1917 жылы ауылға мұрсатанаға келгенде жұрт «Сәтбайдың төрт арысы» деп кеткен ағайынды төрт жігіттің күшімен музыкалық концерт ұйымдастырған: Әбікей Сәтбаев– гармоньда, Кәрім – скрипкада, Бөкеш – домбырада, Қаныш болса мандолин мен гитарада ойнаған [2]. Сонда болашақ академик төрт аспапта – домбыра, мандолин, скрипка және гитарада бірдей ойнаған мульти инструменталды сазгер болып шығады. Қаныш тума таланттардың қатарынан еді. Егер соңына түссе, белгілі сазгер, әнші, не музыкатанушы болып кете алар еді, бірақ ол кен маманы қат екендігін ескеріп, соңғы жолды таңдаған. Қаныш Имантайұлы Семей семинариясында оқып жүрген кезінде (1914- 1918), бұл семинарияда Мұхтар Әуезов те оқитын еді. Қаныштың айтуынша, Мұхтар, Жекей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достаевский туралы оқыған лекцияларын тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрларда қазақша сауық-кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы 13 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы – семинарияның оқытушысы Назипа Құлжанова. Кеш төрт бөлімнен құралады. 1. Біржан мен Сараның айтысы; 2. Батырлардың айтысы; 3. Қазақ әндері; 4. Абай әндері Бұл кеште Қаныш аз рөл ойнамаған. Ол сайыста біріншіден Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін орындап шығады. Оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топайкөк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», т.б. әндерді шебер орындап шыққан [1]. Қаныш Сәтбаевтың әнге деген құштарлығының дәлелі ретінде Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс берген, екі жыл Қаныш Сәтбаевтың хатшысы болған Сіләмхан Жаппархановтың

сөздерінен мысал келтірсем: «Қанекен сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Павлодар, Семей жақтың әндерін керемет орындайтын. Атасы Сәтбай да, әкесі Имантай да өнер десе ішкен астарын жерге қойған. Өз заманының жыршы-жыраулармен талай дастархандас болған. Бала Қаныш, Бозбала Қаныш қазақтың ән-жырын кішкентайдан құлағына сіңіріп өскен. Жаяу Мұса мен Естайды бала күнінен білген. Жаяу Мұсаның әндерін өзінен тікелей үйренген. Баянауыл әндерінің жан сергітер ғажап әуенін бойына сіңірумен есейген Қаныш Имантайұлы домбыра шертіп, сүйікті әндері «Шама», «Бір бала», «Мақпал», «Салайын», «Қорланды» әуелете шырқаған. Кейіннен сол әндерді қазақтың ән мұрасын жинаушы, әйгілі музыкатанушы Александр Затаевичке айтып берген. Сөйтіп Затаевич Қаныш Сәтбаевтан 25 қазақ әнін жазып алып, өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізген. Затаевич қазақтың халық әндерінің білгірі әрі жақсы орындаушысы ретінде Сәтбаевтың дарынын жоғары бағалаған. Қаныш Сәтбаев әндердің тарихын да өте жақсы білген және шебер әңгімелеп айтып бере алған. Сондай әндерінің бірі Едіге бидің ұрпағы Мұсаның әні «Бүркітбай» [2]. Қазақтың жалпы өнерінің, музыкасы мен театр өнерінің тарихын зерттеушілер үшін Қаныш Сәтбаевтың 1916 жылы «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Томдағы ұлттар кеші», 1927 жылы «Еңбекші қазақта» басылған «Қазақстанның ұлт театры туралы», 1944 жылы «Казахстанская правдада» шыққан, «Қазақстан туралы кинофильмдерді күтеміз», т.б мақалаларының ғылыми құндылығы айрықша. Қаныш Сәтбаевтың мәдениетке қосқан 7 елеулі үлесі: 1. Әйгілі этнограф, композитор А.Затаевичтің «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» жинағына Қ.Сәтбаев халқымыздың музыкалық мұрасының інжумаржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. Бұл музыкалық жинақ 1931 жылы Мәскеу қаласында жарыққа шыққан. 2. Қ.Сәтбаев жастайынан қазақтың фольклорлық мұраларын жинақтап, әсіресе «Едіге» жырына қатты қызыққан екен. Осы жырды ғылыми тұрғыдан зерттеп, орыс тіліне аударып, 1927 жылы Мәскеу қаласында кітап етіп шығарған. Сәтбаевтың бұл зерттеуі ғалымдар тарапынан жоғары бағаланған. 3. Геолог-ғалым Ұлытау өңіріндегі көптеген тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеп, еңбектер жазған. 1935 жылы ол Алтыншоқының төбесінен Тұранның әйгілі билеушісі, әрі қолбасшысы Әмір Темірдің 1391 жылы араб, шағатай тілдерінде жазып қалдырған белгітасын тауып алған. Бұл құнды олжа тарих ғылымы үшін айтарлықтай жаңалық болды. 4. Ол ҚазКСР Ғылым Адемиясының ішінен өнертану секторын ашуға тапсырма беріп, оның жұмысына А. Жұбанов, Б.Г.Ерзакович тәрізді мықты өнер қайраткерлерін тартқан. Өнердің барлық түрлерін дамыту, соның ішінде қазақтың музыкалық мұрасын жинақтау мақсатында экспедицияларға шығу жөнінде тапсырмалар берген. Қ.Сәтбаевтың тікелей тапсырмасымен академиялық кітапхана қорына А.Затаевич пен Жаяу Мұса Байжановтың архивтері сатып алынған. 5. Қаныш Сәтбаев Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков және т.б. өнер қайраткерлерімен тығыз араласып, оларға әр түрлі көмектер, соның ішінде қиын кездері материалдық көмек беріп отырған. Ол Ахмет Жұбановтың ғылыми дәреже алуына, Ә.Марғұланның археологиялық қазба жұмыстарына қолдау көрсетіп отырған. 6. Қ.Сәтбаев 1942 жылы соғыс жүріп жатқанына карамастан, Мұрын жырау Сеңгірбайұлынан «Қырымның 40 батыры» жырын жазып алу мақсатында Шевченко қаласынан Алматыға келіп-тұруы үшін оның бүкіл шығындарын төлеуге қолдау көрсеткен. Осылайша, 10 ай бойы Алматыдағы бірнеше маман Мұрын жыраудың аузынан «Қырымның 40 батырын» жазып алып, қағазға түсірген. 1944 жылы Ташкент қаласында өткен үлкен ғылыми-теориялық конференцияда ғалымдар «Қырымның 40 батыры» эпосының дүниежүзілік маңызын айрықша атап өткен. 7. Ол М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жарық көруіне және Қызылорда қаласындағы тұңғыш театрдың ашылуына орай «Қазақстанның ұлттық театры туралы» деген іргелі ғылыми мақалалар жазып, онда құндықұнды ойлар айтқан. Сондай-ақ оның мәдениет

тақырыбына арналған өте өзекті, мазмұны терең мақалалары «Литературная газета», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз», «Простор» журналдарында және т.б. басылымдарда үнемі жарық көріп отырған. Осылайша, Қаныш Имантайұлының тек геология, жаратылыстану ғылымдарына емес, мәдениеттің сан түрлі саласына, соның ішінде дәстүрлі ән-күй, жыр, тарихи-мәдени мұра, әдебиет пен театр салаларында барынша еңбек еткенін байқауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жақып Б.Ө. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011
2. Өмірбеков А.Ә. «Қ.И.Сәтбаевтың қазақ мәдениетіне қосқан үлесі» ҚазҰТУ хабаршысы, 1999

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДА ҰЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ

Біхлас Сәрикгул

№ 74 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі мұғалімі

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған. Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруінде. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады [1].

Бүгінде оның еліміздің дамуына үлкен серпін бергені туралы ойлана бермейміз. Алайда өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстан сауатты және ағартушылық қоғам болғанымен, кез келген кәсіби инженер кадрларды Ресей немесе Өзбекстан даярлап, ғылыммен Қазақстанға келген мәскеулік немесе ленинградтық ғалымдар ғана айналысты. 1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кен орындары – үлкен Жезқазған кен орны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кен орындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған; (Народное хозяйство Казахстана, 1936, №1-2, 74-83-ББ.) алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді. Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған [2].

Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап – мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінде Политех атымен белгілі (қазіргі

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) алғашқы техникалық жоғары оқу орны Қазақ тау-кен

металлургия институтын құруға алғы шарт болды. Құрылған институт өзіміздің кәсіби кадрлардың, сонымен қатар еліміздің дамып келе жатқан тау-кен металлургия және геологиялық кәсіпорындарының ұстаханасына айналды. ҚазТМИ-де 85 жыл бұрын негізі қаланған жоғарғы буын инженер кадрларын кәсіби даярлаудың бұл векторы еліміздің жоғары білікті кәсіби маманға деген қажеттілігін қамтамасыз етті және алғашқы қазақ ғылыми кадрларды қалыптастырудың негізгі іргетасы болды. Қ.Сәтбаевтың еліміздің тау-кенметаллургия секторының инженерлік интеллектуалды және ғылыми элитасын қалыптастырудағы жүйелілігі – оның ұйымдастырушылық қабілеттері мен болжамының маңызды эталоны. Ғалымның бірізді қадамдары 1940 жылы геологиялық ғылымдар институты негізінде тұңғыш қазақтың ғылыми орталығын құруға, ғылымның академиялық филиалын құруға арналған аралас салаларға таратуға және 1946 жылы алғашқы Қазақ Ұлттық Ғылым академиясын негізін салуға мүмкіндік берді. Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта метал кендерінің бай кен орындарын ашуға мүмкіндік берді. Шашыраңқы фактологиялық аймақтық мәліметтерді Орталық Қазақстанның біртұтас кешенді геологиялық картасына жүйелеу Қ.Сәтбаевқа кеңістікте орналасу заңдылығы туралы іргелі және әмбебап ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Таңқаларлығы сол – бұл ғылыми тұжырымдар, сандық математикалық есептеулер мен мәліметтер компьютерлік ынталандыру дәуіріне дейін жасалғаны және қазіргі кезде олардың ғылыми дәлелденгені. Ғалымның іргелі ғылыми тұжырымдары Орталық Қазақстанда эндогендік кендену аймақтарының кеңістікте орналасуының негізгі заңдылықтары (Советская геология, 1957, №58, 93-109-ББ.) атты ғылыми мақаласында толығымен берілген. Орталық Қазақстанды эндогендік кенді минералдауына жасалған нақты анализдің қорытындысы бұл аймақта өндірістік кен орындары жоғарыда аталған кен генезисінің үш факторы негізінде пайда болды. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан үшін терең аймақтық қабаттар және жарықшақты белдемнің қанатталған және үйлестірілген жүйелері өзара буындастырылған немесе қиылысқан түйіндердің болуы аса қолайлы жағдай болды [4].

Қ.Сәтбаев жасаған ғылыми қорытындылар – геолог-ғалымның дарындылығы мен кемеңгерлігінің көрінісі, ал геологиялық салада жасаған ғылыми тұжырымдары – қазіргі тілмен айтқанда, дәйексөз алудың жоғарғы көрсеткіші. Қ.Сәтбаевтың постулаты – скарнды және гидротермалды металлогениялық формацияның әртүрлі қабаттық дизюнктивті бұзылулары қалыптасатын жыныстар түрлерінің физикалық қасиеттері бойынша әртектілік арасында айырықтың айқын көрінген құрылымдық беттері бар жыныстардың қабаттар кешеніне осындай айрықша кеңістіктің ыңғайластырылғандығы ғана жақсы болып табылмайды, сондай-ақ Орталық Қазақстан жағдайында ғана емес, бүкіл әлемнің эндогендік металлогениялық формациялардың кеңістікте орналасуының әмбебап заңдылықтары болып табылады [5].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Академик Қ. И. Сәтбаев., Көрнекті кеңес ғалымын еске алуға арналған жинақ. -Алматы, 1965. – Б. 239.
2. Лозовский и.т., Сипайлов Г. А. Томскідегі қ. Сәтбаевтың студенттік жылдары. - Томск: ТПУ, 2019. – Б.4.
3. Сәрсекеев М. Қазақтың Қанышы.Құбылыс.- Астана, 2018. – 445 б.
4. Сол жерде. – 449 б.
5. Академик Қ.И.Сәтбаев: хаттар мен жазбалардан. - Алматы: Атамұра,

1998. – Б. 143

6. Қ. Сәтбаев-болашақты көрген адам [Электрондық ресурс] //

www.gylymordasy.kz/2016/04/25/kanysh-satpaev-chelovek-kotoryj-videlbudushhee/.

РОЛЬ ВЕЛИКОГО УЧЕНОГО В РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА

Шаяхметов Даулет Бекболатович

NEOTECH DIGITAL SCHOOL

В этом году Казахстан отмечает большую дату – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева – великого сына казахской степи, с именем которого связаны огромные достижения в науке и промышленности.

Имя Сатпаева всегда ассоциируется со словом первый. К.И. Сатпаев является первым составителем школьного учебника алгебры на казахском языке, первым профессиональным инженером-геологом среди казахов, первым казахом-академиком АН СССР, первым президентом и основателем Академии наук Казахстана, первым директором Института геологии АН КазССР, первым в Казахстане лауреатом Государственной и Ленинской премий!

Выдающийся ученый-геолог, незаурядный организатор науки, крупный государственный и общественный деятель, Сатпаев золотыми буквами вписал своё имя в историю своего народа. Величие академика К. Сатпаева трудно переоценить! Человек высокой эрудиции, обладавший энциклопедическими знаниями во многих областях науки, Сатпаев задал стране интеллектуальный, научный тренд развития, в результате которого казахстанское общество из просвещённого превратилось в интеллектуально-научное и профессиональное. Именно благодаря заслугам великого учёного был заложен фундамент сегодняшнего инновационного и научного потенциала, которым обладает наш народ, наша молодежь и наша страна.

Сегодня мы не задумываемся над тем, какое колоссальное значение для развития страны имел этот качественный скачок и какой вектор развитию страны он придал.

Свою профессиональную деятельность молодой инженер-геолог Каныш Сатпаев начинает в 1927 году на Карсакпайском медном разрезе при отсутствии местных профессиональных кадров, недостатке финансирования и на оставшемся в наследство от английских концессионеров оборудовании. Через 3 года, к началу 1930-го научно подтверждается факт, что несколько открытых его группой разрозненных медных месторождений являются одним большим Джекказганским месторождением меди, крупнейшим в мире, с запасами не менее 2 млн тонн.

Открытие Большого Джекказгана, которое навсегда изменило облик Центрального Казахстана и нашей страны в целом, помимо человеческого подвига, является ярким примером профессионального научного подхода к реализации практической задачи. И тогда в пос. Карсакпай, за тысячи километров от цивилизации, и во всей своей последующей жизни К. Сатпаев следовал твёрдой линии точного и скрупулезного анализа научных фактов, артефактов с помощью лучших из имеющихся средств исследования и анализа.

Не может не вызывать восхищения потрясающее научное чутьё учёного.

С началом финансирования развития Джекказгана – строительства медеплавильного комбината, водохранилища и прокладки железной дороги – возникли предпосылки для создания в стране в 1934 году первого высшего технического учебного заведения – Казахского горно-металлургического института (КазГМИ). Созданный институт стал кузницей собственных профессиональных кадров, в том числе для растущей горно-металлургической и геологической промышленности страны.

Последовательность К. Сатпаева в формировании инженерно-интеллектуальной и научной элиты горно-металлургического сектора страны – яркое свидетельство его организаторских качеств и научного предвидения. Шаги в этом направлении позволили создать в 1940 году первый казахский научный центр на базе Института геологических наук. Позднее с вовлечением смежных областей науки на базе академического филиала АН СССР была создана в 1946 году Казахская Национальная Академия наук.

В своей работе учёный писал: «Комплексность в научной разработке вопроса, полнота в сборе всех первичных фактов наблюдений, конкретность в их анализе, объективность в обобщениях и коллективность в творчестве – вот те методологические принципы, которые явились руководящими в выполнении работ по составлению металлогенических прогнозных карт важнейших полезных ископаемых в пределах Центрального Казахстана».

На примере своей научной деятельности, организованной на принципе «сомневайся во всем и доверяй только фактам», благодаря искусству научной и академической полемики и обсуждения, синтезу и анализу научного материала, академик К. Сатпаев и его научные единомышленники на десятилетия вперед установили твёрдый стандарт качества казахстанской науки, который актуален и по сей день.

Научное предвидение, экстраполяция и прогнозирование данных с использованием первых систематизированных металлогенических карт Казахстана до сих пор позволяют успешно открывать на территории нашей страны новые богатые месторождения металлических руд.

Удивительным является то, что они были созданы задолго до эры численных математических расчётов и компьютерного моделирования данных и подтвердили свою научную обоснованность в настоящее время.

Научные выводы, сделанные К. Сатпаевым и отражённые в вышеуказанной работе, венчают талант и гений учёного-геолога, а сформулированные им научные положения и по сей день имеют широкое распространение в научном геологическом мире – сегодня это именуется «высочайшим индексом цитирования».

Очевиден тот факт, что главная заслуга Сатпаева как учёного заключается в его колоссальном вкладе в развитие геологических исследований в Казахстане. Хорошо известно, что под его непосредственным руководством начались разработки крупнейших медных, железных и марганцевых залежей. Но важнее всего его роль в качественном перевоплощении Казахстана из аграрной в индустриально-научно-интеллектуальную страну. Неоценим вклад академика Каныша Сатпаева и во внедрение научной культуры и методологических подходов в сфере науки, которые являются примером для систематизированной исследовательской работы нынешних поколений научных работников Казахстана и молодёжи, интересующейся наукой.

В канун 125-летия со дня рождения нашего великого соотечественника важно вновь напомнить о его неоценимом вкладе в развитие страны, научной мысли, интеллектуального и духовного потенциала народа Казахстана, что, в свою очередь, не может не найти отклик в формировании нового инновационного сознания нации.

Каныш Сатпаев – великий ученый, государственный деятель, педагог. Его наследие – это бесценный вклад в развитие Казахстана. Его идеи и помыслы, его целеустремленность и трудолюбие служат вдохновением для новых поколений казахстанцев.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1.Статья о Каныш Сатпаеве в Википедии:

Қазақстанда ғылым академиясының құрылуы оның өндірістік күштерінің, ғылымы мен мәдениетінің одан әрі дамуына оң әсерін тигізді. Академия тез нығайтылды. Барлық негізгі ғылыми бағыттар бойынша зерттеулер кеңейтіліп, тереңдетілді.

1952-1955 жж. Қаныш Имантайұлының өмірінде көптеген жылдар бойы қызу шығармашылық жұмыс болды. Геологиялық ғылымдар институтының тұрақты басшысы болып қала отырып, ол өзін толығымен ғылымға арнайды, Орталық Қазақстанның металлогениясы бойынша жинақталған барлық аса ірі геологиялық материалдарды бірінші толық жинақтауға ұйымдастырады, бағыттайды және шығармашылықпен қатысады.

Алғашқы бесжылдықтар жылдарында басталған Қазақстанның геологиялық құрылысы мен пайдалы қазбаларын қарқынды зерттеу геофизикалық, геохимиялық, минералогиялық зерттеудің жаңа озық әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. 50-ші жылдарға қарай республиканың геологиялық және геологиялық барлау ұйымдарының қорларында Үлкен нақты материал жинақталды. Оны талдау мен жинақтауда, жекелеген өңірлердің металлогендік карталарын, содан кейін жетекші пайдалы қазбаларға болжам карталарын жасауда Қаныш Имантайұлы ең алдымен ғылым тарапынан Қазақстанның геолог-іздеушілер және жер қойнауын барлаушылар ұжымдарына нақты көмекті көрді. Бұл міндеттің ғылыми жағы да қызықты болды - нақты және мұқият зерттелген фактілер негізінде Қазақстанның пайдалы қазбалар кен орындарының қалыптасу шарттары мен орналасу заңдылықтарын анықтау[3].

Қазақстанның барлық геологиялық ұйымдарының кең ұжымдылығы мен ұйымдастырушылық мақсатқа ұмтылушылығының, табандылықпен қатысуының және оларды ғылыми басқарудың орталықтандырылуының арқасында бірыңғай ғылыми-әдістемелік орталық - ҚазКСР ҒА Геологиялық ғылымдар институты қабырғасында 1953 жылдың басында Орталық Қазақстан бойынша ауқымды нақты геологиялық материалды жинау және өңдеу жөніндегі жұмыстардың бүкіл көлемін негізінен орындауға қол жеткізілді. 1954 жылдың басында жұмыс макеттерін және осы аймақтың жүйеленген болжамды металлогендік карталарын жасау жұмыстары аяқталды. Болжамдық-металлогендік карталарды жасаудың негізгі принциптерін Қаныш Имантайұлының өзі жасаған.

Бұл ірі жұмыс Қазақстанның металлогениясын теориялық негіздеуге, кен пайда болу кезеңдерін және мұқият зерттелген және нақты бар фактілер негізінде кен орындарын орналастыру заңдылықтарын анықтауға әкелді. Бұл елдегі ғана емес, әлемдегі алғашқы металлогендік болжамдар картасы болды.

Ғылым ұйымдастырушысы және ірі ғалым ретінде Қаныш Имантайұлы төңірегінде онымен бірге әртүрлі ғылымдар саласындағы ғылыми мәселелерді әзірлеуге және шешуге қатысқан қабілетті зерттеушілер шоғырланды. Іс жүзінде оның көмекшілерінің қатысуымен Қазақстан металлогендік мектебі құрылды, ал Қазақстан геологиясы қазіргі заманғы жоғары деңгейге көтерілді.

Алдыңғы геологиялық деректерге терең талдау жасай отырып, Қаныш бұл кен аудандарының кең ауқымды геологиялық – барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объект екенін дәлелдеді. Ол Қарағандыда металлургия зауытының құрылысымен, Қаратаудың Қостанай, Алтай темір және марганец, фосфорит кендерін және басқа да көптеген ірі объектілерді игерумен айналысты, Ертіс – Қарағанды каналын әзірлеуге тікелей қатысты, Қазақстанның орасан зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол тікелей басқарған металлогендік және болжамдық картаны жасау үшін бірінші кезекте сол уақытқа дейінгі геологиялық зерттеу (Сарыарқа) деректері жиналды. Сарыарқаның геологиялық дамуының 6 кезеңі анықталды (палеозой, ерте каледон, соңғы каледон, ерте варисс, соңғы варисс, Киммерий Альпілері) және әр кезеңнің геологиялық құрылымы мен металлогендік ерекшеліктеріне тән негізгі элементтік құрылымы

табылды. Халықаралық номенклатураға сәйкес бірнеше стандартты беттерден тұратын картаның жеке беттерінде мынадай геологиялық материалдар бар.

Бұл картаның тағы бір ерекшелігі-геологиялық барлау жүргізілетін аймақтар болжамды қорға байланысты бірінші және екінші кезекте зерттелетін өңірлерге бөлінді. Металлогендік болжамды картаны қолдау нәтижесінде үлкен жетістікке қол жеткізілді. 1958 жылдан бастап металлогения бойынша кеңестер, симпозиумдар, конгрестер өткізілді. Сарыарқаның металлогендік және болжамдық картасының теориялық негізін ашқан Қаныш ғылыми мектебі оның нәтижелерін сынай отырып, Қазақстанның басқа өңірлерінің, бүкіл республиканың осындай картасын жасауды мақсат етті. Ол Қазақстан Ғылым Академиясын ұйымдастырды, онда бөлімдерді, институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлады. Ғылыми кадрларды дайындауға үлкен жауапкершілікпен қарады. Алматы қаласында орналасқан Қаныш Сәтпаев атындағы Геология ғылымдары институты жанындағы ғылыми-зерттеу музейінде Қаныш Сәтпаевтың қызы Мейіз Сәтпаеваның көзі тірі кезінде құрылған болатын. Ал бұл институтты 1961 жылы Қаныш Имантайұлы өзі ашты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бакенов М. "Қаныш Сәтбаев" Түркістан-2008-176.
2. Аужанова Г. Қаныш Сәтбаев көпбұрышты ғалым / Г. Аужанова // қазақ тілі мен әдебиеті.-2005. - №5. - Б. 98-99
3. Қаныш аға: тұлға өмірінің тарихы / құраст. Сәтпаева Ш.К., 4.Батырбеков Г. О., Жармагамбетов А. К.-Алматы: Жазушы, 1989.

Мазмұны

Бейсенбаева Жанар Маулеткановна Алғы сөз	4
Аспандияр Әденұлы МҰРАТЫ АСҚАҚ, МҰРАСЫ ТЕРЕҢ ДАНЫШПАН	5-8
Кәрімхан Заңғар Тілеуғазыұлы АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҚАНЫШ СӘТБАЕВ	9-15
Қапарова Үрзия Қоянбаевна СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАРСАҚБАЙ	16-18
Омарханов Ернұр Аханұлы ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ	19-21
Бекеева Айгуль Есенгельдина ЕРЛІГІ ЕЛЕНБЕГЕН ҚАҺАРМАН	22-24
Бухаева Дана Дәулетбекқызы АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗКСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	25-27
Касымжанова Гулнур Байбековна ӘЙГЛІ СӘТБАЕВ ЖОБАСЫ	27-29
Ордабаева Гаухар Отарбаевна ҚАШАННАН БІК ҚОЙҒАН АСЫЛ ХАЛҚЫН	30-32
Джумказиева Гультгаухар Шапагатовна ИНСТИТУТ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ НАУК им. К.И. САТПАЕВА	33-35
Садыкова Айгерим Жанахметовна УСПЕХИ КАЗАХСТАНСКОЙ ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ	36-38
Юсупова Нургуль Бауртаевна СОЗДАНИЕ АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР	38-40
Толлеуова Ляззат Саятовна ЖЕЗҚАЗҒАН ҮШІН КҮРЕС	40-42
Торехан Динара Қанағатқызы ӨЗ САЛАСЫНЫҢ ОЗЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РӨЛІ	43-45
Шоқыбаева Айгүл Еркінбайқызы ҚАНЫШТЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚАЙТА ОРАЛУ	45-47

Абилкасимова Куляш Нурахметовна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨНЕР САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	47-49
Жандыбаева Гулнар Жолдыбаевна «ТОТ ШАЛДЫРМАС ТАЛАНТТЫ ҒАЛЫМ – ҚАНЫШ»	49-51
Мальгерьянова Жулдыз Карашовна ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНДАҒЫ ҰЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ	52-54
Хиналхан Кулай АЛГЕБРА ОҚУЛЫҒЫН ТӘРЖІМАЛАҒАН ҒАЛЫМ	54-56
Абылаева Гулжанат Серикбаевна ҰЛЫТАУДАН ҰЛЫ ҒЫЛЫМҒА САМҒАУ	57-59
Рахимова Калиман ЖЕЗҚАЗҒАН – ҰЛЫТАУ ӨңІРІ	59-61
Имажанова Салтанат Утлюбаевна ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ	62-64
Орынбасаров Аслан Куандыкович ЖЕЗҚАЗҒАН ЖӘНЕ СӘТБАЕВ	64-66
Тасаева Индира Болатбековна СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ – ЖАСТАРҒА ҮЛГІ	67-70
Ахтамбердинова Надира Асылкановна Қ.И.СӘТБАЕВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫН ҚАЛЫПТАСРЫРУ МЕН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	70-72
Бекова Лиза Сегизбаевна ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТАРИХҚА ҚАЛДЫРҒАН ІЗДЕРІ	72-74
Боксенова Айнур Габитовна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	74-76
Ережепова Ұлбосын Сағымбекқызы ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ	77-78
Жұмабаева Фатима Қыпшақбайқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ МҰРАСЫ: ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЗЫНАСЫ	79-80
Каиркенова Акмарал Секербаевна Қ.СӘТБАЕВТЫҢ ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	81-83
Кобекова Асемгул Маралбековна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	83-85

Кожамжарова Кульжахан Махмутжановна Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	85-87
Сағын Мейрамгул Убайдуллақызы ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ ТҮЛҒА	88-89
Смаилова Гульнар Кадыровна ҚАНЫШ ҚАЗЫНА	90-92
Утешкалиева Назира Маратовна АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ САРА ЖОЛЫ	92-94
Хабибуллина Жанаргул Буденовна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАЛЫ ҒАЛЫМЫ	95-97
<i>Сенгалиева Самал Женискановна</i> ТАҒДЫРЛАР ТОҒЫСЫ: ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ПЕН ҚАНЫШ СӘТБАЕВ	98-101
Нурлан Айтолхын ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	101-103
<i>Ондыбаев Сапарбек Жакипбекович</i> ТЕКТІНІҢ ТҰЯҒЫ	104-106
Сағиева Гүлайым Құмарбекқызы ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШТЫҢ АЛЫПТАРЫН ТОҒЫСТЫРҒАН САРА ЖОЛ	107-109
Ешимова Нургул Абдухакикатқызы ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	110-111
Терликбаева Айнур Тулеуовна ЕСТЕЛІКТЕРГЕ ТОЛЫ ҚАНЫШ ӨМІРІНЕН ҮЗІНДІ	112-114
Рамазанова Данагуль ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ МҰРАСЫ	115-116
Рахадал Телеугул Қ.САТБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	117-119
Идрисова Айнур Болатбековна АКАДЕМИК Қ.И.СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЗОР ҚҰБЫЛЫС	119-121
Ажикабулова Айназ Утебаевна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР АЗАМАТЫ	122-123
Хайдарова Айгуль Сериковна ҒАЛЫМ ТАҒЫЛЫМЫ	124-125

Бердалиева Айгуль Дуисеновна ҚАНЫШ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ	126-127
Балгабаева Айнагуль Кабиденовна РОЛЬ К.И.САТПАЕВА В РАЗВИТИИ НАУКИ КАЗАХСТАНА	128-129
Акимбекова Орал Жакеновна ГЕНИЙ НАУКИ – ҚАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ	130-133
Анашева Гульнур Болысбековна ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ-НЫҢ АТАСЫ	134-136
Байтуова Тұрсынай Төлегетайқызы АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ САРЫАРҚАНЫҢ МЕТАЛЛОГЕНДІК ЖӘНЕ БОЛЖАМДЫ КАРТАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ	137-142
Бектаева Аксауле Маратбековна АКАДЕМИК ҚАНЫШ САТПАЕВТЫҢ САРА ЖОЛЫ	142-144
Даирбекова Зейнеп Кадыровна ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ	145-147
Досанова Гулшат Нагизкановна БІР ТУАР ТҰЛҒА	148-151
Әнәпия Ақшолпан Битұрсынқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ӘЙГІЛІ ГЕОЛОГ	151-152
Жандаева Баглан Кобеновна ҚАНЫШ САТПАЕВТЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН – ҰЛЫТАУ ӨңІРІНДЕГІ КЕН ОРЫНДАРЫН ДАМУ ТУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	153-154
Жандықбаева Жансая Тургынбаевна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ-НЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	155-157
Жумабаев Торежан Балтабайұлы ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫН-ДАҒЫ РӨЛІ	158-160
Жунусова Кулпаш Сарсенбековна САРЫАРҚАНЫҢ МЕТАЛЛОГЕНДІК ЖӘНЕ БОЛЖАМ КАРТАСЫ	160-163
Иламанова Дина Истургановна К.И.САТПАЕВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ-ГЕОЛОГ КАЗАХСТАНА	163-166
Искакова Ботагоз Аксанбаевна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ - ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ	167-169

Исмаилова Гульмира Токтаровна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	169-171
Кадрбекова Эльмира Метановна REAL KAZAKH KANISH YESTERDAY AND TODAY	172-173
Маматаева Күләш Сейділдәқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	174-176
Мамырова Галия Шариевна ҚАЗАҚ ТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ	177-179
Махмет Салтанат Қ.СӘТБАЕВ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНДА ҚАНДАЙ РӨЛ АТҚАРДЫ?	179-181
Мырзамұрат Жазира Дарханқызы ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДА ҰЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ	182-184
Ордабекова Айнур Панзарбековна ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КЕМЕҢГЕР ҰЛЫ – ҚАНЫШ СӘТБАЕВ	185-186
Райымбекова Салия Мухтаровна БІР ТУАР ТҮЛҒА	187-191
Сералиева Мадина Пазылхановна ГОРНОЕ ДЕЛО И ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ: МЕТАЛЛОГЕНИЧЕСКАЯ И ПРОГНОЗНАЯ КАРТА МЕСТОРОЖДЕНИЙ В РЕГИОНАХ САРЫАРКА, РУДНЫЙ АЛТАЙ, КАРАГАНДА, КАРАТАУ КАНАЛЫ, ИРТЫС-КАРАГАНДА И ДР.	192-194
Таштиева Ырысалды Жомартовна ВЕЛИКИЙ ХИМИК УРОЖЕНЕЦ К.И.САТПАЕВА БЕКТУРОВ АБИКЕН БЕКТУРОВИЧ	194-196
Умирзакова Ақтолкын Нургабыловна ДАРА ДАРЫН	196-198
Хамитжанова Багила Амангельдиновна Қ. СӘТБАЕВТЫҢ XX Ғ. 20-30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯСЫН ДАМУЫҒА РӨЛІ	199-201
Шамен Лена ҚАНЫШ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ	202-204
Шамшатовна Ақжан Шамшатовна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	204-206

Бектасова Сара Рустемовна 125 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ КАНЫША ИМАНТАЕВИЧА САТПАЕВА	206-208
Абдрахманова Жанат Кайдауловна ВКЛАД КАНЫША САТПАЕВА В МУЗЫКУ. УВЛЕЧЕНИЕ КАНЫША САТПАЕВА ПЕНИЕМ	209-211
Утенов Олжас Тельманович ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҒҰМЫРЫ – ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕНШІЛЕС ҒҰМЫРЫ	211-213
Адилгазинова Лазат Садыкановна ДАРА ТҰЛҒА	214-216
Айтпаева Марал Ислямовна ҚАНЫШ СӘТПАЕВ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕТАЛЛУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛКЕН ҮЛЕСІН ҚОСҚАН ҒАЛЫМ	217-218
Алдунгарова Жансая Серикказықызы АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	219-221
<i>Аманбек Жадыра Оразғалиқызы</i> ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ: ТАРИХ, ӘДЕБИЕТ, БІЛІМ, ӨНЕР САЛАСЫ	221-223
Аренова Асель Тулеухановна ҚАНЫШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫРЫ	223-225
Ахметбекова Жанерке Ардакқызы ЖИЫРМА ЖАСАР ҚАНЫШТЫҢ ЕҢБЕГІ	226-227
Бексеитова Айгуль Бухарбаевна ҚАНЫШТЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҚАЛАМҒЕР	228-230
Богисова Гульназ Шалкаровна ВЛИЯНИЕ КАНЫША САТПАЕВА НА СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ЛИТЕРАТУРУ	230-232
Букенбаева Замзагуль Кабдолловна ХАЛҚЫ СҮЙЕТІН ҚАНЫШ	233-235
Джабаева Әлмира Қуатқызы ҚАРСАҚБАЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	235-238
Дидарбекова Айгуль Ержановна ҚАНЫШ СӘТПАЕВ: «ҒАЛЫМ ӨМІРІНЕН ДЕРЕКТЕР	239-240

Егізбаева Меруерт Маратқызы KANYSH SATBAEV - FIRST PRESIDENT OF THE ACADEMY OF SCIENCES OF THE KAZAKH SSR	240-242
Есбаев Еркінбек Омирбекович ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	242-244
Есенкелдіқызы Нұргүл ТҰЛПАРДЫҢ ШАБЫСЫ	245-247
Есқараева Разия Хансейітқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕРЛІК ТАҒЫЛЫМЫ	248-250
Жамаұова Гүлшат Утегеновна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	251-253
Жеңісқан Сәуле ҚАНЫШ САТПАЕВ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА	253-255
Жұмабаева Камшат Көптілеуқызы ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНІҢ БІЛГІРІ ӘРІ ШЕБЕР ОРЫНДАУШЫСЫ - ҚАНЫШ СӘТБАЕВ	256-258
Жусипова Лаура Махмутжановна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ:ӨНЕР САЛАСЫ	258-260
Искакова Анар Ержановна ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ	261-262
Кабденова Алия Қуандықовна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ	263-264
Кажыбаева Баян Рахметуллина Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЕҢБЕГІ	265-267
Казанбаева Гүлназия Шакмуратовна ҚАНЫШТЫҢ БЕЙНЕСІНЕ ТӘН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ	267-269
Кайроллаев Нурсултан Қуанышевич ТҰЛҒАСЫ ҚАЗЫНАҒА ТОЛЫ СӘТБАЕВ	270-272
Какжанова Зауреш Катрановна Қ. СӘТБАЕВ – ӘДЕБИЕТ, ТАРИХ, ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ	272-274
Кеңесжанова Жанар Орынбайқызы Қ.САТПАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	275-277
Кужамжаров Руслан Есенбекович	277-279

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ

Койбагар Улзат Бахытовна ЛИТЕРАТУРНОЕ ТВОРЧЕСТВО КАНЫША САТПАЕВА	280-282
Мамырова Динара Кәменқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	282-283
Молдабаева Эльмира Пашеновна АКАДЕМИК СӘТБАЕВ	284-286
Мунайтбасова Назира Минайдаровна РУХЫ БИІК ҰЛЫ ПЕРЗЕНТ	286-289
Муратова Индира Жаркынбековна ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРГЕ ҚҰШТАР ҚАНЫШ	289-291
Мұратбек Мағжан АСА ІРІ ҒАЛЫМ	292-294
Омашева Асем Рахмановна ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ - ЖАН-ЖАҚТЫ ҒАЛЫМ	294-296
Ортаева Шолпан Ермекбаевна АЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ БӘЙТЕРЕГІ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ – АДАМГЕРШЛІК БЕЙНЕСІ	296-298
Оспанова Айгул Кубейсиновна ПРИЗНАННЫЙ МИРОМ – КАНЫШ САТПАЕВ	299-301
Ракулова Гульнур Асановна ОТАНДЫ СҮЮ – ИМАННАН	302-304
Рахимбердинова Сауле Айдарбековна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ	305-306
Реймов Кусаин Ерболатович ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТПАЕВ – ҰЛЫ ТҰЛҒА	307-309
Сапарбаева Жұлдыз Жұмабайқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ДАРА ЖОЛЫ	309-311
Серікбаева Сабира Кендебаевна THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN KANYSH SATPAYEV'S RESEARCH	312-314
Есенбекова Жанбота THE PHENOMENON OF KANYSH SATPAYEV, THE GREAT SCIENTIST AND THE FIRST GEOLOGIST OF KAZAKHSTAN	314-316

Сыздыкова Самал Толеутаевна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ СОМДАЛУЫ	317-319
Хасенова Сауле Казбековна ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАНЫША САТПАЕВА	320-321
Шукенова Адиша Усатаевна ВЛИЯНИЕ ИДЕЙ КАНЫША САТПАЕВА НА РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ	322-324
Каппасова Замзагуль Болатовна М.СӘРСЕКЕ ПРОЗАСЫНДАҒЫ Қ.СӘТБАЕВ БЕЙНЕСІ	324-327
Акылбаева Меруерт Каримтаевна ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	327-329
Аманжол Әйгерім ДАРА ТҮЛҒАНЫҢ САРА ЖОЛЫ: ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА БЫҚПАЛ ЕТКЕН ЗИЯЛЫЛАР	330-332
Кенжегараева Гулназ Кенесбековна ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	332-333
Молдабекова Акмарал Ержигитовна ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	334-336
Нурпейсова Ляззат Жакыповна ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	336-338
Габдуллаева Орынбасар Канатовна ҚАНЫШ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ	338-340
Тақау Мөлдір ҚАНЫШ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНДЕГІ БЕЛСЕНДІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ	341-342
Абильдинова Айнагул Боранбаевна СӘТБАЕВ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ - ҒАСЫР ДАНАСЫ	343-345
Мусатаева Айсулу Болатбековна ГЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ИНСТИТУТЕ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ НАУК В САТПАЕВКИЙ ПЕРИОД (1946-1964 гг.)	346-348
Баяхметова Сауле Сайлаубековна ҚАНЫШ САТПАЕВ – ВЕЛИКИЙ СЫН СВОЕГО НАРОДА	349-351
Жангулакова Дина Оконьевна К. САТПАЕВ И ЕГО НАУЧНАЯ ЭПОХА: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ И НАСЛЕДИЕ ДЛЯ БУДУЩЕГО	352-354

Жаксылық Жұлдызай Жұмабергенқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУШІ ТҰЛҒА	355-357
Рахымжанова Құралай Мұратбекқызы ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ	357-359
Сабденова Кулиза Қудайбергеновна ҒАЛЫМ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ	360-362
Ыхлас Сәрикгул ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДА ҰЛЫ ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ	362-363
Шаяхметов Даулет Бекболатович РОЛЬ ВЕЛИКОГО УЧЕНОГО В РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА	364-366
Садуақасова Айнагуль Копжасаровна Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ	366-368

**«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ»
республикалық ғылыми-танымдық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
научно-образовательной конференции
«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ»**



Пішімі 60×84/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 23,75
Әріп түрі «Times New Roman»
Таралымы 100 дана

ЖШС «BG-PRINT» баспасы
Астана қаласы, А.Бараев көшесі, 13-2
E-mail: bd-rk@yandex.ru

**Авторлық редакциясында жарияланған
Баспахана мәтіннің мазмұны мен қателеріне жауапты емес**